

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Қ.Т. Жұмағұлов
Р.С. Мырзабекова

ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ

Оқу кұралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

ӘОЖ 94(100)"05

КБЖ 63.3(0)

Ж 81

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
тарих, археология және этнология факультетінің*

Ғылыми кеңесі және

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор *Л.Т. Қожакеева*

тарих ғылымдарының докторы, профессор *С.М. Мәшімбаев*

Жұмағұлов Қ.Т., Мырзабекова Р.С.

Ж 81 Орта ғасырлар тарихы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 350 бет.

ISBN 978-601-04-0568-4

Еуропаның орта ғасырлар тарихына арналған оқу құралы оқытудың кредиттік технологиясы негізінде білім беру жүйесінің типтік бағдарламасына сай жазылған. Батыс елдері дамуының орта ғасырлар кезеңінің үдерістері мен тарихи ұстанымдарын баяндаған.

Оқу құралы жоғары оқу орындарындағы тарих, халықаралық қатынастар факультеттерінің студенттері мен магистранттарына, докторанттарына және оқытушыларына арналған.

ӘОЖ 94(100)"05

КБЖ 63.3(0)

ISBN 978-601-04-0568-4

© Жұмағұлов Қ.Т., Мырзабекова Р.С., 2014

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

АЛҒЫ СӨЗ

Орта ғасырлар тарихы ұзақ дәуірді – IV ғасырдан XV ғасырдың соңына дейінгі маңызды үдерістер мен өркениетті қамтиды. Медиевистикада, оның ішінде Қазақстан медиевистикасында кезеңдерге бөлуге сәйкес, орта ғасырлар тарихы халықтардың Ұлы Қоныс аударуынан (IV ғасырдың екінші жартысы) XVII ғасырдың бірінші жартысындағы ағылшын буржуазиялық революциясына дейінгі мерзімді қамтиды.

«Орта ғасырлар» термині Италияда XV-XVI ғасырдағы гуманистер арасында пайда болды. Гуманистер тарихты «көне», «орта» және «жаңа» деп мәдениеттің дамуына байланысты бөлгендіктен, бұл термин шартты түрде қолданылып келді.

Әртүрлі халықтарда феодализмге көшу үдерісі бірқалыпты жүрген жоқ. Сондықтан да орта ғасырлар дәуірінің хронологиялық шеңбері де әр түрлі құрылықтарда, тіпті жеке елдерде алуан түрлі болды. Еуропа елдерінде орта ғасырлар IV ғасырдың екінші жартысында Халықтардың Ұлы Қоныс аудару қозғалысынан басталады. Құлиеленушілік құрылыстың ішкі ыдырауынан және сыртқы фактордың әсерінен Рим империясы құлады. Дағдарыс империяны «варварлар» деп аталатын герман тайпаларының, кейіннен басқа да саяси-этникалық одақтардың алдында қорғансыз етті. Герман тайпаларының баса-көктеп енуі империяның ыдырауына және ол жерде құлиеленушілік құрылыстың жойылуына апарып соқты. Тарихнамада, орта ғасырлар мен жаңа заманның аралығы, Батыс Еуропада капиталистік құрылыс үстемдігіне алып келген ағылшын буржуазиялық революциясы болып есептеледі.

Феодализм де жүздеген жылдар ішінде өзгеріссіз қалған жоқ. Өндіргіш күштердің өсуімен бірге, өндірістік қатынастарға тән ілгерілеушілік те болып жатты, саяси бейнесі өзгеріске ұшырады. Сондықтан тарихнамада орта ғасырлар дәуірін үш кезеңге бөлу ұйғарылған:

а) ерте орта ғасырлар – IV ғасырдан XI ғасырға дейін; бұл кезде феодализм енді қалыптаса бастаған. Бұл үдеріс әлеуметтік жағдайдың күрделенуіне алып келді. Антикалық құлиеленушілік және варварлық рулық-тайпалық құрылыстың іргелі өзгерісі орын алды. Экономикада натуралды шаруашылық қатынастар басым болды.

Жерорта теңізіндегі қалалар Батыс пен Шығыс арасындағы сауда байланыстарының негізгі нүктесі болып, экономикалық орталық ретіндегі сипатын сақтап қала алды. Бұл – өтпелі кезеңнің сипатын иеленген варварлық және ерте феодалдық мемлекеттік бірлестіктердің уақыты.

Рухани өмірде Батыс Рим империясының құлауына байланысты мәдениеттің құлдырауы тән. Жаңа мәдениеттің қалыптасуында Рим мәдениетімен синтез және христиандықтың нығаюы шешуші орын алды. Христиан шіркеуі осы кезеңде қоғамның санасы мен мәдениетіне әсер етіп, антикалық мұра бойынша сіңіру үдерісін жүйелендірді.

ә) Дамыған орта ғасырлар – XI ғасырдың орта шенінен XV ғасырдың соңына дейін; феодалдық қатынастардың шарықтау шегі, қалалардың жаппай өсуі, тауар-ақша қатынастарының дамуы, бюргерлердің қалыптасуы. Батыс Еуропаның басым аймағының саяси өмірінде феодалдық бытыраңқылық кезеңінен кейін орталықтандырылған мемлекеттер қалыптаса бастады. Мемлекеттің жаңа түрі – сословиялық өкілеттілігі бар феодалдық монархия пайда болды. Ол орталық билікті күшейту ұстанымын қолдап, сословиялардың белсенділігін өсірді. Мәдени өмір қала мәдениетінің даму белгісімен жүрді. Ол сананың секуляризациясына, білім мен тәжірибенің рационалдығына алып келді. Бұл үдерістерді Қайта Өркендеу мәдениеті мен гуманизм идеологиясы күшейтті.

б) Кейінгі орта ғасырлар – XV-XVI ғасырлар; феодалдық қоғамның негізінде капиталистік қатынастар қалыптаса бастаған кезең. Экономикалық және әлеуметтік өмір феодализмнің ыдырау үдерісімен, ерте капиталистік қатынастардың генезисімен сипатталады. Әлеуметтік қатынастардың шиеленісуі ірі қақтығыстарға алып келді. Олар өз кезегінде алғашқы буржуазиялық революциялардың жеңісіне әсер етті. Феодалдық мемлекеттердің үшінші түрі – абсолюттік шексіз монархия қалыптасты. Қоғамның рухани өмірін ерте буржуазиялық революциялар, кейінгі гуманизм, Реформация, контрреформация анықтады.

Орта ғасырлар тарихының әрбір сатысы Еуропа территориясында халықтардың ірі қоныс аударуымен байланыста болды. IV-VII ғасырларда – ғұндардың, герман және славян тайпаларының қоныс аударуы; скандинавия, венгр, арабтардың жорықтары, Батыс

еуропалықтардың Шығыс пен Шығыс Еуропаға XI-XIII ғасырлардағы экспансиясы және де XV-XVI ғасырларда батыс еуропалықтардың Шығысты, Африканы, Американы отарлауы.

Орта ғасырларда жерге феодалдық меншіктің шартты сипаты және сонымен байланысты жерді меншіктеу құқығы қалыптасты. Феодалдық меншіктің дамыған түрі – «феод» (латынша – feodum), «феодализм» термині осыдан шыққан. Феодализм жерге мұрагерлік жеке меншікті бейнелейді, ол – міндетті түрде әскери қызмет атқарумен, сеньордың пайдасына бірталай міндеткерліктерді орындаумен тығыз байланысты болды. Сеньор және онан кейінгі бағыныштылық баспалдағында тұрған сеньор да заң жүзінде сол феодалдың меншігі болып табылады. Қосымша табыстың көзі феодалдық рента еді. Феодалдық жер рентасы – жериеленушілердің тәуелді шаруалары қосымша еңбегінің немесе қосымша өнімінің бір бөлігі. Феодалдық рента феодал меншігіндегі жерді іске пайдаланудың экономикалық формасы міндетін атқарды. Рентаның үш түрі: жұмыс атқару түріндегі рента (барщина), өнімдік рента (оброк), ақша түріндегі рента болды. Көп жағдайда рентаның үш түрі қатар жүрді. Дегенмен, феодализм дамуының әртүрлі кезеңдерінде рентаның бір түрі басым болатын деуге де болады.

Орта ғасырлар тарихымен біздің заманымыздың аралығын ұзақ уақыт бөліп жатыр. Орта ғасырларда Еуропа халықтары, қалалар мен мемлекеттер пайда болып, ұлттық тіл, мәдениет және ұлттық мінез қалыптасты. Орта ғасырлардан алынған әлеуметтік және саяси тәжірибе қазіргі парламенттің, батыс еуропалық демократиялық және құқықтық қоғамның негізін қалады. Әдебиеттің, өнердің жоғарғы үлгілері, философиялық, саяси, тарихи ой, еуропалық мәдениет пен рухани өмірді қазір де сусындатып отыр. Уақыт арасындағы «тірі» байланыс, орта ғасырлар тарихына тек ғылыми қызығушылықты туындатып қана қоймай, өткеннен қазіргі өмірдің мәселелерін іздеуге мүмкіндік береді, тарихты бүгінгі күнмен байланыстырады. Осы жағдай медиевистиканы тарихи білім саласының қызықты ғана емес, өзекті аймағына айналдырып отыр. Орта ғасырлар тарихы бір сөзбен айтқанда, әлем тарихы мен өркениетінің ең күрделі кезеңі болып шығады.

1-тарау

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ДЕРЕКТЕР (IV–XV ғасырлар)

§ 1. Ерте ортағасырлық деректер

Ортағасырлық деректер адам қызметі нәтижесінде пайда болып, тарихтың даму барысында өзгеріске ұшырап отырды. Ортағасырлық деректерді: табиғи-географиялық, этнографиялық, заттық, көркем-бейнелік, жазба деп бес түрге бөледі

Жазба деректердің өзі: құжаттық материалдар (жария актілер, жеке адамдардың актілері, шаруашылық мәні бар құжаттар, әкімшілік, құжаттық); заңдық ескерткіштер «Правдалар», «Заңдар», яғни герман және басқа халықтардың әдет-ғұрып құқығы жөніндегі жазбалары, азаматтық қылмыстық істер және шіркеу праволарының кодекстері, қала хартиялары, сот хаттамалары; баяндаушы деректер – анналдар, яғни жылнамалар, шежірелер, өмірбаяндар, публицистика, фольклор, әдеби шығармалар болып бірнеше түрге бөлінеді.

Құжаттық және заңдық түп деректер феодалдық құрылыстың дамуындағы шаруашылық, әлеуметтік, праволық қатынастар тарихы жөнінде мол материалдар береді. Баяндаушы түп деректерде оқиғалар, құжаттар құқықтық ескерткіштерге қарағанда авторлардың субъективтік сана-сезімдері басым рөл атқарады.

Батыс Рим империясы жерінде варвар мемлекеттерінің пайда болуы, феодалдық құрылыстың орнығуы герман халықтарында қолданылып келе жатқан әдет-ғұрыптарды, олардың жергілікті халықтармен қарым-қатынасын үйлестіретін заңдарды жазба түрінде реттеп отыруды талап етті. Сондықтан V ғасырдың өзінде Батыс Рим империясы территориясында орналасқан герман халықтарында жазба заңдар пайда болды, олар феодализмнің алғашқы сатысындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарды бейнелейтін бірден-бір түп дерек болып табылады. Әдет-ғұрып

құқығы туралы жазылған бұл деректер қауымдық қатынастардың ыдырауы және феодалдық құрылыстың қалыптасып келе жатқан кезеңіндегі өндіргіш күштердің дәрежесін, меншік түрлерін, әлеуметтік жіктелістің басталуын, рулық-қауымдық құрылыстың қалдықтарын, сот жүргізу дәстүрін зерттеуге қажетті маңызды материалдан мәлімет береді. Жазба заңдар Рим үстемдігін білмеген Еуропаның халықтарында да пайда болды. Рулық құрылыстың ыдырау үдерісі бұл халықтарда баяу өтті, жазба заңдар VIII–IX ғасырларда енгізілгенімен Скандинавия халықтарында одан да кейінірек XII–XIII ғасырларда енгізілді.

Орыс тілінде бұл құқықтық ескерткіштер «Правдалар» деп аталады. Олардың әдеттегі латынша атауы «Lex», яғни заң. Оған тайпаның немесе халықтың аты қосылып айтылады. Жинақтап айтқанда оларды «Leges Barbarogum», «Варварлар заңдары» деп атайды. Олар – корольдің шығарған заңдары, актілері емес, қоғамның даму барысында бірте-бірте қалыптасқан, бұрыннан келе жатқан құқық нормаларының жинағы. Өзінің құрамы жағынан қосып жазу, сыналап сөз енгізу, көптеген редакциялау салдарынан Заңдардың текстері әдетте өте күрделі. Бізге дейін Вестгот, Бургундия, Рипуар, Алеман, Бавария, Саксон, Фриз, Тюрингия және англсакс правдалары жеткен. Мысалы, лангобардтардың правдасы «Эдикт Ротари» деп аталады.

Варварлық-германдық мемлекеттер туралы деректер көбінесе бір типтес болып келеді. Оларға **Заңдар, Анналдар, Формулалар** жинағы жатады. Әрбір варварлық мемлекеттің өзіне тән түп деректері бар.

Вестготтар жайындағы түп деректер. Батыс Рим территориясында алғашқылардың бірі болып қалыптасқан мемлекеттердің бірі Вестгот корольдігі. Ол алғашында оңтүстік Галлияда, кейіннен Испанияда қалыптасты.

Король I Теодерих (419–451) кезеңінде алғашқы заңдар жазыла бастады. 475 жылдар шамасында король Эйрих (466–484) тұсында үлкен заңдар жинағы жарық көрді. Ол «**Эйрих кодексі**» деп аталады. Бұл дерек жалпы 340 титулдан тұрады, бірақ бізге 57-сі ғана жетті. Соның ішінде 17-сі жақсы зерттелген. Бұл кодекстен біз V ғ. аяғында вестготтарда қауымдық құрылыстың сақталғанын көреміз, қауымдық жер иелену үдерісінен мәлімет аламыз. Жердің белгілі бір иесі болмағанымен, тәуелді шаруалар категориясының орын алғанын көруге болады.

Король Аларихтің тұсында (484–457) готтардың қол астында өмір сүрген римдіктер үшін маңызды заң – **Lex Romana Wisigothorum** жарық көрді. Кейіннен «Аларих Бреварийі» аталып кетті. Осы заң нәтижесінде ескі Рим заңдары жаңа Вестгот заңдарына бағынуға тура келді. Вестгот патшалығы туралы тағы бір заң дерегі «**Вестгот заңдары**» болып табылады. Бұл заң король Хиндасвинттің тұсында жазыла бастады. Алғашында бұл заң готтар мен римдіктер арасындағы қатынас жайлы жазылса, король Рейесвинттің (649–672) тұсында заң қайта қаралып, 664 жылы жүйеге келтіріліп, кодекс түрінде «Билер кітабы» атына ие болды. Бұл Юстинианның Кодексі үлгісінде жазылған 12 кітаптан тұратын дерек. VII ғ. аяғында король Эрвигия (680–687) кезінде жоғарыда аталған заңдар жинағының тағы бір редакциясы жарық көрді. Ол жинаққа Эгика (687–701) және Витицанның (701–709) заңдар жинағы қосылды. Вестгот заңдары өте күрделі деректердің бірі саналады. Бізге дейін жеткен жалғыз «Билер кітабы» готтық Испания жайлы баға жетпес дерек болып табылады.

Вандалдар жайындағы түп деректер. Солтүстік Африкада қоныстанған (439–534) аландар мен вандалдардың тарихы туралы деректердің мөлшері аз. Бұл елдер Византияның қол астында болғандықтан, осы халықтар туралы мәлімет Исидор Севильскийдің еңбектерінде сақталған. Африка жағалауларын Вандал корольдігі Гейзерих пен Гунрик жаулап алған кезде, жергілікті халықтардың арасында діни соғыс жүріп жатқан. Діни сектаны агонистіктер басқарды және олар германдықтардың көмегін күтуде еді. Нәтижесінде германдықтар Африканы жеңіл басып алды. Бұл күресті суреттеуші бірден-бір дерек Солтүстік Африкада өмір сүрген епископ Виктор Витенскидің «**Қудалау тарихы**» еңбегі. Келесі маңызды дерек, Византиялық тарихшы Прокопий Кесарийскийдің еңбегі болып табылады. Ол Велизарийдің хатшысы ретінде Африка экспедициясына 533-534 жылдары қатысқан болатын. Нәтижесінде Африка жаулап алынып, византиялықтар алан-вандал мемлекетін талқандады.

Бургундтар жайындағы түп деректер. Оңтүстік-шығыс Галлияда өмір сүрген бургундтар (443–534) тарихы жөніндегі деректер франк жаулап алушылығынан кейін де сақталып қалды. Король Гундобадқа дейін (474–516) құқық ауызша түрде айтылып жүру дәстүрге айналды. Бұл деректе вестготтық Эйрих кодексінен сілте-

мелер кездеседі. Сигизмундтың тұсында (517–524) дерек жарыққа шығарылса, 517–518 жылдары қайта қаралып, толықтырулар енгізілді.

Остготтар жайындағы түп деректер. Солтүстік және Орталық Италияда өмір сүрген (493–555) остготтардың алғашында жазба заңы болған жоқ, тек белгілі бір дәстүрмен өмір сүрді. I Теодорих 507 жылы «**Теодорих Эдиктісін**» шығарды. Ол 155 баптан тұрды. Бұл римдіктер мен готтар арасындағы қарым-қатынасты, соның ішінде соттық істерді қарастырады. Теодорихтың тұсында Аблави «Готтардың тарихын» жазды, бірақ, бізге дейін жетпеді. Италияның мемлекет қайраткері Аврелий Кассиодордың бірінші шығармасы «Хроника» 519 жылы жазылды. Бұл деректе Теодорихтің шыққан тегі, готтық корольдер туралы айтылады.

Лангобардтар жайындағы түп деректер. 568 жылы Италияны жаулап алған лангобардтар құрамында германдық және славяндық тайпалар болды. Оларда қауымдық қатынастар әлі де болса, толық қалыптаспады. Заңдардың алғашқы жинағы 653 жылы король Ротаридің тұсында (636–652) жарық көрді. Заңдық жинақ латынша жазылған, арасында герман тіліндегі сөздер де кездеседі. Деректе лангобардтармен қатар готтар, герулдер, гепидтер туралы мәліметтер де бар.

Франктер жайындағы түп деректер. V ғасырдың аяғында солтүстік Галлияда пайда болған франктер көп ұзамай бүкіл Рим провинциясын басып алды. Франктер туралы маңызды дерек болып табылатын Григорий Турскийдің «**Франктер тарихы**» (**Historia Francorum**). Григорий Турский –538–593 жылдар аралығында өмір сүрген франк жазушысы. Белгілі галло-рим отбасында дүниеге келген. 573 жылы Тур қаласының епископы дәрежесін алды. Тур – сол кездегі Галлияның діни орталығы еді. Турский – Сигиберт, Гунтрален, Хильдеберт сияқты корольдердің алдында беделді болған. Сонымен бірге саяси жиналыстарда да маңызды орын алып отырған. «**Франк тарихы**» 10 томнан тұратын, рипуар франктері жайлы аса маңызды деректердің бірі. Деректе 498–591 жылдар арасындағы франк қоғамы толықтай суреттеледі.

Меровингтік дәуірдегі франктердің қоғамдық құрылысын зерттеу үшін маңызды дерек варварлық заңдардың бірі – «**Салий заңы**». Бұл VI ғасырдың басында Хлодвигтің тірі кезінде жазылған Салий франктерінің соттық әдет-ғұрыптарының жинағы. Тарихи

дерек ретіндегі «Салий заңының» құндылығы франк қоғамының алғашқы қауымдық құрылыстан бастап феодализмге дейінгі эволюциясын бейнелеп беруінде еді. «Салий заңы» франктердің тұрмысындағы ежелгі тәртіптерді дұрыс бейнелейді. Екінші жағынан, заң франк қоғамының Галлияны жаулап алу үдерісіндегі және соңғы кездеріндегі мүліктік, әлеуметтік теңсіздікті сипаттайтын, жерді мұралану формасының қалай шыққандығын көрсететін маңызды дерек.

Франк қоғамы туралы келесі маңызды дерек – «**Рипуар заңы**». Бұнда рипуар франктерінің құқықтары жайлы жазылған. Олар салий франктерінің шығысында, Рейн өзенінің орта ағысында өмір сүрген. Хлодвигтің билігі кезінде олар франк корольдігінің қол астына кіреді. Бұл текстің негізгі бөлігі VI ғасырға жатады, және 32–64 бөлімдері «Салий заңына» ұқсас.

Шіркеу туралы деректер. Шіркеудің дамуына үлкен үлес қосқан Аврелий Августин. Негізгі еңбегі «**Құлшылық ету**». Автордың бұл шығармасы оптимистік концепциядағы шығарма болып табылады. Адамның қоғамдағы орны туралы ой қозғайды.

Августиннің ірі замандасы – Амвросий Медиоланский (340–397). Ойшылдың еңбегі де құдай мен адам қатынастарына арналып, ерте ортағасырлық шіркеудің саяси инситут ретінде қалыптасуына үлкен үлес қосты.

Ерте орта ғасырлардың маңызды тарихи деректерінің ішінде халық поэзиясының ескерткіштері де бар. Ирландиялық, исландиялық, скандинавиялық сағалармен англосаксондық эпостардың дерек ретінде құндылығы жоғары. Басқа герман халықтарының ежелгі эпостары бізге бірнеше өңдеуден өтіп барып жеткен, дегенмен, олардың өзінде құнды мәліметтер бар. Бұрынғы Батыс Рим жерінде ерте орта ғасырдың заңдық және баяндаушы түп нұсқалары латынша жазылған, бірақ латын әдеби тілінде емес, жалпы аймақтың диалектісі бойынша берілген, оны герман халықтары игеріп алған. Герман диалектісі үстемдік ететін таза герман аймақтарында, заңдар осы диалектіге аударылатын. Англияда, Ирландияда және Исландияда заңдар және кейбір тарихи деректер жалпы халықтық тілде жазылатын, себебі латын тілі кельттер мен англо-сакстерге жат болды, осы кезде латын тілі әлі де болса, шіркеу тілі еді. Ұлы Карлдың империясында анналдар тілі, тарихи шығармалар тілі латынның әдеби тіліне жақындап қалды, діни

адамдар мен ақсүйектердің бір бөлігі латын тілін қолданды. Ал византиялық түп нұсқалар грек тілінде жазылды.

IV–V ғасырларға, яғни Батыстағы Ғұн империясының көркеюі уақытына қатысты ғұндар тарихы бойынша сирек кездесетін деректер де орта ғасырлар кезеңінің құнды деректерінің қатарын құрайды. Бұл негізінен латын және грек тілдерінде жазылған кейінгі антикалық кезең мен орта ғасырлардың хроникалары. Осы жерде ең алдымен, Пифей (Pytheas), Аполинарий Сидоний (Apolinarius Sedonius), Амброзий (Ambrosius Mediolanensis), Олимпиадор (Olympiodorus), Геродиан (Herodian), Гидаций (Hydatius Lemicus), Орозий (Paulus Orosius), Приск Панийский (Priskus Panites), Проспер Тиро (Prosper Tiro), Клавдий Клавдиан (Claudius Claudianus), Исидор Севильский (Isidorus Hispalensis), Иордан (Jordanes), Виктор Тонноненский (Victorius Tonnonensis), Беда (Beda) және басқа да антикалық және ортағасырлық авторлардың хроникаларын атап өту керек.

Маңызды деректерге «Әулиелердің өмір жолы» деп аталатын деректер, мәселен, әулие Геновея (Женевьева) туралы жазба (Vita Genovefae virginis Parisensis); қасиетті Анниан епископ туралы (Vita Anniani episcopi Aurelianensis), Труа епископы Луптың өмірі (Vita Lupi episcopi Trecentensis) жатады. Бұлар V ғасырда латын тілінде жазылған деректер – Германияның Тюбинген университетінің кітапханасында жинақталған.

§ 2. Дамыған орта ғасырлардағы деректер

Дамыған орта ғасырлар Еуропа тарихындағы едәуір алға жылжушылықпен сипатталады. Қалалар пайда болды, ұлттық мемлекеттер қалыптасты, ұлттық мәдениет дами бастады. XI–XV ғасырлар туралы өндіргіш күштердің дамуынан мәлімет беретін жазба деректер, анналдар қатары алдыңғы уақытпен салыстырғанда мол. Феодалдық өндірістік қатынастар әртүрлі құжаттарда бейнеленген. Феодалдық құрылыс, мемлекет, құқық, шіркеу бұл кезеңде қалыптасқан сипатты иеленді.

Дамыған орта ғасырларда өндіргіш күштердің дамуы тек археологиялық деректер бойынша ғана емес, сонымен бірге, құжаттар мен анналдардың жанама мәліметтері бойынша да байқалып отырды. Қолжазбаларда, соборлар мен ратушалардың барельефтері мен витраждарда, кілемдерде қолөнер мен ауыл шаруашылығы еңбегінің көптеген көріністері бейнеленіп сақталып қалған. XIII ғасырда

Батыс Еуропада бірқатар ауылшаруашылық трактаттары жасалды; XIV–XV ғасырлардан бізге дейін сауда ісі, шұға өндіру жөніндегі трактаттар жетті. Қалалық қолөнер тарихының аса құнды түп нұсқалары цехтық статуттар болып табылады.

Феодалдық өндірістік қатынастар көрінісі әртүрлі құжаттарда бейнеленген. Грамоталар, поместьелер мүлкін хаттау, шаруалар борыштарының тізімі XI–XII ғасырлардың аграрлық тарихының негізгі құжаттары болып табылады. Бұл құжаттардың біразы түпнұсқа түрінде сақталған, негізгі көпшілігі көшірме немесе картикулярийге енгізілген түсіндірме түрінде жетті. Аса құнды түпнұсқа **«Қаһарлы сот кітабы»**. Ол –Англия тарихынан мәлімет береді және барлық жер иелігінің, елді мекендердің, елдің қалалары мен халқын қосып есептеген санағы іспеттес кітап.

XIII–XV ғасырларда ақшалай рентаның пайда болуын туғызған тауар-ақша қатынастары жаңа құжаттардың пайда болуына ықпал етті. Бұл құжаттардың көп бөлігі көшірмеде сақталған. XIII ғасырдағы Англияның аграрлық және әлеуметтік тарихының құнды түпнұсқалары билік тергеуінің нәтижелері бойынша жасалған жер санағы болып табылады. Олардың ішінде 1279 жылғы **«Жүздік оралымдар»** құнды құжат. Бұл деректе орталық Англияның кейбір графтықтарының жер иелігі тұтастай тізімге алынып жазылған. Германия үшін XIII ғасырда «Марка уставының», яғни әдеттегі құқық жазбаларының көрінуі тән. Оларда қауым тәртіптері, шаруалардың феодалдар пайдасына атқаратын борыштары да көрсетілген.

Франция тарихы жайлы маңызды деректер грамоталар болып табылады. Галлияда антика заманынан бері грамоталарды аграрлық қатынастарда ресми түрде құжат ретінде қарастырған және бұл грамоталарда феодалдық сеньорлықтар туралы мәліметтер сақталған.

Қалалардың дамуы қалалық хартияларды және статуттарды өмірге әкелді. Олар қала ішіндегі ұйымдастыру жұмысын, қалалардың сеньорлармен қатынасын реттеп отырды. XIII ғасырдан бастап цехтардың ішкі құрылыстарын реттейтін уставтар жазылды. Мұндай түп нұсқалардың ішінде Парижде 1268 жылы жазылған **«Қолөнер кітабы»** ерекше орын алады, бұнда 100 цехтық статут жиналған.

Француз қалалары туралы деректерді ең алдымен, «конституциялардан» (хартиялар) бастау керек. Фактілік жағынан алғанда

олар сеньорлар мен азаматтар арасындағы келісімшарттар. Хартиялар қала көлеміне де, ауылдық жерлерге де байланысты болды. Ежелгі хартияларың бірі XII ғасырдың бірінші жартысында VI Людовиг тұсында жазылған –«Лориск хартиясы». Лориск хартиясы бүкіл домен жерлеріндегі қалаларда қабылданды.

1182 жылы архиепископ Болонның қабылдауымен пайда болған хартия – «Болон хартиясы». Хартия солтүстік шығыс облыстағы 500-ден аса қала мен деревняларға тарады. Мұнда жоғарғы сайлаушы ұйымдары бар, өзін-өзі басқаратын жоғарғы сеньориалдық басқару-архиепископ туралы айтылған.

Оңтүстік француз қалалары консултаттар арқылы басқарылды. Мұнда көбінесе, муниципалды кодекстер жүрді. Цехтық ұйымдары бар қалаларда заңдар алғашқы кезде ауызша түрде айтылды да кейіннен қағаз бетіне түсірілді. Осындай деректердің бірі – шамамен, 1268 жылы жазылған – «Қолөнер кітабы».

XVI ғасырда техника жайында өндіруші күштердің дамығандығын көрсететін маңызды дерек – трактаттар пайда болады. Деректен монополияға жол берілгендігін көруге болады. XIII ғасырдың ортасында архитектуралық мәліметтер беретін деректер пайда болды. Мысалы, француз инженері Вильяр де Гоннекурдың архитектуралық сызбалары көрсетілген альбомы.

Англияны нормандардың жаулап алуы феодализм үдерісін тездетті, сол себепті XI–XV ғасырлардағы Англия тарихына қатысты деректер өзіндік ерекшеліктерге толы. Осы кезеннің маңызды дерегі «Қаһарлы сот кітабы» – жаулап алынған 20 жылдан кейін 1086 жылы жасалынған жер көшірмесі және аяқталған феодализмнің бір көрінісі.

Ағылшын парламенті туралы деректер барондық соғыстардан кейін пайда болды. 1258–1265 жылдардағы барондар петицияларын, Вестминистрлік провизиялар, барондық партия жасаған феодалдық конституция жарыққа шықты.

X ғасырдың басында Германия жеке мемлекет ретінде қалыптасты. X–XII ғасырлардағы Германия тарихына қатысты дерек феодалдық помещьелер жайындағы мәліметтерден, грамоталардан тұрады. Бұлардың құрамына сыйлар кітабын, көшірмелер кітабын, урбарийлерді жатқызуға болады.

Өндіруші күштердің дамығандығын көрсететін Германия үшін маңызды трактат – «Рақат бағы». XII ғасырда Эльзастағы Гоген-

бург монастырында жазылған. Авторы – Геррад Ландсберг. Бұл ауыл шаруашылығы техникасы туралы мәлімет беретін кітап іспеттес. Бұнда су айналымы туралы мәлімет берілген. Келесі трактат «Өсімдіктер туралы», 1254–1256 жылдары шамасында жазылған, Доминикан ғалымы «Ұлы Альберттің трактаты» болып табылады.

Саяси тарихқа қатысты дерек, анналдар, епископтар биографиясы, хрониктер саналады. Материалдық жағынан бай анналдар Вестфалиядан табылған VIII ғасырдың дерегі. Ескі саксондық дәстүрлер сақталған дерек – «Кведлинбург анналдары».

Италияда да өзге Еуропаның елдеріндегідей грамоталар жақсы сақталған. 1154–1161 жылдары бүкіл Италиядағы феодалдық территориялардың көлемі жайында «Барондар каталогы» жазылды. XII–XV ғасырлар аралығында нұсқаулар, әкімшілік іс-қағаздары, есептер жайында мәлімет беретін құжаттар өте мол. Осындай үлгіде жазылған Италияның аграрлық құрылысы жайындағы мәліметтер – грамоталар, кадастрлер, заңдар, әкімшілік көшірмелері болып бөлінеді.

Дамыған феодализм кезеңіндегі шіркеуге қатысты деректерді айтқанда Оттон Фрейзенгенскийді айтпай кетуге болмайды. Ол ауқатты жанұядан шыққан император IV Генрихтің немересі. Парижде оқып білім алған. Өзі заманының саяси қақтығыстарының белсенді қатысушысы болған. Оның атақты еңбегі – «Екі мемлекет туралы». Августиннің саяси концепциясы негізінде жазылған 8 кітаптан тұратын бұл еңбекте Оттонның саяси портретін көруге болады.

Дамыған феодализм кезеңіндегі деректерге тоқталғанда крест жорықтары туралы айтпай кетуге болмайды. Крест жорықтары туралы деректер Батыс еуропалық жылнамаларда сақталған, латындық шығыстың тарихшыларының еңбектері негізінде жазылған. Бұндай деректердің қатарына «Франктердің және өзге иерусалимдіктердің әрекеті», «Франктер әрекеті», «Иерусалимді алған франктер тарихы», т.б. жатады.

Византияда аграрлық қатынастар және қалалар тарихы жөнінде құжаттық материалдар мол. Бірақ Византия мемлекетінің XV ғасырдың орта шеніне дейін өмір сүруі құжаттардың басым бөлігінің жойылып кетуіне алып келді. Аздаған құжаттар Италияның және Батыс Еуропаның басқа қалаларында ғана сақталды. Бұлардың басым бөлігі негізінен монастрлық жер иеліктеріне қатысты аграр-

лық мазмұндағы актілер еді. Византия қаласының тарихы туралы сақталып қалған кітап – «Эпарх кітабы» (X ғасыр).

XIV ғасырда капиталистік қатынастардың алғашқы белгілері көрініс алған Италияның ірі компанияларына сауда кітаптарын жүргізу қажеттілігі туды. Батыс Еуропаның басқа елдерінде мұндай кітаптар XV ғасырдан бастап кездеседі, олар XVI ғасырдан бастап кең тарайды. Сауда, өнеркәсіп, ақша айналымы тарихы үшін негізінен XIV ғасырдан бастап аса бай құжатты материалдар сақталған: сауда келісімі, қарыз құжаттары, квитанциялар т.б.

XIII–XV ғасырлар аралығы феодалдық құқықты жазумен сипатталады. Германияда «Зеркала», Францияда «Кутюм», Испанияда «Фуэрос», крестшілер мемлекетінде «Иерусалим ассиздері». Бұл жазбаларды әдетте, үлкен тәжірибесі бар заңгерлер әзірледі. Ол жерде феодалдық жеке меншік қатынас, сот істері, жеке сословиялардың өзара қарым-қатынасы, вассалдық қатынастар реттеліп отырылды. Византияда орталықтандырылған мемлекеттің және заң шығарудың сақталып қалуына байланысты, сондай-ақ Рим правосының үстемдік етуі нәтижесінде заң жинақтарының сипаты біршама өзгеше болды. Мысалы, «Пира» жинағы. Қалаларда XIII–XV ғасырларда негізінен Рим правосы талаптары бойынша құрылған өзінің қалалық правосы қалыптасты. Орталық өкімет нығайған мемлекеттерде корольдік заң шығару дами берді. Францияда ордонанстар, Англияда статуттар сот ісіне бірыңғайлық енгізді және сауда мен өнеркәсіпті дамытуға қолайлы жағдайларды қалыптастырды. Византия үшін императорлық заң шығарудың үздіксіз дамуы ерекше сипатқа ие болды. XIV ғасырдың ортасында Англияда, Испанияда, Нидерландыда, Францияда жұмыс күнін белгілеген, жалдамалы жұмысшы ақысын көрсететін заң шықты.

Сот мекемелерінің барлық праволық ескерткіштері, сондай-ақ хаттамалары (регистрлер) XIII ғасырдан бастап, шаруашылық, финанстық және әкімшілік сипатты құжаттармен бірге, әлеуметтік-экономикалық қатынастар тарихының аса маңызды құжаттарына айналды.

X–XV ғасырлардың саяси тарихы үшін анналдар мен шежірелер маңызды құжаттар қатарын құрайды. Каролинг империясы күйрегеннен кейін, бұрынғы король сарайында жүргізілетін анналдардың кең көлемі жойылып кетті. Феодалдық бытыраңқы Еуропада анналдар жазу монастрларда, шіркеу мекемелерінде жалғас-

тырыла берді. X–XII ғасырларда жылнама жазудың орталықтары көп болды. Кейін анналдарды шежірелер ығыстырып шығара бастады. Шежірелерде оқиғалар бір-бірімен байланыстырып, толық баяндау арқылы берілді. Анналдардың өзіне тән ерекшелігі болған жоқ, тілі біркелкі болды. Шежірелерде автордың жеке басының ерекшелігі, мүддесі, көңіл-күйі көрініп тұрды. XIII ғасырда қалалардың өсуіне қарай қалалық анналдар пайда бола бастады. Бұлар шіркеу анналдарын біртіндеп ығыстырды.

Англияда, Францияда, Испанияда «Король шежірелерінің» жинағы пайда болды. Мысалы, «Француздардың үлкен шежіресі», онда қоғам өмірі туралы елдің тарихы жасалды, сол кездегі орталық өкіметтің көзқарасына сәйкес дәйекті түрде және прогрестік тұрғыдан баяндалды. Бұл шежірелер орталықтандырылған мемлекеттердің бастапқы кезеңдерін сипаттайтын. XIV–XV ғасырларда ұлттық көлемдегі тарихи шығармалар туды. Шығармалар латын тілінде емес, ұлттық тілде жазылды. XIV–XV ғасырларда көптеген авторлар соғыс мәселесіне ерекше назар аударды.

§ 3. Кейінгі ортағасырлық деректер

Кейінгі орта ғасырлар XV ғасырдан XVII ғасырдың ортасына дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл кезеңде Еуропада феодализм негізінде капиталистік қатынастар қалыптасып келе жатты. Капиталистік қатынастардың алғашқы белгілері XIV–XV ғасырларда Италия мен Нидерландының ірі сауда өнеркәсіптік қалаларында орын алды. Бұл үдерістер Еуропаның барлық қалаларында бірдей деңгейде жүрген жоқ. Кейінгі ортағасырлық деректерде ұлттық тілде жазылған деректер басым сипатта болды. Қала тарихы, саяси билік түрлері жазылған деректер: «Венеция тарихы», «Флоренция тарихы», «Италия тарихы» көптеп сипат алды.

XV ғасырда Испания мен Португалия туралы деректер олардың отары болған Америкада жақсы сақталған. Географиялық ашылулар жөніндегі деректер, билік формаларының сипаты кең көрініс алып отырған. Тарихи шығармалардың ішінде XVI ғасырда жазылған Себастиан Франктің еңбегін айтуға болады. Мұнда неміс тарихнамасы және қоғамдық ойлар көрініс тапқан.

Өндіргіш күштердің өсуі, қалалардың дамуы, орталықтандырылған мемлекеттердің пайда болуы, мәдениет пен тарихтың дамуындағы жаңа сатының қалыптасуы кейінгі орта ғасырлар

тарихының деректерінің сипатына да әсер етті. Деректердің саны көбейді, жаңа түрлері пайда болды, құрылымы күрделенді. Қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдеуі, тауар-ақша қатынастарының дамуы келісімдер мен іс-шаралардың заңдық жағынан терең талдануын қажет етті. Басқару аппаратының жетілуі, қызметінің кеңеюі іс-қағаздарға да өз әсерін тигізді.

Актілік құжаттар жалпы және жеке деп бөлді. Жалпы актілерге императорлардың, корольдердің, жеке құқығы бар феодалдардың, сонымен бірге шіркеу басшылары – рим папалары, патриархтар мен епископтардың грамоталары мен дипломдары жатады. Мысалы, Византияда алтын мөрі бар грамота «хрисовул» деп аталса, Папа канцеляриясындағы қорғасын мөрлер «булла» деп аталды. Арнайы заңдық білімі бар, ерекше статусты иеленген адамдар қалыптастырылған құжаттар жеке актілерге жатты. Нотариустар құжатты арнайы үлгі бойынша дайындады. Нотариалдық актілер бізге көшірме түрінде және картикулярлардың құрамындағы қысқаша жазбалар ретінде жетті. Еуропа қалаларының ішінде Италияда актілер жинағы мол. Жерорта жағалауының елдерінде нотариат институты XII–XV ғасырларда кең дамыды. XIV ғасырдың соңында нотариалдық актілерді жеке жазбалар ығыстырып шығара бастады, олардың заңдық күші болған жоқ. XIV ғасырдың ортасынан сол уақыттың жетілген бухгалтериялық жүйесіне негізделген құжаттарды итальян республикалары – Флоренция, Генуя, Венеция және басқа да Батыс Еуропа мемлекетері өз тәжірибесінде пайдаланды. Күрделі коммерция әлемінде бағыт-бағдар болуы үшін саудаға байланысты жетекші құжаттар пайда болды. Олардың арасындағы танымалы – XIV ғасырдың бірінші жартысында жазылған флорентиялық Франческо Балдуччи Пеголоттидің «Сауда тәжірибесі» атты еңбегі.

Шаруашылыққа байланысты маңызды деректерге жер опистері, кадастрлар жатады. Византиядағы жер санағы «практиктер» деп аталды. Негізінен монастрлық практиктер көп сақталған. Дамыған феодализм кезеңіндегі деректер өзінің заңдық ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Қалалардың гүлденуі, қаланың өзін-өзі басқаруының қалыптасуы қала мен феодалдық сеньорлардың арасындағы қарым-қатынасты заңдық тұрғыда реттеуді талап етті. Бұндай келісімдер қала хартиялары мен статуттарында көрініс тапқан. Хартиялардың арасындағы ең көнесі XII ғасырдағы француз королі

Людовиг VI Лорис (Орлеанэ) берген хартиясы болып табылады. Осы хартияның негізінде король домені территориясындағы қалалардың құқықтық жағдайы анықталды. Италия қалаларының статуты – бірнеше ғасырлар бойы жинақтаған заңдар жинағы. Мысалы, «Генуэз Республикасының құқықтар кітабы». Қала статуттарынан басқа цехтардың, сауда корпорацияларының, университеттерінің, монастрлардың статуттары да болды. Алғашқы еуропалық цехтық статут – «Эпарх кітабы» Х ғасырда жазылған және Константинопольдегі сауда-қолөнер коллегиясына қатысты қаулылар жинағы болып табылады. «Эпарх кітабының» басты мақсаты – шаруашылық тәуелсіздігі жоқ коллегиялардың жұмысын реттеу болды.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Жазба деректер қандай түрлерге бөлінеді ?
2. Нарративті деректер қандай топқа жатады ?
3. Варварлық деректердің сипаты ?
4. Полиптиктерді деректердің қандай тобына жатқызамыз ?
5. Варварлар жайындағы жазба деректердің атауларын, олардың авторларын, деректердің сипаты мен негізгі мазмұнын еске түсіріңіз.

2-тарау

ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ (IV–XI ғасырдың ортасы)

АНТИКАДАН ОРТА ҒАСЫРЛАРҒА ӨТУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕУРОПА (IV ғасырдың аяғы – XI ғасырдың ортасы)

§ 1. Рим империясындағы дағдарыс

Біздің заманымыздың II ғасырының аяғына қарай Рим қоғамында дағдарыс басталды. Рим қоғамының барлық салаларын қамтыған құлиеленушілік қатынастардың дағдарысқа ұшырауы әсіресе, империяның батыс провинцияларында ерекше байқалды. Құлиеленушіліктің құлдырау деңгейі провинцияларда бірдей болған жоқ. Құлиеленушілік қатынастар неғұрлым дамыған жерлерде дағдарыс жоғарғы шегіне жетіп отырды. Құлиеленушіліктің дағдарысы ұзақ уақытқа созылды. Дағдарыс салдарынан Италиямен оның провинциялары арасындағы қайшылық шиеленісе берді. Магнаттардың басқаруымен кейінгі антикалық колонаттар құрылып, құлдықпен басым түрде айналысты. Көптеген қалалар тоқырай бастады. Қолөнер мен сауда біртіндеп құлдырады. Мемлекеттің қаржы жағдайы қатерлі кезенді басынан өткеріп жатты. Асыл металды теңгелер азайып, баға көтеріліп, алым-салық жинау күшейді. Экономикалық жағдайдың нашарлауы ең алдымен қарапайым адамдарға аса ауыр соқты. Мемлекеттік билік өзінің тұрақтылығын жоғалтты. III ғасырда мемлекет варварлардың шабуылынан көптеген жерлерінен айырылды. Варварлардың шапқыншылығынан Рим мемлекеті жоғарғы Германияның құнарлы далалары және Дакия сияқты бай провинцияларын біржола жоғалтты. Рим империясының дағдарысты тоқтатуға, уақытша болса да ушыққан

әлеуметтік және саяси қатынастарды тұрақтандыруға шамасы жетпеді. III ғасырда сенаторлық аристократия барлық қолбасшылық қызметтерден қуылып, провинциялардағы атты әскерлер құрамы өзгертілді. Рим сенаты жоспар құру және оны шешу өкілділігінен тықсырылып, тек «тақ кеңесінде» қаулы шығара алатын болды. Мұндай саяси өзгерістер әсіресе, Диоклетиан (284–305) және Константин (306–337) билігі кезінде болды. Доминант немесе Кейінгі Рим империясы пайда болып (284–476) өмір сүрді. Император тағы үшін қырғын күрес және үміткерлер арасындағы азаматтық соғыстар, варварлардың дүркін-дүркін шабуылы елді экономикалық тығырыққа тіреп, империяның дағдырысын күшейтті. III ғасырда империяның экономикалық құлдырауы және саяси тұрақсыздық адамдардың психологиясына әсер етті. Так тұрақсыз болды, 50 жылда 22 монарх ауысып үлгерді. Енді Рим бұрынғы қуатынан айырылып, күйреуге жетті. Провинциялар орталыққа бағынуды қойды, оларға бірыңғай заң күші жүрмеді. Әйгілі «Рим еркіндігі» заңдандырылды. Осылардың барлығы қоғамның психологиясымен рухани өміріне әсерін тигізді. Адамдар енді құтқарушы Рим құдайларына сенбейтін болды. Олар жаңа дін Иудейден шыққан христиандыққа бет бұра бастады.

III ғасырдың аяғында тереңдеген дағдарысты болдырмау үшін уақытша нәтижесін берген реформаторлық қайта құру шаралары қолға алынды. Аренадағы жер берудің жаңа түрлері пайда болды. Эмфитевис – аз ғана төлемге жерді жалға берді және өз үлесіндегі жерлерде кең құқықтар берілді. Келесі ұсақ жалға беру – прекарий, яғни ұзақ мерзімдік немесе өмірлік аренда жүйесі енгізілді. Эмфитевистер – қазынамен шіркеудің ірі жер иелеріне жалға жер алушылар еді. Оның мәнісі – эмфитевистер өздерінің құқығын пайдалана отырып, жер иелеріне жыл сайын белгіленген төлемдерін өтеуге және шаруашылықты жақсы жүргізуге міндетті болатын. Олардың иелік ету құқығы біршама кең болды: жерлерін жалға бере алатын, мұраға қалдыратын, тіпті сата алатын болды. IV ғасырдағы колондардың ірі жер иеленушілерге кіріптарлығы салдарынан әлеуметтік статусы әртүрлі деңгейдегі топтары қалыптасты. Мүліктік иелену құқығының артықшылығын кең түрде иемденушілер ерікті колондар – либери, одан кейінгілері оригинарий болды.

Император билігі күшейтіліп, сенат маңызы түсірілді. Доминант жүйесі Рим дүниесінде жаңа әлеуметтік экономикалық жағдайдың

қолайлығына жағдай жасады. Осы арқылы біріккен Рим күшпен үш континенттің елдерін ұстап тұрды. Доминат дәуіріндегі реформалар рим мемлекетінің құлдырауын жарты ғасырға шегіндірді. Алайда, империяны құтқаруға арналған шаралар оның құлдырауын тоқтата алмады. Ішкі қарама-қайшылықтан әлсіреген империя сыртқы күштерге қарсы тұра алмады. Герман жаулап алушылығы Римнің тағдырын шешті. Әлеуметтік саяси үдерістерді III–IV ғасырлардағы «қуатты сыртқы күштер» факторы – варварлық тайпалардың шабуылы күшейтті. Соңғы Рим мемлекеті варварлармен араласып, үздіксіз соғыстан қалжыраған римнің ішкі және сыртқы саясатында біртұтас организм ретінде көрші варвар тайпаларымен бірлесе өмір сүрді.

Ежелгі державалар тәкаппар да құдіретті болды. Бірақ ең ірілері Дарий мен Александр Македонскийдің, Рим мен Қытайдың алып империяларын қосқанда құрылықтың азғантай бөлігін алатын еді. Ал олардың шекараларының арғы жағындағы шексіз жерлерде әр түрлі өмір өтіп жатты. Бұларды қазір біз алғашқы қауымдық тайпалардың әлемі дейміз. Ал римдіктердің, ертедегі қытайлар немесе гректердің кезінде оларды варварлар деп атаған болар еді. Варварлар аңшылық пен мал шаруашылығын тамаша меңгерді. Варварлардың өмірінде байлықтың рөлі үлкен болған жоқ. Барлығы да кедей, бірақ азат, бір-бірімен тең болды. Тек көсемдері, ру басылары, абыздары ғана аздаған артықшылықтарды пайдаланды. Варварлар мемлекеттің не екендігін білген жоқ. Ежелгі және орта ғасырлардағы мыңдаған жылдарда бір-біріне қарама-қарсы екі дүние: алғашқы қауымдық тайпалар әлемі мен өркениет әлемі бір-біріне бетпе-бет келіп тұрды. Оларды өзара жаулық алыстатса, бір-біріне деген мүдделілік байланыстырды. Қанды соғыстар жүз жылдарға созылған бейбіт көршілікпен алмасып жатты. Варварлар шапқыншылығы қаншалықты жойқын болғанымен, уақыт өте келе өркениет өкілдері жер шарындағы «басқа әлемнің» жерлерін жаулап алып, өрісін кеңейте берді. Варварлар да өркениеттің әсерінен тыс қала алмады. Өйткені варварларға саудагерлер мен жауынгерлер, дін уағыздаушылар келіп тұрды. Басқа тайпаларға қарсы соғыста варварларды жалдап отырды. Өркениет пен варварлардың шекарасы әрқашанда «ашық», ал варварларға өркениеттің ықпалы күшті болды. Рим империясына варварлар әлемі қауіпті бола түсті. Азияның далаларынан немесе Еуропаның ормандарынан алып империяларды жойып жіберетін тайпалар пайда болды.

§ 2. Ежелгі германдықтардағы рулық-тайпалық қатынастардың ыдырауы

Варварларда сақталып келген алғашқы қауымдық теңдік мәңгі жалғаса беруі мүмкін емес еді. Варвар қоғамында ақсүйектер пайда болды. Рубасыларынан гөрі ерліктерімен және жолы болғыштығымен даңқы шыққан әскери көсемдердің ықпалы тайпа ішінде жоғары болды. Жорық сәтті аяқталса, көсем қолға түскен байлықтан үлесті көп алды. Жолы болғыш көсемнің төңірегіне қызу қанды, ерлікті аңсаған жастар көп жиналды. Қалыптасқан дәстүрден тыс көсем өз үлесінен оларға мол сыйлықтар беріп отырды. Оның қарымы ретінде жауынгерлер көсемге шын беріліп, қиын сәттерде ол үшін өмірін қиюға болатын. Көсемге шын берілген жасақ осылай пайда болды. Жасақшылар шаруашылықпен айналысқаннан гөрі соғыста баюды, шайқаста ерлікпен өлуді қалады.

Еуропада Альпінің солтүстігінде үш ірі тайпалар: кельттер, германдар, славяндар өмір сүріп жатты. Бұл тайпалардың тілі үнді-еуропалық тіл тобына жатты. Кельттер Еуропаға германдықтардан да бұрын келді. Олар бүкіл Еуропаны – Атлантикадан Балқан түбегіне дейін жайлаған. Кельттердің ұрпақтарын қазір Ирландиядан, Шотландиядан, Уэльстен және Францияның ең батысындағы Бретаннан кездестіруге болады.

Римдіктер кельттердің галл тайпасын өзгелерден бұрын білді. Өйткені галлдар бүкіл Римді жаулап алған болатын. Бұдан көп уақыт өткеннен кейін римдіктер Солтүстік Италия мен қазіргі Франция жатқан галлдардың жерін жаулап алды. Галлдар римдіктердің тілі мен әдет-ғұрыптарын тез қабылдады да, кейіннен оларды бір-бірінен айыру қиындап кетті.

Галлияның батысында Рейннің арғы бетінде біздің дәуірімізден бірнеше ғасыр бұрын солтүстіктен келген саны көп герман тайпалары орналасқан болатын. Олардың ежелгі Отаны – Балтық теңізінің солтүстік және оңтүстік жағалауы, Балтық аралы мен Скандинав және Ютланд түбектері еді. Шамамен бұдан үш мың жыл бұрын ол жақта ауа райының қатты өзгеруінен күн бұрынғыдан да суытып, толассыз жауын мен су тасқыны жиілеген болуы керек. Сондықтан да германдар жылы жаққа, оңтүстікке қарай біртіндеп жылжи берген. Біздің дәуіріміздің басында германдар Рейн, Одер, Дунай өзендерінің аралығындағы кеңістікті жайлап үлгерген. Олардың ішінде ең алысқа кеткен гот тайпасы болды. Балтық

жағалауынан олар Азов және Қара теңіз төңірегіндегі далаларға келіп тоқталды. Мұнда олар көне замандағы скифтердің ұрпақтарын бағындырды. Готтарға шығыс славяндардың ата-бабалары да тізе бүкті.

Тациттің дәлелдеуіне қарағанда германдықтар өте көп халық болған. Жекеленген герман тайпаларының саны туралы деректерді Цезарьдан да алуға болады. Ол Рейннің сол жағалауында пайда болған узипеттер мен тенктер санын, әйелдерімен балаларын қоса есептегенде 180 мың адам дейді. Демек, жекеленген герман халықтарының орташа саны осынша болса, германдықтардың жалпы саны ол кезде 5 млн-ға жуық болған.

Карпатты бойлай Дунайдың дәл сағасына дейінгі жерлерді готтардан тараған герман тайпалары – бастарндардың, певкиндердің көптігі сонша, Плиний оларды германдықтардың бесінші негізгі тобы деп есептейді.

Скандза – готтардың шыққан жері. Бұл аралдардан Иорданның анықтауы бойынша, герман тайпаларының көп бөлігі шыққан. Скандза жайлы Клавдий Птоломей аралдың солтүстік мұзды мұхит кеңістігінде орналасқанын, табиғатының қатал, аязды болатындығын жазады.

Германия галл, гетт, панонндар болып Рейн және Дунай өзендері арқылы бөлшектенген. Олар өз кезегінде сармат пен дактардан Карпат жотасы арқылы бөлшектенсе, қалғанын мұхит қоршап жатыр. Германдықтар өзге халықтармен араласпай томаға-тұйық отырды. Аңыздарына сенсек, германдықтар жер құдайынан шыққан, Тушкон мен Манды көп дәріптейді және өздерін солардан таратады. Аңыз бойынша Манның 3 ұлы болды: мұхит жағалауындағылар – ингевондар, ел ішіндегілер – германондар, ал қалғандары – истевондар. Рейннің жағалауында треверлер өмір сүреді. Оларды Агриппа өзенінен келісім бойынша Рейннің жағасына көшірген еді. Кервилерде герман тайпалары болып табылады, Менапшир жағалауының екі бетіне, батпақты, орманды жерлерге қоныс тепкен. Ағаштары аласа, әрі қалың жынысты болып келеді. Олардың жанына германдық сугамбрлар келді.

Германия Галлияның солтүстігінде орналасқан, бүкіл елді Истр өзені екі бөлікке бөліп жатыр. Истрден солтүстікке қарай галл және герман тайпалары мекендейді.

Маркоман соғысынан кейін (166–180) Рим батыс және оңтүстік шекарасындағы осы ірі тайпа одақтарының қатерінен сақтанып

отырды. III ғасырдың басында олардың арасынан алеман атымен ірі тайпа тобы бөлініп шықты. III ғасырдың ортасында римдіктер алемандардан қорғану үшін «десятиналық далаларды» бекітті. IV ғасырдың ортасында шекарадағы Рейнге шабуыл жасады. Германдықтардың қоныстануы біржола орнығу сипатында болды. Рим иелігіндегі өңірлерге германдықтардың шапқыншылығы бұрынғыдан жиі әрі шешуші болды. Кезекті жеңілістен кейін қорғанысы күшті империяның шекарасын бұзып өтуге ұмтылатын германдардың табандылығына римдіктер таң қалатын. Германдықтардың сол кезеңдегі даму сатысы соғыссыз тұра алмайтын дәрежеде болатын. Бұл германдар үшін ол кезде табиғи іс әрі қажеттілік еді.

Германдар өздерінің аң-құсқа бай ормандарында аң аулауды жақсы көрді. Егіншілікті де жаман меңгерген жоқ: арпа, бидай, тары, зығыр өсірді. Алайда германдықтардың басты байлығы мал, оның ішінде әсіресе ірі қара болды. Олар «ұзын үйлерде» тұрды, себебі, басты байлығы мал болғандықтан, малына арналған қорақопсысы да жалғасып жатты. Әрбір «ұзын үйде» үлкен отбасы тұрды. Бір-бірімен жақын туысатын бірнеше отбасынан ру құралды. Бірнеше ру тайпаға бірікті. Кейде бірнеше тайпалар, әсіресе ортақ жаумен соғысар алдында үлкен одақ құрды. Тайпадағы барлық ересек еркектер бір-бірімен тең құқылы, басы азат адам деп есептелді. Германдар құлды аз иеленді, құлдардың жағдайы римдіктерге қарағанда көп жеңіл, жартылай азат еді. Германдардың ішінде мүлік жіктелісі алғашқы кезде болған жоқ. Маңызды мәселелердің барлығы тайпа жиналысы – тингте шешілді, оған тайпа мүшелері қарумен келіп, ру басылары мен көсемдерінің сөзін тыңдап, оны мақұлдаған, немесе қабылдамай тастаған. Тингте қылмыскерлерге жаза белгіленіп, рубасыларды сайлаған.

Германдар барлық пұтқа табынушылар сияқты құдайлар көп дегенге сенді, бірақ шіркеулер салған жоқ. Олар киелі көлдерге, тоғайларға, тастарға, ағаштарға табынды. Германдар өздерінің құдайларына құрбандықтар шалды. Германдардың кейбір құдайларының аттары апта ішіндегі күндердің атауларымен ағылшын және неміс тілдерінде сақталған. Жексенбі мен дүйсенбіні германдар күн мен айға бағыштаған. Сейсенбі – жауынгерлердің жебеушісі жарқыраған аспан құдайы Циудың немесе Тиудың күні. Сәрсенбіні олар құйын-боранның, ашу-ызаның құдайы, о дүниенің иесі кемеңгер Воданға арнаған. Ал бейсенбіде күннің күркірегені мен

найзағайдың күдіретті құдайы Донарға табынуы керек. Жұма құнарлықтың құдайы Фрейрдің үлесіне тиіпті. Германдар абыздар мен сәуегейлерді де қатты сыйлаған.

Біздің заманымыздың I–II ғасырларында германдықтардың қоғамдық дамуының деңгейі туралы Цезарь және Тацит шығармаларының негізінде, сондай-ақ археологиялық ескерткіштер арқылы пайымдауға болады. Тациттің уақытында германдықтардың қоғамдық құрылысы елеулі өзгерістерге ұшырады. Германдықтар отырықшылыққа түбегейлі ауысты, егіншілікпен кеңінен араласа бастады. Негізгі тағам түрлері – сүт, ірімшік, ет еді. Мал бағу мен аңшылық негізгі кәсібі болып табылды. Германдықтарда қолөнер мен кәсіпшілік дамып отырған. Метал қорыту мен ұсталыққа қоса, германдықтар тоқуды, кендір кездемелер мен жүн маталар дайындауды, қыштан бұйым жасауды игерген. Мысалы, археологиялық қазба нәтижесінде табылған қыш құмыра Франкфурт-Ниден табылып отыр. Нидегі керамика үлгілері римдік стандартқа сай әзірленген. Мұндай құралдар Веттераудан табылғандықтан «Веттерау» деп аталып кетті.

Өндірістің дамуымен жекеленген герман тайпаларының арасында айырбас пайда болды. Көршілес халықтармен де айырбас сауда жасап отырды. Айырбас заттары тұз, елтірі, метал болды. Германдықтарға көбінесе рим көпестері метал бұйымдарын, сәнсалтанат заттарын, шарап әкеліп отырды. Германдықтар Римге ірі қара, тері, былғары, жүн, тағам түрлерін шығарып отырды. Янтарь, құл саудасы жүргізілді.

Германдықтар ұлан-ғайыр жерлерге егін сеуіп тастайды, соның өзінде көп жер бос қалады. Жыл сайын танап ауыстырылып отырылады. Олар көкөніс егіп қиналғысы келмейді. Көбіне бидай дәнін сеуіп тастайды. Тацит заманында олар отырықшылық тұрмыс құрды, бөренеден салынған үйлерде тұрды. Орман тұрғындарының жұпыны киімі, әйелдер мен ақсүйектердің матадан тігілген іш киімі болды. Олардың ішіп-жемі: сүт, ет, жабайы жемістер, сұлы ботқасы болды. Олардың бар байлығы мал болды. Ақша сирек қолданылды, онда да Рим ақшасы жүрді. Германдықтар алтын мен күмістен бұйым жасамады, қымбат металды бағаламады. Темір сирек кездесетін, тек Рейн мен Дунай бойын мекендеген тайпаларда ғана болатын, бұлар оны өздері өндірмей шеттен әкеліп отырса керек. Жазу-сызу оларға мәлім болғанымен тек діни сенім

үшін ғана қолданылды. Цезарь заманынан бастап-ақ тайпа одақтары құрылды, сол кездің өзінде олардың кейбіреулерінің королі болған. Әскер басы шексіз билік алуға тырысқан, алайда, корольдер тежеусіз әмірші бола алмады. Дегенмен, олар ру құрылысын кирата бастағанды.

Король үкіметінің тууына бірден-бір себепті болған жасақтар институты еді. Даңққа бөленген әскери көсем олжа түсіруге ынтыққан жастар тобын өз төңірегіне жинаған, бұлар көсемге, көсем оларға адал болуға міндетті еді. Олардың арасында белгілі-бір ирерархия орнады. Германдықтардың қоғамы «әскери демократияға» негізделген еді.

Сонымен герман тайпаларының қоғамдық құрылымы рулық-қауымдық сатыда болды. Еңбек бөлінісінен әлеуметтік теңсіздік көріне бастаған кезде, алғаш рет феодалдық қатынастардың алғашқы белгілері байқала бастады. Экономикалық дамуы жағынан көршісі Рим империясынан әлдеқайда төмен еді. Дегенмен, феодалдық қатынастардың байқала бастауы оларды өзге елдерге шабуылдарға итермеледі.

§ 3. Батыс Рим империясының құлауы және варварлық мемлекеттердің пайда болуы

Біздің заманымыздың IV ғасырының аяғында варвар тайпаларының айырықша ірі, жаппай көшуі мен олардың әдетте, «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» деп аталатын Рим империясының территориясына басып кіруі басталды. Герман және басқа да тайпалардың шабуылы, біріншіден, олардың арасында өндірістік күштердің өсуімен байланысты мүліктік және әлеуметтік теңсіздіктің тереңдеуінен, екіншіден, байлықты молайтуға, жер мен әскери олжаны иемденіп қалуға тырысуынан туындады. Бұл кезде соғыс герман тайпалары үшін әдетке, әрі тұрақты кәсіпке айналды. Варварларды Рим империясының ұлан-байтақ жерлерімен бай қалалары қызықтырды. Германдардың шапқыншылығынан қорғану үшін римдіктер империя мен герман тайпаларының арасындағы көпшақырымдық шекараны нығайтты. Шекараға топырақ үйіп, ор қазып, тас қабырғалармен қоршалған әскери лагерьлер орнатқан. Шекара бойындағы мұндай бекіністерін римдіктер «лимес» деп атаған. Алайда лимес адам өтпес қамалға айналған жоқ. Жылдар өткен сайын германдар мен римдіктердің қарым-қатынасы

күшейе түсті. Лимеске жақын қоныстанған жекеленген герман тайпалары римдіктердің бірсыпыра әдет-ғұрыптарын ұстанатын болады. Римдіктер кейбір герман тайпаларын әскери қызметке шақырды. Германия үшін римдіктер, Рим мен оның провинциялары, германдықтарға белгісіз және құпия ел болып қалған жоқ.

Лимес ғасырларға кететін қорған құсап көрінген. Бірақ IV ғасырдың соңы мен V ғасырдың басында империя мен варварлар күшінің арасалмағы тез өзгере бастады да, шекара жойылып, лимес құлады.

IV–VII ғасырлар аралығын «Халықтардың ұлы қоныс аудару» уақыты деп атайды. Осы уақыт аралығында герман тайпалары жүздеген жылдар бойы жайлаған өлкелерін тастап, жаңа жерлер жаулап алуға аттанды. Еуропаның картасы танымастай өзгерді. Шапқыншылықтың толқыны Батыс Рим империясын жойып жіберіп, орнына германдардың корольдіктері пайда болды. Ұлы Рим империясы құлап, Еуропа орта ғасырларға аяқ басты. «Халықтардың ұлы қоныс аударуына» бірден-бір себепші ғұндар мен готтардың қысымы болды. Ғұндар белгісіз себептермен Қытаймен шекаралас Азия даласын тастап, мыңдаған шақырым жолмен Батысқа қарай жылжыды. 375 жылы ғұндар сол кезде Рим империясынан тыс Қара теңіздің солтүстік жағалауында тұратын германның гот тайпасына шүйлікті. Готтар тамаша жауынгер болғанымен, ғұндар ордасы олардың тез-ақ ұйқы-тұйқысын шығарды. Готтардың бір бөлігі остготтар ғұндарға тізе бүкті. Ал екінші бөлігі вестготтар Римнің шекарасына қарай шегінді. Ондағы мақсаттары Рим қандай шарт қойса да бағынып, бұрын құлағы естіп, көзі көрмеген жауларынан халқын аман сақтап қалу еді. Римдіктер готтарды қабылдады, бірақ шекара маңынан ең құнарсыз аз ғана жер берді. Вестготтардың шыдамы көп ұзамай таусылды. 378 жылы Адрианополь қаласының маңында вестгот тайпаларын император Валенттің өзі басқарған Римнің таңдаулы армиясы қарсы алды. Осы шешуші соғыста Римнің таңдаулы армиясы вестготтардан жеңілді. Адрианополь аяқасынан кейін империя есін жия алмады. Кейінгі соғыстарда Римді жалдамалылар қорғады. Олардың көпшілігі германдар еді. Герман тайпалары ақыны көп алып, Рим шекарасын өзге герман тайпаларынан қорғап тұруға келісті. Дегенмен жалдамалылар рим әскерінің бұрынғы қуатын қалпына келтіре алмады.

Ганнибал заманынан кейін Рим қабырғасының арғы жағынан жат елдің әскерін көрмеген еді. Одан бері өткен жүзжылдықта Рим ежелгі ұлы мемлекеттің астанасы болды. 395 жылы Рим империясы бөлінгенде батыс бөлігі тиген император Гонорий әлі жас болғандықтан, басқарудың ауыртпалығы оның қамқоршысы, қолбасшы Стилихонға түсті. Стилихонның өзі германның вандал тайпасынан шыққан еді, бірақ ол варварлардың шабуылын жан аямай тойтарып отырды. Стилихонға варвар ретінде сенбеген Гонорий оны өлтіруге бұйрық берді.

Стилихон өлгеннен кейін варварлардың басып енуінен Рим қорғанысын басқаратын ешкім болмады. Гонорий өзінің бекінісі күшті астанасы Равеннадан вестготтардың көсемі Аларихтің басқаруымен Римнің қорғанына қалай жақындап келгенін шарасыз күйде бақылап отырды. Римнің қуатты қорғанын бұзуға Аларихтің күші жетпегендіктен, ол қаланы ұзақ уақыт қоршауда ұстап тұруға бекінді.

«Мәңгілік қаланың» қақпасын кім варварларға ашқаны белгілі емес. Бірақ 410 жылы Рим құлады. Вестготтар қаланы үш күн бойы тонады.

Готтардың оңтүстікке қозғалысы германдықтарды рим шекарасына қарай тықсыра түсті. Эльбаны мекендеп келген аламандар мен бургундтар Рейнге жылжып, өз жерлерін басқа герман тайпаларына қалдырып кетті. Бұл тайпалар вандалдар және лангобардтар еді. Империя алемандарға «десятиналық далаларды», ал готтарға Дакия провинциясын беруге мәжбүр болды. Константин мен готтардың өзара келісімі бойынша рим әскерінде 40 мың жауынгер готтар қызмет етіп, шекараны өзге тайпалардан қорғап отыруды мойнына алды. Вестгот тайпалары Мезия аймағына орнығып алды. 378 жылы Адрианополь маңында болған шайқаста гот атты әскерінен тас-талқан болып жеңіледі. Багаудттардың көтерілісі және әртүрлі варвар тайпаларының басып кіруі Галлиядағы Рим билігіне кесірін тигізді. Вестготтар 395 жылы көтерілісті қайталап, Балкан түбегін басып алды. Оларды король болып сайланған, белгілі Балт руынан шыққан, тапқыр әскери көсем Аларих басқарды. Рим бай жер Иллирия территориясын вестготтарға беруге мәжбүр болды. Вестготтарды Италия қызықтырды. 408 жылы римнің атақты қолбасшысы Стилихон өлтірілген соң, вестготтар шабуылы күшейді. Аларих 410 жылы Римді алып, тонады. Вест-

готтар азық-түлік жетіспеуінен Италияда ұзақ тұра алмады, себебі, бұл ел тоналғаннан кейін Африка наместнигі Италияға астық жіберуді тоқтатты. Вестготтар Аларихтің мирасқоры Атаульфтің басқаруымен оңтүстік Галлияға өтіп кетті. 475 жылы император болып Римде Ромул Августул жарияланды. 476 жылы қолбасшылардың бірі варвар Одоакр бүлік жасап, императорды тақтан түсіріп, Неопальға жер аударды. Ол соңғы император еді. 476 жылы оның орнына келген Одоакр өз астанасын Константинопольға көшірді. Сонымен, Батыс Рим империясы жойылды, Византия аталған Шығыс Рим империясы XV ғасырдың ортасына дейін өмір сүрді.

§ 4. Ұлы Қоныс аудару дәуіріндегі ғұндар

Жазба және археологиялық деректер бойынша түркі тайпасы ғұндар Еуропаға Орталық Азиядан келген. Батыстағы ғұн тарихы зерттелмеген мәселелер қатарына жатты. Еуропадағы бұл тайпа бірлестігінің тарихы кеңес дәуірінде қарастырылмаған тақырыптардың бірі болды. Қазіргі таңда ғылымның дамуына байланысты бұл түркі әлемінің тарихын жазба деректердің және басқа да пәнаралық салалардың негізінде зерттеліп жатыр.

Біздің заманымыздың 48 жылы ғұндар солтүстік және оңтүстік болып, екіге бөлінді. Оңтүстік ғұндар Хань империясына бағынды. Біздің заманымыздың II ғасырының бірінші жартысында ғұн тайпаларының миграциясы әуелі Шығыс Жетісуға, кейін Орал, Каспий, Еділ маңындағы жерлерге қоныс аударды. Солтүстік батыстағы ғұн мемлекеті біздің заманымыздың IV ғасырында әйгілі болып, Шығыс Еуропаға қарай жылжыды. IV ғасырдың ортасында ғұндар Еділ мен Дон аумағына енді. Азов аймағы және Солтүстік Кавказдағы аландарды, Боспор патшалығын жаулап алып, ғұндар Доннан өтіп, Оңтүстік Шығыс Еуропадағы остгот патшасы Эрманарихтың көп тайпалы державасын 375 жылы жеңіліске ұшыратты.

IV ғасырдың 70-жылдары ғұндар Солтүстік Қара теңіз өңірінде пайда бола бастады. Олар алғаш рет Азов теңізі өңірін мекендеген аландарды бағындырды. Одан әрі ғұндар екі бағытта жылжыды. Біріншісі – мұзды жолмен Перекоп және Тамань түбегі арқылы Боспор патшалығына беттеді. Мың жыл өмір сүрген Боспор патшалығы жойылды. Екіншісі – батыс және солтүстік-батыстағы сар-

мат, алан, гот тайпаларына бет түзеді. Сонымен батыс ғұндарға Еділ мен Дунайға дейінгі жерлер бағынды. 375 жыл халықтардың Ұлы қоныс аударуына соқтырған бастама болды. Қазіргі таңда қазақстандық жалпы тарих ғылымында бұл оқиғаларды орта ғасырлар тарихы дәуірі мен өркениетінің бастамасы ретінде қарастырады.

IV–V ғасырларда Еуропадағы ғұндар тарихынан Еуразия тарихы жасалды. Шайқастар және үстін-үстін болып отырған көшіп-қонулармен бірге, ол Шығыс пен Батыстың әр қырлы әрекеттесулерінің, дәстүрлері мен мәдениеттері синтезінің үлесі де болды. Ал бұл интеграцияның нәтижесінде жаңа өркениеттің, жаңа қоғамдық қатынастардың қалыптасуына жол ашылды. Осы сәтте ғұндар бастаған халықтардың Ұлы қоныс аудару қозғалысы әлем тарихында аса маңызды рөл атқарды.

Осы уақытта ғұндар мен Шығыс Рим империясы арасында қақтығыстар орын алды. Батыс Рим империясымен олардың байланыстары бейбіт негізде құрыла бастады, себебі, ғұндардың жалдамалы жауынгерлері, әсіресе V ғасырдың 20-жылдары Рим әскерлерінің белгілі бір бөлігін құрады. V ғасырда ғұндар Паннонияға (кейінгі Венгрия, Австрия, Югославияның кейбір аймақтары) орналасты да бұл аймақ Батыстағы Ғұн империясының орталығына айналды. V ғасырдың 40-жылдары Еуропада мойындалған ерекше қолбасшылық дарынына байланысты «magister militum» (әскердің жоғарғы қолбасшысы) құрметті атағын алған ғұн билеушісі Аттила (Attila, Еділ шамамен 395 жылы туылып, 453 жылы қайтыс болған) Батыс Рим империясына байланысты тәуелсіз саясат жүргізе бастады. Аттила билік құрған 434–453 жылдар аралығында ғұн державасының территориясы барынша кеңейіп, өз дамуының шарықтау шегіне жетті. Грек және Рим деректері Аттиланың бірнеше ұрпақ бойы ғұндарды билеген патша руынан шыққанын көрсетеді. 434 жылы Руа қаған қайтыс болғаннан кейін ғұндарға ағасы Мундузуктың (Mundzuc) балалары Аттила мен Бледа басшылық етті. 444 жылы Бледаның өлімінен кейін, Аттила бірден-бір билеушіге айналды. Сонау 435–436 жылдары Аттила басқарған ғұндар Римге бағынышты болған Майн мен Рейн аралығындағы бургундтар патшалығын қосып алды. Бұл оқиғалар кейіннен герман эпостық шығармалары мен Скандинавия сагаларында көрініс тапты.

Византияның атақты хронисті, V ғасырдағы тарихшысы және мәмлегері, ғұн патшасына 448 жылы жіберілген Византия елшілігінің мүшесі грек Приск Панийский жеке үзінділер түрінде жеткен өзінің «Византия тарихында» (*Historia Byzantina*) Аттилань ірі мемлекет тұлғасы, ұлы істердің басындағы дана билеуші, талантты мәмлегер және әділетті қазы ретінде сипаттайды. Аттила мемлекетін Римнің қауіпті бақталасы ретінде сипаттаған. Приск Батыс және Шығыс Рим империяларының ғұн патшасымен бейбіт байланыстар орнатуға ұмтылыс жасағанын баяндайды.

Паннониядағы Аттила сарайында Приск, ғұндарды Батысқа жасалатын жорықтан бас тартқызуды көздеген Батыс императоры III Валентиниан елшілерін кездестірді. Әсіресе, Византия Аттиламен бейбітшілік қатынаста болуға барынша күш салды. Шығыс ромейліктер, – деп жазады Приск, – «оның кез-келген талабына бағынып, оның тарапынан болатын шараларға билеушінің бұйрығы ретінде қарады». Ғұн мемлекетімен тіл табысуға ұмтылған тек Батыс пен Шығыс империясы ғана емес, V ғасырдың 40-50 жылдары Аттилань ұлы билеуші ретіндегі даңқының кең тарағаны соншалық, өзге халықтардың көсемдері мен патшалары да одан көмек сұрап отырды. Аттила сарайында бірқатар батыс және шығыс мемлекеттері мен халықтарының елшілері болды.

Сол дәуірдің замандасы хронист Проспер Тиро (Аквитанияда туған, біраз уақыт Рим папасы I Левтің хатшысы қызметін атқарған) Аттилань Батысқа жорығын осы кездің негізгі оқиғасы ретінде көрсете келе, «*Epitoma de Chronicon*» атты жылнамасында: «Аттила Рейннен өтісімен көптеген галл қалаларын қорқыныш биледі. Римдіктер мен гот әскерлері бірігіп, жауды қарсы алуға бел буды...», – деп суреттейді.

Осы кезеңнің маңызды куәгерлеріне хроникалармен қатар, Рим папаларының хаттары жатады. Бұл латын тіліндегі ерекше деректер сол уақыттағы Еуразия мен Еуропадағы халықаралық қатынастардың күрделі түйіндерін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Мысалы, 451 жылы папа I Лев Шығыс Рим империясының императоры Маркианға христиандық Батыс және Шығыс Рим императорларының өзара келісімі сыртқы жауларға қарсы тұруға қажет екенін анық білдіреді. Император Валентиниан да өз жерінің федераттары мен бағыныштыларына, соның ішінде Галлия мен Испанияға елшілерін жіберіп, ғұндарға қарсы бірлесе соғысуды талап етті.

Ғұндармен күрес Рим империясы мен Вестгот патшалығын біріктірді, олар басқа кельт және герман тайпа одақтарын өз мақсаттарына жұмылдыра алды. Біріккен Батыс әскерін Патриций Флавий Аэций басқарды.

«Халықтардың ұлы қоныс аударуына» түрткі болған ғұндар қозғалысы еді. Ғұндардың Шығыс Азиядан кенеттен басып кіріп, Еуропадағы күштердің арасалмағын түбегейлі өзгертуі, әрине, Рим империясының пайдасына шешілген жоқ. Ғұндар мал өсірушілер болғанымен оларда қол өнер, сауда да дамыды. Рулық-тайпалық құрылыс жағдайында өмір сүрді. Жер бүкіл тайпа иелігінде болды. Ғұндар бір мәселені шешу үшін көпшілік кеңесіне жиналып отырған, соғыс жағдайында әскери көсемдерді сайлаған. Аммиан Марцелин ғұндардың жауынгерлік қасиетін: «Өздеріне қауіп төнсе соғысуға шақырады. Соғысқан кезде жауын шеңберлей құрсауға алып, қатты ашулы дауыстар шығарады. Жеңіл және айлакер олар қасақана бытырап кетіп, майдан шебін бұзбаған күйі жауларын опонай қынадай қырады. Олардың жау бекінісін қалай алғанын бақылау мүмкін емес, олар қас-қағым сәтте-ақ, дүниенің астанкестенін шығарады», – деп баяндайды.

Әскери өнері жағынан олар нағыз жауынгер халық. Соғысты алыстан ататын ұшы өткір жебе мен мықты садақ арқылы жүргізеді. Қоян-қолтық шайқаста олардай ешкім қылышпен шебер соғыса алмайды. Жауының қашып құтылуына мүмкіндік бермес үшін, арқан мен тұзақ алып жүреді. Ғұндар туралы мәліметтерді гот тарихшысы Иорданнан да кездестіруге болады. Дегенмен Рим тарихшыларының барлығы ғұндарға басып алушы жау ретінде қарағандықтан, олардың жазбаларындағы мәліметтердің басым көпшілігі субъективті, белгілі бір мақсатқа бағындырылған болып келеді. А.Марцелиндегі, Иордандағы, тағы да басқа Рим тарихшыларының жазбаларындағы ғұндардың сыртқы пішіні, тұрмыс-салт кәсібі туралы жаңсақ, жек көрушіліктен туған пікірлерді осы тұрғыда түсіндіруге болады. Бірақ олардың әрқайсысы да ғұндардың жауынгерлік қасиетін мойындауға мәжбүр болды. Иорданның өзі де төмендегідей жазады: «Олар аласа бойлы, кең иықты, бірақ шапшаң қимылдайды. Ат үстінде өздерін өте мықты ұстайды. Садақ атуға шебер, тәкәпарлана тік жүреді». Ғұндардың жасы және жынысы жағынан соғысқа жарамсыздары үй шаруасымен айналысады. Ал жастар айбынды жауынгерлерге айналады. Олардың

құлдар туралы тіпті де ұғымы жоқ, себебі, олар бәрі бір тектен ақсүйектер. Кім соғыста көп көзге түссе, соны бастық етіп сайлаған. Олар да басқа адамдар сияқты тыныш, тату өмірден рахат табады.

450 жылы Аттила Римге жорыққа дайындалады. Ол Рим императоры III Валентинианнан империяның байлығы мен билігінің жартысын беруді талап етеді. Валентинианның қарындасы Гонория Аттиланың көмегімен билікке араласу үмітімен, ғұн билеушісіне жасырын хат жолдап, көмек сұрайды. Аттиланың Римге қарсы жинаған әскерінің құрамында ғұндардан басқа, остготтар, гепидтер, ругийлер болды. Аттила әскері Шығыс Рим империясының Дунайға дейінгі қалаларын қиратып, Солтүстік Италия мен Грекияны қаңыратып кетеді. Ғұндар Византия жерінде жеңістен-жеңіске жетіп отырды. Прискиннің хабарлауынша, Шығыс Рим империясының әскері Херсонесте жеңіліп, император II Феодосий (408–450) шұғыл түрде Аттилаға сенатор Анатолийдің басқаруымен бітім сұрап, елші жібереді. Константинопольді басып алмақ болған Аттила оған көніп, «алтын жұмыртқа туатын тауықты өлтіруге болмайды», – дейді. Византия оған 6000 пұт алтын беріп, жыл сайын 2100 пұт алтын төлеп тұратын болды. Енді Аттилаға бағынбаған Рим ғана қалды.

451 жылы Рейннен өткен ғұн әскерлері Римге аттанады. Оған қарсы Рим әскерін бұрын ғұн тәрбиесінде болған, ғұндарды жақсы білетін, Аттиланың қасында жүрген әскербасы Аэций бастаған вестготтар, аландар, алемандар, бургундтар, франктердің біріккен қолы шықты. 451 жылы маусымда екі жақтың әскері Труа қаласының маңындағы Каталаун даласында кездесіп, бұрын болмаған, қиян-кескі соғыс болды. Екі жақтан да көп шығын болды, шайқас барысында екі жақ бір-біріне беріспеді. Римдіктер арасында өзара алауыздық басталды. Каталаун даласындағы шайқас бұрын-соңды болмаған ерекше шайқас болды, шайқастың маңыздылығы туралы қазақстандық ғұн тарихын зерттеуші профессор Қ.Т. Жұмағұлов былай деп жазады: «Каталаун даласындағы шайқас Канны (б.э.д. 216 ж.) мен Ватерлоо (1815 ж.) шайқастарымен бірге Еуропа тарихындағы атақты шайқастар қатарына жатады». Каталаун даласындағы болған ұрысқа баға берген кезде батыстың бірқатар жаңа және қазіргі заман тарихшылары мәліметтерді ерте орта ғасырлық хронистерден ала отырып, оны сыни електен өткізбей пайдалан-

ғаны белгілі. Батыс тарихнамасының ғұндар тарихын бағалаудағы дәстүрі көбінесе, орыс, кеңес тарихнамасында да, соның ішінде, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі тарихнамаға да ықпал етті. Қазіргі кезде ғұндардың Каталаун даласындағы ұрысына, жалпы ғұндар тарихына объективті көзқараспен қарап, шынайы баға беру кезеңі туды.

VI ғасырдағы гот хронисі Иорданның пайымдауынша, Аттиланьң әскері жарты миллион адамнан тұрды. Галлияға аттанар алдындағы ғұндар әскерінің саны жарты миллион болды (*ciuis exercitus quingentorum milium esse numero ferebatur*), деп жазады гот авторы. Қазіргі зерттеулердің нәтижесіне орай, ғұндардың әскерінің саны ең көп дегенде 100 мыңнан 120 мың адамға дейін, ал оның қарсыластарының күші де шамамен осынша болғанын нақты айтуға болады. Аттиланьң жағында үлкенді-кішілі 25 тайпа болды. Оның әрқайсысы өз қатарынан 10 мыңға дейін әскер немесе түмен шығара алатын еді. Соғыс жағдайында атты әскердің 1/3-і әдетте өз туған жерін қорғау үшін (тыл) қалдырылатын. Аттила жорыққа ең көп дегенде (25х 6,600 салт атты) 165 мың жауынгер жинауы мүмкін еді. Бұған қоса әскердің алдыңғы (авангард) және кейінгі (арьергард) бөлімдері одақтас рулар мен тайпалардан тұрады.

Осы шайқаста Аттила маневр жасауды жөн көрді. Аттила әскерімен Тюрингия арқылы Паннонияға қайтып келді. Жылнамашы Проспер Тиро жазғандай, бұл шайқаста екі жақтың ешқайсысы да жеңіске жеткен жоқ. Христиан хронистері (Гидаций, Марцеллин Комит, Кассиодор, Иордан) Каталаун даласында Рим империясы және оның одақтастары басымдылыққа ие болды деген пікірді айтады. Христиан авторларының Рим империясын осылай көрсеткісі келгендігі көп жағдайда діни және еуроцентристік көзқарасқа байланысты. Ғұндардың күш-қуаты 451 жылы «халықтар шайқасынан» кейін сарқылып, бітіп қалған жоқ. Бұл оқиғадан бір жыл өткізбей Аттила енді Рим империясының дәл жүрегі болып табылатын Италияға жорық жасады. Бұл ғұндардың екінші еуропалық соғысына алып келді (алғашқысы – Каталаун шайқасы). Ғұндар Аквилея, Конкордия, Альтин, Патавий (қазіргі Падуя), Вицетия, Верона, Бриксия (қазіргі Брешия), Бергамо, Милан, Тицин (қазіргі Павия) қалаларын алды. Аттила өз резиденциясын Миландағы император сарайына орналастырды. Бүкіл Солтүстік Италия ғұндардың қолына өткеннен кейін, олардың Римге жолы

жақын еді. Империяның қуатты жаулаушылар – ғұндарды тоқтататын күші болмағандықтан, Аттила әлемдік үстемдікке жақын еді. 4 бөліктен тұратын Ғұн державасы солтүстік аймақтарда Скифия (Ғұн патшалығы) Германияға дейін, оңтүстігінде Аттилаға салық төлеуші қос Рим империясы болды. Өз территориясы мен ықпалы бойынша ол әлемнің 4 бөлігін де қамтыды: шығыстан батысқа, солтүстіктен оңтүстікке дейін.

Империя үшін осындай қиын жағдайда император III Валентианиан Равеннада әрекетсіз отырса, Аэций де бейтараптылықта болды. Рим әскері ғұн тегеурініне бұдан былай қарсы тұра алмады. Ақыр аяғында шығыс ромейліктерше бұрыннан үйреншікті болған тәсілді пайдалануға ұмтылды. Сөйтіп, Аттилаға елшілер тобы жіберілді. Елшілікті Ұлы деген атаққа ие болған папа I Лев өзі бастап барды. I Аттила Левтің өтінішіне тоқтап, Римді алмады.

Ғұн патшасы Паноннияға қайтып кетті. Ол әйелдікке бургунд патшасының қызы Ильдиконы алады. Тойдың ертеңі Аттиланың өлімімен аяқталады. Көптеген дерек бойынша Ильдико кек алу мақсатымен Аттилаға у беріп өлтірді дейді. Дегенмен Аттиланың даңқы бүкіл Еуропаға тарайды.

Аттиланың қазасына байланысты жоқтау айтылды және мәтіні түрік дәстүрлеріне ұқсас, сондықтан Орталық Азиядағы ежелгі ғұн тарихымен байланысын атауымыз керек. Ғұндар мен Аттила және шығыс-түрік қағаны туралы көрсетілген мәліметтердің арасындағы белгілі параллелдерді байқауға болады. Ғұн империясы шығыстан батысқа қарай – Алтайдан, Орталық Азиядан және Кавказдан Дунай мен Рейнге дейін созылды.

Аттила өлімінен соң ұлы патшалық батыста оның ұлдары арасында бөліске түсті. Ғұндар жері төменгі Дунайда тұрақтап қалды. Каспий, Қара теңіз, Орал, Арал теңізіне дейінгі аймақ ғұндардың шығыс бөлігі ретінде өмір сүрді. Көрші елдерге ғұндар кейін де жиі шабуылдап тұрды. Мәселен, ғұн-эфталиттер V ғасырда сасанидтермен соғысып отырды. Армян жылнамалары VII ғасырда солтүстік Кавказды ғұндар билеп тұрғанын хабарлайды. Ғұндар орнына авар тайпалары келіп қоныстанады.

Жалпы әлемнің төрт бұрышын – Германия, Батыс Рим империясын, Шығыс Рим империясын және Скифияны қамтыған орасан зор ғұн державасы Батыс Еуропа тарихында үлкен із қалдырды.

Каталаун даласындағы соғыстан төрт жыл өткеннен кейін Римді тағы да варварлар басып алды. Олар – германның вандал

тайпалары еді. Вандалдар алдымен Германиядан Испанияға бұзып өтті. Бұдан кейін оларды Римнің бір аймақ басқарушысы Солтүстік Африкаға жалдамалылар ретінде шақырды. Бірақ көп ұзамай германдықтар Римнің бұрынғы провинциясындағы билікті тартып алып, өздерінің корольдігін құрды. 455 жылы Гейзерих король басқарған вандалдардың флоты Италияның жағалауына келіп, Тибрмен жоғары көтерілді де, күтпеген жерден қала қамалының қасынан шықты. Рим қорғанысқа мүлдем дайын емес еді. Қалаға аяушылық сұрап папа I Лев аттанды. Ғұндардың көсемі Аттиланың мәртебесі жеткен зиялылыққа вандал көсемі Гейзерихтің мәртебесі жетпеді. «Мәңгілік қаланы» 14 күн тонады. Сол екі аптадан ел есінде мәдени мұраларды мәңгүрттікпен қиратуды білдіретін «вандализм» деген сөз қалды.

Ғұндардың жылқыға деген көзқарасы ерекше болды. Ғұндардың қоғамдық жағдайы жылқыға негізделген көшпелі өркениет (Reiternomadische Kultur) ретінде сипатталады. Ғұндар тек жаулаушылар емес, шығыс мәдениетінің элементтерін батысқа әкелушілер де болды. Мысалы, ғұн қару-жарақтарының үлгілері: бір жүзді қылыштар мен қанжарлар, үшкір басты жебелер, атақты ат әбзелі. Бұларды ғұндарға дейін Еуропа білмеген болатын. Ғұндар қару-жарағында ерекше орын алған садақ пен жебені жетілдіруде жоғары нәтижелерге қол жеткізілді. Өте қатты, әрі созылмалы ағаштан жасалған ерекше формадағы садақтар 150 метрден артық қашықтықтағы нысанаға дейін жететін. Ат үстінде шауып бара жатып, ғұндар тік бағытта да, бұрылып та бір минутта бірнеше жебе ата алатын. Бұл қару кейінірек түркі халықтарының атты әскеріне де тән болды, мысалы, XVII ғасырда Осман империясында қолданылды.

Басқа да мысалдарды келтіруге болады. Мысалы, Византия императоры Юстинианның қолбасшысы Велисарий дәл осы ғұндар мен аварлардың ықпалымен өз әскерінің басты бөлігін садақ, жебе, қылыш және қалқанмен жарақтандырды. Осының арқасында ол Италиядағы готтарды жеңді.

Ғұндардың зергерлік өнерінің тамаша туындылары бар. Бұл алтын мен күмістен жасалған диадемалар, алқалар, сырғалар, фибулалар (сәнді түйреуіштер). Бұлар үлгісі бойынша қазақтардың зергерлік шеберлігімен үндес болып келеді. Ғұндардың қола қазандығы ғылымда ерекше қызығушылық тудырып отыр. Олар

Еуропа мен Еуразиядан, соның ішінде Қазақстаннан да табылды. Бұл ескерткіштердің сақ дәуірінің ескерткіштерімен ұқсас екендігін айтуымыз керек.

Империя өмірінің соңғы жылдарында сарай төңкерісі бірінен соң бірі болып жатты. 475 жылы император болып жасөспірім Ромул Августул жарияланды. 476 жылы варвар әскербасыларының бірі Одоакр әр түрлі герман тайпаларынан құралған әскерді бастап бүлік шығарды. Ол Ромул Августулдың әкесін өлтірді. Ал императорды тақтан түсіріп, Неапольдің жанындағы иелігіне жер аударды. Сонымен, Батыс Рим империясы жойылды. Ал Византия деп аталған Шығыс Рим империясы бұдан әрі мың жыл – XV ғасырдың ортасына дейін өмір сүрді.

Еуразия тарихының орта ғасырлық кезеңіне өту мен ортағасырлық өркениеттің қалыптасуына алып келген Еуропадағы халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірінде Ғұн державасы маңызды рөл атқарды. 451–452 жылдардағы шайқастардан кейін кең-байтақ Рим империясы әлсіреп, ыдырайды. Сөйтіп, түркі-ғұндар Еуропа мен Еуразия тарихындағы жаңа кезең – ортағасырлық қоғам мен өркениетке өтуге жол ашты.

§ 5. Батыс Еуропадағы феодализм генезисі

«Феодализм» термині тарих ғылымында XVIII ғасырдан бастап кеңінен қолданыла бастады. Термин орта ғасырлардағы Батыс Еуропа елдеріндегі шартты жер иеліктері атауларын білдіретін латынның «feodum» – феодализм сөзінен шыққан.

Феодализмнің пайда болуын тарихнамада әртүрлі түсіндіреді. Кейбір ғалымдар феодализмнің басты ерекшелігі ретінде саяси бытыраңқылықты қарастырса, Монтескье мен Мабли бастаған топ феодализмді феодтар жүйесі және феодалдық иерархия ретінде анықтайды. Осындай әртүрлі көзқарастарға байланысты тарихнамада бес теория қалыптасты. Бұл теориялар қалыптасқанға дейін әр түрлі бағытта дами берді. Мысалы, XVII–XIX ғасырлар аралығында реакцияшыл-романдық бағыт пайда болды. Оны ұстанушы ғалымдар (Л. Бональд, Л. Мюллер, Г. Лео, Э. Берк) феодализмнің тууы туралы мәселеде көбіне германдық көзқарастарды жақтады. Олар бұл кезеңді «алтын ғасыр» деп көрсетті.

XIX ғасырдың 20-30 жылдарында Францияда О.Тьери мен Ф.Гизоның жетекшілігімен қалыптасқан медиовистер мектебі

ағартушылық дәстүрді жалғастырды. Бұл феодализмнің қалыптасуын жаулап алушылықтармен байланыстырып, оны германдық-романдық мәселемен байланыстырды. Гизо феодализмнің негізгі белгілері ретінде жерге жеке меншіктің шарттылыққа ие болуы деп дәлелдеді.

XIX ғасырдың 70–90 жылдары неміс медиевистикасы вотчиналық теорияны ойлап тапты. Бұл теория бойынша вотчина ортағасырлық қоғамның қалыптасуы мен дамуына әсер етуші прогрессивті күш болып табылады. Вотчиналық теорияның өкілдері Инама-Штернег, Лампрехт ірі вотчинаның пайда болуы феодализм генезисінің негізгі мазмұны болғандықтан, маркалық ұйымды бірте-бірте ығыстырып шығарды деп есептеді. Германистік бағыт ұстанған Инама-Штернег пен Лампрехт вотчинаның пайда болуы мен таралуын түсіндіріп берді. Вотчиналық теория вотчина иелері мен шаруалар арасындағы қарым-қатынас таптық күреспен емес, экономикалық мүдделердің ортақтығымен сипатталады деген пікірді ұстанды.

XIX ғасырдың 70-жылдарында еуропа медиевистикасында классикалық вотчиналық теориясы кең өріс алды. Олар Лампрехт, Инама Штернегтің ізін қуушылар – К. Бюхер (Германия), Н.Д. Фюстель де Куланж, Э. Глассон, А.Сэ (Франция), Т. Роджерс, У. Кеннингель, Ф. Сибом (Англия), М.М. Ковалевский, П.Г. Виноградов, Н.И. Кареев (Россия). Олар натуралды шаруашылық үстемдік еткен замандағы помещиктік жер иелеріне тәуелді шаруалардың барщиналық еңбегіне негізделген ірі вотчина феодализмді құрылыстың негізін құрайды деп есептеді. Классикалық вотчина теориясының өкілдері феодализмді тек саяси-заңдық тұрғыда ғана емес, әлеуметтік – экономикалық жағынан да сипаттады. Вассалдық-лендік жүйені анықтады, вотчиналық немесе сеньориалдық (Англияда манориалдық) құрылыс және шаруалар мен сеньорлардың арасындағы қарым-қатынастарды және натуралды шаруашылықты олар соңғы экономикалық жағдайда қарастыра отырып, оны феодализм шеңберінен шығарып тастады.

М.М. Ковалевский, П.Г. Виноградов феодализмнің сипаттама-сына әлеуметтік-экономикалық белгілерді қосты, бірақ бұл құрылысты бірдей факторлардың жиынтығы ретінде түсіндірді. Классикалық вотчиналық теорияны ұстанушылар феодализмнің генезисін меншіктік қатынастармен қоғамдық әлеуметтік құрылысы емес,

натуралды шаруашылық жағдайындағы елдердің әскери күш арқылы мемлекет басындағы билікке біреудің келуі қажет болды деп санайды.

XIX–XX ғасырлар басында медиевистикада сыншыл бағыт пайда болды. Бұл бағыт Маурердің марка теориясын, вотчиналық теорияны қайта қарауды талап етті. Сыншыл ағымның өкілдері феодализмді тек саяси тұрғыдан түсіндіруге тырысты. Олардың пікірінше орта ғасырларда саяси билік корольдің немесе вотчина иелерінің қолдарында болғанына қарамастан бүкіл қоғамның мүддесіне қызмет етті және вотчина иелерінің шаруаларды бағындыру құралы болған жоқ дегенге сайды. Сынау ағымының Англиядағы өкілі Ф.В. Мэтланд, манориалдық және қауымдық теорияларды ревизиялады. Ол феодализмнің экономикалық мәнін мойындамай, оны феодалдық құқық жүйесіне жатқызды.

Белгиялық тарихшы Анри Пиренн феодализм генезисі туралы жаңа теория ұсынды. Натуралды шаруашылық үстемдік еткен кездегі феодализм туралы позитивтік көзқарасты және тауар-ақша қатынасын тірек етті. А. Пиренн феодализм генезисін тек сыртқы факторлармен, араб жаулап алушылығымен, халықаралық сауданың құлдырауымен байланыстырды. Көптеген халықтар феодализмге ішкі даму жолы арқылы келді деген қорытынды жасауға да болады. Қазіргі кезде тарихнамада талас тудырып отырған келесі мәселе – континуитет және дисконтинуитет, яғни, эволюциялық немесе секіріс арқылы даму.

Сонымен, феодализм генезисіне байланысты пікірталастар тарихнамадағы феодализм теориясының қалыптасуына алып келді. Атап көрсетсек: маркалық, вотчиналық, классикалық вотчиналық теориялаы және сыншыл бағыт.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Тарауда айтылғандардың негізінде өркениетке анықтама беріңіздер.
2. Картадан кельттер мен германдар орналасқан аймақтарды көрсетіңіздер.
3. Римдіктер мен германдықтардың арасындағы қандай соғыстар туралы тарауда айтылды? Оларды атап шығып, бұл соғыстардың нәтижесі қандай болғандығын айтыңыздар.
4. Римдіктерге қарсы соғысқан герман көсемдерінің есімін еске түсіріңіздер.
5. Герман тайпаларының негізгі одақтарын атап шығыңыздар, картадан олардың орналасқан жерлерін көрсетіңіздер.
6. Тациттің шығармасынан: а) рубасылары, ә) абыздар, б) король, г) халық жиналысы – деген түсініктердің мағынасын түсіндіре аласыз ба?

7. Римнің құлауы туралы Августиннің пікірімен келісесіздер ме? Егер келіспесеңіздер, бұл оқиғаның дүние жүзінің тарихына қандай ізі қалды деп ойлайсыздар?

8. Каталаун даласындағы ғұндар мен Рим әскерінің ұрысы қалай аяқталды?

9. Еділдің христиандар қойған «Құдайдың Қамшысы» деген лақап атында қандай мағына бар?

10. Еуропаға өткен көшпелі тайпалар неліктен ылғи да тұрақты мекен ретінде Венгр жазықтығын таңдайтынын түсіндіріңдер.

11. Вандалдардың Германиядан Африкаға жүріп өткен жолын картадан қараңыздар. Вандалдар корольдігі қайда орналасқан?

12. Тарихшы Иорданның пікірі бойынша Еуропа мен Азияның шекарасы қай жерден өтеді?

13. Халықтардың Ұлы Қоныс аудару кезеңінде бірін-бірі алмастырған Италияны жаулап алушылардың тізімін жасаңыздар (тайпалар одағы мен олардың көсемдері).

3-тарау

ФРАНК ДЕРЖАВАСЫНДАҒЫ ФЕОДАЛИЗМНІҢ ДАМУЫ

§ 1. Франктердің Галлияны жаулап алуы. Меровингтер патшалығы

Галлиядағы Рим билігі V ғасырдың соңына дейін созылды. 486 жылы Солтүстік Галлияға франктер келді. Ішкі жағдайы құлдыраған Рим варварлардың шабуылына қарсы тұра алмады. Галлия – герман тайпаларының қол астындағы Римнің батыс форпосттарының бірі еді. Галлияның шекарасына III ғасырдың ортасында франктердің одақтары ене бастады. Франктер Шельд өзеніне шабуыл жасады. Оңтүстік франктердің көршілері алемандар болды, олар осы уақытта Эльзас территориясына орналасып жатқан. Оңтүстік франктерді III ғасырдың соңында римдіктер уақытша келісіммен тұрақтандырған еді. Рим территориясында франктер мен алемандар қайта-қайта көтеріліс жасап, тыныш отырмады. IV ғасырдың ортасында франк және алеман тайпалары көтерілісті қайта бастады. Олардың шабуылына қарсы тұра алмаған Рим императоры Юлиан мен Феодосий франктерге ерік берді. Рим мен франктер арасындағы келісім бойынша франктер Шельд мен Маас өзендерінің орталық ағысынан Орталық Рейнге дейінгі аралықты басқа варвар тайпаларынан қорғап отыруы қажет болды. 406 жылы свев, вандал, сармат тайпалары мұз үстімен Рейнге өтті. Франктер мен қарсыластарының ішінде Галлия территориясы үшін соғыс басталды.

476 жылы Рим империясы құлады. Франктердің басында, Франк патшалығының негізін қалаған, Меровей руынан шыққан – Хлодвиг тұрды. Хлодвиг әкесі Хильдерик өлгеннен кейін орнына келген мұрагер еді. (Хильд-Рик –ескі франктерше «қуатты соғысшы» деген мағынаны білдірсе, Хлод-Виг – «соғыста даңқы шыққан» дегенді білдіреді).

Батыс Рим империясының орнына пайда болған Франк мемлекеті ерте ортағасырлық Еуропа территориясындағы ірі мемлекеттердің бірі болды. Өз дамуының шарықтау шегінде оның құрамына қазіргі Францияның, Белгияның, Люксембургтің барлық территориясы және Нидерланды, ГФР, Италия, Испания территорияларының аймақтары кірді. Франк мемлекетінің 400 жылдық тарихы қазіргі Батыс Еуропа елдерінің тарихының алғышарты іспеттес. 486 жылы Суассон түбіндегі ұрыста Галлиядағы ақырғы Рим наместнигі Сиагрий франктерден жеңілді. Франктердің басында Меровингтер руының ақсүйегі, 19 жасар Хлодвиг тұрды.

Франк көсемдерін ығыстыра отырып, Хлодвиг галл мемлекетінде тәртіп орнатуды көздеді. Франктер Рим территориясында империя құлағанға дейін пайда болды. Олар императорға қызметке тұрып, олардың ішкі ісіне араласа бастады. Меровея руының ұрпағы басқарғандықтан, франктер әулеті V ғасырдың бірінші жартысымен VIII ғасырдың аралығын «Меровингтер патшалығы» деп атады. Бұл әулеттің патшалары салт-дәстүр бойынша ұзын шаш өсірді. Ол наным-сенімге байланысты болды. Хлодвиг франк патшаларының арасында бірінші болып шоқынған адам. Григорий Турский франк патшаларының қулығын, қатігездігін суреттейді. Салий франктерінің тайпалары батыс герман тайпаларының үлкен тобына жатады. IV ғасырдан бастап Рейннің төменгі ағысына рим федераттары құқығында орналасты. V ғасырда Сомм өзеніне дейін өздеріне тиесілі территорияның аймағын кеңейтті. Әскери жорықтардың нәтижесінде салий франктерінің билігі нығайып, беделі өсті. V ғасырда барлық франк корольдері Меровинг руына жатты. Корольдік билік мұра бойынша қалдырылғанымен, әскери демократияның белгілері де сақталды. Суассон түбіндегі ұрыстан 22 жыл өткен соң, Хлодвиг Галлияның басым бөлігін иеленген еді. Хлодвигтің билігін Византия императоры Анастасия мойындап, өз елшілерін жіберді. Хлодвигтің ұлдарының тұсында VI ғасырдың аяғында Франк мемлекеті Пиренейден Жерорта теңізіне дейінгі баварлар мен тюрингтер қоныстанған Рейннің оң жағалауын иеленген ұлан-ғайыр территория болды. Франк территориясының басым бөлігі V ғасыр бойы Рим билігінің қолында болды. Сондықтан, Галлия өмірінің барлық қырына Рим әсері болды. Хлодвигтің тұсында Аквитания (507), оның ұрпақтары тұсында Бургундия (534) жауланып алынды. 536 жылы остготтардан Прованс

тартып алынды. VI ғасырдың ортасында франк патшалығы Галлиядағы Рим провинциясының барлық территориясын құрамына қосты. Рейннің жағалауындағы біршама герман тайпаларын да өзіне бағындырды. Аламандар, баварлар, сакстер франктерге жыл сайын салық төлеп тұрды. Франк патшалығы Еуропа құрылығындағы барлық варварлық мемлекеттердің ішінде ұзақ өмір сүрді және құрамына көптеген территорияларды қосып алды.

Франк державасының тарихы – феодалдық қатынастардың пайда болу кезеңінен, Каролингтік империядағы оның гүлденуіне дейінгі феодалдық үрдістен көрініс береді. Бұл жердегі феодалдану үрдісі кейінгі рим және германдық рулық-тайпалық қатынастардың ыдырауы нәтижесіндегі синтезден пайда болды.

Галлияны жаулап алғаннан кейін мемлекеттің даму жолын реттеу қажеттілігі туды. Осы мақсатта «Салий заңы» жазылды. «Салий заңы» 65 баптан тұрады. Франктердің герман диалектінде, ал Галлияның жергілікті тұрғындарының латын тілінде сөйлегеніне қармастан «Салий заңында» латын тілі тек ақшалай бірлікте ғана қолданылған.

«Салий заңы» – феодализм генезисінің күрделі дәуіріне жататын қызықты деректердің бірі және ол кіріспеден, 65 тараудан, қорытындыдан тұрады. Шамамен баптарды төмендегідей топтарға бөлуге болады: 1) Сот және сот ісі. 2) Қылымыстық құқық, оның өзі бірнеше тарауларға жіктеледі: а) кісі өлтіру туралы баптар – жарақаттау, балағаттау, өтірік айту т.б. ә) меншікке қарсы қылмыс – ұрлық, талан-тараж. 3) Азаматтық құқық: а) рейпустар, ә) қоныс аударушылар, б) мүлікті жалға беру, в) туысқандықтан бас тарту.

Заң екі бөлімнен тұрады. 486–596 жылдары жазылған негізгі бөлім және Ұлы Карл тұсындағы «Қосымшалар». «Салий заңының» ерте германдық деректерден және Рим заңгерлері құрастырған заңдардан ерекшелігі бар. Заңда қылмыскер мен ұрыға қандай жаза қолданылатындығы ашып айтылмаған. Кісі өлтіргені үшін вергельд төлеуі қажет, бірақ олардың құны әртүрлі. Мысалы, ерікті франкке қарағанда галло-римдікке аз мөлшерде айып төленген. Құлдар мен тәуелді адамдардың қылмыстары бөлек қаралады. «Салий заңы» сонымен бірге өз заманының тұрмыс тіршілігінен де мәлімет береді. Мысалы, «Салий заңы» бойынша франктердің шаруашылығы германдықтарға қарағанда анағұрлым жоғары болғандығын байқауға болады. «Салий заңы» салий франктеріне

арнап шығарылған. Салий франктерінің өзі кейін Батыс аралды және Токсандрияны мекендеген (бұрын Иссельд өзенінің жағасын мекен еткен) Хавка тайпаларынан шыққан.

VII ғасырда франктердің ең негізгі кәсібі егіншілік болды. Жерді қос танаптылықпен алмастыру басым болды. Егіндік және шабындық үлестер мұрагерлік жеке пайдалануларда болды. Жанұялардың кіші жанұяларға бөлініп кетуін «Салий заңы» «Аллодтар туралы» LIX тарауының мазмұны толық дәлелдейді. Бұл тарауға сәйкес, жер мұралану салты бойынша емін-еркін атадан балаға көшіріліп отыруға, немесе сыйлыққа тартылуға тиіс болды (тек еркек жынысына ғана). Патша Хильпериктің (561–584) өзгертуі бойынша, туған қызы, апа-сіңілісі де иелене алды. Ерікті франктің жер үлесі «аллод» деп аталды. Хлодвигтің тұсындағы негізгі әскер жаяу әскер болды. Хлодвиг әскері туралы мәліметті Г. Турскийден алуға болады.

Хлодовиг 511 жылы 27 қарашада қайтыс болады. Оны өтініші бойынша «Қасиетті Женевева» моласының жанына жерледі. Хлодвиг өлгеннен кейін – Тьерни, Хлодомир, Хильдебер және Клотар атты балалары патшалық мұраны өзара бөлісіп алды. Меровингтік франк патшалығында меншіктік иелікті үлеске бөлуге болатындығын және мұраға беретіндігі көрінді. Нәтижесінде Хлодвиг ұрпақтары тұсында патшалық бөліне бастады, ал мұрагерлер арасында күрес өршіді.

VIII ғасырдың басында Меровингтердің ішкі қырқыстан әлсіреген мемлекетіне жаңа қауіп төнді: бүкіл солтүстік Африкадан Грибалтарға дейін жүріп өтіп, Пиреней жарты аралын жаулап алған араб мұсылмандары Галлия қарамағына тұрақты келіп жақындады. Мемлекетке төнген қауіпті қайтару үшін үлкен күш және терең қоғамдық, саяси тәртіпті қайта құру қажет болды.

Франк мемлекеті VII ғасырда құлдырауды басынан өткерді, ел бірнеше бөліктерге бөлініп кетті – Нейстрия, Австразия, Бургундия және Аквитания. Меровиг әулетінің жерді таратуы корольден тәуелсіз ірі меншік иелерінің пайда болуына алып келді. Хлодвиг тұсындағы «март алаңы» оның өлімінен кейін (511) тарап кетті. Бұл дәстүр тек Австразияда ғана тоқтатылған жоқ. Жыл сайын март айында бүкіл франк халқы король алдында қаруларын тексеру үшін жиналуға міндетті болды. Бұл көктемдік жиын «март алаңы» деп атала бастады.

Меровинг руынан шыққан корольдердің орнына майордомдар билікке келеді (VII ғасыр). Майордомдар алғашқы кезде франктер ауласында қызмет ететін үй басқарушылары еді. Ақырғы жылдары бұлар жалпы мемлекеттік саяси билікке араласып, биліктің барлық салаларын қолдарына шоғырландыра бастады.

«Салий заңы» мәліметтері бойынша франктердің жүргізген шаруашылығы. «Салий заңы» франктердің шаруашылық жағынан даму дәрежесі, біздің заманымыздың II ғасырының аяғында Тацит сипаттаған ежелгі германдықтардың шаруашылық дәрежесімен салыстырғанда, анағұрлым жоғары болған. VI ғасырда франктердің ең негізгі кәсібі болған егіншілікте, сірә, жердің неғұрлым қарапайым жатып тыңайған жүйесін қос танаптылықпен алмастыру үстем болса керек. Егістік жерді мезгіл-мезгіл қайта бөлісу тоқтатылды, өйткені, егіншілік кәсібінің неғұрлым интенсивті түрде дамуын қиындата берді. Дәнді дақылдардан – кара бидай мен бидайдан, сұлы мен арпадан басқа, франктер бұршақ тұқымдастар мен жөкелерді екті, бақша мен бау-бақшаларды және жүзімдіктерді егіп өсіре бастады. Франктерде егістік жерді жақсылап қопсытатын темір түренді соқаны пайдалану ісі кең таралды. Ауыл шаруашылық жұмыстарында негізінен өгіздер, аттар, қашырлар мен есектерді пайдаланды. Егістік жерді өндеп ұқсату, баптау әдістері де жақсартылды: жерді екі немесе үш рет айдап, оны тырмалау, жерге көң төгіп тыңайту, егіннің арам шөптерін отап тазарту және астықты шынжыр көмегімен бастыру сияқты жұмыстар әдетке айналды; жай қол диірменнің орнына су диірменін пайдалану кең етек алды. Франктердің шаруашылығында үлкен рөл атқаруға айналған мал шаруашылығы анағұрлым өркендеп дами түсті. Франктер ірі кара мен ұсақ малдарды – кой мен ешкіні, әсіресе шошқаны, сондай-ақ үй құстарының әр түрлерін мейлінше көп өсірді. Сонымен бірге франктер аңшылық, балық аулау және ара шаруашылығымен де айналысты.

Шаруашылықтағы алға жылжушылықтар франк қоғамының тек ішкі дамуының нәтижесі ғана емес, сонымен қатар жаулап алынған римдік территориядағы ауыл шаруашылығының ең жетілген әдістерін франктердің пайдалана білуінің нәтижесі болды.

Франк қауымы «Салий заңы» бойынша. «Салий заңы» бойынша астық пен малды құстар мен қайықтарды және ауларды ұрлағаны үшін салынатын айыптар сол дәуірдің өзінде франктерде

жылжымалы мүлікке жеке меншіктің бар болғандығын және оны заңның катал қорғағандығының айғағы. «Салий заңы» әлі де болса жерге жеке меншікті білмейтін еді. Әрбір деревняның шеңберінде тұрғындардың ұжымы – қауымның негізін құрушы егіншілер сол жердің меншік иелері болып табылатын. «Салий заңы» көне замандағы мәтініде көрсетілгендей Галлияны жаулап алғаннан кейінгі алғашқы дәуірдің тұсында франк қауымдары көлемі жағынан әртүрлі және өзара бір-бірімен жақын туыс жанұялардан құралған қоныстар болып табылады. Бұлар көбінесе туысқан үш ұрпақтың – әкесінің және оның отбасылы ересек балаларының бірлесіп шаруашылық жүргізіп отырған үлкен жанұялары болды. Мұнымен қатар «Салий заңы» франктердің арасында шағын дара жанұялардың пайда бола бастағанын да дәлелдейді: мысалы, тұрғын үйлер мен үй маңындағы жер бөліктері сол кездің өзінде ақ жеке-жеке үлкен және кіші жанұялардың жеке меншігінде, ал егістік және шабындық үлестер олардың мұрагерлік жеке пайдалануларында болған. Әдетте, бұл үлестерді қоршаумен қорғап, оларға бөтен біреулердің кіруінен, зорлық-зомбылық жасауынан айыптар салумен қорғап отырған. Мұрагерлік үлестерге емін-еркін иелік құқығы жеке жанұяларға емес, қауымның барлық мүшелеріне берілді. Франктердің жерге жеке меншігі V ғасырдың аяғында үлкен жанұялардың ыдырап, олардан кіші жанұялардың бөлініп шығуларының нәтижесінде пайда болды. Мұны «Салий заңының» «Аллодтар туралы» тарауының мазмұны толық дәлелдейді. Бұл тарауға сәйкес жер жылжымалы мүлікке қарағанда жерді мұралану салты бойынша атадан балаға көшіп отыруға немесе сыйлыққа тартылуға тиісті болды. Өлген қожайынның ұлдары болмаған күнде оның жері қауымның билігіне көшіп отырды. Мұны король Хильбериктің «Салий заңы» жоғарыда аталған таруына өзгерту енгізу жөніндегі эдиктісінен айқын көруге болады. Бұл өзгерту бойынша өлген қожайынның ұлдары болмаған күнде оның жерін туған қызы немесе өлген адамның аға-інісі, апа-қарындасы мұраға алуға тиісті болды. Мұнымен қатар қауымның өз меншігіндегі емес мүшелерінің жеке пайдалануларындағы және өзінің бақылауына жататын жерлерге де бірқатар құқықтары болды. Деректерге қарағанда франктердің егіншілік кәсібінде «ашық танап жүйесі» болса керек. Егінді жинап алғаннан кейінгі барлық егістік үлестер және шабындық үлестер ортақ жайлымға айналдырылды және бұл уақытта

оларды қоршаған шарбақтар алынып тасталынды. Парға арналған жерлер де ортақ жайлым ретінде пайдаланылды. Мұндай тәртіп қауымның барлық мүшелері үшін ауыспалы егістің болуын аңғартады. Үй маңындағы шаруашылық пен егістік және шабындық үлестерге кірмейтін жерлердің бәрі де ортақ иелікте қала берді. Қауымның әрбір мүшесінің осы пайдаланатын жерлерден алатын тең үлестері болды. «Салий заңының» кепілділігіне қарағанда франк қоғамының шаруашылық және әлеуметтік ұйымының негізі болған қауым V–VI ғасырларда егіншілік қауымнан көршілес қауым-маркаға өту кезеңі болып табылады. Бұл қауым маркада енді шағын жанұялардың үлестік жерге жеке меншіктілігі үстемдік етті, ал орман-тоғаймен бос жатқан жерлерге жайылымдарға қауымдық меншік сақталып қала берді. Галлияны жаулап алғанға шейін франктерде жердің жеке меншік иесі жеке-жеке үлкен жанұяларға ыдырап, бөліне бастаған ру болған еді. Мүліктік және әлеуметтік жіктелудің басталуы франктердің рулық қарым-қатынасын әлсіретіп, үлкен жанұялардың ыдырап және олардан дара кішкене жанұялардың шығуларын даярлады. Жаулап алу кезеңіндегі жорықтармен жаңа территорияға бытырап қоныстанушылық рулық қарым-қатынастарды әлсіретіп, жаңа территориялық қарым-қатынастардың қалыптасу үрдісін тездетті. Осы жаңа территорияларда көршілер қауымы – марка қалыптасып орнықты.

Аллод және қауым-марка. VI ғасырдың аяғында ерікті франктердің мұралық үлестері толық жер меншігіне айналдырылды. Бұл «аллод» деп атала бастады. Бұрын «Салий заңында» мұра біткеннің бәрі осы терминмен аталған еді. Жылжымалы мүлікке үйлестіріп қарау жағынан аллод – меншік ұғымында, ал жерге үйлестіру жағынан тек қауым мүшесінің мұралық үлесі ретінде ғана қаралды. Бірақ бұл үлеске қауым емін-еркін қожалық ете алмады. Король Хильдериктің жоғарыда көрсетілген эдиктісі қауымдастардың мұрагерлік құқығын ұлғайту арқылы іс жүзінде қауымның өз мүшелерінің үлесіндегі жерге қожалық ету құқығын жойды. Бұл жер бұдан былай өсиет етіп қалдыруға, сыйға тартуға, біртіндеп сатып жіберу-сатып алу объектісі болуға айналды, яғни қауым мүшесінің жеке меншігіне айнала бастады.

Аллодтың пайда болуына байланысты егінші қауымның көршілік қауым-маркаға, территориялық қауымға айналу үрдісі аяқталды. Қауым-марка енді руластардан емес, көршілерден құралды.

Қауым-марка мүшесінің әрқайсысы шағын жанұяның иесі болып табылды, және өзінің жер үлесі аллодтың толық иесі болып саналды. Қауымның құқығы марканың тек әлі бөлінбей жатқан жерлеріне ғана жүретін еді. Бұл жерлер бұрынғыдай қауым мүшелерінің пайдалануларында қала берді. VI ғасырдың аяғына таман кейбір шалғындық жерлер мен орман учаскелері жеке қауымдас-тардың аллодтық меншігіне көше бастады.

VI ғасырдың аяғында франктерде қалыптасқан қауым-марка қауымдық жер иеленудің ең соңғы түрі болып табылды.

Галло-Рим халқы және оның франк қоғамын феодалдан-дырудағы рөлі. Франк қоғамында VI ғасырдың аяғынан басталған феодалдандыру үрдісі тек франктердің ортасында ғана емес, соны-мен қатар галло-рим халқының арасында да тездете бастады. Фео-далдық қатынастардың элементтері Галлияда III-IV ғасырларда колонат түрінде ірі жер иелерінің жеке биліктерін күшейту түрінде пайда болды. Варварлық жаулап алушылықтар құл иеленушілік құрылыстың негізін жойды, бір жағынан ірі жер иеленушілікті, әсіресе Оңтүстік Галлияда әлсіретті. Мұнда бұрын бургундтер мен вестготтар жер бөлісін жүргізіп, жергілікті халықтың қарауындағы жердің көп бөлігін басып алған. Алайда олар жерге жеке меншікті жойып жібере алмады. Мұндай үлес жүргізілмеген Оңтүстік және Солтүстік Галлияда жерге ұсақ шаруалардың меншігі сақталып қана қоймай, сонымен қатар, ірі шіркеулік және ақсүйектік жер иелену сақталып қалды. Бұлардың иеліктері бөтен біреулердің жерлерінде отырған жерсіз колондарға жақын тұрған адамдарды қанау негізінде құрылды.

«Салий заңы» галло-рим халқын үш категорияға бөлді: бірінші-сіне «корольдің дастархандастары» жатты. Бұларға галло-рим тобының ішінен ерекше иеліктерге ие болған корольдің ең жақын көретін ірі жер иелері кірді. Екіншісіне «поссесорлар» (жер бөлігі-нің арендаторлары) жатты. Бұларға ұсақ поместиялы және шаруа-лар түріндегі жер иелері кірді. Үшіншісіне міндеткерлікті өткеруге тиісті «трибутарийлер» кірді. Бұлар бөтен біреудің жерін белгілі бір шартпен пайдаланатындар. Галло-рим халқындағы қауымдық қатынастардың ыдырауы франк қоғамының феодалдануын жеңіл-детті. Бұл процесс оңтүстік Галлияда ерекше көрінді. Мұнда бур-гундтар мен вестготтар өздерінің жерге бөліс жүргізуі нәтижесінде франктермен бірге ортақ деревняларда аралас өмір сүрді. Галло-

римдік және германдық қоғамдық қарым-қатынастар синтезінің жинақталу процесінде жаулап алушылар мен жергілікті халықтың арасында құқықтық айырмашылықтар бірте-бірте жойылды. Хлодвигтің ұлдарының тұсында әскери жасаққа қатынасу міндеті корольдіктің барлық тұрғындарына, соның ішінде галло-римдіктерге де жүктелінді. VI ғасырдың екінші жартысында франк корольдері Рим империясынан бері сақталып келе жатқан, әуелгіде галло-рим халқынан өндіріліп алынған жер және жанбасы салықтарды жаулап алушыларға салуға талпынды. Король үкіметінің осы саясатына байланысты Галлияда бірнеше рет көтерілістер шықты. Олардың ішінде ең ірісі 579 жылы Леможе болды.

Франк мемлекетінде этникалық айырмашылықтар, жергілікті галло-римдік халық пен жаулап алушы франктердің арасындағы өзгерістер бірте-бірте жойылып, барған сайын әлеуметтік айырмашылықтар алдыңғы қатардан орын ала бастады. Бір жағынан галло-римдік және франктік жер иелерінің өзара, екінші жағынан франктік және галло-римдік шаруалардың жақындасушылығы ұлғая түсті. Меровинг дәуіріндегі франк қоғамы алғашқы феодалдық қоғам болып табылды: мұндағы феодалдану процесі баяу дамыды. Сондықтан VII ғасырдың аяғына дейін франк қоғамының негізгі тобы ерікті жер иелері – қауымдастар, ал оның шаруашылық ұйымының негізі – ерікті қауым – марка болып қала берді.

Хлодвиг мирасқорларының тұсында мемлекеттің бөлшектенуі. Ірі жер иеленудің және ірі жер иелерінің жеке биліктерінің өсуі Хлодвигтің ұлдарының тұсында король өкіметінің әлсіреуіне әкелді. Жерді үлестіріп берудің нәтижесінде, корольдің домендік жер иеліктері табыстарының, едәуір бөлігінен айырылып қалу салдарынан, франк корольдері ірі жер иелерінің сепаратизмін тоқтата алған жоқ.

VI ғасырдың аяғында Франк мемлекетінің құрамында үш дербес аймақтың окшаулануы байқалды: Нейстрия аймағы – орталығы Париж болған солтүстік-батыс Галлия; Австразия аймағы – Франк мемлекетінің солтүстік-шығыс бөлігі. Бұған Рейн мен Маастың екі жағалауындағы ежелгі франк аймақтары кірді. Бургундия аймағы – Франк мемлекетінің құрамына енген бұрынғы бургунд корольдігінің территориялары. VII ғасырдың аяғында Нейстрия аймағының құрамынан оның оңтүстік бөлігі Аквитания бөлініп шықты. Франк мемлекетінің негізін құрған төрт аймақтың

араларында, халықтарының этникалық құрамы мен әлеуметтік құрылысының ерекшеліктері және ең алдымен феодалдандыру дәрежесі жағынан да елеулі айырмашылықтары болды. Нейстрия аймағында франктердің жаулап алу қарсаңында романдану процесі жоғары деңгейде болды және жауланып алынғаннан кейін халықтың ең күрделі бөлігі болып табылған галло-римдіктер корольдіктің басқа аймақтарымен салыстырғанда франктермен араласып, сіңісіп кетті. VI ғасырдың аяғына қарай ірі шіркеулік және аксүйектік жер иеленушілік үлкен маңыз алып, ерікті шаруалардың жойылу үрдісі тездетілді.

Халықтың негізгі көпшілігі франктерден және басқа да бағынышты герман тайпаларынан құралып, галло-римдік тәртіптердің ықпалы әлсіздеу болған Австразия аймағында VIII ғасырдың басына дейін қарапайым қоғамдық құрылыс сақталып келді. Қауым марка өте баяу ыдырады. Қауым марканың құрамына енген және әскери жасақтың негізін құраған ұсақ ерікті жер иелері – аллодшылар бұрынғысынша үлкен рөл атқара берді. Феодалдар тобының негізін ұсақ және орта феодалдар құрады. Олар орталық өкіметтің саясатының негізгі тірегі болып табылды. Шіркеулік жер иелену Нейстрия аймағына қарағанда шамалы болды. Галло-римдік халық германдықтармен араласып кеткен Бургундия мен Аквитанияда да ұсақ ерікті шаруашылық және орташа поместьелі жер иеленушілік ұзақ сақталды. Сонымен қатар, ірі жер иеліктері, әсіресе шіркеулік иеліктер болды, ал ерікті қауым VI ғасырда барлық жерде жойылып бітті. Бұл аймақтардағы феодалдық қатынастардың даму дәрежесіндегі айырмашылықтар, экономикалық қарым-қатынастардың нашарлығы, сол кезде үстемдік еткен натуралды шаруашылықтар, бір мемлекет ішінде бірігіп бас қосударына бөгет жасады және олардың билеп төсеушілерінің арасында соғыстардың жүргізілуіне негіз жасады.

Төрт аймақтың бәрінде ірі жер иелерінің саяси ықпалының күшеюі VII ғасырдың аяғында мемлекеттегі өкімет билігінің майордомдардың қолына өтуге алып келді. Алғашқыда бұлар корольдің ауласын басқарушылар еді. Кейін майордомдар ірі жер иелеріне айналды. Корольдік аймағының басқару жұмысының бәрі майордомның қолында шоғырланды. Франк корольдінің төрт аймағының әрқайсысында майордом жергілікті аристократияның жеңілдіктерін қорғаушы көсемі және әскери қолбасшысы болып саналды.

Майордомдардың қолдарында алым-салықты жинау ісі де шоғырланды. Меровингердің әулетінен шыққан корольдер нақты өкімет билігінен айырылып, тек корольдік титулды ғана сақтап қалды.

Франк ақсүйектерінің арасында ұзаққа созылған күрестен кейін 687 жылы Австразияның майордомы Пипин Геристальский бүкіл Франк мемлекетінің майордомы болды.

Франк мемлекетінің Австразия майордомының басқаруымен қайтадан бірігуі, осы аймақтағы әлеуметтік құрылыстың ерекшелігімен түсіндіріледі. Корольдікті феодалдандыру процесінде Австразия майордомдары ұсақ және орта феодалдарға, ерікті аллодтарға сүйенді. Австразия майордомдары Франк мемлекетін өз қол астына жинап, бағындырып, қайтадан біріктірді.

§ 2. Каролингтер империясы

Австразияның Пипиндер әулетінен шыққан майордомдары (Пипин Геристальскийдің ұрпақтары), біріккен Франк мемлекетінің билеушісі болғаннан соң, Франк корольдерінің жаңа династиясының негізін қалалды. Бұл династия кейінірек, өз өкілдерінің ең танымалы – Ұлы Карлдың есімімен, «Каролингтер династиясы» деген атқа ие болды. Каролингтер әулетінің өкілдері (Пипиндер) Франк мемлекетін VII ғасырдың аяғынан IX ғасырдың орта шеніне дейін «жалқау корольдердің» жанындағы майордомдар ретінде, ал содан соң корольдер ретінде басқарып биледі. Франк мемлекетінің тарихындағы бұл дәуір «Каролингтік дәуір» деп аталады.

Каролингтер кезінде франк қоғамында аграрлық қарым-қатынаста төңкеріс жасалды. Бұл төңкеріс жерге феодалдық меншіктің қалыптасуын тездетті. Меровингердің тұсында басталып, сол кезде баяу жүргізілген бұл үрдіс, VII–IX ғасырларда аса қауырт сипат алды. Жер қарым-қатынасындағы бұл төңкерістің басталуы VIII ғасырдың бірінші жартысына жатады. VIII және IX ғасырлар басында болған аграрлық төңкерістің нәтижесінде Франк қоғамының құрылысында өзгерістер қалыптасты. Пипин Геристальскийдің мирасқоры – майордом Мартелл Карлдың саясатын белгіледі.

687 жылы Тертридада соғыс болды. Соғыста Австразия мен Пипиндер жеңіске жетті. «Жалқау корольдердің» билігі бітті. Соңғы Меродей әулетінің өкілдері енді тарих сахнасынан кетті. Майордом Карл Мартелл біраз уақыт корольсіз биледі. Карл Мартеллдің ұлы «Қортық» Пипин 751 жылы Рим папасы I Захарийге «кім король

болуға міндетті? – деген сұрағымен келеді, титулды иеленуші ме, әлде іс жүзінде билік етуші ме?». Папаның бұл сұраққа берген жауабынан кейін соңғы Меровинг III Хильдериктің шашы кесіліп, монастрьға жіберілді. Франк мемлекетінің тағына «Қортық» Пипин отырады. Жаңа әулет «Пипиндер әулеті» немесе Карл Мартелден бастап, «Каролингтер әулеті» деп атала бастады. Каролингтік Франция Тертри (687) тұсындағы соғыстан Гуго Капеттаны (987) король етіп сайлағанға дейін өзінің тарихи үзіндісінде үш ғасыр өмір сүреді.

Меровиг уақытынан бастап мемлекеттің дайын ақшасы болмай, қызметке ауыр, қолайсыз монетамен төледі. Меровингтер жерді мұрагерлік жолмен беріп отырғандықтан, өздері шығынға ұшырады. Болашақ Каролингтер өз жағдайларын дұрыстау үшін Тертри маңындағы соғыстан соң эволюциялық үрдісті тездетті. Графтарды ауыстырып, барлық билікті қолына шоғырландырды. Карл Мартелл «исламға қарсы күрес» сылтауымен үлкен шіркеу иелігін иемденеді.

Карл Мартелл мұсылман және Пиреней халықтарымен күресте сәтсіздіктерге ұшырап отырды. 778 жылы Карл Памполонды алды, Уэскіні, Барселонды, Жеронды жаулады. 778 жылы 15 тамызда Рансеваль түбінде Карл әскері жеңілді. Пуатье түбіндегі соғыста жеңіліске ұшыраған Карл Мартелл атты әскер құруға кірісті. Араб әскерінің негізгі күші жеңіл салт аттылар еді. Қаруланған атты әскер қымбат тұрды. Оны тек төмендегі тәсілдер арқылы іске асыруға болатын: әскерге шаруаларымен бірге қосып жер беру, сөйтіп, жерден түскен табыстан әскер өзін атпен, қарумен қамтамасыз ету. Бұл екі ауыртпалықты тудырды: біріншіден – Франк мемлекетінде үлестіріллік бос жерлер болмады. Бұл қиындықты шешу үшін Карл Мартелл шіркеу жерлерінің қатарын тәркіледі. Карл шіркеу жерлерін тәркілеуге деген дін иелерінің қарсылығын «исламдық қауіп» сияқты күшті аргументпен тиып отырды. Мақсатын іске асыру үшін Карл әскери қызметі үшін ғана шартты жер үлесін берді. Әскер қатарында қызметке тұрушы майордомға ант берді. Бұндай иеліктің түрі «бенефиция» деп аталды. Карл Мартелл жүргізген бенефициялық реформа жаңа қоғамдық құрылыстың феодалдық негізі еді.

732–733 жылдары жаңа каролинг әулетінің негізін қалаушы Карл Мартелл Пуатье түбінде мұсылмандардың жеңіл атты әскерін

қуғынға ұшыратады. 751 жылы оның ұлы «Қортық» Пипин король болып тағайындалды. Пипин корольдікті империяға айналдырды (741–768). Папаның одақтасы «Қортық» Пипин Каролинг саясатының басын Италиядан бастады. Пипиннен кейін таққа Ұлы Карл келеді (768–814). Оның тұсында Каролинг империясы гүлденудің ең жоғарғы шегіне жетті. Ұлы Карл 774 жылы Павия королі Дезидерияны тұтқынға алады. Оны тақтан түсіріп, өзі Италия тәжін киеді. Осыдан кейін солтүстік жартыаралда өз билігін дәлелдеу үшін соғысты жалғастырды. Шығыста қарудың күшімен христиандандыру басталды. Ұлы Карлге сакстер өте қатты қарсылық көрсетті. Сакстерді бағындыру 772 жылдан 803 жылға дейін созылды. Уағыздаушыларды жібере отырып, оларға тірек ретінде капитулярий шығарды. VIII ғасырдағы Ұлы Карлдың арабтарға жорығы «Роланд әні» деп аталатын деректе беріледі.

800 жылы Ұлы Карл Батыс Рим империясының императоры болып сайланды. Ұлы Карлдың империясы әртүрлі халықтардан тұрған, ұлан-ғайыр территорияны иемденді. 800–840 жылдар аралығы Ұлы Карл империясының ең қуатты кезеңдері болды. Ұлы Карлдың өлімінен кейін империя ыдырап кетті.

Ұлы Карл ғылым мен білімнің дамуына көп көңіл бөлді. Өз ауласында еріктілердің балаларына арналған мектептер ашып, білім туралы капитулярилер шығарды. Еуропаның көзі ашық адамдарын жинап, франк тілінің граматикасын құруды, герман халық әндерін жинауды бұйырды. Граматиканы Ұлы Карл Петр Пизанскийден тыңдады, басқа пәндерден ұстаз ретінде Британияда туып, көп ғылымды меңгерген Альбинді (лақап аты Алкуин) алдырды. Алкуиннен Ұлы Карл шешендікті, диалектиканы, әсіресе астрономияны үйренді. Астрономияның арқасында Карл шіркеу мерекелерін оңай есептеп шығарып, жұлдыздардың қозғалысын бақылай алатын болды. Үлкен мемлекетті басқару үшін сауатты адамдар керек екенін ол жақсы түсінді. Сондықтан оның тұсында ірі монастырьларда, епископтық орталықтарда мектептер ашылды. Гректердің үлгісімен «Академия» деп Ұлы Карл сарай жанынан шағын үйірме ашады. Жазу өнері жанданды, тарихты бағалады. Оның сарайында маңызды оқиғалардың жылма-жыл жазбасы түсірілді. Оны «Аннал» (латынның «жыл» деген сөзінен алынған) деп атады. Мұндағы суреттеген оқиғалар билеушінің мүддесіне сай келуі үшін, анналдарды императордың көмекшілері сараптап отырды.

Алғашқы үш Каролинг – Карл Мартел, «Қортық» Пипин, Ұлы Карл өз жерлерін ұлғайту мәселесін шешті. Енді жер мұраға қалдырылмады, тек «бенефиция» түрінде берілді. Графтықтар король билігінің басты жүргізушілері *missi dominici* (король елшілері-лат.) бақылауында болды. Графтардың күшейіп кетпеуін бақылау мақсатында олардың орнын үнемі ауыстырып отыру дәстүрі қалыптасты. Каролингтер әлеуметтік иреархияның анықталған моделін сайлады – оған сенімді бағыныштылары мен вассалдары корольге адалдық антын берді. Бұл бағыныштылық барлық әлеуметтік топтарда кең қанат жайды. Бұлар міндетті түрде өз қаражатына корольдің әскерінде қызмет етуге тиіс еді. Бай адамдар жеңіл салт аттыларды құраса, аса ауқаттылары 2,3 мың қару-жарақты аттыларды құрастырды. Ұлы Карлдың мемлекеті Батыс Еуропаның территориясының басым бөлігін алып жатты. Көлемі жағынан V ғасырда жойылған Батыс Рим империясымен теңескендей еді. Ұлы Карлдың қолындағы билік кейінгі Рим императорларының қолындағы биліктен әлдеқайда күшті болды.

Карл Мартелл. Арабтармен күресі. Карл Мартелл 715 жылдан 741 жылға дейін өз билігін жүргізді. Өз корольдігінде бытыраңқылыққа тыйым салудан бастады. Карл өзіне қарсы көтеріліс жасаған Нейстриялық феодалдардың, Аквитания мен Прованс герцогтарын өзіне бағындырып, Рейн өзенінің сыртындағы герман тайпаларына – сакстер мен фриздерге, аллемандар мен баварларға қарсы аттанып, бағындырып оларға алым салық төлетті. VIII ғасырдың басында Испанияны жаулап алып, 720 жылы оңтүстік Галлияға кіріп, Франк мемлекетіне қауіп төндірген арабтарды 732 жылы Пуатьенің түбінде талқандады. Арабтармен жүргізген күресте франктердің атты әскері үлкен рөл атқарды. Франктердің Пуатье маңындағы жеңісі арабтардың Еуропаға ішкерілей жылжуын тоқтатты. Арабтардың қолында оңтүстік Галлияның шамалы бөлігі Септимания және Нарбонн қалды.

Карл Мартеллдің бенефициялық реформасы. Франк мемлекетінде жүргізген аграрлық төңкерістің нәтижесінде басталған феодалдық қатынастардың тез дамуы, феодалдық меншіктік формалардың өзгеруі, феодалдандырылып жатқан қоғамның саяси заңдық мәртебесіне өзгерістер енгізуді талап етті. Аллодтық меншік феодалдық меншіктің неғұрылым жетілген түріне орын беруге тиісті болды.

Карл Мартеллдің бенефициялық реформасының мәні мынада болды. Бұрын Меровингтер жерді аллод ретінде толық жеке меншік етіп сыйлыққа берген болса, енді оның орнына феодалдық жер иеленудің жаңа шартты түрі орнатылды. Бұл – «бенефиция», яғни сыйлық деп аталынды. Бенефиция белгілі бір қызметтерді атқару үшін, көбінесе атты әскер қызметін атқару шарты бойынша мәңгі пайдалануға сыйлық ретінде берілді. Екі жақтың бірі, яғни жерді сыйлыққа беруші немесе алушы қайтыс болған күнде, бенефиция меншік иесіне, оның артында қалған мұрагерлеріне қайтарылып берілетін болды. Сондықтан бенефиция мұрагерлікке жатпайтын сыйлық еді. Егер де бенефицияның қойған шарттары орындалмаса немесе жерді сыйлыққа алушының шаруашылығы кедейленсе, онда бенефиция қайтарылып алынатын болды.

Уақыт өте келе бұл ережелерді сақтау тоқтатылып, бенефиция мұрагерлік жолмен пайдалануға айналды және IX–X ғасырлар шенінде феодалдық әскери қызметінің міндеттерін атқарумен байланысты жерді мұрагерлік жолмен ұстаушылық сипатын ала бастады. Карл Мартелл жерді сыйлыққа үлестіріп беруді мейлінше кең қолданды. Осы сыйлықтарға қажет жер қоры тәркіленген жер болды. Бұл жерлер таусылған кезде шіркеу жерлерін мемлекет меншігіне айналдыру есебінен көптеген бенефицияриларға жер үлестіріп берді. Бұл шаралар шіркеу тарапынан күшті наразылық туғызды. Бенефициялық жүйені нығайту мақсатымен шіркеу жерлерінің бір бөлігін пайдаланумен қатар ол белсенді түрде христиан дінін кеңінен таратты және шіркеуді өз өкіметін нығайтудың құралы ретінде пайдалана отырып, өзінің бағындырылған жерлерінде шіркеу қызметкерлерінің баюларына көмектесті. Бұл реформаны жүзеге асыра отырып Карл Мартелл өзінің саяси мақсаттарына жетуді көздеді. Король жерлерінің қорын титықтатқан аллодтық сыйлықты бенефициялармен алмастырып жаңғырту арқылы ол бүлікшіл ірі феодалдарды таққа мықтырақ байлаймын деп үміттенді, бенефициялық жүйенің көмегімен, шаруалардың құлдырап кері кеткен жаяу жасағының орнына соғысқа жарамды атты әскер құруды ойлады. Бұл кезде атты әскер шешуші рөл атқара бастаған еді.

Бенефициялық реформаны жүзеге асыру арқылы Карл Мартелл орталық өкіметтің позицияларын нығайтуға тырысты және жүзеге асырды. Бірақ, реформаның әлеуметтік нәтижелері анағұрлым

маңызды болды. Біріншіден, ол ұсақ және орташа феодалдардың қалыптаса бастаған тобын нығайтты, бұлар маманданған жауынгерлер ретінде атты әскер жасағының, тіпті бүкіл әскери ұйымның негізі болып табылды. Олар болашақ рыцарьлардың негізін құрушылар еді. Сонымен бірге, франктердің ертедегі жаяу жасағының негізін құрған шаруалар енді негізгі әскери күш ретіндегі маңызынан айырылды және мемлекеттегі құқықтық жағдайы да айқын байқалды.

Екіншіден, жерді сыйлыққа берудің мейлінше кеңінен тарауы феодалдық жер меншігін барынша нығайтып, шаруаларды одан әрі басыбайлыларға айналдырды.

Үшіншіден, бенефициялық тартулар, бенефицияны берушімен алушының арасындағы жер мәселесі жөніндегі байланыстарды және олардың арасындағы вассалдық қарым-қатынастарды орнатуға көмектесті. Сонымен, феодалдық мемлекеттің бенефициялық реформасы франк қоғамын феодалдандырудың нәтижесі бола тұра, қоғамдағы феодалдық қатынастарды нығайтып, қалыптасуына мүмкіндік туғызды.

§ 3. Франк мемлекетіндегі феодализмнің қалыптасуы мен дамуы

VIII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында франк мемлекетінде жерге байланысты төңкеріс жасалды. Ол феодалдық құрылыстың негізі – феодалдық жер меншігінің толық қожалығын орнатты. Үлкен ірі феодалдардың шаруалар үлестерін басып алуы IX ғасырдың басында жаппай сипат алды. Ерікті шаруаларды тәуелділікке түсірудің Меровингтер кезінен бастап, кең таралған әдістерінің бірі «прекарий». «Прекарий» сөзбе-сөз аударғанда «өтініш бойынша берілген» деген мағынаны береді. Сайып келгенде бұл ұғым жерді шартты түрде ұстау деген сөз. Үлкен ірі меншік иесі жерсіз немесе жері аз шаруаларға жерін уақытша пайдалануға береді. Бұл берілген үлесті пайдаланғаны үшін шаруа әдетте жер иесіне оброк төлеуге немесе кейбір жағдайларда барщинада еңбек етуге тиісті болды.

Прекарийдің бірнеше түрі болды. Жерді осындай шартпен ұстаушылық кейде жері жеткіліксіз немесе жері жоқ адамға берілді (*precaria data*). Ол бұл жерін қайтадан прекарий ретінде өмірлік немесе мұралыққа бір-екі ұрпақтың шеңберінде (*precaria obdata*)

белгілі бір міндеттемелерді атқару шартымен қайырып алып, пайдалануға мәжбүр болды. Кейбір жағдайларда прекарист тек өзінің бұрынғы берген жерін қайтарып қана қоймай, қайта оған қосымша үлес қосып алып та отырды. Мұндай прекарий «сыйға берілген» (*precaria remunerataria*) деп аталынды.

Корольдің ерекше грамоталарымен үкіметтің қызмет адамдарының, үлкен ірі жер иелерінің қарауына жататын территорияға барып, онда соттық, әкімшілік, полициялық немесе қазыналық функцияларды атқаруларына тиым салынды. Сондықтан, бұл функциялардың бәрі өзінің меншікті агенттерінің көмегімен жүзеге асыратын шонжарлардың өзіне тапсырылды. Мұндай тарту «иммунитет» (латынның *immunitas* – дербес праволық) деп аталынды.

Каролингтер тұсында үлкен жанұядан жаңа үй қожалығы бөлінді (ағайынды, немесе туысқандардың үйленген балаларының біріккен тобы). Олардың патриархалды үлкен жанұямен қатынасы болмады. Құрамы мен құрылымы бойынша ірі, кейде 20-30 адамнан тұрды (орташа 8-9 адам). VIII ғасырдың соңында IX ғасырдың басында бұрынғы шаруашылық ұйымның орнын вотчина және оған бағынған крепостнойлық қауым басты.

Вотчина – феодализм тұсындағы қожалық, әлеуметтік және саяси ұйымдардың билік еткен тобы. Вотчина – иелеріне табыс алып келетін, феодалдық рентаны алуды іске асыратын ұйым ретінде қарастырылады. Феодалдық вотчинадағы жер әдетте екі бөлікке бөлінді. Біріншісі – қожаның жері, немесе домен (латынша *dominus* – қожа), екіншісі – тәуелді шаруалардың пайдалануындағы және крепостнойлық міндеттемелер өтетін бөліктерден құралған жер болып саналды.

Вилла – антикадан келген жер қожалығы, ол ертеорта ғасырларда да сақталып келді. Бірақ осы кездегі «вилла» әкімшілік бірлікті құрды. Оның негізгі бөлігі – манс болды (шаруа үлесі, бұл термин 600 жыл шамасында қолданылып келді). Манс арендаторлық пен басқа да манстық, лендік ұстанушылары төлейтін оброк, антикалық кездегі уақыттан мұра ретінде қалған тікелей салық болып табылатын салықтық жүйенің базасы. Бұл үлес франк мемлекетінің шығыс бөлігінде «гуфа» деп аталынды.

Бенефиция енді мәңгілік мұрагерлік жолымен пайдалануға айналды және IX-X ғасырлар ішінде феодал (лен) сипатын ала бастады. Феодалты – архиепископтар, епископтар, аббаттар, аббатистер,

герцогтар, маркграфтар, графтар бере алды. Феодты алушылар «кіші вассалдар» деп аталынды. Алғашқы кезде билік король қолында болды. Феодты қай уақытта алса да өзі білді. Кейін феод бір жылға ұйғарылды, уақыт өте келе вассалдың өмірлік үлесіне айналды. Азаматтық құқықтарды сақтауда «компенсация» жүйесі болды. Ол франк заңдарында кең көрініс тапты. Қылмыстық кек қайтаруларды болдырмау үшін өлген адамның жанұясына «адам құны» (wergeld) деп аталатын ақшалай компенсация төленді. Компенсация жасалған қылмыстың көлеміне ғана емес, оның әлеуметтік жағдайына, жасына, жынысына қарап төленді. Ер құны бұл жүйеде жоғары болды, король нөкері мүшесінің құны қарапайым, жай адамдардан жоғары тұрды.

Каролинг монархиясының ұлан-ғайыр ғимараты IX ғасырға қарай сыртқы жаулардың соққысынан, жаңа жаулаушылардың және ішкі дезинтеграция күшінен тез құлай бастады. 943 жылы Людовиг қайтыс болғаннан кейін, оның балалары Верденде жиналып, империяны қайтадан бөлісу жөнінде шарт жасасты. Бұл қайта бөліс сол кездегі Каролингтік империяның шеңберінде қалыптаса бастаған француз, герман және итальян халықтарының орналасу шекараларына сәйкес келгендіктен, Верден – іс жүзінде қазіргі Батыс және Орталық Еуропаның үш мемлекеті – Франция, Германия, Италия ретінде қалыптасуының негізін қалады.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Март алаңы – ежелгі германдықтардың халық жиналысы өтетін орын – тингтің сарқыншағы. Тингтен Март алаңының қандай ерекшелігі бар?

2. Салий заңынан үзінді алып, франктердің өмірі туралы эссе жазыңыздар. Отбасы, тұрмыс жағдайы, сот атқару тәртібі мен жазалау, әдет-ғұрыптар, т.б. туралы әңгімеленіңдер.

3. Картадан Хлодвиг мұрагерлері кезінде Франк крольдігінің қалай өскендігін көрсетіңіздер?

4. Неліктен Италияда остготтар мен римдіктер арасында синтез процесі жүзеге асқан жоқ, ал франктер мен галл-римдіктер арасында бұл процесс жылдам дамыды?

5. Салт атты әскер құру мен жер пайдаланудағы өзгерістердің арасында қандай байланыс бар?

6. Бүкіл христиан-католиктердің басшысы бола тұрып, папаға жеке мемлекет неге қажет деп ойлайсыздар?

7. Ұлы Карл империясы мен Рим империясының қандай ортақтығы және айырмашылығы бар?

8. Верден шарты бойынша Ұлы Карл империясы қалай бөлінгенін картадан көрсетіңіздер. Империяның ыдырау себебін түсіндіріңіздер.

4-тарау

IV-XII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫ

§ 1. IV ғасыр мен VII ғасырдың бірінші жартысындағы Византия

330 жылы император I Константин Рим империясының астанасын шығысқа, Византия қаласына, Босфордағы көне Мегар аймағына көшірді. Жаңа астананы император Константиннің құрметіне «Константин қаласы» деп атады (Константинополь). Византияның шығыс провинциялары өнімді жерлер мен жақсы климаттық зонада орналасқан аймақтардан тұрады. Бұл жерлерде көптеген пайдалы қазбалар (алтын, күміс, мыс, темір), мұнай көздері, теңіз мраморлары және басқа да минералды қорлар, сонымен қатар мәдени деңгейі жоғары адамдар тығыз орналасты. Жаңа астананың орны ұтымды таңдалып, сауда жолдарының торабында орналасты. Ол батыс пен шығысты, оңтүстік пен солтүстікті байланыстырды және де қарқынды мәдени алмасу орталығында болғандықтан Еуропадағы ірі қалалардың қатарына жедел қосылуға мүмкіндік алды.

Жалпы шығыстағы Византия империясының құрылуы 395 жыл болып саналады. Осы жылы Рим империясының императоры I Феодосий өліп, империяның Батысын Гонорий, Шығысын Аркадий деген балаларына мұра етіп қалдырды. Осы жылдан кейін империяның екі бөлігі қосылмай, әрқайсысы өзіне тән қоғамдық даму жолдарынан өтті. Шығыс Рим империясының астанасы Константинополь бұрын «Византий» деп аталғандықтан XV ғасырдың екінші жартысынан кейін тарих сахынасынан кеткен империя «Византия империясы» деп атала бастады.

Рим империясының астанасын Босфор (түрікше – Қара теңіз бұғазы, грекше – Bosphorus) бұғазына көшірудің саяси-экономикалық, мәдени маңызы зор болды. Себебі, ол Еуропа мен Азияның

арасындағы, Қара теңіз бен Эгей теңізі арасындағы сауда жолдарының қиылысатын жерінде орналасқан. Жаңа астана Шығыс пен Батыс арасындағы «Алтын көпір» деп аталды. Константинополь құрғақтан да, су жағынан да жақсы қоршалған әскери-стратегиялық орталық болды. 395 жылы Шығыс Рим империясының құрамына империядағы 14 диоцездің жетеуі кірді: Египет, Азия, Понт, Фракия, Македония, Дания, Шығыс. Византия империясы Еуропаға, Азия мен Африкаға созылып жатты. Халқының құрамы алақұла болды: гректер, копттар, еврейлер, арабтар, иллириктер, армяндар, грузиндер. Латын халқы азшылық болса да VII ғасырға дейін латын тілі Шығыс Рим империясының мемлекеттік тілі болып келді. Кейін оны грек тілі ығыстырды. Шығыс Рим империясының құрамына: Балқан жартыаралы, Кіші Азия, Солтүстік Месопотамия, Армения мен Грузин жерлерінің біраз бөлігі, Сирия, Палестина, Египет, Киренайка, Кипр, Крит, Родос және Шығыс Жерорта теңізінің біраз аралдары, Қырымның оңтүстік жағалаулары кірді. Бұл жерлерде гректер, иллириктер, фрактар, армяндер, грузиндер, сириялықтар, еврейлер және тағы басқа этникалық топтар өмір сүрді. Гректер империя өмірінің қоғамдық және мәдени өмірінде жетекші рөл атқарды.

476 жылы Батыс Рим империясы құлағаннан кейін Шығыс Рим империясы біртұтас империяны жалғастырушы ретінде қалды. Этникалық қалыптасуының әртүрлілігіне қарамастан, оларды Рим империясы деп, ал өздерін «ромейліктер» деп атады. Өзендер бойы мен жазық шатқалдарда (Фракияда, Фессалииде, Пестолоннесте және солтүстік Африкада) бидай өсіру кең тарады. Әсіресе, Египетте ол VII ғасырдың ортасына бейін империяның негізгі кәсібінің бірі саналды. Бұл жерде, Палестина, Сирия және тағы басқа өңірлерде ерте заманнан келе жатқан, жоғары сапалы жерөңдеу жүйесі болды.

Примоияның субтропикалық аудандарында зәйтүн мәдениеті, жүзім өсіру және бау-бақша жоғары дамыды. Оңтүстік Фракия және оңтүстік Македонияға қарай Балқан жерлерінде, шатқалдар мен таулы үстірттерде мал шаруашылығы кең тарады: ірі қара малдарды, шошқа, ат, есек өсірді. Дәрумендерді өндіру үшін жануарлардың (бұқалар) күшін пайдаланды.

Қалалардың саны бойынша Шығыс Рим империясы Батыс Рим империясынан әлдеқайда алдыда болды. Константинополь мен

Фессалоника, Корниф пен Фивы, Смирна мен Эфес, Никея мен Никомидия, Дамаск пен Бейрут, Антиохия мен Александрия колөнер мен сауданың, ірі экономика мен саясаттың, мәдениеттің орталықтары еді. Жағалаудағы ұсақ қалалар да өзара және басқа шет мемлекеттермен сауда-саттық қарым-қатынаста болды. Империя саудагерлері барлық Жерорта теңізі аймағына өз үстемдігін жүргізді. Олар Кавказға, Орталық Азияға, Қара теңіз жағалауларына, Үндістан мен Қытайға, Батысында Британияға, ал Шығысында Цейлонға дейін сауда жолдарын қалыптастырды.

Византияның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени дамуын келесі кезеңдерге бөлуге болады: ерте (IV ғасырдың бірінші жартысы мен VII ғасыр), орта (VII ғасырдың екінші жартысы мен XII ғасыр), кейінгі (XIII ғасыр мен XV ғасырдың ортасы). VI ғасырдың соңына дейін қоғамдық және саяси өмірдің кейінгі антикалық түрі өмір сүріп, дағдарыс нәтижесінде византиялық империяның тарихы ортағасырлық мемлекет ретінде қарастырылды.

IV-VI ғасырлардағы Византия қоғамы. Шығыс Рим империясының тұрғындарына қолайлы табиғи-климаттық жағдайдан басқа оның аграрлық құрылымы да маңызды болды. Бұл жерде жер өңдеу шаруашылығы еркін етек жайды. Батысқа қарағанда қоғам бұл жерде тығыз әлеуметтік байланыста болды. Византияда қауымдастық бағыныштылық болды, яғни оған салық төлеп түрлі жұмыстар атқаруға міндеттенді. Қоғам бір-бірімен байланыста болды: салық төлей алмаған жағдайда жерінің жартысы беріліп отырды, ол үшін де салық төлеуге тиісті еді.

Византияда өз иеліктеріне қожа, еркін колондар саны да көп кездесті. Ол I Анастасияның «егер бір отбасы жерді 30 жылға жалдап алса, онда оларды жерден қудалауға болмайды», – деген жарлығы бойынша, мұрагер ретінде танылды. Энапограф-колондар (құлдар) батысқа қарағанда шығыста аз болды. Құлдарды ауыл шаруашылығында пайдаланбады, бірақ олардың қоғамдағы рөлі төмендей берді. Колондардың жағдайы қалыпты болмады, VI ғасырда олардың биліктері жойылды.

V-VI ғасырларда Византияда патронаттық қарым-қатынас орныға бастады. Бұл ортағасырдағы шаруалардың тәуелділігінің бір түрі еді. Қайыршыланған шаруалар салық төлеуден қашты, кейін жер иелерінің қарамағына өтті. Заңды түрде олар еркін

адамдар ретінде саналды, бірақ өмір сүру жағдайы толығымен қожайындардың қолында болды. Орталық биліктің қарсылығына қарамастан, «тәуелсіз» шаруалардың саны, әсіресе шіркеу жерлерінде қарқындап өсті. V ғасырдың өзінде бұл жаңадан қалыптасқан қоғам түріне «парик», «жасанды шаш» (келімсектер) деген атау қоланылды. Бұлардың қатарына тек шіркеу орындары мен императордың иеліктері кірмеді.

Бұлардың барлығы шығыстың ауылшаруашылығына көп әсер еткен жоқ: дағдарыс бұл аймақтарда Батысқа қарағанда әлсіз және кешірек болды (V–VI ғасырлар арасында).

Қала, қолөнер және сауда. Шығыс римдік қалалар V ғасыр мен VI ғасырдың ортасындағы батыста болған күйзелісті кешпеді. Империяның басым көпшілігі шенеуніктер, ірі жер иеленушілер, бай саудагерлер және кеме иелері қалаларда өмір сүрді, бірақ қала тұрғындарының біраз бөлігін қолөнершілер, ұсақ саудагерлер, жалдамалы жұмысшылар және құлдар қамтыды.

Қалада бір-екі жалдамалы жұмысшылары немесе құлдары бар шағын қолөнер шеберханалар болды. Әдетте шеберхананың өзін қожайындар жалға алатын. Шеберханалардан басқа шіркеудің мемлекет қазынасына қарайтын, ұстаханалары болды. Бұнда жалдамалы жұмысшылар мен құлдар жұмыс істеді. Әсіресе, мұндай құлдардың түрлері императорлардың шеберханаларында болды, олар императорларға арнап түрлі әшекей бұйымдарды, қару-жарақтарды, сарай бұйымдарын, тиын мүсіндерін және әскери киім үлгілері мен зергерлік заттар жасады. Византиялық алтын «солид» көп ғасырлар бойы ортағасырлардағы халықаралық ақша ретінде қолданылды.

Кейінгі Рим империясындағы қолөнершілер мемлекеттік қазына алдында жауапты болды, салық төлеуге өздерінің мүліктерімен жауап берді, яғни салық төленбеген жағдайда мүліктері тәркіленіп отырды. VI ғасырдың ортасынан бастап, еркін түрде ұйымдасқан қолөнершілер мен шеберханалар қалыптаса бастады. V-VI ғасырларда қала өмірі әлі болса кейінгі антик институты бойынша сипатталған еді. Қалалар қауымдастықтың орталығы болып қала берді, өздерінің жер иеліктері мен шаруашылығын сақтады. Қалалар өздігінен басқару құқығын иеленді. Билік органдарының басында жергілікті атақты адамдар (курийлер) үстемдік етті. Куриялар азаматтардан салықтың жиналуына, халық тұрмысының жақсаруына,

азық-түліктің кедейлерге таратылуына, түрлі мерекелер мен көрсетілімдер ұйымдастыруға өз мүліктерімен жауап берді. Қалалардың құлдырауына байланысты олар өздерінің жер иеліктерінен, мәртебелерінен айырыла бастады. Ендігі кезекте олардың мүліктері шіркеу иеліктеріне, орталық билікке немесе императордың қарам ағына өтті.

Мемлекет. Жоғарғы билік (заң шығарушы орган, атқарушы және сот) императорға қарады. IV–V ғасырларда мемлекеттік билік пен христиан шіркеулері арасында одақ құрылды: император шіркеудің қауіпсіздігін қамтамасыз етті, шіркеу болса, император билігін дәріптеді. Император христиан әлемінің заңды билеушісі деп саналды. Бірақ оның билігі мұраға қалдырылмады. Биліктің жаңа билеушіге өтуі сенатқа байланысты болды. Сенат өз кезегінде қоғам қайраткерлерімен әскербасылардан, жоғарғы дінбасылардан құралды. Ежелгі Рим дәстүрі бойынша, жоғарғы биліктің өзі «магистраттар» болды, яғни мемлекеттік қызметшілер қатарында тұруы керек еді.

Империяның әкімшілік аппараты алып болды. Орталық басқару жүйесі император сарайында тұрақтандырылды. Қызметіне байланысты түрлі дәрежелі титулдар мен иерархиялық бөлу сатысы болды. Ереже бойынша жоғары дәрежені белгілі титулы бар, қызмет ету кезінде дәреже алған тұлғалар иемденді.

IV–V ғасырларда Константинополь тұрғындары бейресми одақ – димдарды (грекше «демос» халық деген мағынада) құрды. «Партия» адамдары киім түстерінің әртүрлілігімен ерекшеленді. Солардың ішінде ең ықпалдылары жер аристократтары қолдау көрсетіп отырған «көгілдір», және ірі шеберханалар мен Таяу Шығыс саудагерлерінен қолдау көретін «жасыл» киімділер болды. Димдар ежелгі дәстүр бойынша эпархқа қала тәртібін сақтауға, дуалдар мен көшелерді таза ұстауға, әсіресе жиындар мен түрлі оқиғаларға көмек көрсетіп отырды. Сол дәстүр бойынша димдар ипподромға шығып император мен оның қоластындағыларға өз наразылығы мен ұсыныстарын жасай алды.

III ғасырда енгізілген салық жүйесінің негізін салық төлеушілердің мүліктері құрады. Негізінде салық барлық қол астындағыларға тең жүргізілді. Салықтың негізгі түрі жерге салынатын салық. Онда жердің көлемі мен сапасы ескерілді. Ерте Византияда салық натуралды түрде (бидай, шарап, зәйтүн майы және т.б.)

алынды. Әр 15 жыл сайын тексеріліп, реттеліп отырды. Тексеру кезінде салық төлеушінің салық түрі, салық көлемі қайта қаралды. Қайта қарау кезінде салық көлемінің ұлғайуы ғажап емес, себебі бұл сол кездегі Византияның дәстүрінде болған. Мемлекеттік қазынаға жалдамалылар да, құлдар да салық төлеген.

Салық төлеуге заңды түрде жер иесі жауапты болды. Сондықтан жерді жалдаушы адамның салықты уақытында төлеуі, жер иесі үшін маңызды еді. Шаруалар сонымен қатар, қожайынға төмен бағамен азық-түлік әкеліп, мемлекеттік жұмыстарды (жолдар салу, көпірлер мен үйлер тұрғызу, жүктерді тасымалдау т.с.с.) қоса атқару керек болды. Салық пен міндеттен қала тұрғындары да босатылмады. Шаруалар мен қала тұрғындарының салықтары мемлекет қазынасының басым бөлігін құрды. Оған қоса императорлардың өздері берген және мемлекеттік шеберханалар мен жерасты пайдалы қазбалардан түсетін қаржы да елеулі орын алды.

Империя территориясы әкімшілік аймақтарға – провинцияларға бөлінді. Азаматтық басқаруды императордың наместниктері жүргізді. Әскери билікті (әскердің құрылуын, оның жабдықталуы мен оқуы, шекараны күзету және әскери істі басқару) әскербасылар мен император тағайындаған тұлғалар атқарды.

Христиан шіркеуінің құрылуы. IV ғасырдың ортасынан христиан діні бүкіл Рим империясында ресми дін болып танылды. Бұл дін мемлекет тарапынан қолдау тауып толық орнайды. Әсіресе Рим, Александрия және Антиохия шіркеулері үлкен ықпалға ие болды. Ресми түрде олардың басымдылығы «Бірінші (Никейлік) Әлемдік соборда» айтылды. Бас шіркеудің басшысы ретінде оған рим папасынан кейінгі «дәрежесі» бойынша екінші орын берілді. Константинополь территориясы, олардың құқықтары 451 жылы Халкидондық соборда бекітілді. Шіркеу басшысы «патриарх» деп аталды. IV ғасырдың соңына қарай шығыс пен батыс шіркеулерінің басқаруы мен шіркеу салттары арасында айтарлықтай айырмашылықтар байқала бастады.

Христиан діннің мемлекеттік дінге айнала бастуымен шіркеудің материалдық жағдайына да көңіл бөліне бастады. VI ғасырдың ортасына қарай шіркеудің жер көлемі мен байлығы империя үйімен теңгерілді. Сонымен қоса шіркеу қарамағына шеберханалар мен кіріс үйлері де болды. Шығыс шіркеуінің батыс шіркеуден түбегейлі айырмашылығы болды, дегенмен ол мыңжылдықтар

көлемінде мемлекеттің билігіне бағынды және оның одақтасы болды. Империяның барлық территориясы тек әкімшілік аймақтарға ғана емес, шіркеу иерархиясына бөлінді. Империяға бағынұшылар жергілікті және рухани екі биліктің бақылауында болды.

Шіркеу ұйымдарының құрылуымен материалдық базаның нығайуымен империяда монах институты қалыптасады. Шіркеулер мен монастырьларға жоғарғы билік үнемі қолдау көрсетіп отырды. Оларды салықтардан, міндетті жұмыстардан босатты. Шіркеу басшылары қарамағындағыларды сотқа тарту құқығын иеленді.

IV–V ғасырлардағы Византия орталықтанған әскери-бюрократиялық монархия болды. Барлық үкімет билігі императордың (васильевс) қолында еді. Ол жоғары сот қызметін атқарды, сыртқы саясатты басқарды, заңдар шығарды, әскердің басқолбасшысы болды. Оның билігі құдайдан дарыған деп саналды. Император билігін мұрагерлікпен иелену заң жүзінде бекітілмеді. Бірақ іс жүзінде билік әкеден балаға мұра ретінде қала беретін. Мұрагердің тақта отыруы немесе айырылып қалуы жеке басының қабілетіне байланысты еді. Императордың кеңесші органы «сенат» немесе «синклит» деп аталды. Олар әскермен және халық өкілдерімен бірлесе отырып император сайлайтын, ал патриарх таққа отырған императорға тәж кигізетін.

Ел императордың кеңсесінен басқарылатын. Бүкіл ел Шығыс және Иллирик болып екі префектураға бөлінді. Префектуралар өз кезегінде диоцездерге, ал диоцездер – провинцияларға (50) бөлінді. Диоцездер мен провинциялардың басшылары – викарийлерді префекттер тағайындап отырды. Азаматтық билік әскери биліктен бөлінді.

Византия империясында мемлекеттік қызметтің үш түрі болды: әскери, азаматтық және сарайлық. Мемлекеттің тағдырын азаматтық билік иелері шешіп отырды. V ғасырда Византия әскерінде жарты миллион сарбаз болды. Ол шекаралық әскер, орын ауыстырып отыратын әскер және Константинопольде орналасқан ұлан болып бөлінді. Әскерді бес магистр басқарды. Әскер алғашында византиялық шаруалардан жасақталса, бара-бара негізінен жалдамалылардан тұратын болды. Үлкен әскер мен күшті флотының арқасында Византия өз шекараларын варварлардан қорғай алды, тіпті өзі де шапқыншылық соғыстарын жүргізіп отырды.

Ерте ортағасырлық Византияның қоғамдық өмірінің ерекшелігі – астана мен ірі қалаларда цирктік партиялар – «димдердің» болуы

еді. Төрт партияның ішіндегі ең белсенді, әрі ықпалдылары «венеттер» мен «прасиндер» болды. Біріншісі православие дінін мойындайтын, ақсүйектер мен әкімдердің, байлар мен шенеуніктердің мүддесін қорғайтын партия болса, екіншісі қолөнершілер мен саудагерлердің мүддесін көздейтін ұйым болды. «Стасиоттар» деп аталған жастардың ұйымы да қоғам өміріне белсене араласып отырды.

V ғасырдағы империясының сыртқы саясаты. V ғасырдың басында империяның сыртқы жағдайы тұрақты болды. Бұл тыныштық 415 жылы бұзыла бастады. Византияның Батыс империясымен қатынасы бірде шиеленісіп, бірде бәсеңсіп отырды. 407 жылы Батыс пен Шығыс арасында соғыс өрті тұтанып кете жаздады. 410 жылы Римді Аларих басқарған вестготтар басып алғаннан кейін екі арада бейбітшілік орнады. Византияның солтүстіктегі жағдайы нашарлап кетті. Қара теңіз жағалауында ғұндар билігі күшейе түсті: 40-шы жылдары олар Константинопольді басып алу қаупін туғызды. Үкімет дипломатиялық айла-тәсілдермен бұл қауіптен құтылуға тырысты. Мұндай саясат өте қымбатқа түсіп отырды. Бейбіт бітім шарттарға қарамастан, Аттиланың әскері жиі-жиі келісімді бұзып отырды.

Империяның шығысындағы жағдайы да қиын болды. Византияның өзі Ирандағы христиандарды қолдаудан бас тартпады. Бұл қол сұғушылық екі елдің арасындағы соғысқа себеп болды. Соғыс Византия үшін сәтсіз болды. Тек шығыстағы көшпенділер шабуылы ғана парсы үкіметін 442 жылы Византиямен бітім шартын жасауға мәжбүр етті.

V ғасырдың екінші жартысында Византияны әсіресе готтар мәселесі көп мазалады. 453 жылы Аттиланың өлуі, оның державасының ыдырауы Византияның сыртқы жағдайын біраз жеңілдетті. Бірақ ғұндар қауіпінің орнына енді готтар қауіпі туды. Олар Константинопольді варвар басқыншыларының шапқыншылығы алдына қойды. 467 жылы Византия дипломатиясы Батыс империя тағына өз ықпалындағы Анфимийді отырғызып, готтарға қарсы күресте өз мақсатына жақындай түсті. Екі империя бірлесіп вандалдарға қарсы жорық жасады. Бірақ нашар ұйымдастырылғандықтан, сарай төңірегіндегі арбау-алдаудың нәтижесінде бұл жорық сәтсіз аяқталды. Бұл сәтсіздік Батыс империяның құлауын тездетті.

469 жылы ғұн тайпаларының қалдығы Балқан жартыаралына шапқыншылық жасады. Византия әскері оларға ауыр соққы берді. Бұл жеңістен кейін бастамасын Аттиланың ғұндар одағынан алатын готтар жасақтарының қауіпі арта түсті. 471 жылы готтарға қарсы соғыста византиялықтар сәтсіздікке ұшырады. Енді сәтсіздікті дипломатиялық жолмен түзетуге күш салынды. Готтарға құрметті атақтар, бай сыйлықтар мен қызметтер таратылып берілді.

Готтар қауіпі империяға зіл батпан болып батты, бұл қауіптен құтылу мақсатымен Зинон (476–491) готтарға Италияға бірлесіп жорық жасауды, ондағы Одоакрдың орнына Теодерихтың таққа отыруын ұсынды: 488 жылдың күзінде готтардың негізгі күші Балқанды тастап шықты. V ғасырдың екінші жартысында Персиямен арақатынас жақсара түсті. Персияға ғұн-кидандар, ғұн-эфталиттер шабуыл жасағанда оларды ортақ жау санап, Византия көршісіне қаржылай көмек көрсетті. Зинон эфталиттерге тұтқынға түскен Пероз шахты (459–484) құтқарып алды.

Анастасийдің (491–518) сыртқы саясаты барлық шекараларда қорғанушылық саясат болды. Шығыста едәуір уақытқа созылған бейбітшіліктен кейін Персиямен соғыс басталды. Иран Каспий жақтан варварлар шабуылын тежеп тұру үшін Византиядан қаржы сұраған болатын. Анастасий ол қаржыны беруден бас тартқан соң, парсы әскері шабуылға шықты. Басты соғыс қимылы 502 жылы Амида қаласы маңында болды. Парсылықтар ол қаланы басып алды, бірақ көп ұстап тұра алмады. 506 жылы бұрынғы шекараларды сақтап қалу жөнінде келісім жасалды. Парсылықтардың келешектегі шабуылынан қорғану үшін византиялықтар жаңа бекініс – Дару қамалын салды.

V ғасырдың соңында болгарлар тарапынан қауіп күшейді. Олар империяға 493, 499, 502 жылдары шабуыл жасады. 497 жылы византиялықтар «геттер» деп атаған славян тайпасы империяға шабуылға шығып, Фракияны шапқыншылыққа ұшыратты. Император оларға көп ақшалай салық төлеп, әрең құтылды.

Аграрлық қатынастар. V ғасырға қарай ыдырай бастаған құлдық қоғам негізінде ауыл шаруашылығында феодалдық қатынастар қалыптаса бастады. Ерте орта ғасырлық Византияда жерге меншіктің үш түрі болды: мемлекеттік, жеке меншік және шаруалардың қауымдық меншігі. Жеке меншік иеліктері ірі болды. Онда құлдар мен колондар жұмыс істеді. Византиядағы аграрлық

катынастардың ерекшелігі – ерікті шаруалардың сақталуы, колонаттың кең таралуы, ұзақ мерзімді «эмфитевсистің» қанат жаюы болды. Сондай-ақ Батысқа қарағанда құлдарға жердің жедел үлестірілуі көрініс алды. Ол «пекулий» деп аталды. Батыс Рим империясына қарағанда мұнда ерікті шаруалар әлдеқайда көп болды.

Византиялық деревняда бұрынғы ірі жер иелігінің орнына шаруалардың қауымдық жер иеліктері орнай бастады. Ірі жер иеліктеріндегі колондар мен құлдар еңбегі біртіндеп ерікті шаруалар еңбегімен ығыстырыла бастады. Колондар еріктілер және есептегілер «энапографтар» болып бөлінді. Ерікті колондардың ірі жер иесінен алған үлесімен қатар өзінің шағын жеке меншік үлесі және еңбек құрал-жабдықтары болды. Бірақ колондардың көпшілігі өзіне тиісті шағын үлестерінен айырылып қалып, энапографтар қатарына түсіп қала беретін.

Жер үлесі үшін колондар салық төледі. Ол көбінесе натуралды түрде, яғни жиналған өнімнің белгілі бір мөлшерінде (1/5, 1/3) төленетін. Колондар жер жырту, егін егу, жинау кездерінде еңбекпен өтеу міндетін атқаратын: аптаның 2-3 күнінде қожайынның шаруашылығында тегін жұмыс істейтін. Қожайындар салық мөлшерін мүмкіндігінше өсіре түсуге, колондардың құқықтарын шектей түсуге тырысатын. Сол себепті колондар әлеуметтік-экономикалық жағдайы жағынан құлдарға жақындай беретін.

Мемлекеттік жерлерде «комменда» деп аталған шартты жер иелену орын алды. Жердің иесі мемлекет болып қала беретін, ал иеленуші жерді өңдеп, пайдаланып, келісілген салықты – «канонды» төлеуге тиіс болды. Ерікті ұсақ жер иелерімен қатар ерікті ауылдық қауымдар – «митрокомиялар» сақталды.

Әр жыл сайын жер салығының есебі жүргізілетін. Әр 15 жылдан соң салық мөлшері өте мұқият қайта тексеріліп, анықталып отырды. Жер салығы азық-түлікпен жылына үш рет жиналатын.

I Юстинианның билік ету кезеңі. Юстиниан Македонияда тұрған қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Оның ағасы Юстин әскерге аттанып, өзінің әскери мансабын дамытады. Әскерімен билікке келген ол өзінің інісін билікке тартып өзінің мұрагері ретінде қалдырады. Жаңа император батыл, ерікті, мықты стратег, ақылды және қызуқанды болды. Рим империясының саяси идеясына толығымен берілген I Юстиниан, өзін Рим империясын біріктіруші тұлға ретінде есептейді. Қандай қатал істерге барса да, императордың барлық атқарған қызметі сол мақсатқа негізделді.

Император I Юстинианға оның әйелі Феодора қолдау болды. Қарапайым биші әйел деңгейінен император жұбайына жеткен ол көптеген мемлекеттің саяси істеріне араласты, елшілерді қарсы алды, шіркеулік қызметтерге араласты.

Ең бастысы император мемлекет кірістерін арттыруға, әлеуметтік құрылым мен басқару жүйесін күшейтуге тырысты. Фискалды, әлеуметтік және саяси істерге көп көңіл бөліп, ол ірі жер иеліктерін әлсіретіп алды. Ол оның басшыларын жоғары дәрежелер мен мәртебеден айырды, тиісінше өзіне таныс емес адамдарға жоғары мансап берді. Император мемлекет қазынасындағы жер көлемін, мемлекеттік шеберханаларды ұлғайтуға тырысты. Ол шығысқа қарай Иранды айналып өтетін сауда жолдарының ашылуына көп көңіл бөлді. Жібектің шығарылу құпиясын білгеннен кейін (аңыз бойынша жібек қуыршақтарын Қытайдан несториандық монах жасырып әкелген) жібек өндіру Юстинианның кезінде Сирия мен Финикияда болды. Жібек өндіру мемлекет қазынасына айтарлықтай кіріс кіргізді.

Византия империясының күшейген кезі I Юстиниан билік құрған кезі (527–565) болды. Өте білімді, еңбекқор, батыл, қатал, әрі бірбеткей бұл император Рим империясын қайта қалпына келтіру үшін, яғни герман тайпалары жаулап алған Батыс Рим империясын қосып алу үшін күресті. Бірнеше соғыстар нәтижесінде Юстиниан Италияны, Солтүстік Африканы, Испанияның оңтүстік-батысын өз империясына қосып алды. Нәтижесінде Византия империясының аумағы бұрын-соңды болып көрмеген шектерге дейін ұлғайды. Юстиниан табыстарының сыры – жүргізген реформаларында еді. Юстинианның аграрлық реформасы егін шаруашылығының дамуына ықпал етті. 536 жылы империяны әкімшілік жағынан басқару орталықтандырылды. Византияның өзге императорларындай емес, Юстиниан өнер мен сәулет өнеріне қатты көңіл бөлді, оны өзінің саяси-экономикалық мақсаттарына пайдаланып отырды.

Юстиниан таққа отырған екінші жылы «Азаматтық құқықтар жинағын» жасауға кіріседі. 529 жылы арнаулы топ құрып, оған қолда бар заң туралы материалдарды жинақтап, оны дәуір талаптарына сай өндеуге, қайшылықты тұстарын алып тастауға жарлық береді. Нәтижесінде Рим құқықтары нормаларының ерекше жинағы дүниеге келіп, ол еңбек «Юстинианның азаматтық құқықтар

жинағы» деген атпен тарихқа енді. Бұл жинақ кейін Еуропа, Азия және Латын Америкасындағы көптеген елдердің заң шығару саласына зор әсерін тигізді.

Юстинианның билігі кезінде империя славяндар шапқыншылығына тойтарыс беріп отырды, сасанидтік Иранмен ауыр соғыстар жүргізді. Юстиниан билігі кезінде христиан шіркеуі императорлардың одақтасына, мемлекеттің тірегіне айналды. Империя ынтымағын нығайтқан дін бірлігінің нышаны ретінде, әрі 532 жылғы 11–17 қаңтар аралығындағы «Ника» көтерілісін басу құрметіне арнап 532–537 жылдары Константинопольде Әулие София храмын салғызды. «Ника» көтерілісі венеттер мен прасиндер партияларының теке-тіресінен басталып, өкімет екі партияның қолға түскен өкілдерін бірдей дарға асып, жазалау туралы шешім қабылдағанда ушығып кеткен еді. Бұл шешім екі партияның бірігіп кетуіне, прасиндер мен венеттер арасындағы жанжалдың императорға қарсы көтеріліске айналуына себеп болған еді.

Көтеріліс басылғаннан кейін империя бірте-бірте экономикалық және саяси тұрақтылық кезеңіне көшті. Юстиниан билеген кездегі экономикалық табыстар Византияның ішкі және сыртқы қуаттылығын бұрын-соңды болып көрмеген деңгейге жеткізді.

Иконға қарсы күрес. Павликиандар қозғалысы. VIII–IX ға-сырларда орталық өкімет билігінің әлсіреуіне байланысты шіркеу мен монахтар ықпалы күшейді. Икондар мен діни ғұрып бұйымдары шіркеудің қалың халық бұқарасына ықпал ету құралы еді. Әрі олар шіркеуге өте көп табыс түсіріп тұратын. Иконға табынуға қарсы бағытталған соққы ортодоксалды шіркеумен қатынасты үзу деген сөз еді. Иконға қарсылық ең алдымен Константинопольдағы жер иеленуші әскери ақсүйектер мен сауда-қолөнер саласындағылардың билік құрушы шіркеу мен монахтардың өмірін шектеу, шіркеудің мүлкін бөліске салу үшін күрес болды.

Бұл қозғалыста зайырлы ақсүйектердің шіркеулік иерархияны мемлекеттік билікке бағындыру ынтасы маңызды рөл атқарды: император византиялық шіркеудің басшысы деп жарияланды.

Иконға қарсы қозғалысты императорлар III Лев (717–741) пен V Константин (741–775) басқарды. Әскери жорықтардағы табыстарына масаттанған император шіркеу мен монахтарға қарсы шет аймақтардағы әскери шонжарларды, стратиоттық әскерді, Константинополь тұрғындарын, астаналық зиялылар қауымын, епископ-

тықтың бір бөлігін орталық өкіметтің төңірегіне топтастыруға тырысты.

Иконға қарсы күресушілердің тірегі империяның шығыс провинциялары – Кіші Азия мен Армения болды. Исаврлар жариялаған иконға табынуға қарсы күрес билік құрушы әулеттің қолына күшті идеялық қару берді. Иконға табынуды жақтаушылармен құдайшылық туралы айтысты өте жоғары білімді зайырлы және діни элита жүргізді. Иконға қарсы күрес, күпірлік қозғалыс сияқты, халықтың санасынан нәр алып отырды. IV–VII ғасырлардағы күпірлердің бәрі – несториандық, монофиситтік – иконды құрметтеп, табынуға үзілді-кесілді қарсы шықты. Иконға қарсы күресушілер шіркеу байлығына, дінбасыларының бұзылғандығына наразылығын білдіріп, шіркеулік иерархияны жоюды талап етті. Еретиктік қозғалыс әсіресе Армения мен Кіші Азияда кең өріс алды. Иконға қарсы наразылық пиғылы VII ғасырдың ортасында Византия империясының шығысында, батыс Армения қалыптаса бастаған «павликиандар» тобының арасына кеңінен тарады. Павликиандықтар қайырымдылық құдайы бар, оған қарсы тұрған зұлымдық құдайы да бар деді. Олар Христосты қайырымдылық құдайының баласы, періштелердің бірі деп түсінді. Павликиандар ілімі бойынша қайырымдылық құдайын зұлымдық құдайы женеді, сүйтіп өзінің толық билігін орнатады. Павликиандықтар құдай анаға, пайғамбарлар мен әулиелерге, шіркеу мен дінбасыларына, монахтарға табынудан бас тартты.

Шығыс провинциялардағы халықтарға, қандай да болса құдайдың, пайғамбардың, адамның түрін бейнелеу ерсілік деп есептейтін ислам дінінің идеялық ықпалы да зор әсер етті. Бірақ иконға қарсы күресушілер мен павликиандар одағы әрі әлсіз, әрі қысқа мерзімді ғана болды. Көп уақыт өтпей-ақ үкімет қолдаған иконға қарсы қозғалыс пен қуғындаушылықтағы ерекеттік павликиандық қозғалыстың арасындағы әлеуметтік алшақтық одақты бір-жолата бұзды. Иконға табынушылар одағына ортодоксальді дінбасылары, фанатик-монахтар мен константинопольдік патриархия өкілдері бірікті. Олар халық бұқарасының біраз бөлігін, империяның еуропалық облыстарын өз жағына тарта алды.

Иконға табынудың жалынды қорғаушысы рим папасы болды. 726 жылы III Лев Исавр, иконға табынуды тоқтатуды талап еткен Кіші Азиялық епископтарға қолдаушылық білдірді. 730 жылы

императордың күшімен иконға табынуды жақтайтын патриарх Герман, орнынан алынып, патриарх тағына иконға қарсы күресті қолдаушы Анастасий отырғызылды. Рим папасы дереу Германды қолдайтындығын білдірді, бірақ оның бұл әрекетінен түк шықпады.

Империяда кескілескен саяси және идеялық күрес басталды. Оның ең жоғарғы шегі әкесінің саясатын жалғастырған жаңа император V Константин Исаврдың қамқорлығымен 754 жылы өткізілген иконға қарсы күрес соборы болды. Бұл соборда храмда, жеке үйлерде де иконға табынуға тиым салынды. Иконды құрметтеу «эллиндік», пұтқа табынушылық, күпірлік деп табылды да, оны қорғаушыларға қарғыс жарияланды. Иконға табынуды жақтаушылар мен иконға қарсы күресушілер арасындағы тартыс көпке дейін созылды. Екі жақ жеңіс пен жеңіліске алма-кезек ұшырап отырды. VI Константинның (780–797) жастығын пайдаланып, оның орнына билік құрып отырған шешесі Ирина сарайға қайтадан ортодоксальді шіркеу басшылары мен монахтарды жинап алды. Олардың ықпалымен патриарх тағына иконға табынуды жақтайтын Тарасий (784–806) отырғызылды.

Иринаның иконға табынушылармен одағы 787 жылы Никеяда VII Әлемдік Соборды шақырумен аяқталды. Ол соборда иконға қарсы күрес айыпталды, ал иконға табынуды сынайтын епископтар өз көзқарастарынан бас тартуға мәжбүр болды. Бірақ иконға қарсы күресушілер біржолата көніп, мойынұсынған жоқ, күрес керісінше, өрши түсті. Ол күрес 843 жылға дейін созылды. Сол жылы иконға табынушылық бұрынғы қалпына келтірілді. Күрес иконға табынушылардың жеңісімен аяқталса да шіркеу мен мемлекеттің арасында компромиске қол жетті. Ол келісім бойынша шіркеулік-монастырлық жер иеленушілік қатты шектелді, ал астаналық, жергілікті шіркеулік иерархия император билігіне бағындырылды. Византия императоры православиелік шіркеудің басшысы деп танылды.

Иконға қарсы күрес аяқтала бастағанда павликиандықтар Византия езгісіне қарсы ашық, қарулы көтеріліске шықты. Олар Кіші Азиядағы араб-византия шекарасында, астанасы Тефрик болған өз мемлекетін құрды. Павликиандықтар Византияның ішкі облыстарына шабуыл жасап, Никея мен Никомедияға, Эфеске дейін жетті.

872 жылы Вафириак маңында Византия әскері павликиандықтарды талқандады. Шайқаста павликиандықтар басшысы Христо-

хир өлді. 878 жылы византиялықтар Тефрикті басып алды. Аман қалған павликиандықтар Арменияға барып бас сауғалады. Сөйтіп VII–VIII ғасырларда Батыс Еуропада франктер мемлекеті күшейіп, империяға айналып жатқанда, дүрілдеп тұрған қуатты Шығыс Рим империясы бір жағынан арабтар мен славяндар шапқыншылығынан, екінші жағынан иконға қарсы күресушілер мен павликиандықтардың қырқыстарынан әлсіреп, дәрменсіз шағын мемлекетке айналды.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Неліктен Византияда көптеген мектептер жеке адамдардікі, ал Батыс еуропада – шіркеулер мен монастырлардікі болды?

2. I Юстиниан өлгеннен кейін көп ұзамай Византия жаулап алған Африкадағы, Италиядағы, Испаниядағы иеліктерінің көп бөлігінен айырылып қалды. Қалай ойлайсыздар, ежелгі Рим империясын қалпына келтіруге византиялықтарға не кедергі келтірді?

5-тарау

ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ЕУРОПА

§ 1. Батыс Еуропадағы феодалдық құрылыстың негізгі сипаты

IX–XI ғасырлар аралығында феодализм Батыс Еуропаның көптеген елдерінде орнығып болды. Феодалдандыру процесінің аяқталуы күрделі жағдайда өтті, бірін-бірі алмастырған тұрақсыз мемлекеттік бірлестіктер пайда бола бастады. Осындай өзгерістердің барысында Еуропада жаңа, феодалдық қоғамның нұсқасы көріне бастады. Ерте орта ғасырлардың аяғына қарай Еуропаның саяси картасы қатты өзгерді. Толып жатқан варварлық корольдіктердің орнына біршама тұрақты феодалдық мемлекеттер пайда болды. Кейін қазіргі замандағы ұлттар деңгейіне көтерілген жаңа халықтардың қалыптасу процесі одан әрі дами түсті.

Каролинг империясы құлағаннан кейін 843 жылғы Верден шартының нәтижесінде іргесі бекіген үш мемлекеттен келесі ғасырларда Франция мен Германия ғана одан әрі өмір сүрді. Саяси және этникалық тұтастығы жоқ, Лотарь мемлекетінің тағдыры басқаша қалыптасты. Бұл мемлекет Лотарь өлгеннен кейін ыдырады да, оның орнына жаңадан үш корольдік пайда болды: Италия (Солтүстік және орта Италияны қоса есептегенде), Прованс (Рона алқабы мен Жерорта теңізі жағалауында) және Лотарьдың ұлы – II Лотарьдың есімімен аталған Лотарингия. 870 жылы Мерсен бітімі бойынша Франция королі (Батыс Франк корольдігі) мен Германия королі (Шығыс Франк корольдігі) Лотарингияны өзара бөлісіп алды. Германия солтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігін иемденіп, Францияға оңтүстік-батыс бөлігі қосылды. Бұдан кейінгі уақыттарда Лотарингия немесе оның жеке аймақтары біресе Германия, біресе Франция қолына көшіп отырды, сөйтіп, екі ел арасындағы күрестің негізгі аренасына айналды. X ғасырдың басында (925)

Лотарингия Германияның құрамына кірді де, 959 жылы екі герцогтыққа бөлінді – жоғарғы Лотарингия (кіші Лотарингия аты сақталып қалған Мозель өзені ағысы бойындағы аймақ) және төменгі Лотарингия (кейін Брабант, Геннегау, Люксембург, Кельн архиепископтығы және басқа да бірнеше феодалдық иеліктерден құрылған Шельда, Маас, Рейн арасындағы аймақ).

IX ғасырдың аяғында Прованс пен оған қарасты аймақтардан екі Бургунд корольдігі – 879 жылы Төменгі Бургундия (Сона мен Рона бойымен Жерорта теңізіне дейінгі жерді иемденген) және 888 жылы жоғарғы Бургундия (Сона мен Рона беткейінен Альпіге дейін жер) құрылды. Бұлар X ғасырда (933) бірыңғай Бургундия корольдігіне бірікті. XI ғасырда (1033) Бургундия корольдігі Германия империясының құрамына кірді. Бұлардан басқа Франция территориясында (Луара мен Сона аралығында) IX ғасырда Франция корольдігінің құрамында Бургундия герцогтығы пайда болды.

Верден бітімі бойынша Ұлы Карлдың немересі Лотарь, ал Лотарь өлгеннен кейін оның баласы II Людовиг король болған Италия біртұтас мемлекет болған жоқ. X-XI ғасырларда әртүрлі феодалдық күштердің шиеленіскен ішкі күресі мен жиі-жиі жасалып тұрған сыртқы шабуылы жағдайында біраз феодалдық мемлекеттердің күрделі қалыптасу процесі жүрді. Сол кезде Италияда пайда болған мемлекеттердің сипаты мен тарихи тағдыры да әр түрлі қалыптасты.

IX-XI ғасырларда Еуропаның басқа бөліктерінде жаңа мемлекеттер құрылып, этникалық жаңа топтар мен халықтардың қалыптасу процесі жүрді. Еуропаның оңтүстік батысында, Пиреней түбегінің солтүстік таулы аудандарында VIII ғасырдан бастап, Вестгот Испаниясын арабтар жаулап алғаннан кейін, 718 жылы корольдік болған Астурия өз тәуелсіздігін сақтап қалды, ал IX ғасырда Ұлы Карл негізін қалаған Пиреней сыртындағы Испан маркасынан бөлініп шыққан Наварра корольдігі құрылды.

Испан жерінің қалған үлкен бөлігінде VIII ғасырда пайда болып, X ғасырда Кордова халифатына айналған араб мемлекеті – Кордова эмираты өмір сүрді. XI ғасырдың бірінші жартысында ол бірнеше жеке эмираттар мен князьдіктерге бөлінді. Британиядағы англосаксондық корольдіктер IX ғасырда бір корольдікке – Англияға бірікті. Британияның солтүстігінде тәуелсіз Шотландия корольдігі, ал батыста – Уэльстің Кельт князьдігі өмір сүрді. Ирлан-

дияда қоныстанған тәуелсіз кельт тайпалары арасында кландардың бірігу және жоғарғы король өкіметінің құрылу процесі жүріп жатты.

Еуропаның солтүстігінде IX–XI ғасырларда Скандинавия елдері – Дания, Норвегия, Швеция феодалдық даму жолына түсті. Бұл елдерде алғашқы феодалдық мемлекеттердің қалыптасу процесі Батыс Еуропаның басқа елдеріне қарағанда әлдеқайда кейін басталды. VIII ғасырда дат корольдігі құрылды, IX ғасырда Норвегия корольдігі, ал XI ғасырда Швеция корольдігі қалыптаса бастады.

Шығыс және Орталық Еуропада бірнеше славян мемлекеттері қалыптасты: IX ғасырда пайда болып, IX–X ғасырларда шығыс славяндардың басын қосқан, Ладогадан Солтүстік Днепр жағасына дейінгі және Неман мен Припять беткейінен Ока және Волга өзендері аралығына дейінгі территорияны мекендеген Орыс мемлекеті; X ғасырда батыс славян тайпалары мен Одра, Варта, Висла және Балтық теңізі жағалауындағы тайпалық князьдіктерден құрылған Польша мемлекеті; X ғасырда қалыптасып, құрамына бірнеше батыс славян тайпаларын – чехтарды, моравтарды, словактарды және орта Дунай мен Лаба және Одра беткей аралығындағы территорияны, сондай-ақ Дунай мен Драва аралығындағы жерді алып жатқан кейбір солтүстік славян тайпаларын қосып алған Морав державасы пайда болды да, IX ғасырдың аяғында одан чех княздігі бөлініп шықты. X ғасырдың басында чехия мемлекет ретінде түпкілікті қалыптасты.

Балқан түбегінің шығыс бөлігін Византия империясы иемденді. Балқанның қалған территориясында оңтүстік славян мемлекеттерінің қалыптасу процесі жүріп жатты. Болгария алғашқы феодалдық мемлекет ретінде дамыды. XI ғасырда сыртқы жауларға қарсы күресте әлсіреген Болгарияны Византия жаулап алды.

Сав өзенінің төменгі және орта ағыстарынан оңтүстікке қарай мекендеген оңтүстік славян тайпаларындағы алғашқы феодалдық мемлекеттердің қалыптасу процесі VIII–IX ғасырларда басталады да, X ғасырдың ортасында бірнеше ұсақ тайпалық княздіктерді біріктірген Серб княздігі құрылды. XI ғасырдың басында Сербия Болгариямен бірге Византияның қол астына өтті. Жерорта теңіз жағалауында орналасқан мемлекеттер өздері басып алған Испания мен Солтүстік Африка жағынан шабуыл жасау қаупіне душар болды. IX ғасырдың 20-шы жылдарында арабтар Крит пен Сици-

лияға бекініп, 40-шы жылдары Италияның оңтүстігін басып алып, Неапольға, Амальфиға, Сореноға шабуыл жасады. IX ғасырдың аяғында Сардиния мен Корсика арабтардың қолына көшті. Осы жерде Прованстың оңтүстік бөлігіне орнығып, Рона бойымен жоғары қарай Альпіге дейін шабуылдар жасап, сауда жолдары өтетін таулы өлкелерді басып алды.

Батыс Еуропа территориясына осы кезде венгрлер қауіп төндірді. Венгрлер – IX ғасырдың басына дейін Урал және Волга өзендерінің аралығында көшіп жүретін, кейін Солтүстік жағалауына, Днепр мен Дунай аралығына қарай ойысқан тайпалардың угор тобына жататын көшпелі тайпалар. IX ғасырдың аяғында печенегтерден ығысқан венгрлер Карпаттан әрі асып, Тисса мен Дунай аралығына, байырғы ғұн және авар қоныстарының ауданына кірді. Батысқа қарай жылжыған венгрлер морав державасымен бетпе-бет келіп, 906 жылы Паннонияны жаулап алды. Паннония мен Тисса және Дунай өзендерінің жазық даласына бекінген венгрлер X ғасырдың бірінші жартысында Орталық, Оңтүстік және Батыс Еуропа елдеріне ұдайы шабуыл жасаумен болды. Венгрлердің атты әскерлері Болгария, Византия, Италия және Францияға басып кірді. X ғасырдың ортасында неміс және чех әскерлері венгрлерге Лех түбіндегі шайқаста соққы бергеннен кейін ғана венгрлер шапқыншылығы әлсірей бастады. X ғасырдың аяғында алғашқы феодалдық мемлекет қалыптасты.

Еуропа үшін ең қатерлі қауіп нормандардан төнді. Нормандар Скандинавия мен Ютландия түбегін және оған кіретін аралдарды мекендеген солтүстік герман тайпаларын – скандинавтарды құрайды. Скандинавтар негізгі үш топқа бөлінеді: даттар, норвегтер және шведтер. Өздерінің қоғамдық дамуы тарапынан көптеген Еуропа халықтарынан артта қалған. Шаруашылықтарында мал шаруашылығымен бірге балық және аң аулау жетекші орын алған. Теңіз жағалауындағы аймақтарда бұл негізгі кәсіп болды. Жер өңдеу нашар дамыды.

Нормандар арасында рулық-тайпалық қатынас ұзақ уақыт сақталды. VIII–IX ғасырларға қарай рулық қатынастар ыдырап, рулық және әскери ақсүйектер бөліне бастады, әскер басшылар-конунгтар бастаған тайпалық одақтар құрылды. Алғашқы скандинав корольдіктері қалыптасты. Скандинавиядағы өндіргіш күштер дамуының төменгі дәрежесі халықтың сұранысын қамтамасыз

ете алмады. Сондықтан, нормандар әскери олжа іздеп жиі теңіз жорықтарына шығатын болды. Әскери экспедициялар, ақсүйектер мен жасақтардың теңіз жорықтары тұрақты сипат ала бастады. Викингтер қарақшылықпен және саудамен айналысты. Батыс нормандар – норвегтер мен даттар – Солтүстік теңізі, Атлант мұхиты және Жерорта теңізі жағалауларында жорықтар жасады. Олар Шотландия мен Ирландия жағалауларын тонап, Исландия мен Гренландияда өз қоныстарын орнатты. Кейін Солтүстік Америка жағалауларына дейін жетті. Даттар Англия, Франция, Германия және Араб Испаниясы, Италия жағалауларына шабуыл жасады. Нормандар бірте-бірте тонаушылық шапқыншылықтардан қоныстық жерлерді басып алуға ойыса бастады. Солтүстік Шығыс Англияда IX ғасырдың бірінші жартысында жергілікті халықпен сіңісіп қоныстана бастады. 911 жылы Франция королі Карл, нормандар басшыларының бірі Ролландқа Сена өзені сағасындағы территорияны беруге мәжбүр болды. Бұл жерді қоныстанған нормандар христиан дінін қабылдап, Франция корольдеріне васалдық тәуелділікті мойындады. X ғасырдың басында Нормандия герцогтығы құрылды.

XI ғасырдың басында Нормандиядан шыққандар Гибралтар бұғазы арқылы Жерорта теңізіне кіріп, оңтүстік Италияның жерлерін басып ала бастады. 1061–1091 жылдары арабтардан Сицилияны тартып алды. Оңтүстік Италия мен Сицилияда нормандар біртұтас Сицилия корольдігіне біріккен графтықтар мен герцогтықтардың негізін қалалды.

Шығыс нормандар – ежелгі орыс және Византия деректерінде варягтар деген атпен белгілі шведтер өздерінің жорықтары мен саудагерлік экспедицияларын Фин бұғазы мен Батыс Двина сағасы арқылы орыс өзендерімен жасады. Олар Волгаға дейін жетіп, араб көпестерімен сауда жасады. Днепр бойымен Қара теңізге өтіп, Константинопольге дейін жетті. Бұл «варягтардан гректерге тартылған Ұлы жол» еді. Арабтардың, венгрлердің, нормандардың шапқыншылықтарының IX–XI ғасырларда кең қанат жаю себептері, сол кездегі Батыс Еуропаның саяси жағынан әлсіз, феодалдық бөлшектенген мемлекет болғандықтан өз деңгейінде қарсылық көрсете алмауынан болды.

Батыс Еуропаның көптеген елдерінде феодалдық қатынастардың қалыптасу процесі IX–XI ғасырларда аяқталды. Италияда,

Францияда феодалдық құрылым негізінен X ғасырда аяқталса, Англия мен Византияда бұл процесс XI ғасырдың аяғында, ал Германияда тек XII ғасырдың басында орнықты. Скандинавия елдерінде феодалдану процесі мүлде баяу жүрді. Ұсақ жеке жер иеленулермен қатар феодалдық вотчина үстемдік етті. Шаруалардың басым бөлігі жер иеленушіге бағынышты болды. Экономикадан тыс қанау феодалдық рента ретінде көрініс берді. Ерікті селолық қауым тәуелділікке түскен қауымға айналды. Феодализмнің алғашқы сатысында натуралды шаруашылық үстемдік етті, айырбас, сауда байланыстары жеткіліксіз дамыды. Батыс Еуропа елдерінің ірі поместьелерінде еңбекпен өтеу рентасы және шаруашылықтың барщиналық жүйесі болды. Алғашқы қала тұрақтары, рыноктық орталықтар, Оңтүстік және Солтүстік Еуропада теңіз саудасы үшін порттар қалыптаса бастады. Әлеуметтік-саяси қатынастарға тән сипат, жерге феодалдық меншік пен феодалдың саяси билігі еді. Ірі вотчина тек шаруашылық бірлік қана емес, тәуелсіз мемлекет-сеньорияға айналды. Өз иелігіндегі тұрғындарға байланысты феодал тек жер иеленуші ғана емес, қолына соттық, әкімшілік билік, әскери-саяси күштерді жинақтаған сеньор болды. Қоғамның осындай ұйымы X–XI ғасырларда Еуропада саяси бытыраңқылықтың қалыптасуына алып келді.

Шаруалар өз қожайынына жеке басы және саяси тұрғыда бағынышты еді. Батыс Еуропа елдеріндегі феодалдар арасындағы қатынас феодалдық иерархия принципі бойынша қалыптасты. Иерархияның басында король тұрды. Ол феодалдардың сеньоры, феодалдық иерархияның басшысы еді. Сатының корольден кейінгі баспалдағын ірі аксүйек және діни феодалдар иеленді де жерді көп жағдайда корольден алып отырды. Бұлар титулданған аксүйектер: герцогтар, графтар, архиепископтар, епископтар және ірі монастырьлардың аббаттары еді. Формальді түрде корольге вассал ретінде бағынғанымен, іс жүзінде тәуелсіз еді. Себебі, соғыс жүргізді, ақша шығарды, кейбір жағдайларда өз иеліктерінде жоғарғы соттық билікті де атқарды. Олардың вассалдары, әдетте ірі жер иеленуші барондар бір саты төмен тұрғанымен, өз иеліктерінде саяси билікті қолына жинақтады. Барондардан төменгі сатыда ұсақ феодалдар – рыцарлар тұрды. Рыцарлар үстемдік етуші топтың төменгі сатысын иеленгендіктен көбіне вассалдары болған жоқ. Вассалдар тек тікелей өз сеньорына ғана бағынды. Англиядан

басқа Батыс Еуропа елдерінде «Менің вассалымның вассалы менің вассалым емес» деген қағида іске асты. Шіркеу феодалдарының арасында өзіндік иерархия болды.

Вассалдық қатынастардың негізін феодалдық жер иелену – «феод», немісше «лен» құрады. Вассалға феодалды беру, иелікке ену «инвеститура» деп аталды. Инвеститура қабылдау сәтінде салтанатты шеру жасалды. Вассалдық бағыныштылыққа түскен адам «оммаж» әкелді. Француздарда бұл процесс «фуа» деп аталды. X–XI ғасырларда Еуропада замоктар көптеп пайда болды. Ол феодалдың саяси, соттық, әкімшілік, әскери билігінің орталығы болды. X ғасырлар бойы замоктар екі қабатты ағаш мұнаралар еді. Мұнаның жоғарғы қабатын феодал иеленсе, төменгі қабатын жасақ пен қызметшілер иеленді. XI ғасырдың басынан замок тастан қаланып салына бастады. Орталығында көп қабатты мұнара «донжон» болды. Мұнаралардың ең төменгі қабаты түрменің рөлін атқарды. Шаруалар әскери қызметтен толық босатылды. Замок пен деревня арасындағы қарым-қатынас күрделі болды.

IX–XI ғасырларда еуропада феодалдық замоктар қаптап кетті. Замок – феодалдың әдеттегі тұрағы – бір жағынан қорғаныс қамалы, сыртқы жаулардан, көрші-феодалдардан, көтеріліске шыққан шаруалардан қорғанатын қорғаны болды. Замок феодалға жақын маңдағы округтерге үстемдік жүргізіп, тұрғындарын бағыныштылықта ұстауға мүмкіндік берді. Көптеген замоктар арабтардың, нормандардың, венгрлердің шапқыншылықтарына байланысты салынды. Замоктар әдетте орманды төбелерге, төңіректі бақылауға мүмкіндік беретін және дұшпаннан қорғануға жеңіл өзендердің биік жағалауына тұрғызылды. X ғасырдың аяғына дейін замоктар көбіне ағаштан салынып, екі қабатты мұнараға ұқсас етіп тұрғызылды. Жоғарғы қабатта феодал, төменде жасақшылар мен қызметшілер тұрды. Замокты айнала дуалдар соғылып, су толтырылған орлар қазылды. Ор үстіне көтерме көпір салынды. XI ғасырдың басында феодалдар екі немесе үш биік тас дуалдармен қоршалған, бұрыштарына жауынгерлер мен бақылау мұнаралары қойылған тастан замоктар сала бастады. Ортасында бұрынғыша басты көп қабатты мұнара – феодал мен оның семьясының қашып тығылатын орны болды. Соғыс техникасының сол кездегі дәрежесінде мұндай тас замоктарды шабуылмен алу өте қиын еді. Әдетте замок көп күндік қоршаудан кейін ғана жауға берілетін.

X–XI ғасырларда Еуропадағы әскердің негізгі түрі атты әскер болды. Әрбір феодал сеньорға атты әскер қатарында қызмет етуге міндетті болды. Барлық феодал-жауынгерлердің арасында «рыцарь» – салт атты жауынгер сөзі осыдан шыққан. Бұл кездегі рыцарьлардың негізгі қаруы семсер мен ұзын найза болды. Сауыт пен қалқан қорғаныс үшін қызмет етті. Кейінірек XII–XIII ғасырларда рыцарь сауыттары пайда болды.

§ 2. IX–XI ғасырлардағы Франция

Француз корольдігінің қалыптасуының бастапқы кезеңі. 843 жылы Каролинг империясы ыдырағаннан кейін және 870 жылы Мерсен бітіміне сәйкес Францияны Германия мен Италиядан бөліп тұрған оның шығыс шекарасы негізінен үлкен өзендердің бойымен: Маастың төменгі жағалауымен, Мозельмен және Ронамен өтті. IX ғасырдың аяғында Сона мен Ронаның шығысында Жоғарғы және Төменгі бургунд корольдіктері құрылды. Аквитания іс жүзінде тәуелсіз болды да, Нейстрия мен Бургундияның солтүстік-батыс бөлігі IX ғасырда құрылған Бургундия герцогтығы Франциядағы соңғы Каролингтердің қоластында қалды.

X ғасырда бұл аймақтардың жағдайы ауыр боды. Неміс және француз каролингтерінің арасында өзара қырқысқан соғыстар жүріп жатты. X ғасырда Робертиндер мен соңғы Каролингтер арасында тақ үшін күрес жүріп жатты. Робертиндердің кейбіреулері король болып сайланды. 987 жылы ірі ақсүйектер мен дін басшылары Робертин Гуго Капеттаны король етіп сайлады. Француз тағы осы уақыттан бастап XVIII ғасырға дейін Капеттаның ұрпақтарының қолында болды. Біржолата ыдыраған Каролинг империясынан Франция корольдігінің бөлініп шығуы осы ел тарихындағы саяси маңызды сатылардың бірі болды.

Француз корольдігінің пайда болуы. Француз корольдігінің негізін 843 жылы Верден келісімшарты қалады. Келісім бойынша Франк мемлекеті Людовиг Благочестивыйдың ұлдарының арасында бөліске түсті. 855 жылы Лотарь өлгеннен кейін оның корольдігі ыдырады: императорлық титулы бар үлкен ұлы Людовиг Италия корольдігін, Карл оңтүстік шығыс Галлияны, кіші ұлы Лотарь Лотарингия деп аталатын Солтүстік теңізі мен Вогезами аймағын иеленді. Франк мемлекетінің территориясы Ұлы Карл мұралығы ретінде түсінілгендіктен мұрагерлердің біреуі өлген жағдайда

шекара мәселесі қайта қаралып отырды. Әсіресе рулық поместьелердің жиынтығы Лотарингия, көп талас-тартыс тудырды. 870 жылы Карл Лысый мен Людовиг Немецкий арасында Мерсен келісімі бойынша бөлінген Лотарингия, бұрынғы шекарасында қалыптастырылып, қолдан-қолға өтіп, ақыр аяғында шығыс франк корольдігінің құрамына енді. Уақыт өте келе Франция деген атауды иеленген батыс франк корольдігі 843 жылғы шекарасына келіп, осы калпында XIII ғасырдың ортасына дейін сақталды.

Француз корольдігінің этникалық құрамы өте күрделі болды. Елдің оңтүстік-батысында Гасконияда баскілер өмір сүрсе, солтүстік-батысында Бретанияда кельттер, солтүстігінде – Фландрияда герман тілдес фламандтар өмір сүрді. X ғасырдың басында Сенаның төменгі ағысын нормандар жаулап алды. Қалған территория роман тілдес болды, бірақ оны екі халық өкілдері мекендеді: солтүстік француздар және оңтүстік француздар немесе провансальдықтар. Екеуінің арасындағы шекара Пуатье сызығы Лион арқылы өтті. Испандық марканың тұрғындары тілі мен мәдениеті провансальдықтарға жақын каталондықтар болды.

Елдің саяси орталығы солтүстік-шығыста болды. Тұрақты астана болған жоқ. Король ауласы бірде Ланада, X ғасырдың аяғынан бастап Парижде тұрақтап жүрді. Шеткі аймақтарды басқару графтарға және олардың көмекшілері виконттарға тапсырылды. IX ғасырдың ортасына дейін олар мемлекет қызметкерлері ретінде қалды. Сепаратизммен күресу үшін Каролингтер графтарды жер иеліктері жоқ территорияға тағайындауға тырысты. Графтардың қызметін қадағалайтын орталықтан тағайындаған мемлекеттік ревизорлар да болды. Дегенмен жер иелігін қызмет территориясында алғаннан кейін графтар қарапайым монарх билігін орындаушыларға айналды. 877 жылы Карл Лысый бенфицийлерді мұралыққа беруге мәжбүр болды. Бұл шешімді бекіткен Кьерсен капитуляриі мемлекеттік қызметті мұралыққа беру жолындағы маңызды қадам болды.

IX ғасырдың аяғынан Каролингтер династиясы номинальді түрде ғана билік құрды. Іс жүзіндегі билік беделді солтүстік феодалдарының, әдетте нормандармен күресте көзге түскен Париждік рудан шыққан Робертиндердің қолында болды. 987 жылы магнаттар таққа дәл осы рудың өкілі Гуго Капетаны отырғызды. Капетаның ұрпақтары Капетингтер елді 1848 жылға дейін биледі.

Саяси әлсіздік, вассалдық-лендік жүйенің жойылуы король билігінің беделін түсірді.

Орталықтандыруға қарсы ұстаным әсіресе романданбаған тұрғындардың арасында басым болды. X ғасырдың басында Бретань, Гасконь, Нормандия іс жүзінде тәуелсіз болды. Король билігімен тек солтүстік-шығыс қана есептесті. Бірақ бұл жердің өзінде Фландрия мен Шампанияның ірі графтары қарсылық көрсетті.

Гуго Капета мен оның мұрагерлерінің билігі өз доменімен ғана шектелді, және XII ғасырдың басына дейін территориялық жағынан ұлғайған жоқ. Король домені Париж бен Орлеан арасында шектеліп, кейін «Иль-де-Франс» деп аталды. Король вассалдары арасындағы қақтығыстарды шешіп отырды, өзге жағдайларда сеньорлардың билігі дербес еді.

Солтүстік француз халқы мекендеген территорияда бірнеше ірі феодалдық иеліктер құрылды. Ла-Манштың бүкіл жағалауын Норманд герцогтығы алып жатты. Оның негізін қалаған нормандар солтүстік француз халқының тілі мен француз мемлекеттік мекемелерін тез қабылдады. X ғасыр мен XI ғасыр аралығында норманд герцогтығы Ла-Манш жағалауындағы иеліктерін батыста Бретанияға дейін, шығыста Соммаға дейін кеңейтті, Мэн графтығын өздеріне қаратты. Капетингтер жері Париж бен Орлеан айналасына топтасты. Оның шығысында Шампань графтығы, оңтүстік-шығысында Бургунд герцогтығы жатты.

Қиыр солтүстік-батыста кельт тұрғындары мекендеген Бретань, қиыр солтүстік-шығыста Фландрия герцогтығы болды. Солтүстік француз халқының тілі бұл графтықтардың тек оңтүстік бөлігіне ғана тарады. Провансаль халқының территориясында да ірі иеліктер орналасты. Пуату және Гаронна графтықтарының арасында Аквитания герцогтығы, Гаронна мен Пиреней аралығында Гаскон герцогтығы, оның шығысында Тулуз графтығы орналасты. Француз корольдігінің құрамына сонымен қатар Пиренейдің араб иеліктерімен шекаралас орналасқан, Испан маркасы деп аталған Барселон графтығы да кірді.

X–XI ғасырларда ірі феодалдар-герцогтар мен графтар бүтіндей тәуелсіз болды. Алайда олар феодалдық иерархияның басында тұрған корольдің вассалы болып есептелді. Францияда тілі жағынан туыстас болғанымен, екі халықтың орналасуы феодалдық бытыраңқылықты үдете түсті. Оңтүстік аймақтар XIII ғасырға дейін

Франция құрамына тек шартты түрде ғана кірді. Король негізінен солтүстік-француз халқының территориясының жоғарғы сюзерені болды. Король домендерінің аса құнарлы аймақтарға стратегиялық жағынан маңызды ірі екі өзен – Сена мен Луараның орта ағыстарына, сондай-ақ оңтүстіктен солтүстікке апаратын құрлықтағы жолдарға үстемдік ететін Париж бен Орлеанда орналасуының Франция тарихы үшін маңызы зор болды.

Әлеуметтік-экономикалық дамуы. IX–XI ғасырлар аралығында нормандардың, арабтардың, венгрлердің шапқыншылығы кезеңінде Франция территориясында мықты бекінген замоктар көптеп пайда бола бастады. Бұл процесс соңғы жылдардың арнайы әдебиеттерінде «инкастелламенто» деп аталады. Замок иелері шателендер өз қолдарына әкімшілік билікті жинақтады.

Сонымен, қарастырып отырған кезеңде барлық француз шаруалары бағыныштылыққа түсті. Осы кезеңде деректерде кездесетін «вилан», «колон», «серв» терминдері әлеуметтік сипаттың айырмашылығын көрсете алған жоқ.

§ 3. VIII–X ғасырлардағы Италия

Саяси дамуы. Еуропадағы варварлар шабуылының ақырғы толқыны Италияға келді. VI ғасырдың соңында Италия территориясының басым бөлігін лангобардтар жаулап алды. Оңтүстік Италия мен Рим дукаты Византия иелігі болып табылды. Жаулап алушылықтың нәтижесінде пайда болған Лангобард корольдігі VIII ғасырдың 70-жылдарына дейін өмір сүріп, кейін Ұлы Карл жаулап алды.

Лангобардтар тұсында барлық территория герцогтықтарға бөлінді. Бұл жерде әкімшілік, соттық, әскери билік шоғырланды да графтардың жеке позицияларының күшеюіне, сепаратизмге жол бастады. Лангобард корольдері Павия қаласын астана жасады. Олар сепаратистік ұмтылыстарды шектеп, Оңтүстік Италияға жорықтар жасады. Лангобард корольдіктері алдарына қойған негізгі мақсаттарының бірі – елді біріктіруге қол жеткізе алмады. Олардың тұрғындарының саяси-құқықтық әртектілігі де бірігуге кедергі келтірді. Лангобардтардың қарапайым құқығы 643 жылы Ротари Эдиктісінде көрініс тапқан.

774 жылғы франк жаулап алушылығы Лангобард корольдігін ірі еуропа мемлекетінің құрамына, 800 жылы империяның құрамына

енгізді. Бірақ бұл Италияға саяси бірлік әкелген жоқ. Апеннин жартыаралының орталығында 756 жылы Папа мемлекеті, немесе Папалық аймақ пайда болды. Оңтүстік Италия Византияның қоласында қалды. Ұлы Карл Италиядағы иеліктерінің әкімшілік-территориялық бірліктерін өзгертті. Герцогтықтардың орнына 20 графтық қалыптастырылды, олар франк ақсүйектерінің басқаруына берілді. Графтықтардың қызметін бақылау «император елшілігінің» қолында болды. Каролингтер тұсында бытыраңқылық ұстанымдар күшейді. Имунитеттік құқықтар кең таратылды, бұндай территориялар графтардың билігінен шығып кетті. Ұлы Карл империясы ыдырағаннан кейін де Италия бытыраңқылығы тоқтатылған жоқ. Верден келісімі бойынша ол тәуелсіз корольдық статусын алды. IX ғасырдың соңында Италия королінің титулы франк мұрагерлерінің арасында үнемі талас тудырып отырды. X ғасырдың ортасында солтүстік және орталық Италия герман корольдерінің талас-тартыс аймағына айналды.

Италиядағы феодалдық қатынастардың қалыптасуы VIII–IX ғасырларда жүрді. Бұнда романдық және германдық стильдердің элементтері синтезделді. Лангобард корольдығында феодалдану процесі барынша баяу жүрді. Ортағасырлық Италияның дамуында екі процесс қатар жүрді. Бір жағынан шаруашылық жүйеде өзгерістер болды, ол серв, колон, либертиндер еңбегіне сүйенді. Екінші жағынан лангобардтық дәуірде варварлар қоныстанған территорияларда ыдырау сатысындағы рулық-тайпалыққа тән тәртіптер үстемдік етті. Лангобардтардағы үлкен жанұя – фара, жер иелену құқығын алған ұсақ жанұяларға бөліне бастады. Лангобардтарда аллодтың пайда болуымен VIII ғасырда шаруашылық жағдайы бойынша рим посессорларына жақын ұсақ жер иеленушілер пайда болды. Олардың арасындағы жіктеліс ерікті арендаторлардың – либеллалардың пайда болуына алып келді. Кейде либеллалардың саны сервтердің, колондардың есебінен өсіп отырды.

IX–X ғасырларда либеллярилер эмфитевтер, прекаристер солтүстік және орталық Италияда кіші жер ұстанушылардың қатарын толтырып, ірі жер иелеріне әртүрлі формадағы тәуелділікке түсе бастады. VIII–IX ғасырларда қалыптасқан феодалдық вотчина домен жерінің аз көлемімен ерекшеленді. Ірі жер иеленушілердің қатарын рим ақсүйектері, лангобардтық жоғарғы топ, франк ақсүйектерінің тобы құрады. Лангобардтық жаулап алушылық жартылай

әсер еткен Оңтүстік Италияда феодалдау процесі баяу жүрді. Ерте орта ғасырларда бұл территорияларда кейінгі Рим империясында қалыптасқан шаруашылық тәртіптері үстемдік ете берді. Жұмыс күшінің негізін сервтер мен колондар құрады. Оңтүстік Италияда феодалдық құрылыс Орталық және Солтүстік Италиямен салыстырғанда бір ғасыр кейін орнады.

Италия тарихының өзге Еуропа елдерімен салыстырғандағы ерекшелігі қалалардың санының өте көп болуы. VIII–IX ғасырларда жаңа қала тұрақтары пайда бола бастады. Елдің ішінде ішкі рыноктар қалыптасып, Еуропамен, Африкамен, Таяу Шығыспен сауда байланыстарының тұрақты түрде дамуына Италияның географиялық жағдайы да әсер ете берді. Тиррен теңізінің жағалауында ірі порттар – Генуя, Пиза, Амальфи пайда болды. Порттардың Испаниямен, Туниспен, Египетпен, Византиямен сауда байланыстары тұрақтанды. Батыс пен Шығыс арасындағы сауданың дамуына делдалдық көрсеткен, Оңтүстік Италиядағы Византия иелігінің орталығы Бари қаласы болды. XI–XIII ғасырларда италия қалалары ауыл шаруашылығының дамуына әсер етіп, елдегі феодалдық қатынастардың өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырды. Ерте орта ғасырлардың аяғындағы Италияға тән сипат урбанизацияның жоғарғы деңгейі еді. Қала санының көбеюі орта ғасырлардағы Италияның саяси тағдырына әсер еткен маңызды фактор болды.

Оңтүстік Италия өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан солтүстік және орталық Италиядан көп өзгеше болды. Италияның оңтүстігі мен Сицилия остгот және лангобарт шапқыншылықтарына аз ұшырады. Олар ұзақ уақыт бойы құл иеленушілік тәртіпті сақтауға тырысқан Византияның қол астында қалды. IX–XI ғасырларда олар феодализмнің алғашқы сатысында тұрды. Солтүстік және Орталық Италияда тауар ақша қатынастары ерте туып қолөнердің ауыл шаруашылығына бөлінуіне алып келді. Осының нәтижесінде ортағасырдағы жаңа экономикалық орталықтар – қалалар пайда болды. Қалалар Италияда Еуропаның басқа елдерінен бұрын IX–XI ғасырларда қалыптаса бастады. По өзенінің алқабындағы қолайлы сауда жолында орналасуы Ломбардияның ірі қолөнер орталығы Милан, Пьяченца, Верона сияқты қалалардың өркендей түсуіне қолайлы жағдай жасады. Альпі асулары мен Аппенин тауларынан басталып, өзен жолдарына ұласатын Павия маңызы сауда орталықтарының бірі болды. IX–XI ғасырлардағы Италия батыс пен шығыс елдері арасындағы делдалдық сауда

орталығы болды. Адриат теңізі жағалауындағы грек қалаларымен, Египетпен, Сириямен сауда жасады.

Италия біртұтас ел болмады. Италия корольдерінің солтүстік және орталық Италиядағы өкіметі жасанды болды. Оңтүстік Италияға король билігі мүлде жеткен жоқ. X–XI ғасырларда Италияның феодалдық бөлшектену бейнесін феодалдық князьдіктер, герцогтықтар, графтықтар, марграфтықтар, епископтықтар, қала мемлекеттері толықтыра түсті. Италия қалаларының ерте дамуы олардың феодал сеньорлардың үстемдігінен ерте құтылуға мүмкіндік жасады. X–XI ғасырларға дейін солтүстік және орталық Италия қалаларында саяси билік феодал-герцогтардың, графтардың епископтардың қолында болды. X ғасырдан бастап қалалардың сеньорлармен күресі нәтижесінде кейбір қалаларды өзін-өзі басқаратын қалалық қауымдар (коммуналар) туа бастады, олардың көпшілігі XI ғасырдың аяғына дейін қалалық республикаларға айналды. Мысалы, Милан, Пьяченца, Верона, Падуя, Парма, Венеция, Генуя, Пиза, Флоренция, Лукка т.б.

Италиядағы саяси бытыраңқылықпен итальян феодалдарының арасындағы алауыздық күресті пайдаланған герман императоры Оттон I 962 жылы Римге жорық жасап, император тәжіне ие болды. Құрамына Италия мен Германияның көп бөлігін кіргізген «Рим империясының» құрылуын жариялады. Орталық экономикалық базасы жоқ этникалық тұтастығы болмаған бұл саяси құрылым Италияның дамуына көп кедергі болды. IX ғасырда папалық құлдырау шегінде тұрды. Папа тағына өздері қалаған адамдарды отырғыза бастаған герман императорларының бақылауында болды. Рим шіркеуінің басшысы папаның герман билеушілеріне тәуелді болуы XI ғасырға созылды. Италияның әлсіздігі саяси бытыраңқылығы оның жеке географиялық аймақтарындағы саяси-экономикалық дамудың әртүрлілігі феодалдану дәрежесімен дамуындағы айырмашылықтар үздіксіз феодалдық алауыздықтарға себеп болды. Бұндай факторлар елдің біртұтас мемлекет болуына кедергі жасады.

§ 4. IX–XI ғасырлардағы Германия

843 жылы Франк державасы үшке бөлінгенде жаңа корольдікті де Ұлы Карлдың ұрпақтары биледі. Бірақ 919 жылы Шығыс Франк корольдігінде (болашақ Германияда) жергілікті шонжарлар осындағы князьдердің ең құдіреттісі – Саксония герцогі Генрихті

король деп жариялады. Сөйтіп «бөтен» франк әулетін жергілікті әулет алмастырды. Генрихті король етіп сайлағаннан кейін, Еуропаның картасында жаңа мемлекет – Германия корольдігі пайда болды.

843–880 жылдары Каролинг империясының шығыс бөлігі саяси жағынан жекешеленді. Шығыс Франция деп аталған корольдіктің тағын Каролингтер үйінің мұрагерлері иеленді. Олар Батыс франк корольдігімен бақталастықта өмір сүрді. 876–888 жылдары «шығыс» Каролингтердің бірі Ш Карл батыс франк тағына шақырылды. Кейін өзіне Солтүстік Италияны бағындырып, аз уақытқа Ұлы Карл империясын біріктірді. Шығыс Франк мемлекетінің көптеген билеушілері Римге жорық жасап, Ұлы Карл қалаған дәстүр бойынша император титулын алуға тырысты. Империяның өзге жерлерінен шығыс франк корольдігінің екі ерекшелігі болды. Біріншіден, романдық емес, германдық диалект басым болды. Екіншіден, Италия мен Рейннің батысындағы территориялармен салыстырғанда шаруашылығы мен қоғамдық қатынастары архаикалық түрде болды. Феодалдану процесі бастапқы сатыда болды. Ірі герман герцогтықтары Саксония және Бавария қалыптасқан тайпалық бірлестіктер болды. Басында жергілікті ақсүйектермен герцогтар тұрды. Тюрингилер тайпасының негізінде герцогтық қалыптасқан жоқ, себебі, тюрингтер саксон герцогтарының қоластына түсті. Швабия герцогтығы қалыптасқанымен, тұрғындары аламандар баварлар мен сакстерге қарағанда тайпалық бірлестікке қол жеткізе алған жоқ. Лотарингия герцогтығы тайпалық сипатты иеленген жоқ. Лотарингия таза саяси комбинациялар мен бөлістердің нәтижесінде пайда болды, өзінің этникалық негізі болған жоқ, батыс территориясында германдық емес, романдық территориялар басым болды. Майн өзенінің бойында Франкон герцогтығы болды. Майн Меровингтердің кезінде де франктердің ыңғайлы жолдары еді. Аламан, баварлар араласқан тайпаларды көрші халықтар «франктер» деп атады, олардың жері Франкония болып аталып кетті. Архаикалық тәртіптері бар фриз тайпалары теңіз және кеме ісінің жақсы дамуына әсер етті. Елдің оңтүстігі мен батысында, яғни, каролингтік мұра басым территорияда әлеуметтік жіктеліс және феодалдану процесі X–XI ғасырларда біршама жетістіктерге жетті.

Шығыс франк корольдері, герцогтар викингілерден өз жерлерін қорғап қала алды. Шығыс франк корольдігінің Каролингтер ди-

настиясынан шыққан ақырғы билеушісі қайтыс болғаннан кейін, алғаш рет жергілікті ақсүйектік ру франкон герцогы I Конрад (911–918) сайланды. Конрад қайтыс болғаннан кейін Германияның екі жақсы дамыған герцогтығы Бавария мен Саксония өкілдері қатар сайланды. Тақ ақыр аяғында Саксон герцогы Генрихтің қолында қалды. I Генрих таққа отыруынан герман корольдігінің тарихын бастауға болады. I Генрих (919–936) корольдікте тыныштық орнатуға қол жеткізді. Бұл мақсаты жолында ол герман ақсүйектерінің қолдауына сүйенді. Ақсүйектердің қолдауымен Лотарингияны Шығыс Франк корольдігінің пайдасына шешті. Генрих шіркеумен қарым-қатынасты реттеп, герман тайпаларын біріктіріп, венгрлерге тосқауыл қоя білді. Ауыр қаруланған атты әскер ұйымдастырды. Атты әскердің пайда болуы феодалдық ақсүйектердің қалыптасу жолы герман қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың өзгерісіне әкелген маңызды өзгеріс болды. Мадырлардың шабуылынан герман жері көп зардап шекті. Король Генрихтің бірінші қолға алғаны венгрлерден Германияны қорғау болды.

I Генрихтің ұлы I Оттон (936–973) әкесінің саясатын жалғастырып, мадырларға тойтарыс берді. 955 жылы неміс және чехтардан құралған атты әскер Аугусбург маңында венгр әскерін жеңді. Оттонның тұсында қуатты неміс неміс атты әскері жасақталды. Сол кездегі Еуропаның басқа елдеріндегі сияқты мұның да негізгі күші ауыр атты әскер болды. Атты жауынгер жақсы қаруланып, кез келген уақытта жорыққа дайын тұруы үшін оған бірнеше шаруа, кейде бірнеше қыстақ қызмет етуі тиіс болды. Жаңа атты әскерге ие болған I Оттон венгрлермен шешуші шайқасқа дайындала бастады. 955 жылы Баварияның Лех өзеніндегі қиян-кескі ұрыста венгрлер күйрей жеңілді. Бұдан кейін олар Еуропаға шапқыншылығын тоқтатты. Бұған дейін ешкім бетін қайтармаған жауды жеңгеннен кейін I Оттон өзін Еуропадағы ең күшті король ретінде сезінді. Сондықтан ол Ұлы Карлдың үлгісімен Римде тәж киіп, императорлық дәреже алғысы келді. Бұл жаңа корольдіктің Рим империясы мен Ұлы Карл империясының мұрагері болып табылатындығын көрсетер еді. Оттонның жоспарына ешкім көлденең тұрған жоқ. Батыс Франк корольдігінде әлі билік құрып жатқан Ұлы Карлдың ұрпақтарының әлсірегені сонша, өздерінің герцогтары мен графтарын бағындыра алмай жүрді. Дегенмен Оттон қалған мәселеде әкесі қалыптастырған дәстүрлерден алшақтап

кетті. I Оттон корольдің герцогтардан артықшылығын үнемі негіздеп отырды. 951 жылы I Оттон Альпінің арғы жағына алғаш рет бет түзеді. Бұл жолы Римге жете алған жоқ, бірақ Италия патшалығының заңды мұрагерін тұтқыннан босатып, оған үйленіп, Италияның жергілікті ақсүйегі атанды. 962 жылы рим папасы XII Иоан шақыруына сүйенген I Оттон еш кедергісіз бүкіл солтүстік Италиядан өтіп, Римге келді. «Мәңгілік қалада» Оттон салтанатты түрде император титулын иеленді. I Оттонның замандастары бұл церемониядан ескі франк дәстүрінің жандануын ғана байқады. Іс жүзінде осы кезеңнен жаңа герман империясының тарихы басталады. Оның құрамына Германия мен Солтүстік Италия кірді.

I Генрих көбіне ақсүйектерге сүйенсе, Оттон және оның ізбасарлары елді басқаруда негізінен шіркеуге сүйенді. Оттон үнемі империяның шіркеуі мен монастрларына жер иеліктерін беріп, артықшылықтармен қолдап отырды. Еписоптық пен аббаттыққа өзіне адал адамдарды тағайындады. Король тағайындаған прелаттар империя мүддесіне ақсүйектік қызметтерді де орындады. Корольдің қолында жоғарғы шіркеулік қызметтер жинақталғандықтан, шіркеу басшысы ретінде герман королі танылды. Императорға бағынған, оның билігінің негізін құраған шіркеулік ұйым тарихнамада «императорлық шіркеу» деген атау алады.

II Оттон (973–983) әкесінің саясатын жалғастыруға тырысты. Италияның оңтүстігін жаулап алуға деген ұмтылысы сәтсіздікке ұшырады, арабтардан қатты жеңіліп, византиялықтарға тұтқынға түсе жаздады. I Оттон ұлы II Оттонды Византия ханзадасы Феофанаға үйлендірді. II Оттон қайтыс болғаннан кейін Феофана империяны 7 жыл биледі.

Шыққан тегі бойынша жартылай сакс, жартылай грек, өзін «Ұлы Карл мен Византия василевстерінің мұрагері» ретінде есептеген III Оттон (994–1002) өз заманына сай білімді адам болды. Таққа отырысымен Италияға келіп, император титулын иеленді. Оған император тәжін кидірген Рим папасы V Григорий. III Оттон Римде тұрақты резиденциясын қалыптастырды. Барлық герман императорлары сияқты III Оттон өз империясын ежелгі Рим державасының жалғасы деп есептеді, бүкіл христиан әлемінің Рим империясының қол астына бірігуін армандады. Әрине дүниежүзілік христиан империясы туралы арманды жүзеге асыру мүмкін емес еді. Сонда да герман императорлары өз империясын «Рим»,

кейінірек «Қасиетті Рим империясы» деп атады. Қасиетті Рим империясы бүкіл орта ғасырлар бойы өмір сүрді.

III Оттон Рим папасын бақылауында ұстағысы келді. Папа V Григорий өлгеннен кейін, II Сильвестер Рим Папасы ретінде тағайындалды. III Оттонның «Рим империясын» құру идеясы герман ақсүйектерінің арасында, итальян нобилитеттерінің арасында наразылықтар туғызды. Ақыр аяғында Римде наразылық басталды, III Оттон қаладан қашып шығуға мәжбүр болды. III Оттон 22 жасында артына мұрагер тастамай қайтыс болды. Король тәжі Саксон династиясының «қосымша бұтағы» II Генрихке өтті.

Германиядағы феодалдану процесінің ерекшеліктері. IX ғасырда Батыс Франк мемлекетінде жерге феодалдық меншік орнап, феодалдық қарым-қатынастар қалыптаса бастаған кезде, Рейннің шығыс бетін мекендеген Королинг империясы ыдыраған соң, батыс Франк мемлекетінің құрамына енген герман тайпалары X–XI ғасырдың бас кезінде ғана феодалдық қатынастардың қалыптасу кезеңін басынан өткере бастады. X–XI ғасырларда Германияда феодалдану процесі баяу дамыды. Феодалдық вотчина үстемдік етті. Ірі жер иелері феодалдық қатынастарға тартылғанымен, толық қамтылған жоқ, ерікті қауымдастықтардың белгілі тобы сақталып қалды. Әлі де болса аллодтық жерлер болды. Аллод толық мәнінде феодалдық меншік иелеріне айналған жоқ, тәуелді шаруалар еңбегін қанау олардың шаруашылығының негізі емес еді. Германиядағы феодалдану процесінің X ғасырдың бас кезінде аяқталмағанын оның саяси ұйымдарынан да аңғаруға болатын. Графтық қызмет және жергілікті басқару жүйесі әзірше феодалдандырылмаған, көптеген аймақтарда ескі соттық және әскери ұйымдар сақталып келді, феодалдық иерархия ақырына дейін қалыптасқан жоқ. Елдегі феодалдану процесінің аяқталмауына байланысты Германияның әлеуметтік-саяси өркендеуінің өзіндік бір ерекшелігі, алғашқы феодалдық мемлекеттің баяу қалыптасуында еді. Осының бір көрінісі ретінде X ғасырдың бас кезінде Германия территориясында тайпалық – Саксония мен Тюрингия, Франкония, Швабия және Бавария герцогтықтарының сақталғанын айтуға болады. Ірі феодалдық жер иеленушілерге айналған герцогтар өз билігін нығайту мақсатында ежелгі тайпалық туыстық байланыстарын пайдаланып отырды. Бұл Германияның тарихи өркендеуіне кедергі болған тайпалық бытыраңқылықты сақтауға итермеледі.

Германиядағы Каролингтер династиясы жойылғаннан кейін 911 жылы корольдікке тайпалық герцогтардың бірі І Конрад Франкский сайланды. І Конрад өлгеннен кейін герцогтар арасында үкімет билігі үшін талас басталды. Соның нәтижесінде 919 жылы екі бірдей король Генрих Саксонский және Арнульф Баварский сайланды. Герцогтардың сепаратистік ұмтылыстарына қарамастан, Германияда корольдік үкіметті күшейтуге объективті алғышарттар бар еді. Ең алдымен ол елдегі феодалдану процесінің аяқталмауына негізделетін. Қауымдық жерлерді тартып алу және ерікті қауымдықтарды өзіне бағындыру үшін, күшті корольдік үкіметті аңсайтын, үкіметтің нығаюына мүдделі, орта және ірі аллодистер қажет еді. Сонымен бірге шіркеулік жердің көлемін ұлғайтуға ынталы монастырьлар мен епископтықтар да корольдік үкімет тарапынан көмек көрсетілуіне мұқтаж еді. Екінші жағынан Германияның саяси бірлігі осы кездегі сырттан төнген қауіп жағдайында аса қажет болды. ІХ ғасырдың аяғында Германия нормандар шапқыншылығының аренасына айналса, Х ғасырдың басында Паннонияға қоныс тепкен венгрлердің шапқыншылығына ұшырады.

Германиядағы корольдік үкіметті күшейтуге объективті алғышарттарды Саксония династиясының (919–1024) корольдері пайдаланды, олардың алғашқы өкілдері І Генрих пен І Оттон шын мәнісінде германдық алғашқы феодалдық мемлекет қалыптастырды.

І Генрих (919–936) өзінің шебер саясатымен Франциядағы феодалдық алауыздықтарды пайдаланып және лотарингиялық феодалдардың да бір бөлігіне арқа сүйеп, француздық ленге айналған Лотарингияны өзіне қосып алды. Венгрлер шапқыншылығына қарсы күрес табысты жүріп жатты. Венгрлерге қарсы күресте замоктар салудың және ауыр қару-жарақты атты әскерлер құру маңызды болды. Венгрлермен соғыстағы тұңғыш жеңіс 933 жылы, Саксония мен Тюрингия шекарасында болды. 955 жылы Аугсбург түбіндегі Лех өзенінің бойында болған шешуші шайқаста венгрлер түпкілікті жеңіліп, олардың Германияға шапқыншылығы біржола тоқтады.

Оттондық шіркеулік саясат. Сыртқы жаулармен күресте қол жеткен табыстарына қарамастан, елдегі корольдік өкімет жағдайы тұрақсыздық күйінде қалып келді. Корольдік өкіметтің елді бір орталыққа бағындыру саясатына тайпалық геоцогтықтар табандылықпен қарсылық көрсетті. І Генрих герцогтықтардың ішкі істеріне

қандай да болмасын қол сұғудан бас тартқаннан кейін ғана, олар I Генрихтың корольдік атағын мойындады.

Тайпалық герцогтардың сепаратистік ниеттерін тұншықтыру және орталық өкіметтің беделін нығайту үшін, жергілікті жерлерде корольдік өкіметтің саясатын жүргізуге қабілеті жететін, оның сенімді тірегі бола алатын тиімді басқару органдарын құру қажет еді. I Оттон бұл мақсаттарды шіркеумен одақ құру арқылы жүзеге асырмақ болып әрекеттенді. Оттондық шіркеулік саясаттың мәнісі шіркеуді мемлекет мүддесіне қызмет еткізуге ұмтылушылық еді. Корольдік өкімет пен шіркеу одағының материалдық базасы корольдің шіркеулік мекемелерге орасан көп жер бөліп беруі болды, X ғасырда осылайша бөлінген жердің басым көпшілігі I Оттон мен оның баласы II Оттон тұсына тап келген.

Шіркеуге жер сыйлау арқылы, шіркеу ірі иммунитет иеленген феодалға айналды. Шіркеулік иммунитеттік округтерде шіркеу сотынан басқа қандай да болмасын сот құрылуына тыйым салынды. Оттондық иммунитеттік артықшылықтар шіркеулік мекемелерге кең өрісті мемлекеттік өкілеттілік құқығын берді, оларды мемлекеттің аса маңызды атқару органдарына айналдырды. Шіркеулік мекемелерге, епископтықтар мен империялық және корольдік аббаттықтарға меншігіндегі жерлерден әлдеқайда тыс жатқан белгілі бір территориялардан «корольдік банн» деп аталатын жер бөлінетін. «Корольдік банн» – мемлекеттік қызмет пен корольге және оның қарамағында қызмет істейтін адамдарға берілген өкілдіктердің (соттық, әскери, әкімшілік т.б.) жиынтығы деген мағына береді.

Шіркеулік мекемелерге корольдік банн берілген территориялар «бандық округтер» деп аталады. Бандық округтер көлемі каролингтік графтықтармен пара-пар болатын және герцогтардың қандай да болмасын қол сұғуынан қорғалатын.

Шіркеуге асқан мырзалықпен жер иелену және саяси құқықтарын берген I Оттон, сонымен қатар оларды мықты бұғаумен тек мүддесіне қызмет ету құралына айналдыруға әрекеттенді. Бүкіл епископтық және аббаттық қызметтер іс жүзінде корольдің қолында болды. Діни адамдар бұл қызметтерге тек үміткерлерін ұсынушылар ғана болды да, оны бекіту құқығы тек корольдің қолында болды. Епископтың немесе империялық аббаттардың орны босап қалған жағдайда, сол епископтықтың немесе аббаттықтың жерінен

түсетін барлық табыс тікелей корольдің өз қазынасына түсетін, сондықтан бұл қызметтерге адам тағайындауға асықпайтын. Корольдік өкіметтің қызметіне қойылған және оның басты тірегі болып саналатын шіркеулік ұйымдар «императорлық шіркеу (Reichkirche)» деп аталған.

Герман корольдерінің итальяндық саясаты және Герман империясының құрылуы. I Оттонның шіркеулік саясаты Италияны басып алу және Ұлы Карл тұсындағыдай империя құру жоспарымен байланысты еді. Корольдік өкіметтің итальяндық саясатынан, бай итальян жерін тонау арқылы байюдың тиімді жолын көріп отырған неміс феодалдарының басым көпшілігі I Оттонның бұл әрекетін қуана қостады.

Басқыншыларға тойтарыс беру үшін бірігіп кете алмаған, саяси жағынан бытыраңқы Италия, әртүрлі феодалдық топтардың күресінің объектісіне айналып, терең құлдырауға айналып, I Оттонның жоспарын жүзеге асыруды жеңілдетті. I Оттон немістің діни феодалдарының көмегіне сүйеніп, 951 жылы Италияға тұңғыш жорығын жасады, Солтүстік Италияны (Ломбардия) басып алды, I Оттонның өзі «лангобардтықтар королі» атағына ие болды. 10 жыл өткеннен кейін папа мен итальян феодалдарының кезекті күресін пайдаланып, Италияға жаңа жорық жасайды. 962 жылы Римде Папа I Оттонға император тәжін кигізді. I Оттон мен Рим Папасы арасында келісімге сәйкес, Оттон Папаның Италиядағы жерге иелік ету талабын мойындап, бірақ ол қоныстардың ең жоғарғы иесі герман императоры екендігін жариялаған. Папаның императорға ант беруі міндетті болды, ал мұның өзі Папалықтың империяға бағыныштылығының белгісі еді.

Сөйтіп, 962 жылы герман императоры тұрған «Рим империясы» пайда болды. Сырттай қарағанда Каролинг империясы қайта орнағандай болғанымен, іс жүзінде өзгешеліктері көп еді. Германия мен Италияның бір бөлігін ғана емес, бірқатар славян жері мен Францияның оңтүстік және оңтүстік бөлігін біріктірген бұл империя, көлемі жағынан Каролингтер империясынан кіші болды. Империяның құрамына феодалдану процесі баяу дамыған аймақтар енді. Империядағы өкімет билігі қарудың күшімен жүргізілетіндіктен аймақтардың бірлігі болған жоқ.

X ғасырда I Оттоннан бастап герман императорлары өздерінің билік құруының басым бөлігін Италияда өткізді. Корольдік

орталығының Германияда болмағандығы неміс феодалдарына тиімді болды. Батыс және Орталық Еуропада феодалдық қарым-қатынастардың қалыптасу процесі аяқталған кезде, этникалық бірлігі, тұрақты экономикалық негізі жоқ герман империясы өзінің ішкі және сыртқы әлсіздігін көрсетті.

Инвеститура үшін күрес. Франкондық династияның алғашқы корольдері II Конрад және III Генрих орталық өкіметтің позицияларын жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімдеп сақтап қалуға тырысты. Конрад вассалдар ленин тәркілеуге тыйым салды, ұсақ феодалдар тобына сүйенді. III Генрих жекеленген феодалдардың қарамағындағы монастырьлармен жақындаспақ болды. Алайда бұл шаралар герман империясындағы саяси дағдарысты тоқтата алмады. Дағдарыстың шарықтау шегі IV Генрих патшалық құрған кезде болды. Осы уақытта итальян феодалдарының экономикалық жағынан мықты топтары мен бірқатар итальян қалалары жақтаған немістің феодалдары арасындағы одақ қалыптасты.

XI ғасырдың 70-жылдарында император мен Папа арасындағы инвеститура мәселесі төңірегінде саяси дағдарыс ашық күреске ұласты. «Инвеститура» – жерге иелік енгізу, сеньордың өз вассалына феодал беру актісі болып есептелетін. Епископтықтар мен аббаттар жағдайында инвеститура жаңа епископпен аббаттың тиісті шіркеулік мекеме жеріне және оның адамдарына қожалық ету ғана емес, сонымен бірге оған діни атақ белгілеуді көздейтін. Соның белгісі ретінде сақина мен аса таяқ тапсырылатын. I Отгоннан бастап герман императорлары епископтықтар мен аббаттықтарға инвеститура жүргізетін болған және бұған өз өкіметінің аса маңызды тірегі ретінде қараған. Бұрын бұл тәртіпке бағынып келген папалар XI ғасырдың екінші жартысында императордың инвеститура жүргізу құқығына таласты. Инвеститура үшін күрес аса шиеленісті және ұзаққа созылып қоғамдық дамудың барлық бөлігін қамтыды. Бұл күресте Папа қолдауды Ключийліктер қозғалысынан тапты. Ключийлік қозғалыс немістердің арасында кең тарады, корольдік өкіметке қарсы оппозицияны күшейтті. Монах Гильдебрандт Ключийлік талаптардың жақтаушысы болды. 1059 жылы латерандық шіркеулік жиында папа сайлаудың жаңа тәртібін белгіледі. Жиынның шешімі бойынша, Папа құзырына сырт тараптан ешкімге қол сұқтырмай, діни қызметтерді тек Папаның қолынан алып, шіркеудің жоғарғы қызметіне тұлғаларды кардиналдар сайлауға тиісті болды.

Отгондық өркендеу. Отгонның билік құрған жылдары мәдениет пен білімнің жандану жылдары болды. Жандану «Каролингтік өркендеу» дәстүріне сүйенді. Византия мәдениетінің ықпалы жоғары болды. Германиядағы білім мен мәдениеттің орталығы ірі аббаттықтар еді. «Отгондық өркендеу» «Каролингтік өркендеумен» салыстырғанда әлсіз болса да, бірталай жетістіктерге қол жеткізді. Осы кезеңде Видукидтің «Сакстер тарихы», Титмардың «Хроникасы» дүниеге келді. Бұл тарихи шығармалар герман империясының тарихына қатысты маңызды мәліметтер береді.

§ 5. IX-XI ғасырлардағы Солтүстік Еуропа

«Солтүстік адамдары». Батыс Еуропада «нормандар» деп аталған тайпалар қазіргі норвегтердің, шведтердің, даниялықтардың арғы аталары. Олардың отаны Ютланд, Скандинав түбектері мен кейбір Балтық аралдары. Еуропаның солтүстігіндегілер өте қатал жағдайда өмір сүрді. Скандинав түбегінің көп бөлігін жартасты таулар мен ормандар алып жатқандықтан, топырағы құнарсыз, өндеуге жарамды жері аз болды. Өте ерте кезден теңіз нормандардың одақтасына айналды. Нормандар Солтүстік және Балтық теңіздерінде жүзіп тамағын асырады. Олар Еуропадағы таңдаулы теңізшілер еді. Шағын, бірақ берік, жылдам жүзетін кемелер жасады. Оның артқы жағы үшкір тұмсықты болды. Бұл қажет болған жағдайда ескектерді қайта орналастырып, кері жүзуге мүмкіндік берді. Кемелерді тұмсығы әдетте, айдахардың, жыланның басы сияқты ойылды. Бұл зұлым рухты үркітіп, жауға үрей тудырады деп есептеді. Нормандар компасты білмегенімен, жұлдыздар арқылы өз жолын жақсы таба алатын. IX ғасырдың басында норвегтер Фарер аралдарына жүзіп жетіп, жүзжылдықтың соңында Исландияны ашып, орналаса бастады. Жаңа жер іздеген алыс жорықтарға, сауда экспедицияларына, қарақшылық пен тонауға құмар викинглер қатары көбейе берді. X ғасырда солтүстік батысқа қарай бұрын ешкім жүзбеген бағытқа кетіп, күтпеген жерден Гренландияның жағалауын ашқан Эйрик деген викинг болды. XIV ғасырға дейін Исландия мен Гренландияның арасындағы байланыс үзілгеннен кейін ғана бұл территориялар құлдырады. XV ғасырдың соңында скандинавтардың Гренландиядағы мекендері қаңырап қалды. Эйриктің баласы Лейвк 1000 жылы шамасында Батысқа қарай аттанып, ауа-райы жылы жағалауға жеті. Бұл өлкені «Винланд» (жүзім елі) деп атады.

Винланд – Солтүстік Американың жағалауы екеніне қазір барлық тарихшылар келісті. Ньюфаундленд аралынан археологтар викингтердің мекенін тапты. Бірақ Лейвтің жағалаудың қай тұсында келіп түскені әлі анық емес. Біреулер оны Ньюфаундленд деп дәлелдесе, екіншілері Лабрадор түбегін көрсетеді, үшіншілері Винландты қазіргі Бостон қаласының маңайынан іздейді. Қалай болғанда да Лейв жаңа құрылыққа бірінші барған скандинав. Бұл Колумбтан 500 жыл бұрын болды.

Викинглер батысқа ғана емес, шығысқа қарай да жүзді. Балтық теңізі мен Батыс Двина арқылы олар шығыс славяндардың жеріне баса көктеп кірді. Еділдің бойымен скандинавтар Каспий теңізіне, Днепрмен Қара теңізге барды. Бұл жерден Константинопольге, тіпті Иерусалимге дейін жетті. Варягтардың жалдамалы жасақтары Константинопольдегі император сарайында қызмет етті. Византия императоры нормандардың қайраты мен ұрыстағы шеберлігін бағалады. Варяг жасақшыларының басшылары Русьте де маңызды роль атқарды.

IX–XI ғасырлар Солтүстік Еуропа тарихында «викингілер дәуірі» деп аталады. Бұл скандинав «конунгтері» басқарған экспансия ғасыры болды. Кейін ұйымдастырылған жорықтар халықаралық сауданың дамуымен, жаңа жерлердің ашылуымен астасып жатты. Скандинавияның өзінде осы кезеңде рулық-тайпалық қатынастар ыдырап, алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің қалыптасуына алғышарттар пайда болды. «Викинглер дәуірінде» скандинав халықтарының материалдық және рухани өмірінде алға басушылықтар байқалады. Скандинавия жарты аралының орманды жерлері игеріле бастады, ішкі отарлау қанат ала бастады. Тез жүретін, жетілген кемелер пайда болды. Осы кемелермен викингілер Солтүстік және Балтық теңіздері арқылы Еуропа өзендеріне көтеріліп, Сена арқылы Парижге дейін барды. Викингілердің кемелері Жерорта теңізінде, Атлантикада, Солтүстік Америка жағалауларына дейін барды. Халықаралық сауда-саттықтың нәтижесінде Солтүстік Еуропада Хайтабю (Дания), Бирка (Оңтүстік Швеция), Скирингосаль (Оңтүстік Норвегия) сияқты орталықтар пайда болды.

«Викинг» терминінің этимологиясы тарихнамада әртүрлі түсіндіріледі. Батыста викинглерді «нормандар» деп атаса, орыстар оларды «варягтар» дейді. Викинглердің шапқыншылығы туралы

алғашқы мәлімет VIII ғасырдың аяғына келеді. 793 жылы скандинавтар отряды Англияның солтүстік-шығыс жағалауындағы монастрға шабуылдап, оны тонап, өртеп жіберген. Аз уақыттың ішінде осындай қарақшылық әрекеттер Англия, Ирландия, Германия, Балтық теңізінің оңтүстік жағалауында қайталанып отырды. Уақыт өте келе батыс елдерінің билеушілері әскери қимылдарын жандандырып олардан қорғана бастады.

Дат жаулап алушылығы Еуропаның әртүрлі территорияларын өзіне бағындыра бастады. Олар солтүстік Атлантикадағы Фарер, Шетланд, Оркней, Гебрид аралдарына қоныс тепті. 870 жылдан кейін Норвегиядан шыққан нормандар Исландияға орналаса бастады. IX–XI ғасырларда норвегтер мен даттар Ирландияның басым бөлігін жаулап алды, осы территорияларда өз корольдіктерін құрды. IX ғасырда шведтер Балтық теңізінің оңтүстік жағалауына қоныстанып, «варягтардан гректерге» баратын жол салды. Бұл жол оларды Византия мен Араб халифатына шығаратын. Русь территориясына экспансия жасаудың әскери ғана емес, саяси сипаты да болды. Русьте скандинавтардың болғандығын көптеген деректерден көруге болады.

IX ғасыр бойы дат викингілері Солтүстік Германияны, Францияны, Англияны тонап отырды. Ғасырдың аяғында солтүстік және шығыс Англияның бірталай территориясы жауланып алынып, бұл жерлерге скандинав әскерлері қоныстанды. Аралдың шығыс бөлігі кейін «Дэнло» деп аталып, қоныстанушылар өздерінің әлеуметтік-құқықтық тәртіптерін орнатты. Викингілердің жорықтарынан Халықтардың Ұлы қоныс аударуының соңғы толқынын байқауға болады. IX–XI ғасырларда рулық-тайпалық құрылыстың ыдырауын басынан өткеріп отырған скандинавтар жерге, табысқа мұқтаж болды. Еуропа территориясына келіп батыстың әлеуметтік, саяси, демографиялық құрылымын өзгертті.

Ұлы қоныс аударудың екінші сатысының бірінші сатыдан өзгешелігі бар еді. Солтүстік варварлар IX–XI ғасырларда жаңа, әлі бекімеген әлеуметтік құрылыммен кездесті. Бұл құрылымды құлата алмағандықтан, феодалдану процесіне араласуға мәжбүр болды.

Скандинавия елдеріндегі феодалдану процесінің өзіндік ерекшелігі болды. Бұл ерекшелік Скандинавияның географиялық жағдайына да байланысты еді. Ерте феодалдық кезең Скандинавияда

XII–XIII ғасырларда болды. Шаруалардың жеке бағыныштылығы мен барщина кең қанат жайған жоқ. Норвегия жеке бас тәуелсіздігін мүлде білген жоқ, феодалдардың ленге деген құқығы шектеулі болды, вассалдық қатынастар Еуропамен салыстырғанда жетілмеген еді. Исландияда феодалдану процесі мүлде дамымады. Скандинавияның қарапайым халқының негізгі бөлігін ерікті – бондылар құрады. Жыртпалы жердің қожайыны үлкен жанұя болды. Орман, егістік жерлер ортақ иелікте еді. Топтардың қалыптасуы баяу жүрді. Жергілікті өзін-өзі басқару ұйымы «тинг» деп аталды. Біртіндеп саяси бірліктің іргетасы қалана бастады. Данияда бұл процесс VIII ғасырда қаланды. Харальд Синезубый (950–986) король билігін нығайтты. Норвегияның бірігуі негізінен XI ғасырда аяқталды. Швецияда ұзақ уақыт екі корольдік болды: солтүстігінде светтардың, оңтүстігінде еттардың. Скандинавиядағы христиандық шіркеу X–XI ғасырларда нығайды. Феодалдану процесімен бірге шіркеудің рөлі де көтерілді. Корольдер тарапынан шіркеу қолдауларды көріп, артықшылықтарды иеленді.

Нормандар бүкіл Еуропаны үрейлендірген VIII–XI ғасырларда олардың өмірі көп жағынан біз білетін басқа варварларға, ең алдымен «Халықтардың Ұлы Қоныс аудару» дәуіріндегі германдарға ұқсайтын еді. Мұнда да азат адамдардың (Скандинавияда оларды «бондтар» деп атады) арасында теңсіздік пайда болды, халық жиналысы – тинг маңызды мәселелерді шешті, біртіндеп әскери жасақтар – конунгтер көсемдерінің билігі күшейді. Ежелгі германдарда да, скандинавтарда да тұрғындар саны тез көбейіп, «артығы» жақын және алыс көршілерінің жерлерін басып алуға ұмтылатын. XI ғасырларда викингтердің шапқыншылығы біртіндеп тоқтады. Еуропаға орныққан нормандар жеке корольдіктерін құрып, Скандинавияның өзінде де мемлекеттер қалыптасты. Қоғамның барлық күші ішкі мәселелерді шешуге жұмылдырылды.

Руналар мен сагалар. Солтүстік Еуропаның тайпалары ұқсас тілде сөйлеп, бірін-бірі түсіне алатын. Ал бір-бірімен жиі қатысып тұрған жерлерде әр түрлі тілдер араласты. Мәселен, Данияның карамағындағы аймақта ағылшын-сакстер мен даниялықтар ұзақ уақыт бірге тұрды. Олар сөйлейтін тілдерде көптеген сөздердің түбірі бір еді. Айырмасы зат есімдер мен етістіктердің жалғауларында болды. Сондықтан мұндай жалғаулар біртіндеп түсіп қалды. Қазіргі ағылшын тілінде сөз таптарының өте аз өзгеретіндігінің бір

себебі осында, сондықтан да оның грамматикасын үйрену өзге шет тілдерінен оңай.

Бүкіл Солтүстік Еуропада өз жазуы, көне герман алфавиті – руналары болды. Ертедегі руналар бұл байтақ өңірдегі барлық герман тайпалары үшін ортақ еді. Ал жаңалары жекеленген елдерде даниялықтарда, норвегтерде, ағылшын-сакстерде өзгеріске ұшырады. Көптеген руналардан латын алфавитінің бұрмаланған әріптерін тануға болады. Руналарды ағашқа, металға, тасқа ойып жазғандықтан тік бұрышты болып келеді. Алдымен бұл жазуды тек абыздар ғана пайдаланды. Олар руналар сызылған ерекше таяқтарда лақтырып, сәуегейлік жасады. Қай таңбаның түскеніне қарап, құдайдың қалауын анықтады. «Руна» сөзінің түбірі де ертедегі германдардың «күпия» деген сөзімен түбірлес болуы тегін емес. Кейінірек рунаны найзаның ұшына, семсерге оя бастады, скандинавтардың молаларында ойылған тастарда да пайда болды. Руна жазуларының кейбіреулері нағыз өнер шығармасы.

Скандаинвтар рунаны орта ғасырларда пайдаланды. Дегенмен, Скандинавияда христиандық күшейген сайын латын тілі мен әліппесі де кеңінен тарай бастады. Діни кітаптар, ғылыми еңбектер, корольдің өкімдері латын әрпімен жазылды. Уақыт өте келе рунаны латын әрпі түпкілікті ығыстырды.

Скандинавтар рунаны құдайлардың ең бастысы (Асы) – кеменгер Один (ежелгі германдықтарда Водан) ойлап тапты деп сенді. Руна өнерін білу үшін Один өзін-өзі құрбандыққа шалды. Ол найзаға шаншылып, қасиетті ағашта он күн ілініп тұрды. Халықтың аңызында құдайлардың ең кеменгері – Один, сикырды білді, сондықтан түрін өзгерте алды. Один – Вальхалла сарайының иесі, мұнда шайқаста өлген жауынгерлердің жанын ержүрек аспан қыздары-валькираларға алып келеді. Басқа құдайлардың ішіндегі ең құдіреттісі – найзағай балғасымен соғысатын Тор (ертедегі германдарда Донар), тамаша Бальдер – көктем мен өнімділік құдайы, оны залым Лока өлтірген. Зұлым күштің Локадан басқа иелері де бар. Олар: алып айдаһар Фафнир, таңғажайып қасқыр – Фенир, өлім мен тозақтың құдайы Хель және оның жер асты патшалығының есігін күзететін төбет – Гармр.

Скандинав аңыздарының ең атақты батыры, қорқынышты айдаһар Фафнирді өлтіріп, Нибелунгтердің қоймасын иемденген Сигурд. Құдайлар мен батырлар туралы ертегілер көп уақыт бойы

қағазға түспей, бір ұрпақтан екіншісіне ауызша жетті. Еуропаның солтүстігінде сақталған батырлар эпосы ескерткіштерінің ең ірісі және көнесі Х ғасырдың басында ағылшын-сакс тілінде жазылған «Боевульф туралы поэма». Тарихи әңгімелер – сагалар да ауызша тарады. Кез келген скандинав конунгінің құрметті қонағы – скальд – жыршы, ақын, жауынгер болды. Скальдтердің өлеңдері өте күрделі, қазіргі оқырманның арнайы дайындықсыз түсінуі қиын. Тіпті ең таңдаулы деген аударманың өзі скальд поэзиясының нәзік тұстарын бере алмайды.

§ 6. IX–XI ғасырлардағы Англия

407 жылы Рим легиондары Британияны тастап, материкке кетті. Легионерлердің артынан біртіндеп Римнен қоныс аударушылар да құрылыққа орала бастады. Британияның кельт тұрғындары өзімен-өзі қалды. Аралдағы Рим мәдениеті құри бастады. Кельт көсемдерінің арасында өзара соғыс басталып кетті. Солтүстіктен андасанда пиктер мен скотт тайпалары шабуыл жасап тұрды. Бриттер германның ют, ағылшын, сакс тайпаларының жалдамалы жасақтарын пиктерден қорғану үшін шақырған болуы керек. Олар Германияның солтүстігінде және Ютланд түбегінде тұрған. Германдықтар кельттерден жалданған ақысын көтеруді талап етіп, үнемі бүлік шығарып отырды. Шамамен V ғасырдың ортасында юттер Кент пен Уайт аралын басып алды. Юттердің артынан ағылшындар мен сакстер көтерілді. Олар кельттерге қарақшылық шабуылдар жасап, аса күшті қарсылық көрмегеннен кейін, елді жаулап алуға кірісті. Шапқыншылықтан шошынған көптеген кельттер құрылыққа «Арморика» деп аталатын аймаққа қашты. Бұл жерге бриттер жаппай көшіп келгендіктен оның аты қазір де сақталып қалғандай – Бретань деп аталды.

Кельттер шапқыншылықтан ғана қашқан жоқ. VI ғасырдың басында Амвросий Аврелиан бриттерді біріктіріп, германдықтарға қарсы жолға шықты. Ол ағылшындар мен сакстердің қарсылығын шамамен жарты ғасырға тоқтатты. 600 жылы аралдың үлкен бөлігі жаулаушылардың қолына өтті. Тек Ирландия мен Шотландияда, Британияның қиыр батысында ғана шапқыншылыққа ұшырамаған кельттер қалды. Ағылшындар мен сакстер Корнуолл және Уэльс түбектерін басып алған жоқ. Кельт тілі, кельт мәдениеті бұл жерлерде тағы бірнеше жүз жылдар бойы сақталып келді.

Британияда (уақыт өте келе бұл территория Англия деп атала бастады) V ғасырдың екінші жартысынан VII ғасырдың басына дейінгі кезеңде бірнеше варварлық англосаксон корольдіктері пайда болды: Кент – қиыр оңтүстік-шығысында, негізін ют тайпалары қалаған; Уэссекс және Суссекс – аралдың оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігінде; Нортумбрия – солтүстікте; Мерсия – елдің орталығында, негізін англ тайпалары қалаған. Британия тұрғындарының кейбір келттік бөлігі германдықтармен араласып кетті. Осылайша ағылшын халқының этникалық құрамына кельт элементі кірді. Жаулап алушылар әр түрлі тілде сөйледі, бірақ бірте-бірте ағылшындардың мерсия диалекті үстемдік ете бастады. Сондықтан да уақыт өте келе жаулап алушылардың ортақ тілі ағылшын тілі деп, ал бүкіл ел – Англия деп аталды. Жаулап алушылардың әртүрлі тайпалары мен тізе бүккен тұрғындарының қалғандары бір халық болып бірігіп кетті. Олар тарихта «англосаксондар» деп аталды.

Англосаксон корольдіктеріндегі феодалдану процесі баяу жүрді және екі сатыдан өтті: V–VIII ғасырлардың бастапқы кезеңі, IX–XI ғасырлар феодализмнің үстемдік ету жылдары. Феодалдану процесінің баяулығын бірнеше факторлар түсіндіреді. Біріншіден, Галлиямен салыстырғанда Британияның нашар романдануы. Аралдың оңтүстік-шығысында ғана аграрлық қатынастарда рим әсері болды, елдің қалған территориясында, құрылыс тәсілдерінде ғана рим әсерін байқауға болар еді. Рим легионерлері кеткеннен кейін, Халықтардың Ұлы Қоныс аудару дәуірі басталғанға дейін, V ғасырда Рим элементтерінің белгілерін кельт тайпалары жойып жіберді. Ал ағылшынсаксон жаулап алу барысында рим элементтері мүлде жойылды. Сондықтан Англиядағы феодализм германромандық синтездің әлсіз белгілерімен, негізінен ішкі эволюция арқылы баяу дамыды. Екіншіден Британияға келген англ, ют, фриз, сакс тайпаларының әлеуметтік-экономикалық дамуы вестготтар мен бургундтарды айтпағанның өзінде франктерден төмен болды.

VI–VII ғасырларда англосаксон ақиқаттарынан көруге болатындай, жаулап алушылардың негізгі шаруашылығы – әсіресе орталығы мен оңтүстігінде мал шаруашылығы болды. Мал шаруашылығының, аңшылықтың, кейбір аймақтарда тұз, темір, қорғасын өндірудің де үлесі болды. Егін шаруашылығы жыртпалы болды. Англияның орталығы мен оңтүстігінде екі танапты егін шаруашылығы үстемдік етті.

IX ғасырға дейін тұрғындардың негізгі бөлігін ерікті шаруа қауымы «кэрлдар» құрады. Олар жердің ірі бөліктері – «гайдаларды» иеленді. Кейін қарапайым құқыққа сүйенген үлкен жанұяның иелігі «фольклэнд» деп атала бастады. Бұндай жерді мұраға беруге, сатуға тиым салынды. Негізгі тұрғындардан басқа ру ақсүйектері – «эрлдер» болды. Король жасақтары – «гезиттер», өмірлері жоғарғы вергельдпен қорғалды. Осылармен қатар құлдар мен жартылай еріктілер – «лэттер», «уилдар» құрады. Бұлар бөтен жерді иеленіп, оброк төледі және негізгі жұмыс күшін құрады.

VII ғасырдың аяғынан англосаксон мемлекеттерінде феодалдану процесі басталды. Англияны феодалданудың негізгі құралы жасақшылар мен шіркеу мекемелеріне корольдің жаппай жерді сыйға беруі болды. Жерді сыйға беру грамоталармен бекітілді, және «бокленд» деп аталды. Боклендтің пайда болуымен Англияда ірі жер иелігі пайда болды. Кедейленген кэрлдарды бағыныштылыққа түсірген ірі жер иеленушілер «глафорд» деп аталды. Феодалдануға кэрлдардың негізгі бөлігі XI ғасырдың аяғына дейін толық тартылған жоқ. IX–XI ғасырлар бойы феодалдану процесіндегі негізгі рөлді король атқарды. Феодалдық қатынастардың дамуымен глафордтта шешуші роль ірі жер иеленушілердің қолына өте бастады. Осындай жиналыстарда графтықтардағы король билігінің өкілдері шерифтердің де маңызы өсті. Корольдің әскери ұйымындағы кэрлдардың рөлі төмендеді. Тайпалық королдіктердің ерте феодалдық мемлекеттерге айналу процесі жоғарғы король титулы үшін күреспен қатарласа жүрді. VI–VII ғасырларда жетекші орынды Кент корольдығы иеленсе, VII ғасырдың аяғында Нортумбрия, VIII ғасырда Мерсия, IX ғасырдың басынан Уэссекс иеленді.

Біріктірілген мемлекетте көрнекті саяси рөлді жаңа орган «уитенагемот» (даналар кеңесі) атқара бастады. Олар корольдіктің аса ауқатты жер иеленушілерінен тұрды. Дегенмен, елдің бірігуі дат шапқыншылығын тоқтата алған жоқ. Даттар біртіндеп, елдің солтүстік-шығысын басып алып, англосакстерді оңтүстікке қарай ығыстырды.

Нормандардың қысымына алдымен Англия мен Ирландияның төтеп бергенін түсіну үшін картаға көз салсақ жеткілікті. Жел онынан тұрған жағдайда Дания мен Норвегиядан Англияның жағалауына бір аптаға жетпей баруға болады. 842 жылы нормандар

Лондонды тонап өртеді. Жиырма жылдай уақыт өткеннен кейін даниялықтар кезекті шапқыннан соң еліне қайтуды қойып, Англиядан жаулап алған жерлеріне қыстайтынды шығарды. 871–899 немесе, 900 жылдары король Альфред дат қысымын уақытша тоқтатты. Англосаксон әскерін күшейтіп, фрид – маруалардың жаяу әскері мен ұсақ жер иеленушілерден қаруланған атты әскер құрды. Әскери-теңіз фолтын құрып, мықты шекара бекіністерін салды. Осындай шаралар дат қысымын тоқтатуға мүмкіндік берді. Ол Англияны екіге бөлу туралы келісімге келуге көндірді. Орталығы Уэссекс болған оңтүстік-батыс, «дат құқығының аймағы» елдің солтүстік-шығысы (Дэнло). Альфред барлық ескі англосак құқықтарын жинақтап, жаңа король жарлықтарымен толықтырып, біртұтас заңдар құқығын шығарды. «Король Альфред заңдары» елдегі феодалдық қатынастардың дамуын көрсетті, қалыптасып келе жатқан үстемдік етуші топтың мүддесін қорғады. X ғасырдың екінші жартысында (959–975) король Эдгар Дэнло аймағын тәуелсіздіктен айырып, Англия территориясын біртұтас аймаққа біріктірді. 879 жылы Альфред даниялықтармен бітімге қол жеткізді. Бітім бойынша бүкіл арал екіге бөлінді. Оңтүстік-батыс жағы Альфредке, солтүстік-шығысы даниялықтарға тиді. Лондон мен Честер арасындағы ежелгі Рим жолы шекара болды. Елдің скандинавтарда қалған бөлігі Данияның қарамағындағы аймақ немесе ағылшынша «Денло» деп аталды. Бейбіт күндерді Альфред жаңа қуатты армия құруға жұмсады. Бұрын соғыс қаупі төнген кезде халық жасағы шақырылатын. Енді бес ағылшын-сакс алтыншысын қаруландырып, азық берді. Сондықтан, бітпейтін ұзақ соғыстың кезінде қыстақтағылардың бәрі бірдей жерлерін тастап кеткен жоқ. Жерді жыртып, өнімді жинайтын адам болды. Екіншіден, бір түгіннің табысы дұрыстап қарулануға жетпейтін. Ал жаңа тәртіп бойынша бесеуі алтыншысын викингтен кем қаруландырмайды. Сонымен бірге бұл «алтыншы» өзі үшін қалған бесеуі жұмыс істеп жатқандықтан күнкөрісті ойламайды, үзбей жаттығып, соғыс өнерін үйренеді. Осылай Альфредтің әскері әлдеқайда күшейді. Жаңа әскердің құрылуына байланысты қоғамда өте маңызды өзгеріс болды. Ол енді кәсіпқой жауынгерлерге бөлінді.

Альфред даниялықтардың қамалды қоршауды жақсы білмейтіндігін байқады. Сондықтан өз иелігінің шекараларына көптеген бекіністер-бургтер салды. Король Альфред тек әскерге ғана

қамқорлық жасап қойған жоқ. Ол өз заманы үшін білімді адам болды. Король өз сарайында мектеп ашып, басқа елдің қажетті кітаптарын ағылшын-сакс тіліне аударуға бұйрық берді. Оның кезінде «Ағылшын-сакстердің жылнамасы» жазыла бастады. Онда жыл сайын маңызды оқиғалар тіркелді. Альфред король қаза тапқаннан кейін оның мұрагерлері Денлоға шабуыл бастады. Жаңа әскер табысты әрекет етіп, X ғасырдың соңында біріккен Англия корольдігі (бұл кезде бұрынғы Британия атауын жаңа Англия атауы түбегейлі ысырып тастаған) Данияның қарамағындағы аймақты жойды. Бұл кезде мұнда орнығып қалған даниялықтар жергілікті халықпен белгілі дәрежеде бірігіп кеткен еді. Денлоның Англия корольдігіне қосылуының қауіпті жағы да болды. Англияда ішкі жанжалдар болып, мемлекет әлсіреді. Ал Дания тез күшейіп келе жатты.

1013 жылы Данияның королі өзінің әскерімен Англияның жағалауына келіп түсті. Соғыс қысқа болды. Тек Лондон ғана даниялықтарға біраз уақыт қарсылық көрсете алды. Англия корольдігін толық бағындырған Данияның королі Құдіретті Кнут (1016–1035). Кнуттың мемлекетіне Дания, Норвегия, Англия кірді. Жаулап алған Англияда ол ұзақ уақыт тұрды. Өте сақ саясат ұстады: даниялықтар мен ағылшын-сакстерді айырған жоқ, жергілікті заңдар мен әдет-ғұрыптарды сыйлап, шіркеуге қамқорлық жасады. Кнуттың мұрагерлері тұсында ағылшын-сакстер көтеріліске шығып, 1042 жылы даниялықтардың билігі жойылды.

Дат шабуылдары елдің солтүстік-шығысындағы феодалдану процесін біршама тежеді. IX–XI ғасырларда даттар дамуы жағынан англосаксон қоғамынан артта еді, олардағы қауымдық құрылыс феодалдану процесіне батыл қарсы тұрды. IX–XI ғасырларда кэрлдердің үлкен бөлігі бағыныштылыққа түсе бастады. Бұл процестегі маңызды орынды королдің ірі феодалдарға берген иммунитеттік артықшылықтары атқара бастады. Бұл – «сока» деп аталды. Сока территориясындағы шаруалар «сокмендер» деп аталды. X–XI ғасырларда Англияның оңтүстігінде ірі феодалдық вотчина – «манор» қалыптасты. Феодалдық вотчинада шаруалардың үш тобы еңбек етті: гениттер – ерікті кэрлдердің ұрпақтары; гебурлер – манордағы негізгі жұмыс күші, олар барщина атқарды; «котсетли» – ұсақ үлестердің ұстанушылары, құқықтық жағдайы жағынан гебурлерге жақын.

Осы кезеңде әскери қызметкер аксүйектердің – «тэндердің» қалыптасу үрдісі аяқталды. Олар король жасақшылары гезиттердің орындарына келді. Бұлар орта және ұсақ феодалдар еді. XI ғасырдың ортасында Англия біршама феодалданған ел еді. Дегенмен феодалдану процесі әлі аяқталмаған болатын.

X ғасырдың аяғында дат королдері өз билігіне тек Данияны ғана емес, Скандинавия жартыаралының оңтүстік бөлігін де енгізіп, 1016 жылы Англияға шабуылын жандандырып, өз билігін орнатты. Король Кнут (1016–1035) Англияның, Норвегияның, Данияның королі болды. Англиядағы дат үстемдігі нық болған жоқ. Кнут өлгеннен кейін ағылшын тағының басына ескі англосаксон династиясының өкілі Эдуард Исповедник (1042–1066) келді.

§ 7. VIII–XI ғасырлардағы Испания

Вестготтардың Рим империясына келу жолы. Рим империясының құлдырау кезеңінде Испания территориясына свевтер, вандалдар, аландар келген. Б.з.д. I ғасырда свевтер Галлияға еруге ұмтылып, Цезарьмен соғысады, ал II ғасырда вандалдар римдіктерге қарсы күрес жүргізеді. V ғасырда олар аландармен бірігіп, ертеде қоныстанған Венгриядан көшеді. Галлияға басып кіріп, 3 жылдан кейін Испанияға қоныстана бастайды. 409 жылы варварлар Испанияға толық басып кіреді. Вестготтармен қатар Испания территориясын вандалдар, аландар, свевтер қоныстанды. Бұл Рим мемлекетіне үлкен соққы болды. Вестготтардың күшеюі Галлияның мемлекеттік құрылымының бастамасы болды. Бұл жерде қолбасшы Атаульфтың ықпалы зор еді. Атаульф вестготтар мемлекетінің негізін қалаушы. Ол империяға қарасты Нарбон, Тулуза, Бордоны тұрақты түрде иеленді. Сонымен бірге Атаульф Римге тиселі теңіз аймақтарын алғаннан кейін Испанияға бет бұрды. Шығыс Пиренейден өтіп, вандалдармен соғысып, Барселонды иеленді. Осылай Пиреней жартыаралына свевтер, аландар, вандалдардан соң 414 жылы вестготтар келді. Атаульф жаулап алған жерлеріндегі Рим ықпалына деген ұмтылысы вестготтар арасында қарсылық туғызды. Осындай қарсылықтың нәтижесінде Атаульф 416 жылы Барселонда өлтірілді. Вестготтар басшысы Сигерих болды. Сигерихтың саясатына деген наразылық нәтижесінде билікке Валия келді. Валия император Гонориямен келісім-шарт жасасты. Келісім бойынша Рим вестготтарға Атаульф жаулап алған

Галлия жерін қайтарып берді. Сонымен бірге вестготтар формальді түрде өз державасын мойындатады. Вестготтар өз тарапынан Рим империясының одақтасы ретінде, басқа герман тайпаларынан Испания территориясын қорғап тұруға міндеттеме алады. Валия Атаульф иеленген Испан қалаларын қайтарып, Аквитанияға тұрақтанып, астанасын Тулузаға көшіреді. Тулуза VI ғасырдың басына дейін вестготтардың орталығы болды. Вестготтар бұл кезде Испанияны Римнің одақтасы ретінде иеленді. Осындай жағдай 456 жылға дейін жалғасты. Вестготтар империядан өз тәуелсіздіктерін алғаннан кейін де Испанияны билей берді. Вестготтардың қоныстануынан хроникалық және нарративтік деректер сақталмаған. Дегенмен, «Эрих кодексі», «Вестготтар правдасы» сияқты деректер бар.

Мұсылмандардың Испанияны жаулап алуы. VII ғасырдың соңында арабтар Солтүстік Африкадағы Византия иеліктерін бағындырып, 709 жылы олардың алғашқы отрядтары Вестгот корольдігінің территориясына келіп түсті. Арабтардан басқа жаулап алушылыққа Солтүстік Африканың жергілікті тұрғындары – берберлер де қатысты. 711 жылы олардың Испанияны жаулап алуы басталды. Вестгот әскері саны жағынан жауынан басым болғанымен бірінші ұрыста-ақ жеңіліп қалды. 714 жылы корольдіктің барлық бекіністері берілді. Арабтар мен берберлер Пиренейден солтүстікке қарай барлық вестгот иеліктерін жаулап алды. Арабтардың франк патшалығына қарай ішкерелеп енуін Карл Мартел тоқтатты.

Вестгот корольдігінің әлсіздігі оның ішкі және сыртқы қайшылықтарына байланысты болды. Шаруалар ауыр мемлекеттік салықтардан бас көтере алмады, ақсүйектер болса үнемі таққа таласумен болды, тақты иеленудің дәстүрі әлі қаланбаған еді. Елдегі католик шіркеуінің ықпалы иудейлер мен ариандардың наразылықтарын тудырып отырды. Сондықтан тұрғындардың басым көпшілігі арабтардың жаулап алушылығына бейтараптылық көрсетті. Ақсүйектердің басым бөлігі арабтарға көмектесті. Арабтарға қарсылық тек жартыаралдың солтүстігіндегі таулы аймақтарда ғана көрсетілді. Бұнда испандық-христиан мемлекеттерінің негізі қаланды.

755 жылға дейін мұсылмандық Испания Дамаск халифатының құрамына кірді. Билік Абассидтердің қолына өткен кезде, биліктен

аластатылған Омейядтар династиясының өкілі Ш Абд ар-Рахман ал-Андалусқа келіп бекініп, өзін «Әмір» деп жариялады. Оның астанасы Кордова қаласы болды. 929 жылы Абд ар-Рахман араб Испаниясының өзге мұсылман мемлекеттерінен тәуелсіздігін бекітті. Өзі халиф титулын алды. X ғасырда ал-Андалустың саяси беделінің шарықтаған кезеңі болды. Дегенмен 1008–1031 жылдар аралығындағы феодалдық бытыраңқылыққа деген ұмтылыстар Халифаттың бірнеше тәуелсіз княздықтар-тайфтерге бөлініп кетуіне алып келді. Олардың арасындағы ірілері Кродова, Толедо, Севиль, Валенсия, Сарагосс тайфтары болды.

Экономикалық тұрғыдан алғанда мұсылмандық Испания орта-ғасырлық Еуропаның гүлденген аймақтарының бірі болды. Оңтүстікте ирригациялық жүйелер жұмыс жасады, мәдени дақылдардың дәстүрлі түрлерімен қатар жаңа мәдени дақылдар өсіріле бастады. Елдің орталық бөлігінде мал шаруашылығы жақсы дамыды. Басып алушылардың басым бөлігі қалаларға тұрақтанды, колөнер-сауда орталықтары пайда болды. Ал-Андалус өзінің маталарымен, керамикасымен, тері мен темірден жасалған мүліктерімен танымал болды. Өзге мұсылман елдерімен қарым-қатынастың күрделілігіне қарамастан араптық Испания Жерорта теңізінде белсенді сауда жасады. Мұсылмандық Испанияның ақшасы Үндістаннан Ирландияға дейін танымал болды. Ал-Андалустың экономикалық гүлденуі XV ғасырға дейін қаланы әскери жорықтардың орталығына айналдырып отырды.

Ал-Андалустың әлеуметтік құрылымы феодализмнің жергілікті вариантына тән ерекшелікті иеленді. Ауыл шаруашылығына да домен мүлде болмағанына қарамастан ұсақ шаруашылық үстемдік етті. Шаруалар жерді арендаға алды және мемлекеттік салықтарды төлеп отырды. Өзге Батыс Еуропа елдерімен салыстырғанда салық тек ақшамен алынды. Ал-Андалустың саяси дамуы халифаттың кезінде де оның орталықтандырылған, дамыған әкімшілігіне қарамастан салыстырмалы түрде алғанда тұрақсыз болды. Шеткі аймақтардың билеушілері Кордовадан тәуелсіздігін талап етіп отырды. Жаулап алушылар мен жергілікті халық арасындағы қарым-қатынас та күрделі болды. Жергілікті халықтың бір бөлігі исламды қабылдады, келесі бір бөлігі араптанып кетті. Толедо тайфында қарулы қақтығыстар болып отырды.

Мұсылмандық Испанияның жоғары деңгейде дамыған қалалық өркениеті ортағасырлық Батыс Еуропаның мәдени дамуының

базасы болды. Кордова, Севиль, Толедо тайфтарының зайырлы мектептерінде құқық, философия, тарих оқытылды. Кордова халифатының кітапханасында 400 мың кітаптар болды, соның ішінде антика және византия авторларының қолжазбалары да бар еді. Андалус ғалымдары мен аудармашыларының қызметі еуропалық ортағасырлық мәдениеттің қалыптасуында шешуші рөл атқарды. Испан-араб әдебиетінің сюжеттері мен әдеби тәсілдерін өзге елдердің ақындары бойларына сіңірді. Араб лексикасы барлық еуропа елдерінің тілдерін байытты.

709–714 жылдары болған жаулап алушылық кезінде арабтар Кантабрий таулары мен Пиреней және Бискай бұғаздарының арасындағы территорияларды жаулап ала алмады. Кантабры, астур, баск тайпалары тұрақтанған бұл территорияларды өз уақытында не римдіктер не готтар жаулап ала алмаған, сондықтан бұл территорияларда феодалдану үрдісі мүлде даму алған жоқ. 718 жылы Ковадонга аймағында араб отряды талқандалды. Бұл қарсыласушыларды басқарған Пелайо – ақырғы гот королының туысқаны еді. Ол Астурионың алғашқы королі болып тағайындалды. VIII ғасырдың 50–жылдары ал-Андалустағы ішкі қырқыстарды пайдаланған Астурио королі, мемлекетінің территориясын ұлғайтуға қол жеткізді. Шекарада арабтардан қорғанатын бекініс пайда болды. Мұсылмандардың қолындағы территорияларды қайтару «Реконкиста» деп аталды. XV ғасырда аяқталған бұл үрдіске христиан феодалдары мүдделі болды. Себебі, жерді қайтару барысында олар жаңа жерлерді иелену құқығына ие болды, орталық билікке деген өз тәуелсіздіктерін нығайтты.

Реконкиста 8 ғасырға созылды және Испан тарихының әр сатысында өзіндік ерекшеліктерді иеленді. VIII ғасырдың ортасына дейін, Астурио Реконкистасы оңтүстіктен солтүстікке қарай жылжып, ішкі аймақтарды игере бастады. Кейін реконкиста территориясы қоныстанған аймақтарға жеткен кезде, оның жетекшілігін өз қолына король билігі алды. VIII ғасырдың аяғында Пиреней жартыаралында Астуриодан басқа Реконкистаның келесі орталығы – франктер иелігі пайда болды. 778 жылы Ұлы Карлдың Сарагосқа жасаған жорығы сәтсіз аяқталғанымен, франктер қазіргі Каталонияның территориясын басып алды. Осы жерде орталығы Барселона болған Испан маркасы құрылды. Астурия мен Каталония аралығындағы таулы аймақтар IX–X ғасырлар аралығында екі

мемлекет – Наварра корольдігі және Арагон графтығы құрылғанға дейін қолдан-қолға көшіп жүрді. Осылайша жартыаралдың солтүстік бөлігі толық арабтардан тартып алынды.

X–XI ғасырларда Испанияның саяси картасында өзгерістер байқалды. Каролинг империясы ыдырағаннан кейін Испан маркасында тәуелсіз графтық Барселона пайда болды. Астурио королдігі орталығын Овеноннан Леонға көшірді. X ғасырдың екінші жартысында халифаттың гүлденуінің шарықтау шегінде Реконкиста біршама басылып қалды. Леонда король билігі әлсіреді, мұсылмандар талантты әскер басы әл-Мансұрдың басқаруымен Астурио-Леон королдігіне, Барселона графтығына дүркін-дүркін шабуылдап тұрды. 1035 жылы Арагон және Кастилия королдікке айналды. 1037 жылы Кастилья королі Фернандо Леон королдігін талқандап, христиандық Испанияның батысын биледі. XI ғасырдың 30–жылдары Пиреней жартыаралында Кастилия, Наварра, Арагон корольдіктері, Барселона графтығы қалыптасты.

Пиреней жартыаралының солтүстігі арта қалған шеткі аймақ болды. Араб шапқыншылығы да бұл территорияның артта қалуына әсер етті. XI ғасырға дейін Астурио-Леон корольдігі адам аз қоныстанған аграрлы ел болатын. Реконкистаның ықпалымен мал шаруашылығы жақсы дами бастады. X ғасырдың ортасында феодалдық міндеткерліктер қалыптаса бастады. Шаруалар жерге байланысты салық төлеп, барщинада еңбек етті. Астурио-Леон корольдігіндегі билік етуші ақсүйек қызметкер және зайырлы феодалдар болды. X ғасырда жергілікті және әкімшілік биліктің қарапайым түрлері қалыптасты. Имунитет, бенефиция нашар дамыды. Испанияда бенефиция «престимония» деп аталды. Король доменін арабтардан тартып алған территориялар арқылы ұлғайтып отырды. Бұл орталық биліктің әлсіреуіне алып келді.

IX ғасырда Испан маркасының территориясында пайда болған графтық Барселона еді. Франк державасы ыдырағаннан кейін Испан маркасы Батыс франк корольдігінің құрамына кірді. Оның дербестігі біртіндеп нығайып, 987 жылы марка Гуго Капетаны король ретінде мойындаудан бас тартты. XI ғасырда Испан маркасы Барселон графтығының төңірегіне топтаса бастады. Кейін бұл территория Каталония деп аталып кетті. Каталония да Реконкистаға қатысты, X ғасырдың ортасында Каталония Кордова халифатының вассалдық бағыныштылығын мойындап, сауда байланыстарын орнатты.

Наварра мен Арагонның қоғамдық құрылысы Астуро-Леон, Каталониямен салыстырғанда архаикалық сатыда болды. Феодалдық құрылыс тек XI ғасырдың ортасында ғана орнады. 1035 жылдан кейін Наварра тағдыры Франциямен тығыз байланыста болды. XII ғасырда Арагон мен Барселона бір мемлекетке бірікті. Оған екі елдің Реконкистаға қатысты ортақ мақсаты түрткі болды.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Еуропа мемлекеттерінде жиі қолданылған «неке саясатының» мәні неде?
2. Францияда корольдің көптеген герцогтар мен кейбір графтардан экономикалық жағынан әлсіз болуының себебі неде деп ойлайсыздар?
3. Барондардың күшейіп кетпеуін ағылшын корольдері қандай әдістермен тежеп отырды.
4. I Оттонның корольге айналуының барлық кезеңін ретімен көрсетіңіздер. I Оттонға тәж кигізетін орын неге байланысты таңдалды.
5. X ғасырда герман корольін сайлау рәсімінде ежелгі халық жиналысы дәстүрінен не сақталып қалды?
6. Үлкен империяларды басқаруда шіркеу неге қолайлы құрал болған, түсіндіріңіз.
7. Карл Мартельдің реформасы мен Альфред корольдің әскери реформасының ұқсас жерлері қайсы? Бұл ұқсастық кездейсоқтық па?
8. Римдіктерден бастап Британияға басып кіргендердің тізімін жасаңдар.
9. Скандинавтардың жерлеу ғұрпын суреттеп жазыңыздар.
10. Неге үлкен руналар барлық еуропалық солтүстікке ортақ, ал кіші руналардың әр жерде айырмашылығы бар?
11. Картадан «солтүстік адамдарының» отанын көрсетіндер.

6-тарау

ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ (XI ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ МЕН XV ҒАСЫР)

Орта ғасырлық қалалардың пайда болуы мен дамуы

Феодалдық қоғамның белгілі бір кезеңінде қаланың пайда болуы дамыған феодалдық кезеңге дәл келді. Қалалар сауда мен қолөнер орталығы ретінде қалыптасып, гүлдене бастады. Тауар өндірісінің өркендеуі және қалалардың өсуі феодалдық қоғамның экономикасына қолайлы әсер етті. X–XI ғасырлар бүкіл Батыс Еуропада қалалар тез өсе бастады. Қалаларда адамдардың жаңа мінез-құлқы қалыптасты: іскер, үнемшіл, ұқыпты, өз қадір-қасиетін жоғары бағалайтын адамдар, түптеп келгенде, ортағасырлық әлем бейнесін түбегейлі өзгертті.

Ежелгі Рим мемлекетінде гүлденген, жақсы өркендеген қалалар көп болды. Алайда Рим империясы құлдырай бастаған кезде қалалар тіршілігі біртіндеп тоқтауға айналды. Ерте орта ғасырларда Альпінің солтүстігіндегі римдік қалалар қаңырап бос қалды. Ежелгі римдіктер қалаған қабырғалар ішіндегі қалалардың орнында бос жер, жайылым мен егістік пайда болды. Италия, Испания және Францияның жерорта теңіздік жағалауы бойында ғана мұндай көңілсіздік байқалмады. Жерорта теңізіндегі сауда ешқашан тоқталған емес, ол қалалықтарға пайда түсіріп, қала өміріне жан беріп тұрды. X–XI ғасырлар Батыс Еуропа тарихындағы аса маңызды оқиға – байырғы қалалардың қайта жанданып, жаңа қалалардың пайда болу құбылысы жүзеге аса бастады. Қалалардың өсуі орта ғасырларда жаңа кезеңнің басталғандығын, Еуропа алға қарай қадам жасағанын білдірді.

Орта ғасырлық қалалардың бой көтеруі үшін нақты алғышарттар қажет еді. Біріншіден, ауыл шаруашылығы күшті нығайып,

шаруа өзін, отбасы мен мырзасын ғана асырап қоймай, қалалықтарға да өнімі қалуы керек. Азық-түліктің мол болуы үшін шаруа жау шабуылынан үрейленбей, өз жерінде емін-еркін еңбек етуі керек. Шаруаның бар ойы еңбек құралдарын, жерді өңдеу тәсілін жетілдіру жөнінде болуы керек. Осы себептен де венгрлердің немесе нормандықтардың шабуылына тойтарыс беретін кәсіпқой жауынгерлер тобының пайда болуын, мемлекеттің шығуын Еуропада қалалардың өркендеуінің маңызды алғышарты деп қарастыруға болады. Адамдар үйреншікті тұрмыс қалпын өзгертуге құлшыныс білдіре қоймайды, сондықтан оларды қыстақтардан еркінен тыс айдап шығатын өктем күш қажет. Мұндай күш бұл ретте бір жағынан жердің аздығы, екінші жағынан, халық санының өсуі болды. Тез өсіп келе жатқан халық санына жер үлесінің жетпеуі себепті тамақты соқа мен орақтың көмегінсіз табуға деген құлшыныс пайда болды. Өнеркәсіптің бұл түрі қолөнер еді. Қолөнер бұйымдары сапалы болуы үшін, онымен үздіксіз айналысатын маман жасауы керек. X–XI ғасырлар қажетті мөлшерде жерге иелігі болмағандықтан, қолөнермен айналысуға бет бұрған адамдар жиналған тұтас елді мекендер пайда болады. Олар төңірегін сапалы бұйымдармен қамтамасыз етіп отырды. Осындай қоныстардан кейін қалалар өсіп шықты.

Орта ғасырлық қалалар сауда жолдарының қиылысында, өзен өткелдері маңында, адамдар шоғырланатын жерлерде пайда болды. Көбіне шағын қалашықтар қорғаныс мақсатында ірі замонардың қалқасында орналасты. Феодал оларға қорған болды, әрине өз пайдасын да ұмытқан жоқ. Феодалдар қолөнершілерді өздері шақырып, оларға қорған болуға, жеңілдіктер жасауға уәде етті. Феодалға қаладан пайда түсіп отырды. Ол қалада бас төреші болды және басқару билігін өз қолында ұстап отырды. Қолөнершілермен қатар қалаларға саудагерлер кеңінен қоныстанды. Еуропаның түпкірлерінен әкелінген тауарлар қалалардың базар алаңдарында сауданы қыздыра түсті. Базар ортағасырлық қаладағы ең басты орын болды. Базарда сауда ғана жасалып қойған жоқ, қалалықтар осы араға жиналып, маңызды мәселелерін шешіп отырды. Саудагерлер қала халқының ең дәулетті бөлігі болды, сондықтан басқаларға өз өкімін жүргізді. Қаладағы ең бай отбасылар өзара туыстасып, уақыт өте келе бірыңғай топқа – патрициатқа айналды. Патрициат мүшелері өз мырзалары рұқсат берген мөлшерде қала

өміріне басшылық жасады. Әр қаланың өз соты, әкімшілігі болды. Қала құқықтары хатқа түсіріліп, бұл жазбалар мұқият сақталды. Ең басты артықшылық өз базары болуға тиістігі еді. Қала халқы айтарлықтай тез өсті. Қалада діни адамдар көп тұрды. Қалалар тек қана үлкен елді мекен болып қана қойған жоқ, олар жаңа өмір салты, жаңа дүниетаным, жаңа адамдар қалыптасты. Ортағасырлық Еуропа кейпіне айтарлықтай өзгеріс енгізген осы қалалар болды.

Қалалар ортағасырлық қоғамның экономикасына біршама әсер етіп, қоғамның әлеуметтік, саяси, рухани өмірінде маңызды роль атқарды. Ортағасырлардың ерте кезеңінде ескі рим қалалары құлдырап, экономика аграрланды, варварлар басып алған территорияларда қалалар енді қалыптасуды басынан өткеріп жатты. Соған қарамастан ерте орта ғасырлар «қаласыз» кезең емес еді. Византияда полистер, батыс римдік қалалар болды. Дегенмен Батыс Еуропа ежелден жоғары өркендеген, қолөнері мен саудасаттығы бар Византия мен Шығысқа қарағанда артта қалған еді. Ортағасырлардың алғашқы кезінде батыста натуралды шаруашылық үстемдік етті. Қалалық өмірдің әлсіреуі, натуралды шаруашылықтың басым болуымен ерекшеленетін кезең антикалық қала мен ортағасырлық қалалардың арасында ұзақ уақыт жатты. Ерте орта ғасырлар дәуірінде тұрғызылған қалалар тек әкімшілік орталық немесе бекіністі пункттер, болмаса шіркеулік орталық қызметін атқарды. Қолөнер ауыл-шаруашылығынан бөлінбегендіктен, қалалар қолөнер мен сауда орталығына айнала алмады.

X–XI ғасырлар байырғы қалалар қайта жанданып, жаңа қалалар пайда болды. Еңбек өнімділігіне кең жол ашылды, өндіргіш күштер дамыды. Өңделетін жердің аздығы, халық санының өсуі ауыл тұрғындарын қалаға итермеледі. Қала өмірінің негізі экономикалық функция болды. Қала қалыптасуындағы шаруашылық алғышарттарымен қатар әлеуметтік және саяси алғышарттар да қалыптасты. Бұл феодалдану үрдісінің аяқталуы еді. Ауыл шаруашылығынан қолөнердің бөлінуі нәтижесінде, айырбас нәтижесінде Батыс Еуропа территориясында феодалдық типтегі қалалар көптеп пайда бола бастады. Орта ғасырлық қалалар қолөнер мен сауда орталықтары ғана болып қоймай, ерекше әлеуметтік және саяси ұйым ретінде жаңа статусты иеленді.

Батыс Еуропада орта ғасырлық қалалар қолөнер мен сауда орталығы ретінде Италияда, Францияның оңтүстігінде (Марсель, Арль,

Нарбонн, Монпелье, Тулуза, Монтобанда) пайда болды. Себебі мұнда IX ғасырдан бастап-ақ Еуропаның басқа аймақтарына карағанда феодалдық қарым-қатынастардың ертерек өркендеуіне өндіргіш күштердің елеулі дәрежеде өркен жаюына және колонершіліктің ауылшаруашылығынан бөлінуіне алып келді. Италияндық және оңтүстік француз қалаларының пайда болуына және өркендеуіне әсер еткен тағы бір тиімді фактор – Италия мен оңтүстік Францияның Византиямен және басқа сол кездегі даму дәрежесі өздерінен жоғары болған Шығыс елдерімен сауда байланысы болғандығы еді. X–XI ғасырларда қалалар солтүстік Францияда да, Нидерландыда, Англияда, оңтүстік-батыс Германияда, Рейн мен Дунай бойында да пайда болды. XI ғасырда Фландрия графтығында қалалар көбейді. Фландриялық қалалар – Брюгге, Ипр, Гент, Лилль, Дуэ, Аррас және басқаларының жұқа шұға өндіруімен даңқы шықты және олар Еуропаның көптеген елдерін шұғамен жабдықтайтын.

Қалалардағы тұрғындардың көпшілігі колонершілер болды. Өз шонжарларынан қашқан немесе қалаларға мырзаларынан оброк төлеуімен байланысты рұқсат алып кеткен шаруалар қала тұрғындарына айналған соң жеке басының тәуелділігінен біртіндеп босанды. Олар қалалық қауымдар құрды. Қауым феодалдық сеньорлармен күресте бірқатар жеңілдіктер мен еркіндіктер берді. Бұл жеңілдіктер мен еркіндіктер қалалар қабылдаған хартияда көрсетілді. IX–XI ғасырларда қалалардың тұрғындары ауылшаруашылығынан түпкілікті ажырап кеткен жоқ. Қолонершілер бастапқы кезде саудамен де айналысты. Кейінірек қалаларда қызметі зат өндіру емес, тауар айырбасы ғана болған жаңа қоғамдық топ – көпестер пайда болды. Алдыңғы дәуірдің тек сыртқы саудамен ғана айналысатын көпестеріндей емес, XI–XII ғасырдағы еуропалық қалалардың көпестері жергілікті нарықты өркендетуге байланысты көбіне ішкі саудамен айналысатын.

Орта ғасырлық қалалар өзінің сырт көрінісі жөнінен қазіргі қаладан мүлде өзгеше болды. Олар әдетте мұнаралары және қалың қақпалары бар тас дуалдармен, сол сияқты феодалдардың және жаулардың басқыншылығынан қорғаныс ретінде терең қазылған орлармен қоршалатын. Қала тұрғындарын колонершілер мен көпестер, күзет қызметін атқаратын қалалардың әскери жасақтары құрады. Орта ғасырлық қалаларды қоршаған дуалдар уақыт өткен

сайын таршылық қыла бастады, қала құрылысының бәрі бірдей оған сия бермейтін. Бірте-бірте дуалдардың айналасында қыстақтар пайда бола бастады. Олардың көпшілігі қолөнершілер, қару-жарақ жасаушылар, ағаш шеберлері еді. Қала шетіндегі қыстақтардың айналасы өз кезегінде жаңа дуалдармен, бекіністермен қоршалатын. Қалалардың көлемі тым шағын болатын. Әдетте олардағы тұрғындардың саны 3–5 мың адамнан аспайтын. 80–100 мыңнан астам адамдары бар Париж, Милан, Венеция, Флоренция, Кордова, Севилья сияқты қалалар өте аз болды.

Орта ғасырлық қаланың өндірістік негізін қолөнершілік құрады. Батыс Еуропадағы орта ғасырлық қолөнерге тән бір ерекшелік цехтық ұйымдар болды. Цехтар – нақты бір қаладағы нақты мамандық иелерінің айрықша одақтарға бірігуі. Цехтар қалалардың өздерімен бірге пайда болды: Италияда Батыс Еуропаның қалаларымен салыстырғанда X ғасырда, Францияда, Англияда, Германияда XI–XII ғасырларда пайда болды. Цехқа біріккен қолөнершілер тікелей өндірушілерге және өндіріс құралдарының меншік иелеріне айналды. Олардың әрқайсысы жеке меншік шеберханаларында өз аспаптарымен, өз шикізатымен жұмыс істеді. Цехтық иерархияда шебер, көмекші-шебер және шәкірттер әртүрлі сатыларда тұратын. Цехтың мүшесі болғысы келгендер оның төменгі екі сатысынан өтуге міндетті болды. Цехтар шәкірттің көмекші шеберлікке, одан шебер дәрежесіне көтерілуі үшін бірнеше жылдар қажет болды. Көптеген қалаларда цехқа бағыныштылық қолөнермен айналысқысы келгендер үшін міндетті шарт болатын, яғни қолөнерінің нақты түріне цехтық монополия орнаған еді. Цех мүшелері өндірген бұйымның кедергісіз өтуін және сапасын қадағалады. Осы мақсатпен цехтық жарғылар қабылданды.

XIV–XV ғасырларда цехтар батыс Еуропада прогрессивті рөл атқарды. Олар қолөнершілерді феодалдар тарапынан болған шектен тыс қанаушылықтан қорғады. Цехтар өндірістік тәртіпті нығайтты және қолөнершілік еңбекке жүйелілік пен тұрақтылық сипатын берді. Цехтар қала тұрғындарының феодалдық сеньорлармен патрициат үстемдігіне қарсы күресте маңызды рөл атқарды.

Батыс Еуропадағы сауда және несие ісінің дамуы. Батыс Еуропадағы ішкі және сыртқы саудада жәрменкелер үлкен рөл атқарды. XI–XII ғасырларда Францияда, Италияда, Англияда және басқа елдерде кең өріс алды. Жәрменкелерде бұйымдар, астық

тәрізді өтімді тауарлар көтерме сауда жолымен сатылатын. Аса ірі жәрменкелер сыртқы сауданы өркендету ісінде үлкен рөл атқарды. Мысалы, XII–XIII ғасырларда еуропалық саудада зор маңызы болған Францияның Шампань графтығындағы жыл бойы жұмыс істейтін жәрменкелерінде Еуропаның түрлі елдерінен – Фландрия мен Германиядан, Франция мен Италиядан, Англиядан, Католиядан, Чехия мен Венгриядан келген көпестер бас қосатын. Италияндық көпестер, әсіресе, венециялықтар мен генуялықтар Шампань жәрменкелеріне қымбат шығыс тауарларын – жібек, мақта, мата, зергерлік бұйымдарды және басқа да сәндік заттарды, сол сияқты тәтті тағамдар (бұрыш, дәм қабық, имбирь, қалампыр және басқаларын) жеткізетін. Фламандық көпестер мен Флоренциядан келген көпестер әдемі тоқылған шұғалар әкелді. Германиядан келетін көпестер кендір матамен, чехтық шұғамен, былғарымен және металдан жасалған бұйымдармен, Англиядан келетін көпестер, жүн, қалайы, қорғасын және темірмен сауда жасайтын.

XIII–XV ғасырлардағы еуропалық сауда негізінен екі ауданда тоғысқан болатын. Соның бірі, батыс еуропалық елдердің шығыс елдерімен сауда қатынастарын байланыстырып тұрған буын ретіндегі Жерорта теңізі болды. Бастапқыда бұл саудада араб және византиялық көпестер басты рөл атқарды, ал XII–XIII ғасырларда, әсіресе, крест жорықтарына байланысты жетекшілік рөл Генуя мен Венеция көпестерінің, сол сияқты Марсель мен Барселондық көпестердің қолына ауды.

Еуропалық сауданың екінші ауданы Балтық және Солтүстік теңіздерін қамтыды. Мұнда сауда осы теңіздердің маңына орналасқан барлық елдердің: Русьтің солтүстік-батыс аймақтары (Новгород, Псков және Полоцк), Балтық бойы (Рига), Солтүстік Германия, Скандинавия, Дания, Фландрия, Брабант және Солтүстік Нидерландия, Солтүстік Франция және Англияның қалалары қатысты. Бұл солтүстік аудандарда ең бастысы балықпен, тұзбен, былғарымен, жүнмен, шұғамен, зығырмен, кендір жіппен, балауызбен, қарамаймен, ағашпен, әсіресе кеме жасайтын ағашпен және кеме құрылысына қажетті басқа да тауарлармен, ал XV ғасырдан бастап астықпен сауда жасалды.

Сауда байланыстарының кең өріс алуына феодалдық бытыраңқылық аса көп кедергі келтірді. Әрбір сеньордың қол астындағы жері, сансыз кедендік бекеттермен қоршалып тасталатын, оларда

көпестерден белгілі бір мөлшерде сауда алымдары алынатын. Көпестер түрлі алымдар мен төлемдерді көпірден өткені үшін де, өзенді жалдап өткені үшін төлеулері керек болатын.

Әдеттегі баж салығына олардың өздері де ойдан шығарған түрлі алым-салықтар тағы қосылатын, олар тіпті күштеп алуға дейін баратын. Феодалдар көпестерге қарақшылық жасаудан да тайынбайтын және көпестер керуенін тонап кететін. Үлкен жолдардағы осындай талау, тонауларға атақты рыцарьлар, тіпті корольдер де қатысатын. Феодалдық тәртіптер, басыбайлық құқық, феодалдық сеньорлардың шексіз өкімшілігі, натуральдық шаруашылықтың үстемдігі, феодалдық қоғамда сауда ісін өркендету жолына қойылатын неше түрлі кедергілер мен қысымшылықтар сауда көлемінің өте аз болуына әкеп соқтырды. Соған қарамастан тауар-ақша қатынасы мен айырбастың бірте-бірте өсе түсуі жекелеген адамдардың, ең алдымен көпестер мен өсімқорлардың қолында ақшалай капитал қорлануына қолайлы жағдай туғызды. Ақшалай қаржының жиналуына, сонымен бірге ақша айырбастау операцияларының да әсері болды, ал ортағасырлардағы монета жүйесі мен монета бірліктері осылай етуді қажет ететін.

Бір ақшаны екіншісіне айырбастау және теңгелердің әр түрінің құндылығын анықтау үшін арнайы айырбасшылар мамандығы пайда болған. Айырбасшылар тек ақша айырбастау операцияларымен ғана айналысып қоймаған, сонымен бірге ақшалай соманы аудару ісімен де шұғылданған, осыдан келіп несиелік операциялар пайда болған. Әдетте, өсімқорлықтың өзі осыған орай өрбіген. Айырбас операциялары және несие жөніндегі операциялар арнайы банк кеңселерін құруға итермеледі. Осындай алғашқы банк кеңселері Солтүстік Италия қалаларында Ломбардияда пайда болған. Сондықтан «ломбардшы» деген сөз орта ғасырларда банкирдің немесе өсімқордың синониміне айналды да, кейіннен ол кепілге зат қалдыру операцияларын жүргізетін, қарыз беретін айрықша мекемелердің – ломбардтардың аты болып қалды.

Орта ғасырлардағы ең ірі өсімқорлар қатарына католик шіркеулері де жататын. Соның ішінде ең күрделі несиелік және өсімқорлық операцияларды жүргізген римдік курия болды және оған барлық еуропалық елдерден орасан зор ақшалай қаржы қаптап құйылып жататын.

Орта ғасырлық қалалардың пайда болуы туралы теориялар. Қалалардың пайда болу мәселелері үлкен қызығушылық

тудырады. Қалалардың пайда болу себептерін анықтауға тырысқан XIX–XX ғасырдың ғалымдары әртүрлі теорияларды ұсынды. XIX ғасыр ғалымдары орта ғасырлық қала қандай тұрақ формасынан пайда болды, бұл мекемелер қала мекемелеріне қалай айналды деген мәселе төңірегінде пікір таластырды. «Романдық теория» (Савиньи, Тьерри, Гизо, Ренуар) еуропаның романданған аймағы материалдары негізінде орта ғасырлық қалаларды антикалық қалалардың жалғасы деп түсінді. Солтүстік, Батыс, Орталық Еуропа материалдарына сүйенген тарихшылар орта ғасырлық қалалардың бастауын феодалдық қоғамның құқықтық негізінен шығарды. «Вотчина» теориясына сай, (Эйхгорн, Нич) қала институттары вотчинадан дамыды деді. «Маркалық теория» (Маурер, Гирке, Белов) қала мекемелерін ерікті селолық қауым – маркадан шығарды. «Бургтік теория» (Кейтген, Мэтланд) қала бастамасын бекіністен пайда болды деп түсінді. «Рыноктық теория» (Зом, Шредер, Шульц) қала құқығын рыноктық құқықтан шығарды. Бұл теориялардың барлығы бір жақтылықпен сипатталады, қарапайым себептерге баса назар аударылады.

XIX ғасырдың аяғында неміс тарихшысы Ритшель «бургтік» және «рыноктық» теорияны біріктіруге тырысты. Бельгия тарихшысы Пиренн алдыңғы тарихшыларға қарағанда қаланың пайда болуындағы экономикалық фактор туралы айтты. Құрылық аралық, аймақ аралық транзиттік саудаға, көпестердің орнына басым көңіл бөлінді. Бұл теорияға байланысты қалалар алғашқы кезде көпестік факториялар айналасында пайда болды. Пиреннің теориясын көптеген медиевисттер қабылдаған жоқ.

Қазіргі шетелдік тарихнама орта ғасырлық қалалардың археологиялық мәліметерін, топографияны, қала картасын зертеуде көптеген жетістіктерге жеткен. Бұл материалдар жазба деректерде көрсетілмеген қала алғышартындағы мәселелердің басын ашады. Бұл факторлар мен материалдарды қолданғанда әлеуметтік-экономикалық белгілер де есепке алынады. Орыс медиевистикасында, қала тарихына байланысты зерттеулерде қалалардың әлеуметтік-экономикалық рөліне баса назар аударылады. Қазіргі кезде орта-ғасырлық қалаларды ортағасырлық өркениеттің құрылымы ғана емес, феодалдық құрылымның органикалық компоненті ретінде қарастырады.

Қалалардың тікелей пайда болуының тарихи жолдары әртүрлі. Деревнялардан кеткен колөнершілер мен шаруалар «қала

ісімен» айналысуға байланысты, қалыптасқан қолайлы жағдайларға, саудаға байланысты қала тұрақтарына орналасты. Италияда, Оңтүстік Францияда бұлар әкімшілік, әскери, шіркеу орталықтары болды. Көбіне бұндай орталықтар ескі Рим қалаларының орнында пайда болды. Солтүстік батыс, Орталық Еуропада қолөнершілер мен саудагерлер мүліктерін өткізу үшін вотчиналардың, усадьбалардың, замоктардың айналасына орналасты. Маңызды жолдардың түйісінде орналасқан сауда саттыққа ыңғайлы жерлер қолайлы жағдайлар туған кезде қала орталықтарына айналып отырды. Батыс Еуропаның жеке аймақтарындағы қалалардың өсуі әртүрлі жылдамдықпен дамыды. VIII–IX ғасырларда алғашқылардың бірі болып феодалдық қалалар Италияда қолөнер мен сауда орталығы ретінде қалыптасты. Мысалы, Венеция, Генуя, Пиза, Бари, Неаполь. Осындай қалалар X ғасырда Францияның оңтүстігінде пайда болды. Бай антикалық дәстүрлері бар осы аймақтарда өзге жерлермен салыстырғанда қолөнер жылдамырақ қалыптасып, қалаға сүйенген феодалдық мемлекеттер пайда болды. Италиян және Оңтүстік француз қалаларының ерте пайда болуы мен өсуіне бұл аймақтарда қалыптасқан Византиямен және Шығыспен сауда да өз үлесін қосты.

X–XI ғасырларда Рейн мен Дунайдың жоғарғы ағысында Солтүстік Францияда, Нидерландыда, Англия мен Францияда феодалдық қалалар пайда бола бастады. Бұл аймақтардағы Рим қалалары аз болғандықтан қалалар негізінен жаңадан пайда болды. XII–XIII ғасырларда Скандинавия елдерінде, Ирландияда, Венгрияда феодалдық қалалар пайда болды. Еуропа территориясы бойынша қалалардың орналасуы біртекті болған жоқ. Солтүстік, Орталық Италияда, Фландрияда, Брабантта, Рейн жағалауында қалалар көп болды.

Қалалардың пайда болуы жалпы Еуропа дамуына тән қоғамдық еңбектің бөліну нәтижесі. Әлеуметтік-экономикалық салада қолөнердің егіншіліктен бөлінуімен, шаруашылықтың әртүрлі салаларындағы товар өндірісінің дамуы мен айырбас, әлеуметтік-саяси салада мемлекеттік құрылымдардың атрибуттары мен институттарының дамуы.

Қала тұрғындарының басым бөлігін тауар айналасы мен сауда төңірегіндегі адамдар, қолөнершілер, саудагерлер құрады. Қала тұрғындарының арасындағы ауқатты тобы кәсіпкер саудагерлер, көпестер болды. Қоғамның ерекше әлеуметтік тобын қалыптас-

тыра отырып, көпестер ішкі және сыртқы саудамен айналысты. Көпестік топтардың ерекшеленіп, бөлініп шығуы қоғамдық еңбек бөлінісіндегі маңызды қадам болды. Ірі қалаларда, саяси әкімшілік орталықтарда феодалдар қызметшілерімен өмір сүрді. Сонымен қала тұрғындары қатарын қызметкер бюрократия, нотариустар, дәрігерлер, интеллигенция құрады. Ортағасырлық қала көлемдері әртүрлі болды. Әдетте олардың тұрғындары 1 немесе 3–5 мың адамнан құралды. XIV–XV ғасырлардың өзінде 20–30 мың адамы бар қалалар ірі болып есептелді. 80–100 мың тұрғындары бар Константинополь, Париж, Милан, Венеция сияқты ірі қалалары да болды. Қалалар деревнялардан сыртқы түрі, тұрғындарының тығыздығы бойынша ерекше құбылыс еді. Қаланың алғашқы қабырғасы уақыт өте келе тұрғындарға таршылық етті. Бұрынғы қала орталығы «бургтің» төңірегіне посадтар, слободалар пайда бола бастады. Олардың тұрғындары негізінен колөнершілер, саудагерлер еді. Қала ауласының орталығында базар болды, оның төңірегіне қала соборы орналасты, соборда қаланың өзін-өзі билеу орталығы және қала кеңесінің құрылысы – ратуша болды.

Ортағасырлық қала феодал жерінде пайда болғандықтан оған бағынуға міндетті болды. Алғашқы қала тұрғындары кейбір жағдайларда қала сеньорына бағынышты болды. Олардың қолында барлық қала билігі шоғырланды. Қала феодалға бірталай пайда әкелгендіктен алғашқы кезде олар қаланың пайда болуына мүдделі болды. Феодалдардың қаладан табатын пайданы өсіруге деген ұмтылысы коммуналдық қозғалыстарға алып келді.

«Коммуналдық қозғалыс» қала мен феодал арасындағы Батыс Еуропаның барлық территориясында X–XIII ғасырларда пайда болған қозғалыс. Алғашында қалалықтар феодалдық қанаудың ауыр түрінен құтылу үшін күресті. Кейін қаланың өзін-өзі басқаруы сияқты саяси міндеттер де пайда болды. Бұл күрестің нәтижесі оның экономикалық гүлденуі мен саяси құрылымының деңгейін анықтады. Қалалардың күресі жалпы феодалдық жүйеге қарсы болған жоқ, қалалық құрылымның ішіндегі жеке сеньорларға қарсы болды. Коммуналдық қозғалыс әр территорияда тарихи ерекшелігіне байланысты әрқалай жүрді және нәтижелері де әртүрлі еді. Оңтүстік Францияда тәуелсіздікке IX–X ғасырларда қан төгусіз қол жеткізілді. Себебі бұл қалалардағы сеньорлар тек қана қала басшысы емес, үлкен аймақтардың билеушілері еді. Сондық-

тан олар жергілікті қалалардың гүлденуіне мүдделі болды. Солтүстік, Орталық Италияның көптеген қалалары қала-мемлекеттер болды. Коммуналдық күрестің бір мысалы ретінде Милан қаласының тарихын айтуға болады. Миланда XI ғасыр бойы қалалықтар сеньорлармен күресті. Ғасырдың 50-жылдары қалалықтар қозғалысы епископтыққа қарсы азамат соғысына ұласты. Бүкіл Италияны қамтыған еретиктердің, катарлар мен вальденстердің қозғалысымен астасып кетті. Осы оқиғаға мемлекет басшылары тартылды. Қала XI ғасырдың соңында коммуна статусын алды.

XII–XIII ғасырларда Германиядағы императорлық қалалардың жағдайы да осыған ұқсас болды. Формальді түрде олар императорға бағынғанымен, іс жүзінде тәуелсіз қала республикалары еді. Солтүстік Францияның қалалары қарулы қақтығыстардың нәтижесінде коммуна статусын алды. Өз ортасынан кеңес тағайындап, қала басшысы – «мэрді» сайлады. Кейбір қалалардың азаттық үшін күресі ұзаққа созылды. Мысалы, солтүстік француз қаласы Лананың тәуелсіздік үшін күресі 200 жылға созылды.

Қаланың қалыптасу үрдісінде феодалдық Еуропада ерекше қала сословиясы пайда болды. Экономикалық жағынан бұл сословие сауда-қолөнер қызметімен байланысты болды. Саяси-құқықтық жағынан сословия өздеріне тән артықшылықтар мен еркіндіктерді иеленді. Толық құқылы қала тұрғыны «бюргер» түсінігімен астасты. «Бюргер» сөзі Еуропаның бірталай елдерінде алғашқы кезеңде барлық қала тұрғындарына арналды. Мүліктік және әлеуметтік жағдайына байланысты барлық қала тұрғындары тең болған жоқ. Аукатты саудагерлер патрициат, қолөнершілер мен үй иелері, қала плебейлері болды. Феодалдық қаланың әлеуметтік саяси өмірінде қала тұрғындары ерекше орын алды.

Ортағасырлық қаланың өндірістік негізін қолөнер құрады. Батыс Еуропаның ортағасырлық қалаларына тән қолөнердің сипаты корпоративтік ұйым еді. Бірдей мамандық иелерінің әрбір қалада цех, гильдия болып ерекше одақтарға ұйымдасуы. Қалалық саудагерлер мен қолөнершілер көбіне бір серіктестікке: саудагерлер – гильдияларға, ал қолөнершілер – цехтарға ұйымдасты. Қала қолөнершілері, ұсақ тауар өндірушілер өндірісін қорғау үшін де цехтарға бірікті. Гильдиялар мен цехтар ең алдымен өз мүшелерінің мүддесін қорғауға тиісті болды. Цех барлық цех мүшелерінің тең жағдайда болуын қамтамасыз етті, біреуі екіншісінің есебінен

баюға, ешкімге көршісінің тұтынушылары мен тапсырыс берушілерін өзіне азғырып алуға рұқсат берілмеді. Сондықтан күніне қанша сағат жұмыс істеу керек, неше станок пайдалану керек, неше көмекші жалдауға болады деген мәселелерге қатаң тәртіп енгізілді. Бұл тәртіпті бұзғандарға цехтан шығып қалу қаупі төнді. Өндірген бұйымы цех қабылдаған нормаға сәйкес келмеген қолөнершіге де осы тәртіп қолданды. Арнайы білікті адамдар, өндірген тауардың сапасын мұқият тексеріп отырды. Қалаға сатуға әкелінген тауардың сапасы да қатаң бақылауда болды. Цех тек өндірумен ғана айналыспады, цехтар қала үшін де міндеткерліктер атқарды. Мысалы, олар қала қорғанысы үшін қажетті әскер бөлуге, өздеріне тапсырылған мұнара мен қақпаларда күзет міндетін атқаруға тиіс болды. Цех мүшелері соғысқа жеке әскер сабын түзеп, өз цехының туы астында аттанды. Кейбір қалаларда цехтар саны бірнеше жүзге жетсе, кейбір қалаларда оннан аспады. Цехтар мүлде болмаған қалалар да белгілі. Цех мүшелері шеберлер болды. Олар цех бастығы мен цех кеңесін сайлады. Шеберлерге олардың көмекшілері жәрдемдесті. Көмекшілер цех мүшесі болып саналмады, сондықтан да шеберге тиісті артықшылықтарды пайдалана алмады, өз кәсібін жете меңгерсе де өз алдына жеке іспен айналысуға құқылы болмады. Шебер атану үшін қиын сынақтан өту керек еді. Цехтың бас шеберлігінен үміткер шебер өз кәсібінің қыр-сырын жетік меңгергендігіне дәлел бола алатындай бұйым жасап ұсынды. Бұл үлгілі бұйым Францияда «шедевр» деп аталды. Шәкірттер көмекші шеберден де төмен сатыда тұрды. Еуропа қалаларында тек қана әйелдер жұмыс істейтін цехтар да болды. Цехтар көп жағдайларда шаруалар қауымдастығына ұқсас еді: бұл да ұсақ меншік иелерінің өз мүдделерін қорғау, бүкіл ішкі өмірлерін, өнім өндіруден бастап бірігіп, уақыт өткізу барысын реттеу үшін біріккен ұйым. Қауымдастық пен цех ұйымдары өздерінің қатаң тәртібі арқылы өз мүшелерінің бостандығын айтарлықтай шектеп отырды, оның есесіне оларға қамқор бола білді. Қаладағы цехтық ұйымның табиғаты феодалдық корпоративтік болды. Сондықтан XIV ғасырдың аяғына дейін Батыс Еуропалық цехтар прогрессивті рөл атқарды. XIII–XIV ғасырларда Батыс Еуропада цехтық революциялар жүрді. Кейбір елдерде бұл қарулы сипат алды. Кейбір қалаларда цехтар жеңіске жетті.

Қалалар нығайып байыған сайын олардың феодалдарға тәуелділігі бөгет бола бастады. Көбіне қалалықтар феодалдар алдындағы

міндеткерліктерін біртіндеп сатып алып отырды. Әуелі олар феодал талап еткен тегін еңбек борышынан құтылды. Біртіндеп басқа да құқықтарынан арыла бастады. Қалалықтар феодалдан сот жүргізу, алым-салық жинау, қаладағы қызмет иелерін тағайындау және басқа да қала тәуелсіздігін шектейтін құқықтарды сатып алды. Феодалдардың барлығы қала еркіндігін ризашылықпен бере қоймады. Осы себепке байланысты қалалықтар мен феодал арасында ұзаққа созылған күрес басталды. Азаттық алған қалалар, коммунаға айналды, өзін-өзі басқаратын болды. Коммуналарда барлық билік қалалық кеңестің – магистраттың қолына көшті. Әдетте магистратты қалалықтар сайлаған жоқ, ондағы орын патрициат отбасының мүшелеріне мұрагерлікпен беріліп отырды. Магистрат қаланы ғана билеп қоймады, кейде қала өзіне бағындырып алған жақын орналасқан қыстақтарға да билік жүргізді. Италия мен Германиядағы кейбір ірі қалалар билігі қала дуалдары шекарасынан асып кеткендігі сондай, көлемі жағынан графтықтар мен герцог иеліктеріне теңесетін болды. Мұндай ірі қалаларды қала-мемлекет деп атауы тегін емес. Ірі қала-мемлекеттерге Венеция, Флоренция, Милан т.б. жатады. Магистрат мүшелері сайланып қойылған жерлерде қалалық республикалар пайда болды. Үкімет басшыларын сайлап қоюға негізделген республикалық құрылыс ежелгі Грецияда пайда болған еді. Ортағасырлық Еуропада ол қала-мемлекеттер түрінде өрістеді. Осылай ортағасырлық Еуропада басым болған монархиямен қатар мемлекеттіктің тағы бір нысаны – республика пайда болды. Батыс Еуропада қалалардың пайда болуы мен өсуі ішкі және сыртқы сауданың дамуына әсер етті. Ортағасырлық сауда мен колөнерде қалалықтар жетекші позицияларды иеленді. Ортағасырлық мәдениеттің дамуында да қала сословиесі прогрессивті үлесін қосты. Қалада жігерлі де қайратты, ақшаны қайда жұмсауды ақылмен шеше алатын іскер адамдар өмір сүрді. Жерорта теңізі бойында сауда нүктелері қаптап кетті. Көбіне олар итальян саудагерлерінің факториялары еді. Олардың көпшілігі Венеция мен Генуядан шықты. Бұл теңіз республикаларының тамаша сауда және соғыс флоты болды. Олардың кемелері Еуропаға Таяу Шығыстан бағалы заттарды – қымбат маталар, фарфор, дәм-татымдық тағамдар тасыды. Оңтүстік теңіздерде итальян саудагерлерінің билік жүргізгені сияқты, солтүстік теңіздерде неміс саудагерлері басты роль атқарды. Солтүстік және Балтық теңіздерінің оңтүстік жағалау-

ларында жатқан Любек бастаған герман қалалары «Ганза» деп аталатын сауда одағын құрды. Ганза саудагерлерінің батыста Лондон мен Брюгте, шығыста – Новгородта, солтүстікте норвег қаласы Бергенде өз қонақүйлері болды. Ганзалықтардың флоты күшті болғандықтан одан барлық солтүстік мемлекеттердің корольдері мен князьдері қорықты. Олардың иелігіндегі әрбір қалада неміс саудагерлерінің тұтас үстемдігі болды. Немістер жергілікті саудагерлерде жоқ көптеген артықшылықтарды пайдаланды.

Ортағасырлық Еуропада 40–50 мың тұрғыны бар қалалар өте үлкен деп есептелді. Ондай қалалар деректерге қарағанда 15 болды. Қатардағы Батыс Еуропалық қалалар тұрғындары бір-екі мыңнан аспады. Батыс Еуропада шағын қалалар Шығыс Еуропамен салыстырғанда көп болды.

Қала орталығында базар орталығы жатты. Оған таяу салтанатты ратуша ғимараты тұрды, онда магистрант орналасты. Қалаға қатысты маңызды мәселелер осы жерде шешілді. Қаладағы басты шіркеу де осы маңда орналасты. Қалалықтар шіркеуге тек қана сыйынуға емес, маңызды оқиғаны немесе мейрамды атап өтуге, әкімшілік жарлығын тыңдауға, қызмет адамдарын сайлауға да жиналды. Қаладағы бай, құрметті адамдардың үйлері осы алаңға жақын салынды. Толық құқықты қалалықтарды Германияда «бюргерлер», ал Францияда – «буржуа», Италияда – «пополандар» деп атады. Үй тек қана баспана емес, қосымша шеберхана немесе дүкен міндетін де атқарды. Ортағасырлық авторлар қала көшелерінің ластығына назар аударған. Дегенмен, жақсы жабдықталған қала шаруашылығы туралы да әңгіме көп, әсіресе Жерорта теңізі елдерінде, Еуропаның солтүстігіндегі қалаларда тазалыққа үлкен мән берілді.

Қала адамдары өз замандасы шаруадан гөрі өмірге басқаша көзқараспен қарады. Бюргерлер уақытты бағалауды ерте үйренді – қаланың әшекейлі мұнарасында сағаттың болуы тегін емес. Қалада өмір екпіні қызу жүрді, ширек сағат кешіксең маңызды келісім бұзылып, іскер кездесу өтпей қалатын еді. Қала адамы жан-жақтан хабардар болып отыруға мәжбүр еді. Тынымсыз, сауда немесе қолөнер ісін үнемі жетілдіре беруге құштар, өзінің магистратынан басқа тәуелсіздіктерін мақтан тұтатын тәкәппар қала адамы ортағасырлық жеке адамның жаңа типі болды. Еуропаның келесі жүз жылдықтағы кейпін өзгертушілер тап осы адамдар еді.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Ортағасырлық қалалардың пайда болуына неге баса мән берілді?
2. Көптеген ортағасырлық қалалар бұрынғы Рим қалаларының орнына бой көтерді. Бұл қалалар Рим қалаларының жалғасы деп айта аламыз ба?
3. Цехтар мен шаруалар қауымдастығының қандай ұқсастықтары және айырмашылықтары болды? Цех ішіндегі қатаң тәртіп қандай мақсатпен енгізілді?
4. Картадан ортағасырлық Еуропаның ірі қалаларын көрсетіңдер. Олардың қайсысын қала-мемлекет деп атауға болады?
5. Еуропа картасынан итальян және ганзалық сауда аймақтарын көрсетіңдер.
6. Қала мектептері пайда болғанға дейін оқушылар білімді қайдан алды?
7. Дін ғылымының докторы атанған Париж университетінің студенттері нені оқып, қандай емтихан тапсырғандарын ретімен көрсетіңіздер.
8. Университеттің болуы неге қалаға үлкен бедел әкелді.

7-тарау

КРЕСТ ЖОРЫҚТАРЫ

Крест жорықтарының алғышарттары. 1095 жылдан 1292 жылға дейін еуропалық рыцарлардың шығыстық мұсылман елдеріне қарсы экспедициясы орын алды. 200 жыл бойы папалар, корольдер мен рыцарлар Иса Мәсіхтің өмірімен байланысты Иерусалимде және басқа қасиетті жерлерде билігін орнатқан мұсылман патшалықтарына қарсы қатыгез жорықтар жүргізді. Бұл соғыстар «крестшілер жорықтары» деген атқа ие болды. Олардың көпшілігі «құдайсыздарды» (селжук түріктерін солай деп санаған) құрту, олар басып алған жерлерді христиандарға алып беру сияқты «дінді қорғау» ұранымен өтті. Шын мәнінде бұл батыс еуропалық рыцарлардың Жерорта теңізінің Шығысындағы елдерге қарсы бағытталған әскери-отаршылдық экспансиясы еді. Оның басты мақсаты қасиетті жерді азат ету деп жарияланды. Христиандар Палестинаны солай атады, себебі інжілде айтылғандай, «сонда Иса Мәсіх азаптап өлтіріліп, кейін қайда тіріліп, аспанға ұшып кеткен».

Басты христиандық қасиетті орын Иерусалимдегі Иса Мәсіхтің табыты деп саналады. Ол сонау VII ғасырдың 40-шы жылдарынан бері мұсылмандардың, алдымен арабтардың, кейін Сырдария бойынан келген селжүк-түріктердің қолында болатын. Иерусалимді басып алып, Рим папалары өз биліктерін Шығыс елдеріне де орнатуды аңсады. Олар Шығысқа жорық Римге православие шіркеуін де бағындыруға көмектеседі деп үміттенді.

Дегенмен крест жорықтарының басты себебі – ислам әлемінің өрлеп, христиан әлемінің керісінше – дағдарысқа ұшырауы болды. VII–VIII ғасырларда жаңа ислам діні негізінде құрылған араб халифаты өз үстемдігін Шығыста Қытайдан, батыстағы франктер мемлекетіне дейінгі жерлерде, бүкіл Солтүстік Африкада орнатты. Бұл кезде христиан дінінің ішінде ала-ауыздық пайда болып, Рим мен Константинопольдегі дінбасыларының арасындағы алшақтық

күшейді. Бұл ала-ауыздық 1054 жылы христиан дінінің католиктік және православиелік болып бөлініп кетуіне әкеліп соқты.

Бұл кезде клонилік қозғалыстан кейін батыстық католик шіркеуі мен оның басшысы Рим папасының беделі өсіп, қуаттылығы арта түсті. Ал шығыста әлсірей бастаған араб халифатының орнын селжүк түріктері басып, ислам дінін онан әрі асқақтата түсті. Ислам дінінің күннен-күнге кеңінен қанат жайып, беделінің өсе түсуі христиандықтың көзіне шыққан сүйелдей болды. Католик шіркеуінің басшылары ислам әлемінің онан әрі кеңейе түсуін тежеуге, мұсылмандар қол астына көшкен жерлерді қайтарып алуға, соның арқасында Рим папасының билігін күшейте түсуге тырысты.

XI ғасырдың соңына қарай Византия императорлары Рим шіркеуінен ат жалын үзіп бөлініп кеткеніне қарамастан, пападан шығыстағы жаңа мұсылман көршілеріне қарсы күресуге көмек сұрауға мәжбүр болды. Мұсылмандар Палестинаның орталығы Иерусалимге қажылыққа келіп жатқан христиандарға қарсылық көрсетіп, қысым жасаған жоқ. Бірақ Византия оларды қауіпті көрші деп санап, Таяу Шығыстан қуып тастауға ұмтылды. Ал Рим папасын Киелі жердің байлығымен құнарлылығы қызықтырды. XI ғасырдың соңына қарай Батыстың дінбасылары Киелі жерге қажылыққа баратын діндарларды қолдарына қару алып, мұсылмандарды Иерусалимнен қуып шығуға шақыра бастады.

1095 жылғы 18 қараша күні Оңтүстік Франциядағы Клермон деген қалада шіркеулік собор шақырылды. Ол христиан елдерін аздырып-тоздырған өзара соғыстарды біржолата тоқтатуды көздеді. 26 қараша күні папа II Урбан (1088–1099) жиналғандарды қолға қару алып қасиетті жерді жаулап алған селжүктерге қарсы крест жорығына шақырды. Папа, «бұл жорыққа қатысушылар олжаға қарық болады, күнәлерінен арылады, соғыс кезінде қаза табатындар бірден жұмаққа қабылданады», – деп уәде берді. Сөзін «құдайдың қалауы осындай» деп бітірді. Сол-ақ екен, бүкіл еуропаны Палестинаға жорыққа үндеген дауыстар кернеп ала жөнелді.

Халықтың бұл үндеуді қабыл алуына бірнеше себеп болды. Ол: Еуропадағы халық санының өсіп, жердің жетіспеуі; құнарлы жерлерді басып алуға ұмтылыс; Византияның православиялық христиандарына көмектесу; өз күнәлерінен құтылу; христиандық қасиетті орындарды мұсылмандардан қайтарып алу.

Папаның үндеуіне ең алдымен соғыста олжа табу жолындағы күнделікті дағдылы да басты ісі болып табылатын рыцарлар үн қосты. Олардың көпшілігі кедейленген отбасынан шыққан және әкеден мұра аз тиген рыцардың кіші ұлдары болатын. Мұндай кедей, әрі жас рыцарлар мұсылмандармен соғыста оңай ерлік көрсетіп, атақ-даңқ пен байлыққа ие болуды армандады Аш қасқырдай жалаңдаған мұндай мазасыз рыцарлардың Еуропадан алыс кетуіне корольдар мен папалар да мүдделі болып, өз үлестерін қосты. Себебі Еуропадағы тыныштықтың бұзылуына көбінесе кедейленген рыцарлар ұйтқы болып жататын. Крест жорығына тарту арқылы олардың күшін сондай-ақ шіркеу игілігіне пайдалану мүмкіндігі туды. Папаның үндеуі рыцарларды құрыштай жұдырыққа біріктіріп, шығысқа атой салғызды.

Папаның үндеуін жаңа иеліктер мен өнім өндірушілер табуға үміттенген герцогтар, графтар мен корольдер де қабыл алды. Үндеуді қайыршылықтан, қарыздарынан құтылуды (папа жорықтан қайтқанша қарыздарын қайтаруды талап етпеуге уәде берді), соңғы жылдардағы жұтқа байланысты орын алған ашаршылықтан аман қалуды ойлаған шаруалар да қуана қарсы алды. II Урбанның үндеуіне қаланың кедей-кепшіктері мен ұры-қарылары, қаңғыбастар мен қылмыскер-қашқындар да қосылды. Крестшілермен бірге селжүк-түріктерге қарсы жорыққа саудагерлер де қатысты. Олар Шығыс тауарларын сатып, тез байып алуды ойлады.

Папа үндеуін қабыл алғандар өздерінің Қасиетті Жерге, христиан жауларына қарсы жорыққа аттанушылар екендігін білдіру үшін киімдеріне қызыл матадан жасалған крест белгісін тігіп алды. Сол себепті тарихшылар Жерорта теңізінің Шығысына жасалған бұл жорықтарды крестшілер жорығы деп атады. Шындығында бұл атау жаңа заманда (XVII ғасырдың аяғы) пайда болды, ал жорыққа қатысушылардың өздері оны «Қасиетті жерге жол» деп атаған болатын.

Жорыққа қатысушылардың бәрі бірдей тек баюды ғана мақсат етіп қойған жоқ. Олардың баюды ойлауы мұсылмандардан құдай табыты жатқан Иерусалимді азат ету – «қасиетті іс» деген сеніммен қабысып жатты. Крестшілер құдай жарылқап жолдарын қысқартады, Иерусалимге тез және оңай жеткізеді деп қиялдады.

1096 жылғы сәуір айында Фанция мен Германияның ондаған мың кедей шаруалары, қаңғыбастары мен жалаңаяқтары «Киелі

жерге» аттанды. Олар сойылмен, балтамен, айыр-орақпен, найзамен қаруланды. Оларды Солтүстік Францияның Амьен деген елді мекенінен шыққан тақуа Петр Пустынник (шамамен 1050–1115) (ешқандай дүние-мүлкі жоқ болғандықтан солай аталған) басқарды. Ол кедей-кепшіктерді тұнып тұрған байлық сыйлаған құдайдың сүйікті жеріне жеткен соң тез байып кетесіндер, – деп тамсандырды. Жорықты басқаруда оған кедейленген франциялық рыцарь Бальтер Голяк пен Рейн облысынан шыққан священник Готшалк көмектесті. Петр Пустынниктің қолында жорық картасының орнына Таурат қана болды, ал бұйрықтар мен нұсқаулардың орнына ол дұға оқыды. Ол қарсыласының күші мен саны және қаруы туралы ойланып, басын ауыртпады. Бұл мәселелер бойынша ол тек құдайдың көмегіне сенді. Петр Пустынник өзінің аш-жалаңаш әскеріне қанша азық-түлік керегін, оны қайдан алуға болатынын да білмеді. Ашыққан кедей-кепшіктер жолдарындағы румын, венгерлердің, болгарлар мен сербтердің азық-түлік, мал-мүліктерін күшпен тартып алды, қарсылық көрсеткендерін өлтіріп, зорлық-зомбылық жасады. Бытыранқы, тәртіпсіз әскер жолай еврей біткенді сабап, соғып (Иса Мәсіхті еврей Иуда ұстап берген), қарақшылықпен тамақ табуға кірісіп кетті. Петр Пустынник өз адамдарының мұндай қарақшылық әрекетін тоқтата алмады.

Венгр, болгар, грек халықтары да қарап қалмай, қарақшылардың жекелеген отрядтарын қырып жіберіп отырды. Аштық пен ауру, өз елі мен жерін, мал-мүлкін қорғаушылармен қақтығыстар көптеген крестшілердің басын жалмады. Кедей-кепшіктер жасағының ат төбеліндей қалдығы ғана Византияға аман-есен жетті. Император I Алексей Комнин оларды жылы шыраймен қарсы алған болып, «батыс варварлардың» (оларды византиялықтар осылай атайтын) мазасыз тобырын тезірек Босфор бұғазы арқылы Кіші Азияға шығарып жіберді. Бұл жақтың байлығын крестшілердің негізгі күші келмей тұрып-ақ басып алып, қарық болуға асыққан кедейлер жасағы ойланбастан алға ұмтыла берді.

1096 жылы қазан айында Кіші Азияға басып кірген кедей крестшілерді селжүк түріктерінің әскері толық дерлік қырып жіберді. Олардың басшысы Петр Пустынник Константинопольге қашып барып, бас сауғалады. Сол жерде ол феодалдардың рыцарлар жасағына қосылды. Діни ерлік жасап, байлыққа қарық болуды аңсаған батыстың кедей шаруалары мен ұсақ рыцарлары осылай сәтсіздікке ұшырады.

Феодал рыцарларының бірінші крест жорығы (1096–1099).

Кедей шаруалар мен ұсақ рыцарь жасақшылары қырылып жатқан кезде Батыс Еуропа елдерінің феодалдары бастаған, жақсы қаруланған әскері оларға көмекке аттанды. Бұл әскер қаражатпен, азық-түлікпен, көлікпен қамтамасыз етілді. Үш топтан тұратын рыцарь әскерінің ортақ қолбасшысы болмады. Лотарингия герцогы Готфрид Бульонский Солтүстік Франция, Нидерланды және Төменгі Рейн жерлерінің жасағын басқарды. Тарент князі Боэмунд Оңтүстік Италия жасақшыларының қолбасшысы болды. Тулузалық граф Раймунд Оңтүстік Франция жасағын басқарды. Сондай-ақ орталық Франция рыцарларының да жасақтары құрылды. Оларды герцог Роберт Нормандский, граф Стефан және II Роберт Фландрский басқарды.

Жасақтар жорыққа бір мезгілде аттанбады. Алдымен Лоттарингиялық жасақ жолға шықты. Жасақтардың бәрі бір жолмен жүрмей, әрқайсысы өзі таңдап алған жолмен аттанды. Біреулері, Рейн-Дунай жолымен, екіншілері, Адриатика жағалауымен, үшіншілері, теңіз жолымен жүріп, 1096 жылдың аяғы мен 1097 жылдың басында Византияның астанасына келе бастады. Рыцарлар жасақтарының соңынан Шығыстың шұрайлы жерлерін иемденіп қалудан үміттенген шаруалар тобыры еріп жүрді.

Рыцарлар жасақтары келіп жеткен кезге қарай Византияның сыртқы жағдайы біраз жақсара түскен еді. Сондықтан да император I Алексей Комнин олардан тезірек құтылуға тырысты. Себебі византиялықтар Батыстан келген рыцарларды кекесін түрде «франктер» деп атайтын және оларды дөрекі, ой-өрісі тар, надандар деп санайтын. Олар қаруларын империяға қарсы бұрып жіберуі де мүмкін, деп қауіптенген Византия императоры «Иса жауынгерлері» көсемдерінің басын біріктірмей, әрқайсысымен жеке тіл табысып, оларды Шығысқа шығарып салды.

Крестшілер үшін Кіші Азия, Сирия мен Палестина арқылы екі жылдық азапты жорық жолы басталды. Аштықтан, шөлден, аптап ыстықтан күн сайын ондаған ауыр киінген рыцарлар қаза тауып жатты. Оның үстіне олардың жасақтарын селжүк түріктерінің жеңіл атты әскері де дүрліктіріп отырды. Бірақ мұсылмандардың арасындағы бірліктің болмауы крестшілердің алға қарай жылжи беруін жеңілдетті. Ақыры крестшілердің басым көпшілігі Кіші Арменияға (Жиликия) келіп жетті. Сол жерде біраз дем алып, есін жиған соң олар жорықты жалғастырды.

1098 жылдың басында Балдуин Фландрский басқарған крестшілер тобы Солтүстік Месопотамияның бай қаласы Эдессаны басып алды. Онда крестшілер өздерінің бірінші мемлекеті – Эдесс графтығын құрды. Сонан кейін крестшілер Сирияға басып кіріп, оның басты қаласы Антиохияны қоршады. Бұл Жерорта теңізінің шығысындағы ең жақсы бекінген қала болатын. Бекініс қабырғаларының қалыңдығы сонша, оның үстімен төрт ат жегілген арба еркін жүре беретін. Қаланы крестшілер жеті айға жуық шабуылдап, ала алмады. Тек 1098 жылғы маусымда ғана бекіністің бір басшысының сатқындығы арқасында крестші рыцарлар қалаға басып кіріп, талан-таражға ұшыратты. Тонаушылық қала халқын қырып-жоюмен ұштасты. Крестшілер мұсылман емес еврейлердің де қанын судай ағызды.

Антиохияны талқандап, тонап жатқан крестшілер бірнеше күн өтпей-ақ селжүктердің үлкен әскерінің қоршауында қалды. Азық-түлік қоры таусылып, аштық басталған шақта, крестшілердің рухын көтерген таңғажайып оқиға болды. Жорыққа қатысушылардың біреуінің түсіне Андрей апостол кіріпті де, крестке шегеленген Исаға қадалған найзаның ұшы қайда көмулі жатқанын көрсетіпті-міс. Қасиетті найза табылғаннан кейін христиан әскерінің рухы көтеріліп, олар қаладан шығып, селжүктерді қашуға мәжбүр етті. Рас, бұл шіркеу қызметшілерінің біреуінің ісі, ол мұсылманның найзасын алдын-ала көміп тастаған деп күдіктенушілер де болды. Қалай болғанда да бұл оқиға крестшілердің Антиохияда жеңіске жетуіне үлес қосты.

Крестшілер көсемдерінің арасында басып алынған Антиохия қаласы мен аймағын кім басқаруы керек деген мәселелер бойынша керіс басталды. Ол керіс қатардағы крестшілердің көсемдері келісе алмайтын болса, Антиохияны жермен-жексен етеміз деген қоқан-лоқылығынан кейін ғана тоқтады. Қаланың басшысы болып Боэмунд Тарентский тағайындалды. Антиохия облысында кресшілердің екінші мемлекеті – Антиохия князьдігі құрылды.

Крестші рыцарлар жорықтарын онан әрі жалғастырды. 1099 жылдың маусымында Иерусалимге крестшілер әскерінің бестен бір бөлігі ғана келіп жетті. Иерусалим «Иса жауынгерлерін» көре салып, оларға құшағын жайып, бірден беріле қоймады. Бір айлық қоршаудан кейін ғана, 15 шілде күні крестшілер – Иерусалимді алды. «Иса жауынгерлері» Антиохиядағыдан да бетер қаныпе-

зерлік жасады. Олар қала тұрғындарын ұлтына, дініне, жасына карамай шетінен қырып салды. Тіпті балаларды басын тасқа ұрып өлтірді дейді оқиғаның куәгерлері. Куббат-ас-сахра мешітіне барып тығылған он мыңға жуық мұсылмандар бауыздалды, жүздеген иудейлер синагогаларында өртелінді. Қасиетті қаланың тар көшелерінде қан көл болып ақты. «Егер сіз сонда болсаңыз қанға белшеңізден батар едіңіз», - деп жазды оқиғаны көзімен көрген куәгер.

«Иса жауынгерлері» осындай зұлымдықтарын діни ғұрыппен ұштастырып отырды: «тәңірінің табыты» алдында дұға оқи салып, қайтадан қырып-жоюға, тонауға кірісетін. «Сұмдық қан төгістен кейін, – деп жазады оқиғаның куәгері, – крестшілер қала тұрғындарының үйлеріне бөлініп, олардан табылған заттың барлығын тонады. Әркім, ол кедей болды ма, немесе бай болды ма, кімде-кім үйге бұрын кірсе, сол үйдің немесе сарайдың иесі болып шыға келетін». Бүкіл қаланы, оның төңірегін басып алып, крестшілер Иерусалим корольдігін (1099) құрды. Оны герцог Готфрид Бульонский басқарды.

Крестшілердің жерорта теңізінің шығысындағы мемлекеттері. Шығыста крестшілердің төрт мемлекеті құрылды: Готфрид Бульонскийдің інісі Балдуин басқарған «Эдесс графтығы», Боэмунд басқарған «Антиохия князьдігі», Тулузалық Раймондтың үлесіне тиген «Триполи графтығы» және Готфрид Бульонский басқарған «Иерусалим корольдігі». Бұл корольдік крестшілер мемлекетінің ішінде басшылық рольге ие болды.

Крестшілер жаулап алған жерлерде феодалдық қатынастар үстемдік құрды. Иерусалим корольдігі феодалға бөлініп, рыцарларға әскери қызметі үшін таратылып берілді. Әрбір феодал ұсақ учаскелерге бөлінген поместье іспеттес болды. Учаскелерді басыбайлы шаруалар өндеп отырды. Жергілікті шаруаларды, (арабтарды, сириялықтарды) жаулап алушылар, басыбайлы күйінде қалдырды. Шаруалар өз үлестері үшін поместье иесіне салық төледі. Ол салық жиналған өнімнің жартысына дейінгі мөлшерді құрайтын. Сүйтіп крестшілер мемлекеттерінде феодалдық өндіріс тәсілі орын алды. Ол крестшілер мемлекеттерінде басшылыққа алынған «Иерусалимдік ассиздерде» көрініс тапты.

Крестшілердің иеліктеріндегі шаруашылық натуралды болды. Теңіз жағалауындағы гүлденіп тұрған қалалар жергілікті шаруашылық мекен жайларын біріктіретін орталық болмай, транзиттік сауда пункттері болып қала берді. Бұл қалаларда генуялық, вене-

циялық, француздық көпестердің отарлары ерекше артықшылықтарды пайдаланды. Олар жергілікті крестшілер мемлекетіне емес, өздерінің Генуядағы, Венециядағы, Марсельдегі өкіметтеріне бағынды.

Экономикалық бөлшектенуге, дербестікке саяси бөлшектену де сай келді. Барлық феодалдар «корольдің вассалы» деп саналғанмен корольдің өзі тең адамдардың ішіндегі біріншісі ғана болды. Оның билігін корольдіктің ең ірі феодалдарының жиналысы болып табылатын «барондар палатасы» шектеп отырды. Бұл жоғары палатаның келісімінсіз король бір де бір шешімін өткізе алмайтын. Корольдің өз вассалдарынан қандай жағдайда әскери міндетін өтеуді талап ете алатындығы ассиздерде айқын тұжырымдалды.

Иерусалим корольдігі бірнеше барондықтарға бөлінді. Олардың өздерінде барондар палатасы болды. Мұндай тәртіптер крестшілердің басқа мемлекеттерінде де орнады. Бұл мемлекеттерде саяси билікке шіркеу де таласып отырды. Рухани-рыцарлық ордендер өз дербестігін сақтап қала берді. Рыцарлар қызметі белгілі бір мерзіммен шектелмегеніне қарамастан, жаулап алынған жерлерді қорғап тұру үшін крестші-рыцарлардың әскери күші жеткіліксіз болды. Оның үстіне рыцарлар жаңа территорияларды басып алып, тонап отыру үшін өз күштерін біріктіруге тырысты. Сол себепті XII ғасырдың басында крестшілер «діни-рыцарлық ордендер» деген атпен белгілі болған тұрақты әскери ұйымдарын құра бастады.

Ең алдымен «госпитальерлер (иоаниттер)» ордені құрылды. Иерусалимде крестшілер жорығына дейін де, қажылық жолымен келген ауру-сырқаулар мен кемтарларға қамқорлық жасайтын «Иерусалимдік әулие Иоанн панасы» болған. Сонда қызмет ететін бауырластықтан келе-келе орден өсіп шықты. Келесі бір діни-рыцарлық орден «тамплиерлер (ғибадатханашылар)» ордені деп аталды. Бұл Иерусалимге қажылыққа келгендерді қорғау үшін құрылған орден. Ең алғашқы рыцарлар Иерусалимде, Сүлеймен патшаның атақты ғибадатханасы тұрған тауға тоқтапты, сондықтан олар «ғибадатханашылар» аталып кеткен. Бірақ Сүлеймен ғибадатханасының орнына баяғыда-ақ мұсылмандар өздерінің «Құббат-ас-сахра» мешітін салған.

Тағы бір орденді мүшелерінің басым көпшілігі Германиядан келген немістер құрды. Ол «тевтон (немістік)» ордені деп аталды. Бұл орден әулие Мариямға арналды. Орден Палестинадан XIII ғасырға қарай кетті. Сол ғасырдың басында теvтондықтар Шығыс

Прибалтикаға жылжыды. Тевтондықтарды Литваның пұтқа табынушы тайпалары мазасын ала берген бір поляк герцогі шақырды. Олар бүкіл Пруссияны, онан кейін поляк жерін басып алып, өз мемлекетін құрды.

Ордендерге монах болуға (дүние-мүлік жинамауға, үйленбеге, тіл алғыш болуға) және қолына қару алып «христиан дінінің дұшпандарымен» күресуге ант бергендер қабылданатын. Сүйтіп, діни-рыцарлық ордендердің мүшелері әрі тахуалар, әрі рыцарлар болып саналды. Егер Батыстағы тахуалардың басты жұмысы дұға оқу мен еңбек болса, діни-рыцарлық тахуалардың ең басты ісі – соғыс болды. Ордендердің мүшелері тікелей Рим папасына бағынатын. Ордендер ұланғайыр байлық пен жерлерді иемденді, саудамен айналысты.

Жерорта теңізінің шығысын жаулап алған крестшілер ол жерлердің шаруашылық өміріне ешқандай жаңалық енгізген жоқ, енгізе алмайтын да еді. Себебі бұл кездегі Шығыстың өндіргіш күші өзінің дамып, жетілуі жағынан Батыстың өндіргіш күшінен әлдеқайда жоғары сатыда тұр еді. Жаулап алынған жерлерде крестшілер өздерін кәдімгі тонаушылар мен жыртқыш қарақшылар ретінде ұстады. «Кімде-кім франктердің ісін жақсы білсе, – деп жазды XII ғасырдағы арап жылнамашысы Усама ибн-Мункыз (1098–1188) өзінің «Өсиет кітабында», – ол франктерден шайқас кезінде ғана күш-қайрат танытатын жыртқыштарды көре алады».

Жаулап алынған елдердің халықтарына крест жорықтары қайғы-қасіреттен басқа еш нәрсе де әкелген жоқ. Араб мұсылмандары мен сириялық христиандардан тұратын басыбайлы шаруалар крестшілер тарапынан аяусыз қанаушылыққа ұшырады. Жергілікті тұрғындар жаулап алушыларды жек көрді. Жылнамашының айтуынша жергілікті тұрғындар мүмкіндік бола қалған жағдайда крестшілерді дереу қырып-жойып отырған. Крестшілердің жеке-жеке бөлшектенген дербес мемлекеттері жергілікті халықтардың осындай ерлік күресінің нәтижесінде берік бола алмады.

Екінші және үшінші крест жорықтары. XII ғасырда керісінше, мұсылман елдерінің ынтымағы нығайып, күшейе түсті. Олар енді крестшілер мемлекеттерін ығыстыра бастады. 1144 жылы крестшілердің алғашқы мемлекеті Эдесс құлады. Ол Мосул әмірлігіне қосып алынды. Эдесс графтығын жоғалту крестшілердің Шығыстағы иеліктерінің жағдайын қатты шайқалтты. Католик шіркеуі, оның ішінде Клерво монастырының аббаты Бернар, батыс

еуропалықтарды қайтадан крест жорығына шақыра бастады. Француз королі VII Людовик пен неміс императоры III Конрадтың басшылығымен алдыңғы Азияға екінші крест жорығы (1147–1149) басталды.

Гректер Константинопольге алдымен келіп жеткен неміс рыцарларын әрең дегенде Кіші Азияға шығарып салған кезде, француз рыцарларының алдыңғы легі Византия астанасына келіп кірді. Олар да жол-жөнекей венгрлерді, румындар мен болгарларды тонап, зорлық-зомбылық көрсетті. Бұл әрекеттерін Византия жерінде де тоқтатпады. Тіпті король VII Людовик Шығысқа қарай жүрудің орнына, Константинопольді басып алуды жоспарлай бастады. Осындай қысыл-таяң кезде сарай қызметкерлерінің бірі Кіші Азияға өтіп кеткен неміс рыцарларының оңай жеңістерге жетіп, күннен-күнге бай олжаға қарық болып жатқандығы туралы жалған хабар таратуды ұсынды. Ол алдауға француз рыцарлары шынымен сеніп, VII Людовиктен тезірек Шығысқа аттануды талап етті. Сүйтіп, византиялықтар алдау арқылы империяға төнген қауіптен құтылды.

1148 жылдың басында екі елдің крестшілері де теңіз арқылы Палестинаға жетті. Антиохия князімен бірігіп неміс императоры мен француз королі Дамаскіні қоршады. Оны ала-алмаған соң алдымен III Конрад, кейін VII Людовик елдеріне қайтты. Сүйтіп, бұл жорық крестшілер үшін толық сәтсіздікпен аяқталды. Сол кезде неміс рыцарларының полаб славяндарына қарсы жасаған крест жорығы да сәтсіздікке ұшырады. Екінші крест жорығына қатысушылар кеткен соң Нұрад-дин басқарған селжүктер Эдесс графтығының қалдығын талқандап, Антиохия князьдігінен Апамяны (Афамия) тартып алды, ал 1154 жылы оның билігін Дамаск мойындады.

XII ғасырдың екінші жартысында Иерусалим корольдігіне қауіп тек солтүстік пен солтүстік-шығыстан ғана емес, оңтүстіктен де төне бастады. 1171 жылы Египеттегі Фатимидтер әулеті құлаған соң, билік шыққан тегі күрт Салах-ад-диннің (1138–1193) қолына көшті. Көп ұзамай ол Месопотамия мен Сирияны басып алып, оларды Египетпен және Хиджазбен бір мемлекетке біріктірді. Бұл сұлтанат тек экономикалық жағынан ғана емес, саяси жағынан да Жерорта теңізінің шығысындағы мұсылман мемлекеттерінің ең күдіреттісіне айналды. Сөйтіп, Иерусалим корольдігі оңтүстігінен де, шығысынан да қыспаққа түсіп қалды.

Саллах-ад-дин кресшілерге қарсы қасиетті соғыс – жихад жариялап, оларды Тивериада маңында талқандады. Сонан кейін бірнеше аптаның ішінде Салах-ад-дин Сиданды, Бейрутты, Аскалонды, 1187 жылы Иерусалимді басып алды. Салах-ад-дин, жеңілген қалада кресшілер сияқты қырғын жасамай, құн төлетіп, қала тұрғындарына бостандық берді. Осылайша, кресшілердің басып алғанына жүз жыл болмай жатып, Иерусалимнен қайта айырылып тынды. Бұл Шығыста кресшілердің өздеріне деген өшпенділік сезім туғызғандығының нәтижесі еді.

Салах-ад-диннің Иерусалимді басып алуы Еуропа феодалдарының үшінші крест жорығын (1189–1192) ұйымдастыруына түрткі болды. Бұл жорыққа Германия императоры I Фридрих Барбаросса (Жиренсақал) басқарған неміс, Англия королі Арыстан жүрек I Ричард басқарған ағылшын және Франция королі II Филипп Август басқарған француз рыцарлары қатысты. Бұл үш мемлекет басшыларының арасында бірауыздылық болмады, керісінше, бір-біріне деген қастандық ой басым болды. Үш елдің кресшілері бастары бірікпей, бөлек жолдармен жүрді.

1190 жылы көктемде Фридрих Барбаросса бастаған неміс рыцарлары Кіші Азияға келіп жетті. Бұл кезде Шығыстағы үш кресшілер мемлекеттерінің бірлескен күші Акканы қоршап, ала алмай тұр еді. Неміс рыцарлары оларға жетіп, қол ұшын бергенде Салах-ад-диннің әскері қаланы тастап шығуы мүмкін еді. Бірақ неміс рыцарлары Аккаға жете алмады. Кіші Азиядағы Салеф өзенінен өту кезінде император Фридрих Барбаросса суға кетіп өлді. Шаршап-шалдыққан, қажып, титықтаған неміс кресшілерінің басым көпшілігі бұл қаралы оқиғадан кейін елдеріне қайтып кетті. Императордың баласы мыңға жуық қана кресшілерді Таяу Шығысқа бастап барды.

Жағдай келесі жылғы жазда, Аккаға француздар мен ағылшын кресшілері келіп жеткен соң ғана өзгерді. Бір жарым айдан кейін қала жауға берілді. Тұрғындардың өмірі сақталатынына уәде берген кресшілердің басшылары сөзінде тұрмай, олардың көпшілігін қырып жіберді.

Акканы алғаннан кейін II Филип «ауырдым» деген сылтаумен Францияға қайтып кетті. Еліне жетісімен ол Германия императоры Генрихпен Арыстан жүректі I Ричардқа қарсы одақ құрды. Бұл кезде Ричард Палестина үшін күресті жалғастыра берді. Ол Кипр аралын өзіне бағындырды. Оның Сицилияны басып алуына II Фи-

липп қарсылық жасады. 7 қыркүйекте Арсуф маңында Салах-ад-динге ауыр соққы беріп, оны теңіз жағалауынан кетуге мәжбүр етті. 1192 жылғы 1 қыркүйекте жасалған келісім бойынша Аскалоннан бастап Иерусалим корольдігінің теңіз жағалауындағы ұлтарактай еңсіз жиегі ғана крестшілер үлесінде қалды. Корольдіктің астанасы Акра болды. Иерусалим Египеттің қол астында қалды. Қажылар мен көпестерге Иерусалимге қатынасып тұруға рұқсат етілді. Үшінші крест жорығы кресшілерге бұрынғы жағдайды қалпына келтіруге көмектесе алмай, сәтсіз аяқталды. Бұл жорық Жерорта теңізінің шығысындағы батыс еуропалық мемлекеттері арасындағы қайшылықты онан әрі тереңдете түсті.

Төртінші крест жорығы. Салах-ад-диннің табыстары өте қымбатқа түсті. Үздіксіз соғыс қимылдары, үлкен армияны үнемі жауынгерлік дайындықта ұстау, бекіністер салу, қалалардың қирауы Таяу Шығыстың экономикасына ауыр зардабын тигізді. Египеттің қаражаты құлдырады. Бұрынғыдай көлемді соғыстар жүргізу мүмкін болмады. Оның үстіне Салах-ад-дин өлген соң (1193) оның мемлекеті билікке таласқан балаларының арасында бөліске түсті. Бұл Еуропада Иерусалимді қайтарып алу үмітін тұтатты.

XII ғасырдың аяғынан бастап Рим папасы III Иннокентийдің (1198–1216) тұсында папалықтың Батыс Еуропа елдері арасындағы ықпалы ең жоғарғы шегіне көтерілді. Енді Иннокентий апостол тағының билігін дүние жүзіне таратуға, ол үшін алдымен шығыс православиелік шіркеулерді папалыққа бағындыруды көздеді. Сондықтан да ол батыс еуропалықтардың мұсылмандарға деген өшпенділігін өршіте түсіп, феодалдар мен рыцарларды төртінші крест жорығына шақырды. Бұл үндеу Францияның, Италия мен Германияның феодалдары арасында қолдау тапты. Неміс феодалдары сонымен қатар Балтық жағалауына да аттанды.

Шығысқа қарай бет алған крестшілер, флотты пайдалану мақсатымен, жорықты Венециядан бастауды ұйғарды. Крестшілердің ең бірінші көздегені Египет болатын. Оны басып алса Иерусалимді қайтарып алу оңай болады деп есептеді. Бірақ Венеция көпестері крестшілерді өз мақсаттарына пайдаланып қалуға тырысты. Олар крестшілерді өздерімен қызу сауда жүргізіп отырған Египетке емес, бәсекелесі болып келе жатқан Византияға қарай бағыттады. Жолда венециялықтар крестшілерді Долмацияның Задар қаласын басып алуға итермеледі. Бұл мақсатына жеткен соң Венеция дожы

Э.Дандоло крестшілердің қолбасшысы, итальян князі Бонифаций Монферратскимен жасасқан келісім бойынша «Иса жауынгерлерін» Константинопольге алып келді.

Бұл жақта тақ үшін талас жүріп жатқан болатын. Дандоло такты заңды императорға қайтарып беруге көмектесеміз деп, крестшілердің әскерін Византия астанасын басып алуға айдап салды. Крестшілер қаруын мұсылмандарға емес, византиялық христиандарға қарсы кезеді. 1204 жылғы 9–13 сәуір аралығында 20 мыңдық крестшілер әскері Константинопольге шабуыл жасап, жарты миллион халқы бар қаланы басып алды. «Иса жауынгерлері» үйлер мен шіркеулерді тонап, өнер ескерткіштерін қиратты. Еуропаның ең бай қаласын иемденген крестшілер Византияда өз мемлекетін құрып, Палестинаға бармай қалды. Олардың мемлекеті «Латын империясы» деп аталып, 1261 жылға дейін өмір сүрді.

Венециандықтар үлесіне Византияның едәуір бөлігі, соның ішінде Константинопольдің, Адрианополидің бір бөлігімен Мәрмәр теңізінің жағасындағы кеме тұрақтарының бірсыпырасы тиді. Венециандықтар бұдан басқа Эгей теңізіндегі бірқатар аралдарды, Пелопоннестің оңтүстік-батыс бөлігін, Крит аралын басып алды. Осы төртінші жорық крестшілердің құдайдың мүрдесін азат ету үшін күресушілер емес, өздерінің баюын ғана ойлайтын қарақшылар екенін анық көрсетті.

Крестшілер жорығын жалғастыру мақсатындағы дінбасыларының уағызымен Еуропаның кейбір елдерінде балалар топтары құрылды. Оларды өздерін «құдай елшісі» деп жариялаған балалар басқарды. Олар «құдайдың мүрдесін күнәға батпаған балалар» ғана азат ете алады деп жариялады. Жас крестшілердің біразы жолда аштық пен аурудан қаза тапты, аман қалғандары теңіз жағасындағы Генуя және Марсель қалаларына жетті. Ол қалалардағы көпестер, балаларды қасиетті жерге жеткіземіз деп алдап, кемелерге отырғызды да, Египетке апарып, құлдыққа сатып жіберді.

Соңғы крест жорықтары. Қасиетті жерді азат етеміз деген крестшілер алғаш басып алған жерлерінен біртіндеп айырыла берді. Папалар мен корольдер 1217–1221 жылдары бесінші крест жорығын ұйымдастырды. Оған неміс, ағылшын, голланд және венгр крестшілері қатысты. Олар 1219 жылы Египетке еруге мүмкіндік беретін маңызды бекіністі басып алды. Ішкі талас-тартыстар мен басшылықтағы қателіктер көп ұзамай бекіністі қайта тастап шығуға мәжбүр етті.

Германия императоры II Фридрих басқарған 1228–1229 жылдардағы алтыншы крест жорығы да неміс, француз, ағылшын және итальян рыцарларын табысқа жеткізіп, қуанышқа кенелте алмады. Салах-ад-диннің немерелері арасындағы билік үшін қырқысты пайдалана отырып, крестшілер Иерусалимді басып алғанмен, 1244 жылы қайтадан айырылып қалды.

1248–1254 жылдары папа IV Иннокентий жетінші крест жорығын ұйымдастырды. Француз королі IX Людовик басқарған бұл жорық Египетке қарсы бағытталды. Бірақ крестшілер үшін бұл жорық та сәтсіздікке ұшырады: бүкіл француз әскері королімен бірге тұтқынға түсті. Людовик құн төлеп босап шықты да, өз әскерін тұтқыннан босатып алу үшін көп тер төгіп, ұланғайыр қаржы шығындады. 1265–1268 жылдары мамлюк сұлтаны Бейбарыс моңғолдардың Сирияға шабуылына тойтарыс беріп, Иерусалим корольдігінің қалдығын талқандады да, Антиохияны басып алды.

1270 жылы тағы да француз королі IX Людовик басқарған ең соңғы, сегізінші крест жорығы ұйымдастырылып, крестшілер Туниске бет алды. Оларды бұл жолы да сәтсіздік күтіп тұрды: «Иса жауынгерлерінің» арасында эпидемия ауруы тарап, шетінен қырыла бастады. IX Людовик те қайтыс болды. Аман қалған крестшілердің ат төбеліндей тобы ғана кері қайтты.

Осы сәтсіздіктен кейін папалықтың қасиетті жерді, ондағы Исаның мүрдесін мұсылмандардан тартып алуға, байлыққа кенелуге шақырған үндеулері табысты болмады. Кедейдер де, феодалдар да Шығысқа енді бұрынғыдай ұмтыла қоймады. Мұсылмандармен соғысудың оңай емес екеніне олардың көздері жетті.

Папа кезекті крест жорығын ұйымдастыру үшін, жаңа салық енгізіп жатты. Бірақ ол салық жиналмай қалды. Халық салық жинаушылардың көзінше қайыршыларға садақа беріп, «Христостан да күшті Мұхаммедтің әруағы үшін ал» деп папаны, крестшілерді мазақтады. Батыс Еуропа басқыншылары мұсылман елдеріндегі өздерінің барлық иеліктерінен айырылды: 1289 жылы Египет әскері Триполиді басып алды, 1291 жылы крестшілердің ақырғы тірегі Акка (Акра) құлады.

Крест жорықтарының әлсіреуі. Батыс Еуропаның католик шіркеуі мен феодал-рыцарларының Таяу Шығыс пен Кіші Азиядағы мұсылман елдеріне қарсы ұйымдастырған әскери-отаршылдық экспансиясы бірінші жорықтан кейін-ақ, бастапқы екпінін бәсеңдетіп, төртінші жорықтан кейін ашықтан-ашық әлсірей баста-

ды. Оның бірнеше себептері болды. Ең басты себеп – жергілікті халықтардың шет елдік басқыншылардың тонаушылығына, зорлық-зомбылығына қарсы, тәуелсіздігін алу үшін жүргізген күресі болды.

Екіншіден, XIII ғасырға қарай Батыс Еуропа елдерінде өндіргіш күштер дамыды, ауыл шаруашылық техникасы жетілді, қалалар өсті. Экономикалық жағдайдың жақсаруы Батыс Еуропа халықтарының алыстағы және қауіпті жорықтарға қатысуға деген ынтасын жойды. Шаруалар бұл жорықтардан тек өлім ғана табатынын түсінгеннен кейін жат жерден байлық пен бақыт іздеуден бас тартты.

Үшіншіден, Батыс Еуропа елдерінде король билігінің күшеюіне байланысты оның әскерінің маңызы арта түсті. Рыцарларға енді алыс жерлерге барып, басын қауіп-қатерге тіккенше корольдің әскерінде қызмет ету пайдалы болды. Оның үстіне рыцарлар өздерінің күшін жұмсайтын экспансиялық әрекетке ыңғайлы жаңа аймақтар тапты. Ол солтүстік-шығыстағы славян елдері, Балтық жағалауы, Лаба мен Одер өзендерінің алқабы және Испаниядағы реконкиста еді. Бұрын феодал-рыцарларды мұсылмандарға қарсы айдап салып отыратын католик шіркеуі мен папалық енді өзінің назарын славяндарға, Балтық жағасындағы халықтарға, Испаниядағы маврларды қуғындауға аударды.

Төртінші крест жорығынан кейін көпестер де жаңа жаулап алушылыққа деген қызығушылығын жоғалтты. Себебі, Батыс пен Шығыстың арасындағы сауда қатынасы Византияның үстемдігінен құтылып, еркіндік алды. Оның үстіне Батыс Еуропадағы ішкі рынок кеңейді. Батыс Еуропа елдерінің қоғамдық-саяси өміріндегі осындай өзгерістер бұрын крест жорықтарына белсене қатынасып жүрген барлық әлеуметтік топтардың мұсылмандарға қарсы экспансиялық әрекеттен бас тартуына әкеліп соқты.

Крест жорықтарының салдарлары. Крест жорықтары Батыс Еуропа елдері мен католик шіркеуі тарапынан жүргізілген әділетсіз, басқыншылық соғыстар болды. Бұл соғыстар дүниежүзілік өркениеттің дамуына, Еуропа елдерінің ғана емес, Шығыстағы мұсылман елдерінің де шаруашылығына, мәдениетіне орны толмас зиян келтірді. Көптеген өнер туындылары, кітаптар мен құнды деректер жойылып кетті. Палестинаның теңіз жағалық қалаларының көпшілігі XIII ғасырдың аяғына қарай қирап қалды. Олардың төңірегіндегі ормандар да құрып кетті. Сирия мен Палестинадағы

қолөнері мен сауда құлдырады. Батыс Еуропа феодалдарының жерорта теңізінің шығысындағы әскери-отаршыл қозғалыстарының қорытынды нәтижесі – аймақтың өндіргіш күштерін құлдыратып, экономикасын аздырып-тоздыру болды. Крест жорықтары мың жылға жуық өмір сүріп келе жатқан христиандық Византия империясын нығайтудың орнына, керісінше, онан әрі әлсірете түсті.

Дегенмен, крест жорықтарының Батыс Еуропа елдерінің экономикасы мен мәдениетінің, саяси өмірінің дамуында зор маңызы да болды. Біріншіден, Жерорта теңізіндегі сауданың қыза түсуіне ықпал етті. Бұл саудада Солтүстік Италия қалалары үстемдікке ие болды. Әсіресе Венецияның қуаты арта түсті. Екіншіден, крест жорықтары Франция мен Арагонның нығаюына зор үлес қосты. «Иса жауынгерлерінің» мұсылмандарға қарсы шапқыншылығы феодалдардың күшін Шығысқа тартып, Батыс Еуропа елдеріндегі саяси орталықтандыруды күшейтуге ықпал етті.

Үшіншіден, Батыс Еуропа халықтары Шығыстан жоғары дәрежеде дамыған мәдениеттің үлгісін игерді. Еуропалықтар Шығыстан үлгі алып, рыцарлардың әртүрлі категориясының өзіне тән ерекше белгілерін енгізді. Сүйтіп, батыстық геральдиканың негізі қаланды.

Төртіншіден, Батыс Еуропа халықтары Шығыстың шаруашылықтағы жетістіктерін меңгерді. Крестшілер Шығыстан жел диірмендерін жасауды үйренді. Еуропалықтар Шығыстан жаңа егіс дақылдарын көріп, Еуропада күріш, лимон, өрік, қауын-қарбыз өсіре бастады. Еуропалықтар шығыс халықтарынан жібек мата тоқуды, айна жасауды, металды сапалы өңдеуді үйренді. Бесіншіден, еуропалықтар мұсылмандардан кептерлерді хат тасуға пайдалануды үйренді. Ақыры, крест жорықтары Батыс Еуропада сауданың, қолөнердің және ақша-тауар қатынастарының дамуына да айтарлықтай әсер етті.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Еуропаның картасынан орта ғасырлардағы әскери-отарлау қозғалысының негізгі бағыттарын көрсетіңіздер.
2. I Алексей Комнинді батысеуропалық билеушілердің қайсысымен салыстыруға болар еді?
3. Крест жорықтарының сипатына байланысты қандай терминдерді қолдануға болар еді?

8-тарау

XI – XV ғасырлардағы ФРАНЦИЯ

§ 1. XI–XIII ғасырлардағы ФРАНЦИЯ

X ғасырда Франция дамыған феодализм дәуіріне аяқ басты. Оның негізгі ерекшелігі, елдің болашақ тағдырында аса зор ықпалы болған батыс еуропалық феодализмнің өзіндік үлгісін жасағандығы еді. Франция IX–X ғасырларда жеке мемлекет ретінде өмір сүрді. X ғасырда «Галлия» және «Батыс Франция» атауы біртіндеп жойылып, мемлекет Франция деп атала бастады. Мемлекеттің қалыптасуы феодалдық бытыраңқылық дәуірімен сай келді, көптеген феодалдық иеліктерге бөлінді. Француз королдігінің ұсақталуы мен саяси бытыраңқылығы екі кезеңнен өтті. Бірінші кезеңде, X ғасырда ірі иеліктер пайда болса, XI ғасырда олардың кішігірім территорияларға тарамдалуы жүзеге асты. XI ғасырдың соңына қарай, қоғамдағы феодалдық таптардың негізгі қалыптасуы аяқталды. XI ғасырдың аяғында феодалдар табы саны жағынан өсіп, бірнеше әлеуметтік сатыларды құрады. Каролинг әулеті ұрпақтарынан тарайтын, ірі сеньорлардан тарамдалған, орта дәрежедегі феодалдар тобы бөлініп шықты. Корольдердің вассалдары мен қызметшілерінен, ірі ақсүйектерден құралған ұсақ феодалдар саны жағынан басым болды.

XI ғасырдың басында феодалдар өкілдері басқа әлеуметтік топтардан бөлініп, мұралық негізде қалыптастырылған, сипаты жағынан томаға-тұйық тапқа айналды. Феодалдар жерге деген бүкіл меншікті өз қолдарына жинақтап, қоғамда «сеньорсыз жер жоқ» деген құқықтық қағиданың үстем болуын қалыптастырды. Сеньорлардың баналитеттік құқығы қалыптасты, бұрын қауымның меншігінде көпшілік болып пайдаланылатын жеке меншік түрі қалыптасты. Феодалдық қатынастар аяқталды, әлеуметтік сатыдағы өзгерістер нақтыланды. Төменгі сатыда «жалғыз қалқанды» вассалы жоқ рыцарьлардан бастап, олардан 3–4 саты жоғары тұратын

ауқатты феодалдар, ірі территориялардың – Нормандия, Бретань, Бургундия, Аквитания герцогтарымен, Шампань графтықтарының қожайыны болды. Феодалдық иерархияның «Менің вассалымның вассалы, менің вассалым емес», – деген құқықтық қағида қалыптасты. Ол магнаттардың үстемдігінен, орталық өкіметті қол сұғудан қорғай отырып, сонымен қатар, ішкі бірлікті сақтап қалуға мүмкіндік берді. Жерге деген үстемдікті жүзеге асырғаннан кейін феодалдар табы Францияда саяси билікте басымдылыққа ие болды.

Жалпы алғанда, Францияда Батыс Еуропа елдерімен салыстырғанда, феодализмнің аяқталуы, жылдам және аяқталған түрде өтті, тәуелді шаруалардың қалыптасуы ХІ ғасырдың соңында аяқталды. ХІ ғасырда шаруалардың негізгі категориясы жеке басы тәуелді «сервтар» болды.

Ауыл шаруашылығындағы өзгерістер. ХІ–ХІІІ ғасырларда солтүстік аудандарда үш танаптық егістік кең тарады, оңтүстікте қос танаптық егіншілік жүйесі сақталды, шаруашылық тиімді түрде жүргізілді, жүзім, бау-бақша жақсы дамыды. ХІІ ғасырда ішкі отарлау нәтижесінде егістің көлемі ұлғайды, тың жерлер игерілді, ормандар тазартылды. Өндірістің дамуы ең алдымен шаруа қожалығынан көрініс тапты. Феодалдарға бұрынғы жұмыспен өтеудің орнына заттай салық тиімді бола бастады. Осыған байланысты ақсүйектік иеліктерге егістік егу азайып, оларды шаруаларға уақытша пайдалану құқығы берілді.

Егістікке жарамды жерлерді игеру оның сипаты мен даму жылдамдығына қарай бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Неғұрлым тығыз орналасқан солтүстік облыстарда, соның ішінде Бургундияда ІХ ғасырда басталса, басқа жерлерде негізінен ХІ ғасырда жүзеге асырылды. Алдымен егістік ретінде тың жерлер мен бос алаңқайлар, яғни игеруге жеңіл жерлер пайдаланылды, кейіннен ормандар, батпақты жерлер, қия беткейлер, теңіз жағалауларына қарай жылжыды. ХІІ ғасырдың басында жаңа жерлерді игерудің көлемі мен жылдамдығы әлі де шектеулі болды. Олардың даму қарқыны шамасы 1140–1150 жылдары өсіп, ХІІ ғасырдың екінші жартысында өзінің шарықтау шегіне жетті.

Тың жерлерді игеру, тазарту негізінен шаруалар қауымының үлесі болды, белсенді түрде сеньорлар да осы іспен айналысты. Монастырлар басқаларға қарағанда тың жерлерді игеруге өз үлесін

қосты. Көне бенедиктік аббаттықтар X ғасырдың басында-ақ көптеген игерілген жерлерді иемденіп алды. Жаңа ордендер монахтары түпкірдегі жерлерге орналасқанымен негізінен жер шаруашылығы емес мал өсірумен айналысты.

Алғашқы қыстақтар жекелеген шаруалардың күшімен пайда болып, ескі егістіктер мен орман алаңқайлары жанында орналасты. Алғашында оларды шалғын ретінде пайдаланып, кейін оларды жыртып, егін екті. Қалыптасқан жағдайдың тиімділігі негізінде ну ормандарға ену жүйелі түрде жүре бастады. Бұндай ормандар X–XI ғасырларда елдің басым бөлігін алып жатты. Әсіресе солтүстікте олар тұрғындар арасындағы байланысқа кедергі болды. Бұл олардан бірігіп күш жұмсауды ғана емес, жер иелері сеньорлардан рұқсат алуды қажет етті. Жаңа елді мекендер пайда бола бастады. Солтүстікте олар «жаңа деревнялар» деп аталса, оңтүстікке «паналайтын жер» деп аталды. Кейбір деревняларда «келімсектердің» (госпиттар) күші пайдаланылды.

XI–XIII ғасырлардағы қалалар. Өндіргіш күштердің дамуы мен соған байланысты қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлініп шығуы, қалалардың қолөнер мен сауданың экономикалық орталығы ретінде қалыптасуына алып келді. Францияда негізін римдіктер қалаған қалалар V–IX ғасырда құлдыраған болса, X ғасырдан бастап қайтадан жандана бастады (Бордо, Тулуза, Лион, Марсель, Ним, Пуатье, Париж, Руан), жаңадан қалалық тұрақтар пайда болды.

Оңтүстік Франциядағы XI–XII ғасырларда қалалардың ерте дамуына, Жерорта теңізіне жақын болуы, крест жорықтарына қатысуы әсер етті. Сыртқы белсенді сауда қолөнердің дамуына, әсіресе шұға өндірісінің өркендеуіне жағдай жасады. Ним, Монпелье сияқты қалалардың жұқа шұға шығарумен даңқы шықты. Оңтүстік қалалар саяси тәуелсіздікке де ертерек қол жеткізген еді. Оған экономикалық даму ғана емес, кейінгі антикалық муниципалдық құрылыс дәстүрі де әсер етті. Азаттық алу барысында оңтүстік қалалар қарулы күрес тәсілін емес, қаржы келісімдерін, саудаласу тәсілін қолданды.

XII ғасырда барлық оңтүстік қалалардың басқару жүйесі «Үлкен кеңестің – консулаттың» қолында болды. Ол толық құқылы қалалықтардан, яғни қалада иелігі бар және салық төлейтіндерден тұратын. Бұл үрдіс оңтүстік қалалардан шалғайдағы король

билігінің қатысынсыз жүрді. Кең дәрежеде өзін-өзі басқаруға мүмкіндік алған және сыртқы саудамен айналысқан оңтүстік қалалар, Францияның мемлекеттік орталықтануында маңызды роль атқарған жоқ. Керісінше, оңтүстік қалалардың дамуы сепаратистік бағыттың пайда болуына алып келді.

Солтүстік қалалардың тарихи тағдыры басқаша қалыптасты. Олардың неғұрлым маңыздылары – Аррос, Бовэ, Санлис, Амьен, Нуайон, Лана және Реймстің экономикалық дамуы тек XII ғасырдың аяғына таман ғана жетіліп, негізінен, солтүстік-шығыс Францияның шұға мен зығырдан жасалған маталар өндірісін жандандырумен тікелей байланысты болды. Солтүстіктегі қалалардың саяси және экономикалық құқықтарына жету құралдары жиі болып тұратын көтерілістер еді. Қалалықтарға қарсы ұйымдасқан шіркеу күші қарсы тұрды, көбінесе кең таралған және сынақтан өткен шара «интердикт» (құдайға құлшылық етуге тиым салу) қолданылды.

Солтүстік Францияның Камбре қаласында «коммуналдық қозғалыс» деген атқа ие болған, XI ғасырдың аяғы мен XII ғасырдың басында орын алған қантөгісті көтерілістер болды. Бірнеше талпыныстан кейін, (967–1024–1077), «өзін-өзі басқару туралы» коммуналдық хартияны алды. Оның үлгісіне XII ғасырда Сен-Кантен, Бовэ, Нуайон, Лан, Амьен, Суассон, Корби, Реймс қалалары жүгінді. Қалалар бірдей нәтижеге қол жеткізе алған жоқ. Экономикалық деңгейі төмен қалалар, кейбір экономикалық және саяси сипаттағы жеңілдіктерге ғана қолдарын жеткізді, тұрғындардың жеке бас бостандығы мен сауда мен басқарудағы артықшылықтарға ғана қол жеткізді. Қалалардың негізгі құқықтары «еркіндік хартияларында» бекітілді. Сеньорлардың ұсынысын король бекітті. Азаттық үшін күрес бірнеше кезеңдерден өтті, сеньорлармен күрес қалалардың ішкі қайшылықтарымен қиындай түскен еді. Коммуналдық қозғалыс король өкіметі мен қалалардың саяси одағына жол салды. Қалалар корольден сеньорларға қарсы күресте көмек күтті және ол көмекті ала алды, себебі монархия мүддесі үшін, ірі феодалдардың қысымын әлсірету қажет еді. Король мен қалалар арасындағы одақта, қалалар бағынышты жағдайдағы, шектелген құқықтағы әріптес ретінде болды. Ол салық төледі, жаңа корольдің қолдауымен болатын артықшылық хартияларын сатып алды, үкіметке қарыздар берді, олар қайтарылмайтын қаражатқа айналды. Король қалалардан әскери, ақшалай және саяси көмек алып,

оны сыртқы жаулармен күресуге және ішкі саясатқа, ірі феодалдардың саяси күшін әлсірету бағытына жұмсады. Француз корольдері, өз территориясындағы иеліктерде орналасқан қалаларға «коммуна» құқығын беруден бас тартып, орталықтан тағайындалған шенеунік қадағалауындағы аздаған жеңілдіктер беріліп отырды. Мысалы, осындай жеңілдіктер Париж, Орлеан және Бурж қалаларына берілді. Қалалардың тәуелсіздікке қол жеткізуі, олардың саяси және экономикалық белсенділігіне ғана емес, корольдің немесе жай сеньордың иелігінде болғандығына да байланысты болды.

Корольдің қалаларды қолдауы тұрақты болған жоқ, ол өзінің қаражат және саясат мүдделеріне сай әрекет етті. Орталық өкімет қалаға көмектесуден бас тартып, тіпті коммунаны жойып жібере алатын. Қалалардың саяси тәуелсіздікке қол жеткізуі, олардың экономикалық деңгейінің тез өсуіне жағдай жасады. Оның негізін қолөнердің дамуы құрады, ол жаңа мамандықтар мен цехтардың пайда болуына әкелді. Мысалы, солтүстік-шығыс Францияда тек шұға өндірісінде 25 түрлі мамандық болды. Амьен қаласында цехтарға ұйымдасқан қолөнер мамандықтарының саны 80-ге теңелсе, Абевильде – 64, Сен-Кантенде – 53 болды. XIII ғасырдың екінші жартысында Париж превосы Этьен Буало (корольдің тағайындаған өкілі) шешімі бойынша 100 цехтың уставы жазылды. Ол «Париж қолөнер кітабы», соның ішінде 22 цех тек темір бұйымдарын өндіру саласы бойынша жұмыс жасайтыны көрсетіледі. XIV ғасырларда Парижде тіркелген цехтар саны 350-ге жетті.

Тауар-ақша қатынастарының француз деревнясына тигізген әсері. XII–XIII ғасырларда француз деревняларының экономикалық дамуына қалалар әсер етті. Бұл азық-түлік рентасының ақшамен ауыстырылуын тездетті. Бұрынғы ауылшаруашылық өнімдерін дайындаушы домендердің қысқаруы нәтижесінде нарыққа француз шаруалары өз өнімдерін шығара бастады. Қала мен деревняның байланысы осы кезеңде француз экономикасының бір ерекшелігін анықтады.

Аталған өзгерістердің салдарынан XII ғасырдан бастап, шаруалар еркіндігін сатып ала бастады. Бұрынғы «серв» төрт түрлі міндеткерлікті сатып алды: мұрагерліктен алынатын («өлі қол») салық, некеден алынатын салық, еріктілік тальясы және жеке бас салығы. Жер бұл жағдайда феодалдың меншігінде қалатын, оны

пайдаланғаны үшін шаруа ақшалай рента – «ценз» төлейтін. Сондықтан шаруа «цензитари» деп, оның жер бөлігі «цензива» деп аталды. Оның феодалға соттық тәуелділігі сақталды, жеке ерікті адам ретінде шаруалар (виллан), синьориалдық сот шешімін қайта қарап, король сотына жүгіне алатын.

Сатып алу, жеке немесе ұжым арқылы болатын, бағасы хартия түрінде бекітілген келісім арқылы анықталатын. Оның кейде соншалықты ауыр болатындығы себепті шаруалар өз жағдайын өзгертуден бас тартатын, ондайда «еркіндік беру» күштеу арқылы жүрді.

Азық-түлік және ақшалай рента түрлерінің таралуы, шаруалардың саудаға араласуы, шаруа қожалықтарының еркінділігін арттыра бастады және оларға жеке басына еркіндік беруді талап етті, бұл процестердің бір ғана себебі емес. Оның дамуында, шаруалардың экономикалық жағдайын жақсартуды ғана емес, әлеуметтік статусын көтеруге бағытталған күрес үлкен роль атқарды. XII–XIII ғасырларда Франция деревняларында шаруалардың, селолық қауымдардың экономикалық, әкімшілік және заңдық құқықтарын кеңейту үшін жүргізген күрестері өршіді.

1251 жылы Фландрияда және Солтүстік Францияда XIII ғасырдың ең ірі, өздерін «бақташылар» деп атаған шаруалар көтерілісі басталды. Көтеріліс шіркеуге деген қарсылық сипатын алды. Монастырлар мен шіркеулерді талқандай отырып, шаруалар Парижге және одан әрі оңтүстікке, Тур мен Орлеанға қарай қозғалды.

XI–XII ғасырлардағы саяси бытыраңқылық. Орталықтандырылу үрдісінің факторлары. Францияда орталықтану үрдісіне дейін, ұзаққа созылған король өкіметінің әлсіреуі мен саяси бытыраңқылық орын алды. XII ғасырда француз корольінің жағдайы бірнеше себептерге байланысты ауыр жағдайда болды. Капетингтер домені салыстырмалы түрде алғанда, аз ғана жер иелігіне – Сена мен Луарадан, Компьеннен Орлеанға дейін созылған, айналасын феодалдық княздықтар – Нормандия, Бургундия Бретань герцогтығы және Шампань графтығы қоршаған территориялар болды. Францияның вассалдық жүйесінің ерекшелігі сол, король тек тікелей вассалының көмегіне ғана жүгіне алатын. Англия, Швеция немесе Кастилиядағы сияқты, ерікті шаруалар резервіне жүгіне алмайтын. Король өкіметі сайланбалы сипатта болды. Елдің оңтүстік пен солтүстікке экономикалық және саяси бөліну ерекше-

лігі, екі халықтың болуымен күшейе түсіп, саяси бытыраңқылығы тереңдей берді. Соған қарамастан, мемлекеттік орталықтандыру үрдісі Францияда алдымен солтүстікте жүре бастады.

Бұл процестің шешуші факторы – қалалардың пайда болуы мен дамуы, тауар-ақша қатынастары, олардың жекелеген территориялар шаруашылығының томаға-тұйықтығын жоюында болды. Қалалардың дамуы қоғамдағы жаңа әлеуметтік күштердің – қалалықтар сословиесінің пайда болуына әкелді, олар күшті король үкіметіне мүдделі болды, феодалдық анархияны жойып, саудаға жағдай жасауға, (кедендік шекараларды жоюға, өлшемдер мен таразылардың біртектілігін орнату, шетелдік көпестерден қорғау) көмек алуға үміттенді.

Орталықтану үрдісіне әсер еткен келесі фактор, саяси күштердің арасындағы өзгерістер. Шаруашылық тәуелсіздігінің өсуі, әлеуметтік статусының жаңаруы, шаруаларға қатысты экономикадан тыс күштеуді жүзеге асыруды мүмкін етпеді. Феодалдар король билігі айналасына топтасуға мәжбүр болды.

Король доменінің өсуі. Орталықтану үрдісі екі кезеңнен тұрды: провинциялық орталықтану және жалпы мемлекеттік бірігу. XII ғасырдың басы король билігінің нығаюындағы өтпелі кезең болды. VI Людовик (1108–1137) және оның канцлері, аббат Сугери, феодалдар қарсылығын тоқтата алды. Олардың қамалдары талқандалды, территорияларға король гарнизондары орналастырылды. VI Людовик (1137–1180) Бурж және Сонс қалаларын қосып, король доменін ұлғайта бастады. Доменнің өсуі II Филипп Августтың (1180–1223) билігі кезінде болды. Француз монархиясының ең ірі қарсыласы, ағылшын королімен жүргізген күресінде де VI Людовик бірқатар жетістіктерге жетті.

Генрих II Плантагенет кезінде Англияның құрылықтағы иеліктері бірден көбейген еді. Анжу, Мэн, Турень, Нормандия, Пуату, кейін Аквитания қосылған. Генрих II Плантагенеттің иелігі француз королі доменінен асып түсті. Саясатқа және дипломатияға аса шебер II Филипп, ағылшын королінің вассалдық міндетін бұзғанын пайдалана отырып, онымен күресін бастады. II Филипп ағылшын королі «Жерсіз» II Иоаннмен жүргізген күресінде жақсы жетістіктерге жетті. Ағылшын королінің Франциядағы иеліктері «тәркіленді», – деп жариялап, 1202–1204 жылдары ағылшын тәжінің аса құнды маржаны болып табылатын Нормандияны жаулап

алды. Соғыс еуропалық маңызға ие болды, себебі, Иоанн жағына император IV Оттон, Фландрия графы және бірқатар феодалдар шықты. 1214 жылы француздар ағылшындарды Ларош-о-Муане мен Бувине (Фландриядағы) түбіндегі шайқастарда талқандады. Корольге домендік қалалар мен шаруалар үлкен көмек жасады.

Альбигойлық соғыстар. Оңтүстік француз қалаларының экономикалық гүлденуі, олардың саяси тәуелсіздігі бұл аудандарда әлеуметтік қайшылықтардың асқынуына алып келді. Олар идеологиялық күрестен көрініс тапты, негізінен XII ғасырдың 40-шы жылдары орын алған «вальденстер» мен «қатарлар» ерестік ілімінен көрініс алды. Оңтүстік Францияда орналасқан – Альби қаласы – ерестің белсенді орталығы еді. Қала атауымен «альбигойлық ересь» деген атақ беріліп, кейіннен халықтың жаппай феодалдарға және шіркеуге қарсы қозғалысына айналып кетті. «Қайырымдылық пен қатыгездік» идеясын жақтаушы альбигойлықтар, католик шіркеуін «сайтанның туындысы» деп, шіркеудің негізгі догмаларын жоққа шығарды. Шіркеу иерархиясы мен жер иелігін, «шіркеулік ондықты» жоюды талап етті.

Қозғалысқа қатысушылар «қарапайымдылық» пен «ерте христиандық қауымдық теңдіктің» қайтарылуын талап етті. Альбигойлықтар байлықтан бас тартып, қарапайым өмір сүруді уағыздады. Вальденс ережесінің негізін салушы, Лионнан шыққан Петр Вальдо «Ешкім, еш нәрсені иемденбеуі керек» деп үйретті.

Альбигойлықтардың негізі қалалықтар мен шаруалардан құралды. Сонымен қатар, қозғалысқа рыцарлар мен дәулеттілер де қосылды. Тулуза графы Раймонд альбигойлықтарды қолдады. Дәулетті ақсүйектердің альбигойлықтарға қосылуы, саяси мүдделер мен шіркеу байлығын пайдалану мақсатында еді. Олар оңтүстікте саяси тәуелсіздікті сақтауға ұмтылды, католик шіркеуі бұл кезеңде Капетингтермен тығыз саяси одақта болатын. Осыдан келіп, ересьтің Солтүстік Францияға тарау қаупі туындады. 1209 жылы папа III Иннокентий, солтүстік феодалдары қатысқан альбигойлықтарға қарсы крест жорығын ұйымдастырды. Олардың әскербасы – барон Симон де Манфор болды. 1213 жылы Мюрэ түбіндегі шайқаста крестшілер шешуші жеңіске жетті. Қатты қарсылықтан кейін Безье және Каркассон қалалары алынды. Тулузалық Раймонд, Тулуза, Ним, Бокер және Ажан қалаларын қорғап қалды. Симон де Манфор қазасынан кейін, күреске француз королі

VIII Людовик араласты. Табысты жорықтар нәтижесінде, 1224 және 1226 жылдары, король доменіне Тулуза графтығы мен Жерорта теңізі жағалауындағы жерлердің бір бөлігі қосылды. Альбигойлықтардың соңғы тірегі – Монтсегюр қамалы, он айға созылған қоршаудан кейін алынып (1244), 200 еретик жойылды. Аквитания Плантагенеттер қолында қалды. Соғыс оңтүстік қалалардың экономикалық күшіне қатал соққы берді, олар корольге деген тәуелсіздігін жоғалтты.

XII ғасырдағы мемлекеттік басқару. XIII ғасырдың ортасы мен екінші жартысы король доменінің ұлғаюы мен мемлекеттік басқару аппаратының құрылуымен нығайтылды. Оның негізін құраған орталық орган – бұрынғы феодалдық корольдік куриядан өсіп шыққан, жоғарғы басқару органы – «Корольдік кеңес», «Париж парламенті» және қаржы мекемесі – «Есеп палатасы». Мемлекеттік аппараттың негізгі даму бағытын, мемлекеттен ақы алатын, арнайы дайындалған шенеуіктер – легистер қалыптастырды. Олар көбінесе ақсүйектер сословиясынан шыққандар емес, білімді адамдар болды. «Корольдік кеңес» – король жанындағы тұрақты орган ретінде, ірі феодалдардан, принцтерден және легистерден құралды. Жекелеген әкімшілік аймақтарда, бұрынғы король поместьесінің жетекшілері – «преволар» тұрды. Аймақтар ірі бірлестіктерге қосылды: солтүстікте – «бальяж», оңтүстікте – «сенешаль» деп аталды. Оларды корольдің шенеуіктері ретінде, өз қолдарына әкімшілік, сот және әскери билікті жинаған «балья» мен «сенешалдар» басқарды. Король оларды ірі феодалдар ішінен тағайындап, саяси одақтастар ретінде ұстауға ұмтылды.

Король билігі біртіндеп, қайырымдылық пен бұқаралық-құқықтық сипаты бар өкіметке айналды. Мемлекет енді, корольдің мұрагерлеріне таратып беретін, немесе, жеке адамдарға сыйлайтын меншік емес, деп есептелді. Король – жеке тұлға ретінде емес, заң шығарушы, ережелер жасаушы, құқық көзі және мемлекет басшысы ретінде қарастырылды. Доменнің бөлінбейтіндігі жайында ұстаным қабылданды. Король үкіметінің «қасиеттілігі» және «мемлекетті сату» жайында түсінік бекітілді.

Аса ірі және маңызды ішкі басқару реформасы IX Людовиктің (1225–1270) билік етуі кезінде жүргізілді. Король домені территориясында, қайшылықты мәселе сотта ғана шешілді. Істі король сотына ауыстыру мүмкіндігі пайда болды. Кез-келген соттың

сеньориалдық және қалалық шешіміне қатысты, король сотына апелляция беруге мүмкіндік туды. Париж парламенті корольдіктің «жоғарғы сот» орнына айналды. Аса маңызды істер, ең алдымен король сотының құзырында болды. IX Людовиктің домен территориясында жеке соғыстар жүргізуге тиым салуы мен «корольдің 40 күні» деген атакқа ие болған бүкіл король иелігіне таралатын тәртіптің енгізілуі, қоғамдық тәртіптің күшейіп, мемлекетте феодалдық қырқысулардың әлсіреуіне әсер етті.

Король доменінде ортақ монета жүйесі енгізілді. Король монетасы бүкіл мемлекетте, жергілікті сеньорлар монетасымен қатар жүру құқығына ие болды. Өз монетасын шығару құқығы сол кезеңде 40 сеньорда болған. Біртіндеп, король монетасы жергілікті монеталарды айналымнан ығыстыра бастады. Король монетасы құрамында күміс пен алтынның көптігіне байланысты, сыртқы және ішкі саудада кең қолданысқа ие болды. Бұл елдің экономикалық бірігуіне ықпал етті.

«Әулие» деген атқа ие болған IX Людовик, «христианшылдық мемлекет» идеясын енгізуге ұмтылды. Оның мақсаты, ішкі және сыртқы саясатта «бейбітшілік және әділеттілік» ұстанымы еді. Ол «дінсіздерге» бағытталған екі крест жорығын – 1248 және 1270 жылы ұйымдастырды, Еуропадағы көршілерімен бейбіт келісімге қол жеткізді. Францияның оңтүстігінде тыныштық орнатуға қол созған Арагон королімен, 1259 жылы ағылшын королімен келісімге келді. Ағылшын королі III Генрих, Француз короліне «сенімділік антын» білдірді. IX Людовик еуропалық кикілжіңдерде бірнеше рет төрешілік қызметін атқарды. IX Людовиктің жүргізген реформалары, орталықтандыру процесін тереңдетуге ықпал еткен, прогрессивті маңызы бар шара болды. IX Людовик заманы, ел тарихындағы «алтын ғасыр» деп аталады.

§ 2. XIV–XV ғасырлардағы Франция

XIV ғасырлардағы шаруалар мен феодалдар. Ақша рента-сының тұрақтануы және шаруа қожалықтарының экономикалық еркіндік алуы шаруалардың жіктелуіне алып келді. Цензиваны пайдалануға үлкен еркіндіктің берілуі, белгілі жарна төлеу арқылы сату мүмкіндігін алуы, деревняда кедейленген шаруалардың пайда болуына алып келді. Жерді аманатқа беру немесе қарыздық кіріптарлық, шаруашылықты құлдыраудан құтқармады, қарызды

өтеу шаруа қожалығына қосымша ауыртпалық әкелді. Болашақта осындай ауыртпалықтан шыға алмаған шаруа, жанұясын асырап, рента мен мемлекеттік салықты төлеу үшін, үлестік жерінің бір бөлігін сатып, сеньорға немесе өзінің ауқатты көршісіне маусымдық жұмысқа жалдануға мәжбүр болды. Осылай деревняда ұсақ товар өндірісі шеңберіндегі жалдамалы еңбек және село тұрғындарының ерекше категориялары – жалдамалы жұмысшылар пайда болды. Шаруалардың жаңа иелігі – жер арендасы, көбінесе издольщина түрінде қалыптасты.

Издольщина – цензивадан өзгеше еді, тұрақты рентамен белгіленгені себепті, қосымша өнімнің бөлігін өз шаруашылығында сақтап қалуға және оның жағдайын тұрақтандыруға мүмкіндік берді. Рентаны ұлғайтуға барщиналық шаруашылықтың түгелдей жойылып кетуі, шаруаның жеке басының бостандығы, бекітілген тұрақты ақша рентасы кедергі болды. Феодалдың шаруаларға деген қысымына, король өкіметінің күшеюі қарсыластық тудырды және сеньориалдық салықтың өлшемі шектелді. Феодалдардан корольдің әскери қызмет көрсетуді талап етуі, олардың шығынын көбейтті. Көптеген ұсақ және орта феодалдардың ұлдары рыцарь атағын алу рәсімінің қымбаттығы себепті, бұндай атақтарды ала алмады. Олардың алдында екі мүмкіндік – король қызметінде соғысқа қатысу немесе ірі феодалдар әскеріне тіркелу болды. Соңғы жағдай сепаратистік бағыттың үстемдік алуына алып келді.

XIV ғасыр вассалдық қатынастарға маңызды өзгерістер енгізді. Товар-ақша қатынасы жағдайындағы дамыған «фьеф-рента» (сеньор вассалға жерін бермейді, бірақ өз иелігіндегі рентаның бір бөлігімен бөліседі) нәтижесінде және феодалдар арасындағы ақшалай рентаның өсуі, жермен байланысты үзді. Оның вассалдық ант беруі ендігі жерде қажет болмады. Король өкіметі бұл жаңа форманы, бұрынғы вассалдық құқық нормаларын бұзуға пайдаланып, феодалдардың негізгі бөлігін мемлекеттік және әскери қызметке пайдаланды.

XIV ғасырдағы француз қаласы. XIV ғасырда цехтардың құрылымында және цехтар арасында өзгерістер көрініс алды. Цех ішінде ауқатты шеберлердің шығуы, олардың кәсіпорынды бақылауға алуға ұмтылуы, цехтың «тұйықталуы» байқалды. Бұл қаладағы қарама-қайшылықты тереңдетіп, шебердің көмекшілерінің өз одақтарын құрып, шеберлерге қарсы наразылыққа алып келді.

Қолөнершілердің басым бөлігі қалалық басқармаға енгізілмеді және салық салу жолын бақылай алмады. Қалада маманданбаған қолөнершілер саны, цехтан тыс кедейлер, деревнядан келгендер көп болды. Бұлар кездейсоқ табыстармен күн көріп, қолөнершілер жағында әлеуметтік күреске шығуға, немесе қалалық жоғарғы таптың саяси саудасының тұзағына түсіп қалуға дайын еді. Цехтар мен аралық мамандықтар – бояушылар, шұғашылар, ет шапқыштар мен тері өңдеушілер т.б. арасында күрделі арақатынастар қалыптасты.

Орталықтандыру үрдістерінің жетістіктері. XIV ғасырдың басындағы король билігінің күшеюі. XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың басы Францияның саяси тарихында сословиялық монархияның орнығуымен сипатталады. Мемлекеттің жаңа формасының қалыптасуына, елдің орталықтануы мен король билігінің одан ары күшеюі ықпал етті. Ол бір жағынан, король домені территориясының неғұрлым ұлғаюына байланысты болды. Француз королі мен ағылшын королі арасындағы соғыстың нәтижесі бойынша, король доменіне – Лангедок (бұрынғы Тулуза графтығы), 1308–1309 жылдары Аквитанияның бір бөлігі және Дордони мен Гаронна өзендері аймақтары, 1285 жылы Наварра қосылды. Ағылшындар Бискай жағалауындағы жінішке жерді ғана сақтап қалды. Шампань графтығын, 1307 жылы елдің орталығындағы бай қала Лионды IV Филипп доменге қосып алды. XIV ғасырда король домені территорияның 3/4 бөлігін алып жатты. Бұл король билігінің күшеюіне ықпал етті.

IV Филипп вассалдармен байланыс орнатты, соттар мен салықтар арқылы өз саясатына азаматтық және діни сипат берді. Король сотының қызмет көрсету аймағы кеңейді, Париж парламенті жоғарғы сот құзырына ие болды. Бұл азаматтық және шіркеу феодалдық соты мен қалалық соттың қызметінің қысқаруына ықпалын тигізді. XIV ғасырдың бірінші жартысында парламент, тұрақты мүшелері бар органға айналды. Құрамы 100 прокурор, адвокат, кеңесшілерден тұрды. Оның қызметі жергілікті салт-дәстүрлердің әсерін әлсіретті, біртіндеп жалпы мемлекеттік құқықтарды қалыптастырды. IV Филипп билігі кезінде мемлекеттік салық жүйесінің негізі қаланды. Елде сатылатын товарларға жанама салық енгізілді, қазынаны толықтыру үшін IV Филипп монетадағы қымбат металл қоспасын алмастыру нәтижесінде, «жалған монеташы» деген атаққа ие болды.

IV Филипп бірнеше рет өсімқор еврейлерді корольдіктен қуып, олардың қазынасын және мүліктерін тәркіледі, қайтып оралу құқығын алуы үшін олардан үлкен көлемде қаражат алды. Қалалардан қарыздар талап етіп, қайтармады, қала қаражатын шығындады. Бұл оған біріншіден «коммуналдық еркіндікті жою» және қала басқармасын король шенеуніктеріне бағындыру саясатын жүргізуді жеңілдетті.

Қала басқармасының мүшелері салық ауыртпалығын колөнершілер мойнына артты. Бұл жағдай салыққа қарсы қалалық көтерілістерге алып келді. Оның ең ірісі 1306 жылғы Парижде жаңадан шығарылған монетаның құрамының нашарлығына байланысты болды. Қала кедейлері өз ашуларын тек қана корольдік қаржы шенеуніктеріне ғана емес, қаланың дәулетті бөлігіне бағыттап, үйлерін тонады. Король «тамплиерлер ордені» рыцарьларының қамалына барып тығылып, бірнеше күнге созылған шабуылды басынан өткізуге мәжбүр болды. Соңынан көтеріліске шыққандарды қатал жазалау орын алды.

Салық жүйесінің қалыптасуы әскердегі реформамен тығыз байланысты болды. Әскердегі реформа феодалдық жасақты француз рыцарьлары мен жат жерлік жалдамалылардан құралған әскермен алмастыру, феодалдарды әскери қызметке мәжбүр ете отырып, әскери қатал тәртіпке және корольге бағынған ұйым құруға ұмтылды. IV Филиппті реформаға итермелеген Фландриядағы соғыс еді. Фландрия графы, француз королінің вассалы ретінде есептелді, бірақ графтық территориясы француз мемлекетінің құрамына енген жоқ. Тұрғындардың этникалық құрамы, тілі француздардан алыс еді. Франция, Фландрияның аса бай қалалары – Ипр, Брюгге, Гентке ықпалын жүргізуге ұмтылды. IV Филипп қалалардың ішкі күресін пайдаланып, бюргерлердің жоғарғы тобына қолдау көрсетті.

1302 жылы Брюггте олар француз гарнизоны мен жергілікті патрицатты қырып салды. Бұл оқиға «Брюггтегі таңғы қырғын» деген атқа ие болып бүкіл Фландриядағы қалалық және селолық бұқараның көтерілуіне түрткі болды. IV Филипп оларға қарсы әскерін аттандырды, олар 1302 жылы Куртре түбіндегі шайқаста жеңіліп қалды. Бұл тарихта өте сирек кездесетін жағдай еді, аттылы рыцарьларды қалалық жасақтар талқандап тастады. Шайқас алаңынан жинап алынған рыцарлардың шпорлары, жеңістің белгісі

ретінде қала қақпаларына ілген еді. Сондықтан бұл шайқас «шпорлар шайқасы» деген атқа ие болды.

Француз королі әскери қызметтің өтелуін, немесе әскери қызметтің төлеммен өтелуін қадағалады. Ақылай төлем, соның ішінде, тікелей салықты қатар енгізу, зайырлы және шіркеу феодалдарының ашу-ызасын келтірді.

Сословиялардың бірігуі және саяси белсенділігінің өсуі. Король билігінің күшейюімен қатар, сословиялардың саяси белсенділігінің артуы, сословиялық монархияның қалыптасуындағы алғышарт болды. Бұл процесс қалалықтар арасында ерекше көрініс алды. Дворяндар сословиясы, дін басылар мен қалалықтар, өз артықшылықтарын, күшейіп келе жатқан король билігі алдында қорғау үшін, территориялық деңгейде, негізінен провинциялар шеңберінде біріге бастады. Олардың артықшылықтары хартиялармен бекітілді. Бұл жағдайда монархия артықшылықтармен бөлісуге (сот, салық, әскери) тиіс болды, оған жеке ірі жер иелерімен емес, шектелген болса да, жергілікті жерлердегі билікке ие, әлеуметтік топтармен келісімге келу тиімді еді.

Король өкіметі жоғарғы билігін іске асыруға қажетті қаражатқа ие емес еді. Ақшалай, әскери және саяси көмекті сословиядан сұрауға мәжбүр болды. Нәтижесінде сословиялық өкілеттілік органын құрып, ішкі және сыртқы саясаттың аса маңызды мәселелерін сословиямен ақылдаса отырып шешті. Сословия өкілеттілігінің жалпы мемлекеттік органы – Бас штаттар, IV Филипп пен Рим Папасы VIII Бонифацийдің күресіне байланысты қалыптастырылды.

Папамен күрес және Бас штаттардың құрылуы. IV Филипп кезіндегі король өкіметінің күшеюі, Рим Папасымен арадағы кикілжіңге алып келді. Король шіркеудің мүліктік және соттың құқығын едәуір шектеді. Кикілжіңнің басты себебі – шіркеудің жеріне қатысты салық саясаты болды. Король мен шіркеу арасындағы қарама-қайшылық, ішкі мәселе шеңберінен асып кетті, себебі, француз шіркеуі рим папасына бағынышты еді.

VIII Папа Бонифаций. 1296 жылы дінбасыларынан салық жинауға рұқсат берілді, ал Рим Папасы шіркеу мекемелеріне өз рұқсатынсыз салық төлеуге тиым салды. IV Филипп, бұған жауап ретінде, Франциядан күміс пен алтынды шетке шығаруға тиым салды. Бұл папа қазынасына француз шіркеуінен қаражат түсуін

тоқтатты. VIII Бонифаций, Франциядағы бұл мәселені 1302 жылы 1-қарашада болатын шіркеу жиылысында қарастыруды ұсынды. Өзінің шешімінің нақтылығын, VII Григорий тұсындағыдай, діни билікті зайырлы биліктен жоғары қою шешімін бекітті. IV Филипп оның саясатын «Францияның ішкі ісіне араласу», – деп бағалады. Король легистерінің ұйымдастыруымен «VIII Бонифаций қызмет бабын асыра пайдаланды», – деген айып тағылды. VIII Бонифаций, IV Филиппті «шіркеуден айыру туралы» булланы дайындады. Оқиғаның алдын алу үшін IV Филипп 1302 жылы Бас Штаттарды шақырды, оған дін басылары, дворяндар, қалалықтар (әр қаладан 2 депутат) қатысты. Ассамблеяда папаны «еретик» деп айыптау мәселесін қарастыру кезінде, дінбасылардың біраз бөлігі мен дворяндар, әсіресе оңтүстіктегі қалалар қарсылық білдірді.

Өз жақтастарының, әсіресе, қалалық депутаттардың уәдесін алғаннан кейін, IV Филипп ел ішіндегі қобалжулардың басылуына қол жеткізді. Папаның беделін түсіру үшін, IV Филипп ақшамен папаның қарсыластарын өз жақтарына тарта отырып, папа сарайына басып кірді де, VIII Бонифаций үй қамауына алынды. Бұндай қорлыққа шыдамаған VIII Бонифаций қайтыс болды. 1305 жылы IV Филипп ықпалымен папа тағына француз прелаты V Клемент сайланды. IV Филипп легистердің көмегімен тамплиерлер орденіне қарсы «ересшілер» деген айыппен сот ұйымдастырды. XII ғасырда құрылған діни-рыцарлық тамплиерлер ордені, папаның ерекше қарамағында болатын. XIII ғасырда ол аса ірі жер иесіне айналған еді. Өзінің қызметінің орталығын Еуропаға ауыстырып, өсімқорлық операцияларымен айналысты. Француз королі орденді тарата отырып, саяси-экономикалық мақсатты көздеді: ел ішіндегі рим папасымен қоян-қолтық әрекет етуші қарсыластарынан құтылу, орденнің қазынасы мен жерін тәркілеу сияқты.

Орденмен күресте IV Филипп қоғамдық күшке жүгініп, 1308 жылы Бас Штатты шақырды. Орден 1312 жылы шіркеудің жиылысындағы шешім негізінде таратылды да Рим Папасы V Клемент, королдің ықпалымен, өз сарайын Авиньонға көшірді. Осылай, 70 жылға созылған, француз корольінің бақылауындағы «Авиньондық тұтқындау» кезеңі басталды.

Сословиелік өкілділіктің құрылымы. Францияда сословиелік өкілеттілік жүйесі әр түрлі территориялық деңгейде қалыптасты. Мысалы, жергілікті штаттар – Анжей және Керси графтығында;

консулдар мен рыцарлар, барондар ассамблеясы – Тулузада; Каркассон және Бокер сенешальдықтары мен Лангедок пен Нормандияда – провинциялық штаттар XIV ғасырдың ортасынан бастап ақ белгілі бола бастады. Бас штаттардың үш сословиясы жеке мәжілістер өткізді және дін басылары, дворяндар және қалалықтар өкілдерінен тұратын үш палата құрды.

Бірінші палатада корольдің өзі шақырған прелаттары болды, оған дінбасыларының провинциядағы жиналыстарында немесе монастырларда сайланған прелаттар немесе шіркеу қызметіндегі жоғарғы топ қатысты. Феодалдар арасынан, көбінесе корольдің шақыруымен келген ірі феодалдар қатысты. XV ғасырдың соңына таман «үшінші сословия» деп аталған палатада, қала басшылары, қала басқармасының мүшелері, аумақты және беделді қалалықтар отырды. Оларды қала қауымы сайлаған жоқ, қалалық кеңес тағайындады. Ұзақ уақыт Францияда дворяндар арасында сайлау ұстанымы әлсіз дамыған еді. Тек XV ғасырдың соңына таман ғана, барлық үш сословия үшін сайлау шарасы іске асты. Әрбір палата бір дауысқа ие болды, екі палатаның шешімі болса, үшінші палатаның шешімі қажет емес еді. Бас штаттар тұрақты қызмет атқаратын ұйым бола алмады. Бас Штаттардың өткізетін уақыты мен орнын, кімдерді шақыратынын корольдің өзі ғана шешетін. Ал корольдің өзі Бас штатқа есеп бермейтін. Шаруалардың сословиялық – өкілеттілік ұйымға өз депутаттарын жіберу құқығы болған жоқ.

Жүз жылдық соғыс (фр. Guerre de Cent Ans, англ. Hundred Years' War) – бір жағынан Англия мен оның одақтастарының, екінші жағынан Франция мен оның одақтастарының арасында, шамамен 1337 және 1453 жылдардың аралығында болған әскери қақтығыс. Бұрын ағылшын корольдеріне тиесілі болған құрылықтағы территорияларды қайтаруға деген ұмтылыс, Плантагенеттер династиясының, Капетингтермен туыстығын желеу ете отырып, француз тағына деген ұмтылысы қақтығыстың басталуына себеп болды. Сонымен қатар, Франция 1259 жылғы Париж келісімі бойынша француздарға тиесілі Гиени территориясынан ағылшындарды ығыстырып шығаруды көздеді. Соғыстың алғашқы сатысындағы жетістігіне қарамастан, Англия өзінің түпкі мақсаттарына қол жеткізе алған жоқ. Құрылықтан Англия иелігінде тек Кале порты ғана қалды. Оның өзіне Англия тек 1558 жылға дейін ғана қожалық етті.

Соғыс үзілістермен 116 жылға созылды. Шындығына келгенде бұл соғыс қақтығыстар сериясы болды: біріншісі – Эдвардиан соғысы, 1337–1360 жылдар аралығына созылды; екіншісі – Каролинг соғысы, 1369–1389 жылдар аралығына созылды; үшіншісі – Ланкастер соғысы, 1415–1429 жылдар аралығына созылды; төртінші кезеңі 1429–1453 жылдар аралығын қамтыды. Бұл қақтығысқа жалпы сипат беретін «жүз жылдық соғыс» термині кейінірек пайда болды. Соғысты ағылшын королі III Эдуард бастады. Ол Капетингтер династиясынан шыққан француз королі IV Сұлу Филипптің шешесі жағынан немересі болып келетін. 1328 жылы Капетингтердің тікелей ұрпағы IV Карл қайтыс болғаннан кейін, Саллий заңы бойынша VI Филипп Валуаға тәж кигізді. Осы кезде Эдуард өзінің француз тағына деген құқығын жариялады. Осыдан басқа, монархтар арасында экономикалық тұрғыда маңызды, сөз жүзінде ағылшын тағының меншігі, іс жүзінде Францияның бақылауындағы Гаскон аймағы үшін де алауыздық бар еді. Сонымен қатар, Эдуард кезінде әкесі айырылып қалған территорияларды қайтаруды көздесе, VI Филипп өз тәуелсіздігін мойындауды талап етті. 1329 жылы жасалған компромистік оммаж екі жақты да қанағаттандырған жоқ. 1331 жылы ішкі қиындықтарға кезіккен Эдуард, Филиппті Франция королі ретінде танып, француз тағына деген құқығынан бас тартты. Ағылшындардың өзі Гасконьға деген құқығын сақтап қалды. 1333 жылы Эдуард, Францияның одақтасы, Шотландия королі II Давидпен соғысты бастады. Ағылшындардың бар назары Шотландияға ауғанын пайдаланған VI Филипп, Гасконьяны өзіне қосу үшін қадамдар жасайтын сәт келді деп түсінді. Бірақ, соғыс ағылшындар үшін сәтті болып, Халидон-Хилл түбінде шотландықтар талқандалып, Давид Францияға қашып келді. 1336 жылы VI Филипп II Давидті Шотланд тағына отырғызу үшін, екінші жағынан Гасконьді қайтару үшін, Британ аралдарына әскер түсіруді жоспарлай бастады. Англия мен Франция арасындағы жауласушылық деңгейі өзінің шарықтау шегіне жетті. 1337 жылдың күзінде ағылшындар Пикардииге шабуылын бастады. Оларды Францияның оңтүстік батысындағы қалалар мен феодалдар қолдады.

Соғыстың бірінші сатысы. Соғыстың басы III Эдуард үшін сәтті болды. Соғыстың алғашқы жылдары III Эдуард Фландрия бюргерлерімен одақ құрып үлгерді. Бірақ одақтан ешқандай нәтиже

болмай, 1340 жылы одақ ыдырады. Герман князьдарына III Эдуард тарапынан бөлінген субсидиялар, әскерді қамтамасыз ету, ағылшын қаржысын тауысып, Эдуардтың беделін түсірді. Алғашқы кезде Франция теңізде үстемдік етіп, Генуяның кемелері мен теңізшілерін жалдады. Бұл Франция тарапынан Британ аралдарына төнген қауіпті күшейтіп, III Эдуард қосымша шығынға барып, Фландриядан кеме жасайтын ағаш сатып алып, қосымша кеме жасау ісіне көңіл бөлуге итермеледі. 1340 жылғы Слейс түбіндегі теңіз шайқасында ағылшындардың құрылыққа шығуына кедергі келтіріп отырған француз флоты толық талқандалды. Осыдан бастап, III Эдуардтың флоты теңізде үстемдік алып, Ла-Маншты бақылады.

1341 жылы бретань мұралығы үшін соғыс басталды. Бұнда Эдуард Жан де Монфорды, ал Филипп – Карл де Блуаны қолдады. Соғыстың келесі кезеңі Бретанияда жүрді, Ванн қаласы бірнеше рет қолдан-қолға өтті. Гаскониядағы келесі әскери компаниялардың нәтижелері екі жақ үшін де әрқилы болды. 1346 жылы Эдуард Ла-Манш арқылы өтіп, Францияға еніп, Котантен жартыаралына әскер түсірді. Бір күннің ішінде ағылшын әскері Кан қаласын алды. Филипп әскер жинап, Эдуардқа кездесуге аттанды. Эдуард әскерінің бетін солтүстікке қарай бұрды. Эдуардтың әскері жол бойы тонаушылықпен айналысты, королдің өзі, жаулап алған территорияларды ұстап қалу үшін, ешқандай шара қолданған жоқ. Эдуард пен Филипп әскерінің 1346 жылы 26 тамызда Креси түбінде кездесуі француз әскері мен оның одақтастарының жеңілуімен аяқталды. Ағылшын әскері кедергісіз солтүстікке қарай жылжи отырып, Калені 1347 жылы алды. Бұл жағдай ағылшындардың маңызды стратегиялық жеңісі болды және Эдуардқа өз әскерін құрылықта ұстап қалуға мүмкіндік берді. Осы жылы Невиллс-Кросс түбіндегі жеңістен кейін, Шотландия тарапынан төнген қауіп те сейілді.

1346–1351 жылдардағы «қара өлімнен» кейін, ағылшындар өзінің қаражаттық күшін жылдам қалпына келтіріп, 1356 жылы III Эдуардтың ұлы басқарған 30 мыңдық ағылшын әскері Гасконияға еніп, Пуатье түбінде француздарға қатты соққы берді. 1359 жылы Лондон бітіміне қол қойылды, бітім бойынша ағылшындар Аквитанияны алды. 1357–1358 жылдары әскери сәтсіздіктер мен экономикалық қиындықтар Париж көтерілісі мен Жакерия көтерілісіне алып келді. Эдуард әскері үшінші рет Францияға енді.

Қолайлы жағдайды өз пайдасына шешу үшін, Эдуард Парижді басып алуға тырысты. Бірақ Эдуардқа не Парижді, не Реймсті жаулап алу мүмкін болмады. Франция дофині, болашақ король V Карл 1360 жылы Бретиньиде өзіне тиімсіз келісімге қол қоюға мәжбүр болды. Соғыстың алғашқы сатысының нәтижесі бойынша Бретания, Аквитания, Кале, Понтье территорияларының жартысы ағылшындардың қолына өтті. Француз тағы осылайша Франция территориясының үштен бірінен айырылды.

1369 жылы Эдуард Бретиньиде қол қойылған бейбіт бітімді сақтамады, – деген желеумен Карл Англияға қарсы соғыс жариялады. Бұл жүз жылдық соғыстың екінші сатысының басталуына түрткі болды. V Карл әскерді қайта құрып, экономикалық реформалар жасады. Бұл француздарға 1370 жылғы соғыстың екінші сатысында бірқатар жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді. Англияның ішкі және сыртқы жағдайындағы қалыптасқан қолайсыздықтар, француздарға 1372 жылы Пуатьені, 1377 жылы Бержеракты азат етуге мүмкіндік берді. 1396 жылы екі жақ арасында уақытша келісім жасалды. **Соғыстың үшінші сатысы (1415–1428). Азенкур түбіндегі ұрыс және Францияны жаулап алу.** Ағылшын тағына келген IV Генрих Францияны жаулап алу жоспарын құра бастады. Бұл жоспары іске асырған оның ұлы V Генрих. 1415 жылғы тамыз айында оның әскері Арфле қаласын жаулап алды. 1415 жылғы 25 қазанда Азенкур түбіндегі ұрыста ағылшындар шешуші жеңіске жетті. Генрих Нормандияның үлкен бөлігін, 1417 жылы Канды, 1419 жылы Руанды жаулап алды. Бес жылдың ішінде ағылшын королі Франция территориясының жартысын өзіне бағындырды. 1420 жылы Генрих есінен ажырасқан VI Карлмен кездесіп, Труа қаласында келісімге қол қойды. Келісім бойынша, V Генрих VI Карлдың мұрагері болып танылды. Осы келісімнен 1801 жылға дейін, ағылшын королдері Франция королдерінің титулын иеленіп келді. Келесі жылы Генрих Парижге келіп, Бас Штаттарда келісімді заңды түрде бекітті. 1428 жылы ағылшындар Орлеан қаласын алды. 1428 жылы саяси аренаға Жанна д’Арк шықты.

1428–1453 жылдардағы түпкілікті бет-бұрыс. Ағылшындарды Франциядан ығыстырып шығару. 1428 жылы ағылшындар Орлеан қаласын қоршап алды. Жанна д’Арк Орлеанды азат ету үшін дофиннен әскер сұрады. Әскердің рухын көтеріп, Орлеан қаласын азат етті. Жанна д’Арктың бұл әрекеті жалпы француздар-

дың рухын көтерді, Пате түбінде ағылшын әскерін талқандап, VII Карл таққа отырған Реймс қаласына жол ашты. 1430 жылы Жаннаны бургундтер ұстап алып, ағылшындарға берді. 1431 жылғы Жаннаның өлімі де соғыс барысына әсер еткен жоқ. 1435 жылы бургундтер Франция королінің жағына шығып, III Филипп пен Карл Аррас бітіміне қол қойды да оған Парижді берді. Карл әскер мен үкіметті қайта қалыптастырып, жау қолында қалған қалаларды қайтарып ала бастады. 1449 жылы Руан, Кан қалаларын алды. 1453 жылы Кастильон түбінде жүз жылдық соғыстың соңғы шайқасында ағылшындар талқандалды. 1453 жылғы Бордодағы ағылшын гарнизонының капитуляциясы жүз жылдық соғысты аяқтады.

Жүз жылдық соғыстың белгілі ұрыстары. Соғыс нәтижесінде Англия құрамында 1558 жылға дейін болған Каледен басқа өзінің құрылықтағы барлық территорияларынан айырылды. Ағылшындар XII ғасырдан иеленген Францияның оңтүстік батысындағы территорияларынан айырылып қалды. Ланкастерлер мен Йорктер арасындағы қырқыс, ағылшындарды дағдарысқа ұшыратты. Сонымен қатар, қазына соғыс шығындары салдарынан босап қалған еді.

Жүз жылдық соғыс барысында сипаты өзгеріске ұшырап отырды. Территория үшін басталған классикалық феодалдық қақтығыстан басталған қақтығыс, суверенді екі мемлекеттің арасындағы соғысқа айналып, ұлттық сипат алып, қоғамның барлық салаларын өзіне тартты. Соғыс өнерінің дамуына үлкен ықпал етті. Соғыс алаңындағы жаяу әскердің рөлі өсті, қару-жарактың жаңа түрі пайда болы.

Кресс түбіндегі ұрыс. Англия мен Францияның арасындағы (1337–1453) Гиень, Нормандия, Анжу, Фландрия үшін болған ұрыстардың нәтижесі, ағылшындар үшін сәттілікті бастама болды. 1340 жылы Слейс түбіндегі теңіз ұрысында да ағылшындар жеңіске жетіп, теңізде үстемдік етті. Дегенмен, III Эдуард Турне бекінісін ала алмай, жауымен уақытша келісімге келуге мәжбүр болды. Үстемдікті қайтадан өз қолына шоғырландыру үшін ағылшын үкіметі әскери шараларды қайта жандандырды. 1346 ағылшындар үш пунктке әскер түсірді: Фландрия, Бретания және Гиена. Оңтүстікте барлық замоктарды басып алды. 1346 жылы Ла-Гог бұғазына (Нормандия) 32 мың әскер түсірілді (4 мың атты әскер, 28 мың жаяу әскер, 10 мың ағылшын садақшылары, 12 мың уэльс, 6 мың

ирланд жаяу әскері). Ал француздарда 10 мың атты әскер, 40 мың жаяу әскер болды. Сена мен Сомма өзендері арқылы өтетін көпірлерді талқандап, ағылшындарды айналма жолмен өтуге мәжбүрледі. Фландрия бет алған Эдуард Францияның солтүстігіндегі Кресс селениясы аймағында француздарға қарсы ұрыс ұйымдастырды. Оңтүстік тылындағы қалың орман мен тік жаргас ағылшындарға географиялық басымдылықтар берді. Ағылшындардың қорғалмаған сол жақ флангасына өтуге, француз рыцарларының мүмкіндігі болмады. Ағылшындар рыцарлары мен садақшыларын араластырып орналастырды. Садақшылар 5 қатарға шахмат тәртібіндегідей орналасты, екінші қатар бірінші қатардағы садақшылар атуын тоқтатқан үзілісте ататын болды. Үшінші, төртінші, бесінші қатардағылар алдыңғы екі қатарға қолдау көрсетіп отыруға тиіс болды.

Филипптің әскери ұйымдастырушылық қабілеті осы ұрыста төмен болды. Жаңбырдың астында көп жүріп, шаршаған француздар ағылшындармен кездескенде бей-берекетсіздікке жол берді. Ұрыстың сәтсіздігін байқаған Филипп, әскерін тастап кетіп қалды. Осылай, ағылшындардың ұрысы қорғаныс сипатын иеленгенімен, территорияны дұрыс таңдап, жаяу әскер мен атты әскерді дұрыс орналастыра алуының нәтижесінде, Эдуард жеңіске жетті.

Кресс түбіндегі жеңістен кейін, ағылшындар Кале бекінісіне шабуылдады. Бұл 11 айға созылды. 1347 жылы Кале капитуляцияға ұшырады. Ағылшындар бұл жерге әскери-теңіз базасын қалыптастырып, екі ғасыр бойы бақылауды өз қолдарында ұстап тұрды.

XIV ғасырдың ортасында ағылшын әскері Луара мен Гаронна өзендері аңғарларындағы француз территориясын жаулап алды. Осыдан кейін екі үкімет арасында 1355 жылға дейін созылған бейбіт келісім жасалды.

Пуатье түбіндегі ұрыс. Пуатье Францияның батысындағы Клен өзеніндегі қала. 1356 жылы 19 қыркүйекте, Пуатьенің оңтүстік-батысындағы 10-12 км. жерде Эдуард Уэльсс басқарған ағылшын әскері мен француз королі Қайырымды II Иоанн басқарған француз әскерінің арасында ұрыс болды. Пуатье түбіндегі ұрыс Францияның әскери қуатының әлсірегенін көрсетті. Француз рыцарьлары нашар ұйымдасқан, нашар басқарылатын еді. Ал ағылшындар, керісінше, жақсы ұйымдастырушылық қабілет көрсетті. Садақшылар мен атты әскерді дұрыс орналастыра алу, ағыл-

шындарға жеңіс әкелді. Пуатье түбіндегі француздардың жеңілісі, 1357–1358 жылдары Париж көтерілісіне түрткі болды.

Жанна д'Арк. Жүз жылдық соғыстың (1337–1453) белгілі тұлғасы. 1422 жылы VII Карл билікке келген кезде, Франция өте қиын жағдайда болды. Францияның солтүстіктегі барлық территориясы ағылшындардың қолында болды, әскер әлсіз, тіпті француз мемлекетінің тәуелсіздігі туралы мәселе тұрды. Осындай жағдайдағы шешуші нүкте, 1428 жылғы Орлеан қаласын ағылшындардың қоршауы еді. Бұл бекіністі алу, ағылшындарға оңтүстікке кедергісіз өтуге мүмкіндік беретін. Осындай жағдайда, шаруа қызы Жанна д'Арк пайда болды. Ол өзінің азат етушілік миссиясына айналасын көндіріп, әскер отрядын алады. Қолбасшылардың қабілеті мен халық қолдауы арқасында бірқатар жеңіске жетті. Орлеан қаласы қоршаудан босады. Жаннаның атағы мен ықпалы орасан зор өсті. 1430 жылы Жанна д'Арк қолға түсіріліп, өлтірілді. Ағылшындардың пікірі бойынша ол «сиқыршы» деп айыпталып, 30 мамыр 1431 жылы отқа жағылды. 25 жылдан кейін Жанна д'Арк ақталып, 1920 жылы «әулиелер» қатарына жатқызылды.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Англия мен Францияның жүз жылдық соғыс кезеңіндегі дамуынан қандай ортақ белгілерді көруге болады?

2. Жүз жылдық соғыста кім жеңді және оның нәтижесінде не ұтты?

3. Француз корольдері мен Бургундия герцогтері арасындағы жанжалдардың себептері қандай?

4. Батыл Карлдың жеңіліс табуы неліктен?

5. Тарихшылар кейде Бургундия герцогтерінің тарихынан «орта ғасырдың күзін» көреді, оның себебі неде?

9-тарау

XI–XV ғасырлардағы АНГЛИЯ

§ 1. XI–XIII ғасырлардағы Англия

Норман жаулап алушылығы және Англиядағы феодализмнің дамуына ықпалы. 1066 жылы Вильгельм әскері Англияға енді. Англияны жаулап алу, 1066 жылы нормандардың Гастингс түбіндегі ұрыстағы жеңісінен басталды. Осы жеңістен кейін, герцог Вильгельм Англия королі болды. Вильгельмнің жергілікті феодалдық ақсүйектерді бағындыруы 1070–1075 жылдары аяқталды. Англияны жаулап алу барысында, феодализмнің классикалық түрлері, әскери-лендік жүйе, мықты король билігімен орталықтандырылған мемлекет қалыптастырылды. Мемлекет құрылықтық Еуропа саясатына тартылып, Скандинавиямен дәстүрлі байланысы нашарлап кетті. Жаулап алушылық ағылшын мәдениеті мен тіліне де ықпал етті. Солтүстік француздық мемлекеттік және әлеуметтік институттардың ағылшын-саксон құқықтық дәстүріне жақындауы, XII ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген, ағылшын-норман жүйесінің қалыптасуына алып келді. Бұл өз кезегінде, ортағасырлық ағылшын мемлекетінің негізін қалыптастырды.

X ғасырды Англия скандинавия викингтерінің шабуылына тап болды. Англосаксондар королі II Этельред, викингтермен күресте өзіне қолдау табу үшін, 1002 жылы, норманд герцогі II Ричардтың қарындасына үйленді. Дегенмен, II Этельредке нормандтардан ешқандай көмек болмай, 1013 жылы Нормандияға қашуға мәжбүр болды. 1016 жылы Англияның барлық территориясын викингтер жаулап алды да, Ұлы Кнуд король болып, өз билігіне Англияны, Данияны, Норвегияны біріктірді. II Этельред 30 жыл қуғында болды, 1042 жылы ғана оның үлкен ұлы Эдуард Исповедник ағылшын тағын қайтарып ала алды. Нормандияда тәрбиеленген Эдуард мемлекеттік жүйеде үстемдік құрушы ағылшын-дат ақсүйектеріне қарсы тұру үшін, нормандарға сүйеніп отырды. 1051 жылы баласыз

Эдуард норман герцогі Вильгельмді өзінің мұрагері ретінде жариялады. 1066 жылы Эдуард Исповедник қайтыс болғаннан кейін, Вильгельм Нормандский ағылшын тағына деген өзінің құқығын қорғау жолына шықты. Екінші жағынан ағылшын тағына деген құқығын Норвегия королі «Қатал» Харальд та жариялады.

Англосаксон мемлекетінің әскери қорлары айтарлықтай ірі болғанымен, нашар ұйымдастырылды. 1066 жылы король Гарольдтың тіпті тұрақты флоты да болған жоқ. Жаяу әскерінің негізін хускарлар және эрлдар құрады. XI ғасырдың ортасына қарай, 3000-дей король хускарлары мен 400-500 жауынгерден тұратын эрлдың жасағы болды. Осылармен қатар, Гарольдте әскери қызметкер ақсүйектер – тэндар және шаруа жасақтары – фирдтар болды. Толық құрамын алып қарасақ, англосаксон әскері, Батыс Еуропадағы ең ірі әскер болуы мүмкін. Дәл уақытында әскерді жинақтай алмау, ұзақ уақыт ұрыс бола қалған жағдайда көмек беру шаралары, қорғаныс құрылымын атқаратын замоктардың аз болуы, сол заманның алдыңғы қатарлы соғыс өнерін жақсы меңгермеуі, атты әскер мен садақшыларға өз деңгейінде көңіл бөлмеу, сияқты мәселелер англосаксон қарулы күштерінің басты кемшілігі болды. 1060 жылға дейін Вильгельм, француз және анжуй қаупінен шекараны қорғау сияқты мәселемен басын қатырса, 1060 жылдан бастап, сыртқы экспансияға мүмкіндік туды. Норманд герцогінің жақсы үйретілген әскери күшінің негізін, салт атты рыцарьлар құрады. Садақшыларға да көп көңіл бөлінді және әскердің басым бөлігін жалдамалылар құрады.

Норвегтердің Англияға енуі 1066 жылы басталды. Барондар мен герцогтардың жиналысында, соғысқа рұқсат алғанымен, олардың күші ұзаққа созылған соғыс үшін аздау еді. Бірақ Вильгельмнің әскерінің құрамына Фландриядан, Аквитаниядан, Бренаниядан, Мэннен және Оңтүстік Италияның княздықтарынан рыцарьлар келіп қосылды. Вильгельм сонымен қатар, император мен Рим Папасы II Александрдың қолдауына сүйенді. Папаның қолдауы Вильгельмнің өз жорығына «қасиеттілік» сипатын беру үшін аса қажет еді. 1066 жылы дайындық аяқталғаннан кейін, 12 қыркүйекте Ла-Манштан өтуге табиғи жағдайлар кедергі келтіргендіктен, Вильгельм әскерін Див, Сомм өзендері арқылы өткізіп, Сен-Валери жеріне түсірді. Норманд әскерінің жалпы саны, қазіргі зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, 7-8 мың адамды құраған, оларды алып өту үшін 600 кемеден жабдықталған флот ұйымдастырылды.

Соғысқа ағылшын королі де дайындала бастады. Англияның оңтүстік-шығыс аймағынан әскер жинақтап, оңтүстік шекараға орналастырды. Королдің өзі басқарған флот қалыптастырыла бастады. Бірақ, қыркүйек айында азық-түліктің жетіспеуі салдарынан король флоты таратылып жіберілді. Ағылшын королі, оңтүстіктегі өз позицияларын тастап, солтүстікке қарай жылжыды.

Гастингс түбіндегі ұрыс. Стамфорд-Бридж түбіндегі ұрыстан екі күн өткеннен кейін, Ла-Манштағы желдің бағыты өзгерді. 27 қыркүйек күні Вильгельм флоты Сен-Валериден жылдам шығып, келесі күні Певенси қаласына келіп түсті. Норманд әскері батпақпен қоршалып жатқан Певенсиде қалмай, стратегиялық тұрғыда маңызды Гастингске ауысты. Бұл жерде Вильгельм замок салып, азық-түлік жинау мен барлау мақсатында Уэссекке аздаған отряд жіберіп, ағылшын әскерінің келуін тосып жатты.

Нормандықтардың Йоркке келіп түскенін білген II Гарольд, жаңа әскер күшін қалыптастыру туралы бұйрық беріп, оңтүстікке қарай жылжыды. Оның жылдам жылжығандығы соншалық, графтықтардан жиналған қосымша күш, король әскеріне қосылып үлгермеді. Тіпті, жеңіл жаяу әскер мен садақшылар негізгі күштен артта қалып қалды. 10 күннің ішінде Гарольд Йорктен Лондонға келіп, норманд әскеріне қарсы шықты. Король кеңесшілері II Гарольдка қосымша күштің жинақталғанын күтуді ұсынды. Гарольд бұл кеңеске құлақ аспады, бұған өзінің жеке иеліктерін талқандаудан сақтап қалу ұмтылысы түрткі болуы мүмкін. Англосаксон әскерлері негізінен, Стамфорд-Бридж ұрысына қатысушылар және Лондон аймағынан жиналған, шамамен 7000 адам болды. Гарольд әскерінің жақындап келе жатқанын естіген норманд әскері 1066 жылы англосаксон әскеріне ұрыс ашты. Гастингс түбіндегі ұрыста, ағылшын әскері, қарсылығына қарамастан талқандалды. Ұрыс он сағатқа созылды, бұл орта ғасырлар үшін көп кездеспейтін жағдай еді. Нормандықтардың жеңіске жетуіне ықпал еткен, әскерлердің соғысу қабілетінің жоғарылығы, садақшылар мен ауыр қаруланған салт атты әскерді дұрыс пайдалану тактикасы еді. Бұл ұрыста Гарольд пен оның екі ағасы өлтіріліп, бірнеше мыңдаған ағылшын әскері жойылды. Англияда нормандықтарға қарсы күресті ұйымдастыратын тұлға да қалмады. Гастингс түбіндегі ұрыс, Англия тарихының бет-бұрысты кезеңі болды.

Гастингс түбіндегі ұрыстан кейін, Англия жаулап алушылар үшін қорғансыз болды. 1066 жылдың қазан, қараша айларында

Кент, Суссекс жауланып алынды. Вильгельмнің бақылауына, англосаксон билеушілерінің ежелгі астанасы – Винчестер өтті. Жаулап алушыларға қарсылықтың негізгі ошағы Лондон болды. Аздаған уақыт өткеннен кейін, нормандықтар Лондонды алып, 1066 жылы 25 желтоқсанда Вестминстер аббаттығында Вильгельм Англия королі тәжін киді. Вильгельм англосаксон дәстүрі бойынша таққа отырғанымен, алғашқы кезде нормандықтардың билігі әскери күшке сүйенді. 1067 жылы Лондондағы Тауэр бекінісі салынды, кейін норманд бекіністері бүкіл оңтүстік және орта Англия территориясына тарады. Гастингс түбіндегі ұрысқа қатысқан англосаксондықтардың жерлері тәркіленіп, жаулап алушыларға таратылып берілді. 1067 жылы наурыз айының соңында, «Жаулап алушы» Вильгельмнің жағдайы біршама тұрақтанып, Нормандияға ұзақ сапарға шығуға мүмкіндік алды.

Англиядағы жағдай біршама тұрақсыздық сипатында болды, норманд әкімшілігі елдің оңтүстік-шығыс аймақтарын бақылап отырды. Өзге территориялар, Вильгельмге өзінің қолдауын білдіретін, ірі англосаксон магнаттарының арқасында іске асты. Гарольд Нормандияға кетсемен, елде көтерілістер орын алды. Жаңа биліктің қарсыластары, Скандинавия билеушілерінің ауласынан көмек сұрады. Осындай жағдайда, Вильгельм Англияға қайтуға мәжбүр болды. 1067 жылдың соңында Вильгельм Англияға қайтып келіп, қарсылықтарды басып тастады.

1069 жылдың күзіне дейін нормандықтар Англияның әр жеріндегі қарсылықтарды тез басып тастап отырды. Себебі, көтеріліске шығушылардың ортақ мақсаты, жетекшілігі болған жоқ. 1069 жылдың күзінде жағдай түбірімен өзгерді. Ағылшын жағалауын 250-300 кемеден тұратын, дат королі, ағылшын тағына өз құқығын жариялаған, Ұлы Кнуд үйінің мұрагерлері, II Свен Эстридс ұлдары басқарған флот шабуыл жасады. Вильгельм қарсыластары өзара одақтасып, коалиция құрды. Осы кезеңде соңғы англосаксон ақсүйектерінің ұйымдастыруымен жаңа әскер қалыптастырылды. Даттармен біріге отырып, Йоркті жаулап алып, норманд гарнизонын талқандады. Көтеріліс Англияның солтүстігі мен орталық бөлігін қамтыды. Көтерілісшілерге Йорк архиепископы қолдау көрсетті. Англосаксон өкілі Эдгарға Йоркте тәж кигізіп, Вильгельм мұралығының заңдылығына күмән келтіруге мүмкіндік туды.

1069 жылдың соңында Вильгельм солтүстік Англияға қайта

келді. Бұл жолы нормандтар көтеріліс себептерінің алдын алу үшін, деревняларды талқандай бастады. Деревня тұрғындары оңтүстікке, немесе, Шотландияға қашты. 1070 жылы «Солтүстікті талқандау» жоспары аяқталды. 1070 жылдың көктемінде дат әскері Или аралына қоныстанды. Бұл жерге нормандтарға бағынбаған англосаксон ақсүйектері тартылды. Ағылшын-дат әскерлері осы жерден Шығыс Англия территориясына шабуыл жасап, мазаларын ала берді. 1070 жылы жазда, Вильгельм даттармен келісімге келіп, ақша арқылы даттарды осы территориядан көшуге көндірді.

Или аралы – англосаксон қарсылығының соңғы тірегі еді. 1071 жылы Вильгельм әскері аралды қоршап алып, оның азық-түлікпен қамтамасыз ету жолын жауып тастады. Қорғаныстағылар берілуге мәжбүр болды. Жаңа билікке деген қарсылық аяқталды, Шотландиядағы соңғы наразылықтарды басумен Вильгельмнің Англияны жаулап алуы аяқталды.

Басқару жүйесі. Вильгельмнің басты мақсаты – Эдуард Исповедниктің заңды мұрагері болып көріну еді. Англосаксон мемлекетінің конституциялық негізі толығымен сақталды: витенагемот – Үлкен Король Кеңесіне айналдырылды; англосаксон королдерінің артықшылықтары толығымен, англо-норманд монархтарының қолына өтті (оның ішінде, салық салу және заң шығару құқығы); король шерифтері басқарған графтық жүйе сақталды. Жер иелену құқығының мөлшері Эдуард билігінің кезіндегідей сақталды. Монархия концепциясының өзі англосаксондық сипат алды.

Англиядағы нормандардың билігі негізінен әскери күшке сүйенді. 1066 жылдың соңында, жер бөліктері норманд рыцарларына беріле бастады. 1080 жылдарға қарай, англосаксон ақсүйектері әлеуметтік топ ретінде толық жойылып, солтүстік француз рыцарлығымен ауыстырылды. Вильгельмнің қолына Англия жерінің бестен бір бөлігі өтті. Жер иелену сипаты толық өзгерді, классикалық феодалдық сипат алды, жер барондарға корольге қажет әскер шығару мүмкіндігіне сай берілді. Бүкіл ел король және барон замоктарына толып кетті, олар әскери база рөлін атқарды. Англияның бірқатар аймақтары – Херефордшир, Чешир, Шропшир, Кент, Суссек шекараның беріктігіне жауап беретін, әскериленген территорияларға айналдырылды.

Вильгельм Англия территориясын лендерге бөліп, өз вассалдарына таратып берді. Барондар жер бөліктерін бүкіл территорияда

шашыраңқы күйінде алды, неміс, француз феодалдары сияқты территориялар шоғырланып орналасқан жоқ. Жер меншігін осындай түрде ұйымдастыру, Вильгельмнің саясатындағы дұрыс бет-бұрыс болды, болашақта король билігінің барон билігінен күшті болуына ықпал етті.

Жаулап алушылық, жаңа әлеуметтік тап – шығу тегі нормандтық рыцарлар мен барондарды қалыптастырды. Жаңа тап корольге мүдделі болды, оның алдында міндеткерліктер атқарды. Міндеткерліктің ішіндегі ең маңыздысы – әскери қызмет еді. Англосаксондық дәстүрлер жойылғаннан кейін, шерифтердің құқығы ұлғайып, король әкімшілігінің жергілікті жерлердегі негізгі күшіне айналды, иеліктері мен әлеуметтік статусы жағынан, англо-норманд графтарынан қалыспады.

Әрбір феодал пен ленді король феодалдық құқық негізінде берді. Лен иесі корольді әскермен қамтамасыз етіп отыруға тиіс болды. Шіркеу иеліктері король әскеріне ауыр қаруланған 800 рыцарь беруге тиіс болды. Бұл міндеткерлікті атқару үшін барондар, епископтар мен аббаттар өз иелігінің бір бөлігін ұсақ рыцарларға беріп отырды.

Шіркеу билігі. Норманд ықпалы әсіресе шіркеу саласында күшті болды. Вильгельмнің реформалары шіркеу саласында қолдау тауып отырды. Шіркеу мүддесіне жасалған алғашқы шешімнің бірі – Римге жыл сайын «Қасиетті Петр салығын» төлеу болды. Англияны жаулап алған бірнеше жылдан кейін, архиепископ Кентерберийский орнынан алынып, оның орнына корольдің жақын кеңесшісі Ланфранк тағайындалды. Бос орындардың бәрі англосакстерге емес, шет елдіктерге, ең алдымен, Франциядан шыққандарға берілді.

Уақыт өте келе, шетелдіктердің шіркеуге ықпалы өсе берді. Шіркеулік білім беру латын тілінде емес, француз тілінде жүргізілді. Шіркеулік және зайырлы сот істері бөліп қарастырылды. Шіркеулік істермен епископтар және архиепископтар айналысты. Нормандтар қалыптастырған шіркеудің епископтық құрылымы Реформация кезеңіне дейін сақталды. Риммен қарым-қатынас та Вильгельм тарапынан қатаң қадағаланып отырды. Вильгельмнің рұқсатынсыз бірде-бір феодал, немесе епископ Папамен хат жазыса алмайтын. Папа легаттарының Англияға келуі де тек корольдің келісімімен іске асып жатты. Вильгельм 1080 жылы ағылшын тағының атынан Папаға оммаж беруден бас тартты.

Орталық әкімшілік, фискальдық және соттық жүйе. Орталық әкімшілік билік жүйесін қалыптастыруда, Вильгельм англосаксондық дәстүрлерді сақтап қалды. Король ауласында француз әкімшілігінен алынған стюард, камергер қызметтері сақталды. 1068 жылы корольдің ісін жүргізуші канцлер қызметі енгізілді. Мемлекеттің бүкіл барондары қатысатын «Үлкен король Кеңесі» англосаксондық витенагемот үлгісінде болды және жылына үш рет шақырылды, дегенмен, саяси шешім қабылдау құқығы король куриясының қолына өтті. Король куриясы әкімшіліктің негізгі бөлігіне айналды, корольге жақын барондар мен монархтардың мемлекеттің күнделікті мәселесін шешуде көмек көрсететін институтына айналды. Салық жүйесінің негізі көп өзгерістерге ұшыраған жоқ, салықтың негізгі түрі домендік жерлерден түсіп отырды. Домен жерлерінен түсетін салықтың көлемі жылына 11 мың фунт стерлингті құрады. Сонымен қатар, феодалдық сипаттағы салықтар – рельеф, формарьяж да маңызды орын алды. Бүкіл тұрғындарға салынатын жаппай – «дат салығы» болды.

Салықты графтықтарға, жүздіктерге, гайдаларға бөлу де англосаксон уақытынан сақталып қалды. Салық мөлшерін анықтау 1086 жылы іске асқан «Қорқынышты сот кітабы» бойынша іске асты.

Норманд жаулап алушылығы әлеуметтік салада англосаксондық әскери қызметкерлердің – «тэндердің» жойылып, жаңа тап «феодалдық рыцарлардың» пайда болуына алып келді. Бұл жүйе вассалдық лендік қатынастар бойынша қалыптастырылды және олардың қолында шаруаларға қатысты соттық әкімшілік билік болды. Жартылай тәуелді англосаксондық эрлдардың орнына, корольге тікелей бағынышты барондар келді. Дін иелері де феодалдық жүйеге тартылды. Шаруалардың басыбайлылыққа түсу процесі аяқталды. Әлеуметтік саладағы норманд жаулап алушылығының маңызды нәтижесі – француз үлгісіне сай, феодалдық қатынастардың классикалық вассалдық-лендік жүйесінің қалыптасуы. Англиядағы феодализм генезисі IX–X ғасырлардан басталып, әскери сипаттағы жер иеленуге сүйенді. Әлеуметтік құрылым катал, иерархиялық сипатты иеленді.

Норманд жаулап алушылығы король билігінің күшеюіне, Еуропаның орталықтандырылған монархиясының қалыптасуына ықпал етті. Саяси салада елдің оқшаулану процесі аяқталды, Батыс Еуропаның халықаралық байланысына тығыз араласып, Еуропа құры-

лығындағы саяси істерде маңызды орын ала бастады. Вильгельм солтүстік батыс Еуропаның мықты билеушісіне айналып, осы аймақтағы күштер арақатынастына ықпал етті.

§ 2. XIII ғасырдағы Англия

Еркіндік хартиясы – 1215 жылы 15 маусымда ағылшын королі Жерсіз Иоанн қол қойған грамота. Уақыт өте келе, бұл грамота, Англияның конституциялық актілерінің негізін қалады. Хартияның көптеген пунктерінің күшін, кейінгі Англияның парламенттік актілері жойды. Еркіндік Хартиясының құқықтық негіздері – қарапайым құқықтық дәстүрлер болып табылады. Хартияға қол қойылғанға дейін, барондардың талаптары жазылған петиция «Барондық баптар», – деп аталған.

Хартияға қол қою, барондармен күресте королдің жеңілуін мойындауы еді. Күреске барондармен қатар, рыцарлар, қалалықтар қатысып, негізінен, салық ауыртпалығын жеңілдетуді, шенеуніктер тарапынан қысымның азаюын талап етті. Еркіндіктің Ұлы Хартиясы негізінен, король мен оппозиция арасындағы келісім еді. Бұл жерде ерікті сөздер – дін иелері, барондар, көпестер мүддесі қорғалды. Еркіндіктің Ұлы Хартиясының күшін Иоанн сол жылы жойды, кейіннен III Генрих, I Эдуард, II Эдуард бекітті. XV–XVI ғасырларда Хартия маңызы жойылғанымен, ағылшын революциясы кезеңінде парламенттік оппозиция тарапынан король билігі мен левеллерлер қызметін қадағалау үшін қолданылды.

Баптардың басым бөлігі заңдылықты сақтауға, «жалпы құқық» негізінде әрекет етуге бағытталды. Сонымен қатар, өлшем мен салмақ біолігін сақтауды, корольдық шекарасына еркін кіріп тұру, соттық салықтарды жинау, феодалдардан «қорғаныс ақшасын» алу, куриялардың қызметін корольдің бақылауы сияқты мәселелерді де қарастырды. 25 бароннан құрылған комитет корольдің қызметін бақылап, хартия баптары орындалмаған жағдайда соғыс ашу құқығын иеленді.

Хартияның 39-бабы феодалдарды еркін адамдар ретінде заңсыз түрмеге қамауға, қуғындауға тиым салды. Соттың шешімі үшін, міндетті түрде алқа билер шешімі қажет еді. Дәл осы бап хартияның өміршеңдігін қамтамасыз етті. Ағылшын буржуазиялық революциясы кезеңінде хартияны «адам мен азаматтар құқығының жинағы» ретінде қарастырды. Еркіндіктің Ұлы Хартиясы ортаға-

сырлық Англия тарихы бойынша ескерткіш болып табылады және британ конституциясының баптарынан да көрініс тапқан.

1215 жылы король қол қойған хартия сақталмаған. Біздің заманымызға хартияның төрт көшірмесі жеткен. Олардың барлығы Ұлыбританияда сақталған: екеуі – Британ кітапханасында, біреуі – Линкольн соборында, біреуі – Солсбери соборында.

XIII–XIV ғасырлардағы ағылшын парламенті. Сословиелік монархияның қалыптасуы. Сословиялық монархия кезеңінде Англияда мемлекеттік мекеменің бір бөлігі – өкілеттілік парламент қалыптасты. Сословиялардың арасындағы қарым-қатынастың алғышарты XIII–XIV ғасырларда қалыптасты. XII ғасырдың ортасынан бастап, король вассалдарының жиналыстары, мемлекеттік өмірдің тұрақты көрінісі ретінде сипат алды. Бұл үрдіс сословиялық өкілеттіліктің тарихи бастамасы еді. 1146 жылы барондар мен епископтардың қатысуымен Кларендон баптары бекітілді. Корольдің заңдық сипаттағы шешімдерінің қабылдануына, бұндай мекемелердің қатысуы талап етіле бастады. Король шақырған жиналыстар жоғарғы сот – пэрлер соты рөлін де атқара бастады. XII ғасырдың екінші жартысында бұндай жиынға тек жоғарғы емес, орта вассалдар да шақырылды.

XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, магнаттар кеңесі король билігінің ажырамас бөлігі болды. 1236–1258 жылдары саяси мәселелер бойынша Кеңес жылына екі-үш рет шақырылды. 1263–1267 жылдар арасындағы азамат соғысы кезеңінде магнаттардың ықпалы өсе берді. 1258 жылғы Вестминстер Провизиясы бойынша король билігіне сословиялық қолдау ұйымдастырылды. Оның мүшелері 15 магнаттан тұрды. Ақсүйектердің король билігін өз бақылауында ұстауға деген ұмтылысы рыцарлар мен қалалықтар арасында наразылық көңіл-күйді қалыптастырды. Оппозицияның саяси және әскери жетекшісі, француз ақсүйегі – граф Симон де Монфор. Ол сословиялық өкілеттіліктің саяси құрылымын кеңейту үшін көп еңбек сіңірді. 1264 жылы Лондонда шақырылған парламентке прелаттар мен ақсүйектермен қатар, әр графтықтан 4 өкіл шақырылды. Бұл өкілділік ерекше сипат қабылдады, Монфор қалыптастырған «Басқару түрі» құжаты бойынша, король билігі мен өкілділік мәселелері өзгеше шешілді. 1265 жылғы Монфор шақырған жаңа парламентке графтықтардан рыцарлар ғана емес, оппозициялық қалалардың өкілдері де шақырылды. Бұл Англияда қалыптасып келе жатқан сословиялық өкілділіктің бастамасы еді.

Англияның мемлекеттік-саяси өмірінде парламенттің түпкілікті қалыптасуы ұзақ уақытты – 35-40 жылды алды. 1290 жылы бұл ұйым, тұрақты қызмет ету ұйымына айналды. Осы кезеңде «parliamentem» атауы да қалыптасты. I Эдуард билігі кезеңінде (1272–1307) өкілеттілікті ұйымдастырудың негізгі ұстанымдары қалыптасты. Эдуард тұсында өткен 55 жиынның 21 қауымның қатысуымен, 21 аксүйектердің қатысуымен, қалғандары құрамы кездейсоқ адамдардан жиналған, негізінен сот мәжілістері болды. Келесі уақыттарда парламент екі сипаттағы қызмет атқарды. Олар – сословиялық кеңестік ұйым және жоғарғы сот. 1341–1343 жылдардан бастап, барондар мен графтардың өкілдері бөлек мәжіліс құрды. Бұл парламенттің лордтар және қауым палатасы болып екіге бөлінуіне алып келді.

Парламенттің екі палатаға бөлінуі ұйымдық жағынан қосымша өзгерістерге алып келді. Енді канцлер тек лордтар палатасын басқарса, қауым палатасының басшысы – спикер деп аталды. XIV ғасырдан бастап парламент билік жүйесінің құрамдас бөлігіне айналды.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Өкілетті жиналыстардың пайда болуына қандай себептер болды?
2. Орта ғасырлардағы еуропалық парламенттердің ортақ белгілері мен айырмашылықтарын атаңыздар.
3. Қабылданған Еркіндіктің ұлы хартиясы король қазынасына қалай әсер етуі мүмкін деп ойлайсыздар?
4. Норман жаулап алушылығы Англия тарихында прогрессивті құбылыс болды деген пікірді қолдайсыз ба? Егер қолдасаңыз пікіріңіздің дұрыстығын қалай дәлелдер едіңіз.

10-тарау

ХІ–ХV ғасырлардағы ГЕРМАНИЯ

§ 1. ХІ–ХІІІ ғасырлардағы Германия

Оттондар билігі және инвеститура үшін күрес. Оттон қабылдаған императорлық титул, оны Рим Папасымен бір сатыға қойып, саяси тұрғыда еуропалық монархтардан жоғары қойды. Бұл титул І Оттон мен оның мұрагерлеріне өз иеліктеріндегі шіркеу институттарын толық бақылауда ұстауға мүмкіндік берді. Епископ пен аббаттарды сайлау император бұйрығы бойынша іске асты, шіркеу қызметкерлері императорға адалдық антын берді. Шіркеу империяның зайырлы билігінің құрамына қосылды және императорлық билік пен ел бірлігінің негізгі сүйеніші болды. Бұл ІІ Оттон (973–983), ІІІ Оттон (983–1002) анық байқалды. Папа тағына отырудың өзі императордың ықпалында болды, зайырлы билік пен діни билік арасында нақты жік болған жоқ. Шіркеудің мемлекеттік құрылымға интеграциясының жоғарғы шегі ІІ Конрад тұсында (1024–1039) іске асты, ІІІ Генрих тұсында (1039–1056) империялық шіркеу жүйесінің классикалық түрі қалыптасты.

Ерте кезеңде империяның мемлекеттік институттары әлсіз болды. Император Германияның, Италияның, 1032 жылдан бастап, Бургундияның королі болып табылды. Германияның негізгі саяси бірлігі герцогтықтар – Саксония, Бавария, Франкония, Швабия, Лотарингия, Каринтия еді. Империяның шығыс шекарасында маркалар жүйесі – Солтүстік марка, Саксон маркасы, Бавар маркасы, Мейсен, Бранденбург, Лужиц маркалары қалыптасты. ХІ ғасырда империя құрамына тәуелсіз еуропалық христиандық қоғам ретінде Польша мен Венгрия қосылды. Италияда Тоскана, Верона, Иврея маркалары қалыптасты, бірақ, ХІІ ғасырдағы коммуналдық қозғалыс кезеңінде бұл құрылым жойылып кетті.

Император билігін Альпі тауларының солтүстігі мен оңтүстігінде ұстап тұру қиындық туғызды. ІІ Оттон, ІІІ Оттон, ІІ Конрад

Италияда ұзақ уақыт арабтар мен византиялықтардың жаулап алушылығын тоқтатты, итальян патрициаттарының көтерілісін басты, дегенмен, Апеннин жартыаралында түпкілікті билігін нығайтуға қол жеткізе алмады. Сондықтан империя орталығы Германия болып қала берді.

II Конрад (1024—1039) билігі тұсында ұсақ рыцарлар сословиясы қалыптасты, олардың құқықтарын император бекітті, кейін бұл империялық лендік құқықтың негізін қалады. Империядағы интергациялық ұстанымдарды дамытушылар негізінен, ұсақ және орта рыцарлар еді. II Конрад пен III Генрих немістердің аймақтық княздықтарының басым бөлігін бақылап отырды, графтар мен герцогтарды тағайындады, территориядағы аристократия мен дін иелеріне үстемдік етті. Империя территориясында соғыс пен әскери қақтығыстарға жол берілмейтін империялық құқық институты «Құдай әлемі» қалыптастырылды. III Генрих тұсында қалыптастырылған империялық биліктің жоғарғы шегі, Ключний қозғалысы нәтижесінде төмендеп кетті. Ключний қозғалысы барысында қалыптасқан Григориандық реформа бойынша, Рим Папасының жоғарғы билігі, шіркеудің зайырлы биліктен толық тәуелсіздігі талап етілді. Рим Папасы VII Григорий императордың шіркеулік билікке ықпалын жойып, инвеститура тәжірибесінің дұрыс еместігін көрсетті. IV Генрих император артықшылықтарын сақтау үшін күресті, бұл Рим Папасы мен император арасындағы ұзаққа созылған инвеститура үшін күреске алып келді. 1075 жылы IV Генрихтың Милан епископын тағайындауы, оны шіркеуден аластатуға мүмкіндік берді. 1077 жылы шіркеуден аластатылған IV Генрих неміс княздарының қысымымен Пападан кешірім сұрады. Инвеститура үшін күрес 1122 жылы Вормс конкордатына қол қойылумен аяқталды. Конкордат бойынша епископтарды сайлау ерікті түрде симониясыз іске асырылды, жер иелігіне инвеститура сақталғандықтан, императордың епископтар мен аббаттарды тағайындауға деген мүмкіндігі өзгеріссіз қалды. Жалпы алғанда, инвеститура үшін күрес, императордың шіркеу билігіне деген бақылауын әлсіретті, папалықты империялық бақылаудан азат етті, бұл өз кезегінде территориялық және діни князьдардың ықпалын өсірді.

Әлеуметтік-экономикалық даму. Орта ғасырларда Қасиетті Рим империясының құрамына кірген территориялар, тұрғындарының құрамы мен тілі және әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі

жағынан ерекшеленетін. X–XI ғасырларда Германияда жырtpпалы егін шаруашылығы үстемдік етті, бос жатқан жерлер мен орман алқаптарын тазарту арқылы егістік жерлердің көлемі өсіріліп отырды. Шаруашылық бірлігі, ерікті немесе жартылай ерікті, жер бөлігін мұралық құқық негізінде иеленетін шаруа қолында болды. Феодалдану үрдісі аяқталған жоқ: феодалдық иерархия қалыптаспады, императордың қолдауымен ұсақ және орта рыцарлар мен министриалдар тобы қалыптасты. Олар территориялық князьдарға бағынышты болған жоқ.

Германия мен Италияда епископтар мен аббаттардың ықпалы күшті болды, статусы жағынан территориялық князьдармен жақындасты, әкімшілік аппаратты қолына жинақтап, империяның үлкен аймақтарын бақылап отырды. Франция мен Англияға қарағанда, шаруаларды басыбайлыққа түсіру баяу іске асты. Рейн, Маас өзендерінің жағалауындағы қалалар белсенді дамып, осының нәтижесінде XI–XII ғасырларда бюргерлер сословиясы қалыптаса бастады. Франциямен және Англиямен салыстырғанда қалалықтар мен орталық билік арасындағы одақ іске аспады.

XII–XIII ғасырларда империядағы сословиялық иерархия, соның ішінде князьдар тобы қалыптасып, аймақтық князьдықтардың мұралық билеушілеріне айналды. Уақыт өте келе, князьдардың билігі орталық билікпен қарама-қайшылыққа келіп, Гогенштауфендер династиясынан шыққан императорлардың негізгі қарсыластарына айналды. Ұсақ империялық рыцарлар, министриалдар, ерікті қалалардың бюргерлері империялық биліктің негізгі сүйеніші болды.

Ауыл шаруашылығының дамуы бір жағынан шаруаларды қанауға алып келсе, екінші жағынан, неміс феодалдарының шығыстағы – Силезия, Чехия, Поморья мен Прибалтика сияқты территорияларды отарлауына түрткі болды. Территорияларды аграрлық отарлау неміс құқығы негізінде қалалардың пайда болуына, сонымен қатар, Пруссиядағы «Тевтон» ордені, Прибалтикадағы «Қылыш асынушылар» ордені жетекшілігімен, феодалдар экспансиясына алып келді. Осындай әрекеттердің нәтижесінде неміс ықпалы қазіргі Эстон территориясына дейін жетті.

Кейінгі орта ғасырларда, империя құрамынан итальян жерлері кеткеннен кейін, алдыңғы орынға, экономикалық жағынан қуатты Солтүстік Германияның ганзейлік қалалары шығып, Скандинавия,

Англия, Нидерланды, Прибалтика және Новгород арасындағы сауданы өз бақылауларында ұстады. Ганзей одағына кіретін қалалар, Нидерландының тоқыма орталықтары – Антверпенді, Мехеленді, Брюссельді және Оңтүстік Германияның шашыранқы мануфактурасын да бақылап отырды. Саксония, Чехия, Тироль, Нюрнбергде металл өндіру мен өңдеу белсенді жүргізілді. Бұл сала Фуггерлердің қолында болды. Аугсбург – Еуропаның ірі қаржы орталығына айналды.

Вормс конкордаты. Рим Папасы II Каликст пен Қасиетті Рим империясының императоры V Генрих арасындағы, инвестирура үшін күресті аяқтаған келісім. 23 қыркүйек 1122 жылы Вормс қаласында жасалып, бірінші Латеран соборында ратификациялаған.

Вормс конкордаты бойынша, король папа мен жергілікті шіркеуге қақтығыс барысында тартып алынған жерлерін қайтарып берді. Шіркеулік иерархия бойынша түйткіл мәселелер шешілді, император епископтарға лен мен зайырлы биліктің белгісі – скипетр берді. Папа тарапынан үш ірі жеңілдік жасалды. Олардың қатарына – император алдында епископтардың вассалдық міндеткерлігін қалдырды; неміс территориясында епископтарды сайлауға император қатысып, талас-тартыс бола қалған жағдайда, өз пікірін қосатын болды. Император өз кезегінде, діни қызметке сайлау симониясыз және қысымсыз өтеді, – деп уәде берді. Қорыта айтқанда, инвестирура Папаға қарағанда императорға тиімді болды.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Германияның саяси дамуындағы ерекшеліктер
2. Вормс конкордатының шешуге тиісті мәселелері, нәтижелері қандай болды?
3. Тагзаунг дегеніміз не, қандай мәселелерді шешті?
4. Германияның саяси бірлігіне неміс князьдарының қарсы болу себебі немен байланысты деп ойлайсыз?

11-тарау

КЕЙІНГІ ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ

§ 1. XV ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың бірінші жартысындағы Батыс Еуропаның тарихи дамуындағы негізгі ұстанымдар

Абсолютизмнің қалыптасуы. Батыс және Орталық Еуропаның біршама бөлігіндегі елдерде XVI және XVII ғасырлардың басында саяси құрылымның дамуы феодализм шеңберіндегі жаңа капиталистік қатынастар жағдайында пайда болды. Әлеуметтік-экономикалық саламен салыстырғанда еуропалық мемлекеттіліктің даму тенденциясы ортақ сипатты иеленді. Бұл жағдайды төмендегідей түсіндіруге болады: біріншіден – мемлекеттік билік түрлері біршама тәуелсіз, яғни әлеуметтік-экономикалық қатынастардың қатаң шектеулігінсіз, көп жағдайда сыртқы әсерге бағынышты, біршама дамыған, көрші елдердің тәжірибесін бойына сіңіру қабілетін иеленеді.

Мемлекеттің құрылымдық эволюциясында, әсіресе еуропалық тарихи процесте, ортақтық пен ерекшелік диалектикасы анық көрініс береді, яғни, Еуропаның географиялық және мәдени-тарихи ортақтық ретіндегі санасының өсуі, жеке ұлттық және көпұлттық мемлекеттік бірлестіктердің одан әрі ұлғаюы, ұлттық сананың көтерілуімен сипатталуы және ортағасырлық континенттің батысында папаның діни және саяси билігінен шығатын көпсалалы байланыстардан қол үзуі. XVI ғасырға тән мемлекетке байланысты біртұтас католиктік әлемге қатыстылығына негізделген идеологиялық мазмұнды жою, мемлекетті тарихтың субъектісіне айналдырды, мемлекетті негіздеудің жаңа идеологиясы ізделді, мемлекет пен мемлекет басшысының негізгі мәні мен мақсаты туралы әртүрлі ілімдер пайда болды. XVII ғасыр барысында Еуропаның саяси картасы негізді өзгерістерге ұшырады. XV және XVI ғасыр-

лар шеңберінде ағылшын және француз жерлерінің бірігу процесі аяқталды, біртұтас испан мемлекеті қалыптасты, оның құрамына 1580 жылы Португалия да кірді.

Империя түсінігі, XV ғасырдың соңынан Қасиетті Рим империясы деп аталып, біртіндеп тек неміс жерлері түсінігімен астаса бастады. Шығыс Литва князьдығын біріктірген Речь Посполитая атты жаңа мемлекет пайда болды. Көптеген еуропалық мемлекеттер үшін қарастырып отырған кезеңге орталықтандыру ұстанымдарының жылдам дамуы тән. Осыған байланысты бір орталыққа еуропалық территориялар біріктіріліп, мемлекеттік басқарудың ортағасырлардан өзгеше ұйымдары пайда болды, жоғарғы биліктің орны мен қызметі өзгерді.

XVI ғасырда Еуропада күрделі байланыста әртүрлі түрдегі мемлекеттер көрші тұрды. Олар дамудың әртүрлі сатысын басынан өткеріп жатты – монархиядан феодалдыққа, ал ғасырдың соңында ерте буржуазиялық республикалар сатысына. Осыған қарамастан мемлекеттік құрылымның үстем түрі абсолюттік монархия бола бастады.

Кеңестік тарихнамада сословиялық-өкілеттілік монархиядан абсолюттік типтегі монархияға өту, тарих сахынасына қалыптасып келе жатқан буржуазия түріндегі жаңа әлеуметтік күштердің шығуымен сипатталады деген көзқарас бекінген. Белгілі бір елдегі буржуазияланған қабаттың даму деңгейі және оның алдындағы саяси құрылымның даму ерекшелігі абсолюттік биліктің тікелей сипатын анықтап, оның пісіп-жетілу дәрежесін көрсетеді. Абсолютизмнің феодалдық монархияның тарихи ауыспалы түрі ретінде самодержавиялық басқарудың өзге әлеуметтік мазмұнға негізделген, және өзге саяси дәстүрлерден бастама алатын басқа түрлерімен сыртқы ұқсастық сипатын иелену мүмкіндігі бар. Басқаша айтқанда, абсолютизм феодализм дамуының қорытынды сатысына дәлме-дәл келетін, монарх билігінің тез арада нығаюымен сипатталатын, орталықтандырудың жоғарғы дәрежесін иеленген мемлекет түрі. Абсолютизмнің төменгі хронологиялық шегі XVI ғасырдың соңы XVII ғасырдың басына жатқызылады. XVI ғасыр мен XVII ғасырдың бірінші жартысы «ерте абсолютизм» кезеңі деген көзқарас таралған, дегенмен ағылшын абсолютизмі XVI ғасыр бойы кемелдену сатысын басынан өткеріп, XVII ғасырдағы буржуазиялық революцияның міндеттерін шешті.

Абсолютизм шеткі аймақтарды қосып алу саясатын жалғастырып, бытыраңқылықты шектейді, феодалдық ақсүйектердің сепаратистік ұмтылыстарын басып, қала еркіндіктерін қысқартты, жергілікті басқару ұйымдарының ескі қызметтерін ауыстырды немесе жойды, мықты орталық билікті қалыптастырды, ол өз бақылауында экономикалық және әлеуметтік өмірдің барлық саласын ұстап тұрды, шіркеулік және монастырлық жер иеленуді секуляризациялап, өз ықпалына шіркеулік ұйымдарды бағындырды. Өкілеттілік ұйымдар өз маңызын жоя бастады, бірақ кейбір жағдайларда абсолютизмнің жаңа бюрократтық аппараттарымен сіңісіп өмір сүруін жалғастыра берді.

§ 2. Батыс Еуропа мемлекеттеріндегі абсолютизм түрлері

XIII ғасырда өкілеттілік ұйым ретінде қалыптастырылған ағылшын парламенті абсолюттік жүйенің міндетті бір бөлігіне айналды, ал король ағылшынның саяси әдебиетінде таралған түсінікке байланысты тек парламентпен ынтымақтастықта ғана толық билікке ие бола алды. Ағылшын абсолютизмінің өзіндік ерекшелігі, кейінгі оның дағдарысының сипаты ағылшын қоғамының әлеуметтік құрылымының ерекшелігімен байланысты еді. Себебі, жаңадан қалыптасып келе жатқан буржуазияның мүдделері экономикалық ұстанымдарға жақын болды. Салыстырмалы түрде алғанда француз абсолютизмінің баяу дамуы, көбіне дворяндардың әлеуметтік басымдылығының сақталуымен, және капиталистік элементтердің даму дәрежесінің жетілмеуімен, әлеуметтік-экономикалық, саяси факторлармен, орталықтандырудан көрі шашыраңқылық ұстанымды жақтаушы географиялық сипатпен түсіндіріледі. Француз абсолютизімі қалыптастырған мықты бюрократтық машина XVI–XVII ғасырларда көптеген архаикалық белгілерге толы болды.

XVII ғасырдың 20-30 жылдары жасалынған реформалар феодалдық ақсүйектердің және шенеуніктердің бағыттарын шектеді, бұл француз абсолютизімінің классикалық даму деңгейінің бастамасы еді. Ал испан абсолютизімінің ерекшелігіне оның әлеуметтік негізінің тым шектеулігін жатқызуға болады, олар испан монархиясының таптық құрылымында жетекші жағдайды иеленген дворяндармен шектелді, орта және кәсіпкерлер қабатын артқа тықсырып отырды. Отарлардан әкелінетін қымбат металдарды табыстың негізгі көзіне айналдырған испан дворяндарының саяси белсен-

ділігінің нашарлығы нәтижесінде, елдегі басқарушы австриялық династияның өкілдері Габсбургтердің ұлттық экономиканы дамытудағы ұмтылыстарынан сыртқы ұмтылыстар үстем түсіп отырды. Яғни, сыртқы ұмтылыстардың қатарын Батыс және Орталық Еуропадағы Габсбургтер үстемдігіне қол жеткізу, реформациялық қозғалыстармен күрес, Америкадағы отарларды кеңейту құрайды. Испан абсолютізімінің басқыншылық сипаттағы сыртқы саясаты дворяндардың барлық топтарының арасынан қолдау көріп отырды, және бұл саясат табыстың қосымша көзін ашатынына сенімді болды.

Германияға қатысты басқарудың абсолюттік түрінің бекіну ерекшелігі мол. Бұл кезеңде Германия империя шеңберіндегі саяси ұйымдар конгломератынан тұратын. Курфюрстер коллегиясымен сайланып отыратын императорлар христиандық әлемнің саяси жетекшілігіне батыл түрде талап қоюдан алыс болды. Габсбургтердің саясатына тікелей негізделген ұлттық империялық дәстүр, аймақтық партикулярлық ағымдардың дамуына қолдау көрсетті, территориялық мемлекеттілікті нығайтты, ақыр аяғында жекеленген жерлерде ұсақ мемлекеттік абсолютизмнің қалыптасуына алып келді. Бұның гүлденуі XVII ғасырдың екінші жартысына келеді. Ірі Батыс Еуропалық мемлекеттердің абсолютізімімен салыстырғанда, аймақтық, ұсақ мемлекеттік герман абсолютізімі орталықтандырушы рөлін атқара алған жоқ, керісінше жеке герман жерлерінің саяси өзгешеленуінің күшеюіне қолдау көрсетті.

Реформация, 1524–1526 жылдардағы шаруалар соғысы, онан кейінгі ішкі империялық қақтығыстар неміс жерлерінің территориялық-саяси бытыраңқылығының бекінуіне септігін тигізіп, қосымша конфессионалдық бояуға енді. Әрбір конфессионалдық герман лагерьлерінің әрқайсысының – католиктік және протестанттық сыртқы күштерге арқа сүйеуі Германияны біртіндеп басқа еуропалық мемлекеттердің мүдделерінің қақтығысу алаңына айналдырды, ол жалпы еуропалық 1618–1648 жылдары болған отыз жылдық соғысқа алып келді, оның нәтижесі Вестфаль бітімі Германияның бытыраңқылығын бекітті.

XVI ғасыр бойы абсолютизмнің аймақтық түрі Италия территориясында қалыптасты, бұл жерде ол аймақтық сословиялық монархия мен қала-республикаларының орнына келді. Және де айта кететін бір жағдай, бұл жерде Савой герцогтығының құрылымы

француз абсолюттік монархиясының түріне жақын болса, Неаполитан корольдығының және Папалық мемлекеттің құрылымы испандық түрге жақын болды. Абсолютизімнің тікелей италияндық варианты Тоскан герцогтығында және басқа мемлекеттік-саяси ұйымдарда пайда болды. XVIII ғасырдың ортасына дейін, Венеция республикасының мемлекеттік құрылымы өзгеріссіз қалды, себебі таптық базасы негізінен патрициат болып табылғандықтан, қалалық ақсүйектер мен дворяндардың бір бөлігі абсолюттік түрдегі монархияның қызметін атқарды.

Империяның саяси құрылымының кішірейтілген түрін Швецария қайталады. Ол отыз жылдық соғыс нәтижесінде суверенді мемлекет құқығын иеленіп, негізінен ортағасырлық түрдегі саяси ұйымдар бірлестігін құрады. Дегенмен құрамындағы кантондар біршама белсенді экономикалық саясат жүргізді, оның сипаты капитализм дамуының ерте сатысына тән еді. Орталық еуропалық аймақта XVI ғасыр барысында негізінен ортағасырлық өкілеттілік монархия сақталды.

Абсолюттік билік көріністері XVI ғасырдың басында Скандинавия елдерінде де пайда болды, бірақ олар тұрақты негізге ие болған жоқ. Еуропа үшін түбімен өзгеше саяси даму Нидерландыда пайда болды. Габсбургтер күштеп орнатқан абсолюттік-бюрократиялық жүйе елді Империя құрамына енгізуге бағытталды, абсолютизм институттарының жергілікті өкілеттілік ұйымдармен қатар өмір сүру мәжбүрлігі қақтығыстың ұрығын бойында ұстап отырды. Ол ақыр аяғында феодализмге қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысқа ұласты және ерте буржуазиялық революция сипатын иеленді, Біріккен Провинциялар Республикасының қалыптасуымен аяқталып, сувереннің орнын Бас Штаттар алды.

XV ғасырда Батыс Еуропа мемлекеттерінің көпшілігінде ақша үстем жағдайға ие болды, тауар-ақша қатынастарының дамуының басқа да маңызды нәтижелері көрініс алды. Мысалы, қалалардың дамуы, товар шаруашылығының дамуы, ішкі нарықтың дамуы саяси күштердің қалыптасуын күрделендірді. Феодалдар тобы арасындағы күрес күрделенді, феодалдардың бір бөлігі жаңа жағдайларға икемделсе, келесілері өздерін қоғам мүдделеріне қарсы қоюға тырысты. Өз бағыттарын күшейту үшін король билігі бюргерлермен саяси одақтасты, оның көрінісі ретінде орталықтандырылған ұлттық мемлекеттердің қалыптасуын айтуға болады. Бұл

мемлекеттер көбіне сословиялық монархия түрінде болды. Соған карамастан ортағасырлардың орталықтандырылған монархиясының негізі ретінде орта және ұсақ дворяндар болды.

Англияның ерекшелігі ретінде Францияға қарағанда экономикалық дамудың жылдамдығы және ұсақ, орта дворяндардың тез буржуазиялануын көрсетуге болады. Бұл процестер дворяндық негізді жойып, жаңа дворяндар мен буржуазияның саяси одағын дайындады. Бұл одақ Стюарттар династиясы мен феодалдық аристократия тағдыры үшін шешуші роль атқарды. Ағылшын абсолютизмінің ерекшелігі ретінде парламенттің тұрақты қызметін, және оның елдің саяси өмірінде өз маңызын жоғалтпауын көрсетуге болады. Англияның абсолютизмін сипаттағанда, және неге бұл елде Франциямен салыстырғанда салықтың орны әлсіз болды, тұрақты әскер неге болмады деген сұрақтарға жауапты Англияның ерекше стратегиялық, аралдық жағдайын себеп ретінде көрсетуге болады. Англиядағы ішкі факторлармен қатар сыртқы факторлар да абсолютизм генезисінің түрлеріне әсер етті. Олар бұл мәселенің жалпы бірлігінің бір бөлігін құрады.

Ал **итальяндық абсолютизмге** байланысты, итальян тираниясын католиктік абсолютизм деп көрсете келе итальян тираниясы абсолютизм мәселесінің органикалық бөлігі бола алмайды. Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің ішіндегі басқарудың абсолюттік түрінің қалыптасуына сыртқы факторлар әсер еткен мемлекеттер жеке көрсетіледі. Бұндай елдер мысалында Испанияны көрсетуге болады. Испанияда экономикалық көріністер, товар-ақша шаруашылығының дамуы көрнекті болды, бірақ капиталистік қатынастардың дамуы Англия мен Францияға қарағанда әлсіз еді. Испан дворяндары әртүрлі баналитеттерді кең пайдаланып, ерекше феодалдық монополиялық корпорацияларды қалыптастырды. XVI ғасырдағы жыртқыштық экономика мен кедендік саясат елдің шаруашылық негізін әлсіретіп, капитализм көріністерін тұншықтырып тастады. Осындай жағдайда Испан дворяндарының маңызды көзі әскери агрессия болды, алғашында араб қаупіне байланысты, кейін Еуропаның оңтүстік бөлігіндегі географиялық ашылуларға байланысты. Сондықтан Испан дворяндары әскери-феодалдық каста ретінде сақталып қалды.

Испаниядағы тауар-ақша қатынастарының нашар дамуынан, әскер мен бюрократия ішкі салықтар арқасында өмір сүре алмады.

Алғашында Нидерланды қоры арқылы өмір сүргенімен кейіннен испан монархиясының күштеп тонау қызметі прогрессивті элементтерден басым болды.

Өзінің тарихи маңызы тұрғысынан Орталық және Шығыс Еуропа, Австрия, Пруссия, Ресей мемлекеттеріндегі абсолюттік басқару формаларының мемлекеттік-құқықтық негізі мен оның генезисіне байланысты мәселелерді маңызды деп есептейді. Австриядағы мемлекеттік орталықтандыру жетістігін кейіннен бұларда қалыптасқан абсолюттік басқару түрлері бұл елдердегі феодалдық дворяндар мен қаланың немесе буржуазияның бақталастығының дамуымен байланысты болды. Олардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетекші бағыт феодалдық реакция еді. Австрия мен Пруссиядағы абсолюттік құрылымның орнығуын тездеткен сыртқы факторлар. Оларды – Габсбургтердің орталықтандыру саясатының сәтсіздігі, 30 жылдық соғыстың (1618–1648) Германия үшін сәтсіз аяқталуы Еуропа мемлекеттері жүйесінің эволюциясындағы ортақ бағыттар деп бөледі.

§ 3. Шығыс Еуропа мемлекеттеріндегі абсолютизм

Ресей тарихына, оның ішінде Ресей абсолютизміне XVI–XVII ғасырлардағы испан монархиясы, XVII–XVIII ғасырлардағы Пруссиядағы, Австриядағы монархия Ресейде XVIII ғасырда көрініс берді. Орыс абсолютизмі генезисінің ерте кезеңіне ғана тоқтала отырып, орыс абсолютизмінің күшеюіне татарлар, Польша, Литва тұрғысынан болған қауіп әсер еткенін көрсетеді. Ресейдегі абсолютизмнің нығаюына әсер еткен – қызметкер дворяндар. Орыстардың қызметкер дворяндары француз, ағылшын дворяндарына қарағанда ерекше орын алады.

XVI–XVII ғасырлардағы бояр шаруашылығы экономикалық тұрғыда мықты болды, үлкен мүмкіндіктерді иеленді, кейбір жағдайларда шаруашылықтың товарлануына жол ашты және қатал крепостниктік тәртіптердің орнауына мүдделі болмады. Бірақ бояр шаруаларының шаруашылығында товарлық қатынастар өндірістің натуралды негізін бұзған жоқ. Сондықтан еңбекпен түзеу рента-сының түрлері терең экономикалық төңкеріспен қатар жүрмеді. Сондықтан да XVI–XVII ғасырлардағы боярларды прогрессивті күштің көрінісі ретінде түсіну дұрыс емес деп есептеді. Ресейдегі абсолюттік тәртіптердің алғашқы элементтерін Иван Грозныйдың патшалық етуімен байланыстырады.

Абсолютизмнің өсуіне бағытталған ұстаным дамыған феодализмнің сословиялық монархиясының саяси-әлеуметтік-экономикалық құрылымына бағытталды. Бірақ олардың абсолюттік мемлекет түрлеріне ауысуы, екі сословияның күресінің нәтижесі алдын-ала анықталмаған еді. Олардың негізі әртүрлі болғанымен, түріне байланысты жақындық болды. Бұндай қорытындыға Англия, Франция, Испания, Австрия, Пруссия және Ресей мысалдарынан кейін келуге болады. Бұл ұлттық ынтымақтасу үрдісіне және орталықтандырылған ұлттық мемлекеттердің қалыптасуына, сословиялық өкілеттілік ұйымдар мен король билігі арасындағы қарым-қатынасқа тығыз байланысты. Абсолюттік монархия ортағасырлық қалалықтардың ыдырап, буржуазиялық бағытта эволюцияланған кезеңде пайда болғанымен, негізінде феодалдық мемлекет болып қалды.

Абсолютизм генезисі процесін жалпы және әрбір елге байланысты өте мұқият жіктеп қарастыру қажет, себебі дәл осы жерде болашақтағы дамудың бағыты салынып, абсолюттік монархияның қай түрінің қалыптасатыны белгілі болады. Абсолютизм мәселесінің негізін теория және іс жүзінде капиталистік дамуға деген ұстаным құрайды. Іс жүзінде жеке алынған елде, ішкі даму процесіне байланысты абсолютизм деңгейі әртүрлі дәрежеде болады. Әлеуметтік қатынастардың әртүрлі даму деңгейі, өз кезегінде бүтін сұрақтар жиынтығын қамтиды, олар барлық негізгі қырларында ескерілуі керек, сонымен бірге тарихи процестің ортақ бағыты және сол елдің осы қарастырылып отырған кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуы; олар анықтайтын күштердің қарым-қатынасы; дворяндардың әлеуметтік сипаты; ірі күрестердің немесе ашық саяси күрестің нәтижесі; егер бұл көрініс абсолютизм генезисінің алдында болса; король билігінің жағдайы және мемлекеттік мекемелердің эволюциясының бағыты – елдегі абсолютизмге тікелей әсер етуші факторлар. Сонымен бірге бұл жиынтыққа сыртқы факторларды да енгіземіз, себебі, кейбір елдердегі абсолютизмнің қалыптасуына буржуазиялық даму үстем болып келе жатқан жағдайдағы әскери-саяси процестер де әсер етуі мүмкін. Осы факторлардың жиынтығынан әр елде абсолюттік мемлекеттің қай түрі қалыптасқанын және абсолютизмнің қандай түрі екендігін анықтауға болады.

§ 4. Абсолютизмнің қалыптасқан түрлері Батыс Еуропа елдері мысалында

Абсолютизмнің ағылшындық және француздық түрін, абсолюттік басқару формасының австриялық, пруссиялық, орыстық түрлерін көруге болады. Испандық вариант екінші типтің өзгешелігі, немесе аралық түр деп есептелінеді. Кейбір елдерде тарихи дамудың бағыты буржуазия мен абсолютизмнің қалыптасуына қолайсыз болған жағдайда, ал сыртқы фактордың араласуы бұл процесті одан әрі өзгертіп, тек мемлекетті басқарудың абсолюттік түрін тездетті. Мемлекеттер жүйесінің қалыптасуы генезис процесінің ғаламдығын көрсетті, және капитализмнің дамуы олар қалыптастырған қақтығыстар, мемлекет шекараларынан шығып кетті және еуропалық феодализм дәстүрлеріне қауіп төндірді. Әлемдік нарықтың қалыптасуы, сонымен байланысты сауда соғыстарының көбеюі, Еуропа мемлекеттерінің отарлық саясаты, халықаралық қатынастар саласындағы өзгерістер, жаңа көріністердің шынайы сипатын көрсетіп, Еуропада феодализм ыдырауының ұстанымдарын шоғырландырды. Ақырғылары феодализмге ерте буржуазиялық революциялар түрінде қауіп төндірді.

XVI ғасыр ортасынан бастап феодалдық реакция феодалдық дәстүрді қорғап, өз мүдделеріне капитализм қалыптастырған қорды бағындырды. Табиғаты жағынан буржуазиялық-бюргерлік, лютерандық және кальвиндік реформацияны Францияда, Германияда, Венгрияда феодалдық дворяндар күшейіп келе жатқан абсолютизмге қарсы күресте пайдаланды. Бұндай елдерде абсолютизм генезисі капитализмнің дамуына тығыз байланыста болды. Капитализм генезисі абсолюттік монархияның генезисінің синтезделген сипаты болды, бұндай байланыс феодализмнен капитализмге өтпелі кезеңде ғана пайда болады. Сондықтан да абсолютизм генезисін зерттеуде абсолютизм мәселесін шаруалар көтерілісімен ешқашан байланыстырмайды, оның есесіне әрқашан капитализм генезисімен байланыстыру қажет.

Екінші типтегі абсолюттік мемлекеттер дамуының объективті ұстанымдары капиталистік дамуға тартылу барысында абсолютизмге эволюция болып, оның кейінгі түрлері – бонапартизмге, буржуазиялық монархияға өтті. Еуропа абсолютизмінің негізгі көріністерін ортақ түрде сипаттай келе абсолютизмге анықтама беріледі. Абсолютизм кейінгі феодализмнің саяси қондырмасы.

Бұл жерде феодалдық формация дамып келе жатқан буржуазиялық қатынастар әсерімен ыдырай бастайды. Осы жағдайдағы монархтың билігі белгілі дәрежеде шексіз болып, феодалдар тобына байланысты белгілі бір тәуелсіздікті иеленді. Капитализм генезисін зерттеуші А.Н. Чистозвонов абсолютизмді екі типке бөледі. Бірінші типті – ағылшын-француз деп атайды, бұл жерде буржуазия термині өте кең мағынада қолданылады, құрамына ортағасырлық қалалықтар да кіреді. Екінші тип – Шығыс Еуропа мен Испан елдеріндегі абсолютизм. Бұл абсолютизм буржуазиялық дамудың түйінінен емес, капитализмнің нашар дамуы салдарынан қалыптасады. Бұл абсолютизмді нығайтудың ішкі факторы феодалдар күштерінің ерекше орналасуы, сыртқы фактор – капитализмнің жүйе ретінде көрініс беруі және осымен байланысты жалпы Еуропалық мемлекеттер жүйесінің әскери, саяси жағдайы.

Шамамен алғанда, капиталистік бастаманың негізі қаланған тарихи шекаралары XIII–XVI ғасырларды қамтиды. Осы уақытта шаруашылық және әскери тәжірибелерге көптеген техникалық және технологиялық жаңалықтар енгізілді, ғылыми білімнің қазіргі түрлері қалыптаса бастады, еңбектің қоғамдық бөлінуі тереңделді, сауда мен несие дамыды, ұлттық және аймақтық рынок қалыптасты, ұсақ қолөнерлік өндірістен мануфактураға өту процесі жүрді. Бірақ демократиялық феодализм дәуірі ұзаққа созылған жоқ.

Еуропалық мемлекеттердің саяси және экономикалық құрылысы үшін маңызды кезең XVI–XVII ғасырлар болды, себебі, абсолюттік монархияның қалыптасу процесі жүрді. Абсолютизм Еуропа мемлекеттерінің саяси және экономикалық бірлесуіне, өндірістің өсуіне, сауданың дамуына ықпал етті. Абсолюттік монархияның саясаты капиталистік дамуды ынталандыратын шаруашылықтың гүлденуімен астасады. Бұндай жағдайлар белгілі бір уақытқа дейін ғана болды, кейін бюрократия экономикалық өмірге араласа бастады. Феодалдық бюрократияның және феодалдық аксүйектердің экономикалық және саяси мүддесін қолдаған абсолюттік мемлекеттің қызметі Испанияда, Германияда, Нидерландыда Габсбургтер династиясының басқару кезеңінде болды. Сауда-өнеркәсіптік сословияның экономикалық мүмкіндіктерін шектеуге деген ұмтылыс, буржуазияның жетістігін жоққа шығару, қосымша салық енгізу арқылы капиталистік укладты бақылауда ұстауға тырысу нарықтық шаруашылықтың негізін әлсіретті.

Ағылшындарда Тюдорлар династиясының соңғы ұрпағы Елизавета сауданың дамуына, отарлық іс-әрекетке қолдау көрсетіп отырды. Ал Францияда король билігі мен буржуазияның арасындағы қақтығыс өте үлкен дәрежеде ушыққан жоқ, себебі, діни соғыстар мен Фронда кезеңінде мемлекет орталықтанудың кепілдігі қызметін атқарды. Нәтижесінде елде негізді бюрократиялық аппарат пайда болып, мантия дворяндарын өзіне тартты. Ағылшындармен салыстырғанда француздардың капиталистік дамуының артта қалушылығының бір себебі осы одақ болып табылады.

Еуропадағы капитализм генезисіне әкелген факторлар жиынтығының жүйесі төмендегідей: батыс еуропалық феодализмге тән табиғи-географиялық ортаның ерекшелігі, тек еуропалық әлеуметтік ұйымның – сословиялық монархияның қалыптасуына алып келді. Сословиялық монархияның полицентристік құрылымы дәстүрлі экономикалық саясаттан нарықтық ұйымдарға көшуге түткі болады. Бұның ауқымында сауда мен ақша техникалық прогресті белсендіріп, оны жаңа еуропалық дәстүрге айналдырды.

Абсолютизм тарихына байланысты жинақталған фактілердің салыстыру шегін жүргізейік. Ол үшін пікірді төмендегі мәселелерді негізінде өрбітуіміз қажет: біріншіден, Еуропадағы абсолюттік құрылыс капитализм генезисінің алғышарты рөлін атқарып, капиталистік қатынастардың іргетасын дайындады ма? Екіншіден, абсолютизмнің қалыптасқан анықтамасы өзгерістерді қажет етеді ме?

Жалпы, абсолютизм тарихы тарихнамада біршама зерттелген мәселелердің қатарын құрайтынын жоғарыда айттық. Тарихнаманың әр тобының өкілдері өз идеологиялық ұстанымдарының негізінде абсолютизмнің орнын, атқарған қызметін, анықтамасын берді. Бұл ғалымдардың пікіріндегі ортақтық ретінде абсолютизмнің саудамен, өндірістің дамуымен байланыстыратынын айтуымыз қажет. Мысалы, барлық маркстік көзқарастағы абсолютизм тарихын зерттеушілер буржуазияның пайда болуы мен дамуы, феодалдық қоғамның саяси құрылымында жаңа түр абсолютизм пайда болды дейді. Сонымен бірге бұл жерде экономиканың рөлі ерекше көрсетіледі. Жалпы, экономиканың рөліне басымдырақ көңіл бөлу, маркстік көзқарастағы авторларға тән. Экономика әрине, кез-келген қоғамның тарихында әрқашан шешуші фактор рөлін атқарғаны

белгілі. Соған қарамастан, абсолютизмнің қалыптасуына түрткі болған, бірнеше себептерді көрсете аламыз. Біріншіден, еуропалық мемлекеттердің саяси, географиялық орналасу ерекшелігі абсолютизмнің қалыптасуына қолайлы орта болды. Еуропадағы орталық билік әлеуметтік-экономикалық өмірге араласпады, король билігі, феодал, қалалар арасындағы күрес қоғамдық жүйедегі күштердің біршама тепе-теңдігіне алып келді. Осы байланыстың қатынасы техникалық, экономикалық прогресті қамтамасыз етіп, абсолютизмнің негізін қалыптастырды.

Еуропа елдеріндегі буржуазиялық қатынастардың пайда болуы мен дамуы феодалдар мен буржуазияның арасындағы күресті ушықтырды. Бұндай жағдай ең алдымен Франция мен Англияда, кейіннен барлық еуропа елдерінде абсолюттік монархияға алып келді, сословиялық өкілетті мекемелердің ролін жоққа шығарды. Бұл жерде біз абсолютизмге әсер еткен географиялық және саяси жағдай екенін байқаймыз. Жалпы капитализмді абсолютизм дамуының эволюциялық жалғасы деп есептейміз. Себебі, абсолютизмнің барлық функциялары капитализмнің негізгі заңдарына сайма-сай келеді. Яғни, абсолютизмнің атқарған негізгі қызметі – мемлекетті бір орталыққа біріктіру, мемлекеттік функцияларды күшейту. Капитализм абсолютизмнің заңды жалғасы. Абсолюттік құрылым нығаймаған мемлекеттерде капиталистік қатынастардың гүлденуі орын алған жоқ.

Абсолютизм жалпы еуропадағы мемлекеттер құрылымына тән. Бұлай дейтін себебіміз, абсолютизмнің қалыптасуы еуропа мемлекеттерінде XV ғасырда басталады. Жоқтан пайда болатын ештеңе жоқ. Сол себепті де, абсолютизмнің алғышарттары болды. Олардың сипатына келсек, біріншіден, мемлекеттердің бір орталыққа шоғырлануы, екіншіден, әлеуметтік топтардың шоғырлануы және олардың саяси белсенділігінің өсуі. Осы екі белгі абсолютизмнің қалыптасуында ерекше рөл атқарды. Сондықтан да, абсолютизмнің қалыптасуының негізгі белгісі ретінде феодалдық сословияның құлдырауымен шектелмей, жоғарыдағы екі белгімен байланыстырған дұрыс. Себебі, абсолютизмнің орнығуы бір күнде, немесе бір жылда болған жоқ. Тіпті Францияның өзінде абсолютизмнің қалыптасуы екі ғасырға созылды. Абсолютизмнен аттап капиталистік даму жолына өту еуропалық мемлекеттер тарихында жоқ.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Абсолютизмнің пайда болуы, оның мәні, саяси табиғаты.
2. М. Н. Покровский А. А. Богдановтың сауда капитализмі туралы концепциясы
3. Абсолютизм негізгі үш белгісі.
4. Испан абсолютизіміне қарсы болған ұлт-азаттық күрестің нәтижесі.
5. Сословиялық өкілеттілік монархия мен абсолютизм арасындағы байланыс.
6. VIII Генрих абсолютизмі.
7. Ағылшын абсолютизімінің ерекшеліктерін атаңыз ?
8. Испан абсолютизімінің ұстанымдары және Филипп II.
9. Испаниядағы кортестердің орны.
10. Француз абсолютизімі және оның жалпы ұлттық саясатқа өту процесі.
11. Франциядағы Ағартушы абсолютизмнің тарихи табиғаты.
12. Францияда абсолютизмнің жоғарғы шыңы қай корольдің тұсында болды?

12-тарау

ЕРТЕ ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ БАТЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Батыс Еуропалық феодализмнің типологиясы XIV–XV ғасырлардағы уақыт аралығында құрылды, бұл уақыт дамыған және кейінгі феодализм кезеңіне, және сословиялық-өкілетті монархияның үстемдігіне, XVI ғасырға яғни, капитализм генезисіне, абсолюттік биліктің нығаюына дәл келеді. Алға қойған мақсатты іске асыру үшін өндіргіш күштерді, батыс қоғамының экономикалық негізін, табиғи-географиялық, экологиялық, демографиялық жағдайларды, құрылымның әлеуметтік, саяси ерекшелігін, дамудың сыртқы саяси және әскери факторларының жиынтығын кешенді түрде қарастыру қажет. Кейінгі феодализм дәуіріндегі товар-ақша қатынастарының кең таралуы еңбектің қоғамдық бөлісіне, мануфактуралық өндірістің пайда болуына, сонымен бірге еңбектің жаңа құралдарының пайда болуына, технологияға, яғни, қоғамның өндіргіш күштерін жаңалауға мүмкіндік туғызды. Бірақ товар-ақша-шаруашылығы тек феодалдық емес, сонымен бірге, құлиеленушілік қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымына да қызмет ете алады. Бірақ, бұл жерде капиталистік дамудың мідетті түрде қалыптасуы шарт емес. Сондықтан, товар өндірісі капитализмнің дамуына қажетті, бірақ жеткілікті бірден-бір жағдай емес.

Капиталистік қатынастардың пайда болуымен, қалыптасуына, дәл қандай құрамды бөлік қажет екендігін анықтау үшін, капитализм түсінігін анықтап алу дұрыс. Капитализм – тұрақты өсуге бейім қоғамдық жүйе, техникалық прогресс негізінде экономикалық өсуге бағытталған, өндіріс құралы мен нарықтық механизмді реттеген шаруашылық. Саяси салада бұл дамыған түрде мемлекеттік биліктің дифференциалдық түрлерімен, рационалды құқық-

тың болуымен, жеке меншікке қол сұғылмауды, заң алдында барлық азаматтардың теңдігін қамтамасыз ететін жүйемен сипатталады. Капиталистік дамудың бастапқы құрамы техникалық өсу және нарықтық товар-ақша қатынастары болып табылады. Еуропадағы кейінгі феодализм кезеңінде бұлар бір-біріне жағдай жасап, қоғамның әлеуметтік-саяси жүйесінің құрылымдық ерекшелігімен, сонымен бірге қоршаған табиғи-географиялық ортамен байланысты болды. Еуропада нәтижесінде жүйелі түрде капитализм генезисіне әкелген факторлар жиынтығы төмендегідей көрініс береді. Батыс Еуропалық феодализмге тән және табиғи-географиялық ортаның ерекшелігімен байланысты, плюралистік түр еуропалық қоғамға ғана тән әлеуметтік ұйымға – сословиялық монархияға алып келеді. Сословиялық монархияның полицентристік құрылымы, оның кейбір көріністеріндегі күштердің ара-қатынасымен сипатталады, дәстүрлі экономикалық саясаттан нарықтық ұйымға өтуге алғышарт қалыптастырып, оның шеңберінде тауар және ақша шаруашылығы техникалық прогрессті белсендіреді, сөйтіп, оны жаңа еуропалық дәстүрге айналдырады. Осылайша Батыс Еуропада қалыптасқан әлеуметтік ұйымнан, тұрақты өзін-өзі қозғайтын, адамзат тарихында осы кезеңге дейін баламасы болмаған жаңа даму сатысы қалыптасты.

Еуропалық капитализм генезисінде аса маңызды да шешуші фактор отарлардың пайда болуы. Жалпы отарлау тек жаңа тарихта ғана орын алған жоқ. Өзге территорияларды басып алып, бағындыру ежелгі дүниеде де, орта ғасырларда да кең таралды. Александр Македонскийдің, Рим императорларының, түріктердің және монғолдардың, ерте орта ғасырдағы арабтардың жорықтары, әлемдік тарихтың бұл көріністерінен түсінік береді. Отарлау, отарлық басқыншылық терминдерінің мәні біртекті емес. Мысалы, грек отарлауы табиғи қордың шектеулігімен байланысты болды және эмиграция арқылы ішкі саяси және экономикалық тұрақтылықты сақтауды көздеді. Кейіннен отарлау термині тікелей қоныс аударып келушілерге және сыртқы саясаттағы басып алушылыққа қатысты пайдаланылды. Әрине, бұл процестер бірімен-бірі байланысты, бірақ оларды жіктегенде алғашқы мазмұнынан шыға отырып, жергілікті экономикалық және әлеуметтік-саяси құрылыммен кейінгі байланысын ескеру қажет. Еуропалық отарлық экспансияны ерекшелейтін, өзіне тән сипатына, капитализмнің қалыптасуымен үздіксіз байланыста болғанын жатқызамыз.

XVI ғасырға дейін әлемнің жеке мәдени аймақтары өз алдына тәуелсіз және өте нашар байланыста дамыды. Әртүрлі өркениет туралы білім толық болмады, ал олардың арасындағы сауда және мәдени байланыстар тұрақты болған жоқ. Мұндай жағдайлар географиялық ашылулар дәуірінің басталуымен түбегейлі өзгеріп, жердегі өркениеттің арасындағы байланыстардың қалыптасуына қызмет етті.

XV ғасырға қарай Еуразияда дамыған өркениеті бар төрт-бес мәдени аймақ қалыптасты. Бұлар Батыста Еуропа, Таяу және Орта Шығыста және Солтүстік Африкада, Осман империясы және басқа мұсылман мемлекеттері; Қиыр Шығыста, Оңтүстікте және Оңтүстік Шығыста – Үндістан, Қытай, Корея, Жапония, Үндіқытай және Индонезия. Бұл мемлекеттердің арасында Батыс Еуропадан басқа тек Осман империясымен Қытайда ғана, кең отарлық экспансияға және капиталистік дамуға қажетті материалдық және адам қорлары болды. Үшеуінің ішінде Осман империясы географиялық ашылулармен теңіздің арғы жағына саяхатқа мүдделі болған жоқ. Бұл жағдайдың қарапайым себептерін көрсетуге болады. Ерте орта ғасырдан бастап, ол және басқа ислам елдері Еуразияның орталығында Қытай мен Үндістаннан Еуропаға апаратын сауда жолында орналасты. XV ғасырда ол Оңтүстік Шығыс Еуропадағы әскери қимылдарға тартылды; Темір мемлекеті Қытайға қауіп төндіріп, Үндістанға экспансиясын бастады. Ислам елдерінің әскери феодалдық тобына тән экспансияның дәстүрлі түрі территорияны кеңейту, бағалы заттар мен құралдарды иелену өзгерістерді қажетсінбеді. Оларды жаңа жерлер емес, өркениеттік аймақтар қызықтырды. XV ғасырда мұсылман әлеміне саяси үстемдік түрік-османдарының қолына өткенімен, Африканың шығыс жағалауындағы сауда жолдары арабтардың бақылауында еді. Магеллан мұсылман көпестерін Филиппинде кездестіргені белгілі. Бірақ арабтар жүргізген теңіз экспансиялары кең әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге ұшырап, капитализмнің қалыптасуына әкелмеді. Сыртқы отардан Қытайдың табатын табысы, еуропалықтардың табысымен салыстыруға келмейді. Қытай тек автаркия жағдайында өмір сүре алатын еді. Себебі, өте үлкен қорлар мен адам мүмкіндіктері оған сыртқы саудаға мүдделі болмауға мүмкіндік берді. XV ғасырда Қытай бюрократиясы сыртқы сауданы және өз азаматтарының Индонезияға енуіне шек қоюға ұмтылды. Қытай үкіметінің экс-

портқа деген қызығушылығына қарағанда қытай товарларының импортына шет елдер кең көлемде мүдделі болды.

Ал, Батыс Еуропа бұл уақытта біршама кедей, сыртқы саудаға бағынышты, аймақтарына сырттан төнетін қауіп мол мемлекет болып табылды. Сондықтан XV–XVI ғасырлардағы еуропалық отарлық басқыншылық тек экономикалық дамудың нәтижесі емес, сонымен бірге өмір сүруге қажетті табиғи қорлардың шектеулілігінің де нәтижесі еді. Егер формациялық белгілерден алшақтап, еуропалық және азиялық қоғамдарды экономикалық және техникалық даму деңгейі тұрғысынан салыстыратын болсақ, Еуропаны Рим империясының құлдырауынан XIII ғасырдың басына дейін, еуразиялық аймақтық артта қалған шеткі аймағына жатқызамыз. Орта ғасырлар кезеңінен бізге жеткен мәліметтер ауыл шаруашылық жағдайы, қолөнері, сауда дамуы, ақша айналымы туралы мәліметтер Еуропаның даму деңгейінің нашарлығын куәландырады.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Капиталистік қатынастардың пайда болу жолдары
2. Мануфактура дегеніміз не?
3. Қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөліну жолдарын көрсетіңіз?

13-тарау

ҰЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АШЫЛУЛАР ЖӘНЕ ОТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Географиялық ашылулар мен отарлардың капитализм дамуына әсері. Географиялық ашылулардың алғашқы нәтижесі Батыс Еуропаны сауда жолдарының түйісіне айналдырып, Үнді мұхитында және оңтүстік теңіздерде мұсылман үстемдігін азайтты. Еуропа көп ғасырға созылған әскери, сауда және өндірістік үстемдік үшін күрестің орталығынан орын алды. Оның бұл орны болашақтағы жеңісіне бастама салып берді. Табиғи-географиялық жағдайдың өзгеруіне техникалық құралдар арқылы қол жеткізілді. Сонау XII ғасырда батыс тек темір, орман және құлдардың экспортеры болды. Ал XIV ғасырға қарай жағдай біршама өзгеріске ұшырады. Еуропалық мемлекеттер шығыс елдеріне текстиль, қағаз, сабын шығара бастады. Бұның себебі, текстиль және қағаз өндірісіндегі су диірмендерінің көмегімен болатын жартылай механизация. Импортқа шығарылатын текстильдің сапасы тұрғысынан жоғары, бірақ жергілікті текстильден бағасының арзандығы араб деректерінде көрсетіледі. Дәл механиканың дамуы, қару-жарак жасау еуропалық техникалық прогресстің негізгі ерекшелігі болды.

Ауылшаруашылық өндірісінің, металлургияның, кеме жасау, әскери және жеңіл өнеркәсіп салаларының дамуы Еуропада жаңа материалдық негізді қалады. Кітап ісінің, картография, навигация және астрономияның дамуы жердің пайда болуы туралы ғылыми пікірлердің эволюциясы еуропалықтардың техникалық және ғылыми ойларына төңкеріс жасады. Техникалық жаңалықтар арқылы қоршаған ортаны өзгерту, тіпті өңдеу әлеуметтік мақсаттарға жетуде қолданылатын ұмтылыстарға айналды. Бұл жағдайлар Ф.Бэконнан бастап, қоғамды қайта құрудың утопиялық жобаларында

көрініс тапты. Бұндай әлеуметтік климаттың қалыптасуына М.Вебер көрсеткен протестантизм этикасы да әсер етті.

Дегенмен, алғашқы кезеңде еуропа экспансиясының идеологиялық астары күрделі сыртқы саяси жағдай және таза сауда мүдделері болды. Еуропаның әскери және саяси қауіпсіздігін, және сыртқы экономикалық байланыстардың тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселесі XV ғасырдың екінші жартысында тым ушығып кетті. Константинопольдің құлауынан кейін, Осман империясының экспансиясы Солтүстік Сербияға, Боснияға, Герцоговинаға тарады. Сонымен бірге еуропа құрылығында Ресей монғол үстемдігін құлатты, ал Испания Пиреней жарты аралындағы ақырғы араб иелігі Гранаданы қосып алды. Географиялық ашылуларға түрткі болған Үндістанға баратын сауда жолдарына түрік қысымы деген пікір кең тараған. Бірақ бұл тек жартылай ғана дұрыс пікір екенін көрсете кетуіміз керек, себебі, транс құрылымдық сауда іске асатын жол Египетті түріктер тек 1517 жылы ғана алды. Бұл жерде экономикалық және әскери қысыммен бірге, жерорта теңізі мен Балқанға түрік мұсылмандардың ұмтылуы, еуропалықтардың шығысқа жаңа жол іздеуіне идеологиялық түрткі болды. Сауда жолдарынан Еуропаны бұдан былай тек Габсбургтік-католиктік империяның орнығуы, соның нәтижесінде капиталистік ұстанымдардың жойылуы ғана шығара алатын еді. Азияның ұлы державалары еуропаның порттары мен факторияларын өз территорияларында жойған жағдайда еуропалықтар бұл аймақтағы жетекші ұстанымынан айрылып, әлемдік тарих басқа бағытта дамитын еді. Бұл жол Ұлыбритания мен Нидерландыда капитализмнің тез өсуіне ғана байланысты емес, Еуропаның XVI ғасырдағы діни жігін толықтырған ұлттық бытыраңқылығының да нәтижесі болды. Габсбургтердің ұмтылыстарына ұлттық, экономикалық және идеологиялық факторлар кедергі келтірді.

Ұлыбританиядағы өнеркәсіптік төңкеріске дейін созылған еуропалық отарлық экспансияны екі кезеңге бөлуге болады: Испания мен Португалияның феодалдық экспансиясы және Нидерланды мен Ұлыбританияның ерте капиталистік экспансиясы. Испания мен Португалияның жаңа отарлар жолындағы сәтсіздігі бұл елдердегі капиталистік қатынастардың нашар дамуымен түсіндіріледі. Жалпы айтқанда капитализм генезисінің екінші көзі – отарлардың қысқаша тарихы осындай.

Алғашқы қорлану процесі. Алғашқы қорлану мен капиталистік қатынастардың қалыптасуы, Батыс Еуропаның әрбір елінде экономикалық-географиялық ерекшелігіне байланысты әртүрлі дәрежеде жүрді. Отарлар пайда болып, баға революциясы гүлденіп тұрған елдерде Испания мен Португалияда капитализмнің дамуына барлық мүмкіндік болғанымен, кейіннен феодалдық-католиктік реакцияға айналды. Егер алғашқы қорлану процесі дегеніміз – барлық ауқаттылардың тез арада капиталистке айналуы болса, онда барлық капитал тез арада өндірістік мақсатқа, ал жерсізденгендер тез арада жалдамалыларға айналар еді, және де бұл процесс әлеуметтік-экономикалық дағдарыстарға әкелмей, капитализмнің гүлденуіне әкелер еді. яғни, алғашқы қорлану жүрген елдердің барлығы капиталистік даму жолына түскен жоқ. Ал, керісінше, кейбір елдерде, мысалы, Францияда алғашқы қорлану және капитализм генезисі өте баяу жүрді, ал алғашқы қорланудың тек кейбір көріністері ғана болды.

Алғашқы қорлану процесі логикалық аспектіде капитализм генезисімен астасып кетеді, ол үшін өндірушілер тез арада жалдамалы жұмысшыларға, ал ауқаттылар шынайы капиталистерге айналуы керек. Қазына әкелген ауқатты адам, өсімқор немесе байыған көпес, шаруаларды жерінен қуған лендлорд, тек потенциалды капиталистерге айналды. Шынайы капиталистерге олар өз ақшаларын капиталистік түрде ұйымдасқан өндіріс орнына, жерге және шаруашылыққа салғанда айналады. Осыған дейін олардың алдынан іс жүзінде шексіз мүмкіндіктер ашылып, өз қаражаттарын әртүрлі жолдармен іске асыру мүмкіндіктері тұрды. Бұл мүмкіндіктердің алғашында капитализммен ешқандай байланысы болған жоқ. Потенциалды капиталистерден нағыз капиталиске айналу кезеңі әр түрлі уақытпен – күндерден он жылдыққа дейін өлшенеді. Бұл процестер Батыс Еуропа елдерінде Англияда, Нидерландыда, Испанияда, Францияда әр түрлі варианттарда жүрді. Ал, жалпы тарихнамада, алғашқы қорлану процесі демде капиталистер мен жалдамалы жұмысшыларға айналдырады деген көзқарастар басым еді.

Тарихта алғашқы қорлану көріністері мен өндірісте капиталистік формалардың қалыптасуы әр елде әртүрлі көріністе жүрді. Біреулерінде бұл көрініс ұзақ уақыт бойы бытыраңқы түрде жүрсе, екіншілерінде басқа сипатқа енді. Алғашқы қорланудың келеңсіз

көріністерін Франциядан, Германиядан, Италиядан, Испаниядан, Португалиядан көреміз.

Еуропа құрылығындағы капитализм генезисі процесінің хроникалық межесін дұрыс және дәл анықтау оңай іс емес. XVI ғасыр бұл үрдістегі (капитализм генезисі) өзіндік аяқталған сатысы емес. Бұл дәлірек айтсақ, Еуропа тарихындағы маңызды, шешуші хронологиялық шек, кезең.

XVI ғасырдағы Еуропа капитализмі генезисінің факторларын, көрсеткіштерін, дәстүрлері мен әдістерін анықтау – өндіріс пен айырбастағы буржуазиялық түрлердің даму дәрежесін дұрыс объективті зерттеуге көмектеседі. Және де, бұл процестегі олардың бір-біріне әсері мен әрекеттеріндегі ұлттық-мемлекеттік, жүйелік қарым-қатынасын анықтайды.

Аса күрделі де қайшылықты әлеуметтік-экономикалық процесстер, киын әлеуметтік-саяси қақтығыстар XVI ғасырда толы болды, олар идеология, мәдениет, әдебиет, көркемсурет өнеріне өз ізін қалдырды. Бірақ бұл әсер тікелей болған жоқ, бұл аса күрделі делдалдық механизмдер арқылы өтіп, идеологиялық мәдени-эстетикалық категориялар белгілі әлеуметтік-экономикалық негізде пайда болып, белгілі маңызға ие болып, қоғамның өздеріне қолайлы жағдайларына таралу мүмкіндігін алды.

Капитализм пайда болу алғышарттарының қалыптасу кезеңінің өзінде-ақ Еуропа мемлекеттерінің даму ұстанымдарының әртүрлі түрлері анықталды. Факторлардың барлық жиынтығы Англияда, Нидерландыда, Францияда толық сипатқа ие болды. Бұл аталған елдердің арасында өзгешеліктер болғанымен, жалпы бұл сатыда товар шаруашылығының дамуы қайтарымызсыз сипатқа ие болды. Дамудың қайтарымызсыз мәселелері тарихтың барлық кезеңдері мен дәуірлеріне қатысты.

Еуропа құрылығындағы капитализм генезисі бос кеңістікте пайда болған жоқ, феодалдық қоғамда қалыптасқандықтан оған, оның заңдылықтары әсер етті. Мысалы, Нидерланды мен Италияның ірі сауда қалаларында мануфактураның ерте капиталистік түрлерімен қатар цехтық корпорациялар да пайда болды. Бірақ олар аралықты немесе прогрессивті түр болмағандықтан, керісінше эволюцияға ұшырап, өндірістің ұсақ тауарлық ортағасырлық түрлеріне айналды.

Үнемі әсер етуші формациялық қатардың факторлары жерге феодалдық меншік, экономикадан тыс қанау, феодалдық рента

тағы да басқа категориялармен беріледі. Үнемі әсер етуші генетикалық қатарға өндіргіш күштердің даму деңгейі, қалалық экономика, жалдамалы еңбектің таралу дәрежесі, товарлық шаруашылықты жатқызады. Бұл жалпы факторлар екі түрдің сипатына әсер етеді, әсіресе сандық өзгерістерді ашуға мүмкіндік береді.

Кешенді-тарихилыққа жататын факторлар – негізгі сапалық өзгерістер белгілі бір сатыда қайтарымды немесе қайтарымсыз сипатқа ие бола ма, соны көрсетеді. Бұл факторлар тобының формациялық қатары негізінен ыдырау және ішкі қайта құру категорияларымен байланысты: бұл сеньориалдық қатынастардың және жерге феодалдық меншіктің өзгеріске ұшырауы. Генетикалық қатарға жататындар: қолөнердің өндіруші деңгейі және оның жетекші салаларындағы құрылымдық өзгерістер, ерте капиталистік мануфактураның түрлерінің пайда болуына әкеледі, шаруа шаруашылығындағы өндірістің товарлық формасының жетекші рөлі және қалалық товар шаруашылығы мен жылжымалы меншіктің орталығының ауысуы, елдегі ұлттық рыноктың қалыптасуы товар шаруашылығының категориясы ретінде. Барлық осы факторлардың жиынтығы елдегі саяси құрылымның сипатын беріп, елдің саяси орталықтандыруының дәрежесін көрсетеді.

Капитализмнің алғышарттарының қалыптасу кезеңінде еуропалық мемлекеттердің даму ұстанымдарының әртүрлі түрлері анықталды. Факторлардың екі тобының барлық жиынтығы кемеліне келу деңгейінің толық көрінісі Англия, Нидерланды, Францияда болды. Аталған елдердің арасында айырмашылық болғанымен, жалпы бұл сатыдағы товар шаруашылығының дамуы қайтарымсыз сипатқа ие болды.

Ал басқа еуропалық елдерде жағдай күрделірек еді. Германияда прогрессивті экономикалық даму орын алды, бірақ біртұтас ұлттық нарық қалыптасқан жоқ. Ал, Англия мен Францияда ол негізінен XV ғасырдың аяғына қарай қалыптасты. Әртүрлі аймақтардың даму деңгейіндегі айырмашылық біршама болды, әсіресе батыс пен шығыстың арасында. XV ғасырдың аяғына қарай бұнда феодалдық реакция мен жерге қатынастар саласында жеке белгілер байқалды. Испанияда натуралды шаруашылық қатынастар үстемдік жағдайында болды, ал саяси орталықтандырудың мықты экономикалық негізі – ұлттық нарық болған жоқ. Бұл елдің дамуына ерекше сипатты реконкиста жағдайлары берді. Жалпы алғанда прогрессивті даму өте сенімсіз болды.

Ал Италияда жағдай өзгеше болды, XIII–XIV ғасырда прогрессивті экономикалық даму, ірі қалалық орталықтарда ерте капиталистік мануфактуралармен бірге жүргенмен, XV ғасырларға қарай сыртқы сауда конъюктураның өзгеруіне байланысты кейін құлдырауға ұшырады. Бұл құлдырау экономиканың аграризациясымен, қалаларда мануфактураның жойылып, қолөнердің корпоративті түрлерінің күшеюімен қатар жүрді.

Көріп отырғанымыздай Германия, Испания, Италия эволюцияларының өзіндік ерекшелігі бірінші топты құрайтын елдерге қарағанда ашық көрініс алған, бірақ бұлардағы прогрессивті даму әлсіз негізге сүйенгені оларды біріктіреді. Бұл жерде формациялық қатардың факторлары генетикалық фактордан жоғары тұр. Дегенмен, Италияның бірнеше мемлекеттерінде тауар-ақша шаруашылығының дамуы қайтарымсыз сипатқа ие болды. Бұл сатыда тек қана ұстанымдар еді, олардың болашақта бекітілуі, баяулауы немесе келесі дамумен жойылып кетуі мүмкін еді. Бұл мәселені шешудегі ерекше рөлді алғашқы қорлану үрдісі атқарды.

Еуропа елдеріндегі капитализмнің алғышартын дайындау кезеңіне және оның генезисінің алғашқы кезеңіне байланысты айтар болсақ, бұл процестердің таза, жоғары дамығанын немесе экономикалық категориялардың сыртқы әсерін басынан өткізбегенін көрсетеміз. Капитализм генезисі үрдісі капиталистік түрдің пайда болуы мен дамуы ретінде, өндіріс, ауыл шаруашылығы салаларында мәселенің кең көлеміне әсер етеді, яғни, жоғарыда қарастырылған, пайда болған, әсер ететін жағдайлардан басқа және де алғашқы қорлану процесі капитализм генезисі процесінен логикалық түрде бөлініп алынады, ал іс жүзінде тарихта бұл екеуі параллельді түрде және өзара байланыса отырып, әр түрлі варианттарда көрінеді.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Еуропадағы капитализм генезисіне әкелген факторлар жиынтығы.
2. Капитализмнің қайтарымды және қайтарымсыз түрі.
3. Капитализм генезисі және Еуропа елдерінің дамуындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар.
4. Америкадағы алғашқы ағылшын отарларын атаңыз ?
5. Отарлаудың мақсаты, түрлері, тәсілдері.
6. Отарлық экспансияның жетекші Еуропа мемлекеттерінің экономикалық дамуына әсері.

XVI ҒАСЫР МЕН XVII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ГЕРМАНИЯ

§ 1. XVI ғасырдағы Германияның экономикалық өміріндегі ерекшеліктер

Германия үшін XVI ғасыр қала өмірінің өрлеуімен және қол-өнер кәсібі мен сауданың одан әрі өсе беруімен сипатталады. XVI ғасырда Еуропа мен Азияның әрбір бөліктерінде өндіргіш күштер мен еңбек бөлінісінің дамулары халықаралық сауданың анағұрлым ұлғаюына әкеліп жеткізді. Балтық және Солтүстік теңіздердің жағалауларына орналасқан елдерді қамтыған еуропалық сауданың Солтүстік ауданы және Батыс Еуропа мен Шығыс елдерінің арасында қызу жүргізілген транзитті сауданың Жерорта теңізіндегі ең ірі сауда орталықтары – Венеция мен Генуя, Альпі өткелдері арқылы және Рейн өзенінің бойымен Германия арқылы жүретін сауда жолымен өз ара қарым-қатынастар жасап тұрды. Дүниежүзілік сауда жолындағы өздерінің қолайлы жағдайының арқасында, солтүстік герман, оңтүстік герман және Рейн қалалары – XVI ғасырда Батыс Еуропа мен Шығыс елдерінің Еуропаның солтүстігі мен оңтүстігі аралығындағы, сондай-ақ сауданың солтүстік ауданының қалалары мен елдерінің араларындағы саудасаттық жұмыстарына барған сайын белсене араласа бастады. Сонымен Рейн бойындағы үлкен жолдарда орналасқан Кельн, Майнц, Страсбург, Ульм, Шпейер, Вормс сияқты қалалар тек көбінесе делдалдық сауда жөнінде ғана ірі орталықтар болып қоймай, сонымен қатар жүн мен зығыр маталарын өндіретін және металл өңдейтін аса маңызды орталықтар да болды. Алайда өткен кезеңдердегі сияқты, Германияның экономикалық өмірінің ерекшелігі оның өскелең және өркендей бастаған қалаларының арасындағы тығыз қарым-қатынастардың нашарлығы болған еді. Қолөнер кәсібі мен сауданың өсуі, XVI ғасырда жалпы германдық рыноктық қарым-

катынастардың пайда болып, бүкіл елдің ұлттық бірінғай экономикалық орталығының құрылуына әке алмады.

Неміс қалаларының сыртқы дүниемен қарым-қатынастары және байлықтары өскен сайын, осы ішкі қарым-қатынастың бытыраңқылығының маңызы да барған сайын күштірек сезіле бастады. XVI ғасырларда қалаларда әлеуметтік жанжалдар және патрициаттық аристократия мен цехтардың арасындағы шиеленіскен күрестым жиілене бастады. Көптеген қалаларда жүргізілген бұл күрестің нәтижесінде цехтар өкіметті басып алды, ал бұл жағдай өз ретімен, цехтардың ерекше жеңілдіктері бар тобы мен қала халқының демократиялық топтарының араларындағы ішкі жанжалдардың одан әрі өрши түсуіне қарай жетеледі. Қалалар өздеріне қол салғысы келген княздармен де, рыцарлармен де, әсіресе, оңтүстік батыс Германияның «империялық рыцарларымен» күрес жүргізуге мәжбүр болды. Императордың тікелей вассалдары болған рыцарлар императорлық өкіметтің әлсіреуіне байланысты өздерімен-өздері болып қалды. Соғыстар жалдамалы әскердің көмегімен жүргізе басталған соң, олар өздерінің маңызын жоғалтты. Өз иеліктеріндегі рыцарлар күн көрістеріне қажетті табыстарын өздерінің иеліктеріндегі шаруаларға қаттырақ қысым көрсетіп, ішінара олардың міндеткерліктерін арттыру арқылы ұлғайтып отыруға ұмтылды. Алайда, рыцарлардың негізгі көпшілігі бұл кезеңде ұсақ қанаушылар мен қарақшы тонаушыларға айнала бастайды. Олар ішіп-жемнің және баюдың шығатын көздерін феодалдық өзара бақталастықтан іздеп, княздердің бүгін біреуіне, ертең екіншісіне жалданды, немесе, тіпті тура үлкен жолдар үстінде тонаушылықпен айналысты.

Әлсіреуге айналған император үкіметінің қаланы княздердің зорлық-зомбылықтары мен рыцарлардың талан-таражынан арашалап, неміс көпестерінің сыртқы саудадағы мүдделерін қорғауға шамасы келмеді. Осындай жағдайларда қалалар Германияның әрі ішіндегі, әрі сыртындағы өз мүдделерін қорғауды өздерінің міндеттеріне алуға мәжбүр болды және осы мақсатпен олар Германияның әрбір бөліктерінде одақтарға біріге бастады. Мұндай одақтардың ең ірілерінің бірі солтүстік германдық Ганза болды. Оның қай уақытта пайда болғандығын дәл көрсете қою қиын, өйткені оның тарихы жеке қалалардың немесе қала топтарының араларындағы жасалған келісімнен басталды. XIV ғасырдың ортасына таман Ганза, Солтүстік және Балтық теңіздерінің жағалауларына орналасқан

солтүстік герман қалаларының бәрін түгелге жуық және Еуропа-ның солтүстік жағалауындағы өзен жолдары арқылы сауда-саттық жұмыстарын жүргізген бірқатар қалаларды да қамтыды. Штральзунд, Росток, Висмар, Любек, Гамбург және Бремен сол кездің өзінде-ақ Ганза одағының негізгі өзегі болып табылды. Солтүстік сауда жолдарының орталығында тұрған осы және басқа солтүстік герман қалалары, Ресей және Скандинавия елдерімен, Англия және Нидерландымен жүргізілетін барлық делдалдық сауданы өз қолдарына шоғырландырып, ұстап тұруға тырысты. Осы мақсат үшін Ганза одағы Новгород пен Каунаста, Берген мен Стокгольмде, Брюгге мен Лондонда және басқа қалаларда өзінің шетелдік сауда мекемелерін ашты. Осы мекемелер арқылы Ганза көпестері Прибалтика елдерінің Ресей мен Скандинавияның азық-түлік өнімдерін астық пен аң терілерін, тері-терсек пен тұзын, балық пен тоңмайын, бал мен балауызын, кеннің кейбір түрлерін және орман шаруашылығы өнімдерін Батыстың қолөнерінен шыққан тауарларына – шұға мен металл бұйымдарына және шараптарына сауда-саттық айырбасын жүзеге асырды. Нидерландының Италия мен Оңтүстік Франциядан алатын тауарлары да, Жерорта теңізінің шығыс жақ жағалауынан әкелінетін сән-салтанат заттары мен әр түрлі дәмділік тағамдары да Ганза саудасының аймағы болды.

Германияда саяси бытыраңқылықтың орын тепкен жағдайында Ганза одағы дербес саяси күш ретінде әрекет жасады. XV ғасырдың екінші жартысынан бастап, Ганза одағына енген қалалар уәкілдерінің жүйелі съездері өткізіліп тұрды. Бұл съездердің қабылдаған шешімдерін бұлжытпай орындауға Ганза одағының мүшелерінің бәрі міндетті болды. Ганза XV ғасырды тіпті өзінің дербес сыртқы саясатын да жүргізді және соғыс жүргізу үшін бір мемлекеттермен бірігіп, екінші мемлекеттерге қарсы да шықты. 1367 жылы Ганза Швейцариямен және герцог Мекленбургскиймен одақтасып, Даниямен соғысты. Бұл соғыстың нәтижесінде 1370 жылы жасалған Штральзунд бітімі бойынша Ганза одағы Скандинав түбегінің оңтүстігіндегі қамалдардың бірқатарын басып алды және Данияның өз ішінде саяси ықпал асыруға да ие болды.

Алайда Ганза одағы өз құдіретінің мықтылығына қарай Германияны не экономикалық, не саяси жағынан орталықтандыратын қозғаушы күш бола алмады. Ганза одағының мүшесі болған әрбір қала өз жұмыстарын дербес жүргізді. Одақтың өз алдына не жалпы

ортақ басқарушылығы, не жалпы ортақ қаржысы, не жалпы ортақ флоты болмады. Оның алдына қойған мақсаты көбінесе, ганзальық сауда ауданында өздерінің мүшелері үшін бірлесіп әрекеттер жасау арқылы ерекше жеңілдіктерге ие болуда ғана болды. Ганза одағы бірлесіп әрекет жасау арқылы өз қалаларындағы олигархиялық құрылысты да қолдады және цехтардың өкіметті басып алуына кедергі жасап, қалалардағы оппозицияны жою шараларын ұсынып отырды.

XV ғасырдың екінші жартысында Батыс және оңтүстік батыс Германияның қалалары да одақтарға бірігуге кірісті. XV ғасырдың 70-жылдарында қалалардың Швабия одағы және Рейндік қалалардың Одағы пайда болды. Олар 1381 жылы бірікті. Одақ болып біріккен қалаларға қарама-қарсы, княздардың қолдауынсыз емес, рыцарлар одақтары да пайда болды. XV ғасырдың соңында қалалар мен рыцарлар одақтарының арасында басталған күрес княздердің тілегіне сай келді, өйткені ол күресуші екі жақты да бірдей әлсіретті. Швабтық және Рейндік қалалардың одақтары рыцарлардың шабуылына тойтарыс берді және рыцарлық анархияны жойып жіберу де олардың ойында болды. Алайда рыцарларды жақтап күреске араласқан княздер, ақыр аяғында 1388 жылы қалалардың біріккен одағының құл-талқанын шығарды.

Германияның дүние жүзілік сауда жолдарының түйіскен торабына орналасқан қолайлы жағдайының маңызы қолөнер кәсібін өркендету үшін қажет болды. XVI ғасырда Германияда жүн маталарын өңдеп шығару, Еуропаның өзге елдеріндегі сияқты, алыстағы рыноктарға жұмыс істеуші өндірістің ең басты саласы болды. Солтүстік германдық жерлерде қой шаруашылығының айтарлықтай дамуы және ел ішінде негізгі бояғыш заттардың бар болуы шұға өндірісін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасады. XV ғасырда мақта-мата мен полотно өндірісінің сапасында да бірсыпыра табыстарға қол жетті. Бұлар тек жергілікті рыноктарға ғана емес, сонымен қатар Италия мен Испанияға және басқа елдерге де шығарылды. Металл өңдеу ісі де жетілдірілді: бұл қолөнеріне Германияның сол кездегі ең ірі қаласы Нюрнберг маманданды.

Алыстағы рыноктарға азық-түлік өнімдерін апарып өткізудің шарттары сияқты, әр елден шикізат сатып алудың қажеттілігі де, көптеген жағдайларда XV ғасырдың аяқ кезінен-ақ бытыраңқы және кедейлеу қолөнершілерді шикізаттың қоры мол, шикізаттар-

ды сатып алу мен азық-түлік өнімдерін өткізудің қиындалған жағдайларымен жақсы таныс көпес-кәсіпкерге бағынышты етуге әкеліп жеткізді. Тауарларды мейлінше мол өндіріп, олардың кейбіреулеріне өскелең сұранысты үнемі қанағаттандырып отыру үшін күрделі құрал-жабдықтың болуы да талап етілді. Бірақ та оны тауып алу немесе жасап ала қою көрінген қолөнершінің шамасынан келе бермеді. Сондықтан да капиталы бар көпес екінің бірінде өндірістің бүкіл процесінің ұйымдастырушысы және жетекшісі болып табыла берді: ол өндірісті бірқатар жеке-жеке сатыға бөліп, олардың әрқайсысын бөлек-бөлек қолөнершілер мамандардың міндеті етіп құрды және сонан соң сатылардың бәрін жинап әкеліп бір жалпы жүйеге біріктіріп байланыстырды. Әбден кемеліне келіп байып алған қолөнерші шеберлердің арасынан шыққан сондай көпес-кәсіпкер, тікелей зат өндірушілердің өз үйлерінде отырып та жұмыс істеулеріне қарамастан оларды өзіне тәуелді жалдамалы жұмысшыларға айналдырды. «Бытыраңқы мануфактура» деген атпен белгілі болған бұл формада, Германиядағы алғашқы капиталистік өндірістің элементтері туа бастады. Өндірісті ұйымдастырудың бұл формасы бәрінен де бұрын тоқыма өнеркәсібінің кейбір салаларында туып, көбінесе қалалардан тысқары жерлерде, тәртібі белгіленген цехтары жоқ, селолық аудандарда өркендеді. Капиталистік қатынастардың элементтері сол замандағы өндірістің жаңа тармағы – кітап бастыру саласында ерекше қарқынмен дами бастады.

Кен жұмысы ерекше орын алды. Орта ғасырлардағы еуропалық елдердің арасынан әбден кемелденген кен өнеркәсібінің ішінен бірінші орынды Германия алды. Өндірістің бұл саласында ең әуелден-ақ капиталистік қатынастар элементтерінің тууы үшін қолайлы жағдайлар жасалынды. Басында қауымның меншігі болып табылған, жер қойнындағы байлық кейіннен князьдер мен императорлардың монополиялық праволарына айналды. Олар оны жеке адамдарға және кен қазатындардың топтарына жалға беріп отырды. Ал енді өндірістің өз жағдайлары бойынша жер қойнында жатқан кен байлықтарын өңдеу жұмысы орта ғасырлардағы Германияда ерікті еңбектің көмегімен жүргізілді. Кен кәсіпшілігінде істеп жүрген қашқын тәуелді шаруаларды, феодалдар қайтарып алуды талап ете алмады.

Кен қазушылар еңбек серіктіктерін (Gewerkschaften) құрды және оларға қатысушылардың (Gewerken) өздері тікелей шахталарда

жұмыс істеп, кен өндірді және оны балқытты. XV және XVI ғасырлардың ішінде бұл серіктіктер бірте-бірте алғашқы кездегі еңбек сипатын жоғалта бастады. Кенді, әсіресе, асыл металдардың кенін өндірудің өсушілігі, барған сайын шахталардың тереңдей түсуін, су бұрғыш және ауа жүретін түтіктердің құрылыстарын орнатуды талап етті. Мұның үшін орасан көп ақша жұмсау қажет болды. Сондықтан XV ғасырдың соңғы он жылдықтарында кен шығатын учаскелерден өнім алу үшін серіктердің мүшелігіне тек ақша қаражаттары бар адамдар ғана кіре алатын болды. Кен кәсіпорындарына жарнашы болып кіргендердің орасан көп табыстары бұл кәсіпорындарына, кен шығатын жерлерден алыста тұрса да, көптеген дәулетті қала халықтарының назарын жиі-жиі аудара бастады. Сонымен бірге үнемі ақшаға мұқтаж болып жүретін князьдер мен императорлар ірі сауда-өсімқоршылықпен айналысатын фирмалардан қарыз ақша алып, оларға өз территорияларында шығатын байлықтарын кепілге салатын болды. XVI ғасырда осындай ірі фирмалардың иелері – Фуггерлер және Оңтүстік Германияның басқа да фирмалары өздерінің қарауларындағы кен кәсіпшіліктерін кәсіпкерлерге жалға беретін болды және өздері де көбіне рудниктерді пайдаланып, оларды жаңа құрал-жабдықпен қамтамасыз етуге және жалдамалы еңбекті қолдану арқылы өндірісті ұйымдастыруға қатысып отырды. Германияның кен кәсіпшіліктерінде XVI ғасырда анағұрлым көп жалдамалы жұмысшылар істеді және олар енді капиталистік типтегі қанаушылыққа аяусыз тартылды.

XVI ғасырдың жартысындағы деректердің хабарлауынша кен қазатын жұмысшылардың ақыларын жоғарылатып, жалпы еңбек жағдайларын жақсартуды талап еткен толқулары болған. Бірақ та бұл қозғалыстар кәсіпкерлерден гөрі көбінесе өнімнің ең мол бөлігін қолдарына жинап алып, іс жүзінде көптеген аудандардағы кен кәсіпорындарын билеген князьдік әкімшіліктерге қарсы бағытталды.

XVI ғасырда неміс қалаларының жалпы экономикалық өрлеушілігі және Германияның қолөнершілік өнеркәсібінің кейбір жеке салаларында өндірістің жаңа формаларының пайда болушылығы әжептеуір кедергілерге ұшырап отырды. Осындай кедергі ең алдымен елдің нақ экономикалық дамуының әрқелкілігі болып табылды. Германияның бір қалалары мен жерлерінің экономикалық жағынан өрлеушілігі, екіншілерінің тоқырап, артта қалушылықтарымен ұштасып отырды. Бұл жөнінде елдің жеке-жеке

бөліктерінің арасындағы экономикалық қарым-қатынастардың нашарлығының мәні де аз болған жоқ. Осының салдарынан Германияда бірыңғай ішкі нарық қалыптасып, жетіле алмады. Германияның прогрессивтік экономикалық дамуына үлкен кедергілік жасаған себептердің бірі оның саяси бытыраңқылығы болған еді. Бұл да едәуір дәрежеде экономикалық даму ерекшеліктерінің нәтижесі болып шықты. Міне, осы жағдайларда, тіпті капиталистік өндірістің алғашқы ене бастаған элементтерінің өздері де, XVI ғасырдағы Германияның деревнясында да және қалаларында да үстемдік етіп қала берген феодалдық құрылыста, әрдайым шамасы жетпейтін кедергіге кездесіп отырды.

Экономикалық дамуды тежеп, ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтарды барынша шиеленістірген факторлардың ішінен, шаруаларға жасалған қысымның үдей түсуі, атап айтқанда, деревнядағы сеньориалдық реакцияның күшейе берушілік оқиғалары аз орын алған жоқ.

Германияның тарихи дамуына тән ерекшеліктері оның әрбір бөліктерінің араларындағы экономикалық қарым-қатынастардың нашарлығында және мұндағы орталықтандыру үрдісінің тек жеке провинциялары мен территориялардың масштабында ғана өткендігінде болды. Бұл жағдайлар өздерінің саяси территорияларының нағыз патшалары болып табылған неміс князьдері император өкіметінің қажеттілігін, оны тек өздерінің иеліктерінің қалалар мен рыцарьлардың есебінен ұлғайтып, көршілес отырған халықтарға қарсы агрессиялық жоспарларын жүзеге асыруға пайдалану үшін керек болғандықтан ғана мойындады. Императорлардың ауық-ауық шақырып отыратын рейхстагтары да жалпы империялық съездер де және империя құрамына енген барлық жерлер мен территориялар уәкілдерінің жиналыстары да осы мақсаттар үшін қызмет атқаруға тиісті болды. Бұл съездер мен жиналыстарда князьдермен қатар кейбір жағдайларда империялық қалалардың уәкілдері де шығып сөз сөйледі. Бірақ ат императордың, не рейхстагтың қолдарында ешбір атқарушы аппарат болмады. Император өзі тек территориялық князьдердің бірі болып, өз князьдігінің күшіне сүйенгендіктен ғана өкіметке қожа бола алды. Елдің не жалпы заң шығаратын, не жалпы империялық финансы жұмысын атқаратын органдарының бірде-бірі болмады.

Кейбір княздіктерде ландтагтар – дворяндар мен дін басыларынан және қалалардың уәкілдерінен құралған жиналыстар шақыры-

лып тұрды. Бұл жиналыстар басқа елдердің сословиелік өкілдеріне ұқсастау болды. Ландтагтар өз территорияларындағы барлық күш-қаражат және мүмкіндіктердің бәрін де өз мүдделеріне бағындырып, өздеріне керекті қаржыларды халықтан жинап алуға ұмтылған князьдерге қызмет етті. Саяси жағынан мүлдем әлсіз болған князьдік қалаларға, княздардың қысымына ландтагтар шек қоя алмады. Императорды сайлауға құқығы бар княздер курфюстер деп атала бастады. Курфюстер өздерінің сайлаған императорларынан олардың дербестіктеріне ешбір шек қойып, араласпауын талап етті. Император тағына отырған Габсбургтер мұрагерлік иеліктерді ұлғайтуға кіріскен кезде мұны басқа княздердің суверенитетіне төнген қауіп деп тапқан курфюстер екінші императорды – Люксембургтердің әулетінен сайлады. Ал VII Генрих Люксембургский династиялық некенің нәтижесінде өз иеліктеріне Чехияны қосып алып, чехтың князі болған кезде, курфюстер императорды баварлық герцог Виттельсбахтардың әулетінен Людвиг Ваварскийді сайлады.

Германияда болған экономикалық өзгерістер мен сауда саттық байланыстардың ұлғая түсуі елдің саяси бытыраңқылығын бекіте түсті. Германияның орталығы барған сайын әлсірей түсті. Неміс княздерін империялық реформаның жолдарын іздеуге мәжбүр болды. XV ғасырдың 80-жылдары оңтүстік-батыс Германияда «Швабия одағы» деген атпен ірі саяси және соғыс бірлестігі құрылды. Формальді жағынан бұл оңтүстік-батыс Германияның рыцарлары мен империялық қалалардың бірлестігі болып саналып, оған жеке княздықтар да қосылды. Ал шындығында бұл одақ сол княздердің қолдарында болды және олар өздерінің басшысы етіп – архиэпископ Майнцскийді қойды. Сонымен «империялық реформа» ұсақ мемлекеттік пен саяси бытыраңқылықты жою емес, қайта керісінше оларды баянды ету болып табылады.

XV ғасырдың 30-жылдарында Германияның оңтүстік-батыстағы жерлеріне Жүз жылдық соғыстың тұсында француз королінің қызметінде болған жат жерлік арманьяктардың жалдамалы қарулы бандылары шабуыл жасады. Германияның оңтүстік батысындағы Рейндік жерлерді өзінің иеліктеріне қосып алғысы келген француз корлі VII Карл, Дофин Людовиктің басшылығымен оған сансыз көп жалдамалы отрядтарды аттандырды. Олар бұл жерлердің ойранын шығарды, талан-таржаға салып, өртеді және жұртты қырып-жойды. Герман императоры сияқты неміс княздары мен феодал-

дары арманьяктардың әрекеттеріне қарсылық жасамай, керісінше шаруалардың қозғалыстарын басып, қаладағы үдей түскен оппозицияны құрту үшін, оларды неміс жерлеріне шақырып, көмек жасады. Алайда жергілікті халық шетелдіктерге қарсылық көрсетті. Рейннің екі жақ жағалауында да құрылған отрядтар мен халықтық кекшілдер шетелдік басқыншыларға қарсы жорықтар ұйымдастырып, олардың азық-түлікпен қамтамасыз етілуіне кедергі келтірді. 1444–1445 жылдары арманьяктар отрядтары қаңғыбас топтарға айналды.

Халықтық отрядтар өздерінің жасаған әрекеттерінде бұқараның кең қолдаушылығына сүйеніп отырды. Шетелдік басқыншылар мен тонаушыларға қарсы жаппай күреске шақыра отырып, шаруалардың отрядтары жорыққа өз туларын көтеріп шықты. Туға құдай-ананың бейнесімен қатар, шаруаның ұзын баулы башмағын алып шықты. Тұңғыш рет арманьяктармен күресте көтерілген «Башмақ» туы, содан соң шаруаларды феодалдар мен князьдарға қарсы күреске шақырушы белгі болып табылады. Германияның феодалдары бұл тудан қорқатын еді. 1460 жылы Гегау жерінің шаруалары «Башмақ» туының астына жиналып, үлкен көтеріліс жасады. Бұл көтеріліс бүкіл оңтүстік Германия феодалдарының зәресін ұшырды.

1493 жылы Эльзаста шаруалар мен қала халықтарының ұйымдастырған жасырын одағының зағаворы ашылды. Бұған қатысушылар Шлеттштадт қаласын басып алып, «Башмақ» туын көтерсек болғаны, шабуылды кең ұйымдастыруға қажет «қарапайым халықтың» көпшілік бұқарасы бізге қосылады деген үмітте болды. Өкіметті басып алғаннан соң одақ мүшелері сот жұмысына бірқатар өзгерістер енгізіп, княздіктердің салатын алым-салықтарының кейбіреулерін жойып, өсімқорлықты жоюды көздеді.

XV ғасырдың соңы XVI ғасырдың басы – кейінгі орта ғасырлар мен жаңа заманның түйісінде Германия «Қасиетті Рим империясының» ірі бөлігі және орталығы болды. Сол уақытта бұл атауға «неміс ұлты» деген сөз қосыла айтылатын болды. Империяның құрамына Германиядан өзге қазіргі Нидерландының, Белгияның, Австрияның, Чехияның жерлері кірді. Сөз жүзінде Швейцария да Германияның құрамында деп есептелді, бірақ ол қарулы көтеріліс арқылы өз тәуелсіздігін мойындата алды. Германия саяси жағынан бытыраңқы ел болды, көптеген үлкен және кіші феодалдық

иеліктерден құралды. Шіркеулік және зайырлы иеліктер де болды. Германияның бытыраңқылық деңгейін 1521 жылы рейхстагке кеңеске шақырылған «империялық атақтардың» тізімінен көруге болады. Бұл матрикулге императорды сайлау құқығы бар 7 княздік-курфюстер, 50 архиепископ және епископ, 83 аббат және маңызды монастырлардың аббаттары, 24 зайырлы княздер, 145 граф және ақсүйектер, «империялық» атағы бар 85 қаланың өкілдері көрсетіледі. Германия тарихы үшін XV–XVI ғасырларда саяси, идеологиялық, экономикалық қатынастардың жедел дамыған кезі болды. Адамның ойлау санасы өзгерді, ескі шіркеу мен жаңа гуманистік идеологияның арасында күрес жүрді.

Біртіндеп Батыс Еуропаның елдерінде гуманизм шешуші орын ала бастады, ескі көзқарасқа тән сипатты ығыстырып шығарды. Гуманизмнің дамуы барлық елдерде бірдей жүрген жоқ. Әсіресе Германияда католиктік позицияның ұстанымы күшті болды, бұл жерде схоластикалық ғылым өзінің тамырын тереңге жайып үлгерген еді. Германиядағы гуманизмнің ерекшелігі идеяларының көпжақтылығы болды. Бұл жерде әртүрлі бағыттар болды, кейбір бағыттар Лютердің бағытынан өз орнын тапты.

Неміс гуманизмінің XV–XVI ғасырлардағы ерекшелігі Германия дамуының толық бейнесін бере алады. Клир мен шіркеулік дәстүрді сынға алуда Эразм Роттердамскийден де алысқа кеткен Ульрих фон Гуттен (1488–1523). «Тиым салынған» тақырыптарға деген әуестігі, ащы сөздері, Рим мен оның Германиядағы жақтастарын сынға алу У.Гуттеннің басты шығармашылығы болды. Оның көпшілікке арналған барлық шығармашылығының сипаты ұлттық-отансүйгіштік тақырыпта болды. Рыцарлық рудың ұрпағы, Гуттен монастырлық мектепте тәрбие алды. Әкесінің қарсылығына қарамастан осы мектептен кетіп, Германияның және Италияның университеттеріне түсті. Ол гуманизмнің отанында екі рет болды, антикалық мұраны және гуманистік тәртіптің уағыздаушысы болды. Болмысынан шешен, латын тілін жетік меңгерген Гуттен өзінің шығармаларында, жазба сөздерінде, пікірсайыстарында, поэзиясында адамның және оның санасының мүмкіндіктерін дәріптеді, ғылымның гүлденген кезеңінде өмір сүріп отырғанына шүкіршілік етті. Гуттен сөз еркіндігі үшін, зайырлы мәдениеттің діни мәдениеттен бөлек болуын, схоластиканың беделінің күш көрсетпеуін жақтады. Ол шыққан тегіне қарамастан адамның

дәстүрлік мүмкіндіктерін көре білді. Қараңғы клир, монахтар, инквизиторларды ол «шершня» деп атады. Олар халықты «әдемі алдайды, сөз еркіндігін мойындамайды», – деп есептеп, осы мәселелерді Германияға мәжбүрлеп отыр деп есептейді.

1510 жылдың ортасына қарай Гуттен елдің аса ірі саяси публицистіне айналды, қалыптасып келе жатқан неміс ұлтының санасын көрсете білді. Рим қыспағынан құтылу туралы ойларды дамытты, Германияны орталықтандыру идеяларын дамытты, Германияға Римнен тағайындалған князьдарға қарсы шықты. Гуттен пападан бастап барлық шіркеулік иерархияға қарсы шықты.

Реформацияның идеялық негізін дайындағы гуманистер білімді аудиторияға өз шығармаларын латын тілінде арнады. Білімді оқырмандардың келесі тобы шіркеу, діншілдік, қоғамның рухани кемшілігі туралы мәліметті неміс тілінде алды. Болашаққа болжау жасаған әдебиеттер, суреттер халықтың арасында кең қолданыста болды.

Қалалардың дамуы. XV–XVI ғасырларда Германияның қалалары қарқынды дамып, гүлденген кезі еді. Оған себеп сауданың дамуы қаланың баюына әсер етті. Әсіресе, халықаралық сауданың маңызы зор болды. XIII–XIV ғасырларда Германияның 3500-ге жуық қалалары, ал тұрғындар саны 13–15 млн-ға жетті. Ал кішкентай қалаларда тұратындардың саны 1000-ға жуық болды. Германияда қалалар негізінен үш аймаққа бөлінеді: 1) ірі қалалар – тұрғындарының саны 3–10 мың аралығында, бұлар – Бремен, Гамбург, Любек, Висмар, Росток, Штральзунд сияқты теңіздің жағалауында орналасқан портты қалалар кіреді. 2) Аугусбург, Нюрнберг, Ульм, Регенсбург, Базель, Вена және тағы басқа қалалар кіреді. Бұл қалалар Дунай маңындағы елдермен – Италия, Венеция, Генуямен сауда байланысында болды. 3) аймаққа Рейн бойымен Кельн Страсбургке дейінгі елдер кіреді. Осы елдер арқылы тек Германия емес, бүкіл Еуропаның оңтүстік пен солтүстіктің сауда айырбасы өтетін болған. Германияда ішкі сауда қаншалықты дамығанымен, шеткі аймақтардың экономикасы әлде қайда әлсіз еді.

Еңбек құралдары, циркуль, асыл бұйымдар түрлі қару-жарақты жасаған Нюрнберг қолөнершілері танымал болды. Экспортқа шұға бұйымын шығарды. Германияның экономикасы тау-кен өндірісімен тығыз байланысты болды. Император тау-кен өндірісіне қаржы бөліп отырды. Тағы бір қарқынды өндіріс саласы кітап басу

ісі болды. XV ғасырдың соңында кітап баспаларының саны 50-ге жуық болды.

Германияның экономикасы барлық жерде бірдей дамыған жоқ. Орталық биліктің әлсіздігіне байланысты әр қала өз мүдделерін қорғауға тура келді. Тарихта орын алған ірі одақ – Ганза. Ганза – XII ғасырда көпестердің бірлігінен құралса, XIII–XIV ғасырларда қала одағына айналды, 500 жыл жасады. Формальді түрде 1699 жылы ол 160 қаланы біріктірген еді. Ганзаның мақсаты – белсенді түрде сауда – саттық жүргізу, соттық, кедендік жұмыстарда қорғаныс көрсету. Ол өз жұмыстарын іске асыру үшін дипломатиялық қарым-қатынастан, әскери күш қолдануға дейін барды. Ганзаның Нидерланд, Англия, Скандинавия сияқты елдерде мәртебесі биік және сауда-саттық конторалары, үйлері болды. Ганза кемелері шамамен 200-300 тонна жүк тасымалдайтын, орыс елдеріне Скандинавиядан тұз, балық, тері, бал, ал кері бағытта – Батыс Еуропа елдерінен әшекейлер, асыл бұйымдар, шараптар тасымалдайтын. Ганзаның ішкі-сыртқы саясатын не бюргер, не плебейлер басқарған жоқ. Билік барлық тұрғындардың оннан бір бөлігіне тең патрициат қолында болды. XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап, Ганза қалаларының өкілдеріне съездер өткізіп тұрған және съездің шешімі бәріне заң болған. Әр мемлекетке сай Ганза Швециямен бірігіп, Данияға қарсы соғыс жүргізді, 1370 жылы жеңіске жетті.

Германия үшін XVI–XVII ғасырлар қала өмірінің өркендеуімен және қолөнер кәсібі мен сауданың одан әрі өсе беруімен сипатталады. Германияның экономикалық өмірінің ерекшелігі оның өскелең және өркендей бастаған қалаларының арасындағы тығыз қарым-қатынастардың нашарлығы болған еді. Қолөнер кәсібі мен сауданың өсуі XVII ғасырда жалпы германдық рыноктық қарым-қатынастың пайда болып, бүкіл елдің бірыңғай экономикалық орталығының құрылуына әкеліп жеткізді.

§ 2. XVI ғасырдағы Германияның саяси дамуының басты бағыттары

XVI ғасырларда Еуропа феодалдық қоғамдық құрылыстан капиталистік құрылысқа өтіп жатты. Ортақ әлемдік нарық қалыптасты. Адамдар арасындағы қарым-қатынас, сана мен көңіл-күй, жаманшылық пен жақсылық туралы түсінік өзгерді. Феодалдық дворянда өзінің үйреншікті тірегінен айырылып, үстемдігін одан

ары жалғастыру жолдарын іздестірді. Ескі мемлекеттік шекаралар жойылып, абсолюттік монархия қалыптасты.

Бұл үрдістер Орталық Еуропада шегеріліп қалды. Себебі, аталмыш территорияда Қасиетті Рим империясы әлі де өмір сүріп отыр еді. Орта ғасырларда қалыптасқан түсінік бойынша, бұл империя «мәңгілік» және бүкіл әлемді қамтуы қажет еді. Көптеген католиктік мемлекеттер бүкіл орта ғасырлар бойы (православиялық мемлекеттерді айтпағанның өзінде) ішкі және сыртқы істерінде Қасиетті Рим империясының алдында бағынышты болмағанымен, император христиан монархтарының ішінде аса үлкен орында иеленді және жетекші ретінде мойындалды. Германияның өз территориясында және бірқатар көрші мемлекеттерде император беделі XVI ғасырларда өмірдің шындығы еді.

Әрине, Германиядағы император билігі француз, ағылшын, испан корольдерінің өз еліндегі билік құқығымен салыстыруға келмейтін. Мысалы, Майнц архиепископы, рейхстагтің тұрақты төрағасы ретінде императордың поляктар, италяндықтар және өзге халықтар қоныстанған, әртүрлі тілде сөйлейтін аймақтар болды. Осы аймақтар мен елдердің ішінде – Швейцария, Солтүстік Нидерланды, Чехияның дамуындағы өзгешеліктерге қарап, бұл мемлекеттердің империяға қатыстылығы тек сөз жүзінде ғана екендігін байқауға болатын. Ал Бельгия, Лотарингия, Бургундия, Италия сияқты аймақтардың қожалары Франция мен Испанияның корольдері еді, бірақ бұл аймақтар да империяның иелігі болып есептелді. Неміс князьдерінің көпшілігі өз алдына тәуелсіз билеушілер болып кеткен еді. XVI ғасырдың ортасынан бастап, императорлық таққа тек Габсбургтер династиясының өкілдері сайланатын. Бұл династияның Дунай аңғарында өте ірі мұралық иеліктері болды, Чех тәжі мен Венгрияның түріктер жаулап алмаған территориясы Габсбургтер династиясының иелігі болды. Габсбургтердің испан бұтағының Испанияда, Португалияда, Америкада, Африкада иеліктері және Азияда тірек аймақтары болды. Орталық Еуропаға түрік қысымы күшейген кезде Габсбургтер династиясының қажеттілігі артты. Чех, венгер, австрия жерлері түріктерге қарсылық жасау үшін біріктіріліп, Дунай бойындағы көп ұлтты сьезге тікелей өз вассалдарын шақыруына қарсылық білдіре алатын. Император рейхстагтің қабылданған шешімдерін тоқтату құқығын иеленгенімен, бұл шешімдерді қайта қарату құқығын иеленген жоқ. Рейхстаг

шешімдері дауыс берушілерге ғана міндетті деген түсінік кең таралған еді.

Империяның құрамында немістер, фламандықтар, француздар, чехтар, мемлекеттің басында Габсбургтер династиясы тұрды. XVI ғасырларда Габсбургтер Батыс Еуропаны мұсылмандардан қорғап тұрған қорған ретінде көрінді. Германиядан тыс жерлерге көп көңіл бөлінгендігі соншалық, император германияның өзінде билігін күшейтуге мүмкіндігі аз болды. Орта ғасырлардың соңында Батыс және Орталық Еуропада шіркеуге деген қарым-қатынас өзгерді. Ертеде бірнеше ғасырлар бойы католиктік шіркеу феодалдық құрылыстың тірегі, оның ұйымдастырушы және жетекші күші болды. Діни феодалдар үстемдік етуші топтың ең ауқатты және қуатты тобы болды. Феодализмнің құлдырауы ең алдымен католиктік шіркеуге әсер етті, оның беделі құлдырады, қоғамдағы орны төмендеді. Көптеген елдерде реформация басталды – ол дін иелерінің артықшылықтарына, оның рухани, саяси үстемдігіне қарсы болды. Кейінірек реформацияны жақтаушыларды протестанттар деп атай бастады. Көптеген феодалдар осы қозғалысқа қосылып, феодалдық жүйенің орнын жоюды көздеді.

Еуропаның бірқатар елдерінде, ең алдымен герман империясында князьдар, ру ақсүйектері, дворяндар, қалалықтар діни мекемелердің территориясын, мүліктерін басып ала бастады. Кейбір шіркеу сановниктері, солардың ішінде архиепископтар, епископтар католик шіркеуінен қол үзіп, олардың мүліктерін тартып ала бастады. Католик шіркеуі өз артықшылығынан оңай айырылғысы келген жоқ. Император V Карл және оның ізбасарлары реформацияны қоғамдық және мемлекеттік құрылымның негізін қиратушы процесс ретінде қабылдады. Шіркеу мен сенім бірлігінің бұзылуынан империяның бірлігінің де негізіне нұсқан келді. Князьдар мен дворяндар протестанттар қатарына өтіп, шіркеу мүлкі арқылы байып, император билігіне қарағанда өзінің саяси қуатын арттырды.

Дегенмен, неміс княздарының басым бөлігі реформацияға қарсы күресте императорды жақтады. Еуропаның көптеген экономикалық, саяси, мәдени байланыстары бар елдері – Испания, Австрия, Оңтүстік Германия үшін Рим мен Италияда қол үзу алдағы қиыншылықтардың бастамасы еді. Сондықтан олар шіркеумен қол үзбеуге тырыса отырып, оны өзіне тиімді келісімдер арқылы қызмет еткізуге тырысты.

XVI ғасырдың басында Германия саяси артта қалғандығына қарамастан экономикалық жағынан өзге еуропалық елдеріне шамалас еді. XVI ғасырдың ортасынан елдің экономикалық артта қалушылығы байқала бастады, ол Германияның бытыраңқылығына да байланысты еді. Германия билеушілерінің арасында қалалықтардан алған қарызды қайтармау тәжірибесі көптеп кездесетін. Тіпті қуатты Фуггерлер фирмасы V Карлге қарызға берген 8 000 000 гульденінен айырылғанан кейін өз ісін жабуға мәжбүр болды. Германия арқылы өтетін халықаралық жолдар өзінің бұрынғы белсенділігін жоғалтты. Германия мыңдаған бөліктерге бөлініп кетті.

Германия өзінің бірнеше ғасырларға созылған саяси бытыраңқылығы мен кейінгі орта ғасырларда елеулі тарихи оқиға болып табылатын жаңа географиялық ашылуларға қатыса алмауынан, сол кезеңдерде Батыс Еуропадағы абсолюттік монархиялық құрылыс берік орнаған Англия, Франция сияқты елдермен салыстырғанда, әлемнің басқа елдерімен сауда-саттық байланысы әлдеқайда артта қалған болатын. Германияның мұндай тарихи оқиғалардан томағатұйық оқшаулануының объективті және субъективті себептері болды.

Кейінгі орта ғасырлар мен жаңа заман дәуірінің тоғысында Батыс Еуропалық Франция, Англия, Испания, Португалия және Нидерланды сияқты елдердің территориясы негізінен осы күндердегі шамасында қалыптасып, ұлттық мемлекеттер деңгейіне дейін көтерілсе, Германия бірнеше курфюрстарға бөлінген саяси жағынанан бытыраңқы ел болды. Оның үстіне жоғарыда аталынып отырған себептерге байланысты Франция, Англия, Испания және Португалия сияқты елдердің сыртқы саясатының нысанасына айналды. Әсіресе осы елдердің ішінде Франция үшін Германияның бір орталыққа бағынған мемлекет ретінде қалыптасуы тиімсіз еді. Бұл кезеңде Германия империя шеңберіндегі саяси ұйымдар конгломератынан тұратын. Курфюрстер коллегиясымен сайланып отыратын императорлар «христиандық әлемнің» саяси жетекшілігіне батыл түрде талап қоюдан өте алыс болды. Габсбургтердің саясатына тікелей негізделген ұлттық империялық дәстүр, аймақтық партикулярлық ағымдардың дамуына қолдау көрсетті, территориялық мемлекеттілікті нығайтты, ақыр аяғында жекеленген жерлерде «ұсақ мемлекеттік абсолютизмнің» қалыптасуына алып

келді. Бұның гүлденуі XVII ғасырдың екінші жартысына келеді. Ірі Батыс Еуропалық мемлекеттердің абсолютізімімен салыстырғанда, аймақтық, ұсақ мемлекеттік герман абсолютізімі орталықтандырушы ролін атқара алған жоқ, керісінше жеке герман жерлерінің саяси өзгешеленуінің күшеюіне қолдау көрсетті. Өзінің тарихи маңызы тұрғысынан Орталық және Шығыс Еуропа, Австрия, Пруссия, Ресей мемлекеттеріндегі абсолюттік басқару формаларының мемлекеттік-құқықтық негізі мен оның генезисіне байланысты мәселелерді аса маңызды деп есептейді. Австриядағы мемлекеттік орталықтандыру жетістігін кейіннен бұларда қалыптасқан абсолюттік басқару түрлері бұл елдердегі феодалдық дворяндар мен қаланың немесе буржуазияның бақталастығының дамуымен байланысты болды. Олардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетекші бағыт феодалдық реакция еді. Австрия мен Пруссиядағы абсолюттік құрылымның орнығуын тездеткен сыртқы факторлар. Оларды Габсбургтердің орталықтандыру саясатының сәтсіздігі, 30 жылдық соғыстың (1618–1648) Германия үшін сәтсіз аяқталуы, Еуропа мемлекеттерінің жүйесінің эволюциясындағы ортақ бағыттар деп бөледі.

Еуропа тарихында XVI–XVII ғасырлар ыдырап келе жатқан феодалдық құрылыс негізінде капиталистік қатынастардың қалыптасуы байқалады. Бұндай өзгерістер әртүрлі деңгейде Еуропа елдерінің барлық аймақтарында жүрді. Әсіресе, бұл үрдістер белсенді түрде Нидерландыда, Англияда, Францияда қалыптасты, бұның негізгі себебі өндіріс пен айырбастың буржуазиялық түрлерінің қалыптасуына біршама тұрақты алғышарттың болуы.

Германияда, Италияда, Испания мен Португалияда да прогресивті әлеуметтік-экономикалық өзгерістер орын алды, дегенмен негіз өте әлсіз болды. Осы кезеңге тән келесі сипат – мануфактуралық кезеңнің ең бірінші буржуазиялық революциялар Германиядағы Реформация мен Нидерланды революциясының болуы.

Германияның жағдайының нашарлауын тек неміс мемлекеттері ғана емес, Еуропаның орталықтандырылған мемлекеттері Англия, Франция, Голландия, Швеция, Дания, Россия өз мүдделеріне төнген қауіп ретінде қабылдады. Германия жалпы еуропалық саяси дағдарыстың орталық ошағына айналды. Шаруалар соғысы басталған соң, Реформация дәуірінің қозғаласы тоқтатылды. Қалаларда патрицийлер үстемдігі орнады, ол өз кезегінде сауда мен

өнеркәсіптің дамуын шектеді, қалалардағы бюргерлік оппозиция жойылды. Кейіннен Германияның экономикалық құлдырауы оның саяси бытыраңқылығын бекітті. XVI ғасырдың екінші жартысында географиялық ашылулардың да нәтижелері өз әсерін тигізді.

1) Әлемдік саудада жаңа бағыт пайда болды. Солтүстік Италия қалалары мен Германия арқылы өтетін сауда жолдары бұрынғы маңызын жоғалтты.

2) Алдыңғы орынға Атлант мұхитының Шығыс елдерімен байланыстыратын жолдары шықты.

3) Оңтүстік Герман қалаларының Солтүстік Италиямен сауда жасаудағы артықшылығы жойылды, Ганзей одағы түпкілікті құлдырады, Голландияның буржуазиялық саудасы Балтық саудасын ығыстырып шығарды.

Германияның саяси дамуының көрсеткіші – бұл XVI ғасырлардағы княздардың жетістігі, олардың император билігіне жол бермеуі. Карл VI (1346–1378) империяны басқарды. Ол әрқашанда авиньондық папалармен жақсы қарым-қатынаста болды. Мұндағы ойы ол Чехияның экономикасы мен мәдениетінің дамып, өркендеуін ойлады. 1356 жылы Германияның «**Алтын булла**» деген бекіту шартын алды. Бұл 1806 жылы Қасиетті Рим империясына дейін император бекіткен заң ретінде болды.

Булла таңдалған неміс королі император бола алады дегенді білдірді. Сайланушылар жеті княздан тұрды: үш шіркеулік (архиепископтар Майнц, Кельн және Трир), ал төрт ақсүйектен (Чех королі, Рейн пфальцграфы, Саксон герцогы және Бранденбург графы) сайлау бойынша көп дауыс жинау қажет еді. Германия королін сайлаған кезде, ол «Рим королі» атағын алатын.

Рейхстаг – кеңестік құқықтар органы, әр түрлі топтардың, әр түрлі ойланын анықтап, кеңесу. Бірақ Рейхстагтың Германиядағы өмірге қатысы жоқ, яғни шешім қабылдай алмады. Көптеген басқа елдердің өкілетті органдарының «ландтагтары» барлық адамдары, қала князьдары. XV ғасырдың II жартысында органдар өз территориясын басқаруды кеңейтіп, бекітті, қаржылық жұмысты ұйымдастыру, князьдарды әкімшілік округтерге бөлу, территориялық заң шығару жолға қойылды. Князьдық резиденциялар біртіндеп астанаға айнала бастады. Бавария-Мюнхен, Вюртемберг-Штутгарт, Пфальц-Гейдельберг.

Оппозициялық қозғалыстар XVI–XVII ғасырларда, әсіресе қалаларда айқын көрінді. Жарқын қала ішіндегі көтерілістер ол

кала тұрғындарының патрициат қысымына қарсы бағытталған еді. Цехтар Кельн мен Аугсбургтер жеңіске жетіп, бірақ сауда экспортқа шығатын қалаларда, көпес күшінің төмендеуінен жеңіліп қалды. Сондай оқиғалар Ганзей қалаларында болды. Германияда аса бір жарқын Бюргер оппозициясының XVI ғасырлардағы саяси памфлеті «Сегизмунд императорының реформациясы» дамыды. Оның бағыты феодалдық соғыстарға тиым салып, князьдардың катал бақылауына бағынуы.

Германиядағы Реформация және Мартин Лютер. Реформация – XVI ғасырда Батыс және Орталық Еуропада кең қанат жайып, негізінен феодалдыққа қарсы сипатты иеленген және католицизмге қарсы күрес түрін қабылдаған қоғамдық қозғалыс.

Бұл қозғалыстың Германияда М.Лютердің бастамасымен көрініс алғаны белгілі. Реформация жақтаушыларының негізгі идеологиялық ұраны арзан шіркеуді талап ету және дін иелерінің жердегі құдайдың өкілдері болуын жою еді. Жалпы Реформацияда негізгі үш бағытты бөліп көрсетуге болады: бюргерлік буржуазиялық (М.Лютер, Ж.Кальвин), корольдік князьдік және халықтық (Т.Мюнцер).

Алғашқы бағыт буржуаның билігін орнатуды көздесе, екіншісі, феодалдардың билігінің шіркеу жерлерін басып алу арқылы сақталуын, үшіншілері, феодалдық қанауды жойып, әлеуметтік теңдікті орнатуды көздеді. Жалпы тарихнамада үш бағыт әртүрлі деңгейде зерттелген. Мысалы, кеңестік тарихнамада халықтық бағыт, шетелдік тарихнамада буржуазиялық бағыт терең қарастырылды. Бірақ көбіне Реформация тарихының зерттелу мәселелеріндегі идеологиялық ұстаным, тарихилық принциптерге өзінің керіарақ әсерін тигізбей қойған жоқ. Реформация тарихын сипаттауды, бұл қозғалыстың Батыс Еуропада үстемдік етуші католицизмге қарсы идеологиялық бағыт екендігін санада ұстай отырып, бастаған жөн. Реформацияда қоғамның барлық топтарының мүдделері ұштасып жатты. Реформациялық қозғалыстардың өзгерістері нәтижесінде христиандықтың демократиялық сипаты басым жаңа діни саласы протестантизм бөлініп шықты. Протестантизмнің сипаты ауқымды болды. Оның негізгі ағымдары лютерандық пен кальвинизм болып табылады.

XVI ғасыр римдік-католиктік шіркеудің аса ірі дағдарысымен сипатталады, бұл оның ілімінен, салтынан, институтынан, қоғам-

дағы оның орнынан, дін иелерінің білімділігі ішкі жағынан көрініс тапты. Шіркеуді ішкі жағынан қайта құруға жасалған көптеген ұмтылыстар өз жемісін берген жоқ. Мартин Лютердің жанашыл діни идеяларының әсері католиктік шіркеуге қарсы әртүрлі оппозициялық қозғалыстарға үлкен қолдау берді. Осындай жағдайда Германияда папаның билігін ығыстыруды көздеген реформациялық қозғалыс басталды. Реформациялық процестер рим шіркеуінің жікке бөлінуіне алып келді және жаңа наным-сенімді қалыптастырып, католиктік әлемнің барлық елдерінде әртүрлі деңгейде көрініс тауып, шіркеудің ірі жер иеленуші ретіндегі жағдайына әсер ретіндегі католицизмнің рөлін әлсіретіп, ортағасырлық құрылысты қорғаушы идеологиялық күш ретіндегі орнын жойды.

Еуропада Реформация XVI ғасырда кең танымал діни және әлеуметтік-саяси қозғалыс сипатын алып, католиктік шіркеуге реформа жасауды талап етіп, оның ілімін заңдандырды. Әлеуметтік тұрғыдан әрқилы оппозицияның көңіл-күйін көрсете келе Реформация ерте буржуазиялық қоғамдық ойдың қалыптасуында маңызды роль атқарып, идеологияда протестантизмнің діни ілімі сипатындағы жаңа түрлердің пайда болуына алып келді. Католиктік шіркеудің кең таралған мекемелер жүйесіне және жан-жақты талданған ілімдеріне қарсы Реформация орта ғасырлардың бүкіл барысында пайда болып қалыптасқан католицизмнің сыншылдарының көптеген түрлерінің басын біріктірді. Реформация идеологтары католиктік шіркеумен күрескен өз алдыңғыларының аса бай мұрасын кеңінен пайдаланды. Олар Джон Виклиф, Ян Гус және басқа ойшылдар, сонымен бірге еретиктік қозғалыстардың тәжірибелері еді.

Реформацияның саналық дайындығындағы Қайта Өркендеу дәуірінің гуманистік қозғалысы атқарды. Гуманизм Реформацияны Қасиетті жазбаларды зерттеудің тиімді тәсілін қалыптастыру арқылы дайындап, әлеуметтік-этикалық және саяси мәселелердің түпкілікті жаңа шешімдерін беруге ұмтылыстар жасап, отансүйгіштік ілімдерді кең ауғыздады. Дегенмен гуманизм Реформацияның бастамасы ретінде қарастырылмайды. Бұл ірі екі көрініс феодалдық тәртіп пен ерте капитализм көріністерінің пайда болуымен байланысты ортақ себептерден туды. Бұл екеуі де жеке сананың өсуімен тығыз байланысты еді. Бірақ гуманизм жаңа мәдениетке қарай қозғалыс ретінде қоғамның біршама білімді бөлігіне бағытталса,

Реформация Евангелия негізінде әрбір христианның өмірін жаңалауды мақсат еткендіктен қарапайым адамдар тобына бағытталды. Реформацияның ірі теоретиктері діни көзқарастар жүйесін қалыптастырып, XVI–XVII ғасырлардың жаңа қоғамдық даму ұстанымдарына жауап берді.

Реформацияның әсерін дұрыс бағалау үшін екі жағдайды естен шығармау керек:

1) Реформацияға қарсы бағытталған католиктік шіркеу тек догмалар, заңдар, дәстүрлер жиынтығы емес, сонымен бірге өте қуатты әлеуметтік, экономикалық және саяси ұйым, өзін қоршаған батыс еуропалық әлемнің мәдени өмірімен жан-жақты байланысқан. Сондықтан шіркеу бірлігінің ыдырауы қалыптасқан өмірдің барлық түрлерінің өте күрделі дағдарысына әкелді.

2) Реформацияның сыртқы нәтижесін құрайтын шіркеу бірлігінің ыдырауы, тек шіркеу жігімен шектеліп қана қоймайды, христиандықтың мәніне терең енеді. Еуропа тарихы бірнеше сыртқы шіркеу жігінің тарихын біледі, ол шіркеу дүниетанымы мен шіркеу ұйымының негізіне әсер етпейді. Осыған ұқсас рим шіркеуінен бөлінулерге Галликан және Англикан шіркеулерінің ұлттық топтары үнемі тырысып отырды. Бұндай жағдайларда шіркеудің жалпы негізгі ілімдері және құрылымы сақталып, тек қосалқы ілімдері ғана өзгеріске ұшырады.

Реформация тарихына деген қызығушылық XVIII ғасыр аяғында өрістеді. Германияның өзінде де Реформация тарихына қызығушылық XVIII ғасырдың аяғында көрініс алды, бұл неміс буржуазиясының эмансипациялануымен байланысты болды. Олар католиктік шіркеудің үстемділігін, елдегі феодалдық бытыраңқылықты жойып, біртұтас ұлттық мемлекет құруды армандады.

Еуропаның орталық және солтүстік бөлігіндегі Реформацияны тарихи маңызы бар жеңіс ретінде көрсеткен ағартушылық дәуірінің көптеген идеологтарының – Лессингтің, Гердердің, Гетенің ойлары Реформация тарихын зерттеушілер үшін аса маңызды болып табылады. Германиядағы Реформация тақырыбы, Гердер, Лессинг, Гете үшін ғылыми мүдде тұрғысынан ғана емес, елдің сол кездегі саяси жағдайынан көрініс болатын тақырып ретінде де аса маңызды болды. Лютер және Реформация Гердер үшін ең алдымен діни деспотизмге деген оппозицияның көрінісі болды. Жалпы сол кездегі неміс ойшылдары үшін христиандықты жанның түрі ретін-

де түсіну тән болды. Гердер, христиандықтың пайда болуынан, Еуропаға варварлардың енуінен бері, Қайта Өрлеу мен реформациядан басқа ешқандай оқиға өзінің маңызы мен нәтижелері жөнінен салыстыруға келмейді деп көрсетеді. Гердер бойынша Реформация және Лютер тарихтағы кездейсоқтық көрініс емес. Гете Реформациядағы халықтың рөлінің де болғанын айта кетеді. Ағартушылық дәуірінің көптеген өкілдері Лютерлік дәстүрде тәрбиеленді, сондықтан Реформация олар үшін прогрессивті көрініс болды.

Германиядағы Реформацияның алғышарты. Реформацияның пайда болуы туралы сұрақ келесі мәселелерге әкеледі. Бұл өзіндік жаңа психология қалай дамыды, неге негізінен Германияда және герман мәдениеті басым елдерде, және де неге тек XVI ғасырда Еуропаның шіркеулік католиктен бірлігін бұзатындай халге жетті?

XV ғасырдың аяғы XVI ғасырдың басы сапалық тұрғысы жаңа көріністермен сипатталады, олардың қатарына негізінен – феодалдық жүйенің ыдырауы, капиталдың алғашқы қорлануы, айырбас пен өндірістің ерте капиталистік түрлерінің пайда болуы, алғашқы ұлттық сананың оянуы жатады. Тек, мануфактураның капиталистік түрі ең экономикалық дамыған Еуропа елдерінде XVI ғасырдың ортасында орнықты. Бұндай өзгерістер герман жерлері үшін қолайсыздықтар туғызды. Мысалы, негізгі сауда жолдарының ауысуы.

Империялық қарым-қатынастардың абсолютизммен ұқсастығы болды, олардың негізін бөлектенген, іс жүзінде тәуелсіз княздықтар, империялық қалалар және өзге саяси құрылымдар құрады, олар үнемі жауласуда болды, – деп көрсетеді XV ғасырдағы Германия тарихын зерттеушілер. Ұлттық фактордың рөлі әлсіз болды, империя мен Габсбургтер қалыптасып келе жатқан еуропалық жүйеге енуден көрі, қарама-қарсы тұрды. Жоғарыдағы көрсетілген жағдайлармен қатар қосымша факторлар герман жерлерін ерте буржуазиялық революцияның ошағына айналдырды. XVI ғасырдың бірінші жартысында герман жерлері жалпы еуропада болып жатқан сапалы өзгерістердің кейбір түрлерін ғана басынан өткерді. Соның ішінде, феодализмнің ыдырау процесінің басталуы, капиталдың алғашқы қорлануы, өндіріс пен айырбастың ерте капиталистік түрлерінің туа бастауы, ұлттық санасының алғашқы

сәулесінің оянуы т.б. Бірақ дүниежүзілік отарлық жүйенің және дүниежүзілік капиталистік нарықтың қалыптасуы герман жерлеріне негізгі сауда жолдарының және осыған байланысты артықшылықтардың жоғалуымен қолайсыз болды. Империялық қарым-қатынастардың абсолютизммен ұқсастығы аз болды, олардың негізін бытыраңқы тәуелсіз князьдықтар, империялық қалалар және басқа саяси құрылымдар қалыптастырды, және де олар бір-бірімен жиі жауласып отырды. Империялық талаптар ұлттық бірлікке де, территорияға да тарап, ұлттық даму ұстанымдарына қайшы келді. Германияның саяси әлсіздігінің арқасында, оның барлық жерінің 1/3-і католиктік шіркеудің қолында болды. Ал империяның қалалары Франция, Англия қалалары сияқты саяси орталықтандырудың тірегі болған жоқ. Осы жағдайлардың барлығы XVI ғасырдың бірінші жартысында дәл неміс жерлерінде, әсіресе Саксонияда, Тюрингияда, Швабияда, Франконияда экстремальдық қақтығыстар аймағына, кейіннен Реформацияның діни формасын жамылған кең қоғамдық-саяси қозғалысқа айналды.

Батыс Еуропаның ортағасырлар тарихы діни қозғалыстарға толы болғаны белгілі. Бұл көріністі тарихшылар католицизм мен католиктік шіркеудің феодалдық құрылыс жүйесінде, оның идеологиялық өміріндегі үстемдігімен түсіндіреді.

Реформация барлық герман немесе романдық емес мәдениетті елдерінде ұзақ және тұрақты жетістікке жетті. Тіпті Германияның өзінде ол римдік үстемдік пен әсер іздері күшті болған Рейн аймағы, жоғарғы Дунай бассейнінде ғана сәтсіздікке ұшырап, керісінше, Саксония мен Тюрингияда өте үлкен жетістікке жетті. Бұл осы территорияларда рим империясының әсерінің ешқашан болмауымен түсіндіріледі. Реформация тарихына байланысты айтар болсақ, оны тек Германия тарихы тұрғысынан ғана түсіну мүмкін емес, тарихи процестің бір-біріне қатыстылығын ескеретін болсақ, реформацияның мәнін дұрыс түсініп, баға беру үшін, тарихи зерттеу алаңында, ел (бұл жерде Германия) алаңның кішкентай ғана бөлігі екендігін ұмытпаған жөн.

XVI ғасырдағы реформацияға байланысты католик дінінің христиандықты түсінуі, адамды жаңадан бағалау, оның құдайға қатынасын қалыптастыру қалыптасқан діни дәстүрдің шаңырағын шайқалтты. Сондықтан да Реформация нәтижесінде шіркеудің ескі түрі әртүрлі өзгерістермен қайталанбайды, керісінше жаңа шіркеу-

лердің қатары пайда болады. Болған өзгерістің тереңдігін «шіркеудің бұзылуы» атты сұрақты қарастырғанда байқауға болады. Шіркеудің бұзылуы терминімен екі түрлі көріністі белгілейді: 1) клирдің моральдық құлдырауы 2) шіркеулік және діни мүдделердің саяси, шаруашылық, ғылыми мүдделерге бағынуы. Бұл Қайта Өркендеу кезеңіндегі Папалардың қызметінен көрініс алды.

Лютердің ілімінің негізінде, болашақтағы қоғам мен ішкі қайшылықтардың талаптарының доктринасы жатты. Католиктік шіркеудің негізіне өзгеріс жасау, феодалдық құрылымның негізіне қауіп төндірумен бірдей еді. Іс жүзінде реформатор жоғарыдағы қорытындыларды жасамағанымен бұл лютерлік реформацияны болашақтағы революциялардың негізгі анықтаушы факторларына айналдырды.

XVI ғасырдағы Нидерланды буржуазиялық революциясының XVII ғасырдағы ағылшын революциясының өз жоғарғы шегі болды. Дегенмен, XVI ғасырдың бірінші жартысындағы герман тарихының жоғарғы шегінің көрінісі лютерлік реформация болды. Лютердің реформациялық доктринасы тек герман жерлеріне емес, сонымен бірге Нидерланды, Англия, Скандинавия жерлеріне тарайды. Әрбір ел және қоғамдық топ немесе король билігі көп жағдайда Лютердің ілімінің тек өз мүдделеріне қолайлы жақтарын алды. Соның ішінде Нидерландыда XVI ғасырдың бірінші жартысында лютерлік доктринаның жалпы реформациялық сипаты өз көрінісін тапты. Ал ағылшындар XVI ғасырдың бірінші жартысында корольдік реформацияда Лютердің ойларының кейбір көріністерін, соның ішінде: шіркеулік-монастырлық жерлерді секуляризациялау принциптерін, шіркеудің король билігіне толық бағынуын алды.

Жалпы, Лютерлік ілімнің Англияда кең таралуы көрініс алған жоқ. Ағылшын буржуазиялық революциясы XVII ғасырда кальвинизмінің пуритандық түрінің басымдылығымен өтті. Ал Скандинавия елдері лютерлікке басқа елдермен салыстырғанда қолайлы орта болды, себебі Скандинавия жерлерінің герман жерлерімен ұқсастығында болуы мүмкін. Лютерлік реформацияның саяси жүйедегі әсері туралы салалы ғылыми баға герман жерлерінің конфессионалдық белгілері бойынша екі лагерьге бөлінуінің нәтижесінде, Герман империясы жойылды дегенге әкеледі. Ерте буржуазиялық революция жеңілгеннен кейін, Германия 300 жылға

Еуропа аренасында өз маңызын жоғалтты. Ал 30 жылдық соғыс (1618–1648) бұл ойды одан әрі бекітті. Реформацияның жалпы тарихи маңызы ерте буржуазиялық революцияның маңызды факторларының бірі болғандығы белгілі. Реформация мен шаруалар соғысының жеңілуіне қарамастан Германия тарихында, неміс халқының тарихында аса ірі оқиғалардың бірі болып табылады, сондықтан да, бұл оқиғаның объективті және субъективті факторларын аса көрсетудің қажеттілігі жоқ. Мартин Лютердің уағыздауымен Германияда басталған реформациялық қозғалыс жалпы Еуропа көлеміндегі ірі оқиға болды, себебі жалпы еуропалық үрдістің прогрессивті дамуындағы қажетті ұстанымдарды қалыптастырды. Сонымен, Лютерлік ілімнің анықтамасын қорытындылауға болады. Лютерлік ілім – протестанттықтың сандық тұрғысы жағынан ірі бағыттарының бірі. Негізін М. Лютер 1517 жылы индугенцияға қарсы 95 ұранымен қалады.

Католиктік шіркеуді сынау деңгейі қоғамдық оппозицияның әртүрлі топтарында біршама ерекшеленді. Олардың әрқайсысы реформациялық формулалардың мазмұнын өздерінің әлеуметтік мүдделерінен шығарып отырды. Сонымен қатар Реформацияның әртүрлі көріністеріне Еуропаның әртүрлі елдерінің жеке тарихи жағдайлары да өз ізін қалдырды. Шаруалар мен плебейлік топтардың көңіл күйін Реформацияның халықтық бағытының теоретиктері Томас Мюнцер, Михаэль Гаймаир білдірді. Олар оны тек шіркеу ісіне байланысты емес, әлеуметтік қатынастарға да қатысты түпкілікті бет-бұрыс деп түсінді. Евангелиеге сүйене отырып, сословиялық артықшылықты жоюды, христиандық билікті қауымға беруді, яғни әлеуметтік төңкерісті талап етті. Реформацияны осылайша түсіну күрестің жергілікті сектандық түрлерінен кең қозғалыс жолына түсуге, белгілі айқын талаптар қоюға кең мүмкіндіктер ашты. Бұл процестің нәтижесінде реформация феодализмге қарсы күрестің әртүрлі түрлеріне негіз салып, оның бытыраңқылығын жоюға көмектесті, сонымен аса қажетті саяси маңызға ие болды.

Дворяндардың көп бөлігінің қолдауына арқа сүйеген бюргерлік оппозицияның кең таралған талабы шіркеулік жер иеленуді секуляризациялау, католиктік иерархия мен монахтықты жою еді. Арзан шіркеудің талабы, үнемділік принциптерін сақтау тек бюргерлердің ғана емес, кәсіпкерлердің жаңа тобының да мүддесінен

шықты. Реформациялық ойдың ұлттық-саяси астары шіркеудің Римнен тәуелсіздігіне, құдайға құлшылық етудің ұлттық тілде жүруіне қолдау көрсетті. Бюргерлік оппозицияның кәметтік деңгейі әртүрлі елдерде қоғам өмірінің түпкілікті мәселелерін әртүрлі талқылауды анықтады. Мысалы, лютершілдерге христиан-ның рухани еріктілігі мен билікке деген бағыныштылығы тән болса, кальвиншілдер қауымның билікке қарсыласуына құқық берді. Еуропа мемлекеттерінің бір қатарларында – Англия, Герман князьдықтарының билігі, Скандинавия елдері – феодалдық билік реформациялық қозғалыстарды өз мүдделеріне пайдаланып кетті. Бұл жерлерде шіркеу мемлекеттік биліктің қаруына айналды, оның позицияларын нығайтты. Англиядағы корольдік реформация осындай еді, король ұлттық көлемде аз өзгеріске ұшыраған шіркеулік ұйымды өзіне бағындырып алды. Басқа еуропалық елдердің сепаратистік көңіл-күйдегі дворяндары өз кезегінде абсолюттік ұстаныммен кальвинизмді ұштастырғысы келді.

Жалпы еуропалық реформациялық қозғалыс өз дамуында бірнеше сатыдан өтті. Елде оппозициялық қозғалыстың өсуімен қатар реформацияның бірнеше бағыттары қалыптасты. Олар әртүрлі топтардың әлеуметтік-саяси мүдделерінен көрініс берді. Германияда басталған Реформация тез арада оның шеңберінен шығып, Еуропаның басқа елдеріне, ең алдымен Швейцарияға, Нидерландыға тарады. Цвинглидің реформациялық ілімімен қатар Швейцарияның экономикалық жағынан дамыған кантондары мен Оңтүстік-Батыс Германияның қалаларында анабаптистік ілімдер де кең тарап, өзінің шегіне 1535 жылы Мюнстерлік коммунаны құру арқылы жетті. Кейіннен цвинглишілдік бюргерлік реформацияның тар аймақтық бір түріне айналып, анабаптизмде сектанттық ұстанымдар күшейді.

Реформацияның өзге Еуропа мемлекеттеріне таралуы. Реформация аса ірі жетістікке жалпы еуропалық оппозициялық қозғалыстың келесі сатысында жетті. Бұл кезде лютершілдіктің, цвинглишілдіктің, анабаптизмнің артынан XVI ғасырдың 40–50 жылдары кальвинизм келді. Кейіннен ол Нидерландыдағы, Англиядағы ерте буржуазиялық талаптардың идеологиялық жамылғысына айналды. XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап Реформацияның әлеуметтік-саяси мазмұны әртүрлі Габсбургтерге қарсы азаттық, және феодализмге қарсы күресте Венгрияда, Чехияда

пайдаланды. Дворяндық реформация атты аса айқын көрінісі Польшада магнаттар мен шляхтаның Реформацияны шіркеу жерлерін басып алу үшін және дворяндық республика үшін күресте пайдаланылды.

Реформация идеологиясы таза түрінде, өздігінен қалыптаспады, ол негізгі көріністерін ортағасырлық мистиктер догмасынан, бюргер және шаруа-плебей ересытерінен бастама алды. Идеология басынан аяғына дейін өз заманының сипатын бойына сіңірді, ескі көзқарастардан тек қоғамның жаңа мұқтаждығына қажетті ілімдерді ғана алып, өз дүниетанымының жағдайына икемдеп отырды. Ортағасырлық ересытерден оның ерекшелігі сол, ол феодалдық құрылыстың кейбір көріністеріне қарсы емес, феодализмнің негізін анықтаған католик шіркеуінің иерархиясына қарсы күресіп, басқа дәстүрлер жинақталған жаңа қоғам құруға тырысты. Реформациялық доктриналардың радикалдылығын анықтайтын фактор ретінде капитализмнің даму деңгейін, және бұл процестің жылдамдауына немесе тежелуіне әсер ететін саяси, әлеуметтік, идеологиялық факторлармен байланысын көрсету керек. Реформацияның жеңісі көтеріліп келе жатқан капитализмнің ыдырап бара жатқан феодалдық құрылысты жеңуі деп түсініледі. Реформацияның жеңісі бұл капитализмнің феодализмге қатысты жеңісі екендігі, Реформацияның ортағасырлық еретиктік қозғалыстардан ерекшелігі болып табылады. Ортағасырлық еретиктік қозғалыстардың кейбіреулері өте қуатты және жаппай сипатта болғанымен, олардың ешқайсысының Реформациядай нәтижесі болмағаны бәрімізге белгілі факт.

Осы ой қорытындылауға қарап, Реформацияның кез-келген ағымы мен түрі, Еуропаның кез-келген елінде XVI–XVIII ғасырларда ерте капитализмнің жеңісті шеруі болды деген сөз емес. Кейбір Еуропа елдерінде Реформация католицизмнің капиталистік даму жолына жасаған кедергісін жеңе алмады. Белгілі бір діни идеология пайда болып, белгілі дәрежеде тәуелсіздігін алғаннан кейін, феодалдар күшінің әлі де қуаттылығына байланысты реформациялық ілімдерді өз мүдделеріне қызмет етуге итермеледі.

Реформацияның негізгі нәтижелері жалпы алғанда прогрессивті роль атқарды. Ол католиктік шіркеудің рухани үстемдігінің әлсіреуінен, оның иеліктерінің секуляризацияланып экономикалық қуатының құлдырауынан, Римге тәуелсіз діни қауымдастықтар мен

шіркеудің пайда болуынан, кейбір жағдайларда ұлттық шіркеуге айналуынан көрініс тапты. Зайырлы биліктің нығаюы мен ұлттық мемлекеттердің дамуына жағдай жасалды. Реформация саясат және құқық мәселелеріне жаңа тұрғыдан келіп, уақыт өте келе буржуазиялық-демократиялық еркіндіктің мектебіне айналды. Шіркеу мен дін қалыптастып келе жатқан қоғам жағдайына икемделіп, оның шаруашылық, еңбек этикасының қалыптасуына әсер етті. Реформация католиктік шіркеудің белгілі бір жетілдірілуіне де қолдау көрсетті. Діни полицентризм жағдайында ғылым мен мәдениет өзінің еркін дамуына үлкен мүмкіндік алып, рационалистік ілім тарады. Реформациялық дәуірдің идеялық таластары XVII ғасырға өсіп, ғылыми пікірталастарда XVIII ғасырдың ағартушылық ойына жол дайындады.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. XVI ғ. Германияның саяси құрылымының ерекшелігі.
2. Германияның кейінгі орта ғасырлардағы экономикалық дамуына қандай ұстанымдар алдыңғы орынға шықты?
3. XVI ғ. католиктік шіркеу мен Германияның қарым-қатынасы.
4. Шіркеуді гуманистердің сынауында қандай орта ойлар көрініс берді?
5. М. Лютер ілімі буржуазияның мүддесімен ұштаса ма?
6. Т.Мюнцерді неге «халықтық ағымның өкілі» деп атайды?

15-тарау

XVI ҒАСЫР МЕН XVII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ШВЕЙЦАРИЯ

Кальвинизм. Реформациялық ілімдердің ішінде өміршең болып, дәл сол кезеңнің талаптарына жауап бере алған бұл – кальвинизм. XVII ғасырдан бастап, Кальвин ілімінің мәні, қоғамда атқарған ролі зерттеле бастады. Өз ілімін дамытуда Кальвин тек жалпы реформациялық жағдайларды пайдаланумен шектелмеді. Көп жағдайда ол өзінің алдындағы реформаторлардың алдына қойған мәселелерін аяқтап қана қоймай, бұл ілімді толықтырды. Лютер мен Цвингли негізінен құдайлық бастама теориясының негізін қалыптастырды. Ал Кальвин бұның абсолюттігін және өзгеріссіздігін баса көрсетті. Кальвинизм көрсеткіштерінің жиынтығымен сол дәуірдің әлеуметтік-экономикалық және этикалық жүйесі өте тығыз байланыста болды. Кальвин мемлекет мәселелеріне де өте көп көңіл бөлді. Адам мен қоғам Кальвин ілімі бойынша «күнәһар». Құдайдың құдіреті бойынша қоғамды басқару үшін мемлекеттер қалыптасады. Ақсүйектік билікке құдай заңы бойынша басқаруға құқық берілген. Билеуші билігі құдай іс-әрекетімен шектеліп отырады. Ары таза емес билеушілер мен тирандарды құдай жазалайды, бұл халық көтерілісінен көрініс табады. Бірақ бұның барлығы Кальвиннің Библиядан алған жалпы постулаттары еді. Іс жүзінде Кальвин құқықтың тиранияға қарсылығын талқылағанда аса сақтық жасады. Кальвиннің көрсетуінше ол тек төменгі билікке сословиялық өкілеттілік мекемелерге тән болды. Кальвиннің мемлекет туралы концепциялары шынайы өмірге негізделді. Мемлекет басқарудың ең дұрыс түрі Кальвин бойынша олигархия, ең нашары – демократия. Кальвин өз алдына шіркеудің мемлекеттік биліктен тәуелсіздігін сақтауды мақсат етіп қойды. Оның көрсетуінше билік басындағылар шіркеу қызметкерлерінің кеңесіне ден қоюға тиісті. Іс жүзінде бұндай үйлесімділікке қол жеткізу мүмкін болмады.

Шет елдік тарихнама капитализм генезисі процесі мен Реформацияның себептік байланысын жоққа шығарып, Реформацияның әлеуметтік-экономикалық шарттылығын мойындамайды. Кальвин іліміндегі мәселелердің ішіндегі негізгілерінің бірі – байлықты иелену, оны пайдалану және этика. Нидерландыдағы кальвинистік шіркеу ортодоксальдық принциптен шықты, яғни, адамдардың жердегі істері құдайдың қасіреті. Адамдардың мамандық қызметі шіркеу заңымен анықталады, оның жетістігі тазалықтың өлшемі болып табылады, бірақ ол ортақ мүддені жеке мүддеден жоғары қоюға тиісті, яғни тек баюды ғана көздемей, құдайдың жердегі тапсырмасын орындау. Егер Лютерде бұл постулат күнделікті жанды құтқару болса, кальвинизм бұны құрал ретінде қарастырады. Дәл осы жерде консервативті лютерлік ілімінен кальвинизм ілімінің революциялық сипаты көрінеді. Кальвин ілімі бойынша байлық – ең ауыр сындардың бірі. Ал осы байлықтан түсетін табысты дұрыс пайдаланбау бұдан да өткен күнә. Кальвинизм бойынша ақша әрқашан істе болуы керек – өнеркәсіпте, саудада, несие саласында және де процент арқылы бұл ақшадан пайда табу да ұят нәрсе болып есептелмеді. Кедейлік кальвинистердің ойынша жоғарғы қасиет емес еді. Еңбек етуші адам еңбекке барлық күшін беріп, аптасына алты күн, қажет болса жеті күн еңбек етуге тиісті болды. Кальвинизмнің дамып келе жатқан капитализммен органикалық байланысын көрсететін келесі белгі, бұл кальвинизм ілімінің солтүстікке де оңтүстікке де сауда-өнеркәсіп, қолөнер және өнеркәсіп орталықтарында дамуы. Және де сословиялық туа бітетін құқықтарға негізделген феодалдық құрылымға қарсы кальвинизмнің ілімі революциялық шақыру болды. Кальвинизм ілімі барлық атрибуттар құдай ісіне еш қатысы жоқ, ол сыртқы адамның ар тазалығымен өлшенеді, ал жетістігі оның мамандығымен анықталады деп көрсетеді.

Нидерландыдағы кальвинизмнің шаруашылық этикасы негізінен жаңа қатынастардың жетілмеуіне дәл келеді, сауда капиталының басымдылығымен сипатталды. Кальвинизм этикасында сол кезде басым болған меркантилистік көзқарастар үстемдік етті. Ол елдегі көпестік олигархия билігінің алғашқы қорлану кезеңіне дәлме-дәл келуімен сипатталады. Әрине кальвинизм капитализмді тудырған жоқ, керісінше кальвинизм буржуазияның радикалды тобының ойындағы көрінісі болды, –деп көрсетілді.

Нидерландының әлеуметтік-экономикалық дамуы, испан абсолютизмімен күрделі саяси қақтығысы, кальвинизм үшін таптырмайтын орта болды. Кальвинизмнің таралу жолдарымен үш ағымы бар. Бұл жүйелер – мәдени, сауда, саясат арқылы және тікелей Женева мен көрші Франция арқылы тарады. Алғашында елде екі ағым жылдам дами бастады – ортодоксальдық, негізінен Фландрия, Брабант, Голландия, Фрисландия сауда-өнеркәсіп, қолөнер және өндіріс орталықтарында, екінші ағым гугеноттық, бұл ағым оппозициялық дворяндардың арасында белгілі болды. Кейін республикада либертиндік бағыт пайда болып, XVII ғасырдың бірінші жартысында арминиандық және ремонстранттық даму сатыларын басынан өткізді. Бұл билеуші көпестік элитаның біршама көп идеологиясына айналды.

Жоғарыда көтерілген мәселелерден шығатын қорытынды: кальвинизм мәселесі революция және азаматтық соғыс кезеңіндегі демократиялық қозғалыс мәселесімен органикалық байланысты. Осыдан кальвинизмнің және революциялық дәстүрдің орнын бағалаудағы көзқарастардың күресі көрінеді. Неміс Лютеран ілімі князьдық реакция шокпарына айналып кеткесін, Цвингли ілімі Швейцарияда ассимиляцияға ұшырағасын, XVI ғасырдың екінші жартысында кальвинизм реформацияның күрескер бағытына айналып, сол кезеңдегі буржуазияның ең жүректі бөлігінің идеологиясына айналды. Нидерландының керемет даярланған топырағына түскен ортодоксальдық кальвинизм өз жемісін әкелді. Өз дамуының нидерландық сатысында кальвинизм Реформацияның монополиялық бағыты болды, дегенмен негізгі үш ағымға бөлінді: дворяндық-гугеноттық, либертиндік, демократиялық. Кальвинизм дамуының нидерландылық сатысы тарихнамада (Женевалық саты сияқты) классикалық даму болып есептеледі. Кальвинизмнің нидерландылық сатысының қалыптасуын және оның женевалық, ағылшындық кезеңдерден айырмашылығын көре білу қажет. Кальвинизм дамуының келесі сатысы – ағылшындық кезең. Бұл жерде кальвинизмнің ішкі ағымы одан әрі жетіліп, пуритандық, буржуазиялық мазмұнының логикалық аяқталуына әкелді.

Сонымен, күрделі үрдістің бірлігінен құралған Нидерланды революциясының идеологиясы кальвинизм болды. Бұл папалықты, монархияны, зайырлы билікті жоққа шығаратын протестантизмнің өзіндік түрі. Жаңа діннің негізін Жан Кальвин қалады. Өзінің

моральдық және ұйымдастырушылық сипатына байланысты, Кальвиннің ілімі көпшілікке кеңінен танымал болды. Кальвин берік қалыптасқан дүниенің күйбеңділігін айыптай отырып, алғашқы корлану дәуірінің есепқой кәсіпкерлерінің санасына дөп келетін қарапайымдылық пен ұстамдылыққа шақырды. Кальвиншіл-буржуа ақшаның құнының байыбын түсінбейтін, ысырапқор ақсүйектерге қынжылыспен қарады. Кальвинистік мораль католик шіркеуінің байлығымен келісе алмады, сондықтан ол байлықты тәркілеуді талап еткенімен, шіркеулік меншікті жоққа шығарған жоқ. Кальвинизм папалықтың жауы болуымен бірге, идеализацияланған лютерандардың да жауы болды. Кальвин ақсүйек бола отырып, жақсы адамдар басқаратын шіркеудің құрылуын армандады. Бірақ, бұл адамдардың билігі құдайға құлшылық етушілердің үстінен шексіз болуы керек еді. Олигархиялық құрылыс Кальвиннің түсінігінде қоғамның ең жетік ұйымы болып табылады. Сонымен қатар, Кальвин мемлекеттік жүйенің үш түрі – монархия, демократия және аристократияға да өзіндік баға берді. Оның пікірінше, монархия жаппай құлдыққа, демократия анархияға бастайтын, ал аристократия – тәртіп пен әділдікті қамтамасыз ете алатын басқару түрі болды.

Кальвин ілімі өзінің лабораториялық сынағын Женевада өтті, кейін Францияның азаматтық соғыстарында шындалды. Өз көлемі мен ауқымына қарамастан бұл соғыстар ел тарихындағы бір көрініс болып қана қалды, түпкілікті төңкерістерге әкелген жоқ. Осы түрде ортодоксальдық кальвинизм ұрығы Нидерландыдағы өте қолайлы ортаға тап болды. Нидерландылық даму сатысында кальвинизм Реформацияның монополиялық бағыты болды. Кальвинизмнің осы тарихи жағдайдағы күшті жағы – ол өзінің топтық мазмұнын шебер көлеңкелеп өз құрамына әлеуметтік топтың әртүрлі құрамдарын тарта алды. Сондықтан да, кальвинизмнің нидерландылық даму сатысы классикалық деп есептелінеді. Кальвинизмнің ішкі ағымын одан әрі жетілдіріп, оның буржуазиялық мазмұнының логикалық аяқталуына әкелген, оның дамуындағы келесі ағылшындық саты – пуританизм. Реформация буржуазиялық өндірістік қатынастарды қолдауға бағытталған қозғалыс болғандықтан бұл жерде адамның өмірдегі мәні ретінде еңбек алынады. Сондықтан, протестантизм болашақ капиталистік өндірістік қатынастардың негізін қалады деп есептелінеді.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Реформацияның негізгі бағыттары.
2. М. Лютер ілімінің мәні.
3. Реформацияның халықтық бағыты.
4. Кальвин және оның ілімі.
5. Англиядағы корольдік реформация.
6. Цвингли ілімінің айырмашылығы неде болды ?
7. Деютен ағымының мазмұны мен түрлері.
8. Кальвинизмнің Нидерландық кезеңінің ерекшелігі.
9. Кальвинизмнің таралу жолдары мен ағымдары.

XVI ғасыр МЕН XVII ғасырдың БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ НИДЕРЛАНДЫ

§ 1. XVI ғасырдың екінші жартысы XVII ғасырдың басындағы Нидерландының экономикалық дамуы

XV ғасырда Нидерланды территориясы қазіргі Голландия, Бельгия, Люксембург және солтүстік-шығыс Францияның бірқатар территорияларын біріктірді. Елдің территориясы 17 провинциядан құралды. Олардың 7-еуі ірі еді: Фландрия, Брабант, Голландия, Зеландия, Фрисландия, Артуа, Геннегау. XVI ғасырда ірі мемлекеттің Бургундия герцогтығының бөлігі ретінде Нидерланды V Карлдың ірі империясының құрамына кірді.

Әлеуметтік қақтығыстардың пайда болуы мен дамуына әсер еткен абсолютизм болды. Феодалдық құрылымның саяси негізі ретінде, өзгеріп келе жатқан тарихи жағдайда феодалдардың мүддесін қорғады, буржуазиялық дамуға мүмкіндіктер ашты. Қоғамның әртүрлі топтарының қарсылығы және ең алдымен халықтың қарсылығы абсолюттік монархтардың салық саясатын тудырды. Ол тұрақты соғыстармен байланысты болды. Халықтың абсолютизмге қарсылығы шешуші болған жоқ. Жазалаушы күштер мен шаралар сырттан қолданылған жағдайда оқиғалар күрделілігімен ерекшеленеді. Бұндай жағдайда жүйе әлсіздік көрсетіп, оған жасаған қысым күштірек болады. Нидерландыдағы жағдай осындай болды. Жалпы әлеуметтік қайшылық барлық еуропа елдерін қамтып, өз шегіне жеткенде буржуазиялық революцияларға ұласты.

XV–XVI ғасырларда жаппай басталған географиялық ашылулардан 1648 жылғы Вестфаль бітіміне дейінгі уақыт шеңберінде болған капитализм генезисі, алғашқы отарлардың пайда болуы, реформация, абсолютизм, Біріккен Республикалар тарихы өзінің өтпелілігімен сипатталады. Осы уақытта еуропа елдерінің алдыңғыларында феодалдық қарым-қатынастардың ыдырап, капиталис-

тік өндіріс тәсілінің қалыптасуы көрініс берді. Бұндай Еуропалық елдің қатарына Біріккен Провинциялар Республикасы жатты.

Осыған қарамастан еуропаның көптеген елдерінде феодалдық қатынастар әлі де үстем болды. Мысалы, Германия, Венгрия, Италия. Ал батыс және орталық еуропаның елдерінде белгілі дәрежеде капиталдың алғашқы қорлану процесі жүріп жатты. Бұл дәуірдің келесі маңызды сипаты еуропалық бірліктің қалыптасуы, қазіргі мемлекеттер жүйесінің, еуропалық ұлттың қалыптасуы болып табылады. Мемлекеттің орталықтандыру процесі мемлекеттің жаңа түрін – абсолюттік монархияның қалыптасуын алып келді. Еуропаның саяси және мәдени дамуына ренессанс жетістіктері өзінің әсерін тигізді. Сондықтан, жаңадан пайда болып, тығыз байланысып жатқан процестер жалпы әлеуметтік заңдардың қоғам дамуына әсерін айқын көрсетті.

Географиялық ашылулар кезінде Американың алтыны Испания арқылы өтіп, Нидерландыдағы капиталдың алғашқы қорлануының маңызды факторларының бірі болды. XVI ғасырдың ортасында Нидерланды гүлдену сатысында болды және Еуропаның тығыз қоныстанған мемлекеттерінің бірі еді. Азғантай территорияда 300-ге жуық қалалар мен 6500-дей деревнялар болды. Экономикалық жағынан елде капиталистік қатынастар орнығуда еді. Хондсхотта жібек өндіру саласында, жүн өндіру саласында капиталистік еңбек бөлінісі үстемдік ете бастады. 1485 жылы қала 15 мың мата бөліктерін экспортқа шығарса, 1563–1569 жылдары жыл сайын 90 мыңнан астам мата бөліктерін экспортқа шығарды. Өндіріс саласында орта кәсіпкер мата өндіруші үстемдік жүргізсе, өткізу саласында көпес болды. Эклоо, Гента, Курте нарығында жыл сайын 90 мың мата сатылды. Гентте өз цехтары болса, Фландрияда кенеп бағаланды. XVI ғасырдың ортасында өндірісте жібек өндірісі пайда болып, корпоративтік өндірістер пайда болды. Брюссель, Гент, Ипр, Лилль қалаларының цехтары қымбат гобелендер мен кілемдер, күнделікті тұрмысқа қажетті қымбат емес тұтыну қажеттіліктерін шығарды. Бұл қалаларда шашыраңқы мануфактура үстемдік жүргізді.

XVI ғасырдағы метал өндірудің дамуы әскери істі жетілдірумен байланысты болды. XVI ғасырда Нидерландыда өзіндік компаниялар пайда болды. Солардың ішіндегі Антверпендегі Плантен типографиясы Еуропадағы ең ірі типография болды. Бұл жерде 22 прес-

са, 50-ден аса жалдамалы жұмысшылар болды. Типографияның 66 шрифтісі, 13 тілі болды. Шығарылған кітаптар экспортқа шығарылып, Қытайда, Жапонияда сатылды. Қолөнершілер цехтарға біріктірілді. Жетекші орын ұсақ тауар өндірушілердің қолында болды. Әрбір цехтың батыс Еуропадағыдай өз уставы болды. Цехтар мен қолөнершілердің арасында бақталастық Батыс Еуропадағыдай болды. Көпестер өз гильдияларын қалыптастырды. Олар сауданың жеке салаларын бақылап отырды. Кейбір қалалар белгілі бір тауарға өз бақылауын орнатты. Мысалы, осындай қалалардың бірі Гент еді. Ол Фландрияда нан саудасымен айналысты.

Ішкі сауда жүйесінде өзендер мен каналдар маңызды роль атқарды. XVI ғасырда барлық жерде кеденді посттар болды, көпестер мен жеке сеньорлардан мемлекеттің пайдасына салық жинап отырды. Ірі сауда операцияларын жасау үшін көпестер пайларымен компаниялар құрып отырды. Экономистер бұндай компанияларды «сословиялық капитал» деп атады. Бұл капиталистік өндіріс негізін қалыптастырды. Нидерландыда капиталистік мануфактуралар барлық жерде қалыптасты, өндірістің жаңадан қалыптасып келе жатқан салалары цехтық жүйемен байланысты болды.

Батыс және Орталық Еуропаның біршама бөлігіндегі елдерде XVI және XVII ғасырлардың басында саяси құрылымның дамуы феодализм шеңберіндегі жаңа капиталистік қатынастар жағдайында пайда болды. Әлеуметтік-экономикалық саламен салыстырғанда еуропалық мемлекеттіліктің даму тенденциясы ортақ сипатты иеленді.

Мемлекеттің құрылымдық эволюциясында, әсіресе еуропалық тарихи процесте, ортақтық пен ерекшелік диалектикасы анық көрініс береді – яғни, Нидерландының географиялық және мәдени-тарихи ортақтық ретіндегі санасының өсуі, жеке ұлттық және көпұлттық мемлекеттік бірлестіктердің одан әрі ұлғаюы, ұлттық сананың көтерілуімен сипатталуы және ортағасырлық континенттің батысында папаның діни және саяси билігінен шығатын көпсалалы байланыстардан қол үзуі.

XVII ғасыр барысында Еуропаның саяси картасы өте негізді өзгерістерге ұшырады. XV–XVI ғасырлар шеңберінде ағылшын және француз жерлерінің бірігу процесі аяқталды, біртұтас испан мемлекеті қалыптасты, оның құрамына Нидерланды да кірді. XVI ғасырда өте күрделі байланыста әртүрлі даму жолындағы мемлекет-

тер көрші тұрды. Олар дамудың әртүрлі сатысын басынан өткеріп жатты. Монархиядан феодалдыққа, ал ғасырдың соңында ерте буржуазиялық республикалар сатысына.

Еуропа үшін түбірімен өзгеше саяси даму Нидерландыда пайда болды. Габсбургтер күштеп орнатқан абсолюттік-бюрократиялық жүйе елді империя құрамына егізуге бағыттады. Абсолютизм институттарының жергілікті өкілетті ұйымдармен қатар өмір сүру мәжбүрлігі қақтығыстың ұрығын бойында ұстап отырды. Ол ақыр аяғанында феодализмге қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысқа ұласты және ерте буржуазиялық революция сипатын иеленді және Біріккен Провинциялар Республикасының қалыптасуымен аяқталып, сюзереннің орнын Бас Штаттар алды.

XVI ғасырдың 60-жылдары Нидерландыда кальвинистерді, реформаторларды ашық уағыздау көрініс алды. II Филипп 1559 жылы нидерланды дворяндарын реформация идеяларымен ашық айналысудың қандай салдарлары болатынын ескерткен еді. Феодалдық оппозициялық ақсүйектердің жетекшілері принц Вильгельм Оранский, граф Эгмонт, адмирал Горн болды.

Көтерілістің жаңа сатысы 1572 жылы басталды. Март айында королева Элизавета Испаниямен соғыспау үшін Англия тұрғындарына теңіз гездарымен қарым-қатынасқа түсуге тиым салды. Теңіз гездарына 24 сағаттың ішінде ағылшын жағалауларынан кету талап етілді. Гездардың 24 кемесі ағылшын жағалауынан кетіп, Солтүстік теңізде бірнеше күн жүргеннен кейін Зеландияның Брил қаласының жағлауына келді. Флот капитаны қаланың қақпасын ашуды талап етіп, оның орнына герцог Альбаның тонаушылық салығы мен тираниясынан құтқаруға уәде берді. Қала испандықтардың қол астында еді. Магистранттың тез шешім қабылдау мүмкіндігі аз болғандықтан, ультиматум уақыты біткеннен кейін гездар қалаға кірді. Брил тұрғындарына бостандық беріліп, католик шіркеуі мен мүлкі тоналды. Осы оқиға туралы мәлімет тез тарады. Бұл Солтүстік Провинциялар үшін көтерілуге берілген белгідей болды.

Брилден кейін Флиссинген қаласының тұрғындары көтеріліске шықты, гездардың революцияшыл отрядтарын құрды, оларды жақын маңның шаруалары қолдады. Осыдан кейін Веер, Арнемейден, Энкхейзен қалаларында көтерілістер болды. Сәуір айында бүкіл солтүстік провинцияда көтеріліс басталып кетті. Осындай жағ-

дайда испандықтарға қарсы күреске қала буржуазиясымен жақын-дасқан, кальвинизмді қабылдаған дворяндар да араласты. Теңізде де, құрғақта да көтерілісшілер жеңіске жетті.

Солтүстіктегі жалпы көтеріліс Солтүстік Провинциялар Республикасының негізін қалады. Вильгельм Оранский солтүстік провинциялардағы көтерілістер туралы естігенмен, оған аса мән бере жоқ. Генттегі Бас Штаттар «Гент келісіміне» қол қойды. Елдің оңтүстігінде католик шіркеуінің үстемдігі сақталса, солтүстігінде Голландия мен Зеландияда протестантизм – кальвинизм мен лютерандық үстемдік алды. Голландия мен Зеландияда капиталистік қатынастардың түрлері басым болғандықтан, ұлт-азаттық қозғалыстың орталығына айналды. 1579 жылы Утрехт Униясын қабылдағаннан кейін елдің солтүстігінде тәуелсіз буржуазиялық мемлекет – Нидерландының Біріккен Провинциялары өмір сүруін бастады. Оны ірі провинциясының бірі – Голландияның атымен атайды.

Франция, Англия, Германия ұзақ уақыт Солтүстік Провинциялардың тәуелсіздігімен келісе алмады. Мысалы, ағылшындар Голландия тәуелсіздігін Англияның құқықсыз мүшесіне айналдыруға тырысып, мемлекет тарапынан ағылшын көпестеріне голландияның нарығына деген ұмтылыстарын қолдап отыруға көмек берді. Бірақ ағылшындардың бұндай ұмтылыстары Голландия тарапынан қарсылыққа ұшырып, 1587–1609 жылдары көпестік олигархия тәуелсіз саясат жүргізді. Билеуші көпестік олигархия шетелдік интервенцияға бағытталған саясаттың қауіпін дұрыс түсініп, тең құқықтық келісімдер жасауға тырысты және Испаниямен өз күштерімен соғысып отырды. Солтүстік Провинциялар Республикасы Испанияға қарсы одақтаса отырды, елдің оңтүстігі эрцгерцог Альберт пен Изабелланың билігінде қалды. Вильгельм Оранскийдің баласы Мориц 1585 жылы Голландия мен Зеландияның штаттльтері болып тағайындалды. Республика флоты теңіздегі Испанияның әлсірегенін пайдаланып, Англияның теңіз коммуникацияларында әскери операциялар жүргізіп, Голландияның болашақ отарларының негізін қалады.

Ұзақ қақтығыстардан кейін Испания 12 жылға тыныштық сұрады. Келісім бойынша Испания Біріккен Провинциялардың тәуелсіздігін мойындады. Ост-Индияның Португалиялық отарларымен сауда жасау құқығы мойындалды. Шельд өзенінің сағасы сауда үшін жабылды, бұл Антверпеннің экономикалық әлсіреуіне алып

келді. 1609 жылғы бейбіт келісім Нидерланды солтүстігінде революцияның жеңіске жеткендігін көрсетті. Голландия революциялық күрестің нәтижесінде азаттығын алып қана қойған жоқ, Батыс Еуропадағы бірінші буржуазиялық республика болды.

Буржуазиялық революцияның жеңісі Біріккен Провинциялардың өндірістік күшін экономикалық жағынан азат етті. Жаңа нарықтық қатынастардың нәтижесінде республика экономикасы тез өрістей бастады, ескі цехтық жүйе қирады, капиталистік негізге сүйенген өндіріс дамыды. Голландияның капиталистік өнеркәсібінің гүлденуіне оңтүстік провинциялардан келген жұмыс күші де қолайлы болды. Эмигранттардың басым бөлігі қолөнершілерден, кәсіпкерлерден, жұмысшылардан тұрды. Ең бастысы олармен бірге капитал келді. Солтүстік Провинциялардың басты табысы, әсіресе Голландия мен Зеландияның табысы сыртқы саудадан түсті. Солтүстік провинциялардың негізгі кірістері, әсіресе, Голландия мен Зеландия табысты Балтық бойы елдеріне бағытталған сыртқы сауданың есебінен тапты. Зунд бұғазы арқылы Балтық бойынан Еуропаға астық шығарды, ал елге олардан маталар, тұздалған балық және басқа да тауарларды әкелді.

Голланд көпестері Архангельск және Нарва арқылы Мәскеу мемлекетімен сауда-саттық жасады; 1608 жылы Мидделбургте арнайы ең бай Мәскеу сауда компаниясы құрылды.

Нидерланды Испаниямен соғыс жүргізгендігіне қарамастан, голланд саудагерлері, баю мақсатын жоғары қоя отырып, сырттан әкелінетін астықты ұдайы қажетсінетін Португалия және Испаниямен сауда жасады. Іскер голланд саудагерлері ғажайып бай отарлық мемлекетерге дейін жетті. 1598 жылы 22 голланд кемесі Үндістанға рейд жасады, ал 1602 жылы (Ағылшын компаниясынан бір жыл бұрын) Голландтық Ост-Инд компаниясы (ГОИК) құрылды. ГОИК Голландияның кейінгі тарихында ірі саяси рөлді атқарды. Амстердам қаласы әлемдік сауда мен несие орталығына айналды. Теңіз айлақтары мен бүкіл қалада жыл сайын қызу коммерциялық сауда-саттық жүріп жатты. Бұл жерде алғашқы сақтандыру компаниялары құрылды, ал, 1609 жылы банк ашылды. Банктің басты мақсаты «монеталар бағамының жоғарылауы мен олардың араласып кетуін болдырмау және коммерциялық мақсатта ақшаға мұқтаждарға қолғабыс жасау» болды. Капиталистік қатынастар Голландия мен Зеландияның ауылшаруашылығына да ене бастады.

Сондықтан, бұл елдерде ауылшаруашылық өзіндік жолмен дами бастады. Өндірістік әртүрлі салалары тарапынан азық-түлік пен шикізатқа деген ұдайы сұраныс, техникалық дақылдар (кенеп, қурай) өсіретін егіс алқаптарының көлемін ұлғайтуға әкеліп соқты. Әсіресе, бау-бақша мен шәп өсіру кеңінен дамды. Бұл үшін батпақты жерлерді құрғату жұмыстары жүргізілді, жерді өңдеу техникасын жетілдіру мен оны тыңайту тәжірибесі енгізілді. Ауылшаруашылығының дәстүрлі салалары – сүт, май және ірімшік өндірісі дами түсті. Дегенмен, жекелеген аудандарда крепостниктік тәртіптің қалдықтары XVII ғасырдың соңына дейін сақталды. Нидерланд революциясының экономикалық салдарлары Республиканың дамуы үшін осындай болды.

Саяси құрылымы. Саяси тұрғыдан алғанда Голландияның мемлекеттік құрылымы Утрехт униясының ережелеріне негізделді. XVI–XVII ғасырларда республикалық құрылыс мықтап бекінді. Жоғарғы билік Бас штаттар мен Мемлекеттік Кеңестің құзырынды болды. Бас штаттарда, депутаттардың санына тәуелсіз әрбір провинция бір дауысқа ие болды. Депутаттар қатаң түрде өздерінің сайлаушыларының нұсқауларына сәйкес дауыс беруге міндетті болды және әрбір шешім бірауыздан қабылдануға тиісті болды. Бас штаттар соғыс жариялау, бейбітшілікке келу, шетелдік мемлекеттермен шарттар жасау, алым-салық жинау және негізгі заңнамалардың мәселелерін шешумен айналысты. Мемлекеттік Кеңес – Бас штаттарға арнайы ант берген 12 кеңесші мүшеден тұрды. Мемлекеттік кеңестегі провинциялардың өкілеттілік нормасы республикалық қазынаға провинциялардан ақшалай түсімдердің көлеміне байланысты анықталды. (Голландия – 3, Зеландия – 2, ал қалған провинциялар 2 және 1 өкілдерді иемденді). Әр провинцияның депутаты мен 2 хатшыдан тұратын Қаржы Кеңесі, салықтарды жинау және оны бөлу, сондай-ақ, мемлекеттік қажеттіліктерді қаржыландыру мәселелерімен айналысты.

Жоғарғы атқарушы билік Голландия мен Зеландияның штат-гальтері (статхаудер) Мориц Нассаускийдің қолына шоғырландырылды. Сондай-ақ ол бір мезетте Республиканың барлық қарулы күштерінің бас қолбасшысы болды. Жергілікті істерді реттеуде провинциялардың басқарушы топтары кең автономияға ие болды. XVI және XVII ғасырдың басындағы Голландияның мысалынан, сол кезде ақ, өндірістік және сауда капиталының экономикалық

үстемдігі негізінде буржуазиялық конституциялық құқықтың іргесі қаланғандығына көз жеткізуге болады. Республиканың халықаралық жағдайы бірқатар еуропалық мемлекеттер тарапынан танылған соң нығая түсті. Сыртқы сауда мен теңізде жүзу ісі кеңінен дамыды. XVII ғасырдың ортасында Құрама провинциялардың теңіз флоты Англия мен Францияның теңіз флоттарынан екі есе артып түсті, ал жылдық жалпы сауда айналымы 75-100 млн. флоринды құрады. XVII ғасырдағы Голландия үшін Ресеймен сауда жасаудың маңызы ерекше болды. 1624 жылы екі ел арасындағы сауда айналымы 2 млн. флоринға бағаланды.

Республиканың сыртқы сауда ісінде ГОИК-тың ролі жоғары болды. Амстердамның ірі сауда және қаржы орталық ретіндегі маңызы арта түсті. Амстердамдық көпестер республиканың саяси өмірінде үлкен ықпалға ие болды. **Жалпы, Нидерландыдағы революциялық оқиғаларды 4 кезеңге бөліп қарауға болады:**

I-кезең (1566–1567) Нидерландыны толық экономикалық және саяси үстемдікке бағындыруға ұмтылған испандық абсолютизмнің өкілі болып табылатын католиктік шіркеу мен испандық католиктік дін иелерінің зорлық-зомбылықтарына қарсы халық бұқарасының кең қозғалысымен сипатталады («иконға қарсы қозғалыс»).

II-кезең (1568–1576) Нидерланд провинцияларының Испаниядан тәуелсіздігі үшін қала қолөнершілерінің, саудагерлердің, нидерланд қалаларында жаңадан қалыптасып келе жатқан буржуазияның қолдауына арқа сүеген Вильгельм Оранскийдің басқаруындағы нидерланд ақсүйектерінің Филипп II қарсы ашық соғысқа кіріскен қозғалысымен байланысты.

III-кезең (1576–1579) Аррас және Утрехт униясына қол қоюмен аяқталды: Аррас униясы реформациялық және халық қозғалыстарының жеңіліске ұшырауын білдірді және Филипп II оңтүстік провинциялар Артуа мен Геннегаудың заңды билеушісі және әміршісі болып танылды.

Утрехт униясы Солтүстік провинциялар Голландия, Зеландия, Утрехт және Фландрияның Испания түбегейлі жеңгенге дейін соғысты жүргізе беруді жариялады. Бұл кезеңде революциялық оқиғалар шырқау шегіне жетті.

IV кезең (1581–1609) Утрехт униясы негізінде құрылған Солтүстік провинциялар Республикасы (Голландия) Англия және Франциямен одақтаса отырып, феодалдық-абсолютистік Испанияны жеңіп, тәуелсіздікке қол жеткізді.

§ 2. Мемлекеттің саяси-әлеуметтік дамуы

Алғашқы қорлану мен капиталистік қатынастардың қалыптасуы, Батыс Еуропаның әрбір елінде экономикалық-географиялық ерекшелігіне байланысты әртүрлі дәрежеде жүрді. Отарлар пайда болып, «баға революциясы» гүлденіп тұрған елдерде Нидерландияда капитализмнің дамуына барлық мүмкіндік болғанмен, кейіннен феодалдық-католиктік реакцияға айналды. Егер алғашқы қорлану процесі дегеніміз-барлық ауқаттылардың тез арада капиталистке айналуы болса, онда барлық капитал тез арада жалдамалыларға айналар еді, және де бұл процесс әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа әкелмей, капитализмнің өте үлкен гүлденуіне әкелер еді. Яғни, алғашқы қорлану жүрген елдердің барлығы капиталистік даму жолына түскен жоқ. Ал, керісінше, кейбір елдерде, мысалы, Францияда алғашқы қорлану және капитализм генезисі өте баяу жүрді, ал алғашқы қорланудың тек кейбір көріністері ғана болды.

Алғашқы қорлану процесі логикалық аспектіде капитализм генезисімен астасып кетеді, ол үшін өндірушілер тез арада жалдамалы жұмысшыларға, ал ауқаттылар шынайы капиталистерге айналуы керек. Қазына әкелген ауқатты адам, өсімқор немесе байыған көпес, шаруаларды жерінен қуған лендлорд, тек потенциалды капиталистерге айналды. Шынайы капиталистерге олар өз ақшаларын капиталистік түрде ұйымдасқан өндіріс орнына, жерге және шаруашылыққа салғанда айналады. Осыған дейін олардың алдынан іс жүзінде шексіз мүмкіндіктер ашылып, өз қаражаттарын әртүрлі жолдармен іске асыру мүмкіндіктері тұрды. Бұл мүмкіндіктердің алғашында капитализммен ешқандай байланысы болған жоқ. Потенциалды капиталистерден нағыз капиталиске айналу кезеңі әр түрлі уақытпен-күндерден он жылдыққа дейін өлшенеді. Бұл процесстер Батыс Еуропа елдерінде Англияда, Нидерландыда, Испанияда, Францияда әр түрлі варианттарда жүрді.

Тарихта алғашқы қорлану көріністері мен өндірісте капиталистік формалардың қалыптасуы әр елде әртүрлі көріністе жүрді. Біреулерінде бұл көрініс ұзақ уақыт бойы бытыраңқы түрде жүрсе, екіншілерінде басқа сипатқа енді. Алғашқы қорланудың келеңсіз көріністерін Нидерландыдан көреміз. Капитализм пайда болу алғышарттарының қалыптасу кезеңінің өзінде-ақ Еуропа мемлекеттерінің даму ұстанымдарының әртүрлі түрлері анықталды. Фактор-

лардың барлық жиынтығы Нидерландыда толық сипатқа ие болды. Бұл аталған елдердің арасында өзгешеліктер болғанымен, жалпы бұл сатыда тауар шаруашылығының дамуы қайтарымсыз сипатқа ие болды. Дамудың қайтарымсыз мәселелері тарихтың барлық кезеңдері мен дәуірлеріне қатысты.

Еуропа құрылығындағы капитализм генезисі бос кеңістікте пайда болған жоқ, феодалдық қоғамда қалыптасқандықтан оған оның заңдылықатры әсер етті. Мысалы, Нидерландының ірі сауда қалаларында мануфактураның ерте капиталистік түрлерімен қатар цехтық корпорациялар да пайда болды. Бірақ, олар аралықты немесе прогрессивті түр болмағандықтан, керісінше, эволюцияға ұшырап, өндірістің ұсақ тауарлық ортағасырлық түрлеріне айналды. Капитализмнің алғашарттарының қалыптасу кезеңінде еуропалық мемлекеттердің даму ұстанымдарының әртүрлі түрлері анықталды. Факторлардың екі тобының барлық жиынтығы кемеліне келу деңгейінің толық көрінісі Нидерландыда болды. Аталған елдердің арасында айырмашылық болғанымен, жалпы бұл сатыдағы тауар шаруашылығының дамуы қайтарымсыз сипатқа ие болды.

Көріп отырғанымыздай Германия, Испания, Италия эволюцияларының өзіндік ерекшелігі бірінші топты құрайтын елдерге қарағанда ашық көрініс алған, бірақ бұлардағы прогрессивті даму әлсіз негізге сүйенгені оларды біріктіреді. Бұл жерде формациялық қатардың факторлары генетикалық фактордан жоғары тұр. Дегенмен, Италияның бірнеше мемлекеттерінде тауар-акша шаруашылығының дамуы қайтарымсыз сипатқа ие болды. Бұл сатыда тек қана ұстанымдар еді, олардың болашақта бекітілуі, баяулауы немесе келесі дамумен жойылып кетуі мүмкін еді. Бұл мәселені шешудегі ерекше рөлді алғашқы қорлану процесі атқарды.

1566–1609 жылдардағы Нидерланды буржуазиялық революциясы Еуропада алғашқы болып феодалдық құрылыс пен абсолютизмді жеңді. Революцияның нәтижесі адамзат тарихындағы бірінші буржуазиялық республика – Біріккен Провинциялар Республикасымен аяқталды. Бұл жерде саяси билік феодалдар қолынан буржуазияға өтті. Капиталистік өндіріс тәсілі феодалдық өндіріс тәсілінен үстемдікке қол жеткізді. Нидерланды революциясының прогрессивті негізі осында болды.

Біріккен Провинциялар Республикасының ең гүлденген кезі XVII ғасырдың бірінші жартысы. Бірақ осы кезде республиканың

саяси және экономикалық негізін құлдыратқан көпестік олигархияның үстемдігі. Еуропадағы ең бірінші буржуазиялық революцияның ерекшелігі мен тарихи шектеулілігінің негізгі себебі көпестік олигархия. Революцияның солтүстікте жеңуі ел солтүстігінің капиталистік дамуының біршама негізділігімен түсіндіріледі. Тек солтүстікте жеңуі Нидерландыдағы капиталистік қатынастардың жетілмеуімен байланысты. Әсіресе, капиталистік қатынастар оңтүстік-батыс провинциялардың ескі қалаларында жеткіліксіз болды.

Нидерландының саяси құрылысында екі бағыттың күресі үстем болды. Біріншіден император басқарған үкімет, кейін испан королі және арнайы Фландрия Кеңесі. Іс жүзінде Нидерландыны **Бас Статхаудер** – наместник басқарды. Нидерландыда сословиялық монархиядан мұрагерлікке қалған өкілеттік мекемелер – Бас және аймақтық Штаттар болды. Сондықтан Нидерландыдағы монарх өз қызметінде аздаған шектеуліктер көрді. Нидерланды империя үшін аса маңызды еді. Ол Францияға қарсы аса маңызды плацдарм болды. Қалыптасып келе жатқан ортақ қақтығыстың терең себептері болды, олар Нидерландының әлеуметтік-экономикалық дамуының сипатында жинақталады. Келесі себеп – Нидерландыдағы XVI ғасырдың бірінші жартысындағы капиталистік қатынастардың дамуы. Нидерландының барлық 17 провинциясы дамуы жағынан бірдей болған жоқ. Шамамен оны үш топқа бөлуге болады. Орталық өнеркәсіптік аймақ – Фландрия және Брабант, солтүстік-батыс сауда өнеркәсіптік топ – Голландия және Зеландия; шеткі аймақтар – негізінен ауылшаруашылық провинциялары – Артуа, Люксембург, Намюр, Гелдерн, Оверойсоел. Ал Фрисландия, Утрехт сияқты провинциялары аралық жағдайда болды. Фландрия мен Брабантта тауар өндірісі мен айырбас, сонымен бірге көпестік капитал XIII ғасырда терең орналасып, XVI ғасырда капиталистік қатынастарды дамытуға түрткі болар орталық болды. Ыдырап келе жатқан цехтық қолөнер орнына капиталистік мануфактура келді. Нидерландының ірі порттарының бірі – Антверпен әлемдік нарықтың орталығына айнала бастады.

Голландия мен Зеландияда ірі экономикалық өзгерістер байқалды. Бірақ Фландрия мен Брабанттың ірі ескі қалаларында ортағасырлық бюргерлер мен цехтық корпорациялар әлсірегеніне қарамастан біршама негізгі экономикалық және саяси жағдайға ие болды. Дворяндар мен дін иелерінің ықпалы арта түсті.

Келесі себеп – экономикалық өзгерістердің әлеуметтік нәтижелері. Капиталдың алғашқы қорлануы, экономикада капиталистік укладтың пайда болуы, терең әлеуметтік дағдарыстармен қатар жүрді. Келесі себеп – дворяндардан экономикалық және саяси негіз алшақтап кетті, ортағасырлық бюргерлер мен феодалдық шаруалар ыдырады, сонымен бірге цехтық және ерікті қолөнершілер ыдырады, шаруалар жаппай пауперлер мен қайыршыларға айнала бастады.

Келесі себеп дворяндардың экономикалық-әлеуметтік жағдайына шетелдік монархтардың ықпал ету сасатына ықпалының пәрменділігі болды. Феодалдық аристократия, католиктік шіркеу елде толық қожайын болды, қарапайым халықты олар салықпен езді және ішкі реакцияны (кертарпа күштерді) қолдап отырды. Нәтижесінде елдің ішінде қайшылықты әлеуметтік қақтығыстар пайда болды, олар көтерілісшілер қатарына ұласып кетті. Бұның ішіндегі аса ірілері 1534–1535 жылдары анабаптистер және 1539–1540 жылдары Гент көтерілістері болды. Осыған қарамастан Нидерланды революциясы еуропалық маңызы бар оқиғаға айналды.

§ 3. XVI–XVII ғасырлардағы Біріккен Провинциялар Республикасы

XVI ғасырдағы Нидерланды буржуазиялық революциясының өз жоғарғы шегі болды. XVI ғасырдың бірінші жартысындағы герман тарихының жоғарғы шегінің көрінісі лютерлік реформация болды. Лютердің реформациялық доктринасы тек герман жерлерінде емес, сонымен бірге Нидерланды жерлеріне тарады. Әрбір ел және қоғамдық топ немесе король билігі көп жағдайда Лютердің ілімінің тек өз мүдделеріне қолайлы жақтарын алды. Соның ішінде Нидерландыда XVI ғасырдың бірінші жартысында лютерлік доктринаның жалпы реформациялық сипаты өз көрінісін тапты.

Германияда басталған реформация тез арада оның шеңберінен шығып, Еуропаның басқа елдеріне, ең алдымен Нидерландыға тарады. Цвинглидің реформациялық ілімімен қатар Швейцарияның экономикалық жағынан дамыған кантондары мен Оңтүстік-Батыс Германияның қалаларында анабаптистік ілімдер де кең тарап, өзінің шегіне 1535 жылы Мюнстерлік коммунаны құру арқылы жетті. Кейіннен цвинглишілдік бюргерлік реформацияның тар аймақтық біртүріне айналып, анабаптизмде сектанттық ұстанымдар күшейді.

Реформация аса ірі жетістікке жалпы еуропалық оппозициялық қозғалыстың келесі сатысында жетті. Бұл кезде лютершілдіктің, цвиглишілдіктің, анабаптизмнің артынан XVI ғасырдың 40-50 жылдары кальвинизм келді. Кейіннен ол Нидерландыдағы ерте буржуазиялық талаптардың идеологиялық жамылғысына айналды. Нидерланды тарихының әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының ұстанымдары, сол кезеңнің қалыптасқан тәртібіне оппозиция болған идеология түрлерін қалыптастырды және таратты. Бұл идеологияның шоғырлану аймағы шаруашылық және мәдени даму белсенді түрде жүрген орталықтар және солтүстік жерлер еді, себебі, бұл жерлерде билік ұйымдары әлсіз болды.

Нидерланды жерлерінде ежелден қалыптасқан доктриналар болды, олар болашақтағы реформациялық ілімдердің қалыптасуына жағдай жасады және кейіннен реформациялық қозғалыстармен араласып кетті. Мысал ретінде «devoten» аталып кеткен ағымды көрсетуге болады. Бұл ағымның идеологы Ян фан Рейсбрук. Рейсбрук шіркеудің құдайға сыйыну тәжірибесіндегі моральдық құлдырауына, құдайғасыйынудың сыртқы церемониясындағы күштеуге ерте христиандық қауым канондарын қарсы қойды. XVI ғасырдың ақырғы бөлігінде қозғалысқа жетекшілікке Херрита де Хрооте және оның оқушысы Флоренса Радевэйн келгеннен кейін, «девотен» ағымының мазмұны мен түрлері жаңашаланады. Девотен діни догматикасы ортодоксальдық католицизм позициясында тұрғанымен, евангелияны ашық уағыздап, Христос бейнесіне табынды. Девотен монастырларының католиктік шіркеуге қарсы күрестегі негізгі еңбегі – көрнекті филологиялық дайындығы бар, гуманистік скептицизмге сүйенген және Қасиетті жазбаны сынау анализіне ұшырату тәсілін меңгерген мамандарды дайындау. Бұл монастырларда Еуропа гуманизімінің ірі өкілдері – Рудольф Агрикола, Эразм Роттердамский, Николай Коперник, Виллем Фолдерсхрафт, Мартин Лютер тәрбие алған. Мистицизмнен реформацияға өту ағымы арнайы шетелдік әдебиеттерде әдетте «христиандық гуманизм» деп есептеледі. Маркшілдер «гуманистік теология» деп атайды. Нидерландыдағы оның ірі өкілдерінің бірі-Вессел Хансфоорт болып табылады. Вессел Хансфоорт Кельн, Гейдельберг, Лувен, Париж университеттерінде білім алды. Рудольф Агрикола, Йоганн Рейхлин, Йоханн Таулермен байланыста болып, олардың әсері көзқарастарының қалыптасуында ерекше орын алды.

Нидерланды реформациясының негізгі жағдайларын қалыптастырған **Вессел Хансфоорт**. «Қасиетті жазбалар» Вессел үшін шындықтың негізгі көзі болды, ол шіркеулік дәстүр мен иерархиядан жоғары тұрды. Ол сонымен бірге индульгенцияға, қасиеттілерге табынуды жокқа шығарды. Хансфоорт коцепцияларындағы дуализмге байланысты ол «қарама-қайшылық магистрі» атағын алды. Нидерландыдағы ерте Реформацияның идеологтары жоғары бағаланғанымен, гуманистердің өз шығармаларын латын тіліде жазғандықтан, көп адамдарға шығармалар танымал болмады. Нидерланды гуманизмі өз жақтаушыларын негізінен еркін ойлаушы клириктер, гуманистік мектеп мұғалімдері және университеттер, интеллигент мамандықтары арасынан іздеді. Сондықтан, ірі мәдени және діни орталықтар болып табылатын қалаларда гуманистік ұйымдар пайда болды. Амстердамдағы ірі гуманистік ұйымдардың жетекшілерінің есімі – Ваутер Деелен, Виллем Фредерикс, Йоанн ван Хейсен, Хинн Роде.

Еуропадағы Реформация ілімінің ішінде біршама деңгейде зерттелген кальвинизм дамуының нидерландылық кезеңі. Осы кезеңдегі Нидерландыға тән көрініс XIX ғасырдың «классикалық мұрасын» қайта қарау болды. Оның өкілдерінің бірі – король тарихнамашысы Х.Хрун ван Принстерер және либеральды бағыттағы тарихшы Р.Фройн. Р.Фройнды Нидерланды буржуазиялық тарихнамасының ақырғы классигі деп есептелінеді. Бұл классикалық мұралықты жою, экономикалық фактордың рөлін төмендету болды. Ал, XVI–XVII ғасырлардағы кальвинизм тарихы мәселелерін келетін болсақ, Нидерланды тарихнамасы, М.Вебер мен Э.Трельчтің идеологиялық көріністер туралы тарихи-материалистік түсініктемесіне қарсы күрес болды.

Нидерланды тарихына байланысты елеулі зерттеушілердің бірі – П. Блок өзінің ұстазы Р. Фройннің пікірінен алшақтаған жоқ. Ол тарихи материализм теориясына ашық қарсы шықты, кальвинизмнің таза діни сипатын ғана көрсетті. Маркстік көзқарастағы тарихшылар Нидерланды революциясындағы испан үстемдігіне қарсы күрескен, идеологиялық туы ретінде кальвинизмді ұстанған халық бұқарасының орнын ерекше көрсетеді. Нидерланды революциясындағы кальвинизм орнына маркстік көзқарас тұрғысынан баға бере отырып, оның әлеуметтік мәніне және шаруашылық этикасына анализ жасады. Көп жерлерде ол капитализм генезисі кезе-

ңіндегі діни идеология түсінігінің маркстік көзқарастағы ерекшелігін бөліп көрсетті. Нидерландының тарихнамасындағы кейбір бағыттардың көзқарасы Кальвин ілімін әлеуметтік-экономикалық негізден айырылып, калвинизмнің революцияшыл қасиеті болған жоқ, ол кейін калвинизмге тәжірибе жүзінде тағылды, деген көзқарастарды ұстанды. Осындай пікірді ұстанушы Нидерланды тарихшысы А.Ван Схелфен. Оның пікірінше, Кальвин ілімі көтеріліс идеясына бөтен болды. А.Ван Схелфен калвинизмнің бүтін, дамушы әлеуметтік-діни доктрина ретіндегі орнын жоққа шығарады. Оны (калвинизмді) тек ұлттық – хронологиялық түрлердің (швейцариялық, француздық, нидерландық) бірі, ал мазмұнын абстракты-идеологиялық категориялар анықтайды деп есептейді.

Нидерландыдағы калвинизмнің шаруашылық этикасы негізінен жаңа қатынастардың жетілмеуіне дәл келеді, сауда капиталының басымдылығымен сипатталады. Калвинизм этикасында сол кезде басым болған меркантилистік көзқарастар үстемдік етті. Ол елдегі көпестік олигархия билігінің алғашқы қорлану кезеңіне дәлме-дәл келуімен сипатталады. Әрине калвинизм капитализмді тудырған жоқ, керісінше калвинизм буржуазияның радикалды тобының ойындағы көрінісі болды.

Нидерландының әлеуметтік-экономикалық дамуы, испан абсолютизмімен күрделі саяси қақтығысы, калвинизм үшін таптырмайтын орта болды. Калвинизмнің таралу жолдарының үш ағымы бар. Бұл жүйелер – мәдени, сауда, саясат арқылы, және тікелей Женева мен көрші Франция арқылы тарады. Алғашында елде екі ағым жылдам дами бастады – ортодоксальдық, негізінен Фландрия, Брабант, Голландия, Фрисландия сауда-өнеркәсіп, қолөнер және өндіріс орталықтарында, екінші ағым, гугеноттық, бұл ағым, оппозициялық дворяндардың арасында кеңінен тарады. Кейін республикада либертиндік бағыт пайда болып, XVII ғасырдың бірінші жартысында арминиандық және ремонстранттық дамусатыларын басынан кешірді. Бұл билеуші көпестік элитаның біршама танымал идеологиясына айналды. Жоғарыда айтылған мәселелерден шығатын қорытынды: калвинизм мәселесі революция және азаматтық соғыс кезеңіндегі демократиялық қозғалыс мәселесімен органикалық байланысты. Осыдан калвинизмнің және революциялық дәстүрдің орнын бағалаудағы көзқарастардың күресі көрінеді. Нидерландының өте құнарлы топырағына түскен ортодоксальдық

кальвинизм өз жемісін берді. өз дамуының нидерландтық сатысында кальвинизм Реформацияның монополиялық бағыты болды, дегенмен, ол негізгі үш ағымға бөлінді – дворяндық-гугеноттық, либертиндік, демократиялық. Сонымен, күрделі процестердің бірлігінен құралған Нидерланды революциясының идеологиясы кальвинизм болды.

§ 4. XVII ғасырдағы Республиканың ішкі жағдайы

XVI ғасырдың басына туған ерекшеліктердің қатарына әлеуметтік қозғалыстардың өте көп түрлілігі, олардың әлеуметтік құрамының күрделілігі, әлеуметтік топтардың ашу-ызасының жарылысын билеуші топтың өз мүддесіне пайдаланып кетуі жатады. Барлық кезеңге тән келесі сипат әлеуметтік күрестің жаңа күшті діни ағымдармен тығыз байланысы, әлеуметтік тұрмыстың ескі түрлерін өзгертуге деген ұмтылыстың діни жамылғыға ие болуы. Бұл сипаттардың барлығы Германияда жеңіліс тапқан шаруалар соғысы дәуірінде, жеңіске жеткен Нидерландыдағы ерте буржуазиялық революцияға тән болды.

Терең экономикалық, әлеуметтік және идеологиялық өзгерістер XVI–XVII ғасырларда қоғамдық қақтығыстардың алғышарттарын туғызды. Абсолютизмнің ішкі саясаты, жеке айтқанда орталықтандыру және салық, оған тек халықтың арасынан қарсыластарды тудырып қана қойған жоқ, сонымен бірге қала тұрғындарының және феодалдық-сепаратистік аристократияның арасынан да қарсыластарды тудырды. Көтерілістер бірінен соң бірі пайда болып, салыққа қарсы, ашаршылық қозғалысы тағы да басқа болып жіктелді. Ересейдің таралуы реформациялық қозғалыстардың өте терең енуімен ауысты. Кейбір жағдайларда ірі көтерілістер барысында бірігетін әртүрлі күштердің одағына қолайлы орта қалыптасты. Дегенмен алғашқы жетістіктен кейін лагерьдегі жасырын ішкі күштер ашық қақтығыстарға келді, көтерілісшілер топтары ыдырап, олардың жеңілістері қанды репрессияларға алып келді.

Әлеуметтік қақтығыстардың пайда болуы мен дамуына нәтижелі түрде әсер еткен абсолютизм. Феодалдық қоғамның саяси құрылымы ретінде ол өзгеріп келе жатқан тарихи жағдайда феодалдардың мүддесін қорғады, феодалдық ақсүйектердің сепаратистік көтерілістеріне тиым салды, сонымен бірге буржуазиялық дамуға белгілі бір мүмкіндіктер ашты. Қоғамның әртүрлі топтары-

ның қарсылығы және ең алдымен халықтың қарсылығы абсолюттік монархтардың салық саясатын тудырды. Ол тұрақты соғыстармен байланысты болды. Дегенмен халықтың абсолютизмге қарсылығы шешуші болған жоқ, өз кемшіліктері болды.

Жазалаушы күштер мен шаралар сырттан қолданылған жағдайда оқиғалар күрделілігімен ерекшеленеді. Бұндай жағдайда жүйе әлсіздік көрсетіп, оған жасалған қысым күштірек болды. Герман жерлері мен Нидерландыдағы жағдай осындай болды. Бұнда жалпы әлеуметтік қайшылық барлық еуропа елдерін қамтып, өз шегіне жеткенде ерте буржуазиялық революцияларға құйылды. Нидерланды революциясы капитализм дамуының мануфактуралық кезеңінде болды. Нидерланды революциясының ерекшелігі мен тарихи маңызының шектеулігі капиталистік қоғамның негізгі әлеуметтік тобы – буржуазия мен пролетариаттың жетілмегендігі. Бірақ, Нидерланды испан абсолютизмінің қыспағында болғандықтан, Испаниядан тәуелсіздік сипатын қабылдады.

Революцияның солтүстікте жеңуі, ел солтүстігінде капиталистік дамудың біршама негізділігімен түсіндіріледі. XVI ғасырдағы Нидерланды революциясы ең алғашқы буржуазиялық революциялардың бірі. Жарты ғасырға созылған күрделі оқиғалар жиынтығы испан империясының құрамды бөлігінде әлемдегі ең бірінші буржуазиялық мемлекеттің қалыптасуына алып келді. XVI ғасырдағы Нидерландыдағы капиталистік қатынастардың жетілмеуі, Нидерландының 17 провинцияларының кейбіреулеріндегі әлеуметтік-экономикалық дамудың әрқилылығы, әлеуметтік құрылымдағы және өндірістегі феодалдық және капиталистік элементтердің араласып жатуы, осыдан шығатын елдегі әлеуметтік қатынастардың күрделілігі, ақыр аяғында әлеуметтік революцияның испандықтарға қарсы азаттық соғыспен ұштасуы Нидерланды тарихының зерттеушісіне қосымша қиындықтар туғышды. Осыған қарамастан Нидерланды буржуазиялық революциясының барлық маңызды жағдайлары, көтерілуі мен құлдырауы, жеңісі мен жеңілісі сипатталған. Әсіресе, капиталистік қатынастар оңтүстік-батыс провинциялардың ескі қалаларында жеткіліксіз болды. Ортағасырлық монополиялар, өнеркәсіп өндірісіндегі артықшылықтар кең бола отырып, жеке капиталистердің өндіріс құралына толық және жеке меншікте болмады. Нидерландының өтпелі экономикасының сипаты, қолөнер, сауда, транспорт, кредит, олардың корпоративтік

құрылымы, «феодализм дәуірінің тауарлық өндірісіне және көпестік капиталға бағынышты болды».

Нидерланды буржуазиялық революциясының халықаралық жағдайы, Филипп II Англияға қарсы және Францияның діни соғыстарымен байланысты болды. Нидерланды революциясындағы оранжизм ағымы, Нидерланды революциясындағы ақырғы нәтижелеріне саяси ағымына әсерін тигізді.

Көтерілістің алдындағы **иконға қарсы күресті** – қақтығыстың терең және ұзаққа созылған тұрғындардың рухани эмансипациясы және XVI ғасырдағы Нидерланды экономикасының белсенді өсуі деп есептейді. Ал Филипп II саясаты тек сөз жүзінде орталықтандырылған, ал негізінен феодалдық және династиялық деген бағасын береді. Әлеуметтік-саяси қақтығыстың шиеленісуіне бұл династияның да әсері болғанына: «Билік вакуумы, кальвинизмнің дамуы, оның алдында «христиандық», ортағасырлық иерархиялық құрылымды жоюды мақсат етіп қоюы, халықтың кедей тобының арасында революциялық ферменттің болуы, жарылыс қаупі бар жағдайды туғызды».

Нидерланды буржуазиялық революциясының басталуына түрткі болған бірнеше себептер бар. Олар – Нидерландының саяси құрылымы және бұл елдің саяси құрылымындағы екі бағыттың күресі. Біріншіден, император басқарған үкімет, кейін испания королі және арнайы Фландрия кеңесі. Іс жүзінде Нидерландыны Наместник – бас статхаудер басқарды. Екінші жағынан – Нидерландыда сословиялық монархиядан мұрагерлікке қалған өкілеттік мекемелер – Бас және аймақтық штаттар болды. Сондықтан Нидерландыдағы монарх өз қызметінде аздаған шектеулік көрді.

Нидерланды империя үшін аса маңызды еді. Ол Францияға қарсы аса маңызды әскери плацдарм болды. Сондықтан қалыптасып келе жатқан жалпы қақтығыстың терең себептері болды, олар Нидерландының әлеуметтік-экономикалық дамуының сипатында жинақталды. Фландрия мен Брабантта тауар өндірісі мен айырбас, сонымен бірге көпестік капитал XIII ғасырда терең орналасып, XVI ғасырда капиталистік қатынастарды дамытуға түрткі болар орталық болды. Ыдырап келе жатқан цехтық қолөнер орнына капиталистік мануфактура келді. Нидерландының ірі порттарының бірі Антверпен әлемдік нарықтың орталығына айнала бастады. Голландия мен Зеландия ірі экономикалық өзгерістер байқалды. Бірақ

Фландрия мен Брабанттың ірі ескі қалаларында ортағасырлық бюргерлер мен цехтық корпорациялар әлсірегеніне карамастан, біршама негізгі экономикалық өзгерістер байқалды. Дворяндар мен дін иелерінің әсері ерекше еді.

Келесі себеп – экономикалық өзгерістердің әлеуметтік нәтижелері. Алғашқы қорлану, экономикада капиталистік укладтың пайда болуы терең әлеуметтік дағдарыстармен қатар жүрді. Дворяндардың экономикалық және саяси негізі алшақтап кетті, ортағасырлық бюргерлер мен феодалдық шарулар ыдырады, сонымен бірге цехтық және ерікті қолөнершілер ыдырады, шарулар жаппай пауперлер мен қайыршыларға айнала бастады. Бұл жағдайға шетелдік монархтардың саясаты қосылды. Феодалдық аристократия, католик шіркеуі елде қожайын болды, салықпен тұншықтырды, ішкі реакцияны қолдап отырды. Қайшылықты әлеуметтік қақтығыстар пайда болды, олар көтерілісшілер қатарына ұласып кетті. Бұның ішіндегі аса ірілері 1534–1535 жылдардағы анабапистер мен 1539–1540 жылдардағы Гент көтерілісі.

Келесі себеп – II Филипптің феодалдық-католиктік реакциясы. II Филипп бүткіл саясаты испан дворяндарының мүддесімен анықталды. Осы жағдайлардың барлығы Нидерландыдағы революциялық ақсудың асқинуына алып келді. Кальвинизм ашық көрініс ала бастады. Үкіметке қарсы оппозицияға нидерланды дворяндарының біршама бөлігі қарсы шықты. Дворяндар өз артықшылықтарының жойылуына наразы болды. Сондықтан олар өз араларында лютерандық пен кальвинизмнің таралуына мүдделі болды. Бұл испан билігінің саяси оқшаулануына алып келді.

Нидерланды буржуазиялық революциясы XVI ғасырдағы мануфактуралық кезеңнің революцияларының арасында ерекше орын алады. Нидерланды революциясының ерекше сипаты 1648–1789 жылдары болған революциялармен салыстырғанда, буржуазияның әлі саяси тұрғыдан алғанда жетілмегендігі. Революцияның идеологиялық туы Кальвиннің діни доктринасы болды. Революция Испанияға қарсы азаттық соғыс сипатын алды. Тәуелсіздік соғыс жағдайында оқиғаның әлеуметтік мәні көлеңкеленді, себебі, алдыңғы орынға испандарға және оның одақтастарына қарсы әскери қимылдар басталды. Сондықтан Нидерланды буржуазисы, ағылшын буржуазиясымен салыстырғанда көбіне экономикалық ең күшті бөлік ірі сауда буржуазиясы дворяндармен одақтасты. Нидер-

ланды дворяндарының негізі феодалдық болды, сондықтан да көбіне тұрақсыз еді. Сондықтан әлеуметтік-экономикалық және саяси алғышарттары қолайлы болған солтүстікте революция жеңіске жетті.

Осыған қарамастан, Нидерланды революциясы еуропалық маңызы бар оқиғаға айналды. Еуропаның мемлекеттер жүйесі ретінде қалыптасуы нәтижесінде орын алған қақтығысқа еуропаның көп елдері тартылды. Амстердам XVII ғасырда бұрынғы Антверпеннің орынын басып, әлемдік нарық орталығына айналды. Революцияның негізгі сатылары XVI ғасырға дейін ұласты да, уақытша бейбітшілік туралы бітімшартта (1609) қорытындыланды. Нидерланды революциясымен байланысты оқиғалар өз заманында аса танымал болды. Нидерланды істерінде аса белсенділік танытқан мемлекеттердің бірі Англия еді. Бұл қатысу әртүрлі сипатта көрініс берді – дипломатиялық демарштан, әскери араласуға және ашық интервенцияға дейін. «Нидерланды істерімен» ірі мемлекеттік хатшы Фрэнсис Уолсингемнен бастап, қарапайым жалдамалыларға дейін байланыста болды.

XVI ғасырдың екінші жартысында Батыс Еуропалық саяси сахнада негізгі саяси және әскери күштер үш ірі абсолюттік мемлекеттер – Англия, Франция және Нидерланды болды. Бұлардың әрқайсысы өздерінің сыртқы саяси бағыттарын күшейтіп, өз бақталастарының күшеюіне жол бермеуге тырысты. Франция осы кезеңде классикалық абсолютизм сипатын иеленген елге айналды. Өз ішкі саясатының сипатына байланысты Испан абсолютті халықаралық аренадағы негізгі реакциялық күш болды. Ал, Англия үшін Испан тәжінің отарлары мен Нидерланды қызығушылық тудырған аймақ еді. Сондықтан Испанияның жаңа жауы Англия болды. Англиядағы Тюдорлық абсолютизм сипаты жағынан француз және испан абсолютизмінен ерекше болды. Оның әлеуметтік негізі дворяндар болғанымен, бұл ерекше түрдегі дворяндар болатын.

Англия мен Испания арасындағы дипломатиялық күрес шектеулі сипаттағы дипломатия болды. Нидерланды революциясындағы Англия Нидерландыға қатысты экспансиялық мақсаты көздеді. Шет елдік тарихнамадағы «Англия революцияға қолдау көрсетті» деген пікірмен келісу қиын. Англияның ұстанған саясатын төмендегідей қортындалауға болады: «Қарастырған деректер мен материалдардан, Тюдорлық абсолютизм XVI ғасырдың халықара-

лық қатынастар жүйесінде агрессиялық күш сипатында боды. Нидерланды істеріне революция кезінде араласуы Нидерландыға көмек көрсету мақсатында туған жоқ, шындығында тюдорлық абсолютизм өзінің Еуропадағы экономикалық, саяси стратегиялық мүдделерін қанағаттандырып, сауда соғысындағы өз үлесін алып қалуға тырысты».

Утрехт униясы. Нидерланды тарихындағы келесі мәселе – **Утрехт униясы.** 23 қаңтар 1579 жылы Утрехт униясы Нидерланды тарихнамасында іргелі конституциялық құжат ретінде қарастырылады. Унияның негізгі пунктері төмендегідей жарлықтардан тұрады: уния мүшелері барлық сыртқы жауларға қарсы күресуге міндетті, униядан шығып үшінші мемлекетпен сепаратистік келісімге келуге құқығы жоқ, қорғаныс мақсатында өз әскери күштерін ұстау, қалаларды, гарнизондарды нығайту, салық тағайындау, бейбітшілік пен соғыс мәселелерін шешу, Бас штаттарда сыртқы келісімдер жасау.

Біріккен Провинциялар Республикасының құқықтарымен мемлекеттік құрылымы біртіндеп қалыптасты және бұлардан революцияның әлеуметтік-экономикалық негізінің пісіп-жетілмегенін көруге болады. Мемлекеттік тәуелсіздік теориясы әртүрлі мемлекеттік-құқықтық теорияның революциялық және азаттық күрес тәжірибесінің синтезі ретінде қалыптасты. Алғашында қарапайым құқық жиынтығына сүйенсе, кейіннен Реформацияның ірі өкілдері қалыптастырған аргументтер пайдаланылды. Әсіресе, Жан Кальвин, Теодор Беза ісін жалғастырушылардың концепциялары аса ірі беделге ие болды. Бұл идеялар Калвинистік теолог Ал Тузия теорияларында жалғастырылып, Эмден қаласының теоретиктері мемлекет және құқық аймағында пайдаланылды. Ол үшін суверенитет мемлекет пен халықтың байланысынан көрініс тапты, бұл жерде халық «тобыр» емес, әлеуметтік-ұйымдасқан топ бейнесінде беріліп отыр және қолында билігі бар әртүрлі мемлекеттік-өкілеттілік мекемелер. Бұған тек суверенитет қана емес, сюзерен тұсында болатын биліктің тирандық қызметіне қарсы бақылаушы қызмет те жатады. Бұл биліктің ең жоғарғы ұйымы Бас Штаттар болып табылады. Республиканың халықаралық танылуы спираль бойынша жүрді деп есептелінеді. Республика негізгі халықаралық мойындауды тек 1648 жылы Вестфаль бітімінен кейін ғана алды.

Сонымен XVI ғасырда Еуропа басқа құрылықтарды артқа қалдырып алдыға шықты. Дегенмен Еуропаның өзінде жетістігінің

екінші жағы болды: алғашқы қорлану процесі тұрғындардың көп тобының қайыршылануына алып келді, кальвинизммен байланыстырылған еңбектің жаңа этикасы табысты куумен тығыз байланысты болды. Ренессанстық мәдениеттің ұлы шығармаларында көрініс тапқан керемет көтерілу сезімімен жаңа қоғамдық қатынастарда терең сезілетін әділетсіздік қатар жүрді. Утопистік социализмнің алғашқы шағармаларында сипатталған адамға лайықты қоғамдық құрылыс туралы арман бұл қоғамның алғашқы кезеңдерінде – ақ сынға ұшырады. Өзінің аса күрделі қайшылықтарымен сипатталған уақыттың адамдары мен оқиғалары қазіргі ғылым мен техниканың, саяси ойдың негізін салған теңдесі жоқ өнер мен мәдениеттің қалыптастырушылары ретінде тарихта өз ізін қалдырды.

Республиканың мемлекеттік құрылымы дуалистік сипатта болды. Бір жағынан, Габсбургтер үйінің құқықтық нормалары мен тәртіптерінде және мекемелер жүйесі жиынтығының мемлекеттік құрылымында ұқсастық болды. 1531 жылғы реформа бойынша мемлекеттік мекемелердің негізгі салалары – Мемлекеттік Кеңес, негізінен жергілікті феодалдық аристократиядан тұрды Кеңестің біршама үлкен құзырында – мемлекеттік қауіпсіздік, елді жоғарғы әкімшілік басқару, елдің әскери жағдайы, орталық және жергілікті мекемелер арасындағы қақтығыстарды арбитрлік қызметтерді жүргізу мәселелері болды.

Нидерланды мемлекетінің XVI ғасырдың 20-60 жылдары басқару ісіндегі маңызды бағыт – сыртқы саясат, сыртқы сауда, шіркеу істері болды. Бұндағы негізгі ролді сарай аристократиясы атқарды. Жасырын кеңесті вельможа басқарды, бірақ негізінен ол легистерден құрылды. Бұл кеңестің қызметі заң жобасын дайындау, ішкі саяси және әкімшілік мәселелері, сот ісін жүргізумен шектелді.

Қаржылық кеңес атақты үш адамнан, үш маманнан және бірнеше клерктен тұрды. Ол король доменін басқарды және король қазынасын сувереннің барлық регалийінен түсуге тиісті салықтармен қамтамасыз етті, елдің қаржылық жағдайын бақылауында ұстады. Атақарушы және бақылаушы қаржы ұйымдарының құрылымы: Лилль және Мехельндегі санақ және қазына палатасынан; Ақша шығарушы аула және осыған байланысты заң ісін жүргізетін органнан тұрды. Бұл саладағы ең жоғарғы орган апелляциялық сот кеңесі болды. Оның құрамына біліктілігі жоғары заңгерлер кірді.

Барлық мемлекеттік орталық ұйымдар жиынтығы аймақтық әкімшілік-соттық мекемелер мен әртүрлі қызметтер жиынтығына сүйенді. Ең алдымен, бұлар аймақтық статхаудерлер, бальялар, маркграфтар және дростылар, жергілікті әкімшілікті басқарушы биліктің епископтық және сенъиориалдық ұйымдары болды.

Тарау бойынша білімін тексеруге арналған сұрақтар:

1. XVI–XVII ғ. Испан католиктік империясының саяси жағдайы.
2. Нидерланды революциясының сипаты.
3. Нидерланды революциясының нәтижесінде қандай мемлекет құрылды ?
4. Біріккен Провинциялар Республикасын заңды түрде мойындаған бітім ?
5. Утрехт Униясының шешуге тиісті мәселелері.
6. Революция Испанияның қай географиялық аймағында жеңіске жетті.

17-тарау

XVI ҒАСЫР МЕН XVII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ИТАЛИЯ

Италия мемлекеттерінің территориялық жағынан іріленуі, олардың саяси жағынан бірігуіне әкелмеді. XVI ғасырдың басында Италия полицентристік сипаттағы мемлекет болып қала берді. Апеннин жартыаралында ондаған тәуелсіз мемлекеттер өмір сүрді, олардың ішіндегі ірілері – Милан герцогтығы, Венеция республикасы, Флорентия республикасы, Папа аймағы және Неаполитан патшалығы.

1494–1559 жылдардағы Италиян соғыстары. Саяси жағынан бытыраңқы, бірақ экономикалық тұрғыда дамыған, бай итальян жерлері француз дворяндарының назарын жүз жылдық соғыс аяқталмай тұрып-ақ өзіне тарта бастаған еді. Корольдер VII Карл, кейінірек VIII Карл Апеннин жартыаралына тонаушылық жорықтарынан бас тартқан емес. Себебі, олар дворяндарды байытып қана қоймай, Шығыс Жерорта теңізіндегі француз көпестерінің саудадағы бақталастарының да көзін құртар еді. Бұл жобаның заңдық негізі «Анжуй мұралығы» болды. Неаполитан корольдігі XIII ғасырдың екінші жартысынан Анжуй династиясына тиесілі болды. Тек 1442 жылы Арагон үйінің иелігіне өтті. 1494 жылы жазда VIII Карл әскері «Анжуй мұралығын» қайтару сылтауымен Италия территориясына еніп, ұзаққа созылған соғыстардың бастамасын жасады. Апеннин жартыаралы әскери кимылдардың театрына айналды.

Италиян соғыстарын екі сатыға бөлуге болады: 1) 1494–1513 жылдар – VIII Карл мен XII Людовик жорықтарының уақыты; 2) 1515–1559 жылдар I Франциск пен II Генрихтың император V Карл Габсбургпен соғысқан уақыты. 1494/95 жылдардағы фран-

цуз әскерлерінің Неаполитан патшалығының оңтүстігіне қарай жылжуы итальян мемлекеттері тарапынан белсенді қарсылыққа кездескен жоқ. 1495 жылы VIII Карл әскері Неапольді алды. Жергілікті халық француздарды құтқарушылары ретінде қарсы алды. VIII Карлдың жетістігіне себеп болған жағдай француз басқыншыларына қарсы тұру үшін бірігуді қаламаған итальян мемлекеттерінің арасындағы саяси бақталастық еді. «Бейтараптылық» позициясын жалғастыра отырып, 1495 жылы Италияның жетекші мемлекеттері – Милан герцогтығы, Венеция республикасы, Папа аймағы герман императоры I Максимилиан және Испаниямен біріге отырып, «Қасиетті Лиганы» құрды. Бұл одақтың мақсаты – Апеннин жартыаралынан француздарды қуу болды. Осы жылдың күзінде «Қасиетті Лига» әскерімен қиян-кескі соғыстардан кейін VIII Карл Италияны тастап шығуға мәжбүр болды. 1496 жылы жазда француздар елден толық шығарылды.

Француздар кеткеннен кейін жартыаралда саяси күштердің қайта топтасуы байқалды. Ішкі қақтығыстардың қайшылығы кейбір итальян мемлекеттерінің сыртқы саяси бағытының өзгеруіне алып келді. Мысалы, Миланмен жауласушы Венеция Франциямен одақтастыққа ұмтылды. Папаның Тосканадағы территориялық ұмтылыстарын тоқтатуға тырысқан Флоренция да осындай ниетте болды. Франция үшін осындай қолайлы жағдайда жаңа король XII Людовик 1499 жылы Италияға тағы да жорық жасады. Француздардың жолы болды: Милан, Ломбардия алынып, олардың жартысы француз королінің доменіне айналдырылды. Милан герцогі Людовик Моро жергілікті халықтың наразылығын пайдалана отырып, Швейцария жалдамаларының көмегімен француздардан Миланды қайтарып алды және үш ай Миланды ұстап тұрды. Дегенмен, швейцариялықтардың сатқындығының арқасында XII Людовик Миланды қайтарып алды.

Миланмен күресте Францияға Венеция және VI Александр Борджо көмек көрсетті. 1500 жылы XII Людовик Испаниямен Неаполитан патшалығын бөлу туралы келісімге келді. 1502 жылы оқшауланып қалған патшалықты француздар мен испандықтар бөліп алды. Кейін испандықтар француздарды Италияның оңтүстік аймақтарынан ығыстырып шығарып, 1504 жылы Франциямен үш жылдық келісімге келді. Оның нәтижесі Милан герцогтығын және Неаполитан корольдігін талқандау, Испанияның соғысқа араласуы болды.

Жартыаралда екі ірі держава – Франция мен Испания үстемдік жүргізе бастағанда олардың арасында тепе-теңдікті қалыптастыруға ұмтылған итальян мемлекеттері бір лагерьден екіншісіне өтіп, әртүрлі лигаларға бірікті. 1504–1513 жылдары итальяндық саясатта Венеция республикасы мен Папа ауданы белсенді рөл атқара бастады. Венеция Ломбардиядағы иелігін ұлғайтып, Апулиидегі ірі қалалар – Бриндизи, Трани, Отрантоларды иеленді. Чезарь Борджа билігі Романьедө құлағаннан кейін осы территорияға орнықты. Венецияның жетістігі көптеген итальян мемлекеттерінің наразылығын тударды. Оның ішінде Романьяны өз иелігіне қосып алуды көздеген Рим папасы II Юлийде бар еді. 1504 жылы II Юлий (Рим папасы) 1508 жылы Камбрей Лигасы ретінде қалыптастырылған Венецияға қарсы коалиция құрды. Коалицияның құрамына Венецияға талаптары бар Франция, Испания, Империя кірді. 1509 жылдың май айында Аньяделло түбіндегі ұрыста Венеция Камбрей Лигасының әскерінен жеңілді. Нәтижесінде Венеция республикасы Солтүстік Италияның көптеген қалаларындағы билігінен айырылып қалды. Венеция папамен және Испаниямен келісімге келіп, Романья мен оңтүстік Италия территориясынан бас тартуға мәжбүр болды.

Кейін жағдай тағы да өзгерді: Ломбардияны ұстап тұрған француз және империя әскерлерімен күресу үшін папа II Юлий Венециямен одақтасты. Папа 1511 жылы «варварларды қуу» ұранымен құрамында Испания бар Солтүстік Италия қалаларының «Қасиетті Лигасын» құрды. Италиян соғысының барысындағы ең көлемді соғыстардың бірі болған Равенна түбінде негізгі күші испандықтардан құралған «Қасиетті Лига» әскерін француздар талқандады. Бірақ XII Людовик жеңісті қолына ұстап тұра алған жоқ, Лига жағына өзінің одақтасы герман императоры I Максимилиан өткеннен кейін, Миланды және Ломбардия бекінісін тастап кетті. Папа испан-швейцар әскерлеріне сый ретінде бейтараптылық саясат ұстанған Флоренцияны беріп, одан контрибуция алуға рұқсат берді. Флоренция 1513 жылы контрибуция төлеуге, Медичи билігін қалпына келтіруге келісін берді. Венеция папа мен Испан одағының күшейіп келе жатқандығын байқап, 1513 жылы Франциямен келісімге келіп, Италияға жаңа жорық жобасын жасай бастады. Италиян соғыстарының бірінші сатысының нәтижесі Францияның жеңілуіне байланысты Испания ықпалының Апеннин

жартыаралында өсуі болды. Ал италян мемлекеттері шет елдік басқыншылардың бетін қайтаратын берік одақ құра алмады.

1515 жылы белсенді әскери қимылдар жаңа француз королі І Франциск тұсында тағы да жандандырылды. Осы жылдың қыркүйек айында франк-венеция әскерлері Мариньяно түбінде жеңіске жетті. Франция тағы да Миланға бекінді, Венеция Камбрей Лигасымен соғыста жоғалтқан Солтүстік Италиядағы иеліктерін қалпына келтірді. Апеннин жартыаралы ықпалдасу аймақтарына бөлініп кетті: солтүстікте Венеция мен Франция, орта Италияда – папа, оңтүстікте Испания үстемдік құрды.

1519 жылы күштердің тепе-теңдігі өзгере бастады. Себебі, испан королі І Карл герман императоры V Карлге айналды. Енді Испания мен империя Францияға қарсы ортақ күш ретінде бірге қимылдады. Франция мен Қасиетті Рим империясының ежелгі бақталастығы одан әрі ушықты: І Франциск үшін Солтүстік Италияның стратегиялық орталығы, жартыаралдың орталық аудандарына апаратын жолдардың ашылу мүмкіндігін беретін Миланды иелену аса маңызды болды. Император өз алдына француздарды Италиядан қуып шығып, онда өз билігін орнатуды мақсат етіп қойды.

1521 жылы көктемде І Франциск V Карлдың әскеріне қарсы превентивті қимылдар жасай бастайды. 1525 жылғы Павия түбіндегі ұрыста француздар жеңіліп, король тұтқынға түседі. Әбден әлсіреген екі жақ күресін тоқтатты, дегенмен, Испанияның позициясы біршама күшейді. Осындай жағдайда Венеция барлық италян мемлекеттерін бірігуге және басқыншылармен күресуге шақырды. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Венеция, Папа ауданы, Генуя, Флоренция, Милан Франциямен одақтасып, 1526 жылы Коньяк Лигасын құрды. Бірақ лига мүшелерінің арасындағы алауыздық, Ломбардиядағы әскери операцияларының нәтижесіздігі 1527 жылы Миланнан қол үзуге алып келді. Бұл жағдай испан империя әскеріне және V Карл әскеріне Римге жылжуға мүмкіндік берді. 6 мамыр 1527 жылы Рим қаласы алынды, 4 мыңға жуық қалалықтар өлтірілді, қала тоналды.

Тарау бойынша білімін тексеруге арналған сұрақтар:

1. Италян соғыстарының себептері және сатылары?
2. Италияның саяси дамуының ерекшеліктері неде?
3. Папа ауданы Италияның саяси дамуында қандай орын алды?

18-тарау

XVI ҒАСЫР МЕН XVII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АНГЛИЯ

§ 1. Англия мемлекеттілігінің қалыптасуы

Экономикалық және саяси дамуы. Дипломатия тарихындағы жаңа кезең ұлы географиялық ашылулар уақытынан-ақ Еуропада белгілі бола бастаған капиталистік дамудың табыстарымен айқындала түсті. Бұл жетістіктер біртіндеп орталықтанған абсалюттік монархияларға айналған мемлекеттердің саяси топтасуымен қатар дамыды. Ұсақ сеньерлар арасындағы феодалдық қақтығыстардың тоқтатылғандығынан кейін, олардың ендігі кезекте мықты король билігіне бағынғанынан кейін, біршама тұрақты ішкі тәртіп орнайды. Ол одан ары қарай экономикалық, атап айтқанда, капиталистік дамуға қолайлы жағдайлар туғызады. Өзінің құрамы жағынан дворяндық болғанымен де, бұрынғы замандардағы феодалдық бытыраңқылықты жеңе алатын арталықтанған мемлекет санатындағы абсалюттік монархия буржуазиямен тәртіп пен дамудың тірегі ретінде бағаланды.

XV ғасырдың соңынан бастап Еуропа халықаралық қатынастардың жаңа кезеңіне аяқ басады. XV ғасырдың аяғы XVI ғасырдың басында Испания, Португалия, Франция, Польша, Австрия, Турция, Англия сияқты үлкен мемлекеттер қалыптасады. Осы кезде мемлекеттік біртұтастықтың қажет болғаны соншалық, «мемлекеттік мүдде» саясаттағы ең жоғарғы өлшемі болып саналады. Мемлекеттік мүдде билеуші ақсүйектердің де мүддесі болған еді. Ол ішкі саясатта да, сыртқы қатынастарды да елеулі орынға көтерілді.

Король билігі дворяндық пен буржуазия арасында екі жақтылық саясат ұстана отырып, жекеленіп күшейе түсті. Бұл ұстаным сыртқы саясат пен дипломатияда көрінді. XVI ғасыр дипломатиялық қызметтің, жаңа мемлекеттің сыртқы саясатын жүргізетін орталық және жергілікті мекемелердің қалыптасқан ғасыры болды.

Еуропада XVI–XVII ғасырларда халықаралық қатынастардың үш негізгі түйіні, ошағы болған: 1) еуропаның батысында алдыңғы қатарлы 4 империяның – Испания, Франция, Англия, XVII ғасырдан бастап Голландияның сауда және отарлаушылық мүдделері қақтығысып отырды; 2) XVI пайда болып XVIII ғасырда аяқталған оңтүстік – шығыс мәселесі – еуропалық мемлекеттер мен Осман империясы арасындағы қарым-қатынастар; 3) еуропаның солтүстік-шығысында солтүстіктің державалары үш ғасырдай уақыт бойы Балтық теңізінің су жолдарын иелену үшін күрес жүргізген.

Осы үш ошақ біріне-бірі ықпал етіп, халықаралық қатынастарда күрделі комбинацияларды тудырып отырды. Нақ XVI ғасырды Америка құрлығының және Үндістанға теңіз жолының ашылғанынан кейін батыс державаларының алдында алғаш рет отарларды басып алу мен отарларды кеңейту мәселесі тұрды. Еуропадағы күрес отарлардағы күреспен күрделендірілді. Әрбір еуропалық қақтығыс артынша батыс державалардың отарлық иеліктеріндегі өзгерістерге алып келді.

XVI ғасырдың ірі еуропалық отаршыл державалардың қатарына Франция мен Испания, XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап Англия жатқызылды. Ағылшын дипломатиясы франсуздардікінен өзгешелеу. Францияда абсолюттік монархия күшті болды. Ал Англияда король билігінің ең күшейген шағының өзінде лордтар мен сауда буржуазиясы билеген парламент жұмыс жасап тұрды. Ол король билігін шектеп, оған қысым көрсетті. Дворяндар мен буржуазия XVI ғасырда елдің экономикалық биіктеріне қол жеткізіп, XVII ғасырда буржуазиялық революцияны жүзеге асырды; оның орнатқан тәртіптері капитализмнің дамуына кеңістік берді.

Англияда абсолюттік монархияның негізін салушы «Раушан гүлдер соғысынан» кейін билікті басып алған Генрих VII Тюдор саналды. Буржуазия мен жаңа дворяндардың қолдауымен таққа отырған Генрих VII (1485–1509) келісімімен абсолюттік ұстанымын жүргізеді. «Раушан гүлдер соғысында» өзін қатты әлсіретіп алған ірі феодалдық барондар оппозиция құрды. Кейбір барондар көтеріліс ұйымдастыруға даярланды. Мәселен, 1487 жылы Дублинде, 1497 жылы Карнуэллде барондардың көтерілісі өтті. Олар Иорктар әулетінің өкілдері деп жарияланған Дублинде Симнельді, Карнуэллде Вербекті VII Генрих мен күресте пайдаланды.

Осылайша, XV ғасырдың аяғында жаңа әлеуметтің жағдайы тұрақсыз болды, себебі феодалдық толқулар әлі толығымен

жойылмаған еді. Барондарға қарсы шаралар қолдана отырып VII Генрих 1488 жылы мемлекеттік сатқындық туралы заңның (билльдің) бекітілуіне қол жеткізді. Ол бойынша бүлікке қатысы бар деген 800 адам сотқа тартылып, тұтқындалды. Бүлік басшыларының жерлерін кең көлемде тәркілеу VII Генрих қазынасын байытты. Король мемлекет қаржысын көбейтудің әр түрлі тәсілдерін қолданды, феодалдарға әр қилы сылтаулармен айыппұл төлеттірді, парламентті әскери қажеттілерге деп субидеялар жариялауға міндетті. Феодалдық көсемдермен күрес феодалдық топтар ұстауға тыйым салатын заңның шығуына себеп болды. Лордтардың қол астында бір топ басыбайлылар шоғырланды. Мәселен, атакты Уорвикте 600-ге дейін жететін қарулы тобы болған. Ол топ оны парламентке дейін шығарып салатын. VII Генрих заңды бұзған лордтарға үлкен көлемде айыппұлдар төлетіп, көп ұзамай барондарды артиллерия ұстау құқығынан айырды. Барлық күш король қолына шоғырылғандырылғаннан кейін, қылыш, садақ, найзамен қаруланған барондар еш нәрсеге дәрменсіз болып қалды. Бұл уақытта тұрақты әскері болмағандықтан король өзінің жеке гвардиясымен шектелуге мәжбүр болды.

VII Генрих саяси сатқындық пен бүлік туралы істерді қарастыратын «**Жұлдызды палата**» атанған жоғарғы король сотын құрды. Бұл сотқа пэрлар сотынан басқаны мойындамайтын жоғары шенді адамдар тартылды. Ескі феодалдық топтардың әлсіреуі жаңа дворяндар қатарынан жаңа саяси күштің қалыптасуымен қатар жүрді.

Осы кезеңде король әкімшілігінің нығаюының алғышарттары қаланды, осыған дейін орталықтандыру шаралары жүргізілмеген аудандарда король ықпалын таратуға бағытталған солтүстік істері жөніндегі, Уэльс мәселесі жөніндегі кеңестер құрылды. Парламент бұл уақытта қызмет атқарды, бірақ король қаржысын көбейтуге ұмтылған VII Генрих оның көмегіне жүгінбеді. Генрихтің соңғы 13 жыл билік еткен жылдарында парламент екі рет ғана шақырылған.

Сыртқы саясатта ағылшын үкіметі соғыстарға қатысудан өзін алшақ ұстауға тырысты, сонымен Еуропадағы Франция мен Испания арасындағы күштердің тепе-теңдігін сақтап тұруды қажет етті. VII Генрих қалаған абсолютизмнің негізі оның мұрагерлері VIII Генрих Тюдордың (1509–1547) билік ету жылдарында одан әрі дамытылды. XVI ғасырдың алғашқы жартысына тән сипат – абсолютті позицияларын жан-жақты нығайту еді.

Король кеңесінің басты рөлді өз қолына шоғындыруынан, оның мүшелерінің феодалдар арасынан, көбінесе шенеуніктер арасынан корольдің тағайындалуымен билікке келуіне орай ішкі саяси жүйеде өзгеріс біршама қайта көрініс тапты. Парламент шақырылды және VIII Генрихқа жан-жақты есеп беріп отырды.

1530 жылға дейін ағылшын үкіметінің ішкі және сыртқы саясатында кардинал Уолси маңызды рөл атқарды. Кардинал Уолсидің салықты көбейтуге тырысу шаралары қауым палатасының өте қатты наразылығын тудырса, мемлекетке қарыз беруге мәжбүрлеу ісі жағдайды шиленістіріп жіберді. Бұның барлығы оның 1523–1524 жылдардағы позицияның әлсіреуіне алып келді. Уолсиді феодалдар абсолютизімді нығайту саясатын жүргізгені үшін жақтырмааса, халық салық көлемін артырғаны үшін жек көрді. Бірақта VIII Генрихтың саясатын халық та феодалдар да шешпеді. Шешуші сөз іс жүзінде жаңа дворяндар мен буржуазия қолында болды, ал кардинал Уолси бұл топтың да наразылығын тудырған. Тюдорлар билігінің негізін нығайту, сондай-ақ әлеуметтік қайшылықтарды біршама бәсеңдету мақсатымен ол жерді алуға қарсы шаралар жүргізді. Сонымен лендлордтардың (ірі жер иеленуші) және капиталист-фермерлердің пиғылдарына тосқауыл қойды.

Сыртқы саясат аясында VIII Генрихтың таққа отырғанынан бастап, Жапонияға қолдау көрсетіп, оның Францияға қарсы әскери қимылдарын мақұлдау дәстүрге айналды. Испаниямен одақтың көрінісі VIII Генрихтың испандық король Фердинанттың қызы Екатерина Арагонскаямен неке қиюы болды.

Сыртқы саясаттағы жағдай Павия түбіндегі шайқастан (1525) кейін Испанияның жағдайы нығайып, ол құрылықты билеушіге айналды. Осы уақыттан бастап ағылшындардың сыртқы саясатында Франциямен жақындасуға бағытталған күрт өзгеріс орын алды. Франциямен жақындасу Испаниямен одан кейін Габсбургтермен ара қатынасты үзуді білдірді, бұл өз алдына Рим папасына шіркеулік жағынан бағынудан бас тартуға алып келді.

Габсбургтермен және папамен ажырасудың сылтауы VIII Генрихтың Екатерина Арагонскаямен некесін бұзуы болды. Сарайда бұл уақытта корольдің көңілін аулаған фрейлина Анна Болейн тұрақтаған еді. Жаңа дворяндардан құралған сарай қызметкерлері ұйымдастырған, герцог Сэфолг басқарған партия Анна Болейннің көмегімен кардинал Уолсидің орнынан алынғанын қалады. Папа

ажырасуды бекітуден бас тартты, ал Уолси бастаған легаттар комиссиясы ажырасу туралы істі кейінге шегіндірді. Бұл Уолсидің тағдырын анықтады, оны алғашқыда сарайдан қуды, одан кейін тұтқындап Тауэрге аттандырды. Жолда Уолси қайтыс болды.

Уолсидің өлімінен кейін VIII Генрихтың үкіметі Екатеринамен ажырасу үрдісін бастап кетті. Енді ажырасу Испаниямен қатынасты үзуді емес, Римнің қол астынан шығуға ұмтылыс есебінде қабылданды. Себебі Рим папасы некені бұзуды бекіткісі келмеді. Ажырасу үрдісі Англияда реформация жүргізіп, шіркеудің көп мөлшердегі мүлкін тәркілеуге қолайлы сылтау болды. Осылайша, реформация басталды. Рим папасының міндеткерліктері халыққа ауыр салық болып тиетін, сондықтан да Риммен ара жібін кесуді олар оң қабылдады. Шіркеудің жерлерін тәркілеу біріншіден корольге, жаңа дворяндарға қажет болатын.

1532 жылдан бастап мемлекеттік билікті Т. Кромвель – жаңа тюдорлық қауымның өкілі иеленді. Оның қызметте көтерілуі макиавеллизм ұстанымдарына сәйкес келді. Макиавелли ұстанымы бойынша, монарх өз билігінің кеңеюі деген жалғыз мақсат үшін барлық «рұқсат етілген» және «рұқсат етілмеген» әдістерді қолданады. Бұл монархтың реалистік бейнесі. Т.Кромвель өз қолына мемлекеттегі ең ірі лауазымдарды алды. Ол барлық қаржы істерін жүргізді, корольдіктің үш баспасын басқарды, корольдің бас хатшысы болып, қарамағында үлкен шенеуніктер штатын ұстап, іс жүзінде Құпия Кеңесті – жоғарғы өкілеттілік органды басқарып отырған бірінші миистр қызметін атқарды. Нақ осы Кромвельдің тұсында ортағасырлық сарай басқарамасының орталықтанған мемлекеттің бюрократиялық аппаратына айналуының негізі қаланды.

1529–1536 жылдар аралығында парламентте бірнеше актілер қабылдады, оның нәтижесінде ағылшын королі шіркеудің басшысы болып жарияланды («Біріншілік жөніндегі акт» 1534), ол Риммен қатынастарды үзді.

1533 жылы Кентерберия архиепископы болып, реформацияны жақтаушы Томас Кранмер – дінтанушы ғалым сайланды. Ол сол сәтте – ақ корольдің Екатерина Арагонскаямен некесін бұзып, Анна Болейнге заңдастырды. Король ағылшын шіркеуінің басшысы болған соң, дінтану негіздерін анықтау құқығын иеленді, бұнда католиктік догмалардың біреуінің де ысырылмайтындығы баса айтылды. Осы кезден бастап Англияда шіркеу мемлекеттік

аппараттың бір бөлігіне айналды, ал оның барлық мүлкі король меншігіне өтті. **Реставрацияланған шіркеу енді англикандық** деп аталды.

1535 жылдан бастап аталмыш визитациялық комиссиялар шіркеу мүлкін бағалауға кірісті. Олар шіркеудің тыйым салынған эрекеттерге барғандығы туралы мәліметтер жинастырып, қоғамды шіркеуді тарату ойына даярлады. 1536 жылы шіркеулерге қысым көрсету басталды, нәтижесінде 376 ұсақ шіркеулер жабылды, ал олардың жерлері король меншігіне алынды. 1539 жылы қалған шіркеулер де жабылған болатын (барлығы 3000-ге жуық). Шіркеу жерлерінің тәркіленуі корольді шексіз байытты. Тәркіленген жерлерді сату мен шіркеу иеліктерінен салық алу VII Генрихқа 1,5 млн. фунт стерлинг ақша әкелді. Бұл жерлер Англиядағы өңделетін жерлердің төрттен бір бөлігін құрады. Тәркіленген жерлердің үштен бір бөлігі шенеунік – дворяндарға, жаңа және ірі буржуазияның қолына тиесілі болды. Қатардағы шаруа жер сатып ала алмайтын, себебі жер ірі учаскілерге бөлініп қана сатылды. Бұдан кейін ірі учаскілерде жаңа дворяндар поместьелері салынды. Шіркеу жерлерінің елеулі бөлігін ірі Лондондық банкирлер – Грешемдер сатып алды.

VIII Генрих реформацияны аяғына дейін жеткізуді көздемеген еді. Король өзінің католик екенін ескере отырып, реформациялық идеялардың халыққа өтіп кетуінен сескенді. Жаңа ереже бойынша Библияны оқуға қарапайым халыққа: қолөнершілерге, шеберханаларға, үй қызметкерлерімен шаруаларға тыйым салынды. Халықтың Библияны оқуына деген осындай қатынас жалпы католик шіркеуіне тән, керісінше протестанттар үшін Библия қару болды. Буржуазияның әлеуметтік қарсылығының діни көрінісі болған реформация Библиядан көптеген өткір әлеуметтік мәселелер табатын. Реформацияны тек корольдіктің мүддесі үшін жүргізген VIII Генрихтың көз алдында Библия қауіпті құралға айналды.

1530–1540 жылдардағы халық қозғалыстары жаңа дворяндарға, буржуазияға, жаңа көсемдерге және жалпы тәркілеу мен иеліктерді қоршап алумен байығандарға король абсолютизмін нығайту қажеттігін тағы еске салды. XVI ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап абсолюттік монархия өзінің дамыған кезеңіне аяқ басты. 30-шы жылдардың аяғында 40-шы жылдардың басында феодалдық аристократия арасында біртіндеп бүлік элементтерін басу саясаты

жүргізілді. Сарайдағы партиялар арасындағы бұл уақыттағы қарым-қатынас шиеленісе түскен болатын. 1536 жылы мамыр айында королева Анна Болейн корольге сатқындық жасады деп өлтірілді. Онымен неке заңсыз деп табылып, бір аптадан кейін король Джен Сеймурге үйленді. Одан корольдің Эдуард атты ұлы болашақ король – VI Эдуард дүниеге келді.

Король абсолютизмнің күшеюі мынадан да көрінді: парламент корольмен толық келісе билік жүргізе отырып, оған бірқатар ерекше құқықтар беретін статустар қабылдады. 1537 жылғы акт бойынша корольдің жарлықтары мен прокламациялары парламенттің жариялаған заңдарына теңестірілді. 1539 жылы католиктік діни ілімнің негізін баяндайтын «алты бапты» ұстанбағандарды өлім жазасына кесу тәртібін еңгізген «қанды статус» қабылданды. Ол «алты баптан» VIII Генрих бас тартқысы келмеді.

Осы уақыттан бастап «алты бапты» мойындамағандары үшін протестанттар да, корольді шіркеудің басшысы деп танығысы келмеген католиктер де жазалауға ұшырап жатты. 1540 жылы реформацияны біршама бір ізділікпен жүргізуге және неміс протестант князьдарымен одаққа ұмтылған Томас Кромвель өлім жазасына кесілді. Осындай саясаттың нәтижесінде болатын Еуропаның католиктік мемлекеттерімен ажырасуды король қаламаған еді. Бұл жағдайды Кромвельдің ақсүйектер арасындағы қарсыластары пайдаланып, нәтижесінде Кромвельді биліктен құлатты. VIII Генрихтың билік ету кезеңін толығымен ағылшын абсолютизмнің гүлденген дәуірі деп атауға болады. Осы кезде ағылшын абсолютизмнің көптеген өзіндік ұлттық сипаттары айқындала түсті. Егерде феодалдық топтармен күресе басқа мемлекеттермен салыстырғанда жаңалық болып табылмаса, король билігінің парламенпен қарым-қатынасы, сословиелік өкілеттілікті ақтап қалуы Франциядағы оқиғаларға қарама-қайшы келіп, жеке ағылшындық ерекшеліктер ретінде түсіндіріледі. Ағылшындық ерекшелік деп реформаланған ағылшын шіркеуінің абсолюттік монархқа толығымен бағынуын, мемлекеттің шіркеуді «жұтып» қойғандығын, ешқандай тап осындай ашық формада өтпеген шіркеу мүлкін жасқанбастан тонауын атауға болады.

VIII Генрихтың ұлы VI Эдуард (1547–1553) тұсында секуляризация нәтижесінде байыған жаңа дворяндар мен жаңа басшылардың позициялары одан ары нығая түсті. Олар шіркеуі бұрынғы-

сынша тонай беруді жалғастыруды жөн көрді. Шіркеуді тарату, оның мүлкін жекешелендіру істерін ақтау мақсатында VI Эдуард корольдің тұсында билікте отырған жаңа дворяндар реформацияны тереңдетуге күш салып, шіркеу ісіндегі төңкерістерге идеологиялық негіз ойластырып шығарумен айналысып жатқан.

Реформацияны тереңдетудің жақтастары 1549 жылы жаңа протестандық ереженің қабылдануына қол жеткізді, ол өзінің тұрақсыздығымен, анық еместігімен ерекшеленіп, әр түрлі діни партиялардың «қол шокпарына» айналды. Ал шіркеулік ұйымдардың, одақтардың мүлкін тәркілеу әлі де жалғасын тапты, ендігі кезек шіркеу қажеттіліктеріне қаржы жұмсап отыратын қолөнер және сауда гильдияларының мүлкін тонауға көшті. Шіркеудің қымбат тұрмыс заттары талан–таражға салынды. Король үкіметінің тонау саясаты VI Эдуардтың балалық шағында бұрынғы шіркеудің секуляризациялануымен содан кейін айырбасқа түсуімен немес қайта сатылуымен ұштасты. Сонымен үкіметтің үстіден бұйырып жүргізген реформациясы католицизмнің негізін шайқалта алмады, тек халықтың көз алдында шіркеу байлығын тонау, жерді тәркілеу, қоршаулар жүргізу, ал ең бастысы – шаруалардың жаңа кожайындар бұйрығымен жерден қуылуымен байланысты болды.

VI Эдуард қайтыс болғаннан кейін жаңа дворяндар VIII Генрихтің үлкен қызы, католик Мария Тюдордың билікке келуінен сескенип, төңкеріс жасауға тырысты. Протестанттар партиясын басқарушы герцог Нортумберлендский ұлын VII Генрихтың немересі 18 жасар Джен Грейге үйлендіріп, оны королева деп жариялады. Мария Тюдор дворяндардың көпшілігі мен Лондонның көмегіне ие бола отырып, бұл күресте жеңіске жетіп, таққа отырды. Джен Грей мен герцог Нортумберленд өлім жазасына кесілді.

Мария Тюдордың билік ету жылдары (1553 жылдың 19 шілдесі, 1558 жылдың 17-қарашасы) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатындағы елеулі өзгерістерді білдірді.

Сыртқы саясатта Габсбургтермен жақындасуға бағыт алынды, ол Мария Тюдор мен Филипп Испанскийдің некелесуімен бекінген ағылшын-испан одағына алып келді. Ішкі саясатта, бірінші кезекте діни өмірде қарастырылып отырған 3 жыл Англиядағы католиктік реакция жылдары, контрреформация уақыты болды.

Шығу тегі жағынан жартылай испандық, тәрбиесі жағынан испандық, фанатик-католик Мария өзінің тақ үшін күресіндегі жеңі-

сін католик шіркеуін қалпына келтіріп, Риммен татуласуға апаратын жол деп бағалады. Королева католиктік салт-дәстүрлерді, месаны, папа супрематиясын ғана қалпына келтіруді емес реформация кезінде шіркеулердің тәркіленген жерлерін өздеріне қайтарып беруді көздеді. Марияның шаралары бірден оның нағашысы V Карл Габсбургтың, герман императорының назарын аудартты, ол сол уақытта-ақ Англияның Испаниямен одағын жоспарлап отырған болатын.

1553 жылы қазанның 5 жұлдызында Марияның билігі тұсындағы алғашқы парламент іске кірісті. Оның қауымдар палатасындағы 372 адамның 40-ы алдыңғы парламенттің өкілдері, үштен бірі ағылшын шіркеуінің жақтаушылары болды. Алғашқы қаралаған мәселе – «Королева туылған некені заңды деп табу актісі» және Марияны заңсыз некеден туған деген 1536 жылғы актіні өшіру. «Мемлекетті еретиктерден тазарту» үшін Мария VIII Генрих VI Эдуард тұсында Еуропаның басқа елдерінен пана іздеп келген протестанттарды елден қуа бастады, сонымен оның контрреформациясы басталды.

Римнің супрематиясын қалпына келтіру Англияға Рим папасының легаты кардинал Реджинальд Полдың келуімен жүзеге асырылуы керек болатын. Папа III Юлий Мария мен Филипптің некесін үлкен үміт күтті, оның ойынша «Англия қайтадан шіркеу билігіне өтеді», яғни Римге бағынышты болатын болды. Бірақ супрематия мәселесі секуляризацияланған шіркеу жерлерінің тағдырымен ұштасты, Англияда испандық елші Ренар ескергендей «католиктердің иеліктері еретиктердікінен әлденеше есе көп». Сондықтан да бұрынғы шіркеу жерлерінің реституциясы елде үкіметке қарсы тек протестанттардың ғана емес, католиктердің де наразылығын тудыратын еді. Канулер, епископ Стефан Гардинердің пікірінше, Англияда папа супрематиясын қалпына келтіру «заңды иелерінің мүдделеріне нұсқан келтірілмейтін» жағдайда ғана мүмкін еді. Сондықтан да Симон Ренар құпия кеңестің мүшесі Тейджет Марияны 1554 жылдың сәуірінде парламентте «Басшылық жөніндегі Акт» алып тастаудың әлі ертерек екендігіне көндірді. Бірақ, Марияның Рим папасына шіркеу жерлерін қайтару туралы уәдесі тағы бар. Риммен татуласу мәселесі Англияға кардинал Полдың келуімен шешілуі тиіс еді.

Папа III Юлийдің нұсқауымен Реджинальд Пол «барлық шіркеу

жерлерінің иелеріне кешірім жариялады», ал жердің болашақта кімнің қолына өтуін королева шешетін болды.

Жер мәселесі күрделеніп кетті, оған Филипп араласты. Сонымен, 1555 жылдың 3-қаңтарында парламенттің қос палатасы да «VIII Генрих корольдің билігінің 22 жылынан бері Рим апостолына қарсы қабылданған барлық шаралардың, баптар мен статустардың жоққа шығарылуы туралы Акт, сонымен қатар, зайырлы тұлғаларға берілген мұрагерлерік мүліктің, шіркеу иеліктерінің сақталуын заңдастыру» қабылданды.

Заң екі бөлімнен тұрды, біріншісі Англиядағы папа супрематиясын қалпына келтірсе, екіншісі секуляризацияланған жерлер мәселесін шешті. Рим папасының қоюы мүмкін таластары мен талаптарына байланысты дау— дамайларды шешудегі делдал рөлін өз мойнына королева алды. Осылайша, 1555 жылдың басында папа супрематиясы қалпына келтіріліп, Англиядан интердикт алынып тасталды. Шіркеудің корольдікке алынған жерлерін Мария Тюдор «жан азабынан» құтылу үшін өзіне кері қайырды.

1555 жылдың күзінде төртінші парламент әрбір шіркеу бенефициінің жылдық табысының оннан бір бөлігін шіркеуге беруді қалпына келтіру заң жобасын талқылады. Ұзақ талас-тартыстан соң заң қабылданды, корольдің жылдық кірісінің 25 мың фунт стерлинг көлеміндегі табысынан айырылуына алып келді. Мария Тюдор дүниеден өткен соң ағылшын тағына VIII Генрихтың Анна Болейннен туылған қызы Елизавета Тюдор отырды. Елизаветаның билік ету заманы (1558–1603) ағылшын абсолютизмінің дамуындағы кульминациялық шыңы болды. Солай бола тұра, осы кезден бастап абсолюттік монархия мен жаңа дворяндар, буржуазия арасында пісіп, жетіліп келе жатқан қақтығыстың алғашқы белгілері біліне бастады.

Оның әкімшілігі ағылшындық шіркеу құрлысын тағы да бір рет өзгертті, VIII Генрихтың орнатқан тәртібін қалпына келтірді. Сонымен қатар, өкімет католицизм идеясындағы реформацияның тереңдетілуін жақтайтындарға, 60-шы жылдардың өзінде-ақ **пуритандар** деп аталып кеткен протестанттарға қарсы күрес жүргізді. Идеологиялық көсемі Картрайт болған пуритандар қозғалысының өкілдері ағылшын шіркеуінің кемшіліктерін жақсы көре білген білімді дінбасылар. Дворяндар мен буржуазияның қолдауына сүйенген олар негізгі рөлді бай қауымдардан шыққан

ақсақалдар – «пресвитерлер» шіркеу ұйымын құру мақсатын көздеді. Бұл пуритандарды **пресвитериандар** деп атады. Пуритандардың сол қанатын Браун басқарды, ол англикан шіркеуінен мүлдем қол үзуді және тәуелсіз дінге сенушілер қауымын ұйымдастыруды талап етті. Оның ізбасарларын «тәуелсіздер» немесе **индепенденттар** деп атады.

Пуритандармен күрес Елизавета билігіне тән сипатқа айналып, бірқатар тұтқындауларға, репрессияларға алып келді, себебі пуританизм күш алып келе жатқан буржуазияның туына айналған болатын.

Екінші жағынан Рим папасы Елизавета Тюдордың мұрагерлікке құқығын мойындамады. Католиктер Англияда қудалана бастады. Католицизм қудаланған дін ретінде, солтүстік Англиядағы реакцияшыл көсемдердің режимнің күшеюіне наразылық білдірудің қолайлы діни формасына айналды. Ол сондай-ақ, Испания королі II Филипп агрессиялық пиғылдарының тиімді бүркеленуі болды. Осылайша Испаниямен теңіз жолдары үшін күрес Англияның ішіндегі феодалдық оппозициямен күреске ұласып кетті. Феодал аксүйектер қолдаған католиктер үкіметтің абсолюттік режиміне қарсы шықты.

Испандық II Филипп пен Римдік папа Англияға шабуыл жа сауға даярланып, елдің ішіндегі антиабсолюттік қозғалысқа жан жақты көмек көрсетті, атап айтқанда иезуиттерді бағыттап, шотланд королевасы Мария Стюарттың ағылшын тағына таласуын қолдады.

Мария Стюарт шотланд королі V Яков пен француз қызы Мария Гиздың қызы. Балалық шағында Мария Стюарт Шотландия королевасы болып жарияланған, бірақ кейіннен Францияға шығарылып, француз сарайында тәрбиеленеді. Ол католик дінін бекем ұстанып, саясатта Гиз герцогтары мен II Филипп Испанскийдің еркіне көніп отырды. Ол француз тағының мұрагері, болашақ корольге тұрмысқа шығып, 1559 жылдан бері Франция королевасы атанған. Бірақ келесі жылы жолдасының дүние салуына байланысты, Шотландияға сол елдің королевасы есебінде оралды.

Шотландық лорд-пресвитериандар абсолютизмнің орнауы мен католик дініне қайтып келуден сескендіктен 1567 жылы Мария Стюартқа қарсы ұйымдастырып, тұтқындалған королеваны тақтан, баласы Яковтың пайдасына бас тартуға мәжбүрледі. Яков лорд Дарнлеймен некеден туылған болатын.

Марияның Англияда пайда болуы Елизавета Тюдор үшін қауіп төндірді. Себебі, Мария бұрын да ағылшын тағына таласқан, оның әкесі VII Генрих Тюдордың қызы Маргаритадан туған болатын. Мария Стюарт солтүстік графтықтар арасында үлкен беделге ие еді, сондықтан Елизавета оны тұтқындауға бұйрық берді. Бірақ Марияның қол астына испандықтарға бүйірі тартатын католиктер шоғырлана берді.

1569 жылы солтүстіктің феодалдары Марияны таққа отырғызуы үшін көтеріліс бастады. Бірақ, ол тез басылып жаншылды. Келесі толқу 1587 жылы жанданды. 1580 жылдары ағылшын-испан күресі жаңа саясатына көтерілді. Бұл уақытта Нидерландыдағы революция шиленіскен күйде болатын. II Филиппен күреске Англияның көмегі қажет болды және ол оған 1585 жылы қол жеткізді. Бірақ, Елизавета королеваның Испанияны қанша жек көрсе де, Нидерландыдағы революцияға болысуға ниеті болмады, сондықтан елеулі әскери қимылдар жүргізілмеді. Ал бұл босқа кеткен уақытты II Филипп Англияға соққы беруге даярлануды ұтымды пайдаланды. Соққыға сылтау, ағылшын теңізші-пираттарының Испания жағалаулары мен Америкадағы испандық отарларды тонауы.

Мария Стюарт пайдасына шешілген көтеріліс Испанияның Англияға шабуыл жасау жоспарының бір бөлігі болатын. Бірақ, төңкеріске даярлықтың жүріп жатқанын Елизавета Тюдордың әкімшілігі бөліп отырды, содан королеваның өміріне қастандық жасамақшы болғандығын дер кезінде білгеннен соң 1587 жылы ақпанның 8-ші жұлдызында Мария Стюарт Фоторингей сарайында өлім жазасына кесілді. Бұл туралы хабарды буржуазия мен дворяндар жақсы қарсы алды, себебі, олардың пікірінше Англия католиктік реставрациядан біржолата құтылды.

Мария Стюарттың өлтірілуі бүкіл католиктік – феодалдық Еуропаға қыр көрсету деп қабылданды. II Филипп Англия тағына үміткер есебінде соғысқа (1585–1605) аттанды. Ағылшын үкіметінің соғысқа даярлығы нашар еді. Нидерландыға, Ирландияға соғысқа және шотландық король VI Яковке субсидиялар төлеу көптеген қаржылық шығындарды талап етті. Испания жауларына көмектесу қаржының көп мөлшерде жұмсалыуына алып келді, екінші қырынан испандық басып кіру қаупі төнгендіктен амалсыздық шара болды. Ағылшын королевасы шет елдерден көп мөлшерде несе ала алатын мүмкіндігі болса да, 1587–1588 жылдары ол тек

өзінің қаржысына ғана сүйенді, себебі қалыптасқан халықаралық жағдайда шетелдік банкирлерді тарту мүмкін болмады.

Сондай-ақ, ағылшын көпестері де бұл уақытта көп шығынға ұшырап жатқандықтан қажетті субсидиялармен қамтамасыз ете алмады. 1588 жылдың басында флот пен әскери отрядтарды жабдықтау қажеттілігі айқын көрінеді, испандық «Жеңімпаз Армада» Англияға бар күшін жұмылдыруға даяр болатын. Король флотында барлығы 34 қана кеме, 6000-нан астам ғана адам болғандығына қоса қару-жарақ та жетіспеді. Бірақ, жаңа дворяндар мен буржуазия Англияның қорғанысын жалпыұлттық мәселеге айналдырды, олар өз есептерінен мемлекетке көптеген қосымша кемелер құрастыруға, іске қосуға ат салысты. Испания корольінің Англиядағы ішікі қайшылықтарға сенімі ақталмады. Ұлттық тәуелсіздікті испандық экспансиядан сақтап қалу мәселесіне келгенде әр түрлі деген қоғамдық топтар монархияның маңайына топтасты.

1588 жылдың мамырында испандық флот теңізге шықты. Испанияда «Жеңімпаз Армада» деп аталған флот кеме мен 8766 теңізшілер және 2088 галерлік құлдардан топталған экипаждан жасақталды. Кемелерде 21855 солдаттар және 300 монахтар, дінбасылар мен инквизиторлар болды, олар басып кіргеннен кейін лезде ағылшындарды католиктерге айналдыруды көздеген болатын. Бұл әскери күшке тағы қосымша Нидерландыда шайқасып жатқан испан әскерінен 17 мың солдат қосылуы тиіс еді.

Жеңімпаз Армаданың кемелері ауырлығымен және үлкен көлемділігімен қызу әскери қимылдарға сәйкес келмейтін, ал ағылшындардың кемелері екі есе тез жүретін қабілетімен, жеңілділігімен, тез алдауға қолайлылығымен ерекшеленген. Армада Англияға маусымның ортасында ғана жақындады. Адмирал Говардың әскері бастаған ағылшын теңізшілері Армаданы Ла-Маншқа өткізді. Елизаветаның даңқты Гоукинс, Дрейк және Фробинер сынды пираттары испандықтардың соңынан Калеге бағытталағн күйінде жүзіп отырды, үлкен шайқастарға түспей жауларына тек ұсақ-түйек залалдар келтіріп отырды.

28-шілдеде қарсылас флоттар Калеге кездесті. Ағылшындар (140 кеме жабдықтаған) түнде 6 кемесін испандықтарға қарсы жіберді. Испандықтар арасында шу басталды, көбі өртенді, тағы бір бөлігі бір-бірімен соқтығысып, батып кетті: жау флоты шашырап қалды. Келесі күнгі теңіз шайқасында Армада қатты жапа

шекті. Ағылшын теңізшілері батыл испандықтарды қудалауға кірісті, бірақ боран басталуына орай шегінді. Дауылда қалған испандықтар болса, Шотландия жағалауларына дейін шашырап, шабуылдары бірізділіктен, жүйеліліктен айырылды. Бұл Жеңімпаз Армаданың ақыры еді, одан қалған 43 кеме Испанияға оралды. Испания әскерлерінің Англияға баса көктеп ену жоспары іске аспай қалды.

Бұл жорықтың сәтсіздігі ағылшын кемелерінің техникалық жағынан озық болуымен (Англия Испанияға қарағанда экономикалық дамуы жағынан әлденеше есе алда болаты) және Армаданың басшысы Медина-Сидонияның Нидерландыдағы Александр Пармскийдің әскерімен тезірек кездесуіне қолдау көрсетпеуімен түсіндіріледі. Испандықтардікіне қарағанда алысқа жеткізетін ағылшын артиллериясының жоғарғы сапасы да ағылшын теңізшілерінің Ла-Манш суларында еркін жүзе білгендігі де шешуші рөл атқарды.

Армаданың талқандалуы ағылшын–испан теңіз күресіндегі түбегейлі бетбұрыс еді. Осы кезден бастап Испанияның қуатының біртіндеп әлсіреуі байқалды. Испания мен Англия арасындағы теңіз күресі капиталистік өндірісті Англияның жеңісіне алып келді, осы кезеңнен бастап ол ұлы державасының деңгейіне көтерілді.

1589 жылдың басында Испанияға қарсы Неристің және Дрейктің басшылығындағы экспедициялары жіберілді. Бұл өте үлкен масштабтағы әдеттегі пираттардың жорығы 18 мың адам 150 ағылшын кемелерімен болды. Ағылшын теңізшілері Испания жағалауларын тонап, елге үлкен зардаптар әкелді. Бұдан кейін Испанияның әлсіздігі анық көріне бастады, ал ағылшындар – дворяндар, пираттар, қарапайым халық Испандық отарларды тонауға кемелерін жасақтады. 1590 жылдан бастап Капер – испан кемелеріне пираттардың заңдастырылған шабуылы жедел қарқынмен өршіді. Испаниямен теңіздегі соғыс таза тонаушылық шараға айналды.

Шіркеу реформасын жалғастыру туралы мәселе селодағы джен-трилерді де Лондонға көпестерді де қатты аландатты, қудалауларға қарамастан пуритализмнің жақтастары жаңадан қалыптасып келе жатқан буржуазиялық дүниетаным өкілдері ретінде 1571 жылдан бастап қауымдар палатасында өздерінің алғашқы оппозициялық пиғылдарын білдіртті. 70–80 жылдары парламент пен құпия кеңесті билеген королева келісіп қызмет атқарды. Сыртқы саясатта да, ішкі сауды және өнеркәсіп мүдделерін қамтамасыз етуде Елизаवे-

та Тюдор жаңа дворяндар мен буржуазияның одан ары дамытылуына қолайлылық туғызды. Ағылшын абсолютізміне тән сипат: парламенттің абсолюттік монархияның шырқау шегіне жеткенінде де сақталып тұрды.

Бірақ XVI ғасырдың 90-шы жылдарынан кейін жағдай күрт өзгерді. Күшейген капиталистік элементтер арасындағы бастапқыда аса еленбеген, кейіннен үдере түскен алшақтану тереңдей түседі. Олар абсолюттік монархияның шектен тыс мәпелеуінен сескенип, еркіндікке ұмтылды. Парламенттегі буржуазиялық оппозиция корольдің монополиялық патенттер беру саясатына наразылық білдіреді. Бұдан көп бұрын-ақ Тюдорлар жеке тұлғаларға немесе компанияларға сауда және өнеркәсіп орындарын монополиялық иеленуге патент берген. XVI ғасырдың ортасында бұл шара буржуазиялық дамуға қандай да бір үлес қосса, XVI ғасырдың аяғында монополиялар Англия экономикасының қозғалысының тежеуші болды, еркін капиталистік дамуға кедергі жасады. Монополиялар көбінесе сарайдағы корольдің айналасына берілді, бұл оларды байыта отырып көпшілік буржуазияның наразылығына тап болды. 1601 жылы қауымдар палатасы монополиялар туралы мәселені қарастыруды талап етті. Парламент пен корольдің арасындағы қақтығыс үдеп бара жатқандықтан королева келісімге баруға мәжбүр болды. Бірақ, шындығында монополияларды жою тек формальдық шара еді, іс жүзінде жағдай өзгермеді.

Ағылшын абсолютізмнің ерекшеліктерінен XVI ғасырдың аяғында, парламент пен корольдің арасында қақтығыстардың туындаған кезінде абсолюттік монархияның позицияларының біршама әлсірей бастағандығы көрінеді. Бұл әлсіздік Англияда корольдің толық қарамағындағы тұрақты армиясының болмауымен түсіндіріледі.

XVI ғасырдың 30 жылдарында да, кейінірек Елизавета Тюдордың тұсында да орталық бюрократиялық жүйені дамытуға, сарайлық ведомстводан алшақтап кеткен мемлекеттік мекемелерді қалыптастыруда көптеген реформалар жүргізілсе де ағылшын монархиясының бюрократиялық аппараты әлі де озық бола алмады. Пара алушылық, қазына тонаушылықпен қатар, жағдай графтықтарда лауазымдарын жергілікті жаңа дворяндардың қолында болуымен күрделенді. Корольдің бұйрықтары жаңа дворяндарға да тиімді болғандықтан ғана орындалып отырды. Елизавета орталық

аппаратта жұмыс істейтін ең жақсы деген мемлекет қайраткерлерін (Берлей, Бэкон, Уолсингель, көпес Томас Грешем) таңдай білді. Уолсингель басқарған тыңшылық пен ақпараттандыру жұмысы да жақсы жолға қойылған болатын, соның арқасында королева Еуропаның барлық мемлекеттері туралы хабарландырылып отырды. Капиталдың алғашқы жинақтала бастауы кезеңінде королеваның қаржы кеңесшісі болған «көпестердің королі» Томас Грешем де кәсіпкерлігімен ерекшеленеді.

Елизаветаның билігінің екінші жартысында Роберт Сесиль, философ Френсис Бэкон сияқты дарынды қайраткерлер тарих сахнасына шығып, мемлекеттіліктің кемшіліктері барған сайын айқын көріне түседі. Бұл кемшілікті фаворитизм жүйесімен толықтыруға тура келеді. Егерде Елизаветаның билік етуінің алғашқы жартысында королеваның Лейстер сынды фавориттері бағыныңқы рөл ойнаса, екінші кезеңінде олардың белсенділігі артып, маңыздыланды. Елизаветаның билігінің соңына қарай айқындала түсендей, парламентті сақтап отыру ауқатты топтарға елбасының әрекеттерін қадағалап отыруға берді. Бұл тек ағылшын абсолютизміне ғана тән, себебі, Францияда Бас штаттар 1614 жылдан бері мүлдем шақырылмайды, ал абсолюттік монархия өзінің шырқау шағында еш шектеуді білмейді. Англиядағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуының тез қарқынмен жүргендігі соншалық абсолютизмнің өмір сүрген уақыты тым қысқа болып қалды да оған керекті басқару құралдары қалыптасып, дамып үлгермеді. Ол қоғамның озық топтарының дамуына кедергі жасады.

§ 2. Англияның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі

XVI ғасырдың басына қарай Англияның өнеркәсіптік экономикасы салыстырмалы түрде тауар-ақша қатынастарының пісіп жетілген жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Капиталистік кәсіпорындар пайда бола бастады. Бұл кезеңде Англияда өнеркәсіптің күрт өсуінің перспективасы көріне бастады, ал бұл өз негізінде қалалардағы қолөнер цехтарынан тыс жерде де, қақтығыстан тыс қала алмайтын.

Ұсақ өндірушілердің тауар шаруашылықтарының күшеюі ұйымдасқан – феодалдық қолөнерді ыдырату факторы бола тұра, өндірістегі билеуші қатынастарға да феодализмнің өзіне де қайшы келмеді. Ол ыдырауға себепші болып, оның өзіндік жоғалып

кетуіне материалдық негіз құрды. Ағылшын саудасы мен өнеркәсібінің дамуы үшін XVI ғасырдың өзінде-ақ көрініс тапқан қоршау, секуляризация сынды капиталдың алғаш жинақталуының классикалық әдістері анықтаушы бағыт болды.

XVI ғасырдың басында Англияда шамамен 4 миллион халық, оның бестен төрт бөлігі ауылдарда мекендеді. Осы уақыттағы ағылшын деревниісындағы әлеуметтік және ағарарлық салалардағы сапалы өзгеріс феодалдық қатынастардың түбегейлі құлдырауына алып келді. Жоғары деңгейге жеткен тауар шаруашылығының интенсивті дамуымен даярланған өнеркәсіптегі капитализмнің қалыптасуы, ұсақ өндірушілердің дифференциясы, ақшаның бірінші кезекте саудагерлердің қолында жинақталуы шаруаларды күштеп және жаппай экспроприациялау үрдісімен жеделдетілді. Жасанды экспроприация нәтижесінде жалдамалы жұмыс күшінің рыногы кеңейді. XVII ғасырдың басына қарай олардың төрттен бір бөлігі өмір сүру құралдарынан мүлдем айырылғандар қатарына енді.

Тоқыма өнеркәсібінде жұмысшылардың шоғырлану деңгейі жоғары болмады. Бұл ағылшын капиталистік өндірісінің даму деңгейіне тән құбылыс, өйткені тоқыма өндірісінде бүкіл халықтың үштен бір бөлігі қызмет етті. Лавенгельдегі Томас Спринг, Ньюберидегі Джон Улчкомның өнеркәсіптері сияқты орталықтанған мануфактуралар сирек кездесті. Олар негізінен бұрынғы шіркеулердің ғимараттарында шашыранды орналастырылды. Парламенттің шұға саудасы жөніндегі комитетімен көпес – авантюристердің компаниялары сәтсіздіктердің басты себебі еуропалық елдер арасындағы сауда қақтығыстары деген қорытындыға келді. Бұл уақытта Германияда тұрпайы голландық шұға сұранысқа ие болып тұрғанда Англия әкімшілігі жоғары сапалы шұғаға сұранысты өсіру үшін бірқатар шаралар қолданды, ол ағылшындарға сырт киімді шұғадан ғана тіктірту қажеттігі туралы заң шығарды. XVII ғасырдың ағылшындары үшін жүннен тігілген киімдер ағылшын корольдігінің ең жақсы тауарлары болып саналды.

XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап көмір өндірісінде күрт өсу байқалды. Бұған Англияның орман қорларының таусылуы «орман дағдарысы» алғышарт болды. 1550 жылдары көмір өндірушілер өздерін жер қазушылар деп атап, көмірді ауыл шаруашылығы жұмыстарынан бос уақыттарында өндірген. 60-шы жыл-

дардың басында көмір өндірісінде жалдамалы жұмысшылар пайда болды: шахтерлер саны 3–4 мыңға, ал көмір тасмалдаумен айналысатын жұмысшылар 2 мыңға жетті. XVI ғасырдың аяғында бір шахтадағы жұмысшылардың жалпы орташа саны 150 мен 200 дiң арасында, ал жанында орналасқан рудаларды өндiру шахтасында бiр топтың 3,5-5 мың жұмысшы болды. Осылайша, 1550-1600 жылдар аралығында тауда көмір өндiрумен шұғылданатындардың санында күрт секiрiс орын алды. XVII ғасырдың алғашқы жылдары шахтерлер саны 21 мыңға, ал көмірді тасмалдаушы жұмысшыларды қосып есептегенде көмір өндiрiсiндегi жалдамалы жұмысшылар көлемi 30 мың адамға жеттi.

Шахталардың тереңдеуiне байланысты суды шығару мәселесi қойылды, ол үшiн ауа насостары қолданыла бастайды. Руданы бiрiншi өңдеуден өткiзгенде бөлетiн және ұсататын диiрмендер салынды. Көмір шығаратын өнеркәсiптердi құрал–жабдықтармен қамтамасыз ету мақсатында XVI ғасырдың аяғы XVII ғасырдың басында екiден алты мыңға дейiн фунт стерлинг жұмсалды. Көмір шахтыларындағылардың жағдайы мүлдем теңсiз болды. Англияның кейбiр аудандарында, мысалы Динский орманындағы көмірді тек ерекше гильдиялар ғана өндiре алды. Бiрақ бұл гильдиялардың мүшелерiн тау-кен iсiндегi техникалық дамуымен жалдамалы жұмысшылар ығыстыра бастады. Бұл ұсақ кәсiпкерлер өздерiнiң пайдаларын (көмір рудасы ораналасқан иелiктерiн) не сатуға, не жалға беруге мәжбүр болды, олар жалдамалы жұмысшы дәрежесiне дейiн түсiрiлдi. Олардың кедейленуi өндiрушiлердiң тiкелей меншiгiнен айырылуының, яғни экспроприациялануының бiр аспектiсi. Бұл қаладағы iшкi цехтiк капиталистiк элементтермен қаналған және деревнялардағы жаңа мануфактуралармен бәсекелестiкке шыдамаған қаладағы ұсақ қолөнершiлердiң ойсырай кедейленуi аналогиялық үрдiсiне сәйкес келедi.

XVI ғасырдың екiншi жартысында елде ауа үрлеушi машиналары су диiрменмен iске қосылатын салыстырмалы түрде iрi домна пештердiң шығуының нәтижесiнде байқалған металлургия iсiнiң де елеулi дамуы орын алды. Осы кезге сай пештердiң көлемi әдетте, 12-16 фут биiктiкте және 4,5 фут ендiкте болды. XVII ғасырдың басында бұдан екi есе көлемдi домна пештер салынды. Домна пештерiнiң өндiргiштегi үзiлiссiз өндiрiстiң мерiзiмiнiң ұзартылуының есебiнен көбейдi: егерде ол XV ғасырда 6 күнге тең болса, XVII ға-

сырда 40 аптаға тенелді, орташа есеппен күніне 1 тонна металл балқытып беретін.

Көмір, темір, қорғасын өндіретін ірі капиталистік кәсіпорындар XVII ғасырдың басында барлық жерлерде кездесті. Бұндай өнеркәсіптердің басында әдетте «Company of Hostem», жалпы ағылшындық «Mineral batfery Works» сияқты өнеркәсіпшілер тобы шоғырланды. Біріккен капиталдың негізінде қалыптасқан өнеркәсіптерге корольдің руда өндіру компаниясы мысал бола алады. Өндірістің негізгі салаларының дамуымен бірге прогрессивті өндірушілерден тікелей тәуелді ішкі ағылшын рыногы көп мөлшерде тұтынушыға айналды. Мануфактуралық өндіріс кезеңінде пауперизация үрдісі аяқсыз қалып, ұлттық тұтынудың тұрақсыздығын анықтады. Осы кезде күнделікті тұрмыста тұтыну тауарларының бағасы бұрын сонды болмаған деңгейге көтеріліп кетті. XVI ғасырда қамтыған бағалар революциясы бүкіл Еуропаны қамтып, Америкадан әкелінген алтын мен күмістің жеңіл жолмен келуінен туындаған және бұрынғы жалақы туралы заңдарды жарамсыз етті.

Дворян-аксүйектер еркін іскерлік белсенділік мәселесін немесе сол кездегі термин бойынша «еркін сауданы» шектен тыс шиленістерді. Монополиялық компанияларға кірмейтін көпестер «еркін сауданы» талап етті. «Саудаға еркіндік» ұранын өздерінің негізгі талаптары есебінде өнеркәсіп кәсіпорындары үкіметке жіберген көптеген петицияларында ұсынды; өнеркәсіпшілер монополиялық билік тудырып отырған, экспорт жылдарының тарылтуының экономикаға келтіретіндігін түсінді. Саффолктың шұға шығаратын өнеркәсіптерінің иелерінің шұға өндірісінің басты кедергісі сауда компаниялары деп ескерткендері негізсіз емес еді. Ағылшын сауда – саттық ісінің ұйымдасқан формалары болып компаниялардың екі типі: ливрейлік және «қадағаланатын» табылды.

Ливрейлік компания деп саудагерлер одағы мен қолөнершілер одағы аталады. Ағылшын қалаларының экономикасындағы басты рөлді саудагерлер одағы алды. Лондондағы он екі ірі компаниялар (жібек, барқыт, шұға сататындар, бакалейщиктер) іс жүзінде экономиканың басқару посттарын, қала басқарудағы, сыртқы саясаттағы басты орындарды өз қолдарына шоғырландырды. Екінші типтегі «қадағаланатын» компаниялардың ең мықтысы көпес-авантюристердің ұйымы болып табылды. Олар корольден қандай да бір саладағы сыртқы сауданы жалғыз жүргізу үшін артықшылықтар алды.

XVI ғасырдың жартысында еуропалық сауда жүйесінде өзгерістер болды. Саудагер буржуазияның күшеюімен және корольдік монополияны алып тастаумен байланысты испандық және португалдық отаршыл саудада жаңа кезең басталды. Испандық король әкімшілігінің бұрынғы ескі сауда жүйесінен (корольдік сауда агенттерінің көмегімен) және үнділік тауарлар түрлерінен бас тартуына бірден бір себеп – алғашқы капиталдың жинақталуынан экономикалық және саяси беделі күшейген испандық – португалдық буржуазиямен санасу қажеттігі және көбейтіп кеткен сауда капиталының енуіне төтеп беру керектігі. Халықаралық маңызы бар голландық рынокта ағылшындарға өздерінің позицияларын қорғап қалу үшін тек қана голландықтармен ғана емес Солтүстік германдық ганзейлік қалалар одағымен де күрес жүргізді. Осыған қарамастан ағылшын үкіметі Англиядағы Нидерландық саудагерлерді қыспақта ұстады.

Саяси дамуы. XVI ғасырдың аяғында Нидерландының теңіз қуатының артуы Англияның наразылығын тудырды. Ол әсіресе 1599 жылы Голландия Бас Штатының бейтарап мемлекеттерге Испания, Португалия және Италиямен сауда қатынасына түсуге тыйым салғанынан кейін шиленісті. Англия мен Голландия арасындағы теңіз бәсекелестігі барлық бағыттарда өрбіді. 1604 жылы Голландия Испаниямен одақтасып, ағылшындар үшін Шельдағы жолды бөгеп, олардың оңтүстік Нидерландтық порттармен сауда қатынастарын қиындатты. 1609 жылы I Яков шетелдік балық аулаушыларды арнайы салық төлеуге міндеттеді. Бұған байланысты көптеген келіссөздер жүргізілді, бірақ, олар еш нәтиже бермеді, ал теңіз бәсекелестігі жалғасты.

Саясат буржуазия өкілдерінің қолында болған Англия, Голландия капитализмнің даму үрдісі тездетілді. Сауданың, өнеркәсіптің тез қарқынмен дамуына, буржуазияның баюына ықпал етті. Еркін капитал мен тәжірибеге ие буржуазия теңіз саудасына тез қосылып кетті. XVII ғасырда Англия португалдық отарлық тауарларды қабылдаушы рыногына айналды, себебі Португалиядағы билеуші топты құраған меншік иелері өнеркәсіптің дамуына кедергі жасады. Сондықтан барлық өнеркәсіп бұйымдарын Англиядан сатып алуға тура келді. XVI ғасырдың 70-80 жылдары үкімет пен парламент ішкі және сыртқы саясатта бірлесіп жұмыс жасады. Елизавета Тюдор халық бұқарасының наразылығын жанши отырып, жаңа

дворяндар мен буржуазияның, сауда мен өнеркәсіптің қажеттіліктерін қамтамасыз етіп отырды. Абсолютизм экономиканың дамуына қолайлы жағдайлар туғызды.

XVI ғасырдың 90-жылдарында жағдай өзгерді. Күшейіп алған капиталистік элементтердің мүддесі, еркіндік талап еткендіктен, король мақсаттарынан барған сайын алшақтай берді. Нақ осы тұста ағылшын монархиясының әлсіздігі көріне бастайды. Елизавета билігінің соңғы жылдары құлдырау факторларының әсерінің күшеюімен сипатталды. Бұл уақытта парламент барған сайын тәуелсіздікке ұмтылсын ашық көрсетті, ал Лондондық тұрғандар королеваны бұрынғыдай құрмет тұтпады. 1603 жылы билікке жаңа Стюарттар әуелі келіп (I Яков), 1604 жылы шақырылған парламент үкіметтің лауазымдық қызметін асыра сілтеп, өз мүддесіне пайдаланатындығын, қауымдар палатасының құқықтарына қатысты өз көзқарасын ашық айтты. Парламенттің король билігімен келіспеушілігі тереңдей түсті.

Ағылшын отаршыл экспансиясының тарихы Испаниямен соғыстан басталды. Еуропада да, Америкада да бәсекелесуші екі держава арасында үзіліссіз соғыстар жүріп жатты. Англия бірде Голландия, бірде онымен және Франциямен біресе отырып Испаниямен соғысты, одан кейін Испаниямен одақтасып Франциямен соғысты. Бұл әлемді бөліп алу үшін жүргізілген күрестің өзіндік саяси және экономикалық себептері болды. Территориялық жаулап алушылықтың, кемелерді басып алып тонаушылықтың ресми соғыс ашусыз – ақ орын алуы жиілей түсті. Бұл әрекеттер қарақшылардың қолымен жүзеге асырылды. Қарақшылықты еуропалық қоғам үйреншікті құбылыс деп қабылдады. Әсіресе ағылшындар үлкен жетістіктерге жетті. Қарақшылықпен Англияда ағылшын аристократтарының мұрадан айырылған кіші ұлдары, жалпы айтқанда іскер, білімді ағылшын қоғамының бөлігі айналысты. Ал басқа еуропалық елдерде қарақшылықпен әдетте қарапайым халық өкілдері айналысатын.

Ағылшын қарақшылығының дамуына Англияның қолайлы географиялық орналасуы, Англияны екі Үндістанмен де байланыстырып тұрған сауда жолдарына жақындағы, сонымен бірге, үкіметтің қолдауы ықпалын тигізді. Король мен парламент қарақшылардың қылмыстық әрекеттеріне көз жұма қарады. Әрине белгілі бір төлем үшін. Ағылшын қоғамының қажеттіліктері көпестердің

өз елінде және шет жерлерде, атап айтқанда Үндістанда, сауда жасау құқықтарын алу мақсатындағы күреске араласыуын талап етті. Үндістан үш еуропалық держава – Португалия, Голландия, Англия арасындағы бәсекелестіктің ошағына айналды. Бұнда әсері күші басымы өз шарттарын алға қоятын.

XVII ғасырға қарай ағылшын саудасының тарихында екі маңызды оқиға орын алды: ағылшын нарығынан Солтүстік германдық одақты ығыстыру және 1600 жылы ағылшындық Ост-Үнді компаниясының құрылуы. Бұл екі қадам XVI ғасырдың аяғы XVII ғасырдың басындағы ағылшын саудасының сипатын өзгертті. Біріншісінің маңыздылығы ганзальық көпестердің «қамқорлығынан» құтылуымен аяқталды.

Жаңа сауда жүйесі еуропалық сауда, яғни еуропалық монополиялық сауда принциптерінің қолданылуына негізделді. Бұндай сауданы дамытудың сырттағы сауданы ұйымдастыру мен қаржыландыру сияқты қиыншылықтары болды. Оны шешу үшін акционерлік компанияларды құру қажеттілігі туындады. Осындай компанияларды құру тәжірибесі ең бірінші Англияда жүргізілді. Ағылшын Ост-Үнді компаниясының құрылуы бұл тәжірибенің ең табысты жүзеге асырылғаны болды. Бірақ, ол үлкен тәуекелге баратын, қолма-қол табыс түспеген кездерде ол мемлекеттік қазынаға жүгінетін. Қаржылық саясат және онымен байланысты «қадағаланатын» және акционерлік компанияларға хартиялар беру жүйесі тек корольдің қазынасының баю көзі ғана болмады, ол сондай-ақ капиталдың жинақталуына ықпал етіп, үлкен көпестерге тұтынушы есебінен және шетелдік көпестер есебінен баюға мүмкіндік берді, сонымен алғашқы капитал жинақтауының дамуына әсер етті. XVI ғасырдың екінші жартысында ағылшын үкіметі көпестерге көмектесе отырып, олардың мүддесін қорғайтын бірқатар шаралар, атап айтсақ, ағылшын флотын көтеру туралы актіні қабылдады. Акт ағылшындардың балық саудасының одан әрі дамуына, кедендік шектеуді ала отырып, стимул берді. 1585–1600 жылдардағы Англия мен Испания соғысы ағылшын көпестерінің бағыттарына бірқатар өзгерістер енгізді, себебі, Испания, Португалия, Африка мен Леванта рыноктары ағылшын теңіз саудасы үшін уақытша жабылған болатын. XVI ғасырдың аяғында XVII ғасырдың басында Англиядан шығарылатын тауарлардың көп бөлігі Лондоннан экспортталатын. Сондықтан Лондонның рөлінің өсуі

мықты олигархиялық корпорациялардың, оның ішінде бірінші орынды иеленетін «қадағаланатын» компаниялардың қызметіне тәуелді болды. Ағылшын сыртқы саясатының Лондонға шоғырлануы Лондонның тек ағылшындық қана емес, халықаралық сауданың ірі орталығына айналуына себепші болды. Бұл жағдай ұлттық рыноктың қалыптасуымен Англияның экономикалық қауымының құрылуына ықпалдасты. Бұдан аграрлық даму, өнеркәсіптік заңшығару (1563) және бірқатар басқа салаларда орын алған аналогия байқалады. Тек қадағаланатын компаниялардың қолында Лондондағы сауданы шектеу саясаты ойластырылмаған еді, себебі, компаниялардың қарызына зәру үкімет провинциялардағы көпестерді қолдау бағытынан тайқып отырды. Оған мысал үкіметтің көтерме сауданы бөлшек саудадан ажырату саясаты. Қадағаланатын компаниялардың акционерлік компанияларға айналуы ортағасырлық тәртіптерден алшақтап, бас тартуды білдірді.

XVII ғасырдың басында Англияға да әсерін тигізген, халықаралық саудада да үлкен өзгерістер болып жатты. Өзінің күшін сарқыған феодалдық және сол уақыт үшін прогрессивті капиталистік өнеркәсіп қатынастары арасындағы қайшылықтарға еуропалық және отарлық рыноктардағы бәсекелестік күрестерден туындайтын Англия мен Испания арасындағы қайшылықтар қосылды. Ағылшын сыртқы саудасы үшін XVII ғасырдың алғашқы жартысы үшін жедел қарқынды даму кезеңі болды. «Жеңімпаз Армаданы» жеңгеннен кейін Англия өз даму жолындағы басты кедергісі, бәсекелесі Испанияны ығыстырды. Бірақ әлі одан да қауіпті екі держава – Голландия мен Франция бар еді. 1618 жылы басталған отызжылдық соғыс еуропалық рынокты бұдан да тарылтып, ағылшын тауарларын өткізу мүмкіндігін шектеді. Еуропадағы бұндай саяси жағдай ағылшын көпестерін теңіздерді асып, отаршылыққа көшуге мәжбүрледі. Сыртқы сауданың маңызды рөлі нақ осы сауда саласында жекелеген тұлғалардың қолында капиталдың көбеюімен анықталды. Оның дамуы тауар өткізу нарықтың кеңеюіне және шығыс тауарларының импортының дамуына жетеледі. Бұл өз негізінде капиталистік қатынастарының жаңа деңгейге көтерілуіне ықпалын тигізетін.

Ұлы географиялық ашулардың нәтижесінде халықаралық қатынастар мен сауданың ескі еуропалық жүйесінде үлкен өзгерістер болды. Италияндық көпестер бақылауындағы Жерорта теңіздік

және Ганза қалалар одағының қадағалайтын Балтық теңізі бас-сейіндегі сауда құлдырауға бет алды. Халықаралық қатынастар мен сауданың еуропалық жүйесіне Африканың, Азиялық, Окиянияның жаңа мемлекеттері тартылады. Англия XVI ғасырдың алғашқы жартысында оңтүстік және батыс теңіздерде португалдықтар мен испандықтармен таласатындай тым әлсіз еді. Ағылшындар үшін солтүстік теңіздер жабық күйінде қала берді, сондықтан олар Солтүстік Еуропа мен Азияны айналып, Шығыс Азияға апаратын солтүстік-шығыс теңіз жолын іздестірді. XVI ғасырдың ортасында ағылшын көпестерінің істері тығырыққа тірелген, содан италияндық С.Каботтың кеңесімен және белсенді араласуымен Лондонда «Елдерді, жерлерді, аралдар мен иеліктерді, теңіз жолдарын ашуға арналған көпес-кәсіпкерлердің қоғамы» ашылды. Қоғам үш кеме сатып алып, оны жөндеуден өткізіп, қажет құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті.

С.Кабот ұлымен Американы солтүстіктен айналып өтіп, Үндістанға жетпекші болды. Бұл Ньюфаундленд пен Лабрадордың ашылуына алып келді. Осылайша жаңа нарықтың ашылуы Англия өнеркәсібінің қарқынды өрлеуіне көмек болып отырды. Ост-Үнді сауда компаниясы негізінен Үндістанды отарлап, оның халқымен сауда қатынастарын орнатқан. Оның алғашқы кезеңі (1601–1609) «қадағаланатын» компанияға жатқызылған уақыты. Бұл кезеңде 12 жеке саяхаттар ұйымдастырылған. Барлық түскен табыс 464–284 фунт стерлинг орташа табыс 138 % құрады. Ағылшын көпестері солтүстікке емес, оңтүстік-шығысқа бағыттарын өзгертті.

Ағылшын кемелерінің Үнді мұхитында алғаш пайда болған уақытынан Ост-Үнді компаниясының құрылуына дейінгі уақыт бақылау экспедицияларының кезеңі, Үндістанда алғаш бекініп, оны отаршыл әкімшілік пен Ост-Үнді компаниясының Шығыспен сауда жасаудағы орталығына айналдыруға бағытталған кезеңі болды. Жергілікті халықпен қарым-қатынасы бейбіт байланыстарға негізделді. Бәсекелестік күресі тек еуропалық компанияларды қамтыды. Ал территориялық экспансияның тек алғашқы белгілері ғана біліне бастаған. Англияның XVI ғасырдың екінші жартысы XVII ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының нәтижелеріне тоқтай отырып, Англияда озық болып шұға мен жүн бұйымдарының өндірісі табылды деп қорытындылауға болады. Капиталистік кәсіпкерлер бұл кезеңде тез қарқынмен өсіп келе

жатқан ішкі нарықпен тығыз байланыста болды. XVI ғасырдың аяғы XVII ғасырдың басында экспортқа арналған тауарлардың өндірісінің өсуімен сыртқы нарықта сауда жасауға деген қызығушылық артады. Ағылшын көпестері мен өнеркәсіпшілерінің сыртқы сауданы ұйымдастыруға қажетті деңгейдегі капиталы да ірі сауда флоты да қалыптасып болған еді. Енді тауарларының сапасы жағынан бәсекеге батыл түсе алатын ағылшын экономикасы кең қанат жая бастады.

§ 3. Кейінгі орта ғасырлардағы Англияның сыртқы саясаты және оның даму бағыттары

Англия тарихында XVI–XVII ғасырлар маңызды орынға ие. Еуропада ешқандай мемлекет Англия сияқты сонша қысқа уақытта қарпыды өзгерістерді, яғни феодалдық қатынастардың ыдырауы мен экономикада капиталистік құрлыстың қарқынды дамуын басынан кешірмеді. Англияда капиталистік өндірістер тек қалада ғана емес деревняларда да кең қанат жайды.

Бұл еуропалық елде XV ғасырда шаруашылықтың баршиналық жүйесі жайылып, шаруалардың тәуелділіктен азат етілуі ұсақ тауарлы шаруалар шаруашылығының дамуына және оның елде капиталистік құрлысының пайда болу үрдісінің маңызды факторы ретіндегі ыдырауына, сондай-ақ қалыптаса бастаған жаңа дворяндардың шаруашылықты буржуазиялық әдіспен жүргізуге көшулеріне қолайлы жағдайлар жасады. Капитализмнің деревня мен қалада қатар дамуы капиталдың алғашқы қорлану үрдісіне көмектесті. Капиталистік өндірістің осы әдісі Англияда Францияға карағанда қарқынды дамыды. Бұл үрдістің негізін қалаған шаруаларды экспроприациялау Англияда классикалық түрде іске асты.

XVI ғасырда Англияның экономикалық дамуына көмектескен жағдй ұлы географиялық ашулар мен сауданың дамуы болды. Кейінгі орта ғасырларда сауда қарым-қатынасы Азия елдерінен (Үндістан, Қытай, Таяу және Орта Шығыс) құрлықтан біртіндеп мұхитқа ауыса бастады. Бұл уақытта трансазиялық жолдар (Ұлы Жібек жолы) өз маңыздылығын іш жүзінде жоғалтты.

Теңіздегі алыс коммерциялық байланыстарды игеру жоғары жылдамдықпен ілгері жылжуға ғана емес, сондай-ақ маңызды тауарларды тасмалдауға потенциалды қабілетке ие болу мүмкіндігіне де негізделді. Бұл ұстаным тек Шығысқа ғана тән емес еді.

Х.Колумбтың 1492 жылы Американы ашуы, Үндістанға теңіз жолының ашылуы және жер шарын айланып, теңізде жүзіп шығудың нәтижелерінде теңіздегі сауда жолдары Жерорта теңізі мен Атлант мұхитына ауысты. Осының бәрі ең маңызды экономикалық қатынастарды өзгертіп, алдыңғы орынға Англия сияқты мемлекетті шығарды. Осы кезеңде еуропалық нарық құрыла бастайды XVI ғасырда ішкі экономикасы жоғары деңгейге көтерілген Англия енді еуропалық нарықтағы үстемдік етіп отырған мемлекеттерге бәсекелестік тудырды. Сауда орталығы болған Лондон сияқты қалалары қарқынды дамып, өзінің портын, әскери флотын құрған Англия XVI ғасыр бойы теңіз саудасын өз қолында ұстаған Испанияны жеңді. Енді XVII ғасырда Еуропа құрлығында гегемония орнатқан Франция, Англияның ең мықты отаршыл империяға айналуына кедергі жасап тұрған болатын.

Монархия мен ұзақ қарсыласу нәтижесінде ағылшын буржуазиясы билікке келді, парламенттен орындар иеленіп, мемлекеттің сыртқы саясатының бағытына ықпал етуге мүмкіндік алды, сонымен қатар, сыртқы саясатты өзі жүргізуге де қол жеткізді. Буржуазия мен жаңа дворяндар – джентрий нық тәртіптің және еуропалық құрлықтық державалармен тұрақты дипломатиялық және сауда қатынастарын қалпына келтіруді қалады. Қомақты қаржыны иеленген олар, өндірісті капиталистік негізде дамыта отырып, еуропалық нарық әскери күшпен емес экономикалық жолмен жаулап алуға, Еуропаны британ тауарларының тұтынушы нарығына айналдыруға ұмтылды.

XVII ғасырдың 40-50 жылдары Англия мемлекетінің сыртқы саясаты бастапқы да парламентпен жүзеге асырылса, кейін 1653 жылы ұзақ парламент таратылғаннан кейін Оливер Кромвельдің қолына көшті. Алғашқы кезеңде, яғни парламент пен король арасында күрес жүріп жатқан уақытта сыртқы саясат еуропалық оқиғаларға мүлдем араласпады.

«Жеңімпаз Арамаданы» тас талқан еткен ағылшындар флоты буржуазия мен саудагерлердің мүдделері мен тығыз байланысты болғандықтан революцияның басынанан ақ парламентті қолдады. Бұл еуропалық державалар тарапынан төнген қауіпті сейілтті. Францияның, Испанияның, Голландияның монархтары Англияда болып жатқан оқиғалардың мәнін түсінбеді. Сондықтан да ағылшындардың мәселелеріне араласпай, бейтараптылық сақтады.

Революцияның алғашқы жылдарында олар бұл өзгерістердің болашақ еуропалық құрлықтағы басқа мемлекеттерге тигізетін салдарын түсінбеді. Осыған байланысты Англиядағы азаматтық соғыс сыртқы күштердің араласуынсыз өтті. Британдық монарх I Карл Стюарт құпия хат алмасып, Францияның көмегіне сүйенуге тырысқанымен оның абсолюттік монархияны сақтап қалуға деген шаралары сәтсіз аяқталды. Ол былай тура, 1645 жылы Нейзби түбіндегі шайқастан кейін корольдің бүкіл құпия хат алмасу құпия поштасы парламент қолына түсіп қалды. Құпия хаттарды жариялау барысында король мемлекетінің ашық жауы, сатқын, антипатриот, еуропалық державалардың интервенциясын өз еліне қарсы ұйымдастырушы бейнесінде көрсетілді.

Сауда-кәсіпкер топтардың мүдделеріне сай парламент ағылшын республикасының сыртқы саясатының приоритеті ретінде еуропалық мемлекеттер мен тұрақты дипломатиялық және сауда қатынастарын қалпына келтіруді атады. Революция жылдары бұл елдердің дерлік барлық дипломатиялық агенттері Лондонда өмір сүрген болатын. Сондықтан да бұл елдермен қарым-қатынастарды жандандыру күн тәртібінде тұрды. Бірақ алдыңғы қатарлы Еуропа құрлығының державалары монархия құлатылғаннан кейін, жаңа Англияның үкіметімен байланысқа түсуге асықпады. Ол мемлекеттер республиканы мойындауға асықпады және дипломатиялық өкілдерінің сенім грамоталары болмады.

Англия республикасын алғаш мойындаған мемлекет Британияның бұрыннан бергі бәсекелесі – Испания болды. Бұл қадамға баруға Испанияны Англиямен одақ құрып, тез қарқынмен дамып бара жатқан Франциядан – байырғы қарсыласынан озып кетуге деген ұмтылысы, ағылшындардың республикасын Францияға қарсы қою ниеті итермеледі. Екінші себеп – 1640 жылы Испаниядан бөлініп кеткен Португалияға қыр көрсету. Португалдықтардың ағылшындармен қатынасы шиеленіскен түрде болатын, революция басталғаннан-ақ Португалия республикандықтардың кемелерін тонаған ағылшын королінің корсарларына көмектесіп отырған.

Ағылшын–француз қатынастары ағылшын буржуазиялық революциясы басталғаннан кейін нашарлап кетті. 1649 жылы I Карлдың халық алдында өлтірілгеніне дейін де Англия мен Франция арасында кедендік соғыс жүріп жатқан болатын. 1648 жылы азаматтық соғыстан Англия мүлдем әлсіреді деп санаған

француз үкіметі ағылшындық жүннен және жібектен өңделген бұйымдарды енгізуге тыйым салды. Сол кезеңде Францияда билік басында тұрған Мазарини ішкі бүліктен қалжыраған Англиядан бұл мәселеде жеңілдіктер алуды көздеді. Өз кезегінде ағылшын парламенті француздың шараптардың өз мемлекетінің шекарасынан өткізуге тыйым салды.

Ресми түде жарияланбаса да кедендік соғыс іс жүзінде шынайы әскери қимылдарға айналып, екі елдің де сауда кемелерінің тоналуына алып келді. 1652 жылы Мазарини делдалдар арқылы сырқы істерді өз қолында ұстаған Оливер Кромвельмен келіссөздер жүргізуге келісті. Кромвель бірнеше шарттарын алға тартты. Біріншіден, Франция тарапынан республиканы дипломатиялық деңгейде мойындау және Англияға ресми француз елшісін бекіту. Екіншіден, әскери қимылдар кезеңіндегі ағылшын флотының және Англия тұрғындарының теңіз қарақшылығынан жоғалтқан шығындарын өтеу, сондай-ақ жәбірленушілерге сыйақы төлеу. Өз тарапынан О.Кромвель Мазариниға Фронданың жеңіске жетіп, король билігін шектеуге және Бас Штаттарды құруға бағытталған жапай қозғалыстың өрістеп кетуі жағдайында Англиядан пана беретіндігін ұсыныс етті.

Фронданың қызметінің күшеюі және испандықтардың Францияға қарсы ағылшын-испан келісімінің бекітілуіне ұмтылыстары Мазариниді О.Кромвельдің шарттарына келісіп, Ағылшын республикасын дипломатиялық деңгейде мойындауға мәжбүр етті. Франция мен Англия арасында ресми келісімшартқа 1655 жылы қол қойылды. Франция мен Испания арасындағы жауласуларды пайдаланған О. Кромвель 1652 жылы Мазариниге қойылған талаптар негізінде бірқатар қажеттіліктеріне қол жеткізіп, Франция тарапынан жеңілдіктерге ие болды. Англия үшін сыртқы саясаттағы күрделі мәселелердің бірі болып ағылшындардың қауіпті бәсекелесі, XVII ғасырдағы Еуропадағы мықты теңіз және сауда державасы Голландиямен қарым-қатынас мәселесі алдыңғы орынға шықты. Англия теңіздердегі Голландтық гегемонияны мойындаудан бас тартып, бұл мемлекетке қатысты өзіндік саясатын қарастырды.

Көп ұзамай **Англия мен Голландия арасында** ашық әскери қимылдар басталды, 1652–1654 жылдардағы соғысқа ұласты. Соғыс барысында жеңілген Голландия Англияның Навигациялық

актісімен келісуге мәжбүр болды. Осылайша, Англия Еуропадағы халықаралық қатынастар жүйесінде уақыт өткен сайын, бәсекелестерін ығыстырып күшейе түсті. Ағылшын-голланд соғысынан кейін Англия біртіндеп ең ірі теңіз державасына айнала бастайды, ал XVIII ғасырдың басына қарай теңіздер мен сауда да өзінің гегемониясын орнатады. 1654 жылы маусымда Англия мен Голландия арасында бейбіт келісім-шарт жасалды. Келісімшартқа тек голландықтар ғана емес, оның одақтастары – дат королі, Швейцарияның протестант кантондары, Ганза қалалары мен Солтүстік Германияның кейбір протестант князьдары да қатысты. Бұл келісімшартпен қатар О.Кромвель Англия үшін қауіпсіз Швеция, Дания және Португалия сияқты мемлекетермен сауда-саттық шарттарына қол қойды.

Англияның Испаниямен байланыстары ағылшын-голланд соғысынан кейін жағдай күрделеніп кеткен болатын. Испания Англиядағы республика басшыларымен өзі бірінші болып қатынасқа түскенімен, дипломатиялық деңгейдегі республиканы мойындау актісі бекітілмеген күйінде қалды. Испания Англияны Францияға қарсы антифранцуздық одаққа кіргізу үшін, Кромвельге протектор статусында бекіну үшін көмегін ұсынды.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Англияның XVI-XVII ғ. экономикалық дамуында қандай ерекшеліктер болды?
2. Тюдорлар дәуіріндегі парламенттің қызметі?
3. Корольдік реформация және оның сипаты?
4. Англияның отарлық жаулап алу жолдары?
5. Стюарттар билігі кезіндегі Англияның дамуындағы ерекшеліктер.
6. XVI-XVII ғ. Англияның сыртқы саясатындағы басымдылықтар.

19-тарау

XVI ҒАСЫРДАҒЫ ЕУРОПАДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Еуропадағы халықаралық қатынастардың қалыптасуы. Біздің дәуіріміз тек ірі әлеуметтік өзгерістермен ғана емес, сонымен бірге аса күрделі халықаралық қатынастармен де сипатталады. Қазіргі дипломатия ұзақ ғасырлар бойы, халықтардың араласуы мен мемлекеттердің сыртқы саяси қызметтерінің нәтижесінде қалыптасқан дәстүрлер мен тәжірибелерін пайдаланады. Біздің қазіргі өмірімізде халықаралық келісімдер, төтенше және өкілетті елшілер, сыртқы істер министрлері мен мемлекет басшыларының кездесулері қоғамның қажетті саяси атрибутына айналды. Сонымен бірге, халықаралық қатынастың теориясы мен тәжірибесінде кездесетін күштердің тепе-теңдігі атты түсінік те бізге өте таныс. Ал бұл түсініктер мен көріністер бүгін немесе кеше пайда болған жоқ. Қазіргі дипломатияның бастаулары еуропалық, кейіннен бүкіл дүниежүзілік мемлекеттер жүйесінің бастаулары өте ерте замандардан, Батыс Еуропада капиталистік дәуірдің басталуынан, XVI ғасырдан бастама алады.

Капитализм феодализммен күш сынасу барысында қалыптасты, себебі, феодализмнің әлі де Еуропаның көп елдерінде өз бағытын ұстап тұрардай күші бар еді. Жергілікті рыноктар ұлттық бағытқа қарай, кейін дүние жүзілік рынокқа қарай дамыды. Отарлар және отарлық жүйе пайда болды, ортағасырлық өсімқорлықтың орнына банктер мен банкілер кредиті бекінді.

Дәуірдің маңызды ерекшелігі, бүкіл еуропа көлемінде тарихи процестердің жалпы нығаюы еді. Барлық Батыс және Орталық Еуропа, Польшаны есептегенде, бұдан былай байланыста дамыды. Еуропа мемлекеттер жиынтығынан жүйеге айналды, және жергі-

лікті қақтығыстарға жалпы еуропалық, жүйелік маңыз берді. XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында еуропаның саяси картасында түпкілікті қалыптасқан ірі мемлекеттерді көреміз. Испания, Франция, Англия, Португалия, Польша және де Скандинавиялық мемлекеттер – Дания, Швеция, Норвегия. Ірі мемлекеттік бірлестік Қасиетті Рим империясы болды, оның орталығы Австрия еді, яғни, Габсбургтер мұралық жерлері және оңтүстік-шығыс еуропада үстемдік етуші Осман империясы. XVI ғасырда еуропаның саяси өміріне шығыстан орыс мемлекеті араласа бастады.

XV ғасырдың аяғында XVI ғасырдың басында Батыс Еуропада абсолюттік монархиялар пайда болды. Олар мемлекеттік бірліктің көрсеткіштері болды және феодалдық-мемлекеттік құрылыстың ақырғы түрі еді. Абсолюттік монархия түрінде қалыптасқан ұлттық мемлекеттер өмірге жаңа мемлекет аралық қатынастарды әкелді. Бұның негізіне ішкі және сыртқы саясаттың ең жоғарғы принципі ретінде мемлекеттік мүдде жатқызылды. XVI–XVII ғасырлардағы Батыс Еуропадағы халықаралық қайшылықтардың негізгі түйіні қандай еді. Жалпы әдебиеттерде үш түйінге көңіл аударылады: бірінші түйін көптеген сауда және теңіздің ар жағында мүдделері бар Испания, Франция, Англия және XVII ғасырдан бастап Голландия мемлекеттерінің мүдделерінің қайшылықтары болды. Екінші түйін XVI ғасырда пайда болып, түркілікті XVIII ғасырда қалыптасты, бұл шығыс мәселесіне – еуропалық державалар мен Түрік империясының қарым-қатынасына байланысты еді. Үшінші түйін еуропаның солтүстік-шығысында пайда болған, оған әсер еткен солтүстіктегі мемлекеттердің Балтық теңізіне үстемдік етуге ұмтылыстары. Ерекше маңызға бұл мәселе XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басында ие болды. Бұл үш түйін бір-біріне әсер етіп, халықаралық қатынастарда көптеген қайшылықты мәселелерді туғызды.

Капиталистік қатынастардың дамуы феодалдық билеушілер тобы жағынан қарсылыққа ұшырады. Феодалдық топтың буржуазиялық дамуға деген сипатының көрінісі, Қасиетті Рим империясын өндеуге деген ұмтылысы. Ол кезеңде империялыққа дәстүрлі түрде австриялық эрцгерцогтар Габсбургтер сайланды. Феодалдық католиктік империя идеясы Карл V Габсбург тұсында (1519–1555) шындыққа айнала бастады. Ол өз қол астына мемле-

кеттік бірлігі аяқталмаған мемлекеттер – Германия, Испания, Италия, Нидерландыны өткізді.

Габсбургтердің саясаты қалыптасып келе жатқан ұлттық мемлекеттердің экономикасына үлкен зиянын тигізді. Габсбургтер саясатының феодалдық негізі империя қазынасына түсетін финанс көрсеткішімен сипатталды. Бұл еңалдымен Испаниядағы діни-рыцарлық ордендердің табыстары, Нидерландыдағы кедендік салықтар, Германиядағы қосымша салық, тау регалийлері, сауда-өсімқорлық ұйымдардан алынатын заемдар.

Итальян соғыстары және Камбрей бітімі. Осы кезеңдегі Батыс Еуропадағы халықаралық қатынастардың негізгі өзектерінің бірі Италиян соғыстары еді. Франция, Испания, Қасиетті Рим империясы арасында Италия үшін соғыс басталып, кейіннен ол Франция мен Империяның арасындағы Еуропада гегемонияға талас соғысына айналып кетті. Соғыстың барысында дипломатия тарихында екі бітім пайда болды. Ол – Барселон бітімі (29 июль 1529) және Камбрей бітімі. Барселон бітімінің нәтижесінде Рим папасы куриядан түсетін пайданың төрттен бір бөлігін еретиктермен күреске арнауға және папа мемлекетінің территориясын император әскерлерін кез-келген уақытта өткізуге тиіс болды. Келесі жылы Болоньеде Карл V герман империясы және рим королінің тәжін иеленді.

1529 жылы көктемде Камбрейде Империя, Франция, Англия арасында және француз жағының қарсылығына қарамастан Савой герцогтығымен келіссөздер басталды. Август айында Камбрей келісіміне қол қойылды. Оны «дамский мир» деп те атайды. Себебі, келіссөздердің негізгі қатысушылары Маргарита Наварская және V Карлдың тәтесі, герцогиня Маргарита Австрийская болды. Бұл бітімнің талаптары бойынша Империя Францияның Бургундияға деген құқығын мойындады, тек Франция Италияға, Фландрияға, Артуаға деген талаптарынан бас тартты. Франция империяға түріктермен күресте көмек көрсетуге тиіс болды. Барселон, Камбрей бітімдерінің нәтижелері ең алдымен Италия үшін қайғылы болды. Габсбургтер Италиянының қожайынына айналды. Франция тек Пьемонтты ғана сақтап қалды. Камбрей бітімінен кейін Батыс Еуропа саясатындағы жетекшілік Габсбургтерге көшті. Осы жылдардағы дипломатиялық қызмет төменгі бағыттарда дамыды: Германия мен Англияның протестант князьдарымен байланыстарын нығайту, Осман империясымен жақындасу.

Батыс Еуропа мен Осман империясы және коалициялық одақтар. Батыс Еуропамен Осман империясының арасындағы байланыстар XVI–XVII ғасырларда шиеленісті. Папа және герман императорлары өсіп келе жатқан түрік қаупінен қорықты. Батыс Еуропа мемлекеттерін Осман империясының арасындағы тікелей байланыстар XV ғасырдың 60-70 жылдары басталды. Түрік сұлтандары Батыс Еуропадағы күштердің орналасуын ықыластана бақылап отырды және де еуропалық қақтығыстардың ушыққан кездеріндегі әскери күштері мен одақтарын ұсынып отырды.

Франк-Габсбург қайшылықтарының одан әрі өсіп, Осман империясының өз билігіне Венгрияны өткізуге ұмтылыстары ең бірінші франк-түрік келісімдерін өмірге әкелді. Ол капитуляция туралы келісімдер деген атпен белгілі. Италиян соғыстарының аяғына қарай Франция мен Осман империясының арасындағы қатынастардың сипаты өзгерді. Оған халықаралық жағдайдың өзгеруі және Францияның ішкі жағдайы әсер етті. V Карл император тәжінен бас тартқаннан кейін Франк-Габсбург қақтығысы екінші орынға өтіп, алдыңғы орынға Франк-Испан қақтығысы шықты. Като-Камбрезий бітімі Италияда Испан үстемдігінің орнауымен бекіді. Франция Италиян жерлеріне деген талаптарынан бас тартып, ішкі саяси мәселелерін шешумен айналысып кетті. XVI ғасырдың аяғына дейін Франция еуропалық оқиғалардың белсенді мүшесі болудан қалды.

XVII ғасырда Габсбургтердің монархиясы ұлттық мемлекеттерді жұтып қою қаупін тағы да туғызды. Батыс Еуропада саяси өміріндегі негізгі қақтығыс испан және австриялық Габсбургтер арасындағы бір жағынан, екінші жағынан Франциямен қақтығыс болды. Осы екі күш те континенттің осы бөлігінде үстемдікке ұмтылды. Үлкен абсолюттік монархияға айналған Францияның алдына қойған мақсаты, империяның күшеюіне жол бермеу еді. Осыны көздеген Франция жауласушы күштердің шамалы байланысын сақтау үшін орталық империяның билікке қарсы неміс еркіндігі ұранын жамылды. Дін мүдделеріне қарағанда мемлекеттік мүддені жоғары қойды. Францияның империяға қояр территориялық талабы да бар еді. Ол Эльзас және Лотарингияға байланысты болды.

Германиядағы жағдайлар Габсбургтердің бақталасы Біріккен Провинциялар Республикасы мен протестант корольдіктері Дания,

Швеция үшін аса маңызды болды. Испаниямен өз тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан Республика үшін Евангелистік Уния одақтас еді. Олардың арасында бір-біріне көмек туралы келісім жасалды. Дания мен Швеция Балтық теңізі үшін күресте жаңа бақталасушының пайда болуынан қорықты.

Сонымен, XVII ғасырда халықаралық қатынастың қандай көріністерін көруге болады. Ұзаққа созылған діни соғыстардан кейін Франция қайта күшіне енді, Англия бірден бір күшті теңіз державасына айналды. Испан феодализімімен күресте жеңіске жеткен Голландиялық буржуазиялық республика пайда болды. Бұл жағдайлар халықаралық қатынастарға жаңа сипат берді. Жергілікті қақтығыстар жалпы еуропалық сипатқа ие болды. Халықаралық саяси қатынастар халықаралық экономикалық қатынастардың жинақталған көрінісі болды. Германия жағдайының нашарлауын тек неміс мемлекеттері ғана емес, Еуропаның орталықтандырылған мемлекеттері Англия, Франция, Голландия, Швеция, Дания, Россия өз мүдделеріне төнген қауіп ретінде қабылдады.

XVII ғасырдың бірінші онжылдығында бір-бірімен соғысушы коалициялық одақтар пайда болды: 1608 жылда Протестанттық Уния, басында Фридрих Пфальцский, ал 1609 жылы бавариялық курфюрст Максимилиан басқарған Католиктік Лига. Бұлардың әрқайсысының өз әскері болды. Католиктік Лигасының әскерін ірі әскери қолбасшы Габсбург фельдмаршалы Тилли басқарды. Діни мәселесі жағынан Лига мен императордың арасында толық келісім болғанымен, Габсбургтер мен баварлық Виттельсбахтардың арасында бақталастық болды. Қарсы лагерьде де толықтай бірауыздылық болған жоқ, лютерандар мен кальвинистердің арасында қайшылық болды. Католиктік Лига да, Протестанттық Унияда шет мемлекеттерге келіссөзге келе бастады, Протестанттық Уния 1612–1613 жылы Англиямен және Голландиямен келісімге келді.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. XV ғасырдың 60-80 жылдарындағы Османдарға қарсы күрес мәселесі.
2. Осман империясы және Еуропалық халықаралық қатынастар жүйесі.
3. XVI ғасырдағы Габсбургтер, Венгрия, Трансильвания княздығы және Осман империясы.
4. Камбрей бітімі неге «дамский мир» деп аталады?
5. Протестанттық Уния, оны құрудағы мақсат.
6. Католиктік Лига, оның мақсаты.

20-тарау

XVI–XVII ҒАСЫРЛАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ЕУРОПА МЕН ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ

Венгрия корольдігі және еуропалық саясат. XV ғасырдың бірінші жартысындағы сұлтан саясатының Венгрия корольдігіне қатысты негізгі ұстанымы Балкан мемлекеттерін Венгер тағына вассалдық бағыныштылыққа түсіру болды.

XV ғасырдың 30-жылдары Венгрия корольдігінің шекаралық аймағына османдардың шапқыншылығы ерекше жиілеп кетті. Деректердің мәліметтеріне қарағанда бұл шапқыншылыққа қарсы күресті орталық билік емес, жергілікті жер иеленушілер, жергілікті билік жүргізді. Венгер корольдігі Оңтүстік Шығыс Еуропа мемлекеттерінде өзінің сюзерендігін сақтап қалуға ұмтылды. Бірақ, күштердің шынайы қарым-қатынасы ескерілген жоқ. XV ғасырдың 40-60 жылдары Венгрия билеушілерінің Османдарға жасаған жорықтарының негізгі мақсаты – вассалдық мемлекеттерде биліктерін сақтап қалу болды. Осындай акцияларды ұйымдастырудағы негізгі рөлді магнат, әскербасы, Венгрияның билеушісі (1446–1452) Янош Хуньяди атқарды. 1445 жылдың көктемінде Янош Хуньяди Жарно түбінде осман отрядын талқандады. Дунай князьдықтарын османдарға қарсы тарту үшін, Хуньяди Валахиядағы бояр топтарының күресіне араласты. 1448 жылы Хуньяди Сербияға жорық жасады. Жорықтың мақсатын Янош Хуньяди еуропадан османдарды қуу, – деп көрсетті. 18-19 қазанда 1448 жылы Косово даласындағы ұрыста Сұлтан II Мұрат әскерімен соғыста Хуньяди жеңіліске ұшырады. Осы жеңілістен кейін Венгрия билеушісіне өз позициясын нығайту үшін көп күш сіңіру қажет болды. Өзінің негізгі күшін Византияға қарсы аударған сұлтан II Мехмед Венгриямен 3 жылға келісімге келді.

Османдардың Константинопольді алуы Балкандағы жаңа шабуылдардың бастамасының негізін қалады. 1454 жылы тамыз-қыркүйекте сұлтан әскері Сербияны басып алды. XV ғасырдың ортасында Валахия Осман саясатына тереңдеп ене бастады. 1445 жылы күзде османдар Валахия арқылы өтіп, Трансильвания әскеріне шабуыл жасады. Византия құлағаннан кейін Папа V Николай османдарға қарсы жаппай жорыққа шақырды. Крест жорықтарының инициаторлары османдарды Еуропадан қуып шығудың аса ірі операциясы ретінде өткізуді жоспарлады. Бұл Венгрия феодалдары үшін күштерін қайта қалпына келтіріп қана қоймай, өздеріне бағынышты мемлекеттер жүйесін кеңейтуге ұмтылу еді. Бірақ, бұған қол жеткізіле алмады. Белград түбінде Янош Хуньяидидің жеңіске жетуі османдардың Орталық Дунайға экспансиясын тоқтатты.

Крест жорығы жоспарының сәтсіз аяқталуы еуропа мемлекеттерінің сұлтанға қарсы бірігуінің мүмкін еместігін көрсетті. Еуропа державаларының бақталастығы османдарға қарсы күштердің бірлігіне кедергі келтірді. Ең алдымен қарсылық Венецияның саудадағы бақталасы Флоренция және Франция королі XI Людовик тарапынан болды. XV ғасырдың 60-80 жылдары Қасиетті Рим империясының рейхстагінің отырысында османдарға қарсы күрес мәселесі бірнеше рет көтерілді. Бірақ күресті ұйымдастыруға ақша бөлінген жоқ. Папалықтың позициясын ескере отырып, Венгрия королі 1460–1478 жылдары Портамен келіссөздерге келген жоқ. Бейбіт келіссөздерді жасаудың негізгі факторы – III Матьяштың Фридрихпен соғыстың оңтүстік-шығыстағы тылын сақтауды қамтамасыз ету еді.

Янош Хуньяди, валаш аксүйегі, Жигмондтың билігі кезінде түріктермен күресте әскери қабілетін көрсетіп тез өсті. Ол мемлекеттегі жоғарғы қызметті және аса ірі байлықты иеленді. Янош Хуньяди Балқанға бірнеше рет жорық жасады, бірақ түріктерді тоқтата алған жоқ. 1456 жылы түріктер Белградты алды. Белградты алу түріктерге елдің ішкі территориясына тереңдеп енуге мүмкіндік берді. Король сарайы Венаға қашты. Магнаттар әскер жинауға асыққан жоқ. Папаның крест жорықтарына шақыруына тек жергілікті шаруалар мен қолөнершілер ниет білдірді. Хуньяди Белградтың қоршауын өз жалдамалаларының және крест жорығына қатысушы шаруалардың көмегімен бұза алды.

XVI ғасырдың соңында венгр патшалығының тарихи болаша-

ғына шешуші ықпал еткен факторлар пайда бола бастады. Венгрия шекарасына түріктер жақындап келді. Жигмонд әскери қимылдар арқылы түріктерді тоқтатуға тырысты. Өкінішке орай, батыс еуропалық рыцарьлардың біріккен әскерімен 1396 жылы Никополь түбіндегі ұрыстан кейін Венгрия қорғаныс саясатына көшті. Жигмондтың Балқан-Дунай аймағындағы мемлекеттерге сюзеренитет орнатуға деген ұмтылысы сәтсіздікке ұшырады. Дегенмен венгрлердің қолына стратегиялық жағынан маңызды бірқатар бекіністер мен аймақтар өтті. Олардың ішінде Белград та бар еді. Жигмонд сыртқы саясатындағы негізгі күшті батыс бағытқа жұмсады. Осы уақыттан бастап Герман империясымен Австриялық Габсбургтер жылдам жақындаса бастады. Ол Венгрияның болашақтағы саясатының негізгі шектерін анықтады. Герман императоры IV Карлдың ұлы ретінде IV Жигмонд әкесінің жолын қайталауға тырысты. 1411 жылы ол герман королі ретінде сайланды, 1420 жылы чех королі ретінде сайланып, 1433 жылы Римде император тәжін киді. Ал Венгрия үшін өзінің корольінің осындай көтерілу жолының пайдасы аз болды. Елді король кеңесі басқарды, Венгрияның материалдық қорлары империялық саясатты іске асыру үшін пайдаланылды, гуситтік соғыстарға қарсы жұмсалды. Констанц соборында император Венгрия корольінің Венгрия шіркеуіне жоғарғы құқығын бекітті. Венгрияға қатысты папа куриясының шешімі, жоғарғы шіркеулік қызмет корольдің қолдауын алуы тиіс еді. Басқа шіркеу қызметі корольдің тілегі бойынша король қазынасын толықтырып отырды. Венгер шіркеуі өз табысының жартысын түріктерге қарсы күреске жұмсады. Жигмонд патшалықтың және өз династиясын феодалдық анархиядан сақтандыру үшін Австрия Габсбургтерімен жақындасты. 1402 жылы Австрия герцогтарымен өзара тақ мұралығы ұстанымдары туралы келісті. Кейін өзінің мұрагері ретінде V Альбрехт Габсбургті тағайындап, 1421 жылы оған өзінің жалғыз қызы Марияны әйелдікке берді. Бұл Венгрия тарихындағы Габсбургтерге тақ иеленуге ашқан алғашқы келісім еді. 1437 жылы Альбрехт Габсбург венгер королі болып жарияланды. Жигмонд қайтыс болғаннан кейін венгер тарихында түріктердің жаңа шабуылы өріс алған кезең басталды. Осы уақытта түріктермен күресті магнаттардың бірі Янош Хуньяди басқарды.

Венгрияны жаулап алу османдарға орталық еуропаға баратын әрі қысқа, әрі ыңғайлы жолды ашты. 1526 жылы Мохач түбінде

венгер әскері талқандалды. Венрия және Чехия королі II Людовик қайтыс болды. Түріктер Венгрия астанасы Буданы алып, Венгрия тағына Трансильвания магнаты янош Запольяны отырғызды. Ол өзін осман империясының вассалымын деп жариялады. Осы уақытта венгер ақсүйектерінің бір бөлігі австрия эрцгерцогі Фердинанд Габсбургті король деп жариялады. Осылай Венгрия үшін күреске Австрия және оның артында тұрған Қасиетті Рим империясы араласты. 1529 жылы османдар алғаш рет Венаны қоршап алды, дегенмен суықтың түсуіне байланысты әрекеттері нәтижесіз аяқталды. Венгрия үшін күрес Осман империясының басымдылығымен жалғаса берді. Янош Заполья қайтыс болғаннан кейін I Сүлеймен венгер жерін екі бөлікке бөліп тастады. Трансильванияға вассалдық мемлекет статусы берілді. Қалған бөлігі Буданың уәлаятына айналдырылды, уәлаяттағы билік османдарға өтті. Венгрия үшін күрес кезеңінде Осман империясы күрделі еуропалық халықаралық қатынастар жүйесіне тартылды.

Еуропа мемлекеттері және Осман империясы. Батыс және орталық еуропа мемлекеттерінің арасындағы қарым-қатынастың жағдайы османдарға олардың әлсізімен күресуге қолайлы жағдай тудырды. Осындай мемлекеттердің қатарына тұрақты жалдамалы әскерінен айырылған Венгрия да қосылды. Біршама қорлары бар Батыс мемлекеті бірімен-бірі ұзаққа созылған қақтығысты бастап кетті. 1494 жылдан бастап Франция Италия территориясы үшін соғыс жүргізді. Бұл соғыс Франция мен Габсбургтер арасындағы Еуропа гегемониясы үшін болған күреске ұласып кетті. Осы бақталастықтың нәтижесінде Франция королі Франциск жеңіліп, I Сүлеймен Габсбургтерге қарсы одақтасуға шақырды. Осылайша франк-осман ынтымақтастығының бастамасы жасалды, ол XVI ға-сыр бойы нығайды.

1519 жылы Қасиетті Рим империясының тағына испан және Неополитан королі I Карлды сайлаумен бірге, Габсбург иеліктерінің конгломераты пайда болды. Олардың шектеулі билігі Германиядағы князьдықтармен қатар Бургундия, Нидерланды, Австрия, Тироль, Испания, Неополитан корольдігіне тарады. Шығыстағы император билігін оның кіші інісі төменгі және жоғарғы Австрияның, Штирияның, Каринтия мен Крайнаның эрцгерцогы Фердинанд болды. V Карл түрік сұлтанының күшті бақталасы еді. Дегенмен, 1521 жылдан бастап, өзінің басты мақсаты

ретінде Францияны жою, – деп есептеді. Екіншіден, Жерорта теңізіне осман экспансиясын тоқтату (Испания мен Оңтүстік Италияны қорғау), үшіншіден, шығыс иеліктерді османдардан қорғау. Осымен бірге, ақырғы мәселеде Габсбургтер үшін аса маңыздысы – Венгрия мен Чехияны иелену еді. Италия мемлекеті өзара күрес барысында сұлтаннан көмек сұрады, 1490 жылы алғаш рет папаға түрік елшілігі келді.

Осман түріктері өздерінің алғашқы басып алушылығымен ірі жеңістерін өздерінің екінші билеушісі – Орхан тұсында XIV ғасырдың 50-жылдары іске асырды. Отыз жылдың ішінде, яғни түрік жауынгерлерінің бір ұрпағының тұсында олар Балканның басым бөлігін жаулап алды. Тарихшылар түріктердің осы нәтижелерін жергілікті билеушілер арасындағы бітпейтін түсінбеушіліктерді өз мақсаттарына пайдалана білу, сонымен бірге бірнеше ғасырлар бойы түрік номадтары Византия тағына үміткер билеушілерінің әскери қызметінде болды, – деп түсіндіреді. Барлық билеушілер түрік жалдамаларының күшті қолы мен өткір қылышына зәру болды. Дегенмен, османдар алысқа апаратын мақсаттарын іске асырды. Өздерінің астаналарын Кіші Азиядан Адрианопольге көшірді (қазіргі Эдирне), Константинопольді тылында қалдырып, барлық күшін Сербия мен Болгарияға төндірді.

1368 жылы Косово даласында түріктер сербтер мен босниялықтарды талқандады. Серб мемлекеті өз тәуелсіздігінен айрылды. Келесі жеті жылдың ішінде осман түріктері Болгар мемлекетін (1393), венгрлердің, валахтардың, болгарлар мен батыс еуропалық крестшілердің күштерін талқандады (1396). Византия өзінің христиандық одақтастарын түрік сұлтанымен күресте жоғалтып, сұлтанға салық төлей бастады. 1402 жылы Азияны жаулап алушы Темір әскері түріктердің Еуропаға экспансиясын 50 жылға тоқтатты. 1446 жылға қарай Ақсақ Темір тарих сахнасынан кетіп, оның ізбасарлары өз күшіне келгенше османдар Балқан жартыаралының оңтүстігін басып алды. Енді Константинополь түріктер үшін оңай олжаға айналды. 22 мамыр 1453 жылы Византияның астанасы Константинополь түріктердің алдында тізе бүкті. Тарихтағы үш оқиға – Христофор Колумбтың Американы ашуы (1492), Испаниядан арабтардың кетуі (XV ғасыр), Шығыс Рим империясының астанасының құлауы тарихтың жаңа бетін ашты.

XVI ғасырда түріктердің сыртқы саясаты өзінің басқыншылық

сипатын жоғалтқан жоқ. Түріктердің төндіріп отырған қаупінің негізінде Орталық және Шығыс Еуропада орталықтандырылған, көп ұлтты мемлекеттер пайда болды. Қасиетті Рим империясының осы кезеңде Франциямен соғысып жатуына байланысты, Франция османдарды өздерінің болашақтағы одақтасы ретінде қабылдап, алғашқы дипломатиялық қадамдарын бастады. 1534 жылы Стамбулға алғашқы француз елшілігі келді. 1535 жылдан екі ел арасында Габсбургтерге қарсы біріккен әскери қимылдар басталды. Франция өз кезегінде Алжирден шыққан қарақшыларына түрік Тулонын берді. Қарақшылар испан жағалауына жиі шабуылдап отырды. Қасиетті Рим империясының императоры V Карл испан королі де еді. 1553 жылы сұлтан француз короліне өз теңіз күштерін беруге тиіс болды, осы үшін сұлтан корольге 300 мың алтын ливр беруге уәделесті. 1535 жылдан Осман империясының француз көпестеріне беретін сауда артықшылықтары туралы келіссөздер басталды. Саудаға байланысты жеңілдіктер беретін келісімге 1529 жылы қол қойылды. Кейіннен капитуляция деген атау алған осындай келісімдер өзге еуропа елдерінің арасында да жасалды. Бұндай жеңілдіктер біржақты сипатта болды. Жеңілдіктер Францияның Габсбургтерге қарсы соғыста көрсетіп жатқан көмегімен салыстырғанда «түкке тұрғысыз» деп есептелінді. Кейіннен капитуляциялар Осман империясының тағдырына кері әсер етті, елдің экономикасын еуропа капиталына бағыныштылыққа түсірді. Алғашқы кезде бұл келісімдерден теңсіздіктің белгілері байқалмады. Капитуляциялар әрбір сұлтанның өз билігі тұсында ғана жарамды болды, келесі сұлтанның билігінде капитуляцияны еуропа елшілері қайта бекітіп отыруы қажет еді. XVI ғасырда осман империясы өзінің үстем әскери қуатының арқасында еуропа мемлекеттерімен байланысын дипломатияның нормасына сай ұстауға тырысқан жоқ. Сондықтан Франциямен байланысын еуропа мемлекетінің түріктердің күшін мойындауы деп қабылдады, ал ақшаны вассалдық салық деп есептеді. Түріктер өз тараптарынан берген сауда артықшылығын бағынышты вассалға берген сый ретінде есептеді. XVI–XVII ғасырларда осман империясының сыртқы саясатының белсенділігінің негізгі бағыты сауда жолдарын бақылау үшін Иранмен соғыс (1639 жылға дейін), Венгрия үшін австриялық Габсбургтермен күрес, Жерорта теңізі үшін Венециямен күрес болды.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Венгрия билеушілерінің Османдарға жасаған жорықтарының негізгі мақсаты
2. Франк-осман ынтымақтастығының бастамасы қай ғасырда жасалды?
3. XVI ғасырдың соңында венгр патшалығының тарихи болашағына шешуші ықпал еткен факторлар.
4. Түркия мен Еуропалық мемлекеттер арасындағы капитуляция мәселесі.
5. Австриялық Габсбургтердің Жерорта теңізі үшін күресі.
6. Орталық және Шығыс Еуропада орталықтандырылған, көп ұлтты мемлекеттердің пайда болуы қандай процестермен байланысты?

21-тарау

XVI ҒАСЫРДАҒЫ ГАБСБУРГТЕР, ВЕНГРИЯ, ТРАНСИЛЬВАНИЯ КНЯЗЬДІГІ ЖӘНЕ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ

XVI ғасырдағы Венгрия және Трансильвания князьдығы. XV–XVI ғасырлар барысында универсальдық түрдегі, орталықтан-дырылмаған, Рим куриясының ортағасырлық дәстүрлерімен, санкцияларымен байланыстырылған ірі мемлекеттік бірлестіктермен қатар, ұлттық негізде орталықтандырылған мемлекеттер күш ала бастады. Мохач түбіндегі ұрыстан кейін Венгрия корольдігінің әскері өмір сүруін тоқтатты. Орта Дунай Осман империясы мен Габсбургтердің арасындағы тұрақты соғыс аймағына айналды. Осы династияның өкілдері Венгрия корольдері болды, іс жүзінде олар Орта Дунайдың батыс және солтүстік-батыс аймақтарына билік жүргізді. Венгрияның корольдері I Фердинанд (1526–1564), I Максимилиан (1564–1576), I Рудольф (1576–1608) Германия империясының императорлары және Чехияның корольдері болды. Орталық Дунайдың шығыс бөлігінде Түрік сұлтандарына вассалдық бағынышты Трансильвания князьдығы болды. Орта Дунайдың орталық бөлігін сұлтан I Сүлеймен өз империясының құрамына қосты. Венгрия корольдығының осы ыдырауы 1541 жылы I Фердинанд, Янош Запольяи (1526 жылғы венгер феодалдарының бір бөлігі сайлаған венгер магнаты) қатысқан әскери және дипломатиялық күрестің нәтижесінде аяқталды. 1527 жылдың шілдесіне дейін Янош Запольяи іс жүзінде Венгрияның жалғыз билеушісі болды. 1526 жылы қыркүйекте сұлтан Буданы алып, орталық биліктен айрылған территорияны бір айдан кейін қалдырып кетті. Венгер территориясында османдар бірде-бір гарнизондарын қалдырған жоқ. Осман империясының құрамындағы аймақтар мен Буданың арасы 250-300 км. болды. 1527 жылы Янош Запольяи Буданы қалдырып кетуге мәжбүр болды. Будаға I Фердинанд енді.

Янош Запольяи Фердинанд әскерінен бірнеше рет жеңілгеннен кейін 1528 жылы Польшаға қашты. Запольяи Фердинандқа қарсы күресу үшін Түрік сұлтанынан көмек сұрады. 1528 жылы 27 қаңтарда І Сүлеймен Запольяимен одақ құрды. 1526 жылы ақпанда сұлтан француз короліне өз көмегін беруге уәде берді. Француз королі Павия түбінде император V Карлдан жеңілгенімен 1526 жылы мамырда Габсбургтерге қарсы коалиция құрған еді (Коньяк лигасы).

І Сүлеймен Орта Дунай арқылы Габсбургтердің мұралық территориясына жорықтар жасау қарсаңындағы саяси күштердің орналасуы осындай жағдайда еді. Сұлтан Жерорта теңізінде V Карлмен және Венециямен соғысты, Венаға шабуылдың негізгі мақсаты Габсбургтер иелігіндегі бай территориялар – Крайна, Штирия, Каринтияны, Австрия жерлерін басып алу еді. Осы жағдай орта Дунайдың да тағдырын шешетін еді. Венаға алғашқы жорығын І Сүлеймен 1529 жылы мамырда 200,000 әскермен жасады. XVI ғасырдағы осы және өзге жорықтар осман әскери ұйымының күшті және әлсіз тұстарын көрсетті. Сұлтан әскерінің саны өте көп болды, дала көшпенділерінің жауынгерлік қасиетін иеленді, әскери дайындықтары жоғары болды. Бірақ оны қолдану уақыт және территориялық жағынан шектеулі еді. Жорықты іске асыру үшін, сұлтанның барлық әскери күштерін жұмылдыру қажет еді. Жинақталған әскер сәуір айында ғана Стамбулдан шықты. Стамбул мен Буданың арасы 1000 км. еді. Әскери қимылдардың театрына дейін Орта Дунайға 4 ай жүру қажет еді. 1529 жылы 18 тамызда сұлтан Мохачаға келді, бұнда оның одақтасы Янош Запольяи да келді. Осы жерде бұлардың одақтастығы қайта қалпына келтіріліп, сұлтан Яношты Венгрия королі ретінде тағайындап кетті. Осы уақытта Венгрия корольдігінің барлық территориясы Запольяидың билігіне өтті. Фердинандқа тек Хорватия және Дунайдың батыс аймағы ғана бағынды. Габсбургтер османдарды, немесе Янош Запольяиді қудалаған жоқ. Бұл Осман империясына қатысты Габсбургтер саясатының мәні еді. Габсбургтердің Түрік сұлтанына қатысты саясаты біршама тынышталды. Себебі, сұлтан Персиямен соғысып жатты. Екінші жағынан Венгрия мен Чехия тәжін иеленген І Фердинанд османдар мен Янош Запольяи жеңетін қорды иеленді. Бұл Фердинанд өзінің үлкен ағасы V Карлдан көмек ала ма, жоқ па соған байланысты еді. Император болса

бұндай көмекті көрсете алған жоқ, себебі, еуропадағы гегемония үшін Франциямен күресіп жатыр еді. Сонымен бірге Жерорта теңізінің Батыс бөлігінде Османдармен соғыс жалғасып жатты және де Герман империясының ішкі қайшылығы да бар еді.

1541 жылы 29 желтоқсанда Фердинанд пен Изабелланың өкілдері Трансильванияның Фердинанд билігіне өткенін мойындап қол қойды. Габсбургтер империясының күші еуропаның әскери қимылдарының театрына байлаулы еді, бұл жағдай сұлтан үшін өте қолайлы болды. Күштердің қолайлы қарым-қатынасын ескере отырып, Осман империясының позициясын нығайту үшін 1543 жылы Сүлеймен Орта Дунайға жорық жасады. Османдар басып алған бекіністерді соғысқа икемді гарнизондарға айналдырып, жаулап алған территорияларды салық төлеуге мәжбүрледі. 1564 жылы I Фердинанд өз иеліктерін ұлдарының арасында үш бөлікке бөліп берді. Османдарға қарсы күреске ең алдымен Венгрия, Чехия, Төменгі және Жоғарғы Австрия мүдделі болды. Осман экспансиясын тоқтатуға Венгрия мен Хорватиядан басқа Габсбургтердің мұралық иеліктері және Герман империясына да қажет еді.

Габсбургтердің өз империясының бұрынғы қуатын қалыптастыруға тырысқан ұмтылыстары. Габсбургтер империясына тарихшылар конгломерат терминін империяның алғашқы қалыптасу сатысында қолданды. Империяның тұрақсыздық жағдайы мемлекеттік-құқықтық идентификациясынан туындады. Поляк династиясы Ягеллондардан шыққан король қайтыс болғаннан кейін орталық еуропалық екі тақ босап қалды. Габсбургтерге бұл өз империясын құруға мүмкіндік туғызды. Үш тақ сөз жүзінде біріктірілгеннен кейін де, қалыптасқан империяға феодалдық бытыраңқылық тән болды, әрбір мемлекет өздерінің тарихи-этникалық ерекшеліктерін сақтады. Габсбургтер империясының құрамындағы Чехияда славяндық фактор басым болса, Венгрия мен Австрияның этникалық құрамы әралуан болды. Австрия мен Венгрияда мемлекетті қалыптастыратын функцияны атқарған этнос немістер мен мадьярлар болды. Бұл мемлекеттердің қалыптасу процесі жергілікті славян тайпаларымен ұзаққа созылған күрделі байланыспен сипатталады. Бұл жерде сөз Австриядағы словендер, Венгриядағы қазіргі словактардың ата-бабалары және Рим провинциясы Дакия мен Паннониядағы славян тайпаларының қалдықтары туралы болып отыр. Өздерінің феодалдық сословиясы

болмағандықтан олар бұл мемлекеттің феодалдық құрылымында көрініс ала алмады. Елдің әртүрлі ұсақ бөліктерге бөлінуі салдарынан алғашында ешқандай ортақтық болған жоқ. Бытыраңқылық ұстанымын шектеген қуатты екі фактор болды – латындық дәстүр, христиан діні және Рим құқығы. Чехияны, Моравияны, Силезияны, Венгрия патшалығының солтүстік-батыс комитаттары 1526 жылдан кейін де өз феодалдық сословиясы басқарды. Австрия үйінің жетістігіне әсер еткен тарихи себептер болды, ол ең алдымен сырттан төнген қауіп еді.

XV–XVI ғасырларда түрік-османдарының Орталық Еуропаны жаулап алуы шындыққа айнала бастады. Ішкі алауыздықтан әлсіреген Венгрия патшалығы түріктердің орталық еуропаға ентелей енуін тоқтата алған жоқ. Ол христиандық еуропаның қорғанысы рөлін шамасы келгенше атқаруға тырысып бақты. XVI ғасырдың басында Матъяш Хунядидің жеңістерінен кейін Венгрияның өзіне христиандық әлемнен көмек қажет болды. Оңтүстік-шығыстан келген агрессияның бетін қайтаруды ұйымдастыру жалпы еуропалық міндет болды, дегенмен бұндай тарихи қажеттілікті түрік қауіпін шынай сезінген елдер ғана түсінді. Олар – славяндар, немістер, мадьярлар болды. Османдарды тоқтату үшін үш монархияның арасында бөлінген Орталық Еуропаның геосаяси кеңістігін түпкілікті түрде қайта құру қажет болды. Мохач түбінде Венгер әскерінің талқандалуымен чех-габсбург-венгер династиялық неке келісімдеріне үш нақты біріктіретін заңдық негізі пайда болды.

Қалыптасқан осындай тарихи жағдайда Габсбургтер Қасиетті Рим империясының императоры ретінде біріктіру ісін қолға алып, қауіп төнген аймаққа Германия тарапынан әскери-саяси, қаржылай көмек көрсетуі керек еді. Бірақ, халықтардың орталық еуропалық одағына негізделген Габсбургтердің бастамасының толық іске асуы мүмкін болуы үшін екі ғасыр қажет болды. Орталық еуропаның тарихы үшін шешуші оқиға 1683 жылы жазда Вена қабырғасында іске асты. Осман агрессиясын қайтару Францияны есепке алмағанда Еуропаның ортақ ісіне айналды. Христиандық еуропаның османдарды жеңуіне үлес қосқан король Ян Собосскийдің басқаруындағы поляк әскері болды. Белград бекінісін алып, Балканға қарай тереңдеп ене бастады. Бұл процесс сәтсіз тоқтап қалды, себебі, Франциямен Германия үшін испан мұралығы үшін соғыс жақындап келе жатты. Түріктерге Белград, Ниша және басқа

серб территориясы қайтарылып, жаңа бітім жасалды. Осы себепке байланысты 1699 жылы Карловиц бітімі династияға тек Венгрия патшалығын Трансильваниямен бірге, Хорватия мен Славонияны бекітті. Екі ғасыр барысында (шамамен 1526–1720) осылай өз билігіне Венгрия, Чехия, Австрия жерлерін біріктіріп Габсбургтер үйі жаңа империяның орталығын құрады. XVII ғасырдың соңғы он жылдығында империя құрамына Буковина, кейін Галиция және Лодомерия патшалығы деген атаумен Польшаның бір бөлігі кірсе, XIX ғасырдың басында Далмация кірді. Орталық еуропалық аймақ осылай өзінің аяқталған түрін қабылдады. Вена түбіндегі жеңістен кейін, османдардың Венгриядан кетуіне байланысты империяның әскери-саяси сатысы аяқталды. 1711 жылы Венгриямен Сатмар бітімі, 1713 жылы Франциямен Утрехт бітімі жасалғаннан кейін бұл мәселеге нүкте қойылды. Өзінің билік құрған 46 жылында Сүлеймен он үш әскери жорыққа қатысты, оның ішінде он жорық еуропада өтті. Осы кезеңде тарихшылардың көрсетуі бойынша осман мемлекетінің тұрғындарының саны 25-30 млн. адам болды. Түрік иеліктері шығыстан батысқа қарай 7,000 км. созылса, солтүстіктен оңтүстікке қарай шамамен 8 млн кв. км. созылды.

Тарау бойынша білімін тексеруге арналған сұрақтар:

1. Мохач түбіндегі ұрыс қашан болды ?
2. Испан мұралығы үшін болған соғыстың себептері ?
3. Қандай мемлекеттердің арасында испан мұралығы үшін соғыс болды ?
4. XV-XVI ғасырларда түрік-османдарының сыртқы саясатындағы негізгі бағыт ?
5. I Франциск тұсындағы франк-испан соғыстарының себептері ?
6. Франция мен Габсбургтердің бақталастығына шығыстан араласқан қандай мемлекет?

22-тарау

ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚ СОҒЫС (1618–1648) ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Отыз жылдық соғыстың алғышарты. 30 жылдық соғыстың тарихы дәстүрлі түрде төрт кезеңге бөлінеді яғни: 1) чех-пфальц кезеңі 1618–1623 жылдар 2) дат кезеңі 1625–1629 жылдар 3) швед кезеңі 1630–1635 жылдар 4) швед-француз 1635–1648 жылдар.

1564 жылы II Фердинанд өлгенге дейін Габсбург иеліктері оның үш ұлының арасында бөлінді: үлкен ұлы, болашақ император II Максимилиан Австрияны, Чехияны және Венгрияны алды; екінші ұлы Карл – Штирияны, Каринтияны және Крайнаны, үшінші ұлы Фердинанд – Тироль, Швабия және Эльзасты алды. II Максимилианнан мұралықтың негізгі бөлігі оның екі ұлына – Рудольфпен Матвейге өтті, олар бұны күрестің нәтижесінде бөліп, үлкені император II Рудольф тек Чехияда қалды. Ал II Матвей Австрияны, Моравияны, Венгрияның бөлігін алды. Мұралықты бөлу үшін болған күресте Матвей мен Рудольф жергілікті оппозициялық қозғалыстан өздеріне жақтаушылар іздеді. Венгрия, Австрия, Чехиядағы оппозиционерлерге діни және саяси еркіндіктер берді. Баласыз II Рудольф 1612 жылы өлгеннен кейін Австрияда, Чехияда, Венгрияда Матвейдің қолына біріктірілді және оған империялық тәж өтті. Матвей де баласыз болды, оның мұрагерлері император I Фердинанд келесі немересі, Карлдың баласы Фердинанд Штирский болуға тиіс еді. Фердинанд Штирскийдің мұрагерлікке енуі (болашақ император II Фердинанд) Поршневтің ойынша 30 жылдық соғыстың бастамасы болды, яғни, Габсбургтер үйінің саясаты өзгерді. Фердинанд Штирский іс жүзінде мұралыққа Матвей өлгенге дейін екі жыл бұрын 1617 жылдың соңында енді, осы кезеңге дейін болған саясат күрт өзгертілді.

Ф.Штирский Ингольштадта иезуиттердің тәрбиесінде болды. Игнатий Лайолланың тәсілі бойынша діни жаттығулардың толық курсы өтті. Өз мұралық иеліктерінде – Штирияда, Каринтияда, Крайнада XVII ғасырдың басында-ақ протестантизмді жойды, католиктік террор оның иеліктерінде дүрілдеп тұрды. 1617 жылы Фердинанд Штирский билік басына келгесін, ішкі Габсбургтік династиялық мәселелерді шешу үшін Эльзас ландграфтығы австриялық Габсбургтерден испан Габсбургтеріне берілді. Испан әскерлері Швабияға және Тирольға енді. Эльзасты испандарға берудің нәтижесінде Франция Испанияның ішінде қалды, оның-барлық батыс шекарасын испан плацдармдары алды. Бұл дегеніміз, егер сол кезде Франция өзінің ұлттық мүддесін белсенді түрде қорғауға мүмкіндігі болса еуропалық соғысты шақыруға болатын аса маңызды әскери стратегиялық қадам еді.

Сонымен бірге, Фердинанд Штирский билікке келуімен протестант шіркеулері жабылды, Чехияның екі қаласы Броумоведе және Гробнада уағыздауға тиым салынды. Бұл мәселе 1611 жылдан өз шешімін таппай келе жатыр еді. Себебі, Матвей чех еркіндігіне тиіп кету қаупінен сескеніп, түпкілікті шешім қабылдамаған еді. Чехияның жаңа королі Фердинанд бұны пайдаланып, протестантизмге қыр көрсетті. Чех протестантизмі чех мемлекеті мен халқының тәуелсіздігінің ақырғы қалдықтары еді. 1617 жылы 11-13 желтоқсанда Броумовтағы протестант шіркеуі жабылды, Гробнада да шіркеу қиратылды.

Ф.Штирскийдің Францияға байланысты жоспары іске асса, Чехияға байланысты Фердинанд қателесті. Ол аяқ астынан үлкен қарсылыққа ұшырады. Қарсылықтың арқасында соғыс империяның ішіндегі ұзаққа созылған сипат алды, ал қауіп төніп тұрған еуропа мемлекеттеріне ұйқыдағы жағдайдан шығып, жауға қарсы күш жинауға мүмкіндік берді. Алғашқы кезде Броумов пен Гробнадағы жағдай жергілікті инцидент ретінде қабылданды. Бірақ Фердинандтың чех халқына тастаған жекпе-жекке шақыруы екені Броумов депутаттарының Прагаға арыз айтып барғанда түрмеге отырғызылуы, чех еркіндігінің бұзылуы туралы наразылықтарына суық жауап алынуынан түсінікті болды. Фердинанд чехтар басын иеді, ал еуропа державалары дәл қазір көмекке келмейді, – деп ойлады.

Бірақ Чехияның протестант дворяндары граф Турнның басқаруымен көмек Англиядан, Франциядан, Савойядан, Трансильва-

ниядан және протестанттық Униядан келеді деп сенді. 1618 жылы мамырда императордың тиым салуына қарамастан, Прагада протестант әлеуметтік топтарының депутаттарының жиналысы шақырылды. Бұл дегеніміз, жекпе-жекке шақырудың қабылданғанын көрсетті.

Қозғалыстар Чехияның барлық қалалары мен деревняларына таралды. Сословиелердің жиналысы болып жатқан Прагада ерекше аласапыран еді. 23 мамырда қаруланған қалалықтар көшеге шықты да, көтеріліс ашық сипат алды. Қаруланған топпен бірге чех протестант аксүйектері ескі Прага сарайындағы императордың жоқ кезінде Чехияны басқаратын 10 наместниктің резиденциясына күшпен енді. Бұл наместниктердің арасында католиктік реакцияның белсенді қызметкерлері – Мартиниц пен Слават бар еді. Олармен ескі чех дәстүрі бойынша есеп айырылысты: терезеден лақтырды (дефенстрация). Қозғалыс бүкіл Чехияға тарап кетті. Тек үш қала ғана императорға адалдығын сақтап қалды. Иезуиттерді жаппай қудалау басталды. Прагадағы чех сейімі билікті сайланған директорлардың қолына берді.

30 жылдық соғыстың чех кезеңі. Чех соғысын яғни, чех сословиясы мен Габсбургтердің арасындағы 1618–1620 жылдардағы қақтығысты зерттеу, 30 жылдық соғысты әскери-саяси қақтығыстан кеңірек қарау қажет екенін көрсетеді. Чех мәселесінің тарихы бұл қақтығыстың әлеуметтік-экономикалық қақтығыстан өскен феодализмнен капитализмге өту кезеңіндегі қақтығыс екенін көрсетеді. яғни, 30 жылдық соғыс әлеуметтік-экономикалық және топтық қақтығыстардың күрделі байланысынан туған саяси қақтығыс.

Нидерландының Испанияға қарсы күресі XVII ғасырдың басында Батыс Еуропадағы қоғам мен мемлекеттік ұйымның жаңа түрін керек етті. Нидерландының Испанияға қарсы күресінде буржуазиялық қоғамның феодалдық қоғамға қарсы күресі көрінсе, еуропа елдерінің көпшілігінен XVII ғасырдың басында феодалдық таптың ішкі жасырын қақтығысын көреміз. Чех тарихшысы Й.Полишенский чех көтерілісі туралы былай жазады: Көтеріліс басқа елдердің алдында негізінен саяси бас көтеру сипатын алды, және императордан көрі жаман кеңесшілерге қарсы еді, – дейді. Көтерілісшілер қозғалыстың басынан-ақ көмекті сырттан күткендіктен, алғашқы күннен дипломатиялық қызметті жандандырды.

Чех әскері Турнның жетекшілігімен Австрияның территориясына еніп, 1619 жылы шілдеде император сарайы орналасқан Венаны алды. Дегенмен бұл күрестің нәтижесін шешетін Прага мен Венаның жекпе-жегі емес, жалпы еуропалық саяси күштердің ара-қатынасы еді. Бұл дәуірдегі кез-келген жергілікті соғыстың көзге көрінбейтін жалпы соғыстық сипаты болды: себебі, ақша халықаралық күш еді, оған тауар, жалдамалы солдат сатылып алынды.

Чехияның қаражат негізі бұл кезде өте әлсіз болды. Фердинандтың өз қоры болмағанымен Испан королі қақтығыстың басында 300 мың крон берді, оған 14000 императорлық әскер жалданды. Чехияның басына алғашқы күннен-ақ сыртқы саясатта оқшаулану қаупі төнді. Бұл қауіптен құтылып, күрес алаңына еуропаның басқа державаларын тарту үшін, Чехия сәтті саяси қадам жасады. 1619 жылы августте олар чех королі ретінде Фердинандтың орнына V Фридрихті Пфальцтің курфюрстін сайлады. Протестанттық Унияның басшысы ретінде жаңа король соғысқа Германия мен Голландияның протестант князьдарын, I Яков Англискийдің күйеу баласы ретінде Англияны, Христиан IV Датскийдің немере інісі ретінде Данияны тарту керек еді. V Фридрих және оның кеңесшілері ақылдасқаннан кейін чех ұсынысын қабыл алды. Коронация Прагада 1619 жылы қарашада өтті. Аз уақыттың ішінде бұл үміттің күлі көкке ұшты. Себебі, Голландия саясатындағы бетбұрыс чехтарға қолайсыз болды. Республика мен Испанияның арасында екі жақты соғыспас үшін Империямен қақтығысқа түспеуге тырысты.

Ал дат королі IV Христиан тек ағылшын королімен одақтасу жағдайында ғана чехтарға көмектесуге дайын болды. Бірақ I Яков V Фридрихты «узурпатор» деп жариялап, көмек көрсетуден бас тартты. Осындай жағдайда чехтар Англиядан көрі Францияға арқа сүйей алды. Бірақ чех протестанттары Франциядан көмек сұрағанда XIII Людовик көмек көрсетуден бас тартты. Осылайша ұлы державалар чехтармен V Фридрих есептерін іске асырмады. Дегенмен, Чехияға көмекке сол дәуірдің ең айлакер саясаткері және дипломаты герцог Савойский I Карл-Эммануил келді. Ол бүкіл өмірін Франция мен Габсбургтер арасында өткізген. Ол 30 жылдық соғыстың батырларының бірі болған граф Эрнст Мансфельдтің басқаруымен 1000 рейтар жіберді. Өте тез арада Карл-Эммануил басқа державалардың чехтарға көмек көрсетпейтініне көзі жетіп,

енді императордың алдында ақтала бастады. Осыдан кейін Мансфельд әскерін өзі қамтамасыз етуге мәжбүр болды. Екінші жағынан чехтар империяның ішінде Силезиядан одақтас тапты. Үшіншіден, чехтарға ауқымды көмекті Трансильвания князі Бетлен Габор көрсетті. Бетлен Габор белгілі жағдайда Түркияның қолдауымен 1619 жылы күзде Словакияның территориясына енді, бұл дегеніміз, Габсбургтерге қарсы жалпы ұлттық көтерілістің басталу белгісі болды. Бетлен Габордың билігімен тәуелсіз венгер корольдігі құрылды. 1620 жылы августте Венгер корольдігі деп жарияланды. Венгриядан Бетлен Габор Австрияға өтіп чех әскерімен қосылып, Венаны алуға дайындалды.

Чехияның әскери-саяси белсенділігі осындай жағдайда болды. 1619 жылы күзде Венаның түбінде Турн бастаған чех әскері мен Бетлен Габор бастаған венгер әскері тұрды. Әскер сандары империяның әскерінің санынан басым болды. Бірақ чех әскері нашар қаруланған, ақша алмаған, нашар тамақтанған адамдар еді. Бетлен Габор да өз әскерін немен тамақтандыратынын білмеді. Осындай жағдайда Бетлен Габор Вена түбінен әскерін алып кетті. Чехтар да әскерін алып кетуге мәжбүр болды. Бұл негізінен чех жеңілісінің басталуы еді.

II Фердинанд пен Католиктік Лиганың басшысы Максимилиан Баварский жеңістерін тойлап, Еуропада габсбургтік-католиктік лиганың агрессиялық күшін жинады. 1620 жылғы июль айында француз дипломатиясы Уния мен Лиганың арасында Ульма бітімін ұйымдастырды, бұл да испандардың Пфальцке енуін қолдады. 1620 жылғы қыркүйек айында Спиноло бастаған 24 мыңдық таңдаулы испан және валлон жалдамалы әскері Рейн Пфальцке енді. Дәл осы кезде Чехияға қауіп төнді. Испандардың Пфальцке жасаған жорығы мен Чехияға империяның жасаған жорығының дәл келуі бір жоспардың екі мазмұны екенін көрсетеді. Пфальц чех протестанттарына тыл болмауы керек еді. Соғыс осы сатысының өзінде-ақ, Германияның жағалауларынан шығып отыр еді.

Католиктік Лиганың әскерлерінің басшысы генерал Тилли қыркүйектің басында Чехияның территориясында генерал Букудың әскерімен қосылды. Прагаға жақын жерде «Белая гора» деп аталатын төбешікте 8 қараша 1620 жылы шешуші ұрыс болды. Аз уақыттың ішінде Белая гора түбінде чех бекіністерінің ақырғылары берілді. Силезия мен Моравия II Фердинандқа берілетіндерін

ертерек жариялады. V Фердинанд Чешский бір қыстық король атағын алып, Голландияға қашып кетті. Чехияда Белая гора маңында болған ұрыстан бірнеше айдан соң саяси террор басталды. 1621 жылы 21 июньде чех көтерілісінің 27 жетекшісі жазаланды. Осыдан кейін жаппай репрессия басталды. Көптеген чех дворяндары шет елге қашып, немесе кешіріммен келіп жан сақтады.

30 жылдық соғыстың чех кезеңін қорытындылайтын болсақ, төмендегі жағдайларды айтуымыз керек: чех кезеңі діни соғыс болған жоқ. Австрия және Испан Габсбургтеріне қарсы ұлы коалиция құруға ұмтылыс жасалды. 1618–1620 жылдар арасында бұл жоба іске аспады. Осымен бірге чех мәселесі деген түсініктің мазмұны өзгерді. 1618–1620 жылдары бұл дегеніміз чех феодалдық қоғамының көпшілігінің австриялық қысымнан босану үшін, чех феодалдық өкілеттілік монархиясын сақтау үшін күресі болды. Сол себепті чех көтерілісінің феодалдық көсемдері қақтығыстың әлеуметтік базасын кеңейтуге тырысқан жоқ. Шаруалардың көмегін қауіпті деп санап, қалалықтардың көмегін қажетсінбеді. Көтерілістің жеңілуін осы тұрғыдан түсіндіруге болады. 1620 жылы Габсбургтер және оның одақтастары жеңістерін ескі сословиялық оппозицияны жоюға пайдаланды. Феодалдық топтың жартылай дәстүрлі жаңа жігі пайда болды. Чех буржуазиясы өте әлсіреді. 1626 жылғы феодалдық оппозицияның ақырғы қозғалысын Силезия мен Моравияда болды. Дегенмен, Габсбургтерге қарсы оппозицияның көрсеткіші ретінде біртіндеп протестанттық буржуазияның гуманистік көңіл-күйдегі мүшелері қалыптаса бастады. Бұлардың прокламацияларында және публицистикасында гуситтік манифесттерді еске түсіретін, ұлттық сипаттағы талаптары бар ұрандар пайда болды.

Отыз жылдық соғыстың дат кезеңі. 30 жылдық соғыстың прологтық бұл кезеңінде Франция Габсбургтерге қарсы күштердің арасында бірінші орынға шыққан жоқ еді. Жалпы қалыптасқан көзқарас бойынша бірінші орында абсолюттік-протестанттық Англия тұрды. Бірақ, Ришельенің империяны екі майданға соғыстыру бастамасы Лондонда түсінушілік тапқан жоқ.

Швед және дат корольдерін жақындастырып, екі әскердің күшін Германияға бірлесе енгізудің орнына ағылшын дипломатиясы екі күштің біреуін таңдаған дұрыс деп тапты. Таңдау IV Христиан Датскийге түсті. Голланд республикасының үкіметі екі майданда

соғысуды дұрыс деп тапқанымен, ағылшын талдауына қосылды. Бұл әрекеттің нәтижесі Дания, Англия, Голландия арасындағы әскери одақ болды. Одақ өз алдына V Фридрих Пфальцкийдің құқықтарын қалыптастыруды мақсат етіп қойды. Франция өз тарапынан IV Христианға жасырын ақшалай субсидиялар берді. Англия мен Голландия да одақтастық міндеттерін субсидияларға тіреді.

Осылайша Дания империяға қарсы таран ретінде пайдаланылды. Данияның өзі әлсіз ел еді, бірақ іс-әрекет тек күресуші жақтардың өздерінің күшіне емес, күштердің жалпы еуропалық қатынасына байланысты болды.

Дат соғысының алғашқы сатысын, яғни, дат королінің және оның одақтастарының әскерлерінің Орталық және Шығыс Еуропа елдеріне 1626–1627 жылдары енуін чех, дат, герман тарихшылары аса маңызы жоқ эпизод ретінде қарастырады. Дегенмен, 1626–1627 жылдардығы қақтығыстардың ауыртпалығы уақытша моравия-силезия және жартылай словак обылыстарына ауғаны факт.

Нидерландының Біріккен Провинциясының шаруашылық мүдделерінің осы кезде чех мемлекетінің облыстарына байланыста болуы. Дат-норвег корольдығының Орталық Еуропамен байланысына келсек, олар әлсіз болды. Чех соғысының барысында IV Христиан бейтараптық позиция ұстанды. Коалицияның әскерінің жетекшісі болып Мансфельд тағайындалды. Ол Бас Штатқа және Фридрих Пфальцкийге бағынышты болды. Біріккен әскер 1626 жылы көктемде Эльбаны басып алып, Тилли басқарған Лига әскеріне және Валленштейн басқарған император әскеріне қауіп төндіруге тиіс болды. 1626 жылы ерте көктемде біріккен әскер Брандабургтік Альтмарк арқылы енді, бірақ, 25-сәуір 1626 жылы Дессау түбінде Валленштейнмен тоқтатылып жеңіліс тапты. Маусымның соңында дат әскерлері герцог Саксон-Веймарскийдің жетекшілігімен аяқ-астынан Эльбаны кесіп өтіп, Мансфельдпен бірге шілденің ортасында Одерге келді. Франкфурттен дат әскерлері мен Мансфельд әскерлері бөлек шықты. Олар Бреслауды айналып өтіп, тамыздың ортасында Одерберг тұсында тұрса, Мансфельд Тешин босағасында тұрды.

Дания мен Мансфельд әскерлері осыдан кейін Моравияның аймағына енді. Шығыс Моравияда тамыздың соңында 1626 жылы Мансфельд Иоганн-Эрнстпен болашақ туралы келіссөз жасады,

себебі, олар Копенгаген мен Гааганың көрсетпелеріне сене алмады. Олар Венгрияға қарай жылжып, Бетланмен кездесуге келісті. Бетленмен бірге олар Чехияға жорық жасаулары қажет еді. Венгрия тікелей шабуыл жасаудан бас тартты, себебі, Валленштейн әскері өте жақын жерде болды. Қыркүйектің басында екі әскер Моравия арқылы қазіргі Словакияның аймағына келді. Бетленнің әскері мұнда әлі келмеген еді. Мансфельдтің гарнизоны Тешинде қалды. Троппауда, Кроновта және Шығыс Моравияда даттар тұрды. Осы уақытта екі әскербасшы 27 тамызда негізгі дат әскерлері Луттер Баренбергте Тиллиден жеңілгені туралы мәлімет алды. Қыркүйектің соңында Мансфельд Валленштейн әскерінен шегінді. Екі әскербасшы Мансфельд пен Иоганн Эрнст Бетленмен осыдан кейінгі қимылдарын анықтау керек болды. Бетлен жаяу әскермен қалуға мәжбүр болды. Сол себепті одақтастарының барлық күштерін талап етті. Ал одақтасы керісінше ондағы өз позицияларын күшейткілері келді. Иоганн Эрнст Силезияға шегініп, сол жерден Чехия мен Жоғарғы Пфальцке енуді ойлады. Осындай жағдайдан кейін одақтас армияның екі генералының көзқарасы дәл келмеді. Ақыр аяғында Бетлен Валленштейнге күштерді біріктіруге көндірді. 1626 жылы 30 қыркүйекте Валленштейн әскері мен Бетлен әскері Дрегел Паланка түбінде біріне-бірі бетпе-бет тұрды. 1-қазан күні дат-мансфельд көмегін алмаған Бетлен кейін шегінді. Бұл екі шегініс белсенді соғыс қимылдарының болмайтынын көрсетті. Қазанның ортасында Бетлен әскерімен түріктер даттар мен Мансфельдпен бірікті. Қарашаның басында герцог Саксон-Веймарский мен Мансфельд арасында келіссөздер болды. Осының нәтижесінде Венециядан ақшалай көмек сұрау қажет деп шешілді. Мансфельд 1626 жылғы жорық жеңіспен аяқталды. Келесі жылға дұрыс дайындалу керек, – деп шешті. Ол Венецияға үміт артты және Солтүстік Италияда Франция мен Габсбургтердің мүдделері тікелей қақтығысып жатқанынан да үміттенді. Бірнеше күн өткеннен кейін Мансфельд штаб-квартирасынан шықты, бірақ, Венецияға жете алған жоқ. Қарашаның соңында ол Босняда, Сараевоға жақын жерде қайтыс болды. Қалған дат және Мансфельд әскерлерін басқару Иоганн-Эрнст Саксон Веймарскийге тапсырылды. Ол Бетленмен келіссөзге келіп, азық-түлік, пәтер мәселесін шешті. Себебі, әскердің арасында аурулардың түрі көбейіп, өлім көбейді. Валленштейн әскері де осындай жағдайда еді. Бетлен екінші

жағынан қарсыласымен жасырын келіссөздер жүргізіп жатыр еді. Келіссөздер кезінде Иоганн Эрнст Моравияға жорық жасауға Бетленнің көмегін талап етті. Кейін Чехияға жорық жасау жоспарланды. Троппау мен Валах гарнизондарының көмегі арқылы елдегі билікті басып алып, оны Словакиялық өкілеттілік ұйымына беру жоспарланды. 1627 жылы көктемде Мансфельд күш әкеп Бетленге соғыс алаңында көмек көрсетуге тиіс болды. Жоспардың сәтсіздікке бой ұруы барысында дат әскерлері Бетленнің қол астына немесе швед короліне Силезияға қызметке өтуге тиіс болды. Жоғарғы Австрия мен Чехиядағы шаруалар көтерілісін пайдалану жоспарланды. Бірақ бұл жоспарлардың барлығы түпкілікті қалыптаспаған еді. Сондықтан жоспардың қалыптастырушысы 14-желтоқсанда 1626 жылы қайтыс болғанда оның әскері ыдырау сатысында болды. Әскердің қалғанын дат комиссары Иоахим Мицлафф Тропауға алып кетті.

Герцог Саксен Веймарскийдің көптеген жоспарлары 1626–1627 жылдардың қысында орындалды. 1627 жылы дат әскеріне қарсы күшейтілген Валленштейн әскері шықты. 1627 жылы шілдеде даттар Тропауды күшейтіп, Гобор Бетлен тарапынан әскери қимылдар күтті. Бетленнің саясаты одақтастар іздеуге бағытталды, тіпті Ресейден де. Батыстан келетін күштің болмайтынына көзі жеткен даттар шегіне бастады. Валленштейн олардың жолын бөгеп, Померанияға кедергісіз өтіп кетуге кедергі келтірді. 1626 жылы даттар мен Бетлен жүргізген сәтсіз операциялар 30 жылдық соғыс барысында бірнеше рет қайталанды. Габсбургтерге қарсы коалицияның 1626–1627 жылдары валаштық одақтастары осы жолы шведтерді қолдады. 1643 жылы солтүстік және шығыс Моравия шведтердің және оның одақтастарының қолында болды. Бірақ негізгі швед әскерінің ядросы Моравияны қалдыруға мәжбүр болды. Себебі, Балтық теңізінің жағалауындағы швед позицияларына IV Христиан қауіп төндірді. Бұл Габсбургтерге 1644 жылдыңбасында валаш көтерілісін басуға мүмкіндік берді.

Сонымен, дат соғысының бірінші сатысының нәтижесі ірі Габсбургтерге ірі қарсы коалициялардың қалыптасуы болды. Олар діни емес, державалық мүдделерді ұстанды. Одақтастардың ішіндегі қайшылықтардың көрініс алу нәтижесі, соғысты жергілікті ұрыстар сипатында аяқтауға итермеледі. Олардың біреуі IV Христиан әскерлерінің Орталық Еуропадағы күресін көрсетеді.

Осылайша Дания Империяға қарсы таран ретінде қолданылды. Чех кезеңімен салыстырғанда император 1624 жылдың соңында өз бақталастарына қарағанда. II Фердинанд қолындағы материалдық белсенділіктен ештеңе қалмады. Испания бұрынғыдай оған материалдық көмек көрсете алмады, себебі, оның өзі екі майданда соғыс жүргізіп жатты – Нидерландыда және Италияда. Сонымен қатар, Голланд флотымен теңізде соғысып жатты. Польша королі III Сигизмунд та бұрынғыдай көмек көрсете алмады. Оның барлық күші Швецияға қарсы бағытталды. Тек папа VIII Урбан ғана субсидияның мөлшерін өсірді, бірақ бұл теңізге тамған тамшыдай еді. Данияға қарсы Тилли бастаған Католиктік Лиганың әскері қалды, ол чех-пфальц соғысынан әлсіреген еді және саны да азайған болатын.

Швецияның соғысқа ену перспективасы. Швед кезеңінің басталуы. Ришелье 1624–1625 жылдары Империяны екі майданда соғыстырғысы келген. Солтүстік-батыстан Данияны, солтүстік-шығыстан Швецияны. Бірақ бұл жоспар Густав-Адольфтің Империяға қарсы соғыс бастаудан бас тартқандықтан орындалмап еді. Ол кезде Швеция Польша-Литва мемлекетін Балтық жағалауы Ливония мен Пруссия үшін соғысып жатқан еді. 1630 жылдың басында 30 жылдық соғыстың дамуындағы шешуші роль Швецияның қолына өтті. Швеция өзінің күшіне байланысты емес, стратегиялық қолайлы орналасуына байланысты Еуропаның тағдырын шешуші болды. Англия мен Дания 20 жылдың соңында ойыннан шықты. Францияның Испанияға қарсы мықты одақтасы Голландия болды. Осман империясының парсы істерімен басы қатып жатты.

Швеция Империямен соғысуға дайын еді. Ол империяның үлгісіндегі Балтық теңізінің Померандық жағалауына көз салды. Густав-Адольфтың сөзі бойынша император Швед мемлекетінің жүрегіне көз алартты. 1629 жылы қыркүйекте француздардың араласуымен Альтмаркте Швеция мен Польша-Литва мемлекеттерінің арасында алты жылға уақытша бітім жасалды. Енді Густав-Адольф Габсбургтерге қарсы шыға алды. Көптеген тарихшылар бұл бітімді Ришельенің қол жеткізген ең керемет дипломатиялық жетістігі деп есептейді. Швед королі француз саясатының шахматының тақтасында теңдесі жоқ Габсбургтерге жау фигура болды, – дейді Лампрехт. Егер оның қолы бос болса, ол кез-келген уақытта императорға – шах!, – деп айқайлай алды. Сол себепті француз

саясаты 1629 жылы Швециямен Польшаның арасында 6 жылдық бітім жасауға дәнекер бола отырып, дана қадам жасады,— дейді Лампрехт.

30 жылдық соғыстың тарихында швед кезеңі (1630–1635) басқа кезеңдермен салыстырғанда өзіне көп көңіл бөлдірді, дегенмен де дәл осы кезеңнің тарихшылар үшін түсініксіз жақтары көп. Швед әскерінің Германиядағы тәртіптерінің көптеген маңызды тұстары қазіргі ғылымда соңына дейін түсіндірілген жоқ. 30 жылдық соғыстың швед кезеңінің жұмбақтарына қанағаттанарлық жауап алу үшін Шығыс Еуропадағы жағдайды және ең алдымен орыс-поляк күресінің осы жылдардағы тарихын ескеруіміз керек. Бұл мәселенің ойылу заңдылығын мынадан көруімізге болады: 30 жылдық соғыстың барлық тарихы стратегиялық қатынаста бір принципке сүйенеді. Егер кімде-кімнің тылында екінші жауы қалса, ол мемлекеттің тағдыры шешілген.

30 жылдық соғыс жалдамалы әскерлердің соғысы болды. Сол кездегі жалдамалы әскер өте қымбат тұрды, мемлекеттің барлық қаржылық күшін талап етті. Кәсіпкер жалдамалы солдат көп нәрсені шеше алды. Мәселе екі майданда соғысудың ауыртпалығында емес еді, барлық мәселе екінші соғыс театрын ашудың жеңілдігінде болды. 30 жылдық соғыстың ауыртпалығы да осы еді. Әскер санының аздығы, қарапайым қарулану, жалдамалы әскердің ұлттық құрамының әртүрлілігі дипломатияның немесе судбсидияның көмегімен жаудың тылында екінші соғыс театрының пайда болуын жеңілдетті.

Бірінші жалпы еуропалық соғыс тұсындағы саясатшылар мен дипломаттардың даналығы да көршілерінің көршісімен әскери одақ жасауында еді. Еуропа шахмат тақтасындай болды. Кезкелген мемлекеттің стратегиясына қауіп, өз кезегінде өз көршілеріне қауіп төндірді. Мысалы, Габсбургтік Испания мен Габсбургтік Қасиетті Рим Империясы Франция үшін қауіпті түйіс болды. Ал Испанияның өзі Франциямен құрғақта, Голландиямен теңізде, ал Империя Франция мен Швеция түйісінде болды. Швеция өз кезегінде Польша-Литва мемлекетімен III Сигизмунд түйісінде болса, Польша Швеция мен Москва мемлекетінің түйісінде болды. 1630–1634 жылдары бұл мемлекеттердің бірде-бірі екі майданда соғысқан жоқ, бақталастардың біреуін басқа нәрсемен алдандырылып тұрды. Бұнда бір жүйеге сәл өзгеріс енгізілсе,

барлық жүйе өз кезегінде қайта құрылады. Мысалы, Мәскеу мемлекеті Речь Посполитаяның әскери күшін өзіне аудармаса, кейінгі Швеция үшін шынайы қауіп болды. Швеция Речь Посполитаяға бет бұруға тиіс болды, Империя бұндай жағдайда Франция үшін күшін босатса, Бұл Испанияға Францияға қарсы соғыс ашуға мүмкіндік береді. Мемлекеттердің күрделі жүйесін түсіндіре алу өте қиын еді.

Швед кезеңінің негізгі кейіпкері Густав-Адольф. Густав-Адольфтің саяси тұлғасына арналған әдебиеттер өте көп. Жаңа әдебиеттерге келейік. Бұлардың барлығы әр тарихнаманың өкілдері. Әрқайсысы Густав-Адольфтың бейнесін өз көзқарас тұрғысынан талқылайды. Бірақ барлығында бір ортақтық бар: ол – Густав-Адольфты жаулап алушы ретінде тану. Густав-Адольфтың Германияға жасаған жорығының негізгі қозғаушы күші Швецияның Балтық теңізіне жақын елдерге үстемдік орнатуға тырысуы еді. Бірақ бұндай саясат тек Швецияда ғана болған жоқ; Габсбургтердің Балтық саясаты, Валленштейннің Балтық теңізіндегі қызметі де осы саясатқа бағытталды және Швецияның ұлттық тәуелсіздігі мен суверенитетіне тікелей қауіп төндіріп тұрды.

Густав-Адольф өзінің салыстырмалы түрде алғанда аз әскерімен сыртқы және ішкі күштердің қолдауынсыз Германияға жете алмас еді. Густав-Адольфтың Германияға келіп, 30 жылдық соғысқа араласуын Б.Ф.Поршнев төмендегідей түсіндіреді: Густав-Адольфты Германияға алып келген Швецияның Балтық теңізіне монополиясы үшін күресі. Густав-Адольф барлық шет елдік субсидиялар мен герман ісінде бірінші орынға ешқашан шыға алмас еді, тіпті, империя әскері оны ығыстырып тастар еді, тек оған бір жағдай кедергі болды – немістердің алдындағы азат етуші бейнесі.

Густав Адольфтың әскерінің негізін ерікті шаруалар құрады. Бұл жерде төмендегі жағдайды айта кетуіміз керек: Скандинавия елдеріндегі феодализм өзіндік жолмен дамыды, ол жерде дамыған крепосниктік құқық болған жоқ. Негізі ерікті шаруалардан құралған әскер XVII ғасырда континентальдық Еуропа үшін ерекше көрініс болды. 30 жылдық соғыстың прологы кезінде, яғни, чех, дат кезеңдерінде неміс шаруалары жеңіс пен жеңілістің біраз тәжірибесін жинақтап қалған еді.

Франко-швед кезеңі. Нердлинген түбіндегі шайқастан соң және одан кейінгі оқиғалардың барысында соғысушы жақтардың

күштердің ара салмағы Габсбургтердің пайдасына өзгере бастады. 1635 жылғы Саксондық курфюст Прагада императормен бітім жасады. Осыдан соң оған басқа протестанттық князьдар қосылды. Бұл бітімнің шарттары бойынша император неміс князьдарына бірқатар кеңшілік жасады. Оның ішінде ең маңыздысы, Саксонияда және Прага бітіміне қосылған барлық неміс князьдарына реституциялық эдикті жүзеге асырудан бас тарту болды. Саксондық курфюст біраз территорияларды алды, сонымен бірге Силезияның өзіне көшкен бөлігінде де, өзінің басқа жерлеріндегі протестантизмді енгізуге құқықты болды. 1635 жылғы Прага бітімі Габсбургтердің неміс протестанттық князьдарын Швеция мен Франциядан бөліп тастауға есеп құрған жаңа тактикасын көрсетті. Габсбургтердің Германияда күшейіп кету перспективасы 1635 жылы Францияның Швециямен бұрын жасаған одағын қайта жаңғыртып, ашықтан-ашық соғысқа кіруге түрткі болды. Франция-Швеция одағына көп ұзамай, Біріккен Провинциялар Республикасы, Савойя мен Венеция да қосылды. Антигабсбургтік одақ күштерінің басшылығы енді айқын көрінуге айналды.

30 жылдық соғыстың соңғы ең ұзаққа созылған кезеңінде ірі шайқастар оншалықты көп бола қойған жоқ, жергілікті маңызы ғана бар, алма-кезек табыстармен жүргізілген ұрыстар көбірек болды. 1640–1645 жылдарда шведтер солтүстік Германияда, ал француздар Рейн мен Оңтүстік Нидерландыда үстем болды. Шведтердің талантты әскербасшысы Торсентсон 1642 жылғы 2-қарашада Брейтенфельд түбінде екінші рет болған шайқаста император әскерін талқандап жеңді. Шведтер сондай-ақ Силезия мен Моравияның бірқатар жерлерін басып алды. Оңтүстік нидерландыда француздардың Конде басқарған әскерлері испандықтардан асып түсті және 1643 жылы Рокруа түбінде оларды жеңді. Соғыс қимылдарының барысында істі қиындатқан жағдай, Балтық теңізінде үстемдік етуге ұмтылған Швецияның 1643 жылы Даниямен екі жылға жуық уақытқа (1643–1645) созылған соғыс бастауы болды. Франция мен Данияның арасындағы соғыстың тоқтатылып, Швеция күштерінің Габсбургтермен күресі үшін босануына мүдделі болды. Сондықтан, 1642 жылы қайтыс болған Ришельенің мирасқоры Мазаринидің Дания мен Швецияның бітім жасауына көмектесті. Бұл бітім бойынша Швеция Эзель және Готланд аралдарын алып, өзінің Балтық теңізіне позициясын нығайтты. Даниямен бітім жасасқаннан кейін швед әскері оңтүстікке қарай екпін-

дете шабуыл жасады және 1645 жылғы наурызда ол оңтүстік Чехиядан Янковеннің түбінде императордың әскерін ойсырата жеңді де, Данияның солтүстік жағына орналасқан Австрия жерлеріне келіп кірді. Швед әскерінің алдына қойылған келесі міндет, Дунайды кешіп өту, одан соң француз әскерлерімен бірлесе отырып, Чехияға, Австрияға және Батыс Венгрияға қатер төндіру еді. Бірақ бұл операциялар жүзеге асырылмады. Бұған император әскерлерінің қарсылық жасағаны ғана бөгет бола қойған жоқ. Едәуір дәрежеде Мазаринидің тактикасы да себеп болды. Ришельенің саясатын қолдаған Мазарини шведтердің жеңіске жетуіне де, сондай-ақ олардың Германиядағы протестанттық одақтастарының салтанат құруына жол бермеуге тырысты. Мазарини Максимилиан Баварскиймен келіссөздер жүргізіп, онымен сепараттық бітім жасасты және осы ісімен швед әскерлерінің Чехияға басып кіруін кідіртіп тастады. Алайда Франция мен Максимилиан Баварскийдің арасындағы сепараттық бітім ұзаққа бара алмады. Швецияның Саксониямен жасасқан одағы орнағаннан кейін швед әскері Чехиядағы шабуыл операцияларын жаңадан көп өрістетіп, Праганың іргесіне және жоғарғы Австрияға таяп келіп қалды. Чех қалаларының тұрғындары, әсіресе Праганың халқы шведтерге тегеуірінді қарсылық көрсетіп, олар ұзақ уақыт, әрі табанды ұрыс жүргізіп, шведтерді ілгері бастырмады. 30 жылдық соғыстың соңына таман Австрия Испания әскерінің де, сондай-ақ швед, француз әскерінің де көбінесе халықты тонаумен айналысатынына чехтардың көзі әбден жеткен. Чехияда партизандық соғыс өрістеді. Сонымен қатар, бұл соғыс Германияның өз әскерлері және бөтен әскерлер түк қалдырмай тонап кеткен көптеген аудандарында етек алды. Бірнеше рет ойсырата жеңілгеннен соң Венаны басып алу қаупі төнгеннен кейін III Фердинанд 1648 жылғы күзде бітімнің өзіне қойылған ауыр шарттарын орындауға мәжбүр болды. Екі жақтың да соғысты тоқтату керек деген шешімге келуіне соғыс қимылдары жүріп жатқан территорияларда партизандық соғыстың күшейе түсуі және Англиядағы буржуазиялық революцияның табыстары жөнінде түсіп жатқан хабарлар, сондай-ақ Францияда Фрондамен байланысты ішкі оқиғалар әсер етті.

Вестфаль бітіміндегі Еуропалық мемлекеттердің қайшылығы. Вестфаль бітімінің шешімдері. 1618–1648 жылдар арасында болған 30 жылдық соғысты аяқтаған бітім шарттары 1648 жылы

Вестфалияның екі қаласында – Оснабрюкте (бір жағынан Швецияның және оның немістік протестанттық одақтастарының және екінші жағынан императорлардың араларында жасалған келісім) және Мюнстерде (император мен Францияның арасында қол қойылған бітім келісінде) баяндалды. Вестфаль бітімі Франция мен Швецияның неміс князьдерімен келісімге келуі болып табылады. Ал неміс князьдары тек өздерінің оқшауланған иеліктерінің мүдделерін ғана көздеді. Соғыстың барысында көрінгендей, бұл бітім саяси жағынан бытыраңқы және діни күрестің салдарынан екі лагерьге бөлінген Германияның әлсіздігін көрсетіп берді.

Вестфаль бітімі бойынша Швеция Рюген аралын қоса бүкіл Батыс Померанияны, ал Шығыс Помераниядан – Штеттин (Шецин) қаласын және бірқатар мекендерді алды. Швецияға Валин аралы жағалауындағы барлық қалаларды қоса Померан шығанағы, империялық лен ретінде Везердегі Бремен және Верден архиепископтығы және Виамар қаласы берілді. Сонымен, Солтүстік Германиядағы кеме жүзетін өзендердің барлық сағалары Швецияның бақылауына алынған болып шықты. Швеция Балтық теңізіндегі үстемдікке қолы жетіп, Еуропаның аса күшті мемлекеттерінің біріне айналды. Франция Эльзасты алды (Страсбург және Эльзастың кейбір басқа қалалары сөз жүзінде империяның құрамында қала тұратын болды) және өзі сонау 1552 жылы басып алған үш епископтыққа – Лотарингиядағы Мец, Туль, Верден қалаларымен қоса қожалық етуге өзінің құқықты екендігін растады. Германияның кейбір князьдықтарының территориялары оларға бірқатар ұсақ иеліктерді қосудың есебінен ұлғайтылды. Әсіресе Шығыс Помераниядағы қосып алған Бранданбургтік курфюрст өз иелігін әжептәуір қомақты етіп алды.

Вестфаль бітімі Германияның саяси бытыраңқылығын ресми түрде бекітті. Неміс князьдарының өзара және шет мемлекеттермен одақтар жасауға, дербес сыртқы саясат жүргізуге құқығы танылды. Князьдық одақтар императорға және империяға қарсы бағытталуға тиіс емес, – деген ескерту тек декларация ғана болды. Жалпы империялық байланыстар формальді түрде ғана қала берді. Вестфаль бітімі бойынша, империя мемлекеттердің одағы болып қана табылды. Бұл одақтың өзі де, тек сайланып қойылатын императормен және рейхстагтармен ғана байланысты болатын етіп жасалынды. Ал бұлар қабылдаған шешімдердің міндеттілік сипаты болмады.

Вестфаль бітімі мемлекеттік суверендігі халықаралық көлемде танылған Біріккен Провинциялар Республикасының империя құрамынан шығуын заңдандырды. 30 жылдық соғыс көрсеткендей, еуропалық ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы және олардың территорияларының жігін айыру процесінен туған халықаралық қайшылықтар кезінде әр нәрседен ойы және формальді байланыстары бар Германия империясы ойыншыққа айналған болып шықты. Австрия Еуропадағы көп ұлтты мемлекеттердің бірі ретінде өзінің мұралық жерлерінің шегінде ғана дамыды. Осман империясының Еуропадағы ықпалы азайды, әскер және саяси күш-қуаты әлсіреді. Вестфаль бітімін жасауға қатыспаған Испания Франциямен соғысын жалғастара берді. 1659 жылғы Пиреней бітімі бойынша Франция солтүстік-шығыста испандық Нидерландының провинциясы Артуаның есебінен ұлғайтылды, ал шығыста оған Лотарингияның бір бөлігі қосылды. 30 жылдық соғыс Вестфаль бітімімен аяқталды, бірақ, халықаралық қайшылықтар одан әрі шиеленісе түсті. Франция мен Испания арасындағы соғыс 1659 жылға дейін жүргізілді. Сол жылы жасалған Пиреней бітімі бойынша Испания Русильоннан және Испандық Нидерландыдағы бірнеше Фландриялық қалаларынан айырылды. 1665 жылы IV Филипп Португалияның тәуілсіздігін заң жүзінде мойындауға мәжбүр болды. Сөйтіп, Испания XVI ғасырдың бірінші жартысындағы нағыз қуатты Еуропалық державадан жүз жылдың ішінде екінші дәрежелі мемлекетке, барған сайын өз маңыздылығын жоя бастаған мемлекетке айналды. Испан абсолютизімінің жүргізген саясаты елдің экономикасына ғана емес, сонымен қатар шіркеу мен инквизиция ғылым мен мәдениеттегі озат және прогресшілдіктің бәрін де қуғынға салды. Испан абсолютизімінің реакциялық саясаты Испания мен оның иеліктерінде бірқатар қуатты халық қозғалыстарының шығуына әкеліп соқтырды.

Вестфаль бітімі Оснабрюк және Мюнстер қалаларында төрт жылға созылған келісімдердің нәтижесінде 1648 жылы аяқталды. Вестфаль бітімінің Еуропа елдері – Чехия, Франция, Швеция, Голландия үшін маңызы болды. Бұл бітімнің шешуге тиісті мәселесінің ауқымы өте кеңеді. Оларға қысқаша тоқталсақ: чех мәселесі, швед мәселесі, Францияның Еуропалық жүйедегі орны, Біріккен Провинциялар Республикасының мәселесі, діни мәселедегі кальвинистердің, католиктердің, герман лютерандарының

құқықтары және герман мемлекетінің даму жолдары, Вестфаль бітімі Еуропа құрылығындағы мемлекеттердің шекарасын анықтап, өзінен кейінгі барлық келісімдердің сүйенетін негізгі тірегі болды. Бұл бітім бойынша неміс князьдары сыртқы саясатта тәуелсіздік алды, Швеция Батыс және Шығыс Померанияның бір бөлігін алып, өзінің алдына қойған мақсаттарына жетті. Балтық және Солтүстік теңіздерінің маңызды тарамдарын өз қолына түсірді. Франция Эльзасты түпкілікті қосып алды және XVII ғасырдың маңызды оқиғасы – Біріккен Провинциялар Республикасы империя құрамынан шығып, өз тәуелсіздігін алды. Дін мәселесінде бұл бітім кальвин, лютеран құқықтарын теңестірді.

Чех мәселесі. Вестфаль конгресінің негізгі шешетін мәселесі болмады. Вестфаль бітімінің нәтижесі Чехия үшін қайғылы болды. Оның буржуазиялық дамуына, ұлттық мәдениетіне кері әсерін тигізді. 1646 жылғы конгресте шведтер Германиядан Бремен, Форден, Силезия, Каминді сұрады. 1648 жылы Испания мен Голландия арасында келісім жасалды. Испания Голландияның тәуелсіздігін мойындады.

Сонымен, 1618–1648 жылдары болған 30 жылдық соғыс еуропа тарихы үшін өшпейтін нәтижелер қалдырды. Соғыстың қирату шекарасы Германияны кесіп өтіп, Балтық теңізінің жағалауларынан оңтүстік-батысқа дейін созылды. Померан мен Мекленбург, орталық Германия өз тұрғындарының жартысын жоғалтты. 30 жылдық соғыс Германия үшін үлкен апат болды және бұл апаттан Германия тек XVIII ғасырда ғана бой көтерді. 30 жылдық соғыс діни соғыс болды. Бірақ дін соғыстың бірден-бір себебі емес, дін саяси себептерді асқындырып, бұл соғыстағы негізгі және қосымша қақтығыстардың біріне айналды. Соғыстағы шешілген басты саяси мәселе – мемлекеттердің қалыптасуы болды. яғни, саяси-әкімшілік жүйенің орнауы, территориялық жүйенің қалыптасуы, мемлекеттердің құрылуы сол кезеңдердегі мемлекеттік жүйедегі терең дағдарыстармен қатар жүрді. Бұл соғыс Еуропа мемлекеттерінің қалыптасуының негізін салған соғыс болды.

Тарау бойынша сұрақтар:

1. Католиктік Лига қашан құрылды және кімдердің мақсатын қорғады?
2. 30 жылдық соғыстың чех жерінде басталуының саяси себептері?
3. Протестанттық Унияны құрудағы негізгі мақсат?

4. Шведтердің соғысқа араласу себептері?
5. Балтық теңізіне монополия үшін күрестегі Шведтердің рөлі.
6. Швед кезеңіндегі соғыстың барысына Ресей әсері болды ма, болса қандай оқиғалардан көрініс алды?
7. XVII ғ. Францияның сыртқы саяси ұстанымдарының күшеюін көрсететін оқиғалар?
8. 30 жылдық соғыстың француздық кезеңіндегі діни фактордың рөлі қандай болды?
9. Соғыстың IV кезеңіне қатысу Францияға қандай артықшылықтарды иеленуге мүмкіндік берді?
10. Вестфаль бітімі бойынша Шведтер Балтық теңізіне байланысты өз мүдделерін қанағаттандыра алды ма?
11. Бітім бойынша Францияның алған артықшылықтары.
12. Вестфаль бітімінің өзге бітімдермен салыстырғандағы айырмашылығы қандай?

АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ ТЕСТЕР

Оқу құралында кездесетін терминдер

Аббат – католик шіркеуіндегі барлық дін қызметкерлерінің құрметті аты.

Аварлар – VI ғасырда азиядан орталық еуропаға басып кіріп, өз алдына дербес мемлекет орнатқан түрік нәсілдес халық.

Аламандар – герман тайпалары, III–V ғасырларда Рейннің сол жақ жағалауына өтті. 536 жылы ерекше Алемания герцогтігі ретінде Меровинг патшалығының құрамына кіріп, XI ғасырға дейін өмір сүрді.

Аллод – алғашқы кезде басы бос франктердің мұрасы ретінде берілетін жер меншігі. Жер иесінің толық және шексіз билігінде болған феодалдық жер меншігінің алғашқы түрі.

Альбигойлық соғыстар – 1209–1229 жылдары Франция феодалдарының альбигойлықтарға қарсы жорығы. Бұл соғыстарды француз корольдері Тулуза графтығын басып алу мақсаты үшін пайдаланды.

Абсолютизм – сословиелік монархияның орнын басқан феодалдық мемлекет дамуының жоғарғы және соңғы түрі.

Анабаптистер – қайта шоқынұшылар. Олар шіркеу монархиясына қарсы болды. Анабаптистер ілімі Германияға, Нидерланды, Швейцарияға тарады.

Англикан шіркеуі – Англияның мемлекеттік діні. XVI ғасырдың 30-жылдары король XIII Генрих жүргізген реформация нәтижесінде пайда болды. Король өзін шіркеу басшысы деп жариялап, папамен байланысын үзді.

Аугусбург діни бітімі – 1555 жылы Германияның протестант княздары мен император Карл арасында жасалған шарт. Бұл бітім нәтижесінде протестанттар мен католиктер арасындағы бірқатар соғыстар аяқталды. Княздардың дін мәселесінде толық тәуелсіз болуын бекітті.

Аугусбург нанымы – Лютер ілімінің негізін баяндайтын құжат. 1530 жылы Аугусбургтегі империялық сеймде император V Карлге тапсырылды.

Аррас униясы – Эно, Дуэ, Артуаның 1569 жылы Аррас қаласында жасалған шарт бойынша құрылған одағы. Нидерланды буржуазиялық революциясы кезінде бұл одақты католиктік дворяндар құрды. Оған жауап ретінде Солтүстік революцияшыл провинциялары Утрехт униясын 1579 жылы ұйымдастырды.

Бюргерлер – Батыс Еуропаның феодалдық қала халқы, цех қолөнері мен сауданы экономикалық негіз еткен қала сословиесі. Олардың құрамы біртекті болмады.

Вестфаль бітім шарты – 1648 жылы отыз жылдық соғыстың аяқталуын заңдандырды. 24 қазанда Мюнстер қаласында ұзаққа созылған келіссөздерден кейін қол қойылды. Оснабрюк және Мюнстер қалаларында император мен протестант княздардың арасында қол қойылды.

Габсбургтер – Батыс Еуропаның басым бөлігін билеген династия. Австрия (1282–1948), Чехия-Венгрия (1526–1918), Италия (1866), Нидерланды. 1273 жылы I Рудольф Габсбург Қасиетті Рим империясының императоры болып сайланды.

Гейльброн жобасы – 1525 жылы Ұлы шаруалар соғысы кезінде Франция жерінде жасалған Германияны саяси жағынан қайта құру жобасы.

Бас Штаттар – Франция мен Нидерландыдағы сословиелік өкілділіктің жоғарғы ұйымы.

Гогенцоллерндер – Бранденбург курфюрстерінің династиясы.

Государь – XVI ғасырдағы Италияның саяси қайраткері және жазушысы Николла Макиавеллидің 1513 жылы жазылған басты шығармасы. Бұнда монархиялық мемлекетті басқару ұстанымдары баяндалады.

Гуманизм – XV–XVI ғасырларда өркендеу мәдениетіне байланысты қоғамдық ой-сананың бағыты. Өркендеу мәдениетінің идеялық мәні гуманизм арқылы ашылды.

Гусшілдердің соғысы – католик шіркеуіне және шетел агрессиясына қарсы XV ғасырдың бірінші жартысында болған Чехиядағы көп жылдарға созылған күрес. Ол Ян Густің есімімен байланысты, 1419–1437 жылдары гусшілдер соғысына айналды.

Дворяндар – феодалдар тобының ең үстем сословиесі, олар мұраға берілетін артықшылықтарға ие. Дворяндардың экономикалық және саяси үстемдігінің негізі жерге феодалдық меншік болды. Қоғамдағы орны тарапынан иерархияға бөлінді. Феодалдық-абсолюттік мемлекеттер құрылған кезде король үкіметінің маңына топтасты.

Итальян соғыстары – 1494–1559 жылдары Италияны жаулап алу және Еуропаға үстемдік орнату үшін Франция, Испания, Қасиетті Рим империясы арасында болған соғыс. Соғыс негізінен Италия жерінде жүрді.

Кальвинизм – Протестант дінінің негізгі бағыттарының бірі. Оның негізін салушы Ж.Кальвин. Швейцарияда буржуазиялық реформацияның ең дәйекті түрін жүргізіп, кальвиндік шіркеуді құрды. Кальвинизм – еуропа елдерінің буржуазиясының алдыңғы тобының діні. Батыс Еуропаның көптеген елдерінде осы діннің ықпалы басым. Кальвинизм буржуазияның діни идеологиясы ретінде XVI ғасырда Нидерландыдағы, XVII ғасырда ағылшын буржуазиялық революциясының ұйымдастырушы күші болды.

Капитализм – тұрақты, өсуге бейім қоғамдық жүйе, техникалық про-

гресс негізінде экономикалық өсуге бағытталған, өндіріс құралы мен нарықтық механизмді реттеген шаруашылық. Саяси салада бұл дамыған түрде мемлекеттік биліктің дифференциалдық түрлерімен, рационалды құқықтың болуымен, жеке меншікке қол сұғылмауды, заң алдында барлық азаматтардың теңдігін қамтамасыз ететін жүйемен сипатталады.

Контрреформация – Батыс Еуропада реформацияға қарсы папа қауымы бастаған діни-саяси қозғалыс. Контрреформация католицизм үстем болып тұрған мемлекеттерге сүйенді.

Лютерандық ілім – XVI ғасырда Германияда реформация барысында М. Лютердің ілімінің негізінде пайда болған протестантизмнің негізгі бағыттарының бірі. Ол Германияға, Скандинавия елдеріне, АҚШ-қа, Балтық жағалауына тарады. Лютерандар діни нанымның бірден-бір қайнар көзі інжіл деп есептеді.

Мануфактура – капитализмнің өнеркәсіптік дамуының екінші сатысы. Еңбек бөлінісіне негізделген капиталистік еңбек кооперациясы.

Монархия – феодалдық қоғамда монархия мемлекеттің негізгі басқару түрі болды. Капиталистік қоғамда ол бірінші орынды республикаға беріп, кейбір елдерде шектелген конституциялық монархия түрінде сақталып отырды.

Нидерланды буржуазиялық революциясы – абсолюттік Испанияға қарсы ұлт-азаттық соғысты феодализмге қарсы күреспен ұштастырған Нидерландыдағы тарихи буржуазиялық революция (1566–1609). Революция нәтижесінде испан үстемдігі жойылып, Солтүстік Нидерландыда буржуазиялық республика орнады.

Реформация – католик шіркеуіне қарсы бағытталған күрделі саяси-әлеуметтік, идеологиялық қозғалыс. Реформация XVI ғасырда Германия, Швейцария, Англия, Франция т.б. елдерін қамтыды.

Қасиетті Рим империясы – 962–1806 жылдар құрамына Германияны, Чехияны, Бургундияны, Нидерландыны біріктірген орта ғасырлық империя. Оны Германия королі I Оттон құрды.

Отыз жылдық соғыс (1618–1648) – христиан әлеміне үстемдік жасауға тырысқан екі үлкен мемлекеттер тобы: Габсбургтер блогы (Испания және Австрия Габсбургтері, Германияның католик княздері, Поляк-Литва мемлекеттері (Речь Посполитая)) мен Габсбургтерге қарсы коалиция құрған ұлттық мемлекеттер (Франция, Швеция, Голландия, Дания, Англия) арасындағы жалпы еуропалық соғыс. Соғыстың төрт кезеңі болды. 1648 жылы Вестфаль бітімімен аяқталды.

Папаларды Авиньон тұтқынында ұстау – XIV ғасырда француз корольінің қысымы нәтижесінде папа резиденциясы Римнен Авиньонға көшірілген дәуір.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Нидерланды буржуазиялық революциясы:

- А. 1566–1568
- Ә. 1566–1609
- Б. 1609–1610
- В. 1515–1525
- Г. 1817–1819

2. Отыз жылдық соғыс кезіндегі Швед королі:

- А. Густав II Адольф
- Ә. Кристиан
- Б. Валленштейн
- В. Фердинанд II
- Г. Фердинанд III

3. Неміс гуманизімінің көрнекті өкілі:

- А. М.Лютер
- Ә. Рембрандт
- Б. У.Цвингли
- В. Э.Роттердамский
- Г. Т.Мюнцер

4. 30 жылдық соғыстағы католиктер лигасының әскер басшысы:

- А. Тилли
- Ә. Мансфельд
- Б. Форель
- В. Рорбах
- Г. Валленштейн

5. XV ғасырдың аяғында Италиядағы діни және саяси реформатор:

- А. Франческо Сфорца
- Ә. Савонарола
- Б. Лоренцо Медичи
- В. Козима Медичи
- Г. Лоренцо Великолепный

6. Шмалькальден одағын құрудағы негізгі мақсат:

- А. Реформация ісін қорғау
- Ә. Реформацияға қарсы күресу
- Б. Король билігін күшейту
- В. Тридент шіркеуінің ісін қолдау
- Г. Герман императорларының сыртқы саясатына қолдау көрсету

7. 1555 жылы Германияда жаңа наным-сенімнің нәтижесінде пайда болған неміс княздарының тобы:

- А. Ариандар
- Ә. Католиктер мен протестанттар
- Б. Несторшылдар
- В. Августиншілдер
- Г. Еретиктер

8. Иезуиттер орденін құрудағы негізгі мақсат:

- А. Герман императорларының итальяндық саясатына қолдау көрсету
- Ә. Католик шіркеуінің дәстүрлеріне өзгеріс енгізу
- Б. Қалалық цехтарды жою
- В. Шіркеуді секуляризациялауға қолдау көрсету
- Г. Еуропадағы Реформацияны тұншықтыру

9. XI ғасырдың аяғы мен XII ғасырдың басындағы папа мен император арасындағы айтысты аяқтаған, дегенмен екі жақты да қанағаттандырмаған келісім

- А. Вормс эдиктісі
- Ә. Гент келісімі
- Б. Папа диктанты
- В. Вормс конкордаты
- Г. Аугусбург діни бітімі

10. Төмендегі пікірлердегі қатені тап:

- А. Мәңгі одақ 1291 жылы құрылды
- Ә. Мәңгі одақ Швейцария конфедерациясының бастамасы болды
- Б. Мәңгі одақ Габсбургтерді жақтаушы одақ болды

В. Мәңгі одақ үш орман қауымының – Ури, Швиц, Унтервальден одағы

Г. Мәңгі одақ империяның территориясында пайда болды

11. Бас Штаттардағы бірінші әлеуметтік топтың палатасы:

А. Дворяндар тобының палатасы

Ә. Дін иелерінің палатасы

Б. Рыцарьлар палатасы

В. Қалалықтар палатасы

Г. Ақсүйектер палатасы

12. Отыз жылдық соғыс кезіндегі Батыс Еуропаның саяси өміріндегі негізгі қайшылықтар:

А. Испандық және австриялық Габсбургтер коалициясының қайшылықтар

Ә. Орыстар мен шведтердің арасындағы қайшылықтар

Б. Ағылшындар мен француздар арасындағы қайшылықтар

В. Түріктер мен орыстар арасындағы қайшылықтар

Г. Шведтер мен герман императорлары арасындағы қайшылықтар

13. Реформация дәуіріндегі Германиядағы Ұлы Шаруалар соғысы

А. 1523–1526

Ә. 1443–1447

Б. 1520–1524

В. 1526–1528

Г. 1524–1525

14. Отыз жылдық соғысқа қатыспаған, бірақ өз әсерін соғыс барысына тигізген мемлекет:

А. Франция

Ә. Швеция

Б. Чехия

В. Ресей

Г. Дания

15. Венгрияда сословиелік өкілділік қашан қалыптасты?

А. XIII ғасыр

- Ә. XIV ғасыр
- Б. XII ғасыр
- В. XV ғасыр
- Г. X ғасыр

16. XIV ғасырдың бірінші жартысындағы Молдова жерінің саяси жағдайы:

- А. Алтын Орданың билігінде болды
- Ә. Бір орталыққа бағынған мемлекет болды
- Б. Польша королының вассалы болды
- В. Бытыраңқы князьдіктерден құрылды
- Г. Венгрия королының вассалы болды

17. Батыс Еуропа елдерінде абсолюттік монархияның орнауы:

- А. XV–XVI ғасырлар
- Ә. XIV ғасыр
- Б. XIII ғасыр
- В. XII ғасыр
- Г. XVI–XVII ғасырлар

18. Германиядағы реформацияның халықтық ағымының өкілі:

- А. У. Цвингли
- Ә. Т. Мюнцер
- Б. М. Лютер
- В. Ж. Кальвин
- Г. Э. Роттердамский

19. Рыцарлар одағы мен қала әксіуіектерінің арасында берік одақ сословиелік өкілеттілік органдарында болды ма?

- А. Болған жоқ
- Ә. Ағылшын парламентінде болды
- Б. Бас штаттарда болды
- В. Француз парламентінде болды
- Г. Чех сеймінде болды

20. Қалалық коммуна қай елде саяси және әкімшілік орталық болды?

- А. Испанияда
- Ә. Англияда
- Б. Италияда
- В. Чехияда
- Г. Венгрияда

21. Король билігі Францияда қай корольдің тұсында күшейді?

- А. II Филипп
- Ә. IX Людовик
- Б. IV Филипп
- В. XIV Людовик
- Г. III Филипп

22. Реформация Батыс Еуропаның қай елінде басталды?

- А. Швейцарияда
- Ә. Чехияда
- Б. Англияда
- В. Германияда
- Г. Францияда

23. Ағылшын парламенті қай корольдің тұсында түпкілікті қалыптасты?

- А. III Генрих
- Ә. I Эдуард
- Б. III Эдуард
- В. II Филипп
- Г. Стюарт

24. XIII–XV ғасырлардағы тұрақты дипломатияның отаны:

- А. Германия
- Ә. Франция
- Б. Испания
- В. Нидерланды
- Г. Италия

25. Жан Кальвин қай елде дүниеге келді?

- А. Швейцарияда
- Ә. Францияда
- Б. Нидерландыда
- В. Германияда
- Г. Швецияда

26. Оттон I қай династияның өкілі?

- А. Франкон
- Ә. Саксон
- Б. Бавар
- В. Габсбург
- Г. Капетинг

27. Цехтардың пайда болуындағы негізгі мақсат:

- А. Феодалдық меншік құқығын нығайту
- Ә. Өндірісті ұйымдастыру және қорғау
- Б. Қала экономикасын реттеу
- В. Бюргерлердің саяси беделін көтеру
- Г. Қала тәуелсіздігін алу

28. XVI–XVII ғасырлардағы Англиядағы орта және ұсақ дворяндар?

- А. Идальго
- Ә. Иезуит
- Б. Джентри
- В. Монарх
- Г. Шпага дворяндары

29. Англиядағы сословиялық монархияны құруға әкелген саяси күресте маңызды орын алған құжат

- А. Еркіндіктің Ұлы Хартиясы
- Ә. Ұлы Схизма
- Б. Ұлы ыдырау
- В. Папа диктанты
- Г. Он екі статья

30. Еуропадағы буржуазиялық революцияның алғашқы актісі:

- А. Нидерланды буржуазиялық революциясы
- Ә. Ағылшын буржуазиялық революциясы
- Б. Чехиядағы гуситтік қозғалыс
- В. Германиядағы реформация
- Г. Шаруалар соғысы

31. Бір орталыққа бағынған мемлекет жағдайындағы үкімет билігінің бір топ магнаттардың қолында болуы:

- А. Барондық олигархия
- Ә. Демократия
- Б. Монархия
- В. Республика
- Г. Тирания

32. 1291 жылы Қасиетті Рим империясының территориясында қалыптасқан саяси бірлестік қалай аталады?

- А. Дания маркасы
- Ә. Швейцария одағы
- Б. Папа диктанты
- В. Испан маркасы
- Г. Швабия одағы

33. Аугсбург діни сенімі қандай ілімнің негізінде жасалған

- А. Мартин Лютер
- Ә. Томас Мюнцер
- Б. Ульрих Цвингли
- В. Жан Кальвин
- Г. Ян Гус

34. Швейцария одағын заңды түрде мойындаған келісім:

- А. Гент келісімі
- Ә. Верден шарты
- Б. Вестфаль бітімі
- В. Мерсен капитуляриі
- Г. Нант эдикті

35. Иезуиттер қоғамы қалай аталды?

- А. Жеңілмейтін Армада
- Ә. Алтын Булла
- Б. Ұлы Схизма
- В. Иисус қоғамы
- Г. Ұлы дидактика

36. Контрреформацияда маңызды орын алған собор:

- А. Латеран соборы
- Ә. Тридент соборы
- Б. Вселенск соборы
- В. Клермон соборы
- Г. Констанц соборы

37. Англиядағы реформация қай корольдің кезінде басталды?

- А. Генрих VIII Тюдор
- Ә. Генрих VII
- Б. Мария Стюарт
- В. Яков I Стюарт
- Г. Эдуард VI

38. Католиктер мен протестанттар арасындағы бірқатар соғыстардың аяқталуына әкеліп, князьдардың дін мәселесінде толық тәуелсіздігін көрсеткен бітім:

- А. Вестфаль бітімі
- Ә. Любек бітімі
- Б. Болон бітімі
- В. Вормс бітімі
- Г. Аугсбург бітімі

39. Иезуиттер ордені қызметінің негізгі бағыттары:

- А. Кальвинизмді буржуазияның арасында тарату
- Ә. Католик іліміне тәрбиелеу, папа саясатын басқару ұйымдарына енгізу
- Б. Лютер іліміне қолдау көрсету
- В. Цвингли ілімінің негізгі саяси ұйымы
- Г. Императордың саясатын қолдау

40. Германиядағы рыцарьлар көтерілісінің әскери жетекшісі:

- А. Мюнцер
- Ә. Франц фон Зиккинген
- Б. Якоб Рорбах
- В. Гуттен
- Г. Йос Фриц

41. Сословиялық-өкілеттілік монархияның толық қалыптаспауына, орталықтандыру нәтижелерінің берік болмауына әсер ететін негізгі себеп:

- А. Магнаттардың экономикалық рөлінің сақталуы
- Ә. Король доменінің өсуі
- Б. Шіркеу иелігінің өсуі
- В. Жаңа сословиялық топтың пайда болуы
- Г. Абсолюттік биліктің орнауы

42. Францияның саяси бірігуі қай ғасырда болды?

- А. XIV ғасырда
- Ә. XV ғасырда
- Б. XIII ғасырда
- В. XVI ғасырда
- Г. XII ғасырда

43. Э. Роттердамскийдің есімі қандай оқиғамен байланысты?

- А. Гуманизммен
- Ә. Шаруалар соғысымен
- Б. Отыз жылдық соғыспен
- В. Жеті жылдық соғыспен
- Г. Крест жорықтарымен

44. XV ғасырдың жаңа идеологиясы гуманизмнің шыққан жері:

- А. Франция
- Ә. Англия
- Б. Германия
- В. Италия
- Г. Испания

45. Испаниядағы сословиялық өкілдер жиналысы қалай аталды?

- А. Сейм
- Ә. Фуэрос
- Б. Дума
- В. Кортес
- Г. Гранд

46. XV ғасырдың екінші жартысында Валахия мен Молдоваға экспансия жасаған мемлекет:

- А. Трансильвания
- Ә. Осман империясы
- Б. Дакия
- В. Венгрия
- Г. Русь

47. XV ғасырдың екінші жартысында Валахия мен Молдовиядағы ақсүйектер мен дін иелерінің маңызды саяси мәселелерді шешетін органы:

- А. Сейм
- Ә. Парламент
- Б. Штат
- В. Рада
- Г. Халық жиналысы

48. Гуманистік тарихнаманың алтын қорын құрайтын XVI–XVII ғасырларда жазылған еңбектің авторы:

- А. А. Серра
- Ә. Н. Макиавелли
- Б. А. Монкретьен
- В. Ф. Дюплесси-Морне
- Г. Ф. Отман

49. XV ғасырдағы неміс гуманисі

- А. Р. Агрикола
- Ә. Ж. Кальвин
- Б. У. Цвингли
- В. Т. Мюнцер
- Г. М. Лютер

50. Батыс Еуропадағы Х–ХІІІ ғасырлардағы қала халқының сеньорлар үстемдігіне қарсы қозғалысы қалай аталады?

- А. Конфедерация
- Ә. Вормс конкордаты
- Б. Коммуналдық қозғалыс
- В. Дольчино көтерілісі
- Г. Жалаң аяқтар көтерілісі

Тест жауаптары:

сұрақ	жауап	сұрақ	жауап	сұрақ	жауап	сұрақ	жауап	сұрақ	жауап
1	Ә	11	Ә	21	Б	31	А	41	А
2	А	12	А	22	В	32	Ә	42	Ә
3	В	13	Г	23	Ә	33	А	43	А
4	А	14	В	24	Г	34	Б	44	Б
5	Ә	15	В	25	Ә	35	В	45	В
6	А	16	Ә	26	Ә	36	Ә	46	Ә
7	Ә	17	Г	27	Ә	37	А	47	А
8	Г	18	Ә	28	Б	38	Г	48	Ә
9	В	19	Б	29	А	39	Ә	49	А
10	Б	20	Б	30	В	40	Ә	50	Б

ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КЕСТЕ

- Б.з. III ғасыр – Рим империясының дағдарысы
Б.з. 9 ғасыр – Тевтобург орманында римдіктердің жеңілуі
166–180 жылдар – Маркоман соғысы
284–305 жылдар – Император Диоклетиан
354–430 жылдар – Әулие Августин
375 жыл – Ғұндардың басып кіре бастауы, готтардың бір бөлігінің империя аймағына қоныс аударуы
378 жыл – Адрианополис түбіндегі ұрыс
395 жыл – Рим империясының Батыс және Шығыс Рим империяларына бөлінуі
407 жыл – Рим легиондарының Британиядан кетуі
408 жыл – Стилихонның өлімі
410 жыл – Аларих готтарының Римді алуы
451 жыл – Каталаун даласындағы ұрыс
453 жыл – Аттианың өлімі
455 жыл – Вандалдардың Римді алуы
476 жыл – Батыс Рим империясының құлауы
486 жыл – Хлодвиг тұсындағы Галлияда франктер корольдігінің негізін қалануы. Меровингтер патшалығы
493–526 жылдар – Италияда Ұлы Теодорихтің билік жүргізуі
498 жыл – Хлодвигтің шоқынуы
527–565 жылдар – император Юстинианның билігі
532 жыл – Ника көтерілісі
534 жыл – Византиялықтардың вандалдар корольдігін талқандауы
590–604 жылдар – Ұлы I Григорий папаның билік жүргізуі
VII ғасырдың екінші жартысы – Арабтардың жаулап алушылықтары
711 жыл – Арабтардың Испанияны жаулап алуы
726–843 жылдар – Византиядағы иконға қарсылар мен иконды құрметтеушілер күресі
732 жыл – Пуатье түбіндегі ұрыс
742–814 жыл – Ұлы Карл
751 жыл – Қортық Пипиннің патшалық етуі. Каролингтер әулетінің билік жүргізе бастауы
754 жыл – Папа мемлекетінің негізін қалау
778 жыл – Ронсеваль шатқалындағы ұрыс
800 жыл – Римде Ұлы Карлге тәж кигізу. Империяның құрылуы.
843 жыл – Верден шарты. Ұлы Карл империясының бөлінуі
867–886 жылдар – Византиядағы Македон әулеті
871–900 жылдар – Ұлы Альфред корольдің билік жүргізуі IX ғасырдың соңы – Еуропада мадьярлардың пайда болуы

- 919 жыл – I Генрихтің король сайлануы. Герман корольдігінің негізінің қалануы
- 936–973 жылдар – I Оттонның билік жүргізуі
- 955 жыл – Лех өзеніндегі ұрыс, венгрлерді Оттонның I жеңуі
- 962 жыл – Герман империясының құрылуы
- 987–1328 жылдар – Франциядағы Капетингтер династиясы
- 1016–1035 жылдар – Ұлы Кнут, Англия, Дания, Норвегияның королі
- 1024–1125 жылдар – Германиядағы Франкон (Салий) династиясы
- 1030–1091 жылдар – Нормандардың Оңтүстік Италия мен Сицилияны жаулап алуы
- 1037 жыл – Пиреней жартыаралында Кастилия корольдығының пайда болуы
- 1056–1106 жылдар – Генрих IV Герман императоры
- 1066 жыл – Гастингс түбіндегі ұрыс, Англияны нормандардың жаулап алуы
- 1066–1087 жылдар – I Вильгельм «Жаулап алушы», ағылшын королі
- 1073–1075 жылдар – Император IV Генрихке қарсы Саксониядағы көтеріліс
- 1081–1118 жылдар I Алексей Комнин, Византия императоры
- 1086 жыл – Англиядағы «Қаһарлы сот кітабы»
- 1095 жыл – Клермон шіркеулік соборы, II Папа Урбан шақыруы
- 1096–1270 жылдар Крест жорықтары
- 1096–1099 жылдар – Бірінші крест жорығы
- 1099 жыл – Иерусалимді крестшілердің жаулап алуы
- 1122 жыл – Вормс конкордаты
- 1130–1282 жылдар – Сицилия корольдігі
- 1137 жыл – Каталония мен Арагонның бірігуі
- 1138–1254 жылдар – Германиядағы Штауфендер династиясы
- 1147–1149 жылдар – Екінші крест жорығы
- 1152–1190 жылдар – Фридрих I Барбаросса, герман императоры
- 1154–1189 жылдар – Генрих II Плантаганет, ағылшын королі
- 1154–1399 жылдар – Англиядағы Плантаганеттер династиясы
- 1158 жыл – Ронкаль сеймі, солтүстік итальян калаларының империяға бағынуы
- 1167 жыл – Ломбард лигасы
- 1169–1171 жыл – Ирландияны Англияның жаулап алуының басталуы
- 1174–1184 жыл – Норвегиядағы биркебейнерлер көтерілісі
- 1180–1223 жылдар – Филипп II Август, француз королі
- 1189–1192 жылдар – Үшінші крест жорығы
- 1192–1489 жылдар – Кипр корольдігі
- 1202–1204 жылдар – Төртінші крест жорығы
- 1202–1241 жылдар – II Вальдемар, Дания королі

- 1204 жыл – Константинопольді крестшілердің жаулап алуы
1209–1229 жыл – Альбигой соғыстары
1212–1250 жылдар – II Фридрих Штауфен, Сицилия, Германия королі, герман императоры
1215 жыл – «Еркіндіктің Ұлы Хартиясы»
1222 жыл – Венгриядағы «Алтын Булла»
1217–1221 жылдар – Бесінші крест жорығы
1258 жыл – «Оксфорд провизиясы», Англиядағы бараондық олигархияның қалыптасуы
1263–1267 жылдар – Англиядағы азамат соғысы
1265 жыл – Ағылшын парламентінің пайда болуы
1268–1442 жылдар – Оңтүстік Италиядағы Анжуй династиясы
1272–1307 жылдар – I Эдуард, ағылшын королі
1274 жыл – Алғашқы «Жалпы норвег құқықтарының жинағы»
1282–1283 жылдар – Уэльстің Англияға қосылуы
1282–1442 жылдар – Оңтүстік Италиядағы Неаполитан корольдігі
1291 жыл – Швейцария одағының пайда болуы
1291 жыл – Акрадың құлауы. Крестшілердің шығыстағы ақырғы иеліктерін жоғалтуы
1302 жыл – Францияда Бас Штаттардың пайда болуы
1304–1374 жылдар – Франческо Петрарка
1304–1307 жылдар – Солтүстік Италиядағы Дольчино көтерілісі
1309–1377 жылдар – «Авиньондағы тұтқындау»
1313–1375 жылдар – Джованни Боккачо
1327–1377 жылдар – Ағылшын королі III Эдуард
1328 жыл – Англияның Шотландияның тәуелсіздігін мойындауы
1328–1589 жылдар – Франциядағы Валуа династиясы
1331–1406 жылдар – Колуччо Салютати
1337–1453 жылдар – Англия мен Франция арасындағы 100 жылдық соғыс
1347–1378 жылдар – Карл IV. Герман императоры және Чехия королі
1347–1350 жылдар – Батыс Еуропадағы «қара өлім»
1348–1352 жылдар – Генуя мен Византия арасындағы соғыс
1356 жыл – Пуатье түбіндегі ұрыс, ағылшындардың француз әскерін талқандауы
1356 жыл – IV Карлдың «Алтын Булласы»
1356–1358 жыл – Париж көтерілісі
1358 жыл – Франциядағы Жакерия
1367–1370 жылдар – Ганза мен Дания арасындағы соғыс
1370 жыл – Штральзунд бітімі, Ганзаның Данияны жеңуі
1370–1444 жылдар – Леонардо Бруно
1378 жыл – Флоренциядағы Чомпи көтерілісі

- 1378–1417 жылдар – «Ұлы Схизма» католик шіркеуіндегі жік
1381 жыл – Англиядағы Уот Тайлер көтерілісі
1382–1384 жылдар – Франциядағы тюшендер көтерілісі
1382–1387 жылдар – Солтүстік Италиядағы тукиндер көтерілісі
1397 жыл – Дания, Норвегия, Швецияның Кальмар униясы
1404–1472 жылдар – Леон Баттиста Альберти
1406–1475 жылдар –Маттео Пальмиери
1407–1457 жылдар – Лоренцо Валла
1410 жыл – Грюнвальд түбіндегі ұрыс, Тевтон орденінің әскерлерін
поляк-литов әскерлерінің талқандауы
1413 жыл – Париждегі «кабошьендер» көтерілісі
1415 жыл – Азенкурдағы ұрыс
1419–1434 жылдар – Чехиядағы гуситтік соғыс
1429 жыл – Жанна д'Арктың Орлеанды алуы
1434 жыл – Флоренциядағы Медичи тираниясы
1435 жыл – Швециядағы риксдаг
1440–1493 жылдар – III Фридрих, герман императоры
1445 жыл – Иоганн Гутенбергтің кітап басуды ойлап табуы
1445–1510 жылдар – Сандро Боттичели
1450 жыл – Англиядағы Джек Кед көтерілісі
1453 жыл – 19 мамыр Византия империясының құлауы
1455–1485 жылдар – Англиядағы Алқызыл Раушангүлдер мен Ақ
Раушангүлдердің соғысы
1451–1483 жылдар – Француз королі IX Людовиг
1461–1485 жылдар – Англиядағы Йорктер династиясы
1466 жыл – Екінші Торунь бітімі. Тевтон орденінің Польшаға
вассалдық бағыныштылыққа түсуі
1468 жыл – Даниядағы сословиялық өкілеттіліктің басталуы
1477 жыл – Нанси түбіндегі ұрыс, бургунд жерлерінің XI Людовиг пен
Габсбургтер арасында бөліске түсуі
1479 жыл – Арагон мен Кастилияның Испан корольдігіне бірігуі
1485– 1603 жылдар – Англиядағы Тюдорлар династиясы
1492 жыл – Реконкистаның аяқталуы
1492 жыл – Христофор Колумбтың Американы ашуы
1494–1498 жылдар – Флоренция республикасы
1494–1559 жылдар – Италиян соғыстары
1498–1515 жылдар – XII Людовик, Франция королі
1509–1547 жылдар – VIII Генрих Тюдор, Англия королі
1509–1564 жылдар – Жан Кальвин
1513–1523 жылдар – II Кристиан, Дания және Швеция королі
1516–1555 жылдар – I Карл, Испания королі (1519–1556 жылдардағы
Герман императоры V Карл)
1517 жыл – Лютердің «95 тезисін» жариялауы. Германиядағы
Реформацияның басталуы

- 1518–1531 жылдар – Цюрихтегі Цвингли қызметі
1519–1522 жылдар – Ф.Магелланның бірінші рет жер шарын айналып шығуы
1520–1521 жылдар – Кастилиядағы комунерос көтерілісі
1521 жыл – Вормс рейхстагі, Лютерді кіналау
1522–1523 жылдар – Германиядағы рыцарьлар көтерілісі
1523 жыл – Швеция мен Дания арасындағы Кальмар Униясының бұзылуы, Швеция тәуелсіздігінің қалыптасуы
1524–1525 жылдар – Германиядағы шаруалар көтерілісі
1531 жыл – Протестант князьдарының Шмалькальден одағы
1536 жыл – Даниядағы Реформация
1536–1564 жылдар – Кальвиннің Женевадағы қызметі
1539–1540 жылдар – Гент көтерілісі
1541 жыл – Османдардың Будданы алуы. Венгрияны Осман империясымен австриялық Габсбургтердің арасында бөлу
1545–1563 жылдар – Тридент соборы
1546–1548 жылдар – Германиядағы император V Карл мен протестант князьдарының арасындағы Шмалькальден соғысы
1553–1558 жылдар Мария Тюдор
1555 жыл – Аугусбург діни бітімі
1558–1603 жылдар – Елизавета Тюдор, Англия королевасы
1560–1598 жылдар – Франциядағы азаматтық (діни соғыстар)
1566 жыл – Нидерландыдағы иконға қарсы көтеріліс
1572 жыл – Париждегі Варфоломей түні
1579 жыл – Нидерландының солтүстік провинцияларындағы Утрехт униясы
1579 жыл – Нидерландының оңтүстік провинцияларындағы Аррас униясы
1589–1792 жылдар – Франциядағы Бурбондар династиясы
1598 жыл – IV Генрихтің Нант эдиктісі
1600 жыл – Ағылшындық Ост-Үнді компаниясының негізінің қалануы
1602 жыл – Голландтық Ост-Үнді компаниясының негізінің қалануы
1660–1714 жылдар – Англиядағы Стюарттар династиясы
1609 жыл – Германиядағы Католиктік Лиганың қалыптасуы
1614 жыл – Франциядағы Бас Штаттар
1618–1620 жылдар – Чехиядағы Габсбургтерге қарсы көтеріліс
1618–1648 жылдар – Еуропадағы отыз жылдық соғыс
1624–1642 жылдар – Франциядағы кардинал Ришелье билігі
1635 жыл – Францияның отыз жылдық соғысқа араласуы
1643–1715 жылдар – XIV Людовик, Франция королі
1648–1653 жылдар – Франциядағы Фронда
1648 жыл – Вестфаль бейбіт келісімі

ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі

1. История средних веков. Под ред. С.П. Карпова, Т.1, М., 2001.
2. Жумағұлов Қ.Т. Проблемы истории германских племен (с древнейших времен до начала средних веков). Алматы, 2002.
3. История Востока. Т. 2,3. М., 2005.

Қосымша

1. Жумағұлов Қ.Т. Гунны в Европе. К современной постановке и трактовке проблемы //Вестник КазГУ. Сер. истор. Вып. 9. Алматы: КазГУ, 1998.
2. Жумағұлов Қ.Т. Древнегерманское общество: проблемы и концепции. Алматы: «Дәуір», 1993.
3. Жумағұлов Қ.Т. Из истории средних веков. Учебное пособие. Алматы: КазГУ, 1993.
4. Жумағұлов Қ.Т. Поход Аттилы в Галлию. //Вестник КазГУ. Сер. истор. Вып 15. Алматы, 1999.
5. Жумағұлов Қ.Т. Хозяйственная жизнь древних германцев в свете современных научных дисциплин. Учебное пособие. Алматы: КазГУ, 1997
6. Жумағұлов Қ.Т. Ремесла, торговля и обмен у древних германцев. Учебное пособие. Алматы: КазГУ, 1999.
7. Жумағұлов Қ.Т. Завоевание Аттилой Северной Италии. //Вестник КазГУ. Сер. истор. Выпуск, 16. Алматы, 2000.
8. Жумағұлов Қ.Т. Очерк этногенеза, материальной и духовной культуры германцев на современном этапе исследования. Учебное пособие. Алматы. 2000.
9. Жумағұлов Қ.Т. Очерк этногенеза, материальной и духовной культуры германцев на современном этапе исследования. Павлодар, 2011.
10. Жумағұлов Қ.Т. Проблемы истории германских племен (с древнейших времен до начала средних веков). Алматы, КазНУ, 2002.
11. Жумағұлов Қ.Т. Авар қағанатының тарихынан. – ҚазҰУ Хабаршысы, тарих сериясы №2 (37), Алматы, ҚазҰУ, 2005, 81-84 бб.
12. Жумағұлов Қ.Т. Каталаун даласындағы ғұндар мен Батыс әлемінің шайқасы туралы (латын хроникалары бойынша) – «Тарихи дерек. Археология және деректану мәселелерің атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары». – Алматы: Қазақ университеті, 2007, 25-37 бб.

13. Жұмағұлов Қ.Т. Ғұндардың түркі әлемі тарихындағы орны. Түркі дүниесі. Ғылыми көпшілік Альманахы. Алматы: «Интел-лсервис», 2013, 136-141 бб.

14. Жумагулов К.Т. Ранняя история Казахстана и западноевропейские источники. Вестник Национальной Академии Наук Республики Казахстан. №6, 2013, 136-140 бб.

15. Мырзабекова Р.С. Кейінгі орта ғасырлар тарихы. Алматы, «Қазақ университеті» 2007.

16. Мырзабекова Р.С. Кейінгі орта ғасырлар тарихы және капитализм генезисі мәселелері. Алматы, «Қазақ университеті» 2003.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
1-тарау. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ДЕРЕКТЕР (IV–XV ҒАСЫРЛАР)	
§ 1. Ерте ортағасырлық деректер	6
§ 2. Дамыған орта ғасырлардағы деректер	11
§ 3. Кейінгі ортағасырлық деректер.....	16

ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ (IV–XI ғасырлардың ОРТАСЫ)

2-тарау. АНТИКАДАН ОРТАҒАСЫРЛАРҒА ӨТУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕУРОПА (IV ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ–XI ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ)	
§ 1. Рим империясындағы дағдарыс.....	19
§ 2. Ежелгі германдықтардағы рулық-тайпалық қатынастардың ыдырауы	22
§ 3. Батыс Рим империясының құлауы және варварлық мемлекеттердің пайда болуы	26
§ 4. Ұлы Қоныс аудару дәуіріндегі ғұндар	29
§ 5. Батыс Еуропадағы феодализм генезисі	37
3-тарау. ФРАНК ДЕРЖАВАСЫНДАҒЫ ФЕОДАЛИЗМНІҢ ДАМУЫ	
§ 1. Франктердің Галлияны жаулап алуы. Меровингтер патшалығы	41
§ 2. Каролингтер империясы	51
§ 3. Франк мемлекетіндегі феодализмнің қалыптасуы мен дамуы.....	56
4-тарау. IV–XII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫ	
§ 1. IV ғасыр мен VII ғасырдың бірінші жартысындағы Византия.....	59
5-тарау. ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ЕУРОПА	
§ 1. Батыс Еуропадағы феодальдық құрылыстың негізгі сипаты	74
§ 2. IX–XI ғасырлардағы Франция	81
§ 3. VIII–X ғасырлардағы Италия.....	84
§ 4. IX–XI ғасырлардағы Германия.....	87
§ 5. IX–XI ғасырлардағы Солтүстік Еуропа	96
§ 6. IX–XI ғасырлардағы Англия.....	101
§ 7. VIII–XI ғасырлардағы Испания	106

**ДАМЫҒАН ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
(XI ғасырдың ОРТАСЫ МЕН XV ҒАСЫР)**

6-тарау. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ.....	112
7-тарау. КРЕСТ ЖОРЫҚТАРЫ	127
8-тарау. XI–XV ғасырлардағы ФРАНЦИЯ	
§ 1. XI–XIII ғасырлардағы Франция	143
§ 2. XIV–XV ғасырлардағы Франция.....	152
9-тарау. XI–XV ғасырлардағы АНГЛИЯ	
§ 1. XI–XIII ғасырлардағы Англия	165
§ 2. XIII ғасырдағы Англия	172
10-тарау. XI–XV ғасырлардағы ГЕРМАНИЯ	
§ 1. XI–XIII ғасырлардағы Германия	175

КЕЙІНГІ ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ

11-тарау. § 1. XV ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың бірінші жартысындағы Батыс Еуропаның тарихи дамуындағы негізгі ұстанымдар.....	179
§ 2. Батыс Еуропа мемлекеттеріндегі абсолютизм түрлері.....	181
§ 3. Шығыс Еуропа мемлекеттеріндегі абсолютизм.....	185
§ 4. Абсолютизмнің қалыптасқан түрлері Батыс Еуропа елдері мысалында.....	187
12-тарау. ЕРТЕ ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ БАТЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ	192
13-тарау. ҰЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АШЫЛУЛАР ЖӘНЕ ОТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ.....	196
14-тарау. XVI ҒАСЫР МЕН XVII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ГЕРМАНИЯ	
§ 1. XVI ғасырдағы Германияның экономикалық өміріндегі ерекшеліктер	202
§ 2. XVI ғасырдағы Германияның саяси дамуының басты бағыттары	213

15-тарау. XVI ҒАСЫР МЕН XVII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ШВЕЙЦАРИЯ	229
16-тарау. XVI ҒАСЫР МЕН XVII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ НИДЕРЛАНДЫ	
§ 1. XVI ғасырдың екінші жартысы XVII ғасырдың басындағы Нидерландының экономикалық дамуы	234
§ 2. Мемлекеттің саяси-әлеуметтік дамуы	242
§ 3. XVI–XVII ғасырлардағы Біріккен Провинциялар Республикасы	245
§ 4. XVII ғасырдағы Республиканың ішкі жағдайы	249
17-тарау. XVI ҒАСЫР МЕН XVII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ИТАЛИЯ.....	257
18-тарау. XVI ҒАСЫР МЕН XVII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АНГЛИЯ	
§ 1. Англия мемлекеттілігінің қалыптасуы	261
§ 2. Англияның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі.....	276
§ 3. Кейінгі орта ғасырлардағы Англияның сыртқы саясаты және оның даму бағыттары	285
19-тарау. XVI ҒАСЫРДАҒЫ ЕУРОПАДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР	290
20-тарау. XVI–XVII ҒАСЫРЛАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ЕУРОПА МЕН ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ	295
21-тарау. XVI ҒАСЫРДАҒЫ ГАБСБУРГТЕР, ВЕНГРИЯ, ТРАНСИЛЬВАНИЯ КНЯЗЬДІГІ ЖӘНЕ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ.....	302
22-тарау. ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚ СОҒЫС (1618–1648) ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ	307

АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ ТЕСТЕР

Оқу құралында кездесетін терминдер.....	325
Тест сұрақтары.....	328
Тест жауаптары.....	338
Хронологиялық кесте	339
Әдебиеттер	344

Оқу басылымы

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы
Мырзабекова Рыскелді Саламатқызы

ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ

Оқу құралы

Редакторы *Самат Қалуов*
Компьютерде беттеген *Тұраш Сапарова*
Мұқабасын көркемдеген *Ринат Скаков*

ИБ № 7325

Басуға 07.11.2013 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Көлемі 21,812 б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 952. Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды